

Δ 2016  
4865к

**Бейбіт  
ҚОЙШЫБАЕВ**

# **Желтоқсан - Сын**



**Публицистикалық  
хроника**



**Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ**

# **Желтоқсан – Сын**

**Публицистикалық хроника**



**Алматы**  
**2016**

ӘОЖ 94 (574) (093.3) \* 1986. 12. 16

КБЖ 63.3 (5 қаз)

Қ 60

**Қойшыбаев Б.**

**Қ 60 Желтоқсан – Сын:** публицистикалық хроника /Бейбіт Қойшыбаев. – Алматы: Рух БГ, 2016. – 360 б.

ISBN 978-601-80519-9-9

Жазушы Бейбіт Қойшыбаев 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне орай республикамыздағы тоталитаризм цитадельдерінің бірінде билеуші партия бағытына қиғаш мәселе көтеріп жазықты болған еді. Партиялық және әкімшілік тұрғыдан жазаланған. Қаламгер өзінің азаматтық позициясынан таймай, содан бергі жылдар бойы жастар қозғалысының қыр-сырын ашу жолында табанды еңбек етіп келеді. Қолдарыңыздағы «Желтоқсан – Сын» публицистикалық хроникасына оның әр кездегі сұхбаттары, мақалалары, баяндамалары топтастырылған. Хронологиялық ретпен құрастырылған бұл жинақтан автордың Желтоқсанға көзқарасты жекелеген әркімнің қоғамдық белсенділігінің айқындауышы, критерийі ретінде қарастыратыны аңғарылады.

Желтоқсан көтерілісінің 30 жылдығы мен мемлекеттік тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына орай шығарылып отырған «Желтоқсан – Сын» публицистикалық хроникасы қалың көпшілікке, жастарға, Отан тарихын зерттеушілерге пайдалы мағлұматтар береді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҚАҒАДЫМАНДЫҚ ҚИТАПУ ҚАЗАҚ

00338180

ӘОЖ 94 (574) (093.3)

КБЖ 63.3 (5 қаз)

ISBN 978-601-80519-9-9

© Қойшыбаев Б., 2016

© «Рух БГ» баспасы, 2016



## КІРІСПЕ ОРНЫНА

### *Оқырманға бірер сөз*

Әлі есімде, алғашқы орыс революциясының 80 жылдығын атап өтуге дайындық жүргізілген шақтан бастап мен сонау тарихи кезенді қазақ тақырыбымен байланыстыра, кеңінен қарастыруға кіріскен болатынмын. Сол шаруа ауқымында жазылған «Көтеріліс физиологиясы» атты тарихи миниатюрам әдеби газет редакциясында едәуір жатып, жастар ереуілдеген шақтың алдындағы айда ғана, 1986 жылғы қарашада, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 70 жылдығына орай жарияланған. Ал Желтоқсан көтерілісі күндері мен нобайы біршама анықталып қалған «1905 жыл» дейтін романымның әсерімен жүр едім.

Сондықтан ба екен, оқиға күндері пікірлескенімде, Жоғарғы Кеңес аппаратында бірге істейтін әріптесіме өзіміздің – ересек ұрпақ санатындағылардың – жастардың алаңға шығуына тасадан шошына қарауымыз бірінші революция жылдарындағы тап осындай жағдайды елестететінін айттым. Ол менің комсомол қызметінде болған шақтан жақын тартатын, көп мәселеде пікіріміз үйлесе кететін досым еді, бірақ сол жолы ойымыз жараспады, мұндай салыстыруымды ол ерсі көрді. Бірнеше күннен кейін, оқиғаны талқылаған партия жиналысының артынша, менің сөйлеген сөзімнің қолымдағы жазбаша нұсқасын хатшы менен сол досым арқылы алдырды. Кейінірек, арамызда болған екеуара сырласуымызда ол менің сөзіме байланысты сыни пікірін ашық білдірді. Мен шетін пайымдарымды соншалықты ызалы кескінмен аян етіппін, ол, тіпті, мінбеде сөйлеп тұрғанымда менің бет-әлпетімнің қалай оғаш кейіпте өзгергеніне дейін айтты, мұны ол нағыз ұлтшылдықтың өзі деп санайды екен. Ал мен өзім олай есептейтін едім. Дәлелімді келтірдім. Бірақ әрқайсымыз өз ойымызда қалдық. Оның бұлжымас пікірі біздің жас бала еместігімізге, сол себепті қайдағы бір қиырдағы тосын ойларға бой алдырмай, ұстамды болуға тиіс екендігімізге саятын...

Жастық шақта, көп адам тәрізді, мен де максималист болдым, жержаһанға айтарым бар деп жар салғым келді. Алайда ашық айқайға басқан жоқпын, көкке патша көңіліммен іштей шарықтадым. Ойлап қарасам, сол мақсатпен қолға қалам ұстағалы да жарты ғасырдан асып барады екен. Азын-аулақ жазған-сызғанымнан да аңғарылады. осынша уақыт бойы айналамызға көркем зерттеу жүргізуім барысында өмірге көзқарасым біраз өзгеріске ұшырапты. Бұрынғы шетін ойлардың көбісі жұмсару үдерісін бастан кешкен. Ал кейбірі керісінше, ұштала түскен. Мәселен, тоталитарлық-тәуелділік дәуірінде ұлт

мүддесіне қатысты түйгенім Желтоқсанға байланысты жоғарыда еске алынған жиналыста бір бұрқ еткенмен, со қалпы қалмай, не жұмсармай, демократиялық-тәуелсіздік кезінде жаңа сатыға көтерілді. Белгілі бір дәрежеде толысты, кемелденді деуге болар. Сөйтіп, бұл тараптағы максимализм іргесін саналы түрде бекемдеді. Бәлкім, жинаққа енген мақалалардағы ойлардың кейбірі содан тамырланған шығар...

Меніңше, шығармашылық өмірдің мәні тек қана керемет көркем туындылар жазумен және солардың лайықты бағасын алумен шектелмейді. Керісінше, сенің қуыршақтай әдемі, мінсіз жасалған еңбегің айналаңдағы тулап-толқыған, қилы ізденіске түскен қоғам ахуалына, оның күн тәртібіне көтерілген мүддесін қорғауға атсалыспауы себепті, керексіз боп қалуы ықтимал. Өйткені өзіміз арасында жүрген тыныс-тіршіліктегі қоғамдық даму түйткілдері шығармашыл тұлғаның абстрақтылы әдемілікпен емес, айқын да нақты іспен жедел араласуын тілейді. Соларға жайбаракат қарамай, уақыт алға шығарған талаптар ыңғайымен әрекет етсең, әрине, суреткерлік жоспарларын еріксіз және сөзсіз кейінге ығыстырылады. Есесіне, қоғам ой мен іс-әрекеттің дамуына дер кезінде үлес қосуың, өзінді ахлаки қанағаттанушылық сезімге бөлейді. Шын шығармашыл адам, нағыз қалам қайраткері айналадағы буырқанған заманауи тыныс-тіршілікке, көзқарастар қақтығысына бейжай қарай алмайды. Тиісінше, жақсы өмір үшін күрес үдерісіне өзіндік үн қатады. Жасыратын не бар, қоғамдағы өзгерістер барысын, құдды өзіне еш қатысы жоқтай, сырттай ғана назарлап, «тек жүрсең – тоқ жүресің» фәлсафасын ұстанатын қаламгерлер біздің елімізде жетіп артылады. Олар билік тізгінін ұстаушылар жасайтын жаманаттылар тізіміне ілігуден сақтанады, сонысымен, өмірдегі іс-дағды көрсетіп жүргендей, билік жақсылығына кенеліп те жүреді. Алайда өзін қоғамнан окшаулайтын ондайлардың заман ағымына жаны ауырмай-ақ мүлтіксіз шығарма жазу жайын күйттеуін мен түсіне алмаймын. Шығармашылық пен азаматтықтың аяғын тең басып тұруын, бәлкім, жұртшылық та қош көрер...

Жазушылық еңбектің сапасын бағалау өлшемі үстіміздегідей үдемелі өзгерістерге толы кезеңде өзгермей тұрмайтыны анық. Себебі жазушының замана сұранысына, заман алға тартқан өзекті де зәру мәселелерге қалай үн қатқаны басты мәселе болуға керек. Маған солай секілденеді. Айналаңдағы құбылыстарға көз тастамай, есік-терезенді тарс жауып, өзіңше мәңгі өмір сүруге тиіс шығарманды жазумен шұғылданғаның дұрыс па? Әлде мұныңды қоя тұрып, буырқанған тіршілікке араласқаның, замандастарыңа қазіргі таңда пайдасы тиюі ықтимал пайымыңды білдіргенің, уақыт алға тартып тұрған жағдайларға байланысты әлдебір әрекеттерге барғаның, көкейіңдегі қоғамдық-саяси мәні болуға тиіс ойыңды жарыққа шығарғаның жөн бе?

Шынымды айтсам, бұл сұрақтарға менің өзім соншалықты нақты жауап бере алмайтын секілдімін. Өйткені мен қолыма шындап қалам ұстағалы бері замана көріністеріне публицистикамен де, көркем шығармашылығыммен де үн қатуға, қажеттілік туғанда қоғамдық үдерістерге тікелей араласуға да тырысып келем. Осы уақытқа де-

йін, проза мен тарихи-танымды туындыларым өз алдына, мерзімді баспасөзде әр кезде жарияланған жазған-сызғанымды тақырыптық тұрғыда біріктіріп, бірнеше кітап шығардым, әлі жеке кітапқа топтастырылмағандары да жеткілікті. Қазір, міне, еліміздегі ең елеулі, ең кастерлі даталарға орай публицистикалық хроника түрінде ұсынбақ жинағымды дайындап, оған осы алғысөзді жазып отырмын...

1986 жылдың ызғарлы желтоқсанынан бері дөңгеленіп үшінші онжылдық та мәресіне тақалып қалды. Еске ала кетейік, Жиырмасыншы ғасырдағы Сексен алтыншы желтоқсанның 16-шы жұлдызында Совет Одағындағы елдерді билеп-төстеуші жалғыз да дара саяси партия казак мүддесі деген ұғымның билік санасынан мүлдем өшіріліп тасталғанын паш етті. Патша заманында шиеленіскен ұлт мәселесі советтік дәуірде шешімін тапты деп тұжырымдалған жалған мәлімдеменің жасанды түрде қалыптастырылып, ұлттар санасын улауға бағытталғаны сол күні аныққа айнала бастады. Сыртқа шығарылмай, іштей шириғып, ушыққан ұлттық мәселе билеуші партияның казак республикалық штабы сол күні қабылдаған кате шешім салдарынан бұрқ етіп жарыққа шықты. Бұрқ етіп, одақтас республика мәртебесіндегі біздің мамыражай еліміздің іс жүзінде кәдімгі отар екені көзге ұрды. Бас көтеруге батылдықтары барған отар құлдарын отарлаушылар күштік құрылымдарын жұмсап аяусыз жазалаудан тайынбады. Және олардың катыгездік әрекеттерін отар қызметшілері жан-тән-дерімен, құлдық ұра қолдады.

Дұрысында, отар қызметшілері ішінде отаршыл әскердің зұлымдықтарына наразылық білдірушілер кездесті. Олар, бірақ, орталықтың ұлт мәселесін барша жұртқа «екінші ана тілін» теліген, орыстандыруды идеологиялық тұрғыда камсыздандырып, орысша өмір сүру салтының ғажаптығына жұртты көндіктірген, қысқасы, өзге ұлт өкілдерін ұлы халық қазанында қорытып, ассимиляция жасау арқылы шешу жолындағы арамза саясатына емес, арнайы әкелінген әскерінің алаңға шыққандарды катыгездікпен ұрып-соққандарына ғана қарсы болды. Билік буындарына жетіп алған, қызметтерінің өскеніне мастанып жүрген жекелеген отар қызметшілерінің кейін баспасөз беттерінде мойындағанындай, оларға бұл оқиға – жастардың алаңға шығуы – өрескел қылық боп көрінсе де, дегенмен, бейбіт демонстранттарды әскерилердің басып-жаншу тәсілі көңілдеріне келген. Тиісінше, жоғарыға асыра сілтеу жайындағы хабарларын жеткізген. Алайда жастарды алаңға шығуға итермелеген басты себепті олар терең ұқпады, өйткені іс жүзінде толық мәнінде шешілмеген ұлт мәселесінің нісі олардың мұрындарына да барған емес. Сондай жағдайда жастар орталықтың диктатына қарсылық білдіріп, демократиялық жанару үшін алаңға шықты деген мойындаудың өзі қиындықпен келгені белгілі. Әрі бұл мойындау да, шындап келгенде, ұлт мәселесінің ащы шындығын көлегейлеп қалған. Алматыда басталып, ізінше шартарапқа тараған студент және жұмысшы жастар демонстрациясының қозғаушы күші іштен тынып, шегіне жете шириққан ұлт мәселесі болғаны ашық айтылған емес.

Сөз жоқ, тәуелсіздік жылдары ірі жеңістерге жеттік. Сондықтан да, бәлкім, елімізді әлемдік қауымдастықтың елеулі мүшесі қатарына қосып, жарқын болашаққа бастаған үлкен саясат бізге маңызды көрінетін кейбір казак мүддесін ұсақ-түйекке балап, елеі бермейтін де шығар. Басқасын былай қойғанда, ең арғысы, жер мәселесі жайындағы биылғы қозғалыстың да себебін билеушілер шешілмеген ұлт мәселесінен іздеген жоқ. Ұлттық мүдде мен ұлттық намысқа суарылған басы ашық оқиғаны мүлдем қарабайырландырып, әлдебіреулер жұртты митингілерге ақшамен шығарып жүр деген айыптауларын жалаулатты. Тәубе, халық мүддесін қорғаушылар қазір уақытша, бірақ маңызды жеңіске жетті: жерком Кодекстің жұрт наразы бабтарына жарияланған мораторийді бес жылға дейін созуға бел байлады. Желтоқсан көтерілісінің рухы өміршең екені осыдан да көрінеді...

Әлі есімде, Қазақстан Жазушылар одағы фойесіне уақытша орнатылған теледидардан ақын, халық депутаты Мұхтар Шахановтың Кремльдегі Съездер сарайы мінберіне шыққанын көрдік, оның қысқа да терең мазмұнды мәлімдемесін тыңдап, ризашылықпен қол соқтық. Желтоқсан көтерілісін мойындау әм тану бағытында жасалған ерекше қадам сол еді. Сосын үкіметтік және түрлі қоғамдық комиссиялар құрылды. Желтоқсаншылардың алды азаттық алып, елге орала бастады. Олар Ғылым академиясының алдында алғашқы үлкен митингісін өткізді. Митинг болған күні мен де белсенді желтоқсаншы Хасен Қожахметовпен бірге республикалық телеарнадан тікелей эфирге шығып, демократиялық құндылықтар хақындағы пікірлесуге қатыстым. Араға тағы біраз уақыт салып, мәселенің баспасөз бетінде түрлі әдіспен сөз болуына да жол ашылды. Тәуелсіздікке қол жеткеннен кейін Алматы алаңында тұтанып, жер-жерді шарпыған жастар қозғалысының мәнжайы мүлдем еркін айтылды. Желтоқсанның азаттық идеясы көптеген бірлестікті өмірге әкелді, ұлт мүддесін қорғаушыларға күні бүгінге дейін күш беруде.

Бұл тақырыпқа әр кезде маған да қалам тербеуге тура келген. Тілшілерге сұхбат бердім, өзім де басқалардан сұхбат алдым, түрлі баяндамалар, арнайы мақалалар жаздым. Желтоқсан көтерілісіне көзқарас – азаматтығымыздың өлшеуіші, мемлекеттік тәуелсіздігіміздің тұғырын сомдай түсетін ұлы күш деген ұстаным жетегімен, биылғы мерейлі күндердің құрметіне солардың денінін басын құрап, бір жинақ етіп оқырман назарына ұсынуды жөн көрдім. Жинаққа енген жұмыстарды тақырыпқа, яки жанрға жіктемей, хронологиялық ретпен ғана орналастырдым. Осындай тәртіп Желтоқсанға, еліміздің су жана тарихын құрайтын маңызды оқиғаларға байланысты әр кездегі қоғамдық пікір ағысынан оқырманның белгілі дәрежеде хабардар болуына ыңғайлылық туғызар деп үміттенемін. «Желтоқсан – Сын» атты публицистикалық хроника осылай дүниеге келді. Кітапты Желтоқсан көтерілісінің 30 жылдығы мен Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арнаймын.

*Автор*

*15 тамыз 2016 ж.*

## МАҚСАТЫМЫЗ – ӘДІЛЕТТІЛІКKE ЖЕТУ

*Қоғамдағы демократиялық процестердің дамуы, қоғамдық бақылауды жүзеге асырудың аса маңызды түрінің бірі ретінде партияның жариялылықты кеңінен өрістетуге бағыт ұстауы – бұдан бұрын басқарудың әкімшілдік-әміршілдік режимімен тұншықтырылып келген бұқара инициативасының өсуіне жол ашып отыр. Қайта құру өмірге әкелген ерен құбылыстардың бірі – азаматтардың инициативалық топтары мен ынталы бірлестіктерінің өмірге келуі болып табылады, бұл құбылыстар қоғамдағы өзгерткіш процестердің арта түскенін, халықтың бұрынғы енжарлық күйден арылып, ояна бастағанын көрсетуде. Халық арасынан шыққан жақсы бастамалардың бірі – республикамызда Адам правосы жөніндегі қоғамдық комитеттің құрылуы болса керек. Біз осы комитеттің председателдерінің бірі, Алматы архитектуралық-құрылыс институтының аға оқытушысы Нинель Константиновна Фокинамен әңгімелескен едік.*

– СССР халық депутаты Мұхтар Шаханов ҚазТАГ тілшісіне берген интервьюінде Адам правосы жөніндегі қоғамдық комитеттің құрылу мақсаты мен оның алдында тұрған міндеттер жөнінде жеткілікті дәрежеде түсініктер берген еді. Осынау қоғамдық ұйымның жұмысына сіздің жеке өз басыңыздың белсенділікпен араласуыңызға қандай себептер әсер етті екен?

– Мен жеке өз басым қазір бәріміз ұрысып жүрген әкімшілдік-әміршілдік жүйеден қиянат көрдім деп есепте-

меймін. Мені сүйікті қызметіме, тұрғын үйіме деген правомнан ешкім айырған жоқ. Ешкім менің бас бостандығыма және меншігімдегі дүние-мүлкіме қастандық жасаған емес. Өз ой-пікірімді ашық айтуға, кез келген инстанцияға өзімнің ой-пікірімді ашық айтып баруыма ешкім тыйым салған жоқ. Бірақ, шындап келгенде, өз көзқарасымды еркін білдіргенім үшін көп жәбір шегуіме тура келгені рас. (Бұл жөнінде «Известия» газеті екі мәрте – «Паутина» және «Опальные, но свои» деген мақалаларында жазған болатын).

Адам правосы жөніндегі комитетке келуіме өзімнің әріптесімнің – біздің институттың доценті Әркен Батталұлы Уақовтың тағдыры себеп болды.

Ол 1987 жылғы июльде Қазақ ССР Жоғарғы Сотының ұйғарымымен сегіз жылға бас бостандығынан айырылған еді. Оған тағылған айыптар мыналар: ұлтшылдық, көпшілікті тәртіпсіздіктерге арандату, қызмет бабын қиянат жасау ретінде пайдалану және пара алу...

Шынтуайтқа келгенде, ол бұлардың бірде-бірін ешқашан жасаған жоқ, әрі осынша ауыр қылмыстарды ол ешуақытта да жасай алмаған болар еді. Әркен Уақовқа жазықсыздан жазықсыз, әдейілеп ұйымдастырылған жала жабылды. Оны қайткенде соттауға мүдделі болған адамдардың қисынға келмейтін, өзіне өзі қайшылығы көзге ұрып тұрған көрсетулері шындық іспетті қабыл алынды. Уақовтың кінәсін дәлелдерлік дәйекті документтер болмаса да, оны 1937 жыл дәстүрлерінің ең сорақы тәртібімен соттап жіберді.

Мұның өзі қазіргі сталинизм құрсауынан азаттық алып, сталиндік репрессиялардан азап шеккен адамдарды ақтап жатқан, әділеттілікті жаппай қалпына келтіру кезеңінде мейлінше айқын көрініп отыр.

Осы бір істің заң тұрғысынан алғандағы егжей-тегжейіне терендемей-ақ мыналарды айтуыма болады: тергеу кезінде және сотта айыптау жағынан бас куә ретінде институттың бұрынғы ректоры Байболов жүрді. (Сол Байболов соттан аз уақыт өткен соң қызметінен алынды. Кезінде институт



халықтық бақылау тобы председателінің орынбасары Ә.Б. Уақов түрлі лауазымды орындарға, соның ішінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бұрынғы секретары Камалиденовке де Байболовтың заңсыз әрекеттері жөнінде әлденеше мәрте хабарлаған-ды). Уақовтың ұлтшылдық көңіл-күйін дәлелдеу үшін Байболов өзінің кабинетінде онымен «көзбе-көз сөйлесті-міс» дейтін әңгімесінің мазмұнын келтіріпті...

Баска да «куәлердің» сапасы оңып тұрмаған еді. Мәселен, 1986 жылғы 18 декабрьде студенттердің алаңға шығуын ұйымдастырғандар – № 1 жатақхана студсоветінің председателі Оспанов пен құрылыс факультеті I курсының комсбюро секретары Әбуов болатын. Олар бірінші курс студенттерін қоқан-лоққы жасап, ұрып-соғу арқылы демонстрацияға шығуға итермелеген екен, бірақ қылмыстық жауапкершіліктен оп-оңай «құтылып» кетті.

Өз азаттықтарының өтеуіне екеуі, Уақовтың тұтқынға алынғанынан бері бір ай өткенде, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне «айыбын өз еркімен мойнына алып» келді.

Бұл мойындауларында олар өздерінің студенттерді үгіттеуіне Уақовтың алаңдағы жағдай туралы айтқан әңгімелері әсер етті деп көрсетті.

Алайда Әбуов пен Оспановтың үгіт жұмысы жатақханаға кезекшілікке Ә.Б. Уақов келгеннен көп бұрын болғандығы бұлтартпас дәлелдер арқылы анықталған болатын.

Мен Әркен Батталұлын жақсы білемін. Әріптесімнің ешқандай жазығы жоқтығына сенімдімін. Сондықтан да өзімнің ойымды республикалық Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне ол тұтқынға алынған күннің ертеңіне барып айтқан болатынмын. Кейінірек Г.В. Колбиннің қабылдауында да сол сөздерді қайталадым. Дәлелдерге сүйене отырып, сотта да, одан кейін Қазақ ССР және СССР Жоғарғы Соты мен Прокуратурасына, орталық газеттердің редакцияларына жолдаған хаттарымда да, сондай-ақ институт коллективінің жиналысында да мен Әркен Батталұлын қорғаумен болдым.

Не керек, Уақовтың юристік сенім білдірген кісісі ретінде оның адвокатымен және семьясымен бірге мен екі жарым жыл бойы тергеу мен соттың жантүршігерлік қателігін түзету жолында күресіп келемін. Менің мақсатым – жазықсыз жапа шеккен жанды толық ақтап, әділеттілікті қалпына келтіру.

Алайда әзірге біздің бәріміздің күш-жігеріміз құм болып, тауымыз шағылып келеді. Әлі де жойылып бітпеген, қазір мықты қорғанысқа көшкен әкімшілдік-әміршілдік жүйесінің тұйық шеңберін күні бүгінге дейін бұзып шыға алмай отырмыз.

Бүгіндері Уақовқа жала жапқандар да қарап отырған жоқ. Олар Әркен Уақов кешірім жасаңыздар деп өтініш білдірсе деген ойда. Бұл тарапта оған түрлі жолмен қатты қысым да көрсетілуде.

Бірақ Әркен Батталұлы табанды да ержүрек адам ретінде, жалынып азаттық алуды қорлық санап келеді. Ол жазықсыз жапа шеккен, заңсыздықпен жазаланған жан ретінде, өзін толығымен ақтауды талап етуде.

Айдаудағы ауыр жағдай оның денсаулығын мүлдем төмендетті. (Желтоқсан оқиғасына байланысты сотталғандардың ішінде жалғыз Уақов қана Магадан облысына айдауға жіберілген-тін). Оның өміріне төнген қауіп бізді қатты толқытып жүр. Сол себепті жұртшылыққа, халық депутаттарына үндеу жасауға мәжбүр болдық. Бәлкім, сондықтан болар – мен Адам правосы жөніндегі қоғамдық комитеттің председательдерінің бірі болып сайландым.

**– Комитетте қызмет істеп жүрген кезіңізде әділдіктің басқа реттерде бұзылған жағдайларына кездестіңіз бе?**

– Комитетке адамдар көп келеді. Әркімнің әртүрлі мақсаты бар.

Шынымды айтайын, адамдардың мұн-мұқтажына ен-жар қараудың неше алуан түрлері мен жолдары туралы жиі естимін. Біреулер жұмыстан әділетсіздікпен шығып қалғанына шағым айтады. Екіншілері сын айтқаны үшін қудалау-

ға түскенін әңгімелейді. Право қорғау органдарының жұмысындағы сылбырлыққа да арыз көп.

Мәселен, күні кеше ғана комитетке Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында тұратын түрік халқының бір топ өкілі келді, олар жергілікті милиция үстінен шағым білдірді. Сол төңіректе орын алған төбелес, кісі тонау, қыздарды ұрлау, зорлау фактілеріне милиция ымырашылдық танытып отырған сияқты.

Е. Үрпекбаев деген ақсақал кісі келді. Ол азаптап өлтірілген ұлының қазасына айыпты адамдарды алты жылдан бері жауапқа тартқыза алмай жүр екен.

Кезінде жазықсыз репрессияға ұшырап, кейін барлық инстанцияларда ақталған Алматы авиаотрядының бастығы Д. Душимов пен АвтоВАЗ Алматы орталығының директоры А. Ибраимов еңбек етуге деген правосын қалпына келтіруге жәрдемдесуімізді сұрап келді.

Комитетке күніне мұндай өтініштерімен көптеген адамдар келіп жатады. Рас, кейде қияли нәрселер айтып келетін адамдар да бар. Мәселен, Н. деген азамат өзінің 1300 сомдық аккредитивінің жоғалуын Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің іс-әрекетінің салдары деп есептейді...

**– Комитетке күніне көптеген адамдар келіп жатады дедіңіз. Соларға нақты көмек көрсете алып жүрсіздер ме?**

– Біздің комитеттің құрылғанына бір-ақ ай болды. Дегенмен осы аз уақыттың ішінде біз бірен-саран шаруаны тындырып үлгіре алдық деп ойлаймын.

Мысалға, таяуда бір студенттің институтқа қайтадан қабылдануына жәрдемдестік. Сын үшін қудалауға түсіп жүрген бір ВУЗ-дағы қызметкердің ар-ожданын қорғап қалуына септігіміз тиді. Мамандарды тарта отырып, өзімізге өтініш айтып келген бір азаматтың қылмыстық ісі бойынша арыз-шағымын әзірлеуіне көмектестік. Кейбір айдауда жүрген кісілердің семьяларына қолымыздан келгенінше материалдық жәрдем көрсеттік.

Комитеттің жұмысына осы комитеттің мүшелері ретінде СССР халық депутаттары О.О. Сүлейменов, М. Шаханов, Ә.М. Мәмбетов көп септіктерін тигізуде. Біздің ұсынысымызға байланысты олар ресми органдарға сұрау салып жүр. Алдағы уақытта да біз соларға сүйеніп жұмыс істейтін боламыз.

Орайы келгенде, Адам правосы жөніндегі қоғамдық комитеттің президиумы атынан әділетсіздікке енжар қарай алмайтын барлық адамдарға, праволық мемлекет орнату жөніндегі жұмысқа хал-қадерінше үлес қосқысы келетін барша азаматқа мынаны айтсам деймін: бізге юристердің, социологтардың, политологтардың, сонымен бірге қатардағы адал азаматтардың бәрінің жәрдемдесуі аса кажет. Бізге хабарласқысы келетін адамдарға мекен-жайымызды еске салайын: Ленин проспектісі, 7. «Жалын» журналының редакциясы, 232-бөлме, телефон 60-33-68.

– Әңгіменізге рақмет, Нинель Константиновна! Сіздердің осынау әділеттіліктің салтанат құруын көздейтін игілікті жұмыстарыңызға зор табыс тілейміз!

Әңгімелескен Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ.

*25 қыркүйек 1989 ж.*

## ТАТУЛЫҚ ПЕН БІРЛІКТІҢ КЕПІЛІ

Қазақ ССР Жоғарғы Советі 1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларын егжей-тегжейлі зерттеп білу үшін құрған арнаулы парламенттік комиссияның төрағаларының бірі, ССРО Жоғарғы Советінің мүшесі Мұхтар Шахановпен төмендегі сұхбатты жүргізуге оқырмандардың өтініштері себеп болды. Олар баспасөз қызметкерлерімен кездесулерде, сондай-ақ редакцияларға жолдаған хат-хабарларында сонау үрейлі желтоқсан күндерінде орын алған жәйттерді толық анықтап-тексеру барысын қалың көпшілікке ұдайы жеткізіп тұруды сұрап жүр. Араларында Желтоқсан оқиғаларының тәуелсіз сарапқа салынарына, шындықтың ашып айтыларына күдік білдірушілер де баршылық. Жақында Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы Қоғамдық комиссия Желтоқсан оқиғаларына байланысты жиналған материалдарды Қазақ КСР Жоғарғы Советінің Комиссиясына тапсыру туралы шешім қабылдаған еді, бұл да жұртшылықтың құмарлығын арттыра түскен секілді...

– Алайда Жазушылар одағындағы қоғамдық комиссия мүшелерінің ондай шешім жасауында еш оғаштық жоқ, – деді **Мұхтар Шаханұлы** менімен әңгімелескенде. – Өйткені олардың бәрі парламенттік комиссияның жұмысына тартылған. Күллі деректерді бір жерде жинақтаудың, сұрыптап, қорытып отырудың мейлінше тиімді, ортақ мақсатымызға пайдалы болатындығы түсінікті шығар. Орайы келгенде тағы бір еске сала кетейін, республика Жоғарғы Советінің депутаттық Комиссиясы бір топ ССРО халық депутаттарымен толықтырылған еді ғой. Комиссияның осы толықтырылған құрамы өзіне жәрдемшілікке, аталған қоғамдық комиссия мүшелерімен қатар, ішінде юристері, дәрігерлері, педагогтары бар екі жүздей жұртшылық өкілдерін шақырды.

Қазір олар сегіз түрлі негізгі бағыт бойынша іске кірісіп кетті. Яғни, сабырлық танытып, әділдік ашылмай қалар-ау дегендей әлдебір қауіптенушілік сезімге берілмеген жөн.

– Әйтсе де оқырмандар көңіліндегі түйткілдің тамыры тереңде жатқан тәрізді – олардың пікірінше, ақиқаттың айтылуын қаламайтын күштердің төбесінде кәдімгі жоғарғы басшыларымыздың өзі тұрған сықылды. Мұндай ойға сіздің ССРО халық депутаттары съезіндегі мәлімдеменіздің аяқсыз қалуы, оның, тіпті, республика баспасөзінде басылмауы, ал ССРО Жоғарғы Советінің бірінші сессиясында соған орай сөйлеген сөзіңіздің, ең арғысы – орталық теледидардың сессия жұмысын толық көрсетіп жүрген репортажынан де кесіліп тасталғандығы еріксіз жетелейтін сияқты.

– Бірақ солардың себебін тек басшылық мүддесінен іздеу дұрыс бола қояр ма екен? Мен бұдан бұрын айтқанмын – әуелі Михаил Сергеевич Горбачевпен, кейінірек Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен әңгімелесе келе, екеуінің де объективті шындыққа жетуге деген ниетімізді қолдайтынын көрдім. Ал менің сессиядағы сөзіме келсек, ол туралы кезінде «Уақыт» программасында айтылды, ал мазмұнын одақтық газеттер басты ғой...

– Өте жартымсыз мөлшерде... Оның үстіне, сізге қарсы сөйлеген депутаттың сөзі де тап сондай жеткіліксіз дәрежеде мазмұндалды. Сол сараң мазмұндамалардан оқырманның ұққаны мынау – сіз тағы да желтоқсан оқиғасына орай комиссия құру туралы мәселе көтердіңіз, артынша өзіңіздің әріптесіңізден тойтарыс алдыңыз... Әркімнің өз бетінше дербес ой түйюіне мүмкіндік беру үшін, сессия бюллетеньдеріне толық қалпы тасқа басылған сол сөздерге қысқаша шегініс жасап көрсек қайтеді?

– Егер ол көпшілік көкейіндегі күдікті сейілтетін болса – қарсылығым жоқ...

– Бір мәселеге қарама-қайшы екі түрлі көзқарас болғандықтан да, олар әрі қызық, әрі соларды тал-



дау арқылы комиссияға шәк келтірушілердің бойында дұрыс пікір қалыптасуына жәрдемдесеміз. Мәселен, сіздің сөзіңіздің тым болмаса мына бір жерлерін оқушы қауымның білгені артық болмас еді деп ойлаймын: «...ССРО халық депутаттары съезінің мінбесінен мен бір топ қазақстандық депутаттар атынан Алматыдағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы бойынша арнайы комиссия құру жөнінде ұсыныс енгізген едім. Алматыда ішкі әскерлер мен право қорғау органдары тарапынан заңға қарсы әрекеттерге жол берілген болатын. Шамасы, сондықтан шығар, жастардың мың-сан кісілік манифестациясы сол уақытта «бұзақылық жасап жүрген экстремист, наркоман, алкогольіктер тобының шығаннан шығуы» деп аталды. Алматыдағы 1986 жылғы Желтоқсан трагедиясы – бәріміздің ортақ дертіміз. Халықтың ұлттық көңіл-күйін жақсарту үшін – бұл оқиғадан ең бір байыпты тағылым алуға тиіспіз. Егер халыққа қаншама ащы болса да шындықты айтуға біздің батылымыз жетпейтін болса, онда біз ұлтаралық қатынастардың шешімін таппаған проблемаларымен үнемі әрі тұрақты түрде ұшырасамыз да отырамыз... Кейбір басшылар Желтоқсан оқиғаларына берілген бағаны қайта қараудың қажеті жоқ деп есептейді. Оның үстіне, көп уақыт өтті, өткенді қазбалауға қандай мұқтаждық бар деуі мүмкін. Бірақ біз мынаған кәміл сенімдіміз: егер Алматы жағдайы дер кезінде шын бағасын алғанда – ол бәрімізді көп нәрсеге үйреткен болар еді, бәлкім, қазір біз еліміздің алуан аймағынан байқап отырған ұлтаралық қатынастардың осынша елеулі дәрежеде шиеленісуін болдырмауға өз тәжірибесімен көмектесер еді... Фактілерді бұрмалау себептері, айырым-белгі тағу процедуралары, оқиғаның шынайы саяси және әлеуметтік себептері, құрбандар мен зардап көрген адамдардың шын саны ешқандай ымырасыз, құпия қалдырылмай анықталуға тиіс. Алматыдағы Желтоқсан оқиғасына республиканың қалың жұртшылығы сенетіндей етіп, әділ де қатаң баға беру

керек. Жартыкеш шешім біткеннің, шындықты бүркеп қалудың салдары бүгіндері біздің көпұлтты еліміздің тіршілігіне келенсіз дақ түсіруі ықтимал...». Ал енді, сіздің сөзіңізді парламенттегі әріптесіңіз – целиноградтық электровоз машинисі А.В. Семенихин жолдастың қалай ұққанына және оны депутаттарға қайтіп түсіндіргеніне назар аударайық: «...Қазақстанда жағдай баяғыда-ақ қалпына келтірілген. Ұлтаралық проблемалар шешілді, адамдар ырза. Алматы оқиғалары туралы бәрі де жергілікті газеттерде жазылған, республикалық газеттерде, орталық газеттерде жазылды. Бәрі де теледидар арқылы берілген-тін. Машиналардың өртенгенін, магазиндердің қиратылғанын, милицияға шабуыл жасалғанын, қолдан істелген қарабайыр қарумен азаматтарға шабуыл жасалғанын, қарудың бұзақылардың бір шоғырынан тартып алынғанын біз білеміз әрі соған куәміз... Енді тағы да наразылардың бір шоғыры ұлттық сезімді шайқауға тырысып тұр. Бұл кімге керек? Қазақстандағы жағдайдың тұрақтанғаны кімге ұнамайды? Ал кімге ұнамайтыны – сөзден көрініп тұр, істен көрініп тұр, мен барша наразылықты қоздырып тұрған адамдардың осынау шоғырына, осынау тобырына шын көңілімнен кенес беремін: халықтардың туысқандық қарым-қатынасына риза еместер жұмысшы коллективтеріне келсін... Неліктен бұл мінбеден ұлтшылдық қоздырылады?»

– Депутат Семенихиннің тап осы сөзіне соншалықты назар аударудың, оған әлдеқайда айрықша мән берудің керекі болар ма екен? Өйткені сол жолы мені басқа депутаттар, мәселен, Борис Олейник пен Еркін Әуелбеков қостап сөйледі ғой. Ал, жалпы, біздің пікірімізді, біздің парламент алдына қойған ұсынысымызды ССРО халық депутаттарының төрт жүзге жуығы, оның ішінде жүзге тарта ССРО Жоғарғы Советінің мүшелері қолдап отыр...

– Мәселе целиноградтық халық депутаты Семенихиннің Желтоқсан оқиғасының мән-жәйін дәл білмейтіндігінде емес, тіпті оның өз әріптесіне – өзіндей халық

депутатына аса бір кемсіте «ақыл» айтуында тұрған да пәлендей, кешірілместей сөкеттік жоқ, мәселе – оның өз білместігін бүркемелеу үшін, қай заманда да аса қатерлі боп келе жатқан «ұлтшылдықты қоздыру» деген тіркесті әрі қалқан, әрі семсер етіп алғанында болса керек. Шындап келгенде, ойы өзгешелерге билік басындағылар ұлтшылдық таңбасын басады дейтін үрей – күні бүгінге дейін осы өзіміз тілге тиек еткен оқиғамыздың құпияларына куә, Желтоқсан шындықтарын қалпына келтіруге үлес қоса алатын көптеген адамдардың аузын буып, ерік-жігерін құрсаулап келеді. Парламент комиссиясына сенімсіздікпен қарауға да сол қауіп себеп сияқты, мұны біз көптеген тілшілеріміздің хаттарынан, ауызекі жеткізген ой-пікірлерінен естіп-біліп жүрміз. Сізге мынадай бір мысал айтайын – Жазушылар одағындағы қоғамдық комиссияға ертеректе, Желтоқсан оқиғаларына орай сыни пікір айтқаны үшін тергеушілердің қайта-қайта шақырып, мазалай берген қыспағына шыдамағандықтан, төртінші қабаттан секіріп өлмек болған бір қыз туралы дерек түсті. Мүгедек боп қалыпты. Халін біліп, істің мәнісін анықтауға барған қоғамдық комиссияның өкіліне, қандай да бір түсінік беруден бастартып, ол: «Мен ұлтшыл емеспін, ештеңе айтпаймын, маған жоламаңдар», – дей беріпті, бар болғаны...

– Шынында, мұны кездейсоқтық деу қиын. Ол кезде оқиғаға қатысы бар делінетін әркімнің іс-әрекетінен «ұлтшылдық» іздеуді право қорғау органдары өздерінің басты міндеті етіп алғандай болды ғой. Сол тұста мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің тергеушілері 850 адамнан, ал прокуратура мен ішкі істер министрлігінің тергеушілері 5324 адамнан жауап алған екен. Біздің парламент комиссиясының тапсырмасына сәйкес, осы істермен танысып жатқан юристер кейбір тергеулердің праволық реттілікті дөрекі түрде бұза отырып жүргізілгенін анықтады. Рас, алты мыңнан астам адамға ашылған сол істердің материалдарымен түгел танысып, талдап, қорытып болмайынша нақты тұжырым жа-

самағанымыз жөн, әйткенмен, қазіргі кезде жиі айтылатын кінәсіздік презумпциясын сақтауға ол уақытта право қорғау органдары қызметкерлерінің мән бере қоймағаны бізге әлден-ақ айқын боп отыр...

– Олар «жаппай тәртіп бұзушылықтын» айыпкерлерін – арандатқыш «ұлтшылдарды» тезірек анықтап, жазасын беруді мақсат еткендіктен, мейлінше асықты ғой...

– Сөйте тұра милиционерлер, солдат, жасақшы отрядтары қабат-қабат қоршаған алаңдағы халық арасына жүк машинасымен апарып арақ, есірткі таратқан шын арандатушылардың ұсталмай кеткені қайран қалдырады. Біз бүгін соларды табуға қалың көпшіліктің жәрдем беруін өте-мөте қалаған болар едік. Қазақ ҚСР Жоғарғы Советінің Комиссиясының қазіргі құрамына көмектесуден, өздеріне мәлім деректерді айтып келуден, не жазып жіберуден сескену – қате, қайта, сол күндергі оқиғаларды рет-ретімен, объективті түрде қалпына келтіріп, әділ таразыға салуға үлес қосуды әркім өзінің азаматтық борышына санауы ләзім. Ұлтшыл атанудан өткен сүйкімсіз күй бола ма? Белгілі қаулыда «қазақ ұлтшылдығы» деген таңбаның күллі халқымызға тағыла салуы бәрімізді де ренжітті. Алайда Желтоқсан оқиғасы мен оған берілген баға – белгілі дәрежеде, жеке басқа табыну дәуірінің тоқырау деп аталған кезеңдегі жаңаша жалғасының – қайта құруға ол тұста жеңіле қоймаған неосталинизм дәстүрлерінің жемісі екенін түсінуге тиіспіз. Н.Ә. Назарбаев жолдас КОКП Орталық Комитетінің биылғы Сентябрь пленумында коммунистік батылдықпен ашық айтқан ақиқат бүгіндері баршаға мәлім. Республика өміріндегі аса маңызды оқиға – бірінші басшыны сайлауға арналған 1986 жылғы партиялық форумды қайта құру рухында өтті деп айтуға қазіргі таңда ешкімнің аузы бармас. Ересек ұрпақ ой дағдарысын ішіне түйіп қала алды, ал жастар – өздерінің жастыққа тән максимализмін 1985 жылғы сәуір лебі жебеген жастар – ойланбастан, ештеңеден қауіптенбестен, демонстрация жасады... Естеріңізде болар, кезінде пленум шешіміне наразылық білдіріп, алаңға студенттер шықты делінген еді ғой. Тек қауіпсіздік комитеті

ұстаған адамдардың ішінде, шынында, 873 студент болыпты, 59 қызметкер, 102 жұмыста жоқтар да ұсталыпты. Бірақ сол ұсталғандардың 1163-і, яғни басым көпшілігі жұмысшы екенін сол кезде білдік пе? Ұсталғандар негізінен қазақтар, бірақ араларында орыс та, ұйғыр да, татар да, қырғыздар да болғанын ол күндері бізге кім айтыпты? Белгілі бір топтар мұны әдейі жасырып, алаңға шығуды ұлтшылдық қозғалыс етіп көрсетуге тырысты, әрі, негізінен өзге ұлт өкілдерінен құрылған жұмысшы жасақтары мен ішкі әскер солдаттарын демонстранттарға қарсы қою арқылы – оған қолдан ұлттық қарама-қарсылық реңкін енгізді, сөйтіп, халықтардың туысқандық сезіміне елеулі жарықшақ түсірді. «Жаппай тәртіп бұзуға қатысушылар» көше-көшеде, алаңда ұлтшылдық транспаранттар алып жүрді деген мәлімдеме кезінде көп айтылған. Енді сол, жастар басына көтеріп жүрген, Қауіпсіздік комитеті тіркеген «ұлтшыл» ұрандардың мазмұнына қарап көрейікші: «Ленин идеялары жасасын!», «Әр халыққа – өз көсемі!», «Ешбір ұлтқа, ешбір тілге ешқандай артықшылық берілмесін!», «Біз ұлттардың күштеп емес, еркін, ерікті түрде жақындасуын жақтаймыз. В.И. Ленин». Ұрандармен бірге жастар алаңға көсем суретін де көтеріп келген. Демек, олар ұлт мәселесі жөніндегі теория мен практикаға өз біліктерініше көзқарасын танытты емес пе. Біздің идеологиялық корпус бұқарамен жұмыс істеуге тиісті дәрежеде дайындығы барын көрсеткен жағдайда мәселе күш қолдануға жетпес еді, бұған мен кәміл сенімдімін. Осы орайда, оқиғадан соң іле-шала право қорғау органдары қызметкерлерінің мол тобына үкімет наградаларының берілуі де біраз нәрсені аңғартса керек...

**– Желтоқсан хроникасын айқындау ісінде негізінен компетентті органдар дерегіне жүгініп отырған тәріздісіздер...**

– Ол рас, тиісті мекемелер біздің сауалымызды екі етпей, комиссияны тез арада, қажет материалдармен камтамасыз етуде. Қазір біз Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінен келіп түскен анықтамадан бұрын беймәлім болып келген кейбір

жәйттерді анық білдік. Мәселен, Желтоқсан оқиғасы кезінде тәртіп сақтау шараларын жүзеге асыруға Алматының өзіндегі милициядан, әскери күштерден, шекарашылар, жалпы әскери, өрт сөндірушілер оқу орындарының курсанттарынан басқа, Челябинск, Свердлов, Новосибирск қалаларынан, Уфа мен Тбилиси қалаларынан, Қырғызстан мен Өзбекстаннан арнайы батальондар, ішкі әскер бөлімшелері әкелінген. Солардың бәрінің қимыл-әрекетін үйлестіру үшін орталықтан Алматыға әдейілеп ірі мамандар, әскери басшылар келіпті. ССРО Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері бастығының бірінші орынбасары генерал-лейтенант В.С. Дубиняк пен ССРО Ішкі істер министрінің орынбасары генерал-полковник Б.Ю. Елисов өздерінің құнды ақыл-кеңес, нақты нұсқауларымен Алматыдағы оқиға кезінде праволық тәртіптің сақталуын қамтамасыз еткен көрінеді. Олардың басшылығымен үш құрама отряд жасақталып, әрқайсысы бронетранспортёрлермен, су атқылайтын құралдары бар өрт сөндіргіш машиналармен күшейтіліпті. Алаңнан үш бағытта – шығыс, солтүстік және батыс бағытта бір мезгілде әрекет еткен осы құрама отрядтардың басына да ірі әскери шендер тағайындалған көрінеді. Олар ұйымдасқан түрде, бірлесе, иық тіресе қимылдап, 18 желтоқсан күнгі кешкі сегіз жарымда алаңды халықтан тазартып біткен.

**– Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысқандардың өздері право реттілігін тым тұрпайы түрде бұза отырып әрекет еткенін ресми орындар мойындай ма?**

– Милиционерлер мен солдаттар тарапынан асыра сілтеушілікке жол берілген жоқ деген мәлімдемелер бәрімізге аян, дегенмен ресми мекемелер нағыз шындықты білуге біз секілді мүдделі ғой деп ойлаймын. Себебі оларға да, бізге де право қорғау органдарының беделі арта бергені қажет. Ал бедел көтеру кепілі – күштінің хұқымен сес көрсету емес, әлдебір саясат үшін бұқараны алдап өтірік айту, жауырды жаба тоқу емес, – ащы да болса ақиқатты жария ету, жол берілген келеңсіздіктің себебін талдау, халыққа болған жайды жан-жақты түсіндіру. Сөйтіп қана ел сеніміне қайта



ие болуың ықтимал. Кезінде әйтеуір айыптауды, қайткенде кінә тағуды мақсат еткен лауазымды кісілер солдаттар мен милиционерлердің жүгенсіздіктеріне көз жұмып қарады. Ал олардың кейбіреулерінің еркінсігені сондай: алаңнан басқа жерлерде де, тіпті жатақханаларға баса-көктеп кіріп, жастарды ұрып-соқты, итке талатты, жүк машинасына тиеп алып, қала сыртына тастап кетті, не керек, іс жүзінде жазалаушы және жуасытушы деңгейіне дейін құлдырағандарын аңғармай қалды. Мұны олардың командирлері немесе компетентті органдар қызметкерлері білмейді дей аламыз ба? Әрине, жоқ.

– **Бірақ мұндай қылмыстарды дәлелдеу оңай емес...**

– Право қорғау органдары мен қарапайым халық мүмкіндіктерінің қылмысты іс жүргізуде еш теңесе алмайтыны белгілі, әрі мәселе сол тәртіп сақтаушыларымыздың өздерінің тәртіпсіздігі жөнінде болып отыр ғой. Сондықтан біз олардың өзіне-өзі сын көзбен қарау қабілетіне сенім артып, оқиға кезінде көрген-білгендері туралы әңгімелеген адамдардың естеліктерін ыждаһатпен жинаудамыз. Осы ретте талай сорақылыққа куә болған кісілердің әзірге үн қатпай жүргендеріне өкініш білдіретінімді айтпай кете алмаймын, олар шынайы правоға негізделген сенімді болашақ іргесін қалауға үлес қоса алатындықтарына ой жүгіртпейтін тәрізді. Мен бұлай дегенде – азаматтарды органдарға қарсы қоюдан аулақпын, керісінше. Ескі сарын салдарынан жасырылып келе жатқан кемшіліктерді ашу – органдардың тазаруына, жақсаруына жәрдемдесу деген сөз. Алматы ішкі істер басқармасынан түскен анықтамада мынадай деректер бар: алаңға шыққан 1200-1400 адамның тәртіп бұзушылықтарына тыйым салу үшін төрт мың кісілік Алматы гарнизоны әрекет еткен. Қақтығыстар салдарынан 365 азамат, 520 право-қорғау қызметкері жарақат алыпты.

– **Үстіне бронкеудеше, басына шлем киген, бір қолына қалқан, екінші қолына шоқпар ұстаған әскерилер қалайша өздерінен саны аз, құрқол, мықтағанда кейбірі ғана кездейсоқтан таяқ, тас тауып алған жастардан сон-**

**ша көп мөлшерде соққы жеген екен? Бұл цифрлардың астарында айтылмай қалған өзгеше бір сырлар жатқан жоқ па?**

– Қоғамдық тәртіпті қадағалағандар үстінен ешқандай шағым түскен жоқ, себебі бәрі заңды қызмет атқарды деп жүр ғой. Байыптап қарасақ, бұл да бекер екен. Право қорғау органдары қызметкерлерінің дәрекіліктерін бірқатар айыптаушылар сот үстінде атап айтқан. Мәселен, Ермеков деген студент солдаттардың қыздарды сапер күрекшесімен ұрғанын, Молдабаев деген бетоншы өзін бір қызметкердің тапаншамен атып жарақаттағанын сотта көрсеткен. Солдаттардың, милиционерлердің аяусыз ұрып-соғумен айналысқанын сот процестері үстінде Бейсенбеков, Таубаев, Төкенов, тағы басқалар да нұсқапты. Алайда ондай куәліктердің баршасын елеусіз қалдыруды мақұл көріпті сот...

**– Айтпақшы, сот ұйғарымдары күдік туғызбай ма?**

– Толық жауапты комиссиядан күтейік, әзірге айтарым – бұл салада да «әттеген-айлар» жетеді.

**– Алайда ой саларлықтай ақиқаттарды кейінге қалдырмаған жөн шығар? Әрі көпшілік тез шешілуін тілейтін түйіндердің біразы сонда...**

– Осыған байланысты бір ғана мысал келтірейін: 20 желтоқсан күні Алексеев деген азамат құрылыс техникумы жанынан өтіп бара жатып, екі халық жасақшысына бір келіншектің «шындықты айту керек, қаладағы байланыс жүйесін тоқтату дұрыс емес» деп наразылық білдірген сөздерін құлағы шалып қалады да, қызмет орнына келген соң милицияға телефон соға қояды. Милиция әйелді ұстайды, оның сөмкесінен – машинкаға басылған листовка, үйінен фломастермен жазылған плакат табылады. Оларда мынадай сөздер жазылыпты: «Құрбандар неге төзеді?», «8 млн. қазаққа неге өзін қарсы қою керек?», «Құрбандар туралы неге айтылмайды?», «Сыртқы әлеммен байланыс неге үзілген?». Тергеу үш күнде бітеді. 17–18 желтоқсан күндері алаңға бармаса да, ешкімді үгіттемесе де, үйінде отырып әлгі листовка мен плакатты жазғанмен, ешкімге, еш жерге таратпаса да, Жансая

Сәбитова «Ұлттық және нәсілдік теңдікті бұзушы», «жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастырушы» атанып, республика Қылмысты істер кодексінің 60 және 65-статьяларымен бес жылға сотталып кете барады. Бұған қалай қараймыз?

– **Ол кесілген мерзімінен ерте босатылды ғой...**

– Оныңыз рас. Бірақ, кейбір кісілер тарапынан оны, жазықсыз жазаланған адам ретінде, толық ақтау қажет деген де пікір түсіп жатыр.

– **Соттарда айыптау, тұқырту бағыты үстем болғаны күмәнсіз. Бірақ бұдан айыпкерлердің бәрі жазықсыз жазаланды деген ұғым тумас...**

– Мен нақты бір іс жөнінде ғана әңгімеледім. Оған байланысты көтерілуі ықтимал деген мәселенің қаншалықты орынды болмағы туралы пікір білдіруге ерте тәрізді. Бір ғажабы, бұған ұқсас істердің тағы да кездесетінін айтып жүр біздің жәрдемшілеріміз. Соңғы сөзді білікті комиссиядан естірміз.

– **Әскери орындар қажет мәлімет берді ме?**

– Өкінішке қарай, жергілікті әскери мекемелер сұраған дерегімізді әзір берер емес, ССРО Қорғаныс министрінің рұқсаты керек деген желеуді айтады. Мен бүгінге дейін ССРО Қорғаныс министрі Язов жолдасқа депутаттық сауал салдым, бірақ жауап ала алмай отырмын. Осы орайда, жеке-леген сол кездегі жауынгерлердің адалдығын көрсететін фактілер барын айта кету ләзім. Мәселен, бұрынғы жауынгер Ылайтегин Таалайбек Молдабекуулу өзіне берілген, «Алматы қаласында қоғамға жат көріністерді тыю кезінде көрсеткен ержүректілігіңіз бен жанқиярлық іс-қимылыңыз үшін Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы 1987 жылғы 9 қаңтардағы Указы бойынша Сізді Қазақ ҚСР Жоғарғы Советінің грамотасымен наградтады» деген тексті бар награданы бұдан әрі өзінде сақтауға адамгершілік ары жібермейтінін айтып, үлкен түсінік хатпен қоса бізге салып жіберіпті...

– **Әділ сотымыз шүбәлануға жол берерлік қателіктер жіберген болса, мәселенің ақ-қарасын айырудан гөрі**

**желдің қайдан ескеніне қарап әрекет етуге бейім тұратын әкімшіліктің төменгі буындары қайтеді екен?**

– Бұл тарапта да ойланатын жәйт жеткілікті. Кәсіпорындардан 319 жұмысшы шығарылған көрінеді, осының өзі әкімшіліктің адам тәрбиесін ойлап басын ауыртпағанына дәлел. Әлгі орнынан айрылған жұмысшылардың 226-сы мүлдем қаладан кетуге мәжбүр болған. Жұмысшылар мен қызметкерлер арасынан 406 адам БЛКЖО қатарынан шығарылған, олардан басқа 404 жұмысшы мен қызметкерге қатаң комсомолдық жаза қолданылыпты. Бұлардың 50-інің БЛКЖО мүшелігі қалпына келтіріліп, 348-інен жаза қайтып алынды. Мұндағы әділдік пен науқандық сипат қандай – оны анықтауға комсомол ұйымдарының өздері жәрдемдесер деп сенеміз. Студенттерге қатысты да сондай талдаулар жасалуға тиіс. Оқиғаға байланысты 52 адамның КОКП мүшелігінен шығарылғанын, 67 коммунистке партиялық жаза берілгенін де еске ұстауымыз керек. Бастауыш партия ұйымдары сол шақтағы жұмыстарына сыни тұрғыдан қайта бір оралып соқса жөн болар еді. Қазірге дейін 5 адамның партиялығы қалпына келтірілгенін білеміз, комиссияға түсіп жатқан арыздардан байқайтынымыз – асыра сілтеулер бастауыш ұйымдар тарапынан аз болмаған сияқты... Қысқасы, алда атқарылар жұмыс көп. Оны абыроймен орындап шығу – қалың көпшіліктің, партия, совет, комсомол, кәсіподақ, әкімшілік органдарының жанды көмегіне тәуелді болмағын атап айтсам деймін.

– **Әңгімеңізге рақмет, Мұха. Желтоқсан оқиғасына байланысты құрылған депутаттық комиссия жұмысына адал жүрекпен жәрдем беру, шынтауайтқа келгенде, праволық қоғам орнату ісіне нақты үлес қосу болып табылатынын оқырмандарымыз тағы бір мәрте зерделейтін шығар. Парламентарийлік қызметіңізде сізге қашанда сәттілік серік болсын.**

Әңгімелескен **Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ.**

*29 қазан 1989 ж.*

## ТАРИХИ КӨТЕРІЛІС ХАҚЫНДА

### ҰМЫТЫЛМАС БЕЛЕС

Мемлекеттік тәуелсіздігімізді баянды ететін шарттардың біріне ұлттық санамыздың айқындығы мен тарихи жадымыздың бекемдігі жатары дау туғызбас білем. Ендеше, осынау асыл қасиеттерді халқымыздың бітім-болмысына, әр ұл-қызымыздың тұла бойына тынымсыз егіп, ширатып, пісіре түсу ләзім. Бұл үшін өткен жолдарды сын көзбен шолып, сүзіп, тиісінше сана мен жадқа нәр құйып, болашақ қадамға қажет тәлім, сабақ ала беру керек. 1986 жылғы Желтоқсан – тап сондай көзқарасты талап ететін өте маңызды, қасіретті де қастерлі кезең.

Қоғамдық құрылыстың дүниені дүр сілкіндіре ауысуына байланысты қаулап шыққан қалың көсемге – «шешен емес жоқ адам, бәрі білгіш, бәрі де ер» саясатшыларға – халқымыздың ардақты ұлы Міржақып Дулатов 1917 жылғы желтоқсанда мынандай сауал тастаған-ды:

«Кешегі қара күндерде, Жұлдызсыз, айсыз түндерде, Жол таба алмай сенделіп, Адасып алаш жүргенде – Бұл күнгі көп көсемдер, Сұраймын, сонда қайда едің? Ақыл таппай дағдарып, Жанашыр таппай сандалып, Барарын қайда біле алмай, Жүрген бір күнде сан ғарып – Есепсіз көп шешендер, Жөніңді айтшы, қайда едің? Сарыарқа сайран жерлерім, Көк орай шалғын көлдерім, Бәрін жауға алдырып, Асқар тау, биік белдерім, Қысылып қазақ тұрғанда – Данышпандар, қайда едің? Атадан бала айрылып, Қанаты сынып қайрылып, Қасірет толып жүрекке, Тұрған бір кезде қайғырып – Толып жатқан камқорлар, Елде жоқ едің, қайда едің? Құландай үркіп елдерің, Қалдырып мекен жерлерің, Жаяу-жалпы, жалаңаш, Қатын, бала ерлерің Аштықтан қырғын тапқанда – Сыпыра жомарт, қайда едің? Кедейдің сорын қайнатып,

Майданға жасын айдатып, Тіл жоқ, көз жоқ, басшы жоқ, Өлімге басын байлатып, Жіберерде, жаным-ау, Жанашыр жақын, қайда едің?»

Құдды 1986 жылғы Желтоқсан тұғырынан қазіргі таңда қойылған өткір сұрақтар дерсің. Осылайша мойындамауға ұяты алдында адал болғысы келетін әркімнің дәті шыдама-са керек. Рас, үстем идеологияға, яки билеуші төреге арқа сүйейтін жәдігөй де екіжүзді «бас адамдар» үшін бұлар жай ғана жел сөз, өйткені олар тарихты өздері жасайды. Ал арлы кісі ойланбай тұра алмайды. Кімнің кім екенін – who is who – іштей «Қайда едің?» тұрғысынан таразылайды. Іштей де болса қай-қайсысына да лайықты бағасын береді.

Азаматты танудың бірден-бір иманды өлшемін бұдан бір ғасыр ілгеріде, әлеуметтік және экономикалық ілімдердің соңына жас шағында шырақ алып түсіп жүрген пролетариаттың болашақ көсемі дәл айқындаған болатын: «Тарихқа сіңірілген еңбектер тарихи қайраткерлердің қазіргі талаптармен салыстырғанда не бермегеніне қарай емес, өздерінен бұрынғылармен салыстырғанда жаңа не бергеніне қарай бағаланады».

Қай заманда да азаматтыққа сын ретінде, адамның азаматтығының өлшемі, кімнің бағасы қай деңгейде тұрғанын өлшер безбен ретінде ел басына күн туған сәттерді алу ләзім. Жасыратын не бар, әділет қуам деп от пен суға әй-шәй жоқ қойып кететіндер пендешілік тұрғыда ұтылады. Ондайлардың кез келген қитұрқы сүзгіге бірінші болып тұтылатыны белгілі. Ал қадамын іш есеппен, санап басатындар аңқылдақ алғашқылар оп-оңай шырмалып жататын торлардан дін-аман құтылады. Ондайлардың, уақыты келгенде, белсе не құтыратыны да рас. Өткен дәуірлер мұндай қадамдар мен қылықтарды дәйектер мысалдарға тұнып тұр, қазіргі заман да кенде емес...

Өтпелі кезеңде өткінші әділдік салтанат құрып, жаңа белсенділер өз біліктерімен дәуірлейді. Сондықтан ғой Жақаңның «Қайда едің?» деп қайран қалғаны. Сондықтан ғой – «Енді бүгін кім жаман? Данышпан емес, кім надан?»



Қамқор емес, кім жауыз? Жомарт емес, кім сараң? Көсем емес, кім жалтақ?.. Жеткіздің, алла тағалам» деп күйінгені. Сондықтан!

Бүгінде Сексен алтыншы жыл сергелденіп сөз ете беру кейбіреулерге ұнамайды, өйткені тап сол жылғы Желтоқсан толқуы, дұрысын айтқанда, Желтоқсан көтерілісі және олардың сол Көтеріліске көрсеткен ұлт мүддесіне үйлеспейтін көзқарасы әшкереленіп қалар еді. Стандартқа еті үйренген кеңес елін жаппай дүр сілкіктіріп, жалпақ әлемді елеңдеткен сонау қазақ жастарының дүрбелеңді қозғалысына кім-кімнің қалай қарайтыны – оның отаншылдығының шынайы табиғатына таразы, әділетсүйгіштігіне, азаматтық көзқарасына өлшем, критерий болып табылады. Шынтуайтқа келгенде, мұндай ар мен адалдық өлшеуішіне ондайлардың көбі шыдас бермейді.

Сексен алтыншы желтоқсанның қаһарлы үш күні мен ызғары «жаңа 37-ні елестетіп», ұзаққа созылған қырғи-қабақ ахуалдың қайғылы салдарлары, бұрмалаулы жазалаулар туралы аз айтылған жоқ. Ол – неосталинизмнің жан айқайға басып ашу шақыруы еді. Ол – тоталитарлық жүйенің репрессиялау аппараты бағыныштыларына көрнекі үлгі боларлық террор жүргізіп, жүгенсіздікпен тайрандаған кез болатын. Ол – партия мен кеңес өкіметінің біз ес білгелі бері тұңғыш рет жиренішті жазалаушылар мен бағындырып-жуасытушылар деңгейіне дейін құлдырауы-тын. Ол – империялық күштердің өз қатарына барлық қазақ еместер мен қазақтардың жағымпаз да жарамсақ бөлігін қосып алуға, сөйтіп, қазақ халқы мен түрлі ұлт өкілдері арасына сына қағуға ашық тырысқанын көрсетуі-тұғын.

Біртіндеп алыстап бара жатқан 1990 жылдың жазында – тәуелсіздіктен бір жарым жыл бұрын – Журналистер одағы мен Орал облыстық партия комитеті ұйымдастырған «ақтандақтар» мәселесі жөніндегі республикалық конференция мінбесінен мен өзіндік бағамды осылай жария еткен едім. Қазіргі таңда еш салмағы жоқ бұл сөздер ол тұста оғаш та қатқыл естілген – сол конференцияға қатысқан бір дос

кейін маған залдың сілтідей тұнып тыңдағанын, әр сөзімнің электр тоғы соғып тітіренткендей әсер еткенін айтқан-ды.

Одан бері талай уақыт өтті, бірақ, бәрібір, мен сонау анықтауышымнан ештеңе алып тастағым келмейді. Себебі ол – жүйе диірмені өзін-өзі әшкерелегеннен туған ащы қорытынды, тарихи шындық болатын. Бірақ толық шындық та емес секілді, тек бұл туралы сәл кейінірек...

### КӨТЕРІЛІСШІЛЕРГЕ АРАША

Жүйеге, биліктегілерге жағыну ыңғайымен тіл безеп, әйтеуір жау тауып жазалап қалуға тырысатындардың қысастығын менің өзіме де тікелей түйсінуге тура келген еді.

1986 жылғы 17 желтоқсан күні кешкісін мен Брежнев атындағы жаңа алаңнан соған дейін тек кинолардан, шетел тележаңалықтарынан көзге түсуі ықтимал әскери төңкеріс яки революциялық жағдай сипатты сурет көрдім. Үлкен алаңның төрт бұрышында – алаулап жанған төрт машина. Өрт тілі ұзарып, адам толы алаң үстінен төнген қараңғы аспанға сұғына сіңіп кетіп жатыр. Орталық мінбенің екі қанаты жағалай тізілген әскер. Бұрын-соңды көзімізге тірідей түспеген тұрпатта: мұздай боп құрсанған қалқандарымен үрейлендіре қарауытады. Алаң ортасында – екі жерге дөңгелене шоғырланған жастар. «Жа-са, қа-зақ! До-лой, Кол-бин!» деп, бірауыздан, бір ырғақпен қосыла айғайға басып тұр.

Не болған мұнда? Мынау не?

Сәби өңді бір бала қолындағы темекі қорапшасын бір бүйіріне құлап отқа оранып жатқан автомобильдің бауырына қарай лақтырып жіберді де: «Ә, ППМ ғой», – деп теріс бұрылды... Аяғы аспаннан келген, өрт құшағына берілген «көшпелі милиция бекеті»...

Өрімдей жас қыз менің қайран қалған аңқау сауалыма ызалы сарынмен қатқыл жауап қатып, әлгінде мына солдаттардың алаң толы қыз-жігітті шоқпармен ұрып жайратып салғанын, соққыға жығылған жетпіс-сексен адамды әлдеқайдан шапшаң пайда бола қалған «Жедел жәрдем» көліктері салып-салып әкеткенін айтты...

Сол түнгі сағат екіде биік дәрежелі партактив мәслихат құрды. Шамасы, маңызды жиын нұсқауын орындауды жедел қолға алғаны шығар, Жоғарғы Кеңес Төралқасы аппараты партия ұйымының хатшысы 18 желтоқсанға қараған таң қараңғысынан телефонды безілдетіп, коммунистердің бірқатарын кеңсеге жиып алды. Топ-топқа бөліп, қала аудандарына жіберді.

Мен тап келген Октябрь аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы бұндай жағдайдың басқа республика емес, тап Қазақстанда болуы ықтимал-ау деп ешқашан ойламағанын айтып, басын шайқап отырды... Бір кезде оған әлдекім рациямен Айнабұлақтан орталыққа қарай бір үлкен топ – көп адамдар легі шыққанын хабарлады. Топ алдында қолын сілкілей сөйлеп, жеке-дара бір белсенді кетіп бара жатқан көрінеді. Хатшы колоннаны алаңға дейін милициямен себесіндеп аман-есен апаруды тапсырды.... Алаңға халық жасақшыларын бастап таңертең кеткен ауатком төрағасы түстен кейін оралды. «Қырылып қалды ғой қазақ жігіттері, – деп құпиялай сыбырлады ол маған, – өтіп бара жатқандарында шоқпармен бір соғып қиралаң еткізеді де, көше жиегіне қарай сүйретіп әкете береді...»

Кешке қарай бізді ауданнан өз жұмыс орнымызға шақыртты. Орталық Комитетте әзірленген, Жоғарғы Кеңес Төралқасы Төрағасының аузымен айтылмақ сөз мәтінін қазақшалаумен шұғылдандық. Ұзамай оның салқынқанды жүзбен жария еткен «бірлі-жарым бұзақылық қадам өзгерте алмаған тып-тыныш ахуал туралы» көпе-көрінеу бұрмаланған, ешкім сенбейтін хабарын теледидар шартарапқа таратты...

Қарусыз қыз-жігіттердің қалың қатарына әлденеше мәрте шабуыл жасаған солдаттар қарлы алаңда жүздеген жанды жусатып тастады, олардың орындарынан тұрмай қалғандары қаншама. Жүздеген кісі түрлі жарақатпен ауруханаға түсті. Әскерилер ұрып-соғып жүріп ұстап алғандарын жүк машиналарына жансыз зат тәрізді бей-берекет лақтыра тиіп, қоқыс шығарғандай, қала сыртына таси жөнелді, айдалаға апарып, самосвал қорабынан бейне бір керексіз қоқысша

төкті. Ондаған жігітті алаңнан өкшелей атқылап, тауға қуды. Есепсіз көп қыз-жігітті милиция бөлімшелеріне қамап, на-шақор етіп көрсету әрекеттерін жүзеге асыруға тырысты. Әсіресе қыздарға айрықша қорлық көрсеткен мысалдар төбе шашынды тұрғыза дүңк-дүңк естіліп жатты. Көшеде кешті қойып, тапа-тал түсте ұлттық негізде ұстап алу, яки сокқыға жығу қаланың әр жерінде орын алды. Алаң шетіне жәй көрермен ретінде тақалғандардың өзі кінәліге айналды, оларды құпия орган агенттері түсірген суреттері арқылы із-деп тауып, әрқайсысына партиялық, комсомолдық, қылмыс-тық жаза үлестіруге кірісті...

25 желтоқсан күні таңертең Жоғарғы Кеңес Төралқасы аппаратының партия жиналысы болатыны жайында хабарланды. Жұмыстан соң, кешке, 17–18 желтоқсан оқиғалары арнайы талқыланбақ. Мен жан-дүниемді күйзелткен сәй-кессіздік жайында үндемей қала алмайтынымды ұқтым. Айтпақ сөзімді кешке дейін қағазға түсіріп алдым. Қызмет күйбендерінен қол қалт еткенде ғана шұғылданғаныммен, негізгі ойларымды жүйелеп үлгердім, олар қалам ұшына өздері сұранып тұрған, өйткені бәрі ұзақ жылдар бойы қалып-тасқан берік иланымнан туындаған еді.

Сондағы сөзімнің алдын ала әзірленген мәтіні мынау:

«Конечно, никак нельзя оправдать эту демонстрацию обманутой подстрекателями и националистическими элементами молодежи, но и нельзя ее слепо осуждать – надо понимать, поразмышлять вслух, анализировать ситуацию, философски осмыслить происшедшее и делать правильные выводы. Следует признаться в том, что в этом движении главным образом виноваты мы, взрослое поколение, поколение образованное, мы, партийно-советские работники.

Атмосфера, царившая в стране до крутого перелома в жизни партии, а именно настроение самодовольства, вседозволенности, стремление приукрасить действительного положения дел, отрыв идеологической, пропагандистской работы от жизни постепенно «подготавливало» алмаатинских событий 17–18 декабря т.г. Те долгие годы «благодару-

шая» притупили в нас чувство реального, и мы не смогли творчески воспринять стратегию крутого перелома, революционной перестройки общественной жизни в части интернационального воспитания. Вроде все мы вооружились крылатыми фразами партии, но не совсем вникли в их суть. Мы гордо говорили о важности человеческого фактора, апеллируя экономическими цифрами, при этом не задумывались о составляющих этого показателя движущей силы члена общества, не задумались о состоянии его интернационалистских качеств и путях оттачивания интернационализма каждого индивида.

Формализм, заевший нашу идеологическо-пропагандистскую машину, по сути остановивший его колесико, именуемое интернациональным воспитанием, дал знать о себе в эти дни. Все читали произведений Ленина по национальному вопросу в различных учебных заведениях, но многие, после сдачи зачетов и экзаменов, их забыли. Если кто взглянул туда в эти дни, то нашел бы много кое-чего в пользу вышедших на улицы молодежи. Ведь не случайно они носили портрет Ленина и транспаранты с выдержками из его трудов. Но заржавевшая наша пропагандистская машина так и не догадалась объяснить этой скандирующей обманутой молодежи то, что отдельные высказывания вождя относятся к конкретным ситуациям тех времен и что на учение Ленина надо смотреть в развитии. Вместо того, чтобы поднять наших лучших пропагандистов, агитаторов, лекторов, установить на площади и улицах, прилегающих к ней, громкоговорители, и разъяснять массе национальный вопрос на современном этапе, мы теряли время на стягивание к площади милиции и военной силы и тем самым, как ни горько в этом сознаться, спровоцировали то, что случилось после 7 ч. вечера 17 декабря. Разум гуманиста никак не может оправдать поступки отдельных служаков, которые пустили в ход дубинки, саперные лопаты, водометы, дымовые шашки и даже разъяренных собак на юношей и девушек, на 17–20-летних наших детей. Все, кому не чужд гуманизм, никак не согласятся с поступка-

ми отдельных руководителей предприятий, подготовивших специально и снабдивших людей, привлеченных в ряды дружинников, дубовыми палками, ломами из арматур, кусками дорогостоящих кабелей. Надо смотреть правде в глаза, к сожалению, многие блюстители порядка в эти дни в один миг оказались в роли усмирителей и карателей.

Не лучшим образом показали себя отдельные идеологические работники, бывавшие в эти дни в коллективах. Чем можно измерить тот вред, которого наносит секретарь райкома партии, говорящий публике такие слова: что важно для вас, чтобы первый секретарь ЦК был казахом, или в магазинах был хлеб? Столь примитивно-вульгарное разъяснение партийного работника опасней и коварней даже самых жестоких расправ, это очевидно и не требует доказательств.

Никогда, никто не сможет разрушить дружбу казахского и русского народов, веру и любовь казахского народа в ленинскую партию. Через боли и страдания нации пришли люди к этому, веками ковали священные узы дружбы. Не скажу об общеизвестных примерах интернационалистского акта казахского народа, проявленные в разные исторические периоды нашей страны. Напомню лишь о малоизвестном широкому кругу людей факте – казахский народ даже тогда, когда в результате страшного перегиба партийно-советских работников, допущенного в проведении коллективизации в Казахстане, потерял около двух миллионов своей численности, – не потерял веру в партию, в русский народ. Следовательно, мы обязаны свято хранить, беречь эту веру и любовь. Делать все, для того чтобы наше подрастающее поколение выросло верными революционным традициям отцов и подлинными интернационалистами – наш долг.

Надо решительно отказаться от упрощенного понимания сути и смысла интернационализма и, соответственно, от схематичного ведения работы по интернациональному воспитанию. Бюро ЦК правильно ориентирует нас этому вопросу. Долг практических работников – творчески относиться к этому делу, отбросить шаблоны, перестроиться в мышле-

нии. Необходимо постоянно помнить ленинское требование о том, чтобы мы никогда не относились формально к национальному вопросу. Ведь соблюдение такта в национальных взаимоотношениях – это принцип интернационализма. Ленин учил, что в прошлом угнетенные народы имеют повышенную чувствительность к вопросам, касающимся национального достоинства и гордости, вот дословно: «ни к чему не чутки «обиженные» националы, как к чувству равенства, хотя бы даже по небрежности, хотя бы даже в шутку, к нарушениям этого равенства своими товарищами пролетариями. Вот почему в данном случае лучше пересолить в сторону уступчивости и мягкости к национальным меньшинствам, чем недосолить».

Хотим мы того, или не хотим, но всякое нарушение такта принимается за унижение национального достоинства. Нечего скрывать, в эти дни, да и раньше, в общественном транспорте, на улице многие из нас были свидетелями мимолетных негативных перепалок, когда, безусловно незрелые люди, конечно, дно общества, проявляли неуважение, презрительно отзывались о коренной национальности, вспоминая дореволюционные прозвища. Именно такие политически неграмотные люди восприняли неодобрение молодежью решения Пленума как противостояние русскому народу. К сожалению, и в этом доме приходилось слышать некое садистско-удовлетворенное выражение кое-кого, говорящего, что надо было не только бить, но и побольше убивать, чтобы им не было повадно.

События этих дней показало, что не все рядовые люди различают такие, казалось бы, диаметрально противоположные понятия, как интернационализм и шовинизм, как патриотизм и космополитизм, не отличают понятия национального от национализма. В сознании многих – между ними просто поставлен знак равенства.

Нет сейчас возможности вдаваться в подробный анализ действительности, все же приведу один факт для размышления. Это касается недоработок органов народного обра-

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
СІРІ АҚПАРАТ ҚОРНАМАСЫ

00338180

зования. Никому не секрет, что в школах с русским языком обучения казахский язык преподается формально, факультативно, в основном только для казахских детей. Родители остальных, да и учителя, считают, зачем забивать голову ребенку якобы ненужным языком. Тем самым, мы отказываемся воспитывать уважение в детях к языку, культуре коренного населения, т.е. по сути противоречим интернационалистским положениям в политике партии.

Борьба с проявлениями национализма не будет эффективной, если задеваются легкоранимые национальные чувства народа. Вспомните историю борьбы партии против великодержавного шовинизма и местного национализма, трактовку партии о том, что национализма порождает шовинизм. Пережитки этих уклонов к сожалению и ныне имеют место. Поэтому, во-первых, надо помнить, что учет и заигрывание с национальными чувствами – совершенно разные вещи. Во-вторых, надо помнить, что с каждым уклоном, будь то национализм представителей большой нации, или это национализм представителей малой нации, боролись против них коммунисты соответствующей нации, боролись так, как мудро учила партия. Это нам надо помнить. Мне глубоко запали в душу слова русского казахстанского писателя, произнесенные им на пленуме Союза писателей и обращенные против схематичного понимания интернационализма. Немало многонациональных деревень в республике, говорил он, и в какой бы из них ни пошел, среди рядом живущих – казах знает обязательно два языка, немец – три, а русский – один. Самомнение, сознание некоей исключительности, говорил он, не позволило нам воспринять своевременно известную книгу Сулейменова. Не буду дальше вдаваться в подробности, но когда эти отрицательные качества, самокритично вскрытые этим мыслителем, обнаружатся в обывателях, в людях с мелкой душой, нетрудно представить себе последствий в национальных взаимоотношениях.

Сближение и слияние наций – это записано в Программе партии. Но партия не отрицает, что это исторически долгий



процесс. Все же мы, практические работники, так захвачены перспективой слияния наций, что проявляем порою в своих действиях неоправданную спешку. Торопливость и поспешность в сближении и слиянии наций может лишь повредить делу полного и окончательного утверждения доверия между народами. Ленин указывал, что прочного союза народов нельзя осуществить сразу, до него надо доработаться с величайшей терпеливостью и осторожностью, чтобы не испортить дело, чтобы не вызвать недоверия.

Тем более не помогает этому делу кнут.

В эти дни, все коммунисты и комсомольцы, попавшиеся в руки органов в периоды облав, беспрекословно исключаются из партии и из комсомола. Устраиваются допросы, товарищеские суды, а тех, кто не выпущен еще на волю, очевидно, ждут настоящие суды. Поскольку мы не рядовая партийная организация, а партийная организация аппарата Президиума Верховного Совета республики, я вношу такие предложения: 1) надо отбросить всякую предвзятость при рассмотрении дел участников демонстрации, отбросить во имя будущего, отличать обманутых от подстрекателей. Их лучше и правильно – не наказывать, а просвещать и воспитывать; 2) необходимо строго спросить с тех, кто особо усердствовал, находясь в рядах блюстителей порядка – солдат, милиционеров, дружинников, также с городских обывателей и хулиганов, и также вести с ними воспитательную работу в интернационалистском плане.

Резюме такое: сам факт обращения ЦК партии, Совмина, Президиума Верховного Совета республики правильный. Мудро поступила партия, четко раскладывая это явление по полочкам в сообщении ТАСС. Наша задача – всемерно способствовать дальнейшему укреплению дружбы народов, помочь еще более тесному сплочению всех слоев населения вокруг партии во имя коммунизма».

Сондағы сөзімнің алдын ала әзірленген мәтіні осындай еді, соны бүгін қазақшалап берер алдында мынаны айта кетуді орынды көріп отырмын... Ол кезде мен де, баска да

осынау дүбірлі оқиғаның ауқымын, тарихта алар орнын дәл біле қойған жоқ болатынбыз. Анығы, қайта құру саясаты жария еткен демократияға малданып, ызғарлы күндерде алаңға жиналған жастар мен ұлт зиялыларының талпынысы компартияның басшылығымен аяусыз басып-жаншылды. Ақиқат кейінірек ашылды. Алғашқы айларда талай жас азамат саяси айып тағылып сотталды. Мен олардың тізімін, өзімнің 1986 жылғы 25 желтоқсанда сөйлеген сөзімнің қазақшасынан бұрын, белгілі зерттеуші, қарт қаламгер Тоқтар Бейісқұловтың еңбегінен алып келтіруді жөн көріп отырмын.

Түрлі мерзім кесіліп жазаланған жігіттер:

Рахметов Құрманғазы Әденұлы – ҚазМУ-дың студенті, 7 жыл; Жуандықов Болат Дүйсенұлы – ет комбинатының жұмысшысы, 5 жыл; Тілегенов Жармұханбет – Алматы театр-көркемөнер институтының студенті, 5 жыл; Мейірбеков Еркінбек Бөкенбайұлы – СМУ-23-тің электрмен дәнекерлеушісі, 4 жыл; Расалиев Нұрлыбай Жолдыбайұлы – СМУ-23-тің бетоншысы, 4 жыл; Декелбаев Ерлан Әбдірашұлы – «Радиотехника» магазин-салонының инженері, 6 жыл; Қалмұратов Құрбанбай Хайруллаұлы – жұмыссыз, 5 жыл; Асылбаев Молдағали Молдаханұлы – жұмыссыз, 7 жыл; Мұзафаров Алик Құндақбайұлы – СМУ-23-тің тас қашаушысы, 4 жыл; Шыныбаев Нұрман Әлібекұлы – политехникум студенті, 8 жыл; Ермеков Тоқтар – АГТХИ студенті, 5 жыл; Отарбаев Кенжебай – СМУ-11-дің пісірушісі, 6 жыл; Нәлібаев Аманжол – Ішкі істер министрлігінің бұрынғы капитаны, 5 жыл; Құдайбергенов Расылхан Омарұлы – Кинотехникум студенті, 5 жыл; Бисембаев Ерлан Бермаханұлы – Алматы зоовет институтының студенті, 8 жыл; Байболов Дүйсенбек – байланыс техникумының студенті, 5 жыл; Исабеков Сәбит Қалдықазыұлы – СМУ-30-дың бетоншысы, 4 жыл; Аймаханов Құттыбек Әуелбекұлы – СМУ-11-дің бетоншысы, 5 жыл; Молдыбаев Әділ Әбдетұлы – УПТК-ның бетоншысы, 5 жыл; Рамазанов Амандық Сәбитұлы – Киров атындағы заводтың жұмысшысы, 5 жыл; Есбосынов Аманжол Әсетұлы – СМУ-39-дың балташысы, 3,5 жыл; Рузиев Абайдулла Абдуллаұлы

– Киров заводының жұмысшысы, 5 жыл; Байсымбеков Ерлан Мамырханұлы – ауыл шаруашылығы институтының студенті, 5 жыл; Таубаев Бақытқали Артықбайұлы – РСУ-дың балташысы, 4 жыл; Егізеков Арыстан Назымбекұлы – Алматы үй құрылысы комбинаты №5 цехының жұмысшысы, 4 жыл; Рамазанов Аскар Райымбетұлы – жұмыссыз, 5 жыл; Шабаров Алтай Қонысбайұлы – Алматы үй құрылысы комбинатының жұмысшысы, 3 жыл; Есімбаев Қадыр Сейітханұлы – АДК-нің жұмысшысы, 3 жыл; Иманбаев Ермек Қоштайұлы – Талғардағы №4 СПТУ оқушысы, 3 жыл; Әбілқайыров Қасым Бердіқожаұлы – Алматы сәулет-құрылыс институтының студенті, 5 жыл; Мәлібеков Ержан Әбдірахманұлы – №1 автопарк слесары, 5 жыл; Байғандиев Тілек – №1 автопарк жүргізушісі, 6 жыл; Дәулетов Жеңіс Садықұлы – АГТХИ студенті, 4 жыл; Есжанов Тынышбек Қарлыбайұлы – СХИ студенті, 5 жыл; Есіркепов Уызбек Шәкірұлы – СХИ студенті, 5 жыл; Оразбаев Думан Пышанұлы – СХИ студенті, 3 жыл; Рахметов Қайрат Рахатұлы – ААСИ студенті, 4 жыл; Әуезов Жәлел Әуезұлы – АЗВИ студенті, 5 жыл; Әбдіреев Еламан Кеңесұлы – құрылыс техникумының студенті, 4 жыл; Арымбеков Жанас Қуатбекұлы – «Поршень» заводының токарі, 5 жыл; Қамбаров Қалдыбек Бахытбайұлы – АЗВИ студенті, 5 жыл; Бекбосынов Асқарбай – құрылыс техникумының студенті, 2 жыл; Әбдіқұлов Мырзағали – Шамалған АТП курсының оқушысы, өлім жазасы; Жұмажанов Ерікжан Досанұлы – СХИ студенті, 3 жыл; Қайранбеков Бауыржан Оқташұлы – ААСИ студенті, 3,5 жыл; Мүлікбаев Өткірхан Қошқарұлы – жұмыссыз, 3,5 жыл; Қуандықов Ермұхамед Әбдікерімұлы – ҚазМУ студенті, 5 жыл; Әбдіқадыров Берікбол Нүсіпұлы – жұмыссыз, 2 жыл; Қожахметов Хасен Кәріпжанұлы – Қазақ телевидениесінің редакторы, 4 жыл; Қарабаев Шора Халықұлы – ҚазМУ проректорының көмекшісі, 6 жыл; Түкенов Қанат Жеңісұлы – АЗВИ студенті, 3 жыл; Ысмағұлов Орал Әлменұлы – ҚазМУ студенті, 3 жыл; Жолболдин Берікжан Елемесұлы – жұмыссыз, 3 жыл; Рысқұлбеков Қайрат Ноғайбайұлы – ААСИ студенті, өлім жазасы; Тәшенов Түгелбай

Тұрманұлы – СМУ-37-нің балташысы, 15 жыл; Тайжұмаев Жамбылбек – Алматы электротехникум студенті, 14 жыл; Күзембаев Қайыргелді Қалиақпарұлы – СМУ-40-тың жұмысшысы, 14 жыл; Қасенов Рүстембек Қадырбекұлы – АДК жұмысшысы, 2 жыл; Қанетов Аманбай Дүйсенұлы – АГТХИ студенті, 3 жыл; Айтмұрзаев Құрманғазы – АГТХИ студенті, 4 жыл; Иманқожаев Бақтыбек Жұмабекұлы – АГТХИ студенті, 3,5 жыл; Қасенбаев Мейрамғазы Жайнарұлы – АГТХИ студенті, 2 жыл; Көпесбаев Ертай Тәңірбергенұлы – ААСИ студенті, 4 жыл; Уақов Әркен Батталұлы – ААСИ доценті, 8 жыл; Шаймерденов Ерік Тұрлығазыұлы – АЗВИ студенті, 3 жыл; Шекербеков Мұратбек Жандарбекұлы – № 67 шахтаның проходчигі (Жезқазған обл.); Арынғазиев Болат Төлеғазыұлы – Алға қаласы жасөспірімдер мектебінің жаттықтырушысы, 2 жыл 6 ай; Телеуов Болат Қойшыбайұлы – 2 жыл 6 ай; Қалбөкенов Берік Құтырбайұлы – Алға қаласы СПТУ-2 дене тәрбиесінің жетекшісі, 2 жыл; Баянғазин Азамат Мақұлбекұлы – Титан-магний комбинатының (Өскемен) слесарі, 1 жыл; Ардынқанов Ербол Жарықжанұлы – педучилище студенті (Өскемен), 1 жыл; Сақатов Тұрсынхан Селыханұлы – тау-кен техникумының студенті (Өскемен), 2 жыл еңбекпен түзеу жазасы; Ақтанов Ербол Дәркенұлы – пединститут студенті (Өскемен), 1 жыл 6 ай; Машанло Рүстем Ибрагимұлы – пединститут студенті (Талдықорған), 2 жыл; Нүкенов Амангелді Теміршотұлы – ауыл шаруашылығы институтының студенті (Целиноград), 3 жыл.

Мына қыздар да түрлі мерзімге сотталды:

Сәбитова Жансая Әлкейқызы – Алматыдағы №19 жұмысшы жастар орта мектебінің оқытушысы, 5 жыл; Салықова Нағима Асқарқызы – Алматы бас киімдер фабрикасының бухгалтері, 3 жыл; Еспенбетова Қаншайым Мұхатқызы – «Поршень» зауытының токарі, 3 жыл 6 ай; Махметова Айткүл Әбдірахманқызы – №1 баспахананың жұмысшысы, 2 жыл; Әбілқайырова Гүлнар Бердіқожақызы – бас киімдер фабрикасының тігіншісі, 3 жыл; Панинова Гүлвира Төлебайқызы – бас киімдер фабрикасының тігіншісі, 2 жыл;

Шамаева Галимат Әбенқызы – бас киімдер фабрикасының тігіншісі, 2 жыл; Лепесбаева Гүлнар Сабырғалиқызы – бас киімдер фабрикасының тігіншісі, 2 жыл; Рақымжанова Гүлмира Әкімжанқызы – бас киімдер фабрикасының тігіншісі, 2 жыл; Иманбаева Қайыпхан Сұлтанқызы – «Поршень» зауытының токарі, 3 жыл; Рамазанова Ғалия Файзуллақызы – тігінші-мотористка, 1 жыл (еңбекпен түзеу жазасы); Мergenova Бақша – мүгедектігіне байланысты жұмыс істемеген, 3 жыл; Әлиева Раушан – Қарағанды мемлекеттік университетінің студенті, 1 жыл; Еркінбекова Әлия Төреханқызы – Қарағанды медицина институтының студенті, 1 жыл 6 ай; Досанова Жанат Әбдірахманқызы – Қарағанды медицина институтының студенті, 1 жыл 6 ай; Мусина Гүлден Қанафияқызы – Қарағанды медицина институтының студенті, 1 жыл 6 ай; Сәрсенбекова Раиса Мырзабекқызы – бухгалтер-ревизор, 2 жыл; Кәрімғазина Гүлжан Ғазизқызы – кооператив техникумының студенті, 1 жыл; Серекенова Анар Жемісханқызы – заң техникумының студенті, 1 жыл 6 ай; Айтжанова Жанат Нәукенқызы – пединституттың студенті, 1 жыл 6 ай; Шынықұлова Ләйлә Бекенқызы – пединституттың студенті, 1 жыл еңбекпен түзеу жазасы; Шоқаева Ғалия Құдысқызы – жатақхана вахтері, 2 жыл; Мусина Мәншүк Жанатқызы – заң техникумының студенті, 1 жыл 6 ай қара жұмысқа жіберілген.

Сонымен, бар болғаны бірнеше айдан кейін 2 азаматқа өлім жазасын беру туралы үкім шығарылады, 72 жігіт бас бостандығынан айрылады, біреуі еңбекпен түзеу жазасын алады. Сондай-ақ, 20 жас қыз бас бостандығынан айрылады, 2 қызға еңбекпен түзеу жазасы беріледі, тағы біреуі қара жұмысқа жіберіледі.

Тоқтар ағамыз ызғарлы Желтоқсанда өзге зардап шегушілер жайын да қарағанын жазады. Соларды да шолайық.

Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігінің дерегі бойынша Желтоқсан оқиғасында жарақат алып ауруханаларға түскен адамдардың саны 83 екен. Олар №2, №4, №5 қалалық клиникалық, Денсаулық сақтау министрлігінің 4-ші Бас

басқармасының Орталық жедел дәрігерлік жәрдем беру, орталық қалалық клиникалық, Алматы облыстық ауруханаларына, хирургия институтына жатқызылған көрінеді.

Қақтығыс кезінде 44 адам бас сүйегі мен миынан жарақат алыпты. Әскерилер, милиция қызметкерлері, жасақшылар қорғансыз желтоқсаншыларды аяусыз ұрып-соғып, асқан қатыгездік көрсеткен. Ауруханаға түскендердің ішінде миы қозғалғандары, омыртқасы омырылғандары, жақ сүйектері, қабырғалары, аяқ-қолдары, бет-ауыздары жарақаттанғандары көп болған. Политехникалық институттың студенті Н. Садықовтың кеудесіне пышақпен көптеген жара салынған. 21 адамның миы шайқалған.

Ауруханаларға жатпай амбулаториялық емдеу жолымен медициналық жәрдем көрсетілген адамдар саны 286. Әртүрлі жарақат алған осы адамдардың 281-і қазақ, 5-еуі басқа ұлт өкілдері. Алғашқыда қорқып, қашақтап жүрген, жарақат жанына батқан соң дәрігерлерге көрінгендер ішіндегі 20 адамның миы қозғалған. Көпшілігі басынан жарақаттанған.

Сөйтіп, соққы жеген, изоляторларда отырған, сотталған, жұмыстан қуылған, оқудан шығарылған, партиядан, комсомолдан қуылған жастардың бәрі дүрбелең құрбандары болып табылады. Әділетсіздіктің ащы дәмін татқан олар «басқа түссе баспақшыл» күй кешті, әуелде еш жерден, ешкімнен қорған таба алмады. Қаламгер осылай дейді.

Ақиқаттың жолы ауыр.

Әйтсе де, демократиялық өзгерістерден кейін, үлкен қиыншылықтарды бастан өткере отырып, жанкешті азаматтардың саяси күрестері нәтижесінде, әділетсүйгіш қауым шындыққа қол жеткізді.

1986 жылғы 25 желтоқсанда Қазақ КССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасы аппараты коммунистерінің жалпы жиналысына сөз дайындап, одан сөйлегенімде мен мұндай болашақты еш болжай алған жоқпын, соған тырыспаған да болсам керек. Әйтеуір бір қиғаштық барын сездім де, соған келіспеушілік білдірдім. Қалай болғанда да, сонда орысша әзірлеген мәтінімнің аудармасы мынандай болып шықты...

«Әрине, арандатушылар мен ұлтшылдық элементтердің айдап салуымен демонстрацияға шыққан жастарды ақтауға болмайды, бірақ, көзсіз кінәлауға да тиіс емеспіз – түсінуге тырысу керек, болған жағдайларға талдау жасап, философиялық тұрғыдан дұрыс шешім қабылдау қажет. Бұл қозғалыста басты кінәлі адамдар – біз, аға ұрпақтар, оқыған азаматтар екендігімізді мойындауға тиіспіз.

Партия өміріндегі кілт бұрылысқа дейінгі елдің ахуалында, дәлірек айтқанда, масаттанушылық, ойына не келсе де істеу орын алған еді, сондай-ақ шын мәніндегі жағдайды боямалап көрсетуге тырысу, насихат және идеология жұмысының нақты өмірден алшақтығы – осы жағдайлардың барлығы 17–18 желтоқсан күнгі оқиғаларды бірте-бірте «дайындаған» болатын-ды. «Жайбарақаттықтың» сол бір ұзақ жылдары нағыз өмірге тіктеп қарау сезімін бәсеңдетіп тастаған еді, сол себептен де біз интернационалдық тәрбиелеу бөлігіндегі тіке бетбұрыс стратегиясын, қоғамдық өмірдің революциялық қайта құрылысын творчестволы тұрғыдан қабылдай алмадық. Бәріміз де партияның қанатты сөздерімен қарулансақ та, оның мәнін жете түсінбеген сияқтымыз. Адам факторының маңыздылығы жөнінде мақтана айттық, экономикалық цифрларды келтірдік, бірақ осы көрсеткіштің артындағы қоғам мүшелерінің қозғаушы күші жөнінде ойламаппыз, әр адамның интернационалдық сезіміне үлкен мән бере тәрбиелеу қажеттігін түсінбеппіз.

Біздің идеологиялық-насихаттық машинамызға әбден сіңген формализмнің интернационалдық тәрбиеде кең қанат жайғандығы осы күндері айқын білінді. Барлығы да ұлттық мәселе туралы Ленин шығармаларын түрлі оқу орындарында оқып үйренген, бірақ көпшілігі зачет пен емтихан тапсырғаннан кейін оны ұмытып та кеткен. Сол күндері Ленин шығармаларына қайта бір көз тастап көргендер, көшеге шыққан жастардың пайдасына шешілер көп нәрсені табар еді. Олар Лениннің портреттері мен еңбектерінен алынған үзінділер жазылған транспаранттарды бекерден-бекер алып жүрген жоқ қой. Бірақ біздің тот басып кеткен насихаттық

машинамыз алданып көшеге шыққан жастарға Лениннің кейбір сөздерінің сол замандағы нақты жағдайларға қатысты айтылғандығын, Ленин іліміне даму тұрғысынан қарау қажеттігін түсіндіруді ойлай алмады. Ең жақсы насихатшыларымызды, үгітшілерімізді, лекторларымызды аяқтан тік тұрғызып, алаң мен оған жанасып жатқан көшелерде дауыс зорайтқыштар орнатып, бұқараға ұлт мәселесін қазіргі кезең тұрғысынан түсіндірудің орнына, біз асыл уақытымызды алаңға милиция мен әскери күштерді жұмылдыруға жұмсадық, қаншалықты өкінішті болса да мұның өзі 17 желтоқсан күнгі сағат 7-ден кейінгі жағдайлардың болуына әкеп соқты.

Адамгершілік тұрғысынан келсек, біз ешуақытта да 17–20 жастағы біздің балаларымызға, қыздар мен жігіттерімізге қарсы таяқ, сапер күректерін, водомет, түтіндету құтыларын жұмсаған, сондай-ақ құтырған иттерді айдап салған жекелеген әскери қызметшілердің қылықтарын ақтай алмаймыз.

Адамгершілігі бар бірде-бір адам жасакшылар қатарына қатыстырылған қызметкерлерін арнайы дайындап, қолына қару берген кәсіпорындардың кейбір басшыларының істеген әрекеттерімен келісе алмайды. Олар қызметкерлерінің қолына таяқ, арматурадан жасалған сүймен, қымбат тұратын кабельдің кесіктерін ұстатқан болатын-ды. Өкінішке қарай, шындығы сол, көптеген тәртіп сақшылары бұл күндері бірақ сәтте бағындырушылар мен жазалаушылар ролін атқарып шыға келді.

Бұл күндері ұжымдарда болған жекелеген идеологиялық қызметкерлер де өздерін жақсы жағынан көрсете алмады. Мәселен, «ОК бірінші хатшысының қазақ болуы маңызды ма, жоқ әлде дүкеннің нанға толып тұрғаны керек пе» деген аудандық партия комитеті хатшысының көпшілікке айтқан сөздерінің келтірген зиянкестігін немен өлшеуге болады екен? Партия қызметкерлерінің соншалықты қарабайыр да тұрпайы түсіндірмесінің кез келген ауыр да қатаң қол жұмсаудан да қауіпті екендігі сөзсіз.

Ешкім де, ешуақытта қазақ және орыс халықтарының достығын, қазақ халқының Ленин партиясына деген сенімділі-



гі мен сүйіспеншілігін жоя алмайды. Ұлт көрген көптеген қиыншылықтарға төзе отырып, адамдардың қолы осыған жетті, ғасырлар бойы достықтың қасиетті діңгегін қалады. Біздің еліміздің түрлі тарихи кезеңдерінде көрініс тапқан қазақ халқының жалпыға мәлім интернационалдық актісі туралы айтпай-ақ қояйын.

Тек көпшілікке мәлім емес мына бір фактіні ғана еске салғым келеді: Қазақстанда коллективтендіру кезінде партия-совет қызметкерлерінің асыра сілтеулері нәтижесінде қазақ халқы екі миллиондай адамнан айырылған, тіпті соның өзінде де партияға деген, орыс халқына деген сенімін жоғалтпаған еді.

Демек, біз бұл сенім мен сүйіспеншілікті қастерлеп, бағалауға тиіспіз. Өсіп келе жатқан ұрпағымыздың әкелерінің революциялық дәстүрлеріне адал боп, шын мәніндегі интернационалист болып өсуі үшін барлығын істеуіміз керек, бұл – біздің борышымыз.

Интернационализмнің мәні мен мағынасын қарадүрсін түрде қабылдаудан бас тарту қажет, соған сәйкес интернационалдық тәрбие жұмысының да схемалы түрде жүргізілуін тоқтату керек. ОК бюросы бұл мәселеде бізге дұрыс бағыт сілтеп отыр. Практикалық қызметкерлердің борышы – бұл іске творчестволықпен қарауында, шаблондарды алып тастап, ойлау жүйесін қайта құруында болып отыр. Ұлттық мәселеге формальды қарауға болмайтындығы жөніндегі Лениндік талапты үнемі еске алып отыруымыз қажет. Ұлттық қарым-қатынастарда әдептілік сақтау – интернационализм принципі. Ленин үйреткендей, қаналып келген халықтар ұлттық намыс пен абыройға қатысты мәселелерге келгенде аса сезімтал келеді. Ол былай деді: «Өкпелі ұлтшылдар теңдік мәселесіне келгенде өте сезімтал, сол себептен немқұрайды болсын, әзіл ретінде болсын өздерінің жолдас пролетариаттары арасындағы осынау теңдікті бұзушылыққа қатты көңіл бөледі. Бұл жағдайда саны жағынан азшылық болып табылатын ұлт жағына кешірімділік пен жұмсақтықты азырақ танытқаннан гөрі, асырып танытқан дұрысырақ».

Біз қаласақ та, қаламасақ та, әдептілікті бұзу – ұлттық намысты төмендету боп саналады. Жасыратыны жоқ, бұл күндері де, одан бұрын да қоғамдық транспортта, көшелерде біз бірқатар керілдесулердің куәлері болдық, онда ой-өрісі тар адамдар, әрине, қоғамның ең азғын мүшелері, байырғы ұлт өкілдерін кеміте сейлеп, революцияға дейінгі атауларды еске алып, сыйламаушылық танытты. Міне, осы саяси сауатсыз адамдар пленум шешімін мақұлдай қоймаған жастарды «бүкіл орыс халқына қарсыласты» деп ұқты. Өкінішке қарай, осы үйдің өзінде де біреуді солай қорлауға құмар болғандардың да сөздерін естідік, яғни, «тек ұру ғана емес, екінші рет қайталамас үшін өлтіру де керек еді» дегендер де болды.

Бұл күндердің оқиғалары көрсеткендей, барлық қатардағы адамдар біріне бірі мүлдем қарама-қарсы ұғымдардың жігін ажырата алмаған екен, демек, интернационализм мен шовинизм, космополитизм ұғымдарын, сондай-ақ ұлттық пен ұлтшылдық ұғымдарының екі қиырда жатқанын, бір-бірінен алшақтығын дұрыс түсінбеген. Көп адамдардың санасында бұл ұғымдар арасына теңдік белгісі қойыла салған секілді.

Болған жағдайларға толық тоқталуға қазір мүмкіншілік жоқ, сонда да мына бір фактіні есте сақтау мақсатында келтірсек. Бұл – халыққа білім беру органдарының жұмысындағы кемшіліктерге қатысты. Ешкімге де құпия емес, орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілі формальды түрде жүргізіледі, негізінен, қазақ балалары ғана оқиды. Басқаларының ата-аналары, сондай-ақ мұғалімдер де баланың басын «қажет емес тілмен қатырудың қажеті жоқ» деп есептейді. Сөйтіп, біз байырғы, жергілікті халықтың тілі мен мәдениетін құрметтеу сезімін тәрбиелеуден бас тартамыз, мұның өзі партия саясатының интернационалдық ережесіне қарама-қайшы.

Халықтың оңай жараланатын ұлттық сезімдеріне нұқсан келтіретін болса, ұлтшылдық көріністерімен жүргізілген күрес тиімді болмайды. Партияның ұлы державалық шовинизм мен жергілікті ұлтшылдыққа қарсы күресінің тарихын, шовинизмнің ұлтшылдықты тудыратындығы туралы пар-

тияның түсіндірмесін еске алайықшы. Бұл уклон қалдықтары, өкінішке қарай, қазір де орын алып отыр. Сондықтан, біріншіден, мынаны есте сақтау қажет – ұлттық сезімдерді ескере білу мен жарамсақтану мүлде екі бөлек нәрселер. Екіншіден, әр уклонға қарсы, мейлі, ол үлкен ұлт өкілдерінің ұлтшылдығы болсын, кіші ұлт өкілдерінің ұлтшылдығы болсын, оларға қарсы партия даналықпен үйреткендей, сол ұлттың коммунистері қарсы күресті. Бізге мұны есте ұстау қажет. Менің сана-сезіміме қазақстандық орыс жазушының Жазушылар одағының пленумында айтқан сөздері қатты әсер етті, оның сөздері интернационализмді схемалы түрде түсінуге қарсы бағытталған болатын. «Республикада көп ұлттар тұратын ауылдар бар, – деп еді ол, – қайсысына бармасаңыз да, бір-бірімен қатар тұратын қазақ міндетті түрде екі тілді, неміс – үш тілді, ал орыс – бір ғана тілді біледі. Өзімізді-өзіміз дәріптеушілік, «біз кереметпіз» деген ой бізге өз уақытында Сүлейменовтің атақты кітабын дұрыс қабылдауға мүмкіншілік бермеді».

Ұлттардың жақындасуы мен қосылуы туралы партияның Бағдарламасында жазылған. Бірақ партия мұның тарихи ұзақ процесс екендігін жоққа шығармайды. Алайда біздер, іс жүргізіп отырған қызметкерлер, ұлттарды сіңістіріп қосуға ұмтылатындығымыз соншалықты, кей кездері өз жұмыстарымызда дәлелсіз, асығыс қадамдар жасаймыз.

Ұлттарды жақындастыру мен қосудағы асығыстық халықтар арасындағы сенімнің толық және түбегейлі қалыптасу ісіне зиянын келтіруі мүмкін. Ленин атап көрсеткендей, халықтар арасындағы берік, мызғымас одақты бірден орната салу мүмкін емес, сенімсіздік туғызбас үшін, оған үлкен төзімділік танытып, абайлап қол жеткізу керек.

Ал қамшылау саясаты тіптен де бұған жат. Бұл күндері қаумалау кезінде қолға түскен барлық коммунистер мен комсомолдар сөзге келместен партия мен комсомолдан шығарылуда. Жауапқа тарту, жолдастық соттар жүргізілді, ал бостандыққа жіберілмегендерді нағыз сот үкімі күтіп тұр. Біз қатардағы партиялық ұйым емес, республикалық Жоғарғы

Кенес Президиумы аппаратының партия ұйымы болғандықтан, мынадай ұсыныстар енгіземін:

Демонстрацияға қатысушылардың істерін қараған кезде теріс пікірді алып тастау қажет, болашақ үшін жақсысы да, дұрысы да – жазалау емес, оқыту және тәрбиелеу.

Тәртіп сақтаушылар қатарында ерекше ынтамен қару жұмсаған солдаттарды, милиционерлерді, сақшыларды, сондай-ақ қалалық тоғышарлар мен бұзақыларды қатаң түрде жауапқа тарту қажет. Сонымен бірге олармен интернационалдық салада тәрбие жұмысын жүргізген жөн.

Түйіні мынадай: республика партия ұйымы ОК-нің, Министрлер Кеңесінің, Жоғарғы Кенес Президиумының үндеу қабылдау фактісінің өзі дұрыс. СОТА хабарламаларында бұл құбылысты реттілікпен түсіндіріп, партия даналық танытты.

Біздің міндетіміз халықтар достығын одан әрі нығайту, коммунизм жолында партияның жанына қалың бұқараның барлық топтарын одан да тығыз топтастыру».

Әдеттегідей бас шұлғу рәсімімен өтуге тиіс партия жиналысында бұл сөздің айтылуы парламент төралқасы аппараты коммунистеріне төбеден жай түскендей әсер етті. Көпшілігі іштен тынып, әліптің артын бақты, ал солақай шолақ белсенділер ахуалға сергек бейімделіп, менің «қиғаш» пікірлерімді нысанаға алу арқылы көзге түсіп қалуға тырысып жатты.

Қатардағы Шульга деген жауапты қызметкер «саяси тұрғыда осынша қауіпті Қойшыбаевпен бұдан былай қайтіп қатар қызмет атқаратынын» білмей «қиналды».

Бөлім меңгерушісі Дунаев қарамағындағы қызметкерінің есімі мен әкесінің атын аса бір жылы ілтипатпен атап, оның «бейсаяси сөзді елеусіз қалдырмай, шешімді түрде тойтарыс берген белсенділігіне» ризашылығын білдірді, партия комитеттері алдында солқылдақтық көрсетпей, менің осынау күмәнді сөзіме саяси баға беру керектігін сөзінің соңында шегелей кетті.

Қатардағы жауапты қызметкер Зубченко коммунистерді менің сөзімнен «батыл түрде іргені аулақ салуға» шақырды. Ал тағы бір бөлім меңгерушісі Жабағина да өзінің сол

күндері әлдебір облыс орталығында қайдағы бір шіп-шикі балалардың көшеге шығып көтерілгеніне тойтарыс беруге қатысқанын аян етіп, менің сөзіме көзқарасын білдіргенде әлгі белсенді әріптестері нобайлаған төңіректе ұрандатты.

Обалы нешік, жиналыс соңында баяндамашы, Жоғарғы Кеңес Төралқа Төрағасының орынбасары Чернышев менің сөзіме тоқталып, біраз кемшілікті орынды ашқанымды мойындады. Басшымыздың ондай салиқалы талдамасы, алайда, саяси белсенділіктері ойда жоқта керемет серги өрлеп кеткен қызметтестеріме аса әсер етпеді. Олар менің қолымнан сөзімнің жазбаша мәтінін «қырағылықпен» қағып алды да, машинкаға бастырып көбейтіп, тиісті орындарға жөнелтіп жатты...

### **АЙЫПТЫ БОЛУ**

Шолақ белсенділік – қазақ қоғамдық өмірінің созылмалы ауруы. Белгілі қоғам қайраткері Бақытжан Қаратаев халық шыбынша қырылған отыз екінші жылғы алапат ашаршылыққа айыпты басшы тек Голощекин емес, қайткенде портфельден айрылмауға тырысқан мансапқор қазақ қызметкерлері де екенін жазып қалдырды. Ал сол жетпістен асқанда аштыққа ұшырап сіңірі шыққан қарт заңгер большевиктердің ашаршылық саясатын қазақ даласында жүзеге асырушы бас қылмыскер мінген үкімет вагоны Ақтөбе станциясына тоқтағанда, сонау паң кескінмен есіктен шыға берген жарты патша Голощекинге жайдақ арбамен тақалып, қалың елдің көзінше, тікелей, ащы да ауыр сөздер айтқан екен...

Қожайынның кінәсіне қолшоқпарлар мен жандайшаптар түгел ортақ болуға тиіс.

Бірақ бұл – пайымдағанға ғана. Іс жүзінде, кеше ғана құлдық ұрып, айдағанына жүріп-тұрған қожайындарының басынан бақ тайғанда, олар тез құбылып, басқа режимге де тап солай жан-тәнімен қызмет етуге білек сыбана кіріседі. Ондайлар әр заманда болған, бола да береді. Олар кезінде «бай мен молданы қамшымен қойдай қуған», «асыра сілтеу

болмасын» деген ұранмен «аша тұяқ қалдырмаған», «жапон, герман жансыздарын» түп-тамырымен қопарып, құртқан...

Егер біз бұлар жөнінде ондаған жылдардан кейін ұзын құлақтан, яки баспасөзден біліп жүрсек, сол алыс жылдарғы келеңсіздіктермен тамырлас шолақ белсенділіктің қазіргі замандағы үлгісін әйгілі сексен алтыншы жылғы ұлт-азаттық толқуға байланысты, енді, бетпе-бет кезіктірдік. Олар көз алдымызда қызыл жендеттердің жастарымызды қорлаған қылығын ақтады. Азаматтарымыздың тек қана қазақ болғаны үшін қуғынға ұшырауына қиналмады. Өліп-тіріліп, бүкіл қазақ халқы атынан орыстардан кешірім сұрап әлекке түсті. Ұлттық намысы бардың бәрін оқиғадан кейін асқан қатыгездікпен жазалауда алдарына жан салмады...

Маңғаз жандайшаптардың жәдігөй де зымиян назарларына жоғарыда айтылған жағдайда, 1986 жылғы 25 желтоқсанда, содан бір аптадай бұрын ғана орын алған жастардың зор толқуына байланысты Жоғарғы Кеңес Төралқасы аппаратының партия жиналысында сөйлегеніме бола мен де ілігіп, олардың иманнан жұрдай сатқындықтарын қатты сезінген едім. «Айыбымды» мойындату мақсатымен партия және әкімшілік буындарында менімен едәуір әңгіме өткізілді. Партияның Орталық Комитетіндегі Ауман атты ұлт мәселесінің «білгірі» осы сөз үшін «партиядан шығарыласыз» деген болжамын менен жасырған жоқ.

Мен коммунист ретіндегі пікірімді көшеде емес, коммунистердің басқосуында айтып «айыпты» болған сол жиналыстан алты күн өткенде, яғни 31 желтоқсан күні, Жазушылар одағына келген республика партия ұйымының жетекшісі Геннадий Колбиннің алдында ақын Жұбан Молдағалиев өзінің әйгілі сөзін жария етті. Оның жүрекжарды ой-пікірі Брежнев алаңындағы сойқанды әшкерелеуде менің қателеспегенімді растады! Өз айтқандарыммен үндес шыққан беделді аға ұрпақ өкілінің сол сөзін мен көңіліме медет етіп, өзімді айыптаушылар алдына тартып көрдім. Алайда оған менің «түзік» коммунистерім пысқыратын түр танытпады.

### ҚОРҒАНУ

Не керек, он күннен кейін, 1987 жылдың 5 қаңтарында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқа аппаратында 17–18 желтоқсан күнгі оқиғаларды тағы да талқылауға арналған екінші партия жиналысы болды. Бұл жолы баяндаманы Жоғарғы Кеңес Төралқа Төрағасының өзі жасады. Оның баяндамасының едәуір бөлігі менің өткен жиналыстағы сөзімді сынауға арналды. Жарыссөз кезінде мен былай дедім:

«Товарищи коммунисты! Обсуждая этот важный вопрос, каждый из нас испытывает чувство огромной ответственности, а я, по известной вам причине, – в особенности. Вы были свидетелями того, как я, выступая 25 декабря на партийном собрании, допустил отдельные досадные ошибки. Я их в ходе обсуждения полностью осознал и в конце собрания заявил об этом.

Но тогда я не смог подробно расшифровать причину своего повергшего вас в недоумение выступления, в чем себя потом не раз укорял. В конце концов я решил дать объяснение секретарю партбюро тов. Бабушкину Михаилу Федоровичу, а сейчас, пользуясь случаем, хочу рассказать об этом вам.

Вы знаете, как на собрании меня поправили коммунисты. На другой день, несмотря на огромную занятость важными государственными делами, уделил мне время, немалое время, Саламат Мукашевич Мукашев. Он подверг мое выступление скурпулезному анализу, терпеливо и мудро разъяснял неверность отдельных моих суждений. Поучительно было для меня и беседа в районном комитете партии у его первого секретаря тов. Кадырбековой А.К. В эти дни, товарищи, я спал очень плохо. Ведь получилось так, что я наломал дров, и теперь, «пожинал плоды». Меня поделом поправляли. И все же, я должен это отметить, поправляли с большим тактом, с желанием помочь мне самому понять всю серьезность моих ошибок. Первая моя ошибка состояла в том, что я легко поддался эмоции, вызванной кулуарными разговорами о событиях 17–18 декабря. В частности, оскорбительно и возмутительно для меня звучали разглагольство-

вания т.Шульги об эффективности физической расправы с молодежью на площади вплоть до убиения. Для него все они поголовно были антиобщественными элементами, которых надо бить подряд и даже убивать, а для меня – подавляющее большинство из них – лишь обманутые подстрекателями ребята, которых надо бы спасти разъяснением. В другой раз, побывав в Московском районе, т. Шульга удовлетворенно рассказал о том, как «запросто» успокоил членов одного из трудовых коллективов секретарь райкома, говоря им: «Что важно для вас? Чтоб I секретарь ЦК был казахом? Или в магазинах был хлеб?» Для т. Шульги это были чудодейственные слова, а я считал такое разъяснение партийного работника примитивно-вульгарным и вредным. Это слышали товарищи Ишмухамедов, Шоланов, Таиров, Тагабаева, они не дадут мне соврать. Шульга – мой давний комсомольский собрат. Уж кто-кто, но Шульга, вчерашний комсомольский работник, должен был понять, что вышли на улицы политически незрелые ребята, и что в этой их беде сопричастны все мы, в т.ч. и он, может быть больше – он, поскольку он вчера руководил школьным отделом ЦК комсомола, а эти ребята – вчерашние школьники. Но Шульга видел в них только преступников, проявляя при этом откровенно шовинистическое настроение. Это и подстегнуло меня на известное вам запальчивое выступление.

Вопросы воспитания молодежи занимают меня давно. Я для молодежи и детей наряду с художественными произведениями издал и книжки по общественно-политической тематике под названиями: «Заветам Ленина верны», «Интернационализм – наше знамя», «Награды комсомола», «Юнкор – имя гордое». Поэтому в том выступлении я затронул теоретические вопросы интернационального воспитания, в критическом плане используя отдельные факты из событий тех дней и вышеизложенные откровения т. Шульги. Не располагая достоверными сведениями, я приводил в выступлении свои впечатления от разрозненных фактов, в чем и заключались мои серьезные ошибки.



Ошибаясь в частности, в главном я был непоколебимо тверд: я целиком и полностью поддерживал политику партии, Обращение ЦК КПК, Президиума ВС и СМ республики к алматинцам, выражал уверенность в незыблемости дружбы народов, выступал за решительный отказ от упрощенного, схематичного, шаблонного ведения работ по интернациональному воспитанию. Я хотел донести до коммунистов мысль о том, что нельзя подходить предвзято к участникам этой нездоровой демонстрации, что надо различать обманутых от подстрекателей и не допускать перегиба при наказании.

Тревожно было мне в эти дни, я пережил страшные волнения. Тем не менее я остался уверенным в том, что я ни на йоту не сполз с позиций подлинного интернационализма. Чем больше я мысленно анализировал свои ошибки в выступлении 25 декабря, – тем явственнее проступал контраст с провокационно-безответственным выступлением т.Шульги, где он огульно причислял меня к националистам, заявлял о невозможности работать со мной в одном аппарате, призывал уволить меня с работы. Меня еще более насторожило внутреннее содержание т. Шульги, когда он в своем выступлении по сути оклеветал украинский народ, говоря, что он-де «не мог жить в Украине, и уехал оттуда, поскольку там сильно пахло национализмом».

Товарищи! Хочу подчеркнуть еще раз, что я осознал свои ошибки, причину которых изложил сейчас, и я говорю вам: извините! Заверяю вас, что я извлек урок из всего того, что было и впредь недопущу подобное. Я всегда старался и буду стараться быть настоящим патриотом и интернационалистом-ленинцем, каким подобает быть истинным партийцам».

(«Коммунист жолдастар! Осы маңызды мәселені талқылауда біздің әрқайсымыз үлкен жауапкершілік сезінеміз, ал мен өздеріңізге мәлім себеп бойынша – айрықша қобалжудымын. 25 желтоқсандағы партия жиналысында сөйлеген сөзімде менің жекелеген қателікке ұрынғаным өздеріңізге мәлім. Талқылау барысында онымды түсіндім де, жиналыс

соңында тиісті мәлімдеме жасадым. Бірақ ол кезде сіздерді таңырқатқан сөзімнің айтылу себебін аспаған едім. Ақыры мен партбюро хатшысы Бабушкин Михаил Федорович жолдасқа түсінік беруге бел будым, ал қазір, реті келгенде, осы жайында сіздерге әңгімелеп бермекпін.

Жиналыста мені коммунистердің қалай түзеткенін сіздер білесіздер. Келесі күні, маңызды мемлекеттік жұмыстардан қолы босамайтынына қарамастан, маған Саламат Мұқашевич Мұқашев уақыт бөліп, сөйлесті. Ол менің сөзімді мейлінше ұқыпты талдауға алды. Менің жекелеген пайымдарымның дұрыс еместігін төзіммен және даналықпен түсіндірді. Аудандық партия комитетіндегі, оның бірінші хатшысы А.Қ. Қадырбековадағы әңгіме де мен үшін тағылымды болды. Бұл күндері, жолдастар, мен ұйқыдан айрылдым. Өйткені мен талай нәрсені бүлдіріп, енді «жемісін жеп» жатыр едім ғой. Мені істегеніме сай түзетіп жатты. Дегенмен, мен мұны атап айтуым керек, ерекше сыпайы түрде, өзімнің қателігімнің барша елеулі мәнін өзім түсінуге көмектесу ниетімен түзетті.

Менің алғашқы қателігім 17–18 желтоқсан оқиғасы жайында қызметтен тысқары болған әңгімелер әсерінен эмоцияға тез беріліп кеткендігімнен туды. Атап айтқанда, алаңдағы жастарды физикалық тұрғыда, тіпті өлтіруге дейін жазалауға барудың тиімділігі туралы көкіген ж. Шульганың сөздері мен үшін қорлайтын және зығырданыңды қайнататындай болып естілді. Ол үшін жастардың бәрі шетінен ұрып-соғуға, тіптен өлім құштыруға лайық антиқоғамдық элементтер болатын, ал мен олардың басым көпшілігін тек арандатушыларға алданған, түсіндіру арқылы құтқаруымызды керек ететін балалар деп білдім. Келесі жолы, Москва ауданында болып келгенінен соң, еңбек ұжымдарының бірінің мүшесін ауком хатшысының қалай оп-оңай тыныштандырғанын ж. Шульга қанағаттана әңгімеледі: «Сендер үшін қайсысы маңызды? – депті хатшы. – ОК-ның 1-ші хатшысы казак болғаны ма? Әлде дүкендерде нан болғаны ма?» Ж. Шульга үшін бұл галамат әсерлі сөз еді, ал мен партия қызметкерінің

мұндай түсініктемесін қарабайыр-тұрпайы және залалды деп есептедім. Мұны Ишмухамедов, Шоланов, Таиров, Табаева жолдастар естіді, олар маған жалған сөйлетпейді. Шульга менің байырғы комсомол бауырым болып табылады. Басқа-басқа, бірақ кешегі комсомол қызметкері Шульга көшеге саяси тұрғыда толыспаған балалар шыққанын, олардың бұл сорына біздің бәріміздің қатысты екенімізді, бәлкім, оның көбірек қатысы бар екенін түсінуге тиіс болатын. Бәлкім ол көбірек жауапты шығар, себебі ол кеше комсомол ОК-нің мектеп бөлімін басқарған еді ғой. Бірақ Шульга оларды тек қылмыскер ретінде көрді, бұл ретте ол ашықтан-ашық шовинистік пиғыл танытты. Міне осы жәйт мені өздеріңізге мәлім жете ойластырылмаған сөзге қамшылады.

Жастар тәрбиесі мені көптен алаңдатады. Мен жастар мен балалар үшін көркем шығармаларыммен қатар, қоғамдық-саяси тақырып бойынша: «Ленин өсиеттеріне адалмыз», «Интернационализм – біздің туымыз», «Комсомол наградалары», «Жас қалам» атты кітапшалар жаздым. Сондықтан да мен сөзімде сол күндер оқиғаларының жекелеген деректерін және ж. Шульганың аталған жүрекжарды сырларын сыни тұрғыда пайдалана отырып, интернационалдық тәрбиенің теориялық мәселелерін қозғаған едім. Нақты мәліметтер қолда болмағандықтан, мен сөзімде жекелеген фактілерден алған әсерімді келтірдім, менің елеулі қателіктерім де сонда жатыр. Жекелеген жәйттерде қателесе отырып, басты мәселеге мен мызғымас бекем болдым: партияның саясатын, ҚКП ОК, республика ЖК мен МК-нің алматылықтарға Үндеуін мен толық және түгелдей қолдадым, халықтар достығының мызғымастығына сенім білдірдім, интернационалдық тәрбие жөніндегі жұмыстарды қарабайырландырып, нобайлап қана жүргізуден шешімді түрде бастарту жағында болдым. Бұл дертті демонстрацияға қатысушыларға күнібұрын кесіп-пішілген пиғылмен қарауға болмайтыны, алданғандарды арандатушылардан ажыратып, жазалау кезінде асыра сілтеуге жол бермеу қажеттігі жайындағы ойымды коммунистерге жеткізсем деген ниетте болдым.

Бұл күндері менен маза кетті, мен қатты толқуды бастан кештім. Сонда да, мен өзім шынайы интернационализм позицияларынан бір түйір де ауытқыған жоқпын деген иланымымда қала бердім. Өзімнің 25 желтоқсандағы сөзімде жіберген қателіктерімді ойша талдаған сайын, ж. Шұльганың мені ұлтшылдарға беталды қосқан, менімен бір аппаратта қызметтес бола алмайтынын мәлімдеген, мені жұмыстан қууға шақырған арандатқыш-жауапсыз сөзімен арадағы контраст айқын көріне түсті. Мені ж. Шұльганың өз сөзінде «Украинада тұра алмағанын, онда ұлтшылдықтың иісі қатты шығып тұрғандықтан, көшіп кеткенін» айтып, іс жүзінде украин халқына жала жапқаны, оның ішкі пиғылы одан сайын тітіркентті. Жолдастар! Тағы да атап айтқым келеді: мен себебін қазір өздеріңізге баяндаған қателіктерімді ұқтым, сондықтан мен сіздерге: кешіріңіздер! – деймін. Мен болғанның бәрінен сабақ алдым, мен қашанғымша шынайы коммунистке тән нағыз патриот және лениншіл интернационалист болуға тырыстым және тырысамын»).

Сөз түсінушілікпен тындалды, сөйлеушілердің кейбірі мені қолдауға бағытталған пікірлерін айтып жатты. Ақыры жиналыс дөңгеленіп соңына келді. Мен үшін жұмсақ қаулы қабылданатыны айқындалып қалған. Осы сәтте тағы да Дунаевым орнынан көтерілді. «Бұл қалай, – деді ол қапаланып, – коммунистердің қырағылықты жоғалтқаны несі? Ойласаңыздаршы, Қойшыбаев түк те мойындаған жоқ, ешбір опынғаны сезілмейді, ол өткен жиналыста жайып салған позициясында қалып тұр ғой! Мен өткен жолы ұсындым, мән бермедіңіздер, қазір де айтам – біз партия комитеттері алдында ұятты боп қалмауға тиіспіз! Қойшыбаевтың сөзін арнайы комиссия құрып тексерейік те, ісін жеке қарайық!» – Қызыл белсенділіктің табиғаты ғажап: ақты қара деп танытуға мәжбүр етпейінше тынбайды...

### ЖАЗАҒА КЕЛІСПЕУ

Дунаев басқарған комиссия үш аптадай «жұмыс істеді», ақыры, 31 қаңтарда партбюро мәжілісі шақырылып, мен

партбюро мүшелерінің көпе-көрінеу жала жапқан бір жақты талқылауына түстім.

Бір-екі күннен кейін рәсімдеген қаулыларын көрдім, оқыған бетте, былайша наразылық білдірдім:

«Секретарю партбюро Президиума ВС КазССР тов. Бабушкину М.Ф. от члена КПСС Койшибаева Б.О.

Я сегодня ознакомился с материалами моего персонального дела.

Считаю, что созданная партбюро комиссия, призванная внимательно изучить мое дело, подошла к этому вопросу тенденциозно, искусственно подгоняя все к очернению моего мировоззрения, идейного убеждения. При этом комиссия подтасовывала угодные ей факты, вырывая их из контекста и пристраивая под свою шапку, не имеющую ничего общего с основным замыслом моего выступления. Пристрастие комиссии дошло до того, что сфабриковала не имевшихся в моем выступлении «осуждения мер» и «требования».

Комиссия пишет, что я «пытался путем демагогических рассуждений переложить основную вину за эти события на работников партийных и советских органов». Я действительно говорил о виновности взрослого поколения, партийно-советских работников, к числу которых причислял и себя. Говорил, что тех событий постепенно «подготавливало» настроение самодовольства, вседозволенности, стремление приукрасить действительного положения дел, отрыв идеологической, пропагандистской работы от жизни, и то, что притупленные за годы «благодущия» наши чувства реального, не позволили и после крутого перелома быстро перестроиться в ведении интернациональной работы (стр. 9 моего персонального дела). Эти мысли содержатся во всех документах, материалах, отчетах, касавшихся алматинских событий. Следовательно, обвинение в демагогии в свой адрес не могу принять.

Комиссия пишет: «В его выступлении утверждается, что некоторые руководители райкомов партии, разъясняя сущность решения Пленума ЦК КП Казахстана, прибегали к

«коварным» приемам». Я действительно говорил о примитивности разъяснения секретаря райкома (страница 10 п. д.). Говорил безадресно, что вызывало справедливое недоумение в последовавших за выступлением беседах у Председателя Президиума Верх. Совета и у первого секретаря Советского райкома. Поэтому, на втором партсобрании я раскрыл источника этой информации. Это было объяснение причин моих ошибок, а не попытка оправдаться таким путем, как утверждала комиссия. О том, что высказывания секретаря райкома принесены к нам т. Шульгой, что и вызвало моих резких суждений, эмоции, возмущения, подтвердили три товарища (стр. 15, 16, 22, 23, 25 п. д.), несмотря на них, комиссия сделала обратный вывод, не соответствующий действительности, с чем я не согласен.

Комиссия пишет, что мною «допускаются измышления о якобы имевших место в прошлом фактах массовой гибели людей коренной национальности вследствие перегибов со стороны органов власти», которые «являются ничем иным, как попыткой оправдать имевшие место события». Абзац с самостоятельной смысловой нагрузкой, откуда вырвано «измышление» и прилеплено к совершенно противоположному суждению, выглядит так: «Никогда, никто не сможет разрушить дружбу казахского и русского народов, веру и любовь казахского народа в ленинскую партию. Через боли и страдания нации пришли люди к этому, веками ковали священные узы дружбы. Не скажу об общеизвестных примерах интернационалистского акта казахского народа, проявленные в разные исторические периоды нашей страны. Напомню лишь о малоизвестном широкому кругу людей факте – казахский народ даже тогда, когда в результате страшного перегиба партийно-советских работников, допущенного в проведении коллективизации в Казахстане, потерял около двух миллионов своей численности, – не потерял веру в партию, в русский народ. Следовательно, мы обязаны свято хранить, беречь эту веру и любовь. Делать все для того, чтобы наше подрастающее поколение выросло верным революционным

традициям отцов и подлинными интернационалистами – наш долг», (стр. 11 перс. дела). Допуская всю неудачность факта, невозможно логически отрицать того, что он тут нормально иллюстрирует главную и единственную идею абзаца. Что касается об «измышлении перегиба», достаточно было бы комиссии знать историю, хотя бы казахстанского периода биографии Ф.И. Голощекина, считавшего, что он совершает здесь «малый Октябрь». Следовательно, и в данном случае измышляет комиссия, против чего я, естественно, выражаю свое несогласие.

Комиссия пишет: «Тов. Койшибаев осуждает меры, принимаемые в отношении членов партии и комсомольцев, участвовавших в беспорядках, и в то же время требует «строго спросить с тех, кто особо усердствовал, находясь в рядах блюстителей порядка – солдат, милиционеров, дружинников». На самом деле я лишь констатирую, а не осуждаю, как утверждает комиссия, что задержанные исключаются из партии и комсомола, просил не подходить к участникам событий предвзято, отличить обманутых от подстрекателей, высказывал замечание, что их «лучше надо, во имя будущего, воспитывать» (стр. 14 п. д.). Всё остальное сфабриковано комиссией. Ей надлежало бы сначала весь текст выступления привести с моей помощью в такой вид, в каком прозвучало выступление на партсобрании, ведь текст был буквально изъят у меня сразу после собрания. А комиссия вместо этого искала лишние доводы для подкрепления своей сфабрикованной по существу мысли о моей «политической неблагонадежности», решила восстановить из зачеркнутых предложений «выгодные» ей куски (стр. 6 п. д.).

Комиссия пишет, что я не мог «допустить случайной ошибки», выступление мое «было подготовленным». О том, что я готовился – говорит письменный текст. 25/ХІІ 1986 г. утром объявили о собрании, просили говорить о том, что думаешь. Говорить мне было о чем. Свежо было во мне эмоциональное возбуждение, вызванное спором с Шульгой, который, вернее вышеназванный пример о партработнике, подтверждал

еще раз об отсутствии нормальной, поставленной на научную основу воспитательной работы. Вчитывался в то время (24/ХІІ 86) в отчет о заседании Бюро ЦК КП Казахстана, где подчеркивалось отсутствие работы по интернациональному воспитанию. И я, между служебными делами, подготовил выступление. Спешное, потому и с ошибками, признанными мною сразу и бесповоротно в первом же собрании. Все мои основные суждения о необходимости коренного улучшения интернационального воспитания не новы. Все теоретические выкладки – из партсъездов, из трудов В.И. Ленина, все эти мысли подтверждены в докладе тов. М.С. Горбачева на Январском (1987 г.) Пленуме ЦК КПСС. Однако комиссия не смогла добираться до главной сути выступления, допускаю мысль – не хотела.

Заседание партбюро проходило в рамках справки комиссии, члены бюро не были освобождены от впечатления первого собрания, проходившего больше месяца назад, горели желанием во что бы ни стало «похоронить» меня – и наложить очень строгого взыскания, и пресекать мой творческий путь, и освободить от работы.

Однако, кроме грубого желания прилепить ярлык, я не услышал аргументированного довода, который подтвердил бы полную аполитичность текста выступления. В выступлении имеются ошибки серьезные в подборе фактов, которых я на всех инстанциях, собраниях и на заседании партбюро признавал и за них просил неоднократно прощения. А основные мысли выступления отвечают моим идейным убеждениям, от них я не откажусь, ибо соответствуют партийным требованиям, духу перестройки и основаны на научном коммунизме.

С решением партбюро от 31/І-1987 г. не согласен, о чем хочу Вас ставить в известность письменно. Б. Койшыбаев.

2/ІІ-1987 г.»

(«ҚазКСР Төралқасының партбюро хатшысы жолдас М.Ф. Бабушкинге СОКП мүшесі Б.О.Қойшыбаевтан. Мен бүгін менің жеке ісімнің материалдарымен танысып шықтым.



Менің ісімді мұқият тексеру үшін құрылған партбюро комиссиясы бұл мәселеге менің дүниетанымымды, идеялық сенімімді қаралауға жасанды түрде бәрін бұра отырып, біржақты келді деп есептеймін. Бұл ретте комиссия өзі қолайлы көрген фактілерді түпмәтіннен жұлып алып, менің сөзімнің негізгі ойына еш қатысы жоқ өз ұйғарымы астына қасақана орналастырды. Комиссияның біржақты құмарлығы менің сөзімде жоқ «шараларды айыптау» және «талап ету» деген тіркестерді ойдан шығарып қосуға дейін барды.

Комиссия мені «осы оқиғалар үшін негізгі кінәні демагогиялық пайымдаулары арқылы партия және совет органдарының қызметкерлеріне артуға тырысты» деп жазады. Мен ересек ұрпақтың, партия-совет қызметкерлерінің кінәлілігі туралы айттым, олардың ішіне өзімді де жатқыздым. Сол оқиғаларды мардамсу, ойына келгенді істеу, істің нақты ахуалын әсірелеп көрсетуге тырысу, идеологиялық, насихаттық жұмыстың өмірден ажырып қалуы және «жайбарақаттық» жылдарда біздің нақты жағдайды сезіну қасиетіміздің солғындануы біртіндеп «дайындады», күрт бетбұрыстан кейін де интернационалдық жұмысты жүргізуге тез икемделтпеді (менің жеке ісімнің 9-шы беті). Бұл ойлар Алматы оқиғаларына қатысты барлық құжаттарда, есептерде бар, демек, мен өз адресіме айтылған демагогияға салынды деген айыптауды қабылдай алмаймын.

Комиссия: «Оның сөзінде партия аукомдарының кейбір басшылары Қазақстан КП ОК Пленумының шешімдерін түсіндіруде «зұлым» тәсілдерге барды деген тұжырым бар», – деп жазады. Мен шынында да партия аукомы хатшысының түсіндірмесінің қарабайырлығы жайында айттым (ж.і. 10-беті). Адрессіз айттым, оным Жоғарғы Кеңес Төралқасының Төрағасы мен Совет аукомының бірінші хатшысында болған әңгімелерде түсінбеушілік туғызды. Сондықтан, екінші партжиналыста мен осы ақпарат шыққан бұлақты аштым. Бұл комиссия айтқандай – ақталуыма әрекеттенуім емес, менің қателіктерімнің себептері туралы жиналысқа түсініктеме беруім еді. Ауком хатшысының айтқандарын

бізге ж. Шульганың жеткізгені, оған менің қатаң пайым, эмоция, ашу білдіргенімді үш жолдас растаған (ж.і. 15, 16, 22, 23, 25-беттері), соларға қарамастан комиссия шындыққа сәйкес келмейтін кері қорытынды жасапты, мен мұнымен келіспеймін.

Комиссия менің сөзімде: «өткенде құдды билік органдары тарапынан асыра сілтеулер жасау салдарынан жергілікті ұлт адамдарының жаппай қырылуы орын алған делінетін ойдан шығаруларға жол берілген», онысы «болған оқиғаларды ақтауға тырысудың тап өзі болып табылады», – деп жазады.

Комиссия таққан «ойдан шығару» жұлып алынып, мүлдем қарама-қарсы пайымдауға жапсырылған дербес мағыналық салмағы бар абзац мынандай: «Ешкім де, ешуақытта қазақ және орыс халықтарының достығын, қазақ халқының Ленин партиясына деген сенімділігі мен сүйіспеншілігін жоя алмайды. Ұлт көрген көптеген қиыншылықтарға төзе отырып, адамдардың қолы осыған жетті, ғасырлар бойы достықтың қасиетті діңгегін қалады. Біздің еліміздің түрлі тарихи кезеңдерінде көрініс тапқан қазақ халқының жалпыға мәлім интернационалдық актісі туралы айтпай-ақ қояйын. Тек көпшілікке мәлім емес мына бір фактіні ғана еске салғым келеді: Қазақстанда коллективтендіру кезінде партия-совет қызметкерлерінің асыра сілтеулері нәтижесінде қазақ халқы екі миллиондай адамнан айырылған, тіпті соның өзінде де партияға деген, орыс халқына деген сенімін жоғалтпаған еді. Демек, біз бұл сенім мен сүйіспеншілікті қастерлеп, бағалауға тиіспіз. Өсіп келе жатқан ұрпағымыздың әкелерінің революциялық дәстүрлеріне адал боп, шын мәніндегі интернационалист болып өсуі үшін барлығын істеуіміз керек, бұл біздің борышымыз» (жеке істің 11-беті).

Деректі сәтсіз алынған десе де, оның мұнда абзацтың басты және жалғыз, дара идеясын дұрыс толықтырып тұрғанын жоққа шығару мүмкін емес. Ал «асыра сілтеуді ойдан шығару» туралы айтсақ, комиссияға тым болмаса өзін осында «кіші Октябрь» жасап жүрмін деп есептеген Ф.И. Голощекин өмірбаянының қазақстандық кезеңін білу жеткілікті болар

еді. Демек, осы жағдайда да комиссия ойдан шығарып отыр. мен, әрине, оған қарсымын, өз келіспеушілігімді білдіремін.

Комиссия: «Қойшыбаев жолдас тәртіпсіздіктерге қатысқан партия мүшелері мен комсомолецтерге қолданылып жатқан шараларды айыптайды, сонымен бірге, «тәртіп сақшылары қатарында ерекше ынта көрсеткен солдаттар, милиционер, жасақшыларды қатаң жауапқа алуды» талап етеді», – деп жазады. Мен іс жүзінде комиссия айтқандай айыптап тұрған жоқпын, тек ұсталғандардың партия мен комсомолдан шығарылып жатқаны туралы атап айттым, оқиғаға қатысушыларға айыптау тұрғысынан келмеуді, алданғандарды арандатушылардан бөліп қарауды өтіндім, оларды «болашақ үшін тәрбиелеген дұрыс» болатынын айттым (ж.і. 14-б.). Содан басқасының бәрін комиссия ойдан шығарған. Оған алдымен сөз мәтінін менің көмегіммен партжиналыста сөйленген қалыпқа келтіріп алу керек еді, өйткені мәтінді менен жиналыстан кейін бірден алып алды ғой. Ал комиссия мұның орнына, менің «саяси сенімсіздігім» хақындағы өзінің қолдан жасалған ойын растау үшін, мәтіндегі сызылып тасталған сөйлемдерден өзіне «тиімді» үзінділерді қалпына келтірген. (ж.і. 6-б.).

Комиссия менің «кездейсоқ қате жіберуім» мүмкін емес, менің сөзім «алдын ала дайындалған» деп жазады. Менің дайындалғанымды жазбаша мәтін растап тұр.

25/ХІІ 1986 ж. таңертең жиналыс жайында хабарлады, не ойлайтының туралы айтуды сұрады. Менің айтарым бар-тын. Мен Шульгамен дауласқаннан кейінгі эмоциялы ахуалдан арыла қоймаған едім, партқызметкер жайындағы мысал тәрбие жұмысының дұрыс ғылыми жолға қойылмағанын растап тұрған. Сол шақта интернационалдық тәрбие жоқтығы атап айтылған Қазақстан КП ОК Бюросының мәжілісі жайындағы есепті (24/ХІІ 86) оқып отырғанмын. Содан мен, қызмет істері ара-арасында, сөз дайындап алдым.

Асығыс болғандықтан да, бірінші жиналыста-ақ мойындаған қателіктерім сонда кетті. Менің интернационалдық тәрбиені түбегейлі жақсарту қажеттігі жөніндегі негізгі

па- йымдарымда жаңа ештеңе де жоқ. Теориялық қисында- рымның бәрі – партсъездерден, В.И. Ленин еңбектерінен, бұл ойдың бәрі СОКП ОК Қаңтар (1987 ж.) Пленумында М.С. Горбачев жолдастың баяндамасында расталған. Алай- да комиссия сөздің басты мәніне жете алмады, тіпті жеткісі келмеді деп те ойлаймын.

Партбюро отырысы комиссия анықтамасы ауқымында өтті. Бюро мүшелері бұдан бір айдан астам уақыт бұрынғы алғашты жиналыс әсерінен айыға алмағанын көрсетті. Олар мені қайткенде «жерлеуге» – өте қатаң жаза қолдануға да, менің шығармашылық жолымды қиюға да, жұмыстан боса- туға да құлшынысты.

Алайда, маған дөрекі түрде қара жалау тағуға құмартқан- нан басқа, мен өзімнің сөзімнің бейсаясылығын растай- тындай ешбір аргументті дәлел естімедім. Сөзде фактілер келтіру жағынан елеулі қателер бар, мен оларды барлық инстанцияларда, жиналыстарда және партбюро отырысын- да мойындадым және соларым үшін кешірім сұрадым. Ал сөздегі негізгі ойларым менің идеялық иланымыма жауап береді, мен олардан бастартпаймын, себебі олар партия та- лаптарына, қайта құру рухына сәйкес және ғылыми комму- низмге негізделген.

Партбюроның 31/І–1987 ж. шешімімен келіспеймін, осы туралы Сізді жазбаша хабардар етіп отырымын.

Б. Қойшыбаев, 2/ІІ–1987 ж.»)

### МӘЖБҮРЛІК

Хатшы оқып шықты да, бұл мәселе бойынша қайтадан партбюро шақырмайтынын, қаласам – хатымды жиналыста оқып беретінін, бірақ менің коммунистер шешімін өзгер- те алмайтыныма сенімді екенін айтты. Жиналысқа мойын- сұнған сезіммен дайындал деп кеңес берді.

Мен Жоғарғы Кеңес Төралқасының Төрағасына кірдім. Ойым – партбюро мүшелеріне, әсіресе, айрықша белсеніп, комиссия құрғызған, мәтінмен жұмыс істеуде мектеп оқушы- сының деңгейінен де төмен түсіп, ақты қара деп қиыстырған

Дунаев, Жабағина дейтін бөлім меңгерушілеріне әділ сөзін айтар, сауатсыз да тұрпайы шешімдерін өзгерткізер...

Алайда ол менің тағдырыма араша болуға ниеттенбеді де. Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Меңдібаев менің айтқандарымды «революциялық сөз» деп таңбалапты, астарында «сазайын тартқызу қажет» деген емеурін жатса керек. Мәскеуден келген эмиссарлар да өкімет басындағылардың әр қимылын бағып жүрген көрінеді...

Менің жастар демонстрациясына байланысты айтқан сөзімді тілге тиек еткен үшінші партия жиналысында Төралқаның Іс басқарушысы мен баспа-редакция тобының жетекшісі мені жұмыстан босату қажеттігін тағы бір шегелеп айтып, коммунистерді риза етіп жатты.

Мені жазалау тұжырымдамасы – «Строгий выговор с занесением в учетную карточку за извращение причин событий 17–18 декабря 1986 года, имевших место в г. Алма-Ате, попытку переложить вину на работников партийно-советских органов за их последствия» («1986 жылғы 17–18 желтоқсанда Алматыда болған оқиғалар себебін бұрмалағаны, олардың салдарлары үшін кінәні партия-совет қызметкерлеріне аударуға әрекеттенгені үшін есеп карточкасына жазылатын қатаң сөгіс жариялансын») – Жоғарғы Кеңес аппараты коммунистерінің жиналысында бір ауыздан қабылданды.

Мен бастауыш ұйым берген бұл әділетсіз жаза партияның аудандық комитетінде алынып тасталар деп үміттендім.

Парткомиссия ісін жүргізуші әйел менімен соншалықты түсінісіп сөйлескендей көрінген, тіпті балаларымның қазақ мектебінде оқитынын да сұрап біліп, бауырмалдық танытқандай еді.

Сөйтсем, ол менің жауабымнан өзінше ұйғарымға келіп, ой түйіпті – парткомиссия мәжілісінде ол мені партиядан шығару туралы ұсыныс жасады. Дауыс қақ айырылып, бір ғана қолдың мен жаққа артық көтерілуімен бастауыш партия ұйымының шешімі күшінде қалды...

Аупартком бюросында аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы маған дүрсе қоя беріп, «сен баррикаданың

арғы жағына шықтың» деп сөкті, бюро мүшелерін мені партиядан шығаруға шақырды.

Әбүйір болғанда, оның үзеңгілестерінің бәрі бірдей қызыл көз емес екен...

Ауаткомның төрағасы Александр Акуленко мен аупарткомның бірінші хатшысы Айгүл Қадырбекованың ой-пікіріне құлақ асушылар көпшілік болды. Жазаның өзгермей бекігеніне тәубә дедік.

Жүйе жаны орыс боп кеткен қызметкерлерге даңғыл жол ашып қойған-ды. Өзі де оңбай тұрған компартияның мүлдем абыройдан айрылуына ілімі тиянағы тайғанақ сондайлар мол үлес қосты. Ұлт мәселесі хақындағы білімі кемшін мұндай жауапты қызметкерлерге шаш ал десе, бас алатын шолақ белсенділер қосылғанда – теория мен практика қайдан алшақтамасын...

## ЫНТЫМАҚ

Жоғарғы Кеңес Төралқасы аппаратындағы қызметтен айрылдым. Өзім мүшесі болып табылатын Жазушылар одағының партия ұйымына есепке тұрдым да, сондағы бос орынға орналаспаққа ниет еттім.

Алайда одақтың сол кездегі аузы дуалы хатшыларының бірі менің «саяси айыбым» барын көзіме шұқып, алдымен өзімді еңбегіммен ақтап алуға кеңес берді.

Обалы нешік, одақтың бір журналының басшысы мені ондай шартсыз-ақ бірден қызметке алған еді, алайда, үш күннен кейін, әлдебір ықпалдылардың қысымы өтіп кеткендіктен, қинала отырып, қайта босатты. Содан жұмыс біткеннің есігі маған бір жарым жыл бойы жабық тұрды.

Ақыры, демократия тегеурінінің күллі әсіре сақтарды ығыстырып, саясат айдынына дара шығып келе жатқаны біздің елде де аныққа айналды...

Қызметсіз жүрген шағымда, 1988 жылғы көктемде, Жазушылар одағының партия ұйымы өзінің жалпы жиналысында менің есеп карточкамда жазулы тұрған партиялық қатаң жазаны алу туралы мәселе қарады. Сонда Ғафу Қайыр-

беков, Бексұлтан Нұржекеев сынды біраз қаламгер қолдау сөз сөйледі, майдангер жазушы ағамыз Қалмұхан Исабаев тіпті, бір белгілі әріптесіміздің: «Оған, бәлкім, батырлықты беру керек шығар?» – деп кекеткеніне қасақана, әділетті қолдап бұрмалаған партия қызметкерлерінің кінәларын бетке басып көрсетуді ұсынды. Жиналысты Шерхан Мұртазаев басқарып отырды.

Ол шақта демократия бізде соншалықты орныға қоймаған, сол себепті қаламдастарымның мұндай ашық тілектестік білдіруі көңілге едәуір медеу-тін.

### ӘДІЛЕТ

Менің сонау 1986 жылғы 25 желтоқсандағы шолақ белсенділердің делебесін қоздырған сөзім мемлекеттік тәуелсіздікке дейін баспасөзде – «Ақиқат» газетінің 1990 жылғы 4-ші санында жарияланды.

Газет редакторы жазушы Жұмабай Шаштайұлы мен журналист Ділдәр Мамырбаеваның коммунистік партия әлі де биліктен кете қоймаған кездегі тәуелсіз көзқарасы, менен сұхбат ала отырып, 86-ның 25 желтоқсанындағы сөзімнің мәтінін де сол қалпы жария етуі мені риза етті. Жарияланыммен танысқан бір тарихшы досым «осындай салмақты сөзді сол қиын шақта сөйледім деп ешкім мақтана алмайды» деді. Шын жүректен айтқанына күмәнданбадым.

Бертінде, Желтоқсан көтерілісінің алғашқы дөңгелек мерейжылына орайластырып, ақын ағамыз Сейфолла Оспан мен жайында «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген тақырыппен «Түркістан» газетіне (1996 жылғы 11 желтоқсан күнгі санында) үлкен мақала жазды, жанға жағымды пікір білдірді. Одан, көтерілістің жиырма жылдығы қарсаңында, журналист және жазушы Жаңабек Шағатай менің мазасыз да қаһарлы желтоқсан күндеріндегі жедел сөзімді түсініп те түйсініп оқығанын сол «Түркістан» бетінен («Авгий қорасын тазалаудың азабы немесе тәуелсіздік күрессіз келді ме?», 15 маусым 2006 ж.) әйгі етті, әрі оны күні бүгінге шейін ешкімнің аузы бара қоймаған дәрежеде бағалады. Ал

«Егемен Қазақстан» газетінің 2006 жылғы 15 қыркүйектегі санында публицист Қайым-Мұнар Табеев мені «бүгінгі ұрпақ білуге, әспеттеуге тиіс ұлт перзенттері» қатарына қосты.

Осы жәйттер әңгімемнің басында ауызға алған Міржақып Дулатовтың «Қайда едің?» деген жүрекжарды сауалына ашық жүзбен қысылмай тік қарауыма маған ерен сенім берді.

\*\*\*

Енді ілгеріде тіл ұшына оралып, айтылуы сәл кейінірекке қалдырылған толық шындық хақында бірер сөз.

Асқар таудың шын биіктігін оның етегінен алыстаған сайын айқын көретінің тәрізді, қасіретті де қастерлі Желтоқсанның шын бейнесін уақыт өткен сайын мейлінше анық ажырата түсесің.

Республика астанасынан бастап облыс орталықтарының көбінде, өзге де елді мекендерде орын алған 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі билік берген «қазақ жастарының демократиялық бой көрсетуі» деген анықтамадан әлдеқашан асып кетті. Ол қазақ халқы империя құзырына қаратылғалы отаршылдарға қарсы жүргізіп келе жатқан ұлт-азаттық қозғалысының ең соңғы жеңісті дүмпуі болды. Тоталитаризм құрсауын қаусатудың, кеңестік кеңістікті ыдыратудың, демократиялық өзгерістердің бастауы ретінде бүгінде көзі ашық азаматтар санасында әбден танылды.

Алдағы міндет – осы жәйтті ресмилендіру, сөйтіп, Сексен алтының Желтоқсанын арқау ете отырып, халқымыздың елімізді мекендейтін өзге ұлт өкілдерімен ынтымағын арттыратын, бірлігін нығайта түсуді қамтамасыз ететін шаралар кешенін тұрақты түрде ұдайы жүргізіп отыруға қол жеткізу.

*1990 ж., 2006 ж.*



## **ШЫНДЫҚТЫҢ АУЫЛЫНА АТЫН ҚОСҚАН...**

*«Денсаулық» журналының бас редакторы Бейбіт  
ҚОЙШЫБАЕВПЕН сұхбат*

– Бейбіт Орынбекұлы, сталинизм дәуірінде бұрмаланған «ақтаңдаққа» айналған деректерді, заңсыздық құрбаны болған адамдардың тағдырын арашалау – қайта құру әкелген жақсы өзгерістердің бірі, дегенмен Сталиннен кейінгі кезеңде адам правосына, әлеуметтік әділеттікке қиянат жасалмады десек өтірік болған болар еді. Соның бірі қазаққа соқпа дерттей әсер еткен – Желтоқсан оқиғасы. Оның өзі саяси өресі тар, іс барысын пайымдауы ақиқаттан алшақ жатқан жеке адамдардың солақай, тонмойын көзқараспен қайғысын қалыңдатып алған жоқ па? Бірақ сол бір жақсылыққа жамандық салқын қарап, жүз қараға екі жүзі сұғын қадап тұрған шақта, жат есікті қорымай, кірі жоқ, кіршігі жоқ азаматтық сөзіңізді Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы аппаратының партия жиналысында айтқан едіңіз. Бірақ, уақытша заманның желі жасқантып алғысы келгендей, қызметіңізден алып, қызыл билетіңізге жармасты. Сол оқиғаның сорабын оқырмандарыңыз білгісі келеді.

– Әңгімені сталинизм дәуіріндегі кемшіліктерден бастадық қой. Заманға тән жамандықты халық біліп жүргенімен, дер кезінде айта алмайды. Сталинизм Сталиннен басталып, Сталинмен біте қоймаған. Елде тоталитарлық жүйе қалыптасып, партия, совет органдары соған қызмет етті, ол күні кешеге дейін жалғасып келді, Желтоқсан оқиғасы да соның

жемісі. 1986 жылғы желтоқсанда неосталинизмнің қалың халыққа қоқан-лоқы жасап, қыр көрсеткен ақтық айқайы, жан даусы шықты деуге болады. Жан беру оңай емес – бағзы өктемдігін сақтап қалу мақсатында тоталитарлық мемлекеттің репрессиялық аппараты үрей шаша ойнақ салып, жазықсыз жандар арасында «бағыныштылары» үшін «көрнекі үлгі боларлық» террор жүргізді. Қолдан арандату, жасанды жаламен соттап жіберу, басқа да қуғын-сүргінге салып қою, шындықты айт- қызбауға жанын сала тырысу, ақиқатты елден бүркемелеп, желше құбыла шалқу – мұның бәрі 37-ші жыл сұмдықтарының өзгеше бір иірімдегі қайталануы еді. Менің тұжырымдарымды дәйектеуге, бәлкім, өзіңіз ауызға алған Жоғарғы Совет Президиумы аппаратының 1986 жылғы желтоқсанның 25-күні партия жиналысында сөйлеген сөзімнің тексті, сондай-ақ кейінірек Қазақстан Жазушылар одағының қоғамдық комиссиясында және Жоғарғы Советтің парламенттік комиссиясы құрған көмек топтың құрамында әйгілі оқиғаны зерттей жүріп, ССРО Жоғарғы Советінің мүшесі, ССРО халық депутаты Мұхтар Шахановпен жүргізген әңгімем жәрдемдесіп қалар. Екі материалмен де оқушы қауымды таныстыруларыңызға болады. Соңғысы бұдан бір жыл бұрын, 1989 жылғы қазан айының орта тұсында жазылған-ды, алайда «Социалистік Қазақстан» газетінің сол кездегі басшылығының «сақтығы» салдарынан, уақытында баспасөз бетін көре алмады. Бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда екеуінде де оғаш жаңалық жоқ, дегенмен зымыран замана белестерін елес-тететін – бірі бұдан төрт жыл, екіншісі бір жыл бұрынғы ой-пікір өрісін аңғартатын құжат ретінде, біршама танымды мағлұмат берер деп ойлаймын. Енді әлгі сауалыңызға нақты жауап берейін. Оқиғаны ресми сценарий ауқымында ғана, кәдімгі бас шұлғу рәсімімен талқылаған партия жиналысындағы менің сөзім Президиум аппараты коммунистеріне төбеден жай түскендей әсер етті. Көпшілігі іштен тынып, әліптің артын бақты.

Ал солақай шолақ белсенділер менің «қиғаш» пікірлерімді нысанаға алу арқылы көзге түсіп қалуға тырысты.

Шульга деген қатардағы жауапты қызметкер «бұдан былай осынша саяси тұрғыдан қауіпті Қойшыбаевпен қалай қызметті бірге атқаратынын» білмей қиналды, оның «шешімді түрде бейсаяси сөзге тойтарыс берген белсенділігіне» ризашылық білдірген Дунаев деген бөлім меңгерушісі партия комитеттеріне солқылдақ болып көрінбес үшін менің бұл күмәнді сөзіме саяси баға беру керектігін айтты. Қатардағы жауапты қызметкер Зубченко менің сөзімнен «батыл түрде іргені аулақ салуға» шақырды, бөлім меңгерушісі Жабағина да сол төңіректе ұрандатты.

Обалы нешік, баяндамашы, Жоғарғы Совет Төрағасының орынбасары А.И. Чернышев жиналыс соңында менің сөзіме тоқталып, кемшіліктерді орынды көрсеткенімді мойындады. Алайда «қырағы» коммунистер менің сөзімнің текстін тиісті орындарға жолдап жатты...

Он күннен кейін, 1987 жылғы қаңтардың басында тағы партия жиналысы болды. Оқиға жөніндегі баяндаманы бұл жолы сол кездегі Президентіміз С.М. Мұқашевтің өзі жасады. Менің өткен жиналыстағы сөзімді сынады. Баяғы Ғалиасқар Дунаевым тағы «көрегендік» көрсетіп, менің мәселемді арнаулы комиссияға тапсыру керектігін «дәлелдеді».

Партбюро құрған комиссияға өзі бастық болды. Менің сөзімнің ішінен ауком хатшысы пайымының қарабайыр тұрпайылығы мен 32-ші жылғы ашаршылық шығыны жөнінде айтқандарымды, сонымен бірге айтпағанымды, тіпті текстте сызылып тастаған (тәртіп сақтаушылардың асыра сілтеулерін айыптап жауапқа тарту туралы) жерін теріп алып, «Қойшыбаев партия, совет органдарына жала жауып тұр» деп түйді де, мені партиядан шығару керектігін, тек, бұрын ешқандай теріс мінезім білінбегендіктен, есеп карточкама тіркеп қатаң сөгіс беру жөн деп қорытты.

Соны негізге алған партбюро мәжілісі маған сегіз баптан тұратын кінә тағып, комиссия ұсынысын бекітті. Ақпанда өткен партия жиналысы да соған тоқтады. Ауком парткомиссиясында менін жеке ісімді жүргізген пенсионер әйел балаларымның қазақша оқитынын сұрап білді де, ішкі ила-

нымына қосымша бір бұлтартпас дәйек тапқан болу керек, мені партиядан шығарылсын деген ұсыныс қойды. Мені жақтаған бір ғана дауыс басым түсіп, аман қалдым.

Луком бюросында тағы бір «қырағы» адам табылып, халықтық бақылау комитетінің бастығы екен, «баррикаданың арғы жағында тұрған» мені партиядан шығаруды талап етті. Бюро мүшелерінің біразының делебесі қозды.

Тек ауатком төрағасы Александр Акуленконың салықалы сөзі мен бірінші хатшы Айгүл Қадырбекованың сабырлылығы ғана олардың бетін бері қайтарып, бюрода есеп карточкасына түсірілетін қатаң сөгіс беру жайындағы бастауыш ұйым шешімі бекітілді.

Ол бір жүйкені жұқартып, жанды күйзелткен күндер еді. Күллі иланым, сенімімді партия тәрбиесінен алдым, өзімді сол тәрбиеге сәйкес ұстадым деп жүргенімде, сонау ар-ождан, ақыл-ой бұлағы іспетті партиямың белсенділерінен жана шегуім, қолына түрлі дәрежедегі тізгін ұстаған билеушілердің әділдікке жығылу сезімін, тым болмаса рухани түсіну, қолдау таппауым мені қатты жабырқатты.

Мені өзімнің ар алдында адал болуым ғана жұбатты.

Менің жазалаушыларым мен оларға ерік беріп қойғандардың іс-әрекетінің табиғатын қазір мүлдем дөп басып айтуға болады. Марксизм-ленинизм ілімімен терең сусындаған адал, принципті, сауатты қайраткер, әсіресе, басшы орындағы қайраткер сондағы шалағай пікір, солақай шешімге ойнай тосқауыл қоя алған болар еді...

Алғашқы жиналыста мені дұрыс-ақ түсінгендей болған Чернышев кейін алдына барғанымда сөйлескісі де келмеді.

Мұқашев те коммунистердің талқылауына араласпайтынын сездірді, оған Алматы облыстық партия комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Меңдібаев телефон соғып, менің сөзіме орай: «Мынау революциялық сөз ғой», – деген (әрине, кекесінді, теріс мағынасындағы) пікірін білдіріпті...

Президиум хатшысы З. Қадырова әуелде жанашырлық байқатқандай еді, артынша мені мүлдем ұмытып кетті, бәлкім, обком хатшылығына ұсынылу қуанышынан шығар...

Әділдікті енді Орталық Комитеттен, Колбиннен іздесеңші дегендер болды, бірақ ол кісінің алдына кіруге талпынбадым да. Өйткені бұл қайраткердің сөзі мен ісінің сай еместігі алғашқы айларда-ақ, әсіресе тіл туралы әдемі сөздері мен талқылаусыз қабылданған жалпақшешейлеу қаулыдан ап-айқын көрініп еді ғой. Әрі ондағы ұлт мәселесінің «білгірі» Ауманның алдында болғанмын, ол маған «мына сөзіңіз үшін сіздің партияда қалуыңыз мүмкін емес» деген «жолдас-тық ойын» айтқан-ды.

Қысқасы, маркстік-лениндік теорияның өз алдына, басқарушылардың ағымдағы міндетін аса нәрлендірмей, қағаз бетінде ғана дамығаны сол кезде маған қатты сезілді...

Әкімшілдік-тәрешілдік жүйенің ғаламаттары көп еді ғой. Партия жиналысында Президиумның іс басқарушысы Корнев мені «саяси көзқарасы бөтен» болғандықтан жұмыстан кетіруді талап еткен-ді, ұзамай өзінің былықтары әшкере болып қалды. Қызмет бабын пайдаланып, Жоғарғы Совет Президиумының дүние-мүлкінен, депутаттық қаржыдан жұқалап қымқырып жүрген боп шықты, басқарма ксероксінде жасырын әдебиет те көбейтіліпті... Бірақ, «саяси көзқарасы дұрыс» болғандықтан, тоталитаризмге тән «шен-шекпен, абыройын қорғау қасиетін меңгерген» сыбайластарының арқасында не әкімшілік, не партиялық жаза тартпаған. Лып етіп басқа жұмысқа ауысты да кетті.

Ал маған бір жарым жыл жұмыссыз жүруге тура келді. Рас, Мұхтар Шаханов мені бірден жұмысқа алған-ды, бірақ секемшіл саясат сақшылары «Жалын» журналында үш-ақ күн қызмет істеуге мүмкіндік берді...

– «Қазақ ұлтшылдығы» деген жала дабыра етілмей алынды. Оқиға аяқталды. Орталық басылымдардың ішінде басындағы ағаттығын мойындағандай болып, араға уақыт салып, «Комсомольская правда» орыс тілді оқырмандарына шындығын айтты. Біздің қазақтың бәйгеге қосқан аты алдында келсе, салған құсы аң алса есі шыға қуанатын әдеті емес пе, біз газеттің осы қадамының өзіне-ақ қуанып қалғанбыз. Бірақ ол қуа-

нышымыз да баянсыздау болып шықты. Неге кінәлілер жазасын алмайды деген оқырман көкейіндегі сұрақтың түйіні шешіле қоймаған секілді.

– Жақында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші хатшысы В.Г. Ануфриев Желтоқсан оқиғасын зерттеу жөніндегі комиссия жұмысының аяқталып келе жатқандығын, кінәлілердің анықталатындығын айтты. Аз уақыт қалған тәрізді, тосайық.

Жалпы, басты айып – жоғарыдан берілетін әмірге негізделген көне әкімшілік жүйеде жатыр. Қиғаштықтарды 70 жылдық тарихтан іздеуіміз керек. В.И. Лениннің Одақ құру керек деген ойында ұлылығы жатыр, бірақ іс жүзінде ССРО «Потемкин деревнясы» іспеттеніп, елімізде Сталиннің «автономияландыруы» орнығып кеткен. Бұл Коммунистік партияның қаған орталықтандырылған құрылымы арқылы жүзеге асырылды. Империялық сана-сезім түрлі идеологиялық жалау жамылып, қайта орнықты...

– Бұрынғылардың екі тізгін, бір шылбырды берген соң ба, жақсылары көп азбайды екен, 1986 жылы өзіңіз істейтін Жоғарғы Совет Президиумының төрағасы халық тағдырына араша түсе алмады ма?

– Бюрократиялық абсолютизм шынына жете дәуірлеп тұрған ол кезеңде іс жүзінде еркіндігі, билігі жоқ «мемлекет» басшысының орталықтан ескен суық желді тоқтатуы мүмкін емес-тін.

Бірақ халық тағдырын ойлаған адал, батыл, марксизм-ленинизм іліміне сенімді ел ағасы тым болмаса тікелей, төте әфирге шыққанын пайдаланып, ештеңені бұрмаламай ағынан жарылса керек еді. Ама! не. Саламат Мұқашұлы олай етпеді, ол кісінің теледидардан оқиға туралы сөйлеген сөзі көпшілік көңілінен шықпады.

Шынтуайтқа келгенде, пәлен жылдан бері басшыларымыздың жалғас саясатының салдарынан интернационалдық тәрбие тек қазақтарға ғана қажет тәрізді көріп келдік. Ал мұның нәтижесі сол, қазір батыс, шығыс, солтүстік облыстарымызды Россияға қосып алуға жанталасып жүргендер бой

көрсетті. Өкінішке қарай, А.И. Солженицын олардың рухани көсеміне айналды. Ескі патшалық, ұлы орыстық, шовинистік тұрғыда жазылған, біздің «демократтар» дуылдатып, миллиондаған тиражбен «Литературная газета», «Комсомольская правда» беттерінде кітапша етіп шығарған очеркті айтып отырмын.

Орыс тілді ағайындарымыз қазақ тарихын білмейді, отарлау кезеңдерін, әсіресе совет тұсындағы бұрмалауларды ашық, мемлекеттік деңгейде баға бере айтатын кез әлдеқашан жеткен. Орыстың емес, сталинизмнің, тоталитаризмнің жауы, халықаралық социалистік қозғалыс қайраткерлері арасында айтулы беделге ие болған Мұстафа Шоқаевтың ғылыми еңбектерін, әсіресе, орыс тілінде жазылғандарын шұғыл жариялай бастау ләзім. Сонда біз күллі қисынсыз қиғаштықтардың тамырын табамыз, жаңағы сұрағыңыздың да жауабы әріде жатқанын ұғамыз...

– Сізді «Білім және еңбек» журналының 1983 жылдардағы бас редакторы ретінде жақсы білеміз. «Зерде» болып өзгерген сол басылымның 1990 жылы 1-нөмірінде «Ғылымға шын бет бұрып едік» деген мақалаңызда журналдан кетуге мәжбүр еткен тонмойындықты «сол көңілсіз оқиғаның себеп-салдарын талдап жатуға мүмкіндік жоқ» деп, көкейдегі сұрақтың өзекті жауабын кілт үзіпсіз, енді қалың оқушы сол мүмкіндікті білгісі келіп отыр.

– Тоталитарлық жүйе кей көлгір бастықтарға өте қолайлы еді ғой, өз билігі жүретін буындарға қалаған адамдарын оп-оңай орналастыратын, ұнатпағандарынан оп-оңай құтылатын... Сол тұстағы идеологтарымыздың бірі әуелде «Білім және еңбек» айдың атын қазақша жазып жүр деп сынады, кейінірек «бұлтартпас кемшіліктер» тапты.

Ғылыми-көпшілік басылым ретінде 1981–1982 жылдары бақсылық өнердің сырын зерттейтін бірнеше мақала бергенбіз. Соның соңғысында қазақ бақсысы ел ішінде қандай орын алғанын көрсететін өлеңнен үзінді келтірілгенді. «Көрегендер» соны Мағжанның өлеңі деп арызданды, әр-

кімнің қолында жүрген қолжазбамен салыстырып, растап берген «білгірлер» де табылды.

Әлкей Марғұлан ақсақалдың кеңесімен іздестіріп, Диваевтың «Тарту» атты жинаған таптық, содан журналда жарияланған өлеңнің Қойлыбай бақсы туралы халық жырын қайталайтынына көз жеткіздік. Мағжан жинақты құрастырып, алғысөз жазған екен. Әрі Мағжанның 1960 жылы ақталған қағазын тауып көрсеттік басшыларымызға...

Бірақ Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің бюросында бірінші хатшымыз «Қойшыбаев маған ТуркВО-ның әлдеқандай қағазын әкеп көрсетті, алайда өлең осы алашордашылдікі екені анықталса, ол әлі-ақ партбилетімен жауап береді» деп соқты. Кейін Пленумда жасаған баяндамасында: «Білім және еңбекке» сенсек – шаманизм дегеніміз де материализм болып шығады екен», – деп дәйектеді мені қызметтен алғандағы әрекеттерін.

Ал мен бюро алдында оған тиісті ғылыми әдебиеттерді көрсетіп, шаманизмде шынымен стихиялы материализм барлығына көзін жеткізгендей едім...

Жалпы, комсомолдық құрылым да тоталитаризмнің перзенті еді ғой, бюрода қазақша әрең сөйлейтіндер журналды оқымаса да жазылып жүрген жайларды жоқтап, яғни барды жоқ деп, қаһарын төгіп жатты ғой. Сол бюро мүшелері бүгін қайта құрудың бел ортасында...

Иә, мен әділдік іздедім. Димскеңе әуелі өтініш бердім, кейін қабылдауына кірдім. Маған бұл орайда ол кісінің көмекшісі Владислав Владимиров жақсы жәрдемдесті. Мені бүйтіп «бұлқынар» деп ойламаған «идеологтар» қарсы әрекетке көшті. Бұрын өздері түрлі сыйлық, грамота берген журнал материалдарының «саяси астарларын» аша бастады, хандар туралы таптық көзқарас тұрғысынан жазғанымыздың өзін айыптады. Демографиялық мақалаларға жарты жылдан соң арыз ұйымдастырды. Тіпті, функционерлердің бірі көршілерімнен менің ішкілікке қалай екенімді анықтап кетті.

Не керек, мәселе менің «Социалистік Қазақстан» газетіне бөлім меңгерушісі қызметіне жіберілуіммен, яғни «ақта-



луыммен» тынды. Бірақ ешкім істегеніне қысылып, кешірім сұраған жоқ. Жүйе...

– Халықтық әдет-ғұрыпты діни әдет-ғұрып деп бойымызды аулақтатып, қашқанның да, қуғанның да алдында жүріп талай шежіремізден қағылыппыз. Бізден басқа елдің барлығы да сүйтіп жүр ғой, көппен бірге көрген ұлы той, көппен бірге болсақ болды да деп бойымызды селқостық билепті, айналадағы оқиғаға мән бермеу мінезін қалыптастырыпты. Бұдан қалай құтылармыз?

– Адам баласын замана өсіреді, оның адамшылығы істі бастағандығынан көрінеді. Сондықтан жас ұрпақты тарих арқылы тәрбиелеуіміз керек. Қазақ ССР тарихының оқулығы тереңдетіле оқылуы керек. Тәрбие тізгіні балабақшадан басталады. Қазақ бүлдіршіндеріне арналған қазақы мінезді, әдемі безендірілген танымды кітаптар жоқ. Әлі күнге дейін аудармамен ауызданып отырмыз. Кластан тыс жұмыстардың басты құралдарын тіптен естен шығарып алғанбыз, бірде-бір жоғары және арнаулы оқу орындары кластан тыс жұмысты ұйымдастырушы деген мамандық иелерін оқытпайды. Өкінішті-ақ. Көп мәселенің түп төркіні жастарымыздың осы бос уақытты қалай өткізетіндігіне тірелмей ме?

Сырттан келген туристер қаламызды, ондағы қым-қуыт қызу тіршілікті көріп, «европалық қала секілді екен» деп бағалайды. Бастапқыда бұл бағаны озықтығымыздан деп жылы қабылдаппыз, шын мәнінде біз оған қуанбауымыз керек. Ұлттық ерекшелігіміз сезілмеген жерде бағаң өсіп, бағаң артпайды. Ұлттық енжарлықтан құтылу үшін нені жоғалтып, нені тапқанымызды саралауымыз керек. Қарап отырсаңыз, айналамызды рухани мүгедектік жайлапты. Бірақ бұл бір-екі жыл көлемінде жөнделер іс емес. Ол үшін жастарымызға арлылық, намыстылық, ал үлкендер жағына табандылық керек.

– **Әңгімеңізге рақмет.**

Әңгімелескен Ділдәр **МАМЫРБАЕВА.**

*Қазан, 1990 ж.*

## АҚ ЖОЛДАН ТАЙСА, АДАСАДЫ...

*Егемен еліміздің ертеңін ойлайтын әрбір қазақта ұлт-жандылық, отаншылдық сезімі болуы шарт. Ол үшін бізде азаматтық позиция қандай дәрежеде, зиялы қауым көпшілікті соңына неге ерте алмай отыр деген мәселе төңірегінде жазушы Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВПЕН жүргізген тілші сұхбатын оқырмандарға ұсынамыз.*

– Ең бірінші, азаматтық позиция жөніндегі жеке пікіріңізді білгім келеді, мысалы, Желтоқсан оқиғасы тұсындағы көзқарасыңыз қандай болды?

– Желтоқсан қозғалысы – қайта құрудың жемісі, қайта құру өмірге әкелген жасампаз идеяларды бүркемелеп жүзеге асырылған бір жәдігөй қадамның қайғылы салдары еді. Ал қайта құру – «жоғарыдан жасалған революция» болатын... Менің сол тұстағы көзқарасым қандай болды дейсіз бе? Түнгі алаңның төрт бұрышында алаулаған өртті, ортаңғы екі жерде дөңгелене шоғырланған қалыпта: «Жаса, қазақ! Долой Колбин!» деп, әр буынға екпін қоя, қосыла айқайға басып тұрған жастарды, үлкен үй ғимараты алдындағы тізіле самсаған қалқанды жасақты қайран қала назарлап, мен бардан сәл ілгергі аласапыранды көзімен көргендердің ызалы хабарларын толқи естіп оралған бетте дәптеріме түсірген мына жолдар, бәлкім, алғашқы көңіл-күйіме тікелей куәлік етер, тыңдаңыз: «17.12.86. Бүгінгі күннің оқиғасы халықтың ұлттық сезімімен ойнауға болмайтынын көрсетіп отыр. Саяси демонстрацияны басуға біздің елде полиция тәсілін қолдану – жантүршігерлік оқиға. Қазір 18-іне кетті. 0-30 – бес адам өлді деген хабар бар. Жүз шақтысы жараланып ауруха-

наға түсті. Су шашу, сойыл жұмсау – қасиетті көретін Конституциямызды бұзып, жазалаушыларды үстем ету – неткен бейшаралық. Саясат өмірден қол үзіп, тым алға ұзап кеткен. Түнгі екіге партактив шақырыпты, не шешер екен, ақылға келер ме екен, көрелік».

Ұйқысыз бірінші түндегі сана-сезімді шырмаған ой осы-тын. Таңғы төрттен өте Жоғарғы Кеңес аппараты партия ұйымының хатшысы телефон шалып, жұмысқа шақырды... Бір аптадан кейін өткен жиналыста сөз сөйлеп, партияластарымның қаһарына ұшырадым: қатал талқыға түстім, партиялық қатаң жаза алдым, жұмыстан айрылдым. Сонда маған соншалықты жайсыздық әкелген талдау сөзім – ол кейін баспасөзде жарияланды – едәуір жыл партия, комсомол қатарында жүріп қалыптастырған азаматтық позицияның жетегімен туған еді.

Айтпақшы, сауалыңызды азаматтық позиция жайындағы менің жеке пікірімді білгіңіз келетінінен бастаған едіңіз ғой, менің ойымша, бұл – жекелеген тұлғаның өмір сүру философиясын, көзқарастарының жүйесін, қоғам тыныс-тіршілігіне қатысын, оның құбылыстарын жүрегінен өткізе білу дәрежесін, дәйекті белсенді әрекеттерге бара алу қабілетін қамтитын күрделі ұғым, екінің бірі бойына дарыта бермейтін айрықша қасиет. Мұсылмандық ұлы кітаптың екінші сүресіндегі: «Ақиқатқа бұзықтық араластырмандар, сондай-ақ, біле тұра, шындықты жасырмандар», – деп келетін кырық екінші аяты азаматтық позиция ажарын аша түсетін имандық ұстаным ретінде менің көңіліме бекем ұялаған, мүмкін аңғарған шығарсыз – тәуелсіз ғылыми-көпшілік бағыттағы «Тіршілік» журналының әр саны осы аятпен ашылады...

**– Жалпы интеллигенция туралы пікіріңіз, Қазақстан интеллигенциясы мемлекет құру кезінде халықты соңынан ерте ала ма, болмаса өресі жетпей отыр ма?**

– Қазан төңкерісі кезінде ой еңбегімен шұғылданатын адамдардан тұратын әлеуметтік топ ретіндегі ескі интелли-

генцияның керексіз болып қалғаны белгілі. Қайта құру саясатының кеңес қалыптастырған интеллигенцияға зор серпіліс әкелгені де баршаға аян, кешегі ортақ отанымыздағы суверенитеттер салтанатында оның үлесінің зор болғаны анық. Тек бүгінгі таңда ол, әсіресе Қазақстан интеллигенциясы, өзгерістер көшбасы бола алып отырған жоқ, әрине. Мұның себебі түрліше, ең бастысы – реформаның «жоғарыдан жасалған революция» санатында енгізілуі, интеллигенцияның бұл орайда өз үнін дер кезінде білдіре алмауы...

Интеллигенция өкілдерінің азаматтық позициясы да әркімді, тәуелсіздікке, демократияға көзқарастары да алуан реңкте. Қазақ тілді интеллигенция қазақстандық зиялы қауым арасындағы жетекші орынға көтеріле алмады. Мен мұнда мәселенің бұқаралық сипат алмауын айтып отырмын. Ұлт зиялыларының бәріміз мақтаныш тұтатын, барша Қазақстан халқы мойындайтын ірі тұлғалары жалғызсырамауға тиіс, олар тұлпар тұяғын басар тай нөпірін ұдайы сезініп тұруға тиіс, оларды өкшелеп шығатын ізбасарларды жер-жерде көптеп тәрбиелеу ләзім...

Ғылым, техника, экономика, хұқық, мәдениет, тарих, дін салаларындағы арнайы біліммен қаруланған, оқу-тоқуы мол ұлт интеллигенттерінің басын қосып ұлт мүддесінің келелі мәселелерін талқылап тұруды – ал бұл қаламгер-қайраткерлік өрені төте де көшелі жолы – өздерін халықтың ар-ожданна балайтын жазушылар, олардың астанадағы, облыстардағы ұйымдары қолға алса игі еді, амал не, олар күнкөріс күйбеңінен аса алмай жүр.

Рас, мұнда дәстүрлі құндылықтардың қайта бағалануының теріс әсері зор, әйтсе де, ұлт зиялыларының, соның ішінде жазушылардың шын мәніндегі интеллектуалдар клубына ұйыса алмауын, бағзы заманғы дәрежеде халық мұңын жоқтаушы, ел серкесі бола алмай отырғанын ештеңемен ақтауға болмайды.

**– Кешіріңіз, өз басыңызда қандай кемшіліктер бар деп ойлайсыз, оны жөндеуге бола ма, әлде...**

– Атап айтарым – мен жол беріп алған кемшілігімді мойындай аламын, жіберген қателігімнің салдарынан ортақ іске, жазықсыз басқаларға зиян тиген болса – ағымнан жарылып кешірім сұрауға бармын.

– Бір таныс профессор студенттерден лекция кезінде сендерде кемшілік бар ма деп сұрасам, азар да безер болып «ой, ағай, не айтқаныңыз, қайдағы кемшілік... ал сізде кемшілік бар ма?» – деп менен сұрайды, мен кемшіліктерімді санамалап айтып беремін дегені бар...

– Кемшіліксіз адам ілуде-шалу болуға керек, кемшілік менде де жетіп артылар, бірақ мен сіздің таныс профессорыңыз секілді «кемшіліктерімді санамалап айтып беремін» дей алмаймын, оны менің мысық тілеу «сыншыларым» қиыннан қиыстырып жасай алады, тіпті өзінді танымай қаласың олардың «сипаттауын» естігенде.

– Бір кездері бақсылық өнер туралы қалам тарттыңыз, сөйтіп жұмыстан да шығып қалдыңыз, байқауымша, «оқты өзіңе» (огонь на себя) қабылдауға бейім сияқты көрінесіз де тұрасыз, осы әрекетке саналықпен барасыз ба, әлде кездейсоқтық па?

– Жауған оқты өзіңе аударардай мен мұңдалаған нысана болуды кім қалаушы еді, өзімнің азаматтық позициямның айқындаған бағытымен саналы түрде әлдебір әрекетке барғанда мен «енді көзсіз төмпештеудің астына алынам-ау» деп ешқашан ойлаған емеспін, керісінше, ісімнің қолдау тбатынынан күдіктенбейтінмін.

Мәселен, әлгінде өзіңіз еске алған жәйтті – жұмыстан шығып қалғанымның қыр-сырын сәл-пәл таратып көрейік. Мен ол кезде жастардың ғылыми-көпшілік «Білім және еңбек» журналының бас редакторы едім. Қолымнан келгенінше сол басылымды замана деңгейіне, танымал журнал дәрежесіне жеткізуге тырыстым. Негізгі ниетімді біршама жүзеге асыра алдым да. Журналды халық жақсы көрді, оның тіпті шет елге таралуы да өсті, бұған әлдекімнің сүйінбесе де, жауықпауы керек еді.

Алайда астарлы мақсат көздегендер «саяси кінә» тағуды әуелі «Білім және еңбек» ай атын қазақша жазады» деген дабырлатудан бастады, сосын «Алашордашыл ақынның өлеңін басыпты» деп жағаларын ұстады, одан «баксылық туралы жазып идеялық нұқсан келтірді», «хандарды ұлттық батыр етіпті», «демографияның халықтар достығына залал тигізер мысалдарын жазыпты», т.т. «саяси қателіктерді» тізбектей келіп, ақыры, сексен үшінші жылдың көктемінде мені қызметімнен босатты.

Идеялық тазалықты көздегенсу – желеу ғана, шындап келгенде сол жарияланымдардың қай-қайсысы да партия талабына жауап беретін, маркстік-лениндік теориядан ешқайда бұра тартпайтын. Мәселе, әншейін, журналды өз қолына алуды көздеген топ мүддесінде жатқан-ды.

Мен бұл туралы сол жолы, бюроның артынша, 1983 жылғы ақпанда, СОКП Орталық Комитетіне Мағжан Жұмабаевты саяси саудаға айналдырушылардан партияның өзі ақтап, адал есімін халыққа өз қолымен қайтаруын сұрап жазған хатымда айтқан едім. Сонда да, содан кейін де мен билік басындағылардың көпе-көрінеу ақ жолмен жүрмеулеріне куә болдым.

**– Мемлекеттік жұмыстарға, мысалы, депутаттыққа сайлануға не себепті ұмтылмайсыз?**

– Соларға күйгендіктен де, бір қарағанда, сіздің сұрағыңыздағыдай, мемлекеттік жұмысқа араласуды ойлау керек тәрізді, алайда менің ұғымымда оған «ұмтылуға» болмайды. ондай әрекет менің иланымыма жауап бермейді. Меніңше, бойымда сондай кәдеге асарлық қабілет бар болса – тиісті ұсыныстар ендігі жасалған болар еді, ешкімнің бұл орайда мазаламауына қарағанда, оған лайықтыларға қойылатын талапқа сай емес шығармын. Әркімге – өз маңдайына жазылғаны. Мәселе – соны адал атқара білуде.

**– Өзіңіз бірсөзділікті ұнатсаңыз да, оны көпшілік қабылдамайтын сынайлы, ал шындық кісілікпен қатар өмір сүрмеуші ме еді...**

– Пайымға салғанда солайы солай-ау, шындыққа әркім бас июге тиіс, ол бекзаттық, кісілік өлшемі. Платон – менің досым, бірақ шындық одан қымбатырақ...

Қайтерсіз, алайда біздің күнәһар тұрмыста – шындық айтқан бөгдеден, өтірік сөйлесе де, дастарқандас дос артық... өкінішке қарай, шындығың оған ерулі ғана...

– **Жеке өміріңізде қайшылықтар, қарама-қарсылықтар кездеседі, одан қандай қорытынды шығаруға болады?**

– Бұл сауалыңызбен тап нені меңзеп отырғаныңызды білмедім.

Әйтеуір, рас, менің жеке басымда дұрыс бастым деген қадамымның теріс нәтиже берген жағдайлары кездесіп тұрды. талай мәрте оң ниетіммен өзіме өзім қолайсыздық туғыздым, сондай жәйтті бүгінгі таңда да бастан кешудемін.

Алайда Иланымыма адалдығым, Әділетке адалдығым анық, сол себепті жолымды кескен қайшылық пен қарсылық біткенді өткінші деп қорытамын да, азаптансам да, алған бағытымнан таймауды орынды көрем.

– **Соңғы сұрақ, жазушылар ұйымы мен әдеби қордың байланысы қандай, алдағы уақытта ол екі ұйым арасындағы қарым-қатынас қалай болмақ?**

– Ұзақ әңгімелеуге болатын сұрақ, мен бұған мейлінше қысқа, бірақ, мәселе түсінікті болу үшін, рет-ретімен жауап беруге тырысайын.

Әдеби қор зиялы орыс қаламгерлері арасында өткен ғасырдың ортасында дүниеге келді. Әдеби-тұрмыстық ұйым ретінде. Қаржысы мүшелік, қайырымдылық жарналардан, әдеби кеш, концерт, спектакль түсімдерінен құралды. Жазушыларға материалдық және құқықтық жәрдем берумен шұғылданды.

Кеңес өкіметі тұсында Жазушылар одағы құрылды. Идеологиялық мекеме ретінде бюджеттен қаржыландырылды. Кеңес өкіметі Әдеби қорды да ұмытпады, осынау қоғамдық ұйымның жарғысын бекітіп, Жазушылар одағының көлең-

кесінде, қаламгерлер игілігіне еңбек ете берсін деген бата-сын берді.

Қазақстанда республикалық бюджет қаржыландыратын Қазақстан Жазушылар одағы, Мәскеудегі Орталық әдеби қор қаржыландыратын КСРО Әдеби қорының Қазақ бөлімшесі жұмыс істеді.

Тәуелсіздіктен кейін Әдеби қордың Қазақ бөлімшесі «Қазақстан Әдеби қоры» деген атпен республикалық қоғамдық бірлестік ретінде Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өтті. «Қазақстан Жазушылар одағы» қоғамдық бірлестігі де осында тіркелді.

Екі бірлестік те заң алдында тең құқықты. Тығыз байланыста әрі міндет қайталамай жұмыс істеу орайында екеуі Қызметтестік туралы келісімшарт жасады. Жазушылар одағы шығармашылықпен, қоғамдық қызметпен, әдебиетті дамытудың іргелі проблемаларымен шұғылданады, ал Әдеби қор шаруашылықпен, әлеуметтік-тұрмыстық мәселелермен айналысады, түрлі жәрдем, ынталандыру шаралары одақ басшылығымен келісіліп жасалады деп ұйғарысты.

Алайда жаңа сыпырғы басқаша сыпыруға құмар. Жазушылар одағының жаңа басшылығы Әділетке де, Заңға да қайшы келетініне қарамастан, Әдеби қорды құрамымызға қосып аламыз деген өңбес дауды бықсытып, ортақ ісімізге орны толуы қиын зиянын тигізумен асыл уақытын текке өткізіп жүріп жатыр.

Бүгінде жазушыларды баяғы тоталитарлық қоғамның идеологиясы билемесе керек, ешкім оларды жалғыз социалистік реализм тәсілімен жазуға міндеттемейді. Демократия әлі талай әдеби ағым, әдіс-тәсіл туғызады, соған сәйкес алуан бірлестік бой көтерері сөзсіз. Жазушылар одағы осыны ескерсе, заман талабына сай даму жолдарын зерттеумен, талқылап, бағыттаумен шұғылданса жөн болар еді. Сонда Әдеби қормен байланысы да ең тиімді бағытта өрбиді.

*5 қараша 1996 ж.*



## **ДҮНИЕНІ ДҮР СІЛКІНДІРГЕН ЖЕЛТОҚСАН...**

*«Zaman-Қазақстан» газетінің сауалнамасы*

**– 1986 жылғы Желтоқсанда қазақ зиялылары өздерінің тарихи міндетін орындай алмады. Неліктен, кеңестік жүйенің шынжырлы саясатының ықпалы ма, әлде халықтық, ұлттық намысты бойымыздан жоғалтып алдық па? Мүмкін жанның тәттілігі мен креслонын жұмсақтығынан шығар?**

– Бәрін жүйеге жаба салу – оңтайлы әдіс, бірақ зиялыларыңыз сол жүйені нығайтысқандар қатарында жүріп еді ғой?!

Қатаң жүйенің бағдарламасын дәйектейтін идеологиясы, сүйенетін ғылымы бар болатын. Онда – маркстік-лениндік теорияда – қазақ мүддесіне жауап беретін ұлт мәселесі, ұлттық тілдің жойылмайтын маңызы туралы тұжырымдар жеткілікті еді.

Алайда жүйе жандайшаптары – негізінен желдің соғу бағытын аңдыған «флюгерлер», менің максималист «менімнің» пікірінше, – ұлт саясатын айқындайтын ілімнен мақұрым, шаласауат функционерлер болатын. Яғни олардың азаматтық позициясы солқылдақ, берік өзегі жоқ, боркемік материалмен шегенделген деген сөз. Ондайларға, әрине, кресло қымбат.

Сол себепті әйгілі пленум 18-ақ минутта бітті, сол себепті түн жарымындағы партактив сыңаржақ айыптау сарынында өтті, сол себепті конституциялық құқын малданып келгендерге алаңда қызыл қырғын жасалып, қозғалысты басқаннан кейін, жер-жерде сан тәсілді жазалаулар өктем де сенімді түрде жүргізілді.

**– Желтоқсан ақиқатының айғайлап айтылмауын немен түсіндіреміз? Ұлтаралық бауырластыққа селкеу**

**түсіруден сақтану ма, болмаса қазаққа қамшы сілтеген қол қазақтікі екенін мойындаудан қорынамыз ба?**

– Режим өз ықтиярларыңыз ауысса да, әдемі сөздермен бүркенген имансыздық пен жәдігөйліктің арқасында тез жаңа жағдайға бейімделе қалған, құдай соларды құдды тек билікке жаратқандай. Ұдайы толқын бетінде жүрген саясаткерлер барлық жерде бар, біздің елімізде де жетіп артылады. Ақиқаттың көңілдегідей ашып айтылмауында солардың ықпалының салқыны жатыр.

Ұлтаралық бауырластыққа селкеу келедіні сылтаурату – суға кеткен тал қармайдының кері.

Қазіргі биліктегілердің сол кезгі қолшоқпар аппарат пен бейбіт халық мүддесін ажыратып қарауға қауқарсыз болу сыры сонда.

**– Желтоқсан қозғалысы мен қозғалыс жанкештілері жайлы даңқ пен дақпырт көп. Ақиқатында, Желтоқсанның нағыз қаһармандары кімдер?**

– 1986 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың нағыз қаһармандары – сол қиын сәтте арына адал болып, ұлт мүддесін қара басының қамынан жоғары қоя алғандар.

Бұдан жетпіс тоғыз жыл бұрын, сонау күрт бетбұрысты тұстағы сын сәт пен одан біршама өткеннен кейінгі зиялылар қылығына орай, 1917 жылғы желтоқсанда жазылған Міржақып Дулатовтың «Қайда едің?» өлеңі бүгін де өткірлігін жойған жоқ. Соны түйсініп тағы бір оқыған кісі даңқ пен дақпырт астарын өзі-ақ аңғаруға тиіс.

*10 желтоқсан 1996 ж.*

## ТАРИХ ТӘЛІМІ

Адамзат кітабының жиырмасыншы жүзжылдық деп аталатын беті аударылуға тақалып қалды. Үлкен оқиғаларға толы жүзжылдық. Қазақтың қилы-қилы тағдырына куә жүзжылдық. Қазақтың әлдебір өлшемге салынуы қиын шексіз қайғы-қасіреті мен мұң тұнған қуаныштарын бойына сыйдырған жүзжылдық. Ғаламдық ұғымда – шежіре бетінің бір ғана жолы. Қаралы кезеңдер мен бақытты шақтарды бедерлейтін жалғыз ғана жол. Алайда сол жолдың бізге де, келер ұрпаққа да берер тағылымы, тарихи тәлімі зор болмақ.

Ғасыр басында Ресей империясының қараңғы да мешеу түкпіріне айналған қазақ жері ғасыр соңына қарай тәуелсіздік байрағын желбіретті.

Метрополия аранында жұтылып, жойылып кетуден қорғанып, империя шеңберінде автономия алуды көксеген отар ел өзін езіп-жанышқан отарлаушы мемлекетпен терезесін теңестірді. Жүзжылдық кіреберісіндегі елдікті сақтап қалу арманы шығаберісте мақтан мен мадаққа лайық шындыққа айналды. Қазақ мемлекеті әлемнің өзін өзі билейтін елдері бір ниет, бір тілекпен көтерген жалпыадамзаттық шаңыраққа бір уық болып кірікті.

Бір ғасырлық сапар. Қазақ үшін түнек боп басталып, қияметі мол тайғақ кешулер мен шуақты белестер арқылы шеккен сапарын оңғара, алдынан жарық дүние қақпасын айқара аша аяқталғалы тұрған жиырмасыншы ғасыр.

Қоштасудың аз алдындағы осынау жүзжылдықта жаратушы еркімен киелі сипат алған бір ай бар. Желтоқсан. Таңдандандыратын жәйт – ғасырдың ұзына бойында шашыраған түйінді сәттер осы ай үлесіне дөп келіп отырыпты. Қазақы ғұмырға бетбұрысты өзгерістер теліген мән-мағынасы жоғары оқиғалар ылғи желтоқсанға бұйырған, қалай ғана қайран қалмассың.

Бірінші. Тағын шайқалтып баратқан бұқара дүмпуін басу мақсатында император 1905 жылғы 17 қазандағы пәрменімен ел-жұрттың өзін еркін сезінуіне пұрсат берді: манифест жеке тұлға үшін ешкім қол суғуға болмайтын құқықты, ар-ождан бостандығын, сөз бостандығын, жиналыстар өткізуге, түрлі одақтар мен ұйымдарға бірігуге еріктілікті жария етті. Ақ патшаның халыққа тартқан аса жоғары мәртебелі бұл сыйы қазақ зиялыларын да қуанышқа бөлеп, дүр сілкіндірді. Құжат тез тәржімеленді, баспаханада бастырылып көбейтілді, қырға, көшпелі халық арасына жөнелтілді. «Қазақтардың шапшаң қозғалып-жүріп-тұратынының арқасында манифест жып-жылдам дала игілігіне айналды, – деп жазған еді Әлихан Бөкейханов өзі «бостандық күндері» деп атаған кез туралы. – Қазақтар жер-жерде үлкенді-кішілі съездерге жиылды, ағыл-тегіл қонақасын жей отырып, манифесті оқысты, оған түсініктер беріп, болашақтағы Мемлекеттік Думаның сайлауы мәселелерін талқыласты. Ең алыс болыс- тардағы қазақтар топ-тобымен үдере көшіп дала қалаларына жетті, ондағы азаматтардың қалалық митингілеріне қатысты. Орыстар, татарлар, өзбектер мен қазақтар бір бауырлас отбасына бірігіп кетті. Тамаша заман, ешқашан көз көрмеген ғажайып заман болатын ол бір!»

Сонау бостандық күндері орыс қауымында алуан партия түзілген-ді. Зиялыларымыздың назары сонда ауды, олар ұлт мүддесін пәрмендірек қорғау үшін саяси ұйымға бірігу қажеттігін ұқты. Ұғыныстың нәтижесі – бес облыстан өкілдік еткен бір топ зиялы 1905 жылғы желтоқсанда Орал қаласында съезд өткізді. Бұл басқосуда олар сол тұстағы ең солшыл бағыт ұстанған конституцияшыл демократтар партиясының бағдарламасын негізге алып, оның жер жайындағы тарауын қазақ халқының мүддесіне орай жанаша тұжырымдады. Үлкен саясатты бетке ұстаған тұңғыш қадам. Ұзақ жылдарға созылған қиын өткелектің алғашқы баспалдағы ретінде ұмытылмауға тиіс оқиға.

Екінші. Түркістан өлкесінің жергілікті халықтарының (мұсылмандарының) Төртінші құрылтайы 1917 жылғы жел-

тоқсанның 10-ында Түркістан автономиясын жариялады. Ескі стиль бойынша 28 қарашада. Кеңес тарихында Қоқан автономиясы деп кемсіте таңбаланған. Тиісінше, ол түркістандық ел-жұрттың заңды мемлекеттілігі ретінде мойындалмайды. Сол тұста мұсылман атауының діни ұғымнан кең ауқымда, жергілікті ұлттарды кірме европалықтардан ажыратып қарайтын мағынада қолданылғанына түсінік берілмейді. Түркістан (Қоқан) автономиясы – түбі бір түркі халықтарымен Түркістан өлкесін мекендеген тілегі бір басқа халықтардың ортақ мемлекеті ретінде шаңырақ көтерді. Бүгінгі Орта Азия жұмһрияттары мен әлемдегі өзге де түркі елдерінің тарихи тамырластықты ойлап, ынтымақтасуды, қызметтес болуды көздеген ұмтылыстарында тарих тереңінен осы белес тілектестік білдіріп тұрады. Түркістан автономиясына биыл 80 жыл толады. Қанға бөктіріліп таратылған автономияның қысқа ғұмырында екі үкімет басшысы қызмет атқарды, екеуі де қазақ.

Үшінші. Екінші жалпықазақ құрылтайы 1917 жылғы 12 желтоқсанда (жаңа стильмен 25 желтоқсанда) Қазақ автономиясын құрды. Қоқаннан Орынборға Түркістан автономиясы туралы ресми хабар әкелген Түркістан Сыртқы істер министрі Мұстафа Шоқай Алашорда Халық кеңесінің құрамына сайланды. Алашорда бастығы Әлихан Бөкейханмен бірлесіп, екі автономия қазақтарын қосуды көздейтін мәлімдеме жасады. Жиырмасыншы ғасырда тұңғыш рет өз атымен тарих сахнасына шыққан қазақ мемлекеттілігіне биыл 80 жыл болады. Мақтанышты мерейтой. Түркістан, Қазақ (Алаш) автономиялары күштінің құқымен, таптық негізде құрылған кеңес автономияларымен алмастырылды, алайда олардың ұлттық тұтастықты мұрат еткен жолдарының дұрыстығын өмірдің өзі дәлелдеп беріп отыр. Қазір қайта оралып отырған базарлы экономика сонау Қоқан, Алаш автономияларымен бірге құрдымға жіберілген еді ғой, егер олардың өмірі зорлықпен қиылмай, тарихи міндеттерін атқара бергендерінде – біздің қазіргі өркениеттегі үлесіміздің қандай болып отырынын кім біледі.

Төртінші. Жүзжылдық ішінде дүркін-дүркін толқып соғып тұрған ұлт-азаттық қозғалыстардың ең соңғы шыңы, машалла – құдайға шүкір – ең соңғы, қайғылы да жеңісті көрінісі 1986-шы желтоқсанға дөп келді. Желтоқсанның 17-сінен бастап бірнеше күн бойы қызыл империя қазаққа жыртқыштық ұсқынын ашық көрсетті.

Бесінші. 1991 жылғы 16 желтоқсанда ғасыр бойы аңсаған Тәуелсіздік – қазақ мемлекеттілігінің тәуелсіздігі, Қазақ Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жария етілді. Егемен елімізді сол желтоқсанда әлем тани бастады. Бірінші болып Түркия құттықтады. Әзірет Сұлтанды – бабасы, Түркістанды – атамекені деп білетін бізден пәлен мың шақырым қашықта жатқан қандастарымыздың жұмһрияты.

Міне, осылай. Ұзақ жол кезеңдеріне киелі желтоқсанмен тартылған, бір ниетке ызылған өзек – ұлттық идея. Әлем мойындаған демократия үрдісімен 1917 жылғы 25 желтоқсанда дүниеге келген Қазақ (Алаш) мемлекеті – бүгінгі тәуелсіз республикамыздың іргетасы.

Алғашқы автономияны өз қолдарымен құрып, елдің елдік сезімін оятқан, рухын көтерген алаш қайраткерлері бүгінгі ұрпақтың қоғамдық және рухани тыныс-тіршілігіне заңды түрде қайтып оралды. Олардың өмір жолдарының, қызметтерінің, мұраларының тәуелсіз ел азаматтарын тәрбиелеуде тигізетін пайдасы ұшан-теңіз.

Құрылғанына биыл сексен жыл толғалы тұрған Алашорда (Алаштың Ордасы, Қазақстан) – біздің ұлттық мемлекеттілігіміздің жиырмасыншы ғасырдағы салтанатты бастауы.

Осынау мүшелжасты айбындата атап өту өз алдына, оның түп-тамырына, қыр-сырына күллі саяси қуғын-сүргін құрбандарының, алаш қайраткерлерінің тағдырымен тығыз байланыста үніліп, жыл бойы оралып соға беру ләзім. Мұндай әрекет отандастарымыздың отансүйгіштік сезімін ұштай түседі. Жүзжылдығымыздың басты ұлағаты, тарихи тағылымы да осында.

*4 ақпан 1997 ж.*

## КӨТЕРІЛІС ТАҒЫЛЫМЫ

### 1.

1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларынан бері де он бес жыл өтті. Тәуелсіздікке тікелей соқпақ салған қозғалыс. Көтеріліс деп те атайды. Шынымен де ол Жиырмамыншы ғасырдағы ұлт-азаттық толқулар ішіндегі шешуші белес іспетті еді. Күллі кеңес елі аумағында дүмпу туғызған, ақыры империяны ыдыратудың басы болған ұлы оқиға, маңызды көтеріліс. Биыл сонау қайғылы да салтанатты бас көтерудің он бес жылдығы еліміздің мемлекеттік тәуелсіздігінің он жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Сабактас мереке.

Тәуелсіздік дегенде ойымызда Желтоқсан тұрады. Желтоқсан дегенде ойымызға Тәуелсіздік оралады. Қалай болғанда да, мен өзім солай ойлаймын, көпшілік те сондай ойда ғой деп үміттенем.

Маған ертеректе желтоқсан айының қазақ тарихында қандай елеулі орын алып отырғанын жазудың да, алқалы жиында айтудың да реті келген-ді. Мен былай ойлаймын: өзіміз кеше ғана қоштасқан ХХ жүзжылдықта желтоқсан – қазақтың қоғамдық өмірі үшін киелі ай боп кетті. Өйткені тарихта өшпес із қалдырған белестер әрдайым желтоқсан айларында орын алып отырды.

Мәселен, 1905 жылғы желтоқсанда ұлттық сипаттағы саяси партия құрудың алғашқы талпынысы жасалды. 1917 жылғы желтоқсанда алғашқы Қазақ автономиясы шаңырақ көтеріп, Алаштың Ордасы, яғни үкіметі құрылды.

Өзгеше ойлаушылардың бәрін жою бағытын ұстанған, Қазақстандағы тоталитарлық билікті нығайтуға теориялық негіз қалаған 1925 жылғы Бесінші өлкелік партконференция да желтоқсанда өтті. Жаңа империялық билік тетіктерін қозғалысқа келтірушілер ұлт мүддесі үшін, тәуелсіздік үшін күрес сарбаздарын қарулы жасақпен аулауды 1928 жылғы

желтоқсанда бастады. Айтылған желтоқсандардан бастап БК(б)ІІ Қазақ өлкекомының жауапты хатшысы Филипп Голлошекин тұтатқан «Кіші Қазан» революциясының көрігін үрлеушілер мен құпия полиция ұлт зиялыларына қарсы үдемелі шабуылға көшті. Қатыгез де әділетсіз саяси жазалаулар науқаны содан бастап тез өріс алды. Санаға ұзақ жылдар бойы кісен салынды.

Ал 1986 жылғы 17 желтоқсан – сонау кісенді үзуге бағытталған, азаттықты аңсаған Ұлы бұлқыныстың бастау алған күні. Ортаға бес мүшел тастаған сонау желтоқсандардағы сес көрсетулер – бірі құлдықтың, екіншісі азаттықтың хабаршысы. Арасында символикалық байланыс бар. Ол – шындық пен әділеттен дүлей күш қаншама басым түссе де, тәуелсіздік рухын мәңгі қапаста ұстаудың мүмкін еместігін көрсетеді.

1936 жылғы желтоқсанда қабылданған сталиндік конституция бойынша Қазақстан Ресей Федерациясы құрамындағы автономиядан одақтас республика дәрежесіне көтерілді. Бұл – большевизм ұрындырған Отыз екінші жылғы Ұлттық апат – ашаршылықтың өтеуі ретінде берілген пұрсат еді. Құр сүлдері қалған кеңестік Қазақстанға одақтық мәртебе миллиондаған аштан қырылғандардың қанымен келді.

1991 жылғы желтоқсанда Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланды. Қазақстан тәуелсіз ел қатарына одақтас республика болғандықтан жетті. Ал ол одақтық мәртебеге басқа орталықазиялық республикалардың ең соңынан, өз жерінде өзі қор болып аштан өліп, азшылыққа айналып, «халықтар әкесінің» астарлы саясаты арқасында ғана ие болған-ды. Жаңа тұрпатты империя болып шыққан кеңестік республикалар Одағының ыдырауына оны қазақтың ұлттық апатынан жарты ғасыр өткенде басқарып тұрған жаңа тұрпатты императордың олақ саясаты шок тастаған еді. 1986 жылғы желтоқсан – әлем тарихына алтын әріппен жазылуға лайық белес.



## 2.

Горбачев ұлт мәселесін терең зерделемеген қайраткер-тін. Ол кең-байтақ Кеңестер Елінде орыстан да басқа сан ұлт ба-рын, олардың ұлттық мүддесі, ұлттық намысы ба-рын еле-мейтін.

Оның Қазақстанға тұңғыш рет аяқ басуы қазақты ұлт ретінде менсінбейтінін паш етті. Ол республика астанасы Алматыға емес, облыс орталығы Целиноградқа барды. Оған Қазақ республикасының экономикасы, халқының әл-ауқаты емес, КСРО астықты аудандарының азық-түлік бағдарлама-сын шешудегі жұмысы ғана керек еді. Онысы намысқа ти-ген-ді, бұл менің есімде қалды.

Сібір, Қиыр Шығыс жағын аралағаны да есімде. Онда ұсақ халықтар проблемасы шаш-етектен, алайда Горбачев оларды керек қылған жоқ. Есімде – орыс бауырын көргеніне ерекше еміренді.

Құрама Штаттардан келген орыс тілі пәні оқытушыла-рын қабылдағаны да есте. Орыс тілін оқытуға мән бермей-тін Штаттың «шовинизмін» сынап, ал Одақта өздерінің бұл мәселеге айрықша қарайтынын айтқан еді.

Осындай қылықтары арқылы мен оны тіл мен жағына сүйенген бөспе шовинист ретінде таныдым.

Оны реформатор дейді. Соның арқасында теңдікке жет-тік дейді. Мен де жалпы азаттық алуымызға Горбачевтың ұлт мәселесіндегі орашолақ басшылығы себеп болғанын мойындаймын. Дегенмен оның «реформаторлығын» кемен-герлігінен туды дегенге келісе алмаймын. Ол, керісінше, қу-лық-сұмдығымен империяны аман сақтап тұрғысы келді.

Одақтың ыдырауы Горбачевтың «демократтығының» емес, еріксіз шегіністерге баруының нәтижесі дер едім. Іл-гері дөңгелеген тарих доңғалағы оны кері шегіне беруге мәжбүр етті. Алайда оны сол доңғалақпен бірге ілгерілеуде деп атау қолайлы еді. «Орыс халқының өзі отар болды. Ресей де орталықтың отары болды» деген сияқты алдаусырату сөз-дерді айту ол тұста саясаткерлерге ыңғайлы еді.

Егер ол шовинист емес, шын мәнінде ұлттар мүддесін ойлаған реформатор болса, онда КСРО халықтары депутаттарының алғашқы съезінде айтылған өзекті ұсынысты қолдаған болар еді. Бірінші кезекте елдің мемлекеттік құрылымын қайта қарау қажеттігі жайында маңызды пікір білдірілген-ді. Соны түлкібұлаңға салып құрдымға кетірмей, бірден талқылатқан болар еді.

Ал бұл – Қазақстандағы Желтоқсан оқиғасының астарын түсінуге, Колбинді Қазақстанға жіберуінің кате болғанын ұғуға жеткілікті уақыт өткен кездегі тірлігі. Алайда ұлт саясатындағы озбырлықтың бұрыстығын мойындауға оны да, оның айналасындағыларды да ұлыдержавалық, ұлыорыстық астамшылдық жібермеді. Олардың ойынша, жарияланған демократия мен саяси бостандық құдды жекелеген ұлттардың талап-тілектері мен ұлттық мүдделеріне қатысы жоқ тәрізді-тін.

### 3.

Жер-жерде ұлыорыстық астамшылдық интернационализмге баланып, тек орыстық сана ғана интернационалистікті білдіреді деге ұғым қанға сіңгендей болған. Соның салқыны Желтоқсан оқиғасы кезінде қатты сезілді.

Мен ол кезде ҚКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының аппаратында істейтінмін. Әйгілі ҚКП Орталық Комитеті Пленумы қарсаңында сол кездегі пікірлесіп тұратын қызметтестерімнің бірі (тарихи отанындағы украиналықтарды ұлтшыл деп есептейтін, орыстанып кеткен украин Шульга) өзінің биік жақтағы әңгімелерден хабардар екенін сездіріп, бірінші хатшының орыс болатынын мақтанышпен аян етті. Мен ондай ықтималдықты жоққа шығармайтынымды, бірақ, солай еткен жағдайда, оның үлкен тарихи қателік болатынын айттым.

Бұл соншалықты бір көрегендік емес, жәй ғана, ұлттық сезім шарпуынан туған тұжырым еді. Екеуіміздің арамыздағы кереғарлау әңгімелер оқиға күндері жалғасып, ширыға

түсті де, ақыры, 1986 жылғы 25 желтоқсанда менің партия жиналысында оқиға жайында сыни сөз сөйлеуіме, соған байланысты Шульга мен орыс-қазағы аралас басқалардың (Корнев, Дунаев, Жабагина, Зубченко, Жылтыров, т.б.) мені аппараттан аласталуға тиіс Ұлтшыл қатарына қойып дүрлігуіне ұласты.

Ал мен қарапайым жәйттерді айтқан едім. Алаңдағы қақтығысқа өзіміздің кінәлі екенімізге назар аударғанмын. Ең үздік насихатшыларымызды сонда апарып, түсіндіру жұмыстарын жүргізудің орнына, 17-20 жасар жап-жас балаларымызға әскери күш жұмсадық, қабаған иттерді айтақтадық. Алаңға жиналған өрімдей қыз-жігітке қарсы, сондай-ақ, халық жасағын жұмылдырдық. Халық жасағы жұмысшылардан (ал олардың көпшілігі өзге ұлт өкілдері) құрылған-ды. Солардың қолдарына темір біліктерден, қымбат кабельдерден қиып сойыл, қамшы бердік. Сөйтіп, ұлттық тұрғыда қарсы тұру сипатты ахуалды қолдан тудырдық.

Ал қазақ орыспен әрдайым тату болатын. Тіпті, партия-кеңес қызметкерлерінің бұрмалаулары салдарынан екі миллиондайы аштықтан қырылып қалғанда да ол орыс халқына, партияға сенімін жоғалтпаған. Мәселе – ұлт саясатында бүгінгі таңда жол беріліп келген кемшіліктерде. Орыс мектептерінде қазақ тілі дұрыс жүрмейді, оған керексіз пән ретінде қарайтын көзқарас қалыптасқан, т.с.с.

Қысқасы, балаларды алаңға бардың екен деп оқудан, комсомолдан шығару қате, оларды айыптамай, тәрбиелеу керектігі, ал жазалаушылар мен бағындырушылар деңгейіне құлдыраған асыра сілтеушілермен қатаң әңгіме жүргізу қажеттігі жайындағы ойларды сөзіме арқау еткенмін.

Тоталитарлық сана тұтасып тұрған шақ болғандықтан шығар, менің сөзім республиканың биік кеңсесі ішіндегілерге төбеден жай түскендей әсер етті. Төралқа аппараты коммунистерінің екі партия жиналысында, арнайы комиссиясында, партбюрода, аудандық парткомиссияда, аупартком бюросында талқыға түстім. Бюрода аудандық халық бақылау

комитетінің бастығы болып істейтін ұлты қазақ бюро мүшесі мені «баррикаданың арғы жағында тұр» деп жазғырып, партиядан шығаруды көкседі. Сонда маған ауатком төрағасы болып істейтін орыс жігіті ара түсті.

Орыстанған бұратаналар орыстан өткен шовинист болатынын Лениннің өте дәл анықтағанына менің көзім сол кездерде әбден жетті.

«1986 жылғы 17–18 желтоқсанда Алматыда болған оқиғалардың себептерін бұрмалағаны [үшін], кінәні партия-кеңес органдарының қызметкерлеріне аударуға әрекеттенгені үшін» деген тұжырыммен («За извращение причин событий 17–18 декабря 1986 года, имевших место в г. Алма-Ате, попытку переложить вину на работников партийно-советских органов») маған КОКП мүшесінің есеп карточкасына жазылған қатаң сөгіс берілді.

#### 4.

Желтоқсанның бас қаһармандарының бірі Хасен Қожа-Ахмет оқиғаға қатысқаны үшін сотталғандарға берілетін жеңілдіктерден бас тартатынын мәлімдеп жүр. Себебі ондай шаралар оқиғаның саяси мәніне сай келмейді. Жалпы, күні бүгінге дейін оқиғаға жоғары дәрежеде саяси баға берілген жоқ деп есептейді ол.

Кадр саясаты туралы оның: «Тәуелсіздік алғаннан кейін, Қазақстанда биліктен ешқашан кетпеген адамдар қайтадан билікке келді», – деген пікірі де көп нәрсені аңғартады. Ал оқиға үстінде де, толқу басылғаннан соң да тікелей жапа шегіп, қан төккендердің мұндай жағдайда бұрынғы тәуелді болғандарына әлі де тәуелділік қалыпта қала беретіні, Хасеннің мәлімдемесінің тамырына үңілсеңіз, өте-мөте түсінікті бола кетеді.

Жастар толқуын ұмыттыру шараларын әдемілеп жүзеге асырдык деуге болады.

Бір кезде Алматыдағы сол қанды-салтанатты алаңда арнайы ескерткіш тұрғызылатыны уәде етілген. Алайда ол

жерде Тәуелсіздік монументі бой түзеді. Енді желтоқсаншыларға ескерткіш қойылуын ешкім сұрамайды.

Желтоқсан күнін тек қоғамдық ұйымдар ғана, әкімшілік рұқсат еткен жағдайда, тиісті арнайы қызметтің қадағалауымен атап өтеді. Билік ол күнді атамайды. Шынтуайтқа келгенде, ол күнге қарыздар екенін биліктің ешқашан ұмытпауы керек еді.

Менің еркімде болса, тәуелсіздікті нығайту шаралары ретінде, былай етер едім:

1. Алматыдағы 1986 жылы жастар көтеріліп шыққан атақты алаңды Көтеріліс алаңы деп атар едім;

2. 1991 жылы Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін жариялаған Парламент үйі орналасқан алаңды Тәуелсіздік алаңы деп атар едім;

3. Желтоқсан толқуын мемлекеттік деңгейде жыл сайын атап өтіп тұруды дәстүрге енгізген болар едім;

4. Қазақстандағы сананы отарсыздандыруға бағытталған үлкен тарихи құжат қабылдатқан болар едім. Онда бүгінгі билік (үкімет, парламент, сот) кеңестік кезеңдегі қайғылы бұрмалаушылықтар үшін опынып, халықтан кешегі қуыршақ билік-үкіметіміздің қуыршақ болғаны үшін кешірім сұрар еді. Ал бұл бірліктің, татулықтың өлшеусіз бекем кепілі болар еді.

Бірақ заман өз ретімен жүріп жатыр. Жер-жерде мерекелер тиісінше атап өтілуде. Алматы мерейтойларға арналған жиналыстарын, мерекелік шараларын өткізуде.

Солардың бәрі Желтоқсан мен Тәуелсіздік мұраттары баянды болуына қызмет ете берсін деп тілейік.

*5 желтоқсан 2001 ж.*

## ҚАСИЕТТІ ДЕ ҚАСІРЕТТІ

Желтоқсан – қазақ үшін аса қастерлі ай.

Жиырмасыншы ғасырдың Он жетінші жылы Орталық Азияда Түркістан (Түркі Елі) және Алаш (Қазақ) автономиялары дүниеге келді. Осы екі ұлы оқиғаның екеуі де желтоқсанда орын алғаны белгілі. Түркістан автономиясы жаңа стиль бойынша желтоқсанның 10-жұлдызында (ескіше 27 қарашада) Қоқанда, Алаш – 25-жұлдызында (12 желтоқсанда) Орынборда шаңырақ көтерді.

Желтоқсанның 27-сінде жұртшылық Тәшкенде елдік мәртебені ұлықтауға жиналды. Мерекеге ауылдардан он мыңдай салтатты қазақ келіп қатысты. Алайда салтанат соңы большевиктер ұйымдастырған ойранға ұласты. Тасаға құрылған оқшашар ондаған жанның өмірін үзіп, жүздегенін жарақаттады.

Араға алпыс тоғыз жыл салып, Сексен алтының 17–18 желтоқсанында Алматының басты алаңы да соған ұқсас қырғынға куә болды.

Алғашқысы монархия құлағаннан соң туған демократиялық мүмкіндік жемісін малданып алданса, екіншісі – сірескен тоталитаризм тоңын демократияның «алтын күрегі» жібіткеніне сеніп алданды. Қос алдану да нақақтан қан төгілуге апарды.

Тәубә, құрбандықтар бос кеткен жоқ, қасиетті қантөгістер өтелді. Боздақтар қанының өтеуі – аңсаулы Тәуелсіздік болғаны баршаға мәлім.

Сексен алтыншы жылғы Желтоқсан бұлқынысына биыл он алты жыл болды. Аз мерзім емес. Эмоциядан арылуға, салқынқанды сарап, сындарлы пайым тізгінін еркін жіберіп ойлануға жеткілікті уақыт. Қайран қалатының – өтуі дәстүрге айналған таңбалы күнгі қаралы да салтанатты жиынға

қатысу үшін биылғы 17 желтоқсанда тарихи алаңға келгендердің саны саусақпен санарлықтай ғана бопты.

Мұны сол кеште тікелей эфир хабарына қатысушылар ашына айтып жатты («Қазақстан» ұлттық телеарнасының «Бар мен жоқ» бағдарламасы. 17.12.02). Мемлекеттік тәуелсіздікке жеткенмен, кеңестік саяси құрсау ішінен бостандыққа тұңғыш жол салған қазақ жастарының ұлт-азаттық көтерілісін әлемдік демократия өз деңгейінде таныған жоқ десті олар. Оны тарихи мән-мағынасына сай бағалау хақындағы әділдікке қол жеткізілмегені айтылды. Мойындалмай жүрген ащы шындықты әңгімелеу барысында: «16 жыл өтсе де Желтоқсан көтерілісінің барлық астары ашылмай отыр», – деген ойға тоқтап, оның сырын іздесті. «Желтоқсанда жұмбақ көп», – деді қадірменді адамдардың бірі. «Жұмбақтың күні бүгінге дейін шешілмеуіне – кезінде билік буындарында жүргендердің қазір де аттан түспегендіктері себеп болып отыр, – деп төтелете тартты шетін ойлы желтоқсаншылардың ксібірі, – бейбіт шерудің қанды оқиғаға ұласуына кінәлілер де солар болатын».

Заманында КСРО халық депутаттары съезінің Мәскеудегі мәртебелі мінберінен ел намысын бар дауыспен күллі жаһанға жария еткен ақын, кейіннен Қазақстанның Жоғарғы Кеңесінің комиссиясын басқарып, Желтоқсандағы биліктің жазалаушылық қылмысын ашуға бар қажыр-қайратын сарп етіп пәлен қап дерек жинаған қайраткер, бүгінде еліміздің Қырғыз Республикасындағы Елшісі Мұқтар Шаханов көп жәйтті жазып жатқан кітабында талдайтын тәрізді. Ол өзі басқарған комиссияның белгілі шеңберден шыға алмағанын, яғни қолға берілген құжаттармен ғана жұмыс істегенін, істің түбіне жету үшін мәселеге күллі халық бір жеңнен қол шығарып кірісу керектігін әңгімеледі.

Оқиға күндері қызмет бабымен жазалаушылар жағында тұрған, алайда сонау ауыр күндерде азаматтық адал позициясын көрсете білген генерал Мұрат Қалматаев желтоқсаншыларды арнайы айырым белгімен марапаттау шарасын ойластыру қажеттігін айтты.

Бағдарламаны жүргізуші Иманбай Жұбаев ортаға өткір сауалдар тастай отырып, пікірлесуге қатысушы түрлі қоғамдық ұйымдар өкілдерінің жүрекжарды ойларын ірікпей ортаға салуларына жағдай жасап отырды.

Бәрі бірауығдан мойындаған шындық – империяның көбесін қақыраға соқкен алғашқы әрекеттің Алматыда жасалғаны.

На, бостандықтың айбынды семсері бірінші болып Алматыда көтерілді. Алайда оны әлем әлі мойындаған жоқ. Әлемнің не, Қазақстанның өзі бұл тарапта қырық құрауынғын танытып тұр. Әрі-беріден соң, басқасын былай қойғанда, халық қалаулысы дейтіндердің ішінде Желтоқсанның ашық мұрын шүйіретін жан да жүр. Іштей пысқырмайтындыарының ұзын санын кім дәл білсін...

Неге? Неліктен сол ұлы дүбір өзге түгіл, өз отандастарымыздың едәуір бөлігінің жүрегін жаулай алмады?

Насихат жоқ дейді көпшілік. Жаны бар байлам.

Дегенмен, басты себеп басқада. Басты себеп – себепті ашып айтудан жасқанатынымызда. Орыстар мен орыс тілді азаматтардың енжарлығында, олардың селсоқтығына, тіпті кейбіріннің мәселені әдейі бұрмалап, қиыс арнаға салуына да төзе беретінімізде, еліміздің байырғы ұлты мен оның құндылықтарын ашық менсінбеушілігіне ымырашылдықпен қарауымызда.

Бір журналист қыздың дау-дамайға төзбес өр ұнмен орысшалап төлген төккен сөздерінен («Бар мен жоқ», 24 желтоқсанда) орыс тілді қазақтардың өздерін «қоғамның ең алдыңғы қатарлы азаматтары» деп сөсілмейтінін де естідік. Жағаныңызды ұстағыңыз ба, «қара қылды қық жарғаныңа» құндылық ұрасыз ба, өзіңіз білсеіз. Бұл ретте сол қыз баланының тектестерімен бірге «қоғамның ең алдыңғы қатарлы азаматтары» қатарына аға-бабаларының қалдыр түткінен ұлттың құндылықтарын тәрк етіп «жөкеңдеріңне», шыншұайытқа келгенде, өздерінің әуелі шағыналық, зарпызған көңестік империя жүргізген орыс-тандыру саясатының құрбандығын еске алды-тәріс намыстанбайтындықтары мені ізбәрің қалдырды.



(Осы ретте ана тілін білмегенмен, ұлттық рухы мықты қандастарымыздың аз еместігін ризашылық сезіммен айта кетуді парызым деп білемін).

Бірақ, анығына келгенде, таңырқарлық та ештеңе жоқ-ты. Өйткені оның себебін Мұстафа Шоқай (қазақ тарихындағы қасиетті де қасіретті тұлға) баяғыда-ақ дөп басып айтқан еді. Тұжырымдарының кейбіріне құлақ түрелік. Патшалықтың отаршылық саясатының сұмдығы да, басқа отарлаушылардан айырмашылығы да – басып алған жерлерін міндетті түрде орыс жеріне, бағындырған халқын кәдімгі орысқа айналдырып жіберуге тырысатындарында деген-ді ол. Кеңес өкіметі «лениндік ұлт саясатының» күллі практикасын ұлттық рухымызды түбірімен жұлып тастауға құрып отыр деп түйген әшкере пікірін де жария еткен.

Ұзамай большевизм ұйымдастырған жасанды ашаршылық салдарынан көшпелі жұрттың жартысынан астамы жойылды. Одан кейінгі – ұлттық апат қаңыратып тастаған алып далаға өзге ұлт өкілдерін үйіп-төгіп әкелу, қазақ сүйегі үстінде жұмақ орнату әрекеті барысындағы көпірме-көлгір сөздер, патшаның қолынан ғасырлар бойы келмегенді кеңестік әдіспен қысқа мерзімде жүзеге асырдық деп ашықтан-ашық мақтанып, барша ұлт пен ұлысты «коммунизмге орыс тілімен» апаруға шақырған ұран, т.т. с.с. жәйттер, ақырында Сексен алтының қасіретті Желтоқсаны – Мұстафаның құлаққа ілінбеген ескертулерінің кеңестік «демократия» жағдайында рас боп шыққанын куәландырады.

Қайран Мұстафа Шоқайұлы, елі үшін қабырғасы қайысқан Ұлы Түркістандық, сонымен бірге асқан білімпаз да зиялы Еуропалық атанған асыл жан! Бұл кісінің жүрек жұтқан ерен еңбегін біз әлі күнгі әділ бағалай алған жоқпыз. Бағаламақ түгіл, ел-жұртқа, өз отандастарымызға (әсіресе, өздерінің «қоғамның ең алдыңғы қатарлы азаматтары» екендіктеріне шәк келтірмейтін орыс тілді қандастарымызға) таныта алмай жүрміз. Оларға Мұстафаның да, оның ұлттық-мемлекеттілік мүдделерді көздеген ойларының да керек-

гі жоқ. Себебі оларды тоталитарлық билік ұлдыержавалық коммунистік илеуге көндіктіріп, бодандық санадан өзгенің бәрінен шошитын деңгей-діңгекке байлап қойғалы қашан. Бодандық сананың қырағы күзетшілері большевизмді биік үлгі тұтатын белсенділер қатарынан табылған, солар мен солардың тәрбиесін, жақсылығын, көмегін көргендер толып жатыр, қанға сіңген әдет оңайшылықпен кетсін бе.

Ал мұндай қылықтың нәр алар тамырын Мұстафа-қайраткер сонау көлгір саясат бастауын сыни талдауға алған ғылыми-көпшілік публицистикасында бүркеуін сыпырып, жазанаптап тұрып, жіліктеп ашып беріп кеткен еді. Желтоқсан көтерілісі де, мемлекеттік тіл де сондағы әшкереленген себептерге байланысты еленбеуде. Мұстафа Шокайдың өзінің де танылмау себебі сонда. Танылу қайда, әлі күнгі жау және сатқын санатында. «Қоғамның ең алдыңғы қатарлы азаматтарының» көзімен. Және солардың арқасында. Сондай мазмұндағы соңғы жарияланымдардың бірі «Новости недели» апталығының бетінде Асқар Умаров деген автордың қолымен көрінді (№ 49, 4–10.12.02. «Туркестанский легион»). Ол да «қоғамның ең алдыңғы қатарлы азаматтарының» бірі болуға керек. Себебі, егер мемлекеттік тілдегі жарияланымдарды (әр кезгі зерттеулерді, Шокайдың өз кітаптарын, замандастарының, зайыбының естеліктерін, солардың ішіндегі орысша жазылғандарын да) оқыған болса, жалпы, бір сәт астамшылық пікірден сәл төмен түсіп, тап осынау ұлт аяулысы және күллі кемсітілген түркі намысын жыртқан саяси қайраткер хақындағы танымын кенейтуге иеткеннен болса казак оқырмандары үшін әлдеқашан айқындалған шындыққа жала жабуын қояр еді. Оған қайтадан кеңес көсемдерінің қиянат жасамас еді, қайта, орыс тілді азаматтардың аурыс ақпарат алуына ықпал етер еді.

Баршаға мәлім, Мұстафа Шокай кеңес өкіметінің жаңа отаршылдықты аса зымиян тәсілімен жалғастырғанын ғалым және көсемсөзші ретінде нақты дәлелдер келтіре отырып, бағыс демократиясының бел ортасында әшкереленіп тұр-

ды. Бұл ретте орыс эмиграциясының, жалпы, шет елдердің мерзімдік басылымдарын пайдаланып қана қоймай, өзі де журнал («Жас Түркістан», Берлин, 1929–1939 жж.) шығарды. Журнал шығарудың елеулі қаржы талап ететіні белгілі, сондықтан ол кеңес өкіметіне қарсы күштерден одақтас іздеді, тапты да. Атап айтқанда, оған Польшаның мемлекет қайраткері, кеңес билігі өте ұнатпаған маршал Юзеф Пилсудский тұрақты көмек беріп тұрды.

Немістер Кеңестер еліне соғыс ашқан күні (22.06.1941) Франция астанасы түбінде тұратын Мұстафаны тұтқындады. Күллі орыс эмиграциясының бас көтерерлерімен бірге қамап, Компьен лагерінде біраз ұстады. Әрине, фашистер оны, өте ірі, беделді тұлғаны, өз мақсаттарына пайдаланғысы келді. Мария Яковлевна соғысты да, әскери киімді де жек көретін ерінің осы орайда айтқанын естелігінде жазып кеткен: немістер оның кеңес әскері қатарындағы түркістандықтарға арнап радиомен үгіт-сөз сөйлеуін сұрапты, алайда оған Мұстафа келіспеген. Әлдебір әрекет жасауға келісімін беруден бұрын ол соғыстың алғашқы күндерінен топ-тобымен тұтқынға түсіп жатқан кеңес жауынгерлерінің ішіндегі түркістандық жерлестерін өз көзімен көріп әңгімелесуге тиіс екендігін аян еткен. Ал соғыс тұтқындарын аралағандағы мақсатын Сувалки лагерінде қамауда болған бұрынғы кеңес офицері Қарыс Қанатбайдың естелігінен айқын білуге болады: Мұстафа жерлестері алдындағы сөзінде «біртұтас түркістандық халықтың ұлдарын» тікенек темір артындағы азаптан құтқарып, «біздің болашақ отанымыз Түркістанды көркейтуге қажет мамандықтар алулары үшін» әртүрлі арнайы жұмыстарға орналастыруды өзінің басты парызы санайтынын айтқан. Ол тек қандастарына ғана жәрдем берумен шектеліп қалған жоқ. Бұрынғы Мемлекеттік Дума мүшесі, кеңес әскері басып алғанға дейінгі Грузия сыртқы істер министрі болған Александр Чхенкели естелігінде Мұстафа Шоқайдың концлагерьлерді аралап жүрген күндері өз басын қатерге тіге отырш, тұтқындағы әлденеше ондаған грузин

жігіттерін атылудан құтқарып қалғанын жазды. Мұстафа неміс әскерінің лагерьлердегі соғыс тұтқындарына көрсетіп отырған айуандық азаптарын әшкерелеп, фашистік Германия көсемдеріне баян-хат та жолдады, сол хатында ол немістердің мұндай қылықтарымен өздерін озық ұлт деп санауға хақылары жоқ екенін батыл мәлімдеді. Сондықтан да оның көзін жоюға үшінші рейхтің де, кеңес басшылығының да мүдделі болғаны күдік туғызбайды. Сол себепті, Шоқайдың сүзектен айықпауына әлдебір астыртын күштердің «камкор» болуы өте ықтималдығын ескеру жөн, соның анық-қанығына жету абзал. Қазіргі ғылым жетістігі оны әбден мүмкін етеді, тек бұған биік ықылас керек.

Берлинде, 1941 жылғы 27 желтоқсанда, Мұстафа Шоқай дүниеден өтті. Содан бес күн бұрын, 1941 жылғы 22 желтоқсанда, вермахт соғыс тұтқындарынан әскери бөлімдер жасақтау туралы шешім шығарған-ды. Концлагерьлерді ондаған арнайы комиссия аралады. Тұтқындар алдында не лагерьдегі азаптан табатын ит өлімді, не жасақталмақ әскерге қосылыш, тірі қалуды тандап алу жолы тұрды. Кейін майданға жіберілген жасақтардың кеңес әскеріне берілуге тырысуы негізінен сол себептің нәтижесі болса керек. Жә, легион – жеке әңгіме тақырыбы, анығы – Мұстафа оны құрған жоқ. Сондықтан істемегенін істеді деп жала жабуды доғару ләзім, одан да оның істегендерін елге таныту жөн.

Бұдан бір мүшел ілгеріде, идеологиялық сүзгі тұтқырлығын жоғалта қоймаған 1990 жылдың көктемінде, сықиған сак «саясаткерлер» ұзақ жылдар есімін атауға тыйым салып келген Мұстафа Шоқай жайында алғаш рет ой тастау-жарияланымды жүзеге асырғанын, одан, өмірі мен қызметін оқырмандарға кеңірек таныту мақсатымен, сол жылғы желтоқсанда тағы да бірінші мәрте Мұстафаның саяси портретінің нобайын жасағанын осы жолдар авторы мақтан тұтады. Содан бері оқырман тұшынып оқыған небір еңбек – сананы дүр сілкіндірер көсемсөздер мен салиқалы ғылыми зерттеулер туды (Онуэр Әлімжанов, Әбу Тәкенов, Мәмбет Қойгелдиев,

Айтан Нүсіпхан, Оразбек Сәрсенбай, Бақыт Садықова, т.б., шетелдік Хасен Оралтай мен Абдулақап Қара жұмыстары), ғалым-қайраткердің өз сөзі еліне оралды. Бәрібір мақсат үдесінен шыққан жоқпыз. Себебі жоғарыда аталды, сондықтан бұл мәселе күн тәртібінен түспесе керек.

1929 жылғы желтоқсанда Мұстафа Шоқай «Жас Түркістанын» шығаруды бастады. Ол өзінің журналын азаттық пен тәуелсіздік жолындағы күрестің туы деп атаған еді. Солай дей тұра, күрес туының көтерілуі – бұл әлі жеңістің өзі еместігін, оның бар болғаны жеңіске шақыру ғана екенін ескерткен-ді. Бостандық мүддесін сан қырынан қозғап отырған сонау журналының шын мәнінде жеңіске бастар шамшырақ болғанына қазіргі таңда еш күмән келтіре алмайсың. Кезінде партия-кеңес идеологиясы оның сөзін халқына шым-шымдап та жеткізбеді, тонын айналдыра бұрмалап, «дұшпандық» бейнесін қара бояумен әлеміштей берді.

Тәубә, Мұстафа айтқан күрес туына – баспасөзге – ел аңсаған әділ сөзді еркін айту құқын Тәуелсіздік беріп отыр. Сол күрес туы Желтоқсан мен Мұстафаға қатысты әділдік орнағанша жеңіске шақырып желбірей түсуге тиіс.

Мұстафа Шоқай аруағына бас иер бүгінгі ұрпақ қайраткермен және оның идеяларымен терең тамырлас Желтоқсан алдындағы борышын зайыр түйсінсе, сөйтіп онысын адал өтесе дейсің. Сонда ондай қадамның ұлт мүддесі хақындағы толық жеңіске қол жеткізу кепілі болары хақ. Ендеше, соған ұмтылу – баршамыздың парызымыз. Сол ұмтылыста елеулі де бетбұрысты қадамды жоғарғы билік жасаса дейсің.

Парламенттің саяси ерік-жігер білдіріп, сананы отарсыздандыруға бағытталатын маңызды да пәрменді, кешенді құжат қабылдауы дұрыс болмақ. Сонда тәуелсіздікке, теңдікке қатысты көп мәселемен қатар Желтоқсан көтерілісі мен демократ күрескер Мұстафа Шоқай тұлғасының тарихи тұрғыда лайықты бағалануын қамтамасыз етер әділет орнауына заңдық тұғыр, бекем негіз жасалар еді.

*27 желтоқсан 2002 ж.*

## ШАЛА ДА ҚАТЕРЛІ ҚҰЖАТ ЖОБАСЫНА ҚАРСЫЛЫҚ

Халық пен билікті Тілек бірлігі біріктіреді. Өкінішке қарай, жер мәселесінде бұлар екі жарылып тұр. Өйткені Тілектері бір емес. Биліктің жерді сату пиғылы көпке ұнаған жоқ. Бірақ жер-суды саудаға салуға бекінген өкімет қарашаның онымен жақтырмағанын елегісі келмеді. «Ит үреді, керуен көшедінің» керімен, өз бағытынан тайған жоқ. Алайда оның өз бағытын заңдастырмақ ниеті халық тарапынан кері қағылғалы қай заман. Жер кодексінің жобасын жариялауынан көп бұрын, Соған қарамастан, халық қабылдамаған жоспарын басқарушыларымыз қилы тәтті қулықпен орап-әдемілеп, болашағымызды құратын құжат ретінде алға тартқалы да айдап асты. Қанша сынға ұшыраса да, халық тілегіне қаншама кереғар болса да, алған бетінен қайтар емес.

Қазір нақты шешім жасаудың (әрине, парламентте қабылдағұдыны) шешуші шараларының бірін (тұрақты демократиялық кеңес атты құрылымның ұсынысын әзірлету саласын) іске қосып қойды. Өлді «жерді базар (рынок) айналымына түсірудің пайдалылығын» ғалымдар, «демократтар» бірлесіп дәйектен, халық қатаулылары ордасында парламенттік көңілділіктің тиісті заңды қабылдауына маңызды жәрдемің береді деп тоса ғана қалғандай.

Дегенмен, сол тұрақты кеңес те, мәжілісшілер де, жобаны ұсынудың үкімет те тағы бір рет сол-пәл ойлағанын қашар деген үмітпен, осы жолдарды назарға ұсынуды жөн көріп отырмын. Себебі болашақ өмір үшін (тәуелсіздік үшін!) аса қиынға қан қабылданғалы тұр. Ал бұл ешбірді жайбарықат қалдырмаса керек.

Өркім-ақ көз жеткізе алады. Жер кодексі жобасының бабтары арасында қазақтың ұлттық мемлекеттілігін жоюға жол ашағын санылаулар жеткілісі. Мәселен, жер пайдалану

құқығының субъектілері (30-баб) қатарында шетелдік заңды тұлғалардың болмағы ап-ашық жазылғаны өз алдына, шетелдіктердің қазақ жерінен жеке меншік пұшпақ (қандай көлемде екенін ниеттеріне заңды оңтайластырып пайдалануға шеберлердің өздері ғана білер) иеленуіне осы бабта тізбеленген қазақстандық жекешелердің де, заңды тұлғалардың да, «бастапқы» жер пайдаланушымен иін тіресе тұрған «кейінгі» жер пайдаланушылық та – әрқайсысы өзіндік тәсілмен «жасыл шам» жағып қоймасына кім кепіл.

Еске алып қойыңыз – халқымыздың үштен бірі бүйіріміздегі алып көршіміздің бауырлары, сондағы айқайшыл саясаткерлердің қамқорлық аясына кірер әрі үміт артар «бесінші колоннасы». Жатсынды деп бізге кінә арта алмас, отандастарымыздың бүйрегі солай қарай бұратыны анық. Айыптау қате – тарихи отаны. Ана жылы бір саясатшысының айтқанындай, әлгі үштен бірдің миллионының қолында ресейлік паспорт бар. Тап сол себепті қазір шекараға тақаяу белгілі ауыл Ресей құрамына өтпек. Кейбір өнеркәсіпті қала тұрғындары да сондай ұмтылыс танытуда. Тура осы Алматыда туғалы Ресейді көрмеген, кәмелетке енді толған балалардың қолында Ресей паспорты жүр. Бұған сонау патша заманы бастап, кеңестік дәуір қостап, ең шұрайлы қазақ жерлеріне сол ағайындарды түбегейлі орнықтырғанын қосыңыз. Соны ойлағанда – ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде тауарлы астық өндіру, орман өсіру (24-баб) тізгіні қандай жекеменшікшілдердің қолына түспегін шама-лау қиын емес.

Ал қалтасы тесік кедей қазақ, мықтағанда соларға жалданады. Шынтуайтында, ол да екіталай. Иә, оны жұмысқа ала қоюларының өзі күдікті, қисындырағы – аталған шаруаларды атқарту үшін меншік иелері «өз жерлеріне» өз қандастарын қоныстандыруға тырысады, бұл өз-өзінен түсінікті.

Сонда ел иесі аталатын халыққа резервацияларында күнкөріс қамымен азып-тоза беру қалады. Үйдің ішін сыртта жүрген үй иесі емес, ішінде отырған нақты тұрғын жақсы

және қалауынша жайғастырады... Айналып келгенде, бұндай ахуал 20-ғасырдың басындағы езгі мен қыспақ, құлдық салдарынан орын алған «аграрлық тәртіпсіздіктер» деп аталған халық наразылығынан жүз жылдан кейін, үстіміздегі осынау жаңа ғасыр басында қайта бой көтеруіне жол ашады.

Тарихқа көз салып отыру ләзім. Әрбір халық қалаулысы, билік буындарын ұстап отырған мемлекеттік қызметші өзін тарихпен тәрбиелеуге тиіс. Ал тарихта үлгі аларлық сәт жетеді. Әлгінде ауызға алған «аграрлық тәртіпсіздіктер» (жер алпауыттары пайдасына жер өңдеп құлдық өмір кешкен тіршілік бұрқ еткізген наразылық) бір ұшымен қазақ жерін де қамтыған-ды. (1891 жылғы Дала низамы бойынша қазақ жері Ресей мемлекетінің меншігі деп жарияланған. Мемлекет өз меншігінен астанадағы аксүйектерге сыйға жер кесіп бере бастаған. Сөйтіп, өмірінде Қазақ елін көрмеген князьдердің бірқатары сырттай-ақ оның ішінен, шұрайлы атамекенінен айрылған қазақ есебінен, меншікті жерге ие болып, жалшысына жалшы, байлығына байлық қосып масайрап қалған).

Бірінші орыс революциясы дауылдатқанда, әділет туралы айқын түсінігі бар адал мемлекеттік шенеуніктердің арасында «аграрлық тәртіпсіздіктердің» түп-тамырына үңіле білгендер, сөйтіп үкіметке әділ шешім жолын көрсеткендер болды. Жер жөніндегі бас басқарушы князь Кутлер алпауыттардан жер-суды ешқандай өтеусіз тартып алып, белгілі бір үлеспен шаруаларға үлестіру жоспарын ұсынды. Алғашқы екі Мемлекеттік Дума да жер хақында әділ заң шығаруға міндеттенді.

Ал әділетті ниеттерге патшаның қандай әрекетпен жауап бергені баршаға мәлім. Патша қош көрген қоныс аударушылар легі қазақты тақырға қуып шықты. Кейін оны революциялық өкімет жөңдеймін деп, халықты өтірік уәдесімен алдаусыратты, іс жүзінде килы саяси науқанымен көшпенді елдің тоз-тозын шығарды.

Бүгінгі Тәуелсіз елдің жаңа Жер кодексінің жобасы сондағы қылмысты қателіктер мен бұрмалауларды түзетудің



орнына, тереңдете түсетін түрі бар. Қабылданған жағдайда ол жаңа алпауыттардың пайда болуына заңды жол ашады. Тиісінше – жаңа әділетсіздік, қанаушылық, оған қарсы тууы ықтимал (жоқ, міндетті түрде туатын!) қарсылық, (жаңа «аграрлық тәртіпсіздіктер»!) негізін қалайды. Ал алпауыттар мен жер иеленушілер шетелдік болған жағдайда (күні бүгін қазақстандық отандасымыз дейтін орыс ағайындардың Ресей шекарасына тақау тұратындары өз төл отанына қосылу әрекетінде жүргені – Огнеупорныйды, Жетіғараны алыңыз – қанша жасырсаң да, ертең аныққа шығатын нәрсе) – елдік нышанды жоғалтар кезімізді тақалта түседі.

Сонымен, бұл құжат жобасы – елбұзарлық шаруаны заң жолымен атқаруға жол ашатын жоба. Құжаттың тап соған қызмет ететініне, Кодекс жобасының, әсіресе, 13–15-бабтарымен танысқанда көзің жете түседі. Мұнда Үкімет құзыретіне жерді қорғау мен пайдаланудың негізгі бағыттарын әзірлеу, мемлекеттік жер кадастры мен жер мониторингін жүргізу тәртібін белгілеу, т.т., жер ресурстарын басқару органына осы орайдағы бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу, т.т. нақты практикалық іс-шараларын жүзеге асыруды жүктеу көзделген.

Демек, жер сатқысы келетін шенеуніктердің қолында әзірге заңмен бекітілген бірыңғай мемлекеттік саясат жоқ, оны жасау тек жобалануда. Және ол іс-дағдымен (жерді бөліске салумен, дұрысында, осыған дейін бөліп беріп қойғандарын заңдастырумен) қатар жүретін сияқты. Ендеше, жер іс жүзінде баяғыда-ақ бөлініп кеткен деген жаны бар қауесеттерді есепке алсақ, мемлекеттік саясатты жасап-бекіту – мәселенің соңына, атқарылған істі растай салуға қалдырылған. Яғни бұл жәйт Қазақстан Республикасының Жер кодексі жобасы қазақ халқының ұлттық-мемлекеттік мүддесіне жауап бермейтін залалды құжат болғалы тұрғанын дәлелдей түседі.

Қазір халық жер сатуға жаппай қарсы (жекелеген билікке қызмет етушілер мен жер иеленушілердің бұл шараның «пайдалылығына» екпін қойып, жанталаса үгіттегеніне қа-

рамастан). Ал талқылауда жүрген Жоба жерді сату түгіл, ұзақ мерзімге пайдалануға бергеннің өзі қазақ халқына қарсы жасалған қиынғатты түзетпейтінін, қайта оны тереңдете түсетінін көрсетіп отыр. Жоба шикі.

Оның қабылдануына халықтың келіспейтіндігі «Бар мен жақ» телехабары («Қазақстан» ұлттық телеарнасы, 28. 02. 2003) жүргізген сұрау салуда айқын көрінді: хабарласқандардың 73 пайызы Жер кодексі жобасын қабылдамау жағында өкен. Жоба оны жасаушылардың жер қатынасы сынды күрделі мәселеге басынан емес, аяғынан келгенін, керуен соңына ілесуші болып қана кірісіп отырғанын көрсетіп отыр.

Демек, Жер кодексінің жобасы Мәжіліс талқылауынан кері шақырып алынуға тиіс. Егер біздің Үкімет тарапынан ондай арты батылдық көрсетілмесе, онда Парламент оны қабылдаудан бастарту керек. Өйтпесе Елбасы араласқаны жөн. Жәй ғана кері қағу аз, жерді пайдаланудың базалық параметрлері ашып айтылатын, Жер кодексін дұрыс жасауға негіз боларлық құжат қабылдау қажет.

Шаршты түрде оны «Қазақстан Республикасының жер саясаты» деп атайық. Міне, сол құжатта ұлттық мемлекеттің ірілетасын нығайту көзделетініні басты парыз ретінде аған айғылыш, үлкен әріппен жазылатын Қазақ Мемлекетінің жер жөніндегі негізгі мақсат-мүддесін тұжырымдау ләзім. Айқын, нақты саяси тұғырнамасы болмай тұрып, әйтеуір «жерінді келілдікке қойып, банкпен ақша атасын» деген, қазіргі таңда күмәнділігі басым экономикалық желеумен, ел ерекшеліктерін ескермей, түбінде елдіктен айрылуға апаратын заң қабылдауға жол беруге болмайтыны кім-кімге де түсінікті болса керек.

Ал қазақтың әрең қолы жеткен ұлттық мемлекетін нығайтудың қиын да дұрыс жолы, мемлекеттік жер саясатында ерекше қадан айтылуға тиіс жәйт – өз елінде құнарсыз шалғайларға шығып қалған, кенестік бұрмалаулар кезінде шетел асып кеткен халықты ең алдымен жерге орналастыру болмақ керек.

Қазақстан Кеңестерінің 1925 жылғы Бірінші (бесінші) Ақмешіт съезі қазақтарды жерге бірінші кезекте жайғастыру хақында тарихи қарар шығарғанды, оны орындауға орталықтағы әсіре большевиктердің жергілікті шолақ белсенділерге сүйенсе отырып мүмкіндік бермегені белгілі.

Енді, мемлекеттік тәуелсіздік жағдайында, тәуелсіз ел өз халқын қорғай алмайды дегенге кім сенбек? Онда тәуелсіздікті несіне алдық деген орынды сұрақ тумай ма ел-жұртта. Егемендікке лайық болу шарт. Бұл істі қазақстандықтардың ешқайсысын ренжітпей, құқын шектемей жүргізуге болады, соның қисынын құжатта таратып баяндау ләзім. «ҚР жер саясаты» елде осы уақытқа дейін орын алған жер бөлістің жалғастырылуына шұғыл тыйым салуға тиіс. Бұрын бөлініп-сатылып кеткен жерлерді пайдалану Жер кодексі қабылданғанға дейін жалға берілу құқымен жүре беретіні ескертіліп, жерге меншік құқының жаңаша, заңды нормамен қайта қаралатыны дәлелдену керек. Сөйтіп, жер қатынастарын ескіше дамытуға мораторий жариялау жөн.

Халыққа таратылған шартты жер үлесін мораторий кезінде мұқият тексеріп, ешкім (елдегі, шеттегі) қағажу қалмайтындай әділдікпен рәсімдеуді аяғына жеткізу дұрыс. Мәселе тек әркімге шартты үлесін қағаз жүзінде үлестіріп беруде емес, сол шартты үлесімен әркімді нақты жерге бекітуде екенін ашып айтып, жүзеге асыруды көздеуде жатыр. Тауарлы астық өндіру алқаптарын, орман-тоғайды беймәлім заңды тұлғалар емес, шартты жер үлестерін біріктірулері арқылы өз бірліктерін дүниеге әкелетін халық иеленуге тиіс. Ондай жерлерде жұмысты ұйымдастырып-басқаратын заңды тұлғаны солар құруға керек. Бұл істе жариялылық болсын. Сонда халықта реніш тумайды. Есесіне, халықтың өз қалаулыларына, Үкіметіне деген сенімі артады. Тілек бірлігі орын алады. Ал оның ел тәуелсіздігін нығайтуға бекем кепіл болары хақ.

## БІЗДЕ «ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҰЛТ» ЕМЕС, ҚАЗАҚ ҰЛТЫ ҚАЛЫПТАСУЫ КЕРЕК

*Президент аузынан «қазақстандық ұлт» идеясы шығысымен, Қазақстан Халықтары ассамблеясында да, зиялы қауым өкілдері ішінде де сан түрлі ой-пікірлер айтылып келеді. Қазірше еліміздегі басқа ұлт өкілдерінің де, мемлекет иесі – қазақ халқының да бұл идеяға іші-бауыры тартылып тұрған жоқ. Десек те, еліміздегі басқа ұлт өкілдерінің әлемнің түкпір-түкпірінде өз Отандары барын ескеріп, оларға дүниежүзілік тәжірибеде бар нәрсе – мекен етіп тұрған жеріне орай «қазақстандық» деп ұлтын анықтасақ, олар бәрібір де ұлт ретінде жоғалмасы анық. Бізді қынжылтатыны – егер өз елімізде «қазақстандық ұлт» пайда болса, қазекемнің «қазақ» болып қалатындай қай жерде тағы бір Отаны бар еді? Ұлтымыздың «ұлттық болашағы» мен жаңа идеяға қатысты ойларымен жазушы, журналист Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ бөлісті.*

– Жуырда «қазақстандық ұлт» қалыптастыру идеясы жария етілді. Сіз бұл идеяға қалай қарайсыз?

– Мен бұл идеяға теріс қараймын. «Қазақстандық ұлт» жасау деген – қисынсыз нәрсе, қиял. Себебі ұлт бар, халық бар. Біз қазір «Қазақстан халқы» деген сөзді көп қолданамыз. Бір жағынан, бұл орынды, өйткені «Қазақстан халқы» деген – Қазақстан атты аумақта бір шаңырақ астында өмір сүріп отырған сан ұлт өкілдерінің қауымдастығы, интернационалдық қауымдастық. Осынау «Қазақстан халқы» атты интернационалдық қауымдастықта өмір сүріп отырған жұрттар біздің елімізде жамандық көріп жатқан жоқ. Әрқайсысы өзінің тілін, ділін дамытуда. Өздерінің мәдени орталықтары да бар. Олардың ешқайсысы да Қазақтаннан кеткісі келмей-

ді, кетпейді де. Себебі басқа ұлт өкілдері өздері өмір сүріп отырған қазақ жерін өз атамекеніндей көріп, екінші Отаным деп есептейді. Сондықтан өздерінің «Қазақстан халқы» деп аталуына ешқайсысы да қарсы емес, өйткені олар «Қазақстан халқының» құрамдас бөліктері. Демек, еліміздің тұрғындарын «Қазақстан халқы» деу нақты шындыққа сай келеді.

Ал «қазақстандық ұлт» деген не? Ол ой жетер болашақта жүзеге аспайтын нәрсе. Бірақ мұндай идеяның болуы да, оны өмірге енгізуге әрекет ету де өте зиянды.

Неге? Себебі бір ұлт болу үшін халықтың әбден қалыптасқан 4-5 белгісі мойындалуы қажет. Ол көне заманнан айтылып келе жатқан жәйт қой. Марксистер, әсіресе Сталин кезінде ұлттың белгілерін жақсылап тұжырымдап берген. Ұлтты анықтайтын белгілер – тілі, мәдениеті, тарихы, ортақ аумақта өмір сүруі және ділі (менталитеті) болуға керек.

Көзделген бір «қазақстандық ұлтты» жасау үшін еліміздің жүзден астам ұлт өкілдерін, барша ұлттық өзіндік белгілерін сақтап отырған диаспораларды бір тілде сөйлетіп, бірдей әдет-ғұрыпты, мәдени сипатты, ұлттық психологияны ұстанатындай дәрежеге қол жеткізуге тиіс болар едік. Барша ел-жұртты бұлайша сіңістіріп-біріктіру оңай шаруа емес. Бұл біздің жағдайда қолдан жасауға келмейтін нәрсе. Алда-жалда орын ала қалса, ол бір үлкен халықтың кішігірім екіншісін, күштінің әлсізін жұтуы болып шығар еді. Оның атын ассимиляция дейді.

Кеңес Одағы тұсында мұндай идея болған. Астыртын жүргізілген. Аралас некені дәріптеу сияқты түрлі жымысқы ұранмен насихатталған. Кезінде большевиктер Кеңестер Одағы халықтарынан бір ұлт жасаймыз деп армандап, 50-ші жылдары «кеңес ұлты» деген терминді қолдана бастады емес пе. Баршаға түсінікті «кеңес халқы» өз алдына. Сонда Батыс шулаған болатын: коммунистер ақыры мойындады, КСРО-да өзге халықтарды орыстандыру шегіне жеткен, кеңес ұлты барша ұсақ ұлт біткенді орыс ішінде ассимиляцияландыру негізінде жасалған деп. «Кеңес ұлты» идеясын саяси және

гі жоқ. Себебі оларды тоталитарлық билік ұлыдержавалық коммунистік илеуге көндіктіріп, бодандық санадан өзгенің бәрінен шошитын деңгей-діңгекке байлап қойғалы қашан. Бодандық сананың қырағы күзетшілері большевизмді биік үлгі тұтатын белсенділер қатарынан табылған, солар мен солардың тәрбиесін, жақсылығын, көмегін көргендер толып жатыр, қанға сіңген әдет оңайшылықпен кетсін бе.

Ал мұндай қылықтың нәр алар тамырын Мұстафа-қайраткер сонау көлгір саясат бастауын сыни талдауға алған ғылыми-көпшілік публицистикасында бүркеуін сыпырып, жалаңаштап тұрып, жіліктеп ашып беріп кеткен еді. Желтоқсан көтерілісі де, мемлекеттік тіл де сондағы әшкереленген себептерге байланысты еленбеуде. Мұстафа Шоқайдың өзінің де танылмау себебі сонда. Танылу қайда, әлі күнгі жау және сатқын санатында. «Қоғамның ең алдыңғы қатарлы азаматтарының» көзімен. Және солардың арқасында. Сондай мазмұндағы соңғы жарияланымдардың бірі «Новости недели» апталығының бетінде Асқар Умаров деген автордың қолымен көрінді (№ 49, 4–10.12.02, «Туркестанский легион»). Ол да «қоғамның ең алдыңғы қатарлы азаматтарының» бірі болуға керек. Себебі, егер мемлекеттік тілдегі жарияланымдарды (әр кезгі зерттеулерді, Шоқайдың өз кітаптарын, замандастарының, зайыбының естеліктерін, солардың ішіндегі орысша жазылғандарын да) оқыған болса, жалпы, бір сәт астамшылық пікірден сәл төмен түсіп, тап осынау ұлт аяулысы және күллі кемсітілген түркі намысын жыртқан саяси қайраткер хақындағы танымын кеңейтуге ниеттенген болса қазақ оқырмандары үшін әлдеқашан айқындалған шындыққа жала жабуын қояр еді. Оған қайтадан кеңес көсемдерінше қиянат жасамас еді, қайта, орыс тілді азаматтардың дұрыс ақпарат алуына ықпал етер еді.

Баршаға мәлім, Мұстафа Шоқай кеңес өкіметінің жаңа отаршылдықты аса зымиян тәсілмен жалғастырғанын ғалым және көсемсөзші ретінде нақты дәлелдер келтіре отырып, батыс демократиясының бел ортасында әшкерелеп тұр-

ды. Бұл ретте орыс эмиграциясының, жалпы, шет елдердің мерзімдік басылымдарын пайдаланып қана қоймай, өзі де журнал («Жас Түркістан», Берлин, 1929–1939 жж.) шығарды. Журнал шығарудың елеулі қаржы талап ететіні белгілі, сондықтан ол кеңес өкіметіне қарсы күштерден одақтас іздеді, тапты да. Атап айтқанда, оған Польшаның мемлекет қайраткері, кеңес билігі өте ұнатпаған маршал Юзеф Пилсудский тұрақты көмек беріп тұрды.

Немістер Кеңестер еліне соғыс ашқан күні (22.06.1941) Франция астанасы түбінде тұратын Мұстафаны тұтқындады. Күллі орыс эмиграциясының бас көтерерлерімен бірге қамап, Компьен лагерінде біраз ұстады. Әрине, фашистер оны, өте ірі, беделді тұлғаны, өз мақсаттарына пайдаланғысы келді. Мария Яковлевна соғысты да, әскери киімді де жек көретін ерінің осы орайда айтқанын естелігінде жазып кеткен: немістер оның кеңес әскері қатарындағы түркістандықтарға арнап радиомен үгіт-сөз сөйлеуін сұрапты, алайда оған Мұстафа келіспеген. Әлдебір әрекет жасауға келісімін беруден бұрын ол соғыстың алғашқы күндерінен топ-тобымен тұтқынға түсіп жатқан кеңес жауынгерлерінің ішіндегі түркістандық жерлестерін өз көзімен көріп әңгімелесуге тиіс екендігін аян еткен. Ал соғыс тұтқындарын аралағандағы мақсатын Сувалки лагерінде қамауда болған бұрынғы кеңес офицері Қарыс Қанатбайдың естелігінен айқын білуге болады: Мұстафа жерлестері алдындағы сөзінде «біртұтас түркістандық халықтың ұлдарын» тікенек темір артындағы азаптан құтқарып, «біздің болашақ отанымыз Түркістанды көркейтуге қажет мамандықтар алулары үшін» әртүрлі арнайы жұмыстарға орналастыруды өзінің басты парызы санайтынын айтқан. Ол тек қандастарына ғана жәрдем берумен шектеліп қалған жоқ. Бұрынғы Мемлекеттік Дума мүшесі, кеңес әскері басып алғанға дейінгі Грузия сыртқы істер министрі болған Александр Чхенкели естелігінде Мұстафа Шоқайдың концлагерьлерді аралап жүрген күндері өз басын қатерге тіге отырыш, тұтқындағы әлденеше ондаған грузин

## ШАЛА ДА ҚАТЕРЛІ ҚҰЖАТ ЖОБАСЫНА ҚАРСЫЛЫҚ

Халық пен билікті Тілек бірлігі біріктіреді. Өкінішке қарай, жер мәселесінде бұлар екі жарылып тұр. Өйткені Тілектері бір емес. Биліктің жерді сату пиғылы көпке ұнаған жоқ. Бірақ жер-суды саудаға салуға бекінген өкімет қарашаның онысын жақтырмағанын елегісі келмеді. «Ит үреді, керуен көшедінің» керімен, өз бағытынан тайған жоқ. Алайда оның өз бағытын заңдастырмақ ниеті халық тарапынан кері қағылғалы қай заман. Жер кодексінің жобасын жариялауынан көп бұрын. Соған қарамастан, халық қабылдамаған жоспарын басқарушыларымыз қилы тәтті қулықпен орап-әдемілеп, болашағымызды құратын құжат ретінде алға тартқалы да айдан асты. Қанша сынға ұшыраса да, халық тілегіне қаншама кереғар болса да, алған бетінен қайтар емес.

Қазір нақты шешім жасаудың (әрине, парламентте қабылдатудың) шешуші шараларының бірін (тұрақты демократиялық кеңес атты құрылымның ұсынысын әзірлету саласын) іске қосып қойды. Енді «жерді базар (рынок) айналымына түсірудің пайдалылығын» ғалымдар, «демократтар» бірлесіп дәйектеп, халық қалаулылары ордасында парламенттік көпшіліктің тиісті заңды қабылдауына маңызды жәрдемін береді деп тосу ғана қалғандай.

Дегенмен, сол тұрақты кеңес те, мәжілісшілер де, жобаны ұсынушы үкімет те тағы бір рет сәл-пәл ойланып қалар деген үмітпен, осы жолдарды назарға ұсынуды жөн көріп отырмын. Себебі болашақ өмір үшін (тәуелсіздік үшін!) аса қауіпті заң қабылданғалы тұр. Ал бұл ешкімді жайбаракат қалдырмаса керек.

Өркім-ақ көз жеткізе алады, Жер кодексі жобасының бабтары арасында қазақтың ұлттық мемлекеттілігін жоюға жол ашатын саңылаулар жеткілікті. Мәселен, жер пайдалану



құқығының субъектілері (30-баб) қатарында шетелдік заңды тұлғалардың болмағы ап-ашық жазылғаны өз алдына, шетелдіктердің қазақ жерінен жеке меншік пұшпақ (қандай көлемде екенін ниеттеріне заңды оңтайластырып пайдалануға шеберлердің өздері ғана білер) иеленуіне осы бабта тізбеленген қазақстандық жекешелердің де, заңды тұлғалардың да, «бастапқы» жер пайдаланушымен иін тіресе тұрған «кейінгі» жер пайдаланушылық та – әрқайсысы өзіндік тәсілмен «жасыл шам» жағып қоймасына кім кепіл.

Еске алып қойыңыз – халқымыздың үштен бірі бүйіріміздегі алып көршіміздің бауырлары, сондағы айқайшыл саясаткерлердің қамқорлық аясына кірер әрі үміт артар «бесінші колоннасы». Жатсынды деп бізге кінә арта алмас, отандастарымыздың бүйрегі солай қарай бұратыны анық. Айыптау қате – тарихи отаны. Ана жылы бір саясатшысының айтқанындай, әлгі үштен бірдің миллионының қолында ресейлік паспорт бар. Тап сол себепті қазір шекараға тақау белгілі ауыл Ресей құрамына өтпек. Кейбір өнеркәсіпті қала тұрғындары да сондай ұмтылыс танытуда. Тура осы Алматыда тугалы Ресейді көрмеген, кәметке енді толған балалардың қолында Ресей паспорты жүр. Бұған сонау патша заманы бастап, кеңестік дәуір қостап, ең шұрайлы қазақ жерлеріне сол ағайындарды түбегейлі орнықтырғанын қосыңыз. Соны ойлағанда – ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде тауарлы астық өндіру, орман өсіру (24-баб) тізгіні қандай жекеменшікшілдердің қолына түспегін шама-лау қиын емес.

Ал қалтасы тесік кедей қазақ, мықтағанда соларға жалданады. Шынтуайтында, ол да екіталай. Иә, оны жұмысқа ала қоюларының өзі күдікті, қисындырағы – аталған шаруаларды атқарту үшін меншік иелері «өз жерлеріне» өз қандастарын қоныстандыруға тырысады, бұл өз-өзінен түсінікті.

Сонда ел иесі аталатын халыққа резервацияларында күнкөріс қамымен азып-тоза беру қалады. Үйдің ішін сыртта жүрген үй иесі емес, ішінде отырған нақты тұрғын жақсы

және қалауынша жайғастырады... Айналып келгенде, бұндай ахуал 20-ғасырдың басындағы езгі мен қыспақ, құлдық салдарынан орын алған «аграрлық тәртіпсіздіктер» деп аталған халық наразылығынан жүз жылдан кейін, үстіміздегі осынау жаңа ғасыр басында қайта бой көтеруіне жол ашады.

Тарихқа көз салып отыру ләзім. Әрбір халық қалаулысы, билік буындарын ұстап отырған мемлекеттік қызметші өзін тарихпен тәрбиелеуге тиіс. Ал тарихта үлгі аларлық сәт жетеді. Әлгінде ауызға алған «аграрлық тәртіпсіздіктер» (жер алпауыттары пайдасына жер өндеп құлдық өмір кешкен тіршілік бұрқ еткізген наразылық) бір ұшымен қазақ жерін де қамтыған-ды. (1891 жылғы Дала низамы бойынша қазақ жері Ресей мемлекетінің меншігі деп жарияланған. Мемлекет өз меншігінен астанадағы аксүйектерге сыйға жер кесіп бере бастаған. Сөйтіп, өмірінде Қазақ елін көрмеген князьдердің бірқатары сырттай-ақ оның ішінен, шұрайлы атамекенінен айрылған қазақ есебінен, меншікті жерге ие болып, жалшысына жалшы, байлығына байлық қосып масайрап қалған).

Бірінші орыс революциясы дауылдатқанда, әділет туралы айқын түсінігі бар адал мемлекеттік шенеуніктердің арасында «аграрлық тәртіпсіздіктердің» түп-тамырына үңіле білгендер, сөйтіп үкіметке әділ шешім жолын көрсеткендер болды. Жер жөніндегі бас басқарушы князь Кутлер алпауыттардан жер-суды ешқандай өтеусіз тартып алып, белгілі бір үлеспен шаруаларға үлестіру жоспарын ұсынды. Алғашқы екі Мемлекеттік Дума да жер хақында әділ заң шығаруға міндеттенді.

Ал әділетті ниеттерге патшаның қандай әрекетпен жауап бергені баршаға мәлім. Патша қош көрген қоныс аударушылар легі қазақты тақырға қуып шықты. Кейін оны революциялық өкімет жөндеймін деп, халықты өтірік уәдесімен алдаусыратты, іс жүзінде қилы саяси науқанымен көшпенді елдің тоз-тозын шығарды.

Бүгінгі Тәуелсіз елдің жаңа Жер кодексінің жобасы сондағы қылмысты қателіктер мен бұрмалауларды түзетудің

орнына, тереңдете түсетін түрі бар. Қабылданған жағдайда ол жаңа алпауыттардың пайда болуына заңды жол ашады. Тиісінше – жаңа әділетсіздік, қанаушылық, оған қарсы тууы ықтимал (жоқ, міндетті түрде туатын!) қарсылық, (жаңа «аграрлық тәртіпсіздіктер»!) негізін қалайды. Ал алпауыттар мен жер иеленушілер шетелдік болған жағдайда (күні бүгін қазақстандық отандасымыз дейтін орыс ағайындардың Ресей шекарасына тақау тұратындары өз төл отанына қосылу әрекетінде жүргені – Огнеупорныйды, Жетіғараны алыңыз – қанша жасырсаң да, ертең аныққа шығатын нәрсе) – елдік нышанды жоғалтар кезімізді тақалта түседі.

Сонымен, бұл құжат жобасы – елбұзарлық шаруаны заң жолымен атқаруға жол ашатын жоба. Құжаттың тап соған қызмет ететініне, Кодекс жобасының, әсіресе, 13–15-бабтарымен танысқанда көзің жете түседі. Мұнда Үкімет құзыретіне жерді қорғау мен пайдаланудың негізгі бағыттарын әзірлеу, мемлекеттік жер кадастры мен жер мониторингін жүргізу тәртібін белгілеу, т.т., жер ресурстарын басқару органына осы орайдағы бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу, т.т. нақты практикалық іс-шараларын жүзеге асыруды жүктеу көзделген.

Демек, жер сатқысы келетін шенеуніктердің қолында әзірге заңмен бекітілген бірыңғай мемлекеттік саясат жоқ, оны жасау тек жобалануда. Және ол іс-дағдымен (жерді бөліске салумен, дұрысында, осыған дейін бөліп беріп қойғандарын заңдастырумен) қатар жүретін сияқты. Ендеше, жер іс жүзінде баяғыда-ақ бөлініп кеткен деген жаны бар қауесеттерді есепке алсақ, мемлекеттік саясатты жасап-бекіту – мәселенің соңына, атқарылған істі растай салуға қалдырылған. Яғни бұл жәйт Қазақстан Республикасының Жер кодексі жобасы қазақ халқының ұлттық-мемлекеттік мүддесіне жауап бермейтін залалды құжат болғалы тұрғанын дәлелдей түседі.

Қазір халық жер сатуға жаппай қарсы (жекелеген билікке қызмет етушілер мен жер иеленушілердің бұл шараның «пайдалылығына» екпін қойып, жанталаса үгіттегеніне қа-

рамастан). Ал талқылауда жүрген Жоба жерді сату түгіл, ұзақ мерзімге пайдалануға бергеннің өзі қазақ халқына қарсы жасалған қиянатты түзетпейтінін, қайта оны тереңдете түсетінін көрсетіп отыр. Жоба шикі.

Оның қабылдануына халықтың келіспейтіндігі «Бар мен жоқ» телехабары («Қазақстан» ұлттық телеарнасы, 28. 02. 2003) жүргізген сұрау салуда айқын көрінді: хабарласқандардың 73 пайызы Жер кодексі жобасын қабылдамау жағында екен. Жоба оны жасаушылардың жер қатынасы сынды күрделі мәселеге басынан емес, аяғынан келгенін, керуен соңына ілесуші болып қана кірісіп отырғанын көрсетіп отыр.

Демек, Жер кодексінің жобасы Мәжіліс талқылауынан кері шақырып алынуға тиіс. Егер біздің Үкімет тарапынан ондай арлы батылдық көрсетілмесе, онда Парламент оны қабылдаудан бастарту керек. Әйтпесе Елбасы араласқаны жөн. Жәй ғана кері қағу аз, жерді пайдаланудың базалық параметрлері ашып айтылатын, Жер кодексін дұрыс жасауға негіз боларлық құжат қабылдау қажет.

Шартты түрде оны «Қазақстан Республикасының жер саясаты» деп атайық. Міне, сол құжатта ұлттық мемлекеттіліктің іргетасын нығайту көзделетініні басты парыз ретінде атап айтылып, үлкен әріппен жазылатын Қазақ Мемлекетінің жер жөніндегі негізгі мақсат-мүддесін тұжырымдау ләзім. Айқын, нақты саяси тұғынамасы болмай тұрып, әйтеуір «жерінді кепілдікке қойып, банктен ақша аласың» деген, қазіргі таңда күмәнділігі басым экономикалық желеумен, ел ерекшеліктерін ескермей, түбінде елдіктен айрылуға апаратын заң қабылдауға жол беруге болмайтыны кім-кімге де түсінікті болса керек.

Ал қазақтың әрең қолы жеткен ұлттық мемлекетін нығайтудың қиын да дұрыс жолы, мемлекеттік жер саясатында ерекше қадап айтылуға тиіс жәйт – өз елінде құнарсыз шалғайларға шығып қалған, кеңестік бұрмалаулар кезінде шетел асып кеткен халықты ең алдымен жерге орналастыру болмақ керек.

Қазақстан Кеңестерінің 1925 жылғы Бірінші (бесінші) Ақмешіт съезі қазақтарды жерге бірінші кезекте жайғастыру хақында тарихи қарар шығарған-ды, оны орындауға орталықтағы әсіре большевиктердің жергілікті шолақ белсенділерге сүйене отырып мүмкіндік бермегені белгілі.

Енді, мемлекеттік тәуелсіздік жағдайында, тәуелсіз ел өз халқын қорғай алмайды дегенге кім сенбек? Онда тәуелсіздікті несіне алдық деген орынды сұрақ тумай ма ел-жұрты. Егемендікке лайық болу шарт. Бұл істі қазақстандықтардың ешқайсысын ренжітпей, құқын шектемей жүргізуге болады, соның қисынын құжатта таратып баяндау ләзім. «ҚР жер саясаты» елде осы уақытқа дейін орын алған жер бөлістің жалғастырылуына шұғыл тыйым салуға тиіс. Бұрын бөлініп-сатылып кеткен жерлерді пайдалану Жер кодексі қабылданғанға дейін жалға берілу құқымен жүре беретіні ескертіліп, жерге меншік құқының жаңаша, заңды нормамен қайта қаралатыны дәлелдену керек. Сөйтіп, жер қатынастарын ескіше дамытуға мораторий жариялау жөн.

Халыққа таратылған шартты жер үлесін мораторий кезінде мұқият тексеріп, ешкім (елдегі, шеттегі) қағажу қалмайтындай әділдікпен рәсімдеуді аяғына жеткізу дұрыс. Мәселе тек әркімге шартты үлесін қағаз жүзінде үлестіріп беруде емес, сол шартты үлесімен әркімді нақты жерге бекітуде екенін ашып айтып, жүзеге асыруды көздеуде жатыр. Тауарлы астық өндіру алқаптарын, орман-тоғайды беймәлім заңды тұлғалар емес, шартты жер үлестерін біріктірулері арқылы өз бірліктерін дүниеге әкелетін халық иеленуге тиіс. Ондай жерлерде жұмысты ұйымдастырып-басқаратын заңды тұлғаны солар құруға керек. Бұл істе жариялылық болсын. Сонда халықта реніш тумайды. Есесіне, халықтың өз қалаулыларына, Үкіметіне деген сенімі артады. Тілек бірлігі орын алады. Ал оның ел тәуелсіздігін нығайтуға бекем кепіл болары хақ.

## БІЗДЕ «ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҰЛТ» ЕМЕС, ҚАЗАҚ ҰЛТЫ ҚАЛЫПТАСУЫ КЕРЕК

*Президент аузынан «қазақстандық ұлт» идеясы шығысымен, Қазақстан Халықтары ассамблеясында да, зиялы қауым өкілдері ішінде де сан түрлі ой-пікірлер айтылып келеді. Қазірше еліміздегі басқа ұлт өкілдерінің де, мемлекет иесі – қазақ халқының да бұл идеяға іші-бауыры тартылып тұрған жоқ. Десек те, еліміздегі басқа ұлт өкілдерінің әлемнің түкпір-түкпірінде өз Отандары барын ескеріп, оларға дүниежүзілік тәжірибеде бар нәрсе – мекен етіп тұрған жеріне орай «қазақстандық» деп ұлтын анықтасақ, олар бәрібір де ұлт ретінде жоғалтпасы анық. Бізді қынжылтатыны – егер өз елімізде «қазақстандық ұлт» пайда болса, қазакемнің «қазақ» болып қалатындай қай жерде тағы бір Отаны бар еді? Ұлтымыздың «ұлттық болашағы» мен жаңа идеяға қатысты ойларымен жазушы, журналист Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ бөлісті.*

– Жуырда «қазақстандық ұлт» қалыптастыру идеясы жария етілді. Сіз бұл идеяға қалай қарайсыз?

– Мен бұл идеяға теріс қараймын. «Қазақстандық ұлт» жасау деген – қисынсыз нәрсе, қиял. Себебі ұлт бар, халық бар. Біз қазір «Қазақстан халқы» деген сөзді көп қолданамыз. Бір жағынан, бұл орынды, өйткені «Қазақстан халқы» деген – Қазақстан атты аумақта бір шаңырақ астында өмір сүріп отырған сан ұлт өкілдерінің қауымдастығы, интернационалдық қауымдастық. Осынау «Қазақстан халқы» атты интернационалдық қауымдастықта өмір сүріп отырған жұрттар біздің елімізде жамандық көріп жатқан жоқ. Әрқайсысы өзінің тілін, ділін дамытуда. Өздерінің мәдени орталықтары да бар. Олардың ешқайсысы да Қазақстаннан кеткісі келмей-

ді, кетпейді де. Себебі басқа ұлт өкілдері өздері өмір сүріп отырған қазақ жерін өз атамекеніндей көріп, екінші Отаным деп есептейді. Сондықтан өздерінің «Қазақстан халқы» деп аталуына ешқайсысы да қарсы емес, өйткені олар «Қазақстан халқының» құрамдас бөліктері. Демек, еліміздің тұрғындарын «Қазақстан халқы» деу нақты шындыққа сай келеді.

Ал «қазақстандық ұлт» деген не? Ол ой жетер болашақта жүзеге аспайтын нәрсе. Бірақ мұндай идеяның болуы да, оны өмірге енгізуге әрекет ету де өте зиянды.

Неге? Себебі бір ұлт болу үшін халықтың әбден қалыптасқан 4-5 белгісі мойындалуы қажет. Ол көне заманнан айтылып келе жатқан жәйт қой. Марксистер, әсіресе Сталин кезінде ұлттың белгілерін жақсылап тұжырымдап берген. Ұлтты анықтайтын белгілер – тілі, мәдениеті, тарихы, ортақ аумақта өмір сүруі және ділі (менталитеті) болуға керек.

Көзделген бір «қазақстандық ұлтты» жасау үшін еліміздің жүзден астам ұлт өкілдерін, барша ұлттық өзіндік белгілерін сақтап отырған диаспораларды бір тілде сөйлетіп, бірдей әдет-ғұрыпты, мәдени сипатты, ұлттық психологияны ұстанатындай дәрежеге қол жеткізуге тиіс болар едік. Барша ел-жұртты бұлайша сіңістіріп-біріктіру оңай шаруа емес. Бұл біздің жағдайда қолдан жасауға келмейтін нәрсе. Алда-жалда орын ала қалса, ол бір үлкен халықтың кішігірім екіншісін, күштінің әлсізін жұтуы болып шығар еді. Оның атын ассимиляция дейді.

Кеңес Одағы тұсында мұндай идея болған. Астыртын жүргізілген. Аралас некені дәріптеу сияқты түрлі жымысқы ұранмен насихатталған. Кезінде большевиктер Кеңестер Одағы халықтарынан бір ұлт жасаймыз деп армандап, 50-ші жылдары «кеңес ұлты» деген терминді қолдана бастады емес пе. Баршаға түсінікті «кеңес халқы» өз алдына. Сонда Батыс шулаған болатын: коммунистер ақыры мойындады, КСРО-да өзге халықтарды орыстандыру шегіне жеткен, кеңес ұлты барша ұсақ ұлт біткенді орыс ішінде ассимиляцияландыру негізінде жасалған деп. «Кеңес ұлты» идеясын саяси және

ғылыми айналымға қосу арқылы партия идеологтары ақыры өздерінің ішкі пиғылын растады. «Кеңес ұлты» деген идея халықтарды қилы экономикалық жобалар арқылы ұлттық тұтастығынан айыра, араластырып, бір қазанда зорлықпен қайнатып-құйылыстыру арқылы орыс халқымен жұтылдыруды көздейтін-ді. Сонда ғалымдар, философтар бұл жақын болашақта жүзеге аспайтын қисынсыз қиял екенін дәйектеді.

Ал, бүгінгі таңдағы «қазақстандық ұлт» жасау идеясы көтерілген тұста нақты жағдайды қайсысы ойлап, алыс болашақты кім болжап біліп жатыр? Бара-бара, халықтардың араласуы, түрлі ұлт өкілдерінің өзара сіңісуі арқылы алмағайып бір заманда әлдеқандай үлкен де дүбәра ұлттың қалыптасуы, бәлкім, ықтимал да шығар. Бірақ ондайды бізге бүгін арман ету қате, өйткені бұл біздің ұлттық мүддемізбен үйлеспейтін, мүлдем мүмкін емес нәрсе. Сондықтан «қазақстандық ұлт» деген идеяны арнайы көтеру соншалықты кісі қуанарлық жағдайға жатпайды, тіпті өте зиянды идея. Әсіресе, біздің Қазақстан жағдайына қоғамдық өмірімізге жолатуға болмайтын өте залалды идея.

Егер шын мәнінде біз, қазақ ұлты, өзін-өзі билеп отырған мықты ұлт болсақ, мұндай ұсыныстардан қорықпауымызға болар еді. Неге қорықпас едік? Себебі біз шынымен де барлық жағынан дамыған жетекші ұлт болсақ, арамыздағы азшылықты өзімізге сіңіріп алуымыз әбден мүмкін-тін. Сондай үдеріс есебінен қазақ халқы ұлт ретінде нығая түсер ме еді, қайтер еді. Бірақ, өкінішке қарай, жағдай мұндай емес. Мемлекетқұрушы санатындағы қазақтың өзін іргесі бекем ұлт деп айту қиын. Себебі бізде анау ақ патша заманынан бастап орыстандыру саясаты жүргізілген-ді. Кеңес заманында бұл саясат үдей түсті. Алғашында жанашыр болғансып, өзге ұлттар қатарлы қазақтарға автономия берсе де, кейін келе біртіндеп билік біржолата орталықтандырылды, орысша ойлау, сөйлеу, жазу мұқтаждыққа айналдырылып, өмірді «интернационализациялау» төтелеп басып кетті. Әрі-беріден кейін, коммунизмге бір тілмен барамыз деп, билеушілеріміз



ашықтан ашық ұрандатты. Орыс тілін дәріптеп, сан ұлттың бәрінің санасына «екінші ана тілі» ретінде сіңірді. Орыс тілінің пайдасы болғаны да рас: шетел мәдениетіне жол ашылды, орыс мәдениетімен, озық өркениет жетістіктерімен сусындадық. Бірақ көп нәрсе зорлап таңылды. Егер, біз орыс тілін өзіміз үшін, қазақ мәдениетін дамытып, әлемдік деңгейге көтеру үшін пайдалансақ, бұл өз алдына бөлек әңгіме. Бірақ орыс тілін білеміз деп өз ұлттық тілімізді, тарихымызды, мәдениетімізді ұмытсақ, ол басқа мәселе. Естеріңізде ме, қайта құрудың алғашқы кезінде қазақтардың 40 пайызы ана тілін білмейді деп жүрдік. Соның жаны бар. Екі қазақтың бірі қазақша білмейді: ептеп сөйлейді, бірақ не жазып, не оқи алмайды. Сөйлеу мен оқып-жазу екі бөлек мәселе ғой. Міне, сондай жағдайға ұшырадық. Әлі күнге дейін бұл ахуал жөнделген жоқ. Осындай жағдайда «қазақстандық ұлт» дегенді айтсақ, ондай ұлттың негізі – қазақ тілі бола алмайды. Себебі бәрін біріктіруге дап-дайын орыс тілі тұр. Ресми тіл мәртебесін иеленіп жүргенімен, іс жүзіндегі мемлекеттік тіліміздің сол екені екіншісі біріне аян. Орыс тілі тыныс-тіршіліктің бәрін шырмап алған. Соған қарамастан, «қазақстандық бір ұлтты» жасаймыз деу – ертегі дер едім.

Өкінішке қарай, тақ биігінен айтылған ұсынысты қолдауға құмарлар көп осынау заманда, идеяны жабыла негіздеп, тиісті адамдар орыс тілін «қазақстандық бір ұлт» жасау арнасына алып шығуға тырысады ғой деп ойлаймын. Әлгінде айттым, орыс тілі қазірдің өзінде мемлекеттік тіл дәрежесінде. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі десек те, іс жүзінде орыс тілі биліктің барлық буынында, өмірдің барлық салаларында қолданылып келеді. Егер біз «қазақстандық ұлт» деп атала қалсақ, шүбәңіз болмасын, сол «қазақстандық ұлтыңыз» орыс тілінде сайрап шыға келеді. Сөз жоқ, солай болады. Сондықтан ол бізге қауіпті. Біздің ұлттық болашағымызға қауіпті. Бұлар орыс халқына деген қарсылықтан емес, тек қана мемлекетқұрушы ұлтты қорғаудан туған пайымдар. Және ұлтты қорғау деген – ұлттық томаға-тұйықтыққа ұры-

ну, өз ұлтыңмен шектеліп қалу деген сөз емес екенін ескерткім келеді. Бізді әдетте қызыл ұранкештер «үйретеді», ұлттық қабыршағында тұйықталып, шектеліп қалмау керек деп. Алайда шектеліп қалу деген – орыстанып кетуге бару керек деген сөз емес қой... Қысқасы, мен елімізде «қазақстандық ұлтты» қалыптастыру әрекеттеріне күдікпен қараймын.

– Яғни бұл идеяның жүзеге асуы екіталай ғой...

– Әлбетте. Бұл идея қалай жүзеге асуы мүмкін? Бұл идея үлкен кісінің аузынан шықты. Қазақстан халықтары ассамблеясында айтылды. Олар қолдап жатыр. Өкінішке қарай. ҚХА-ның басшысы, философ жігіт бұл идеяны еліміздегі тұрақтылықты нығайтуға қызмет етеді деп жаны шығып қорғауда. Күдікті идеяны қолдаушылардың бәрі – ол да, басқалар да – түбірімен қателеседі. Тұрақтылықты қалыптастыру, орнықтыру жаңағыдай нәрсеге тәуелді емес. Тұрақтылықты бекемдей түсетін, берік орнататын көптеген себептер бар. Осы күнге дейін еліміздің тұрақты дамып келе жатқаны, шындап келгенде, қазақ халқының көнбістігінің арқасында жүзеге асып тұр. Өйткені біз көп жағдайда қазақ халқының ұлттық мүддесімен есептеспей, шектеп-шегерудеміз. Оған халық көніп келеді. Өйткені шыдамдылық көрсетудің, көнудің болашақ үшін қажет екенін түсінеді. Егер енді тілді, ұлтты жоғалту мәселесі алға тартылса, оған ешкім көнбейді. Оның арты үлкен шуға ұласады.

Ал, егер жаңағы Халықтар ассамблеясы аталмыш идеяны жүзеге асыру ұсынысын жасап берер болса, оның жолы – тек ортақ тіл ретінде орыс тілін қолдану, соған мемлекеттік мәртебе әперу болуы ықтимал. Меніңше, олар дінге ашық тиісе алмайды. Бірақ миссионерлер келіп, онсыз да жастарымызды өз діндеріне алып кетіп жатыр ғой. Біз бұған кедергі қоя алмаймыз. Бұл үкімет істейтін шаруа, тым болмаса мектептен бастап діндер тарихын оқыту арқылы балалардың көзін ашуға, ата-баба иланымына ашық көзқарас қалыптастыруға болар еді. Оны олар жасамайды. Бірақ олардың анық істейтін нәрсесі байқалуда – алға тартылған ұсыныс ауқымында

килы амал қолданып, орыс тіліне мемлекеттік тіл дәрежесін алып беруге тырмысуы ғажап емес.

Ал ұлттық менталитет, сөз жоқ, өзгереді. Өзгеріп те жатыр. Әрине, ұлттық мінез-құлық, діл де заманға қарай бейімделеді. Қазіргі жаһандануға бет алған өркениеттің үлкен қазанына барлық ұлттардың ерекшеліктері, мәдениеттері түсіп, сонда тоғысып, қорытылып, көпке ортақ тұстары бар бірдеңе шығайын деп тұр ғой. Бірақ негізгі мәселе өзіңнің ұлттығыңды, ата-бабаңа тән қасиеттеріңді сақтап қалуда болмақ. Негізінен, ұлт дін мен тіл, діл арқылы сақталынады. Солардан айырылып қалмауға тырысуымыз керек. «Жаңа ұлттың» қандай боларын болжамай-ақ қояйық. Меніңше, оған тек қана тіл жағынан ұйыстыруға күш салынады. Жалпы, тағы да айтам, соның өзі қауіпті жәйт. «Қазақстандық ұлт» идеясы жүзеге аспай-ақ қойсын.

**– Сіздің ойыңызша, еліміздегі басқа ұлт өкілдері «қазақстандық ұлт» идеясын қуана қабылдады ма?**

– Қарапайым халық мұндай нәрсені көп түсіне бермейді ғой. Қай күні радиодан осы мәселеге қатысты халықтың пікірін берді. Сонда қазақтардың өздері «қазақстандық ұлт» идеясын қолдайтынын айтып жатыр. Өкінішке қарай, зиялылар мен қарапайым халық арасында айырмашылықтар бар екені рас. Ел-жұрттың көбі мұның арты өзінің түбегейлі мүддесіне әсер етеді деп ойламайды.

Менің ойымша, көзі ашық зиялылардың арасында бұл идеяны қолдамаушылық бар. Халықтар ассамблеясының өзінде қарсылықтар аз емес. Әдетте мұндай идеяны басшылар қолдайды.

Бұл өзі патша заманынан келе жатқан белгілі нәрсе ғой. Істі жүзеге асыру үшін бірінші кезекте элитаны көндіріп алу қажет. Мәселен, патша заманында да, Кеңес Одағы тұсында да элита қолдағандықтан, орыстандыру саясаты ойдағыдай жүзеге асырылды. Орыс тілін білмейсің бе, жұмыс істей алмайсың. Өкінішке қарай, қазір де солай. Өйткені билікте, қанша тәуелсіздікке жеттік десек те, өткен дәуірдегі орыс-

тандыру саясатының «құрбандары» отыр. Себебі аңсаған Тәуелсіздікті баянды етудің бірінші шарты орындалған жоқ. Ол қандай шарт еді? Біз кеше империялық мемлекетте өмір сүрдік. Ал тәуелсіздік алғаннан соң бізді сол империяның қоластына кіргізіп, тәуелділікке душар еткен жәйттерден арылу қажет еді. Оны ойлаған жоқпыз. Отарсыз-дандыру тұжырымдамасын да қабылдаған жоқпыз. Тәуелсіз ел болу үшін ұлттық мүдде тұрғысынан не істеу керектігін айтпадық. Күні бүгінге дейін кібіртіктеп келе жатқанымыз сондықтан. Бүгінде ұлттық идеология керегі жоқ деп соғады ғой. Ал, осы «керексіз» ұлттық идеология – отарсыздандыру идеологиясы болуы керек еді. Ол жасалған жоқ. Оны жасауға көп адам мүдделі емес. Себебі билікте сол Кеңестің кезінде қалыптасқан элита, яғни Кеңестің тұсында рухы орыстанған элита қалды. Қысқасы, Мәскеуге табынып қалған элита елді басқарып отыр. Сондықтан олар ұлттық идеологияның дамуына мүдделі емес. Халықтың мұңын, камын ойлайтын элита бірінші кезекте ұлттық мәселелерді шешіп, ел иесі қазақтың басқа елдің бәрімен тең дәрежеде қарым-қатынас жасауын жолға қоюы керек еді.

– **Жаппай қазақстандандыру процесіне кімдер мүдделі?**

– Ең алдымен, бір нәрсені айта кетейін. Баяғыда қазақтың басынан әртүрлі жағдайлар өтті. Бағзы замандарда ру, тайпа болып өмір сүрген қазақ қоғамына да басқа тайпалардың өкілдері келіп тұратын. Сонда олар өздерін басқаға таныстырғанда, өз тайпаларының атын емес, өздері ішінен пана тапқан тайпаны атайтын, біз пәленшеміз деп. Сол сияқты, қазақ еліне келгендер де өздерін «біз қазақпыз» десе, бұл тарихи жағынан әділ де тура болар еді. Қазақстанда жүзден астам ұлт өкілдері тұрады. Ұлт емес, ұлттың өкілдері ғана, шашырандылар, диаспоралар... Олар Қазақстанда тұрғандықтан, «біз – қазақпыз, тегіміз – орыс (неміс, ұйғыр т.б.)» десе, әлдеқайда дұрыс болары хақ. Бізден Ресейге барған орыстарды қазақ деп атайды. Америкада ұлты америкалық

дегенмен, тегі пәленше ұлттан (айталық, «орыстан шыққан америкалық») деп жатады ғой.

Тарихи жағынан қазақстандандыру емес, қазақтандыру әділетті болар еді. Бірақ бұл зорлап жасалмауы керек. Елімізге жан-жақтан ағылған халықтар әртүрлі саясаттың жетегімен келген. Қаласын-қаламасын, осы елдің негізгі халқының, яғни «қазақтың ұлттық мүддесін, тілін, дінін шектеуге біз жанама түрде болса да әсер еттік-ау, кезінде біз астам саясаттың қолшоқпары, құралы болдық-ау» деп түсінсе, онда ішіміздегі диаспоралар кішкене шегініс жасап, қазақ ұлтының дамуына, өз деңгейіне жетуіне қол ұшын берері де анық.

Қазақстандандыру процесіне мүдделілер, біріншіден, орыстанғандар. Біреулер қазақ болып руға, ұлтқа бөлініп жүргенше, қазақстандық бір ұлт атанғанымыз артық дейді. Арғы жағын сауаты бар адамдар біледі. Бірақ басқа саясатты ұстанып отырғандары бар. Сондағысы үлкен көрші Ресейге жағыну. Екіншіден, еліміздегі ірі диаспора – орыстарға жағыну. Шынтуайтқа келгенде, біздің бәріміздің орыс боп кеткендігімізді олар да қаламайды. Өздерінің орыс табиғатын жоғалтпаса, біз олардың ұлттық дамуын шектемесек, оларға жарап жағыр. Орыс халқы да Қазақстан азаматы болып жүруге қарсы емес. Бұл жерде табиғи нәрсені бұзуға тырыспау керек. Қазақстандық азамат болу мен «қазақстандық ұлт» өкілі болу екі бөлек нәрсе.

**– Қазір жастар жалпықазақстандық тәрбие алуда. Қазақ патриотизмінен бұрын қазақстандық патриотизм барынша дәріптеледі... Ертеңгі жастар кім боп шығады?**

– Ең алдымен, Қазақстанда кімдер тұрады дегенді ажыратып алу керек. Қазақстанның негізгі ұйытқысы – қазақ халқы. Қазақстан көп ұлтты деген не? Иә, көп ұлттың өкілдері – диаспоралар бар, бірақ негізі – қазақ халқы. Егер мәселені осылай ұқсақ, қазақ патриотизмі түсінікті. Мұндай жағдайда қазақ патриотизмін басқа ұлт өкілдері қолдауы керек. Дұрыс даму сол болмақ. Бірінші кезекте олар қазақ ұлтының мүддесін ойласа игі. Өйткені өмір-бақи қазақ

ұлтының күллі құқтары шектеліп келді. Патша заманында шектелді. Кеңес дәуірінде де шектелді... Кеңес Одағы кезінде мемлекет қазақтың атымен аталып отырса да, қазақ ұлтының өкілдері қалада өмір сүре алмады. Мына Алматыда бір кездері 17 пайыз-ақ қазақ болған. Қазақтарға қалаға кіруге – тіркелу тұрғысынан – мүмкін болмайтын. 1986 жылы жастар астамшылыққа, билікшіл, әміршіл төре-орыстың озбырлығының шегінен шыққандығына қарсы көтерілді ғой. Міне, осыны арамызда тұрған орыстар да, басқа да ұлт өкілдері түсініп, «қазаққа көмектесу арқылы біз өзіміз де өсеміз» десе, онда қазақ патриотизмі дәріптеледі. Ол бір мезгілде қазақстандық патриотизм болып шығады. Қазақ патриотизмі мен қазақстандық патриотизмді бөлмей, бір деп қарау керек. Орыстар қазақстандық патриотизмді желеу етіп, қазақ мүддесін шектейтін болса, ол дұрыс емес.

**– Жоғарыдағы сұрақты тектен тек қоймадық. Сіз 1986 жылы «ұлтшыл» деп айыпталған, ұлтжанды қазақ жастарын арашалаған бірегей қаламгерлеріміздің бірі едіңіз. Онда да ұлттық мәселе халықты дүр сілкіндірмеппе еді?**

– Қазақ жастары сол кезде өздерінің ұлттық сезімінің оянғанын көрсетті. Кеңестік заманда кеңестік патриотизмді дәріптеуге тырысқан. Біз бүгін Кеңес заманын сынаймыз. Бірақ оның жақсы жақтарының бірі – тегін оқуға мүмкіндік болды. Ал оқыған адам өзінің арғы жағын, бергі жағын, тарихын ойлайды емес пе? Қазақтың тарих оқулығы жұқа ғана кітапша болса да, жастар ізденіп оқитын. Ол кезде өнердің бар саласы жап-жақсы дамыды. Жазушылардың ықпалы зор болды, әсіресе тарихи шығармаларды ел көп оқитын. Өйткені оқулық-кітапта жоқ нәрсені жазушылардың еңбегінен оқуға болатын. Сөйтіп жалпы ел, әсіресе жастар өздерінің кім екенін біле бастады. Сонымен бірге өздерінің құқтарының шектеліп жатқандығын терең түсінді. Біртіндеп ұлттық намыс оянды. Ұлттық намысты марксизм мен ленинизм де жоққа шығармайтын. Кеңес Одағы ұлттық сана-сезімнің оя-

нуына мүдделі болмаса да, партия идеологтарының тілегіне қасақана, ұлттық сананың, намыстың оянатын кезі туды. Жастардың намысы оқу-біліммен оянды. Елдегі теңсіздікті жастар өткір түйсінді, көп ретте анық ажыратты. Мемлекеттің басшылығына орталықтың басқа жақтан әкеп орыс азаматын қоюы – шүпілдеп толып тұрған ыдысты кемерінен асырған тамшыдай болып, ұлттық рухты бұрқ еткізіп қамшылап жіберді. Бүгінде сол жастар көтерілісі туралы әртүрлі пікір айтылады. Тіптен, әрәдік естіліп қалатындай, бұл шынымен де мүдделі біреулер тарапынан алдын ала ұйымдастырылған шара болса да, мен оған таң қалмаймын. Солай болуы да ғажап емес. Ұлттық сезім лықылдап атылуға дайын тұрған жарылғыш зат еді ғой. Соған тиген ұшқын лап етіп тұтанып, ешкімге билетпей, лаулап жана жөнелді. Кеңес өкіметінің тұрпайылығын, сорақылығын біз 1986 жылы білдік. Әскери қол апарып, халықты ашындыра түсті. Ал күш қолдану оған қарсы тұратын күшті туғызбай ма? Елді билеушілер мұны өз сауатсыздықтарынан жасады. Ұлт саясаты тұрғысынан айтам. Ұлттық сананы елемеу салдары осындай көтеріліске апарып соқты. Көтерілістің басты ұйымдастырушысы – билеуші партияның өзі деп есептеймін. Соның басқаруымен жазалаушылар жастарды арандатты. Алаңға арақ апарып таратып, ұстаған жастардың қалталарына есірткі тастап, нашакор деп айыптады, ұрып-соқты. Қаланың сыртына машинамен апарып, қоқысша төгіп, қаншама қорлық көрсетті. Бір Алматыдағы жастар емес, күллі облыс орталықтарындағы жастар көтерілді Қырғызстаннан көмекке келмекші болған жастарды Алматыға кіргізбеді. 1985 жылы қайта құру, жариялылық кезеңін бастаса да, Кеңес үкіметі өзінің жариялы бағыт-бағдарына қайшы келіп, ұлттардың мүдделерін ескеруді ойламайтын ішкі пиғылын көрсетіп қойды.

– Қазір де ұлттық мәселе көтеріліп жатыр ғой. Қазіргі жастар бұған қалай қарайды деп ойлайсыз?

– Қазіргі жастар да өте ұйымшыл. Өткенде Білім және ғылым министрі оқу ақысын көбейтеміз дегенде, студент

жастар жиналып қарсылық білдірген. Жастар – үлкен күш қой. Жастардың сезімімен ойнамау керек. Оларды дұрыс мәселеге бағыттай алған да жөн. Өкінішке қарай, қазіргі жастарды біз дұрыс бағыттай алып отырмыз ба, дұрыс бағдар сілтеп отырмыз ба – ол басқа мәселе. Жастар – елдің болашағы, сондықтан олардың бойына ұлттық идеологияны, ұлттық тәрбиені сіңірте білу керек. Егер жастарды батыстың музыкасымен келген батыстық идеологияға, жаһанданудың ырқына берсек, онда біз оңбаймыз. Кеңес дәуірінде интернационалдық тәрбие деген болған. Оның түпкі мақсаты орыстандыру ғой. Ол заманда орыс тілі мен мәдениеті үстем болған кез еді. Бұл да интернационалдық тәрбиеге кіретін. Сол кеңестік одақ ауқымындағы интернационалдануды бүгін әлемдік деңгейге көтеріп, жаһандану деп жатырмыз. Оның ықпалымен ұлттық қазыналар жойылуы мүмкін. Біз жаһанданудан құтыла алмаймыз деу де қате түсінік, одан құтылуды, дұрысында – оған жұтылмауды ойлау керек. Техниканың дамып, күллі әлемге таралуы, әрине, жаһанданудың жақсы жағы. Бірақ ұлттық тіректі де нығайту керек қой. Егер жастарға ұлттық тәрбие бере алсақ, болашағымызға кәміл сенуге болады.

**– «Қазақстан – көп ұлтты, көп дінді мемлекет» деген сөздер халықты жалықтырып, құлақты сарсытқан сияқты. Кеңес заманындағы осынау тенеу Қазақстанға қалай мұраға қалған?**

– Кеңес Одағы кезінде көп ұлтты деген анықтауыш орынды болатын. Өйткені үлкен одақта көптеген ұлттық, автономиялық республикалар болды. Бірақ қазіргі тәуелсіз Қазақстанды көп ұлтты деп анықтау дұрыс емес. Ұлт бар, біреу, ол – қазақ ұлты. Ал қалған ұлт өкілдерінің жан-жақта өз ұлттарының ошақтары, өз отандары бар. Олар біздің елімізде шынымен ұлт болса, ертең өздеріне автономия сұрауы да мүмкін ғой. Алайда олар кезінде түрлі саяси себептермен, соның ішінде тың көтеріміз деген сияқты ұрандарға алданып келген жоқ па еді? Сөйтіп елімізге іс жүзінде



қазақ жерін отарлаушы боп кіргенін білмей қалды. Бүгінде енді, сол сырттан келген өзге ұлт өкілдері қазақ халқының төңірегінде топтасуы керек. Ал, олар болса, әрине, оқу өтіп кеткендері, қазақты кемсітумен келеді. Мысалы, орыс газеттері бүгінде Алматының Алма-Ата деген атауын қайтарамыз, қаланың 150 жылдығын тойлаймыз деп өрекупде. Ал 150 жыл деген не? Отаршылдар бекінісінің салынуына 150 жыл емес пе? Қала одан да бұрын болды ғой. Алматыға 1500 жыл. Басқа ұлт өкілдері: «Қазақтың ұлттық мүддесін шектеу арқылы біз қазекемнің ұлттық намысына тимейміз бе?» деп неге ойламайды? Неге елдегі жағдай осындай? Себебі биліктегі орысшылдарға бәрібір. Әрі қазақтың көнбістігіне үміт арту бар. Қазақстан көп ұлтты деген анықтама мұраға қалған жоқ, ол мұраға қалдырылды. Өйткені, бір жағынан, тәуелсіз ел болдық, бірақ, екінші жағынан, билік өзгерген жоқ. Біз басқаруға жаралғанбыз деген сияқты, ескі режимге қызмет еткен адамдар бүгінде де билік тұтқаларын ұстаумен келеді. Ал, шынымен әділет тұрғысынан ойласақ, олай болмаса керек-ті. Билік мандайға жазылған нәрсе емес. Кімде-кім ұлттық мүддені аяқасты етсе, орнын босатуы тиіс, биліктің елге, ұлт мүддесіне қызмет ете білуі өте маңызды.

**– Әлемдік елдердің тарихында қолдан ұлт қалыптастыру мәселесі болды ма? Америка ұлтының қалыптасу үлгісі біздің жағдайға сай ма?**

– Америка – құрама ел. Олар жергілікті халықты құрту арқылы қалыптасты. Өткен ғасырларда отаршы ел де бізді солай құрту амалын іздеген. Қазақты далада аңдай аулап, атып-шауып кету түкке тұрмайтын. Мемлекеттік думада осы мәселе көтерілген масқара кезең де өткен. Қазақтан орыс мұжығын жасап алу жоспары да болғаны ақиқат.

Ал, Америкадағы ұлт қалыптастыру тәжірибесіне келсек, ол заманда жаңа жерде мемлекет құруға бейім келімсектер ағылшындар боп шығып, қалған ұлттардың өкілдері ағылшынның төңірегіне жиналды. Тілдері – америкаландырылған ағылшын тілі. Бүгінде ондағы халықтар тегіміз

– пәленше, ұлтымыз американдық (америкалық) дейді. Құжат жүзінде олар америкалықтар, ал іс жүзінде қырық құрау. Сондықтан бұл Қазақстан жағдайына үлгі емес. Американдықтар тәжірибесімен «қазақстандық ұлт» жасау да мүмкін емес. Бір заманда жер-жаһанда сіңісе-жұтыла келе бір ұлт жасалса жасалар. Бірақ оған әдейілеп ұмтылудың еш қажеті жоқ. Өз ұлттық реңкіңмен өркендеп, өзгелермен қарым-қатынасты дұрыс құрып, тату-тәтті өмір сүру керек.

**– Аға, сіздің шығармаларыңыздың дені қазақ патриотизмін дәріптейді. Оқырманға бүгінгі таңда ұлттық патриоттық шығармалар аса қажет қой...**

– Мен де солай ойлаймын. Мен кейінгі кезде сондай мақсатты көздейтін үлкен жобаны қолға алдым. Менің ойымша, жастарды тарихпен тәрбиелеу өте маңызды. Құдайға шүкір, ғалымдарымыз тарихты қайта жаңғыртып жатыр. Жастар ғылыми шығармаларды көп оқи бермейді ғой. Оларға танымды дүние керек. Ғылым менен көркем әдебиеттің тоғысқан тұсында жастарға танымдық шығарма берсек, ол әлдеқайда ұтымды. Бұл жастардың ұлттық сана-сезімінің өсуіне, өзінің кім екенін біліп, тарихынан нәр алуына әсер етеді деп ойлаймын. Менің тарихи тақырыпқа аздап қалам тербеп жүргенім рас. Кейінгі қолға алған үлкен жобам «Рух-Сарай» деп аталады. Ол – танымдық шығармалар топтамасы. Алла сәтін салса, соның алғашқы кітабы биыл жарыққа шығып қалуы тиіс. Ойым – көркем зерттеу жүргізу жолымен жастарға қазақтың өткен тарихынан танымды мағлұмат беру. Қазақ патриотизміне баулу. Адам тарихын білсе, бүгінін түсініп, болашағын болжайды. Ол үшін әділ тарих керек. Әділ тарих бізде әлі жасалып болған жоқ. Ғалымдар жасап бітпеген нәрсені жастар біле бермейді. Қолдан келгенше, соған атсалысу ләзім. Сол төңіректе жұмыс жасап жүргенім рас.

**– Сұхбатыңызға рақмет!**

Сұхбатты «Түркістан» газетінің тілшісі **Кәмшат ТАСБОЛАТОВА** жүргізген.

*20 қыркүйек 2004 ж.*

## **БИІК ЛАУАЗЫМҒА ҰМТЫЛҒАНДЫ ЕМЕС, ЛАЙЫҚТЫНЫ ТАҢДАУ ҚАЖЕТ**

### **ТАЛАЙ МӘРТЕ ҰТЫЛДЫМ**

– Бейбіт аға, қолыңызға қалам ұстаған ширек ғасырдан астам өміріңізде бойыңызда қалыптасқан бар қабілетіңіз бен талантыңызды толық пайдаландым деп ойлайсыз ба?

– Олай ойламаймын, Алла әлдебір дәрежеде қабілет пен талант дарытқан шығар, белгілі бір дәрежеде соны ұштай түсуіме деген ынта дарытқан шығар, бірақ соның бәрін жеріне жеткізе кәдеге асыра алдым дей алмаймын.

– Ұзақ жылдардағы қаламгерлік еңбегіңізде басыңызға қатер көп төнгенін білеміз. Жалпы, адамдар өзін емес, өзгені сынауға әуес. Сыналған, сынаған кезіңіз болды ма? Кезінде сіздің үстіңізден Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне дейін әріптестеріңіз арыз жазыпты ғой? Сондайда атыңызға ащы айтылды екен деп апшып, тәтті айтылды екен деп шапшыған кезіңіз болды ма?

– Ащы-тәттісін қайдам, орынсыз кінә тағулар болды, ондайда кәдімгідей күйіндім, ренжідім. Қолдан келгенінше қорғандым, өз көзқарасымды дәлелдеп бақтым, бірақ негізінен жеңіліс тауып жүрдім. Адамдар өзін емес, өзгені сынауға әуес дегеніңіз, шынында, рас-ау. Бірақ жәй олай дей салу аздық етер. Неге сөйтеді? Астары не? Кемшілікті түзеуге тырысу ма, әлде бақай есеп пе? Мәселен, менің қатыгездікпен сыналған кездерімді, әсіресе қилы саяси айып тағылып, бас редакторлық қызметімнен босатылған, одан әйгілі 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына партиялық көзқарасым үшін жазықсыз қатаң жаза алған кезімді алсақ, екеуі де шынайы идеялық тазалықты көздеуден емес, жоғары басшылықтың қолдауына сенген сауатсыз шолақ белсенділіктен және арамдықтан орын алды. Сыбайластықтың, билікке жағыну үшін әділдікке сатқындық жасау деген пәленің қилы түрі астасқан ахуалдарға душар болып, мен кеңестік дәуірде

де, демократиялық заманымызда да талай мәрте ұтылдым, қызмет тұтқасын ұстағандарға қарапайым шындыққа ара түспегендіктері үшін көңілім қалды. Қайтерсің, түсінгілері келмесе – қойсын дейсің, бәріне қол сілтейсің. Өз шығармашылығыңмен, өзіңмен өзің болып жүре бергеннен артығы жоқ екеніне көзім жетті. Кей шағымға күлкің келген де кез болды. Бірде мен кеңес тұсында мерзімді басылымдарға интернационалдық тәрбие талаптары тұрғысынан шолу жасадым. Мақаланы, өз ұғымымда, мәселеге үстірт карамауға үндейтін сыни талдауға құрдым. Ондағы пайымдармен келіспеуге, пікір таластыруға болар еді. Алайда өзім қатты құрметтейтін бір қаламгер ондай әуреке түспей-ақ, бұл мақала – менің өзіме қарсы болғандығымның белгісі деп түйді. Ұзамай, маған мүлдем бейтаныс бір автордың Орталық Комитетке арыз айдағаны мәлім болды. Қызығы, сол қалың шағымның әрі ызаландырып, әрі аяушылық сезім тудырғаны: мұндай мақала жазуымның себебін ол менің «онтүстіктің итаршысы», пәленшенің «күзетші иті» болғандықтан деп түсіндіріпті...

– **Басшылық журналистерді хақ істе сөзімен қолдай тұра, бетпе-бет келгенде оларға бөгет жасап жатады. Ұзақ жылдар республикалық жастар басылымдарының басшысы болдыңыз. Қызметіңізде осыған қиянат жасадым-ау деген әттеген-айлар кездесті ме?**

– Өзім ешкімге саналы түрде қиянат жасадым деп ойламаймын.

– **Қоғамдық пікірдің жетегіне еріп кетуге болмайды, себебі – ол бағдар сілтер шамшырақ емес, бір өшіп, бір жанып тұрған от көрінеді. Қызмет барысында билікке бас ұрып, оның шылауында кеткен кезіңіз болды ма?**

– Белгілі бір мәселеге қатысты, атап айтқанда, оқырманға беймәлім өткен белестер, тарихтағы «ақтандақтар» жайында қоғамдық пікір тудыруға, қалыптастыруға, яки қалыптасқан қоғамдық пікірді өзгертуге атсалысқан қаламгер ретінде мен қоғамдық пікірдің жетегіне журналистің еруі дегенді түсіне бермеймін. Журналист – қоғамдық пікірді қалыптастырушы. Шын журналистің қызмет барысында билікке бас

ұрып, оның шылауында кеткен, яғни әділетті көпе-көрінеу аяқасты еткен кезі ұшырасса, онда ол – оның шындыққа опасыздық жасағаны деп білемін. Тәубе, өз басымда ондай жағдай болған жоқ.

– Басылымдардан иман, ынтымақ қашып барады. Газеттің жауы – газет болып алды. Сөз анду басым болып тұр деседі. Оған қалай қарайсыз?

– Төзіммен қараймын. Пікір алуандығы болуы керек. Әр газеттің өз көзқарасы болуы – дұрыс. Бұрысы – полемиканы мәдениетті түрде жүргізе білмеу және жөн сөзге, байыпты сөзге тоқтай алмау. Сол бұрысты түзесе – иман да, ынтымақ та қашпайды.

### **БӘСЕКЕДЕ ОЙ ШЫҢДАЛАДЫ, ҚАЛАМ ҰШТАЛАДЫ**

– «Баспасөз – бүгін ел болсақ, ертең құрыла салатын орын емес» депті Ғабит Мүсірепов. Әйтсе де, баспасөз нарығында күн сайын жаңадан газет-журнал пайда болуда. Жалпы, қазақ басылымдары туралы ойыңызды білсек?

– Ғабең олай десе – деген шығар, бірақ онысы тоталитарлық кеңес заманының ғана ақиқатын көрсететін сөз ғой. Қазіргі бәсеке заманында, өзіңіз айтқандай, газет-журналдар қатары күн санап өсуде, әрі бұл – қалыпты жағдай санатында. Қазақ басылымдары да аз емес. Одан да әрі көбейе түссе – тіпті жақсы. Әрқайсысының өз оқырманы болады. Қазақ тіліндегі потенциалды оқырман, шамамен, қазақтың төрттен бірі дегеннің өзінде, әркімге бір-бірден жету үшін олардың жалпы таралымы кемі екі миллион болуға тиіс. Егер жиырма мыңдық таралыммен мазмұнды жүз газет шықса – несі жаман? Олардың әрқайсысы оқырман үшін күреседі. Тәуелсіз ой түйе білетін қаламгерлерге мінбер көбейеді. Шығармашылық бәсеке туады. Ой шыңдалады, қалам ұшталады. Қазақ тілінде жазатын журналистер, публицистер саны артады. Ал санның сапаны айқындайтыны белгілі. Уақыт өте келе жүздеген газетті ығыстырып, бірнешеуінің ғана мол таралыммен оқырман ықыласына бөленуі әбден ықтимал. Базар, бәсеке шарты сондай шығар. Тек, сөреге ұлттық мүдденің шын намыс жыртарлары келуіне мемлекеттік қолдау

көрсету, қамкор болу ләзім. Үкіметтен бастап, қалталыларға дейін. Әсіресе өскелең ұрпақ тәрбиесімен шұғылданатын басылымдарға айрықша көңіл аудару қажет. Сонда, ұлт мүддесін көздейтін баспасөздің шын мәніндегі бостандығы орын алған жағдайда, сапалы журналистиканың тәуелсіздік тұғырын көңілдегідей нығайтыса түсері сөзсіз, мен бұған сенімдімін. Тек, алғышарты дұрыс жасалсын деп тілейік.

– 2000 жылы мамырдың 30-ында Елбасы бір топ журналистерді қабылдады. Сол сұхбат кезінде ұлттық сезіміміздің әлі де болса толық ояна қоймағанын айта келіп, Нұрсұлтан Әбішұлы: «Реті келгенде бір мәселені айта кетейін. Кейде мен таңқаламын. Қазақстандағы орыстардың жағдайы нашар екен деп ресейлік жақтан маған сұрақтар қойып жатады. Ал енді Ресейдегі қазақтардың жағдайы қандай екен деп бізден ешкім сұрақ қоймайды. Мысалы, Ресейдің басшылары, парламент жетекшілері келіп жатады, сіздер, журналистер, соларға Омбыдағы қазақтардың мектебі жабылып қалды, олардың оқулықтары жоқ, қазақтың тілі құрып бара жатыр, қазақтың азаматтары ешбір әкімшілік жұмысқа кіріспей қалды деп неге сұрақ қоймайсыздар? Не Орталық Азияда, не Ресейде ешкім осындай сұрақ қоймайды. Біз баяғы басымыз салбырап жүре беретін әдетімізбен келе жатырмыз» деген болатын. Бұл біздің енжарлығымыз ба, әлде батылымыз жетпегендіктен бе?

– Егер бастамашылдықты қазақ журналистерінен тосса, онда олардың кәсіби жұмыс істей алуына жағдай туғызу керек. Кімде-кім өз ойын ана тілінде анық жеткізе алады. Әсіресе ана тілі бір мезгілде мемлекеттік тіл болса, неге өз елінде сол тілде сөйлемеске, неге көңіліндегі сұрағын еркін тұжырымдап, аян етпеске?! Меніңше, мұны қазақ журналистерінің қай-қайсысы да жасай алады. Бірақ оған біздің билік жағдай жасамайды. Қазақша қойылған сұрақты шетелдік басшы түсінетін тілге тікелей тәржімелеуді жолға қою керек емес пе?! Жалпы, тіл мәселесі шешілмеген біздің елде ілеспе аудармаға айрықша көңіл бөліну керек емес пе?! Тек аударма

жасап тұруды емес, қазақ журналистеріне дұрыс құрмет көрсетуді жолға қою қажет. Әлі есімде, ана бір жылы қазақ журналисінің қазақша қойған сұрағына өзіміздің бір қазақ-министр ашулана, жиіркене, ұрсып жауап қатқан. Меніңше, ондай министрді, аяғы аспаннан салбырап түссе де, туған елінің тілін – мемлекеттік тілді – төменшіктетіп, қорлағаны үшін, орнынан босатып жіберу дұрыс болар еді. Бүгінде баршамыз емін-еркін қарғайтын Ленин кеше «коммунистердің өз оңбаған-сұмырайларын қорғауы – маскарапаздықтың ең шыңы» деп білген, шалыс қадам жасаған коммунисті тап сондай шалыс қадам жасаған коммунист емес адамнан екі есе қатал жазаға тарту керек деген. Біздің демократиялық билік басындағылар осындай көзқарас ұстану керек. Егер қазақ тілді журналистерге өз елімізде дұрыс көзқарас қалыптасса, олар ешкімнен, дәлірек айтқанда, орыстілділерден еш салада да кем еместігін көрсете алады. Өкініштісі, ана тілінде сауатсыз басшылар өздері оқымайтын ана тіліндегі басылымдарға үкім айта береді. Оларды өз деңгейлерімен бағалайды. Қазақ журналистикасын, оны шындап білмесе де, орыс журналистикасынан төмен санайды. Мұндай көзқарас қазақ журналистерін ширатуға септеспейді. Ұмытпайық: «Болар елдің балалары бірін-бірі батыр дейді...»

– **Соңғы кезде оппозициялық басылымдар жоғары биліктің әрбір іс-қимылынан кінәраттар іздеп, сынауды үдетіп барады. Осыдан 100 жыл бұрын болған АҚШ президенті Теодор Рузвельт: «Саясатта көптеген нәрселерді істеу қажет болмаса да, істеуге тура келіп қалады» депті.**

– Саясат та өнер, өнердің айрықша түрі, күллі халықтың барша тыныс-тіршілігіне тікелей ықпал ететін өнер. Сол саясат-өнерде көптеген нәрсені істеу қажет болмаса да, істеуге тура келіп қалатыны, шынында, рас қой. Тек сол істеуге тура келіп қалған қадамның қазақтың ұлттық мүддесіне залалы тимеуін назардан шығармаған дұрыс шығар. Дәлірек айтқанда, ұлт мүддесіне қиыспайтын нәрсені он жерден қажеттілік туып тұрса да – істемеген жөн. Адал жүргізілген саясатқа тағар кінә болмаса керек. Ал оппозиция, әсіресе

шетін көзқарастағы оппозиция ең адал ниетпен жасағанының өзін сынай береді. Солай етті екен деп оны жау тұтуға бола ма? Сынның әділ жағын қабыл алғаннан ешкім зиян шекпейді. Жалпы, нағыз қалам қайраткерлері – табиғатында оппозицияшыл. Олардың шын мәнінде ел мүддесін көк-сеген ірі оппозициялық ой-пікірлері еліміздің ең ресми ба-сылымдарында жарық көріп жатса, билік оған құлақ асып, кемшілігін дұрыстауға тырысса – қайта, билік пен халық арасы жақындай түседі.

**– Адамдар құрметті абыроймен емес, атак және сый-лықпен өлшейтін болып алды. Одан данкқұмарлық туындап жатады. Биік лауазымға қалай қарайсыз?**

– «Аузы қисық болса да байдың баласы сөйлесін», сондай-ақ «күштінің арты диірмен тартады» дегендей қанатты сөздерді халық алыс заманда-ақ тұжырымдап тастаған. Қазіргі құндылық соған тіреледі, сол сөздердің ақиқаттығын көрсетеді. Кеңес заманындағы «алаяқ», «саудагер» дейтіндеріміз қазіргі рынок дәуірінің «құрметті адамдарына» айналды. Өйткені олардың іскерлік қабілеттерін еркін дамытуға жағдай туды. Олардың көбейгені жақсы. Бірақ билік буындарына міндетті түрде ақша тауып баю қолынан келетін адамдардың келуі, дұрысында, сондайларды келтіру – шарт емес. Олардың бәрі бірдей ел камын, әсіресе мүддесі шектелген ұлт камын ойлай алады, соған пайдасы тиер бірдеңе істей алады деу – қате. Билікке жеке материалдық байлығы жоқ, еңбекақымен күн көріп жүрген, бірақ рухы биік, ұлттық мүддеге адал, ойшыл, әділетті адамдар тартылуға тиіс. Бізде өзін-өзі танып білмеген, ешқашан елі үшін ой толғап, пікір түйіп көрмеген, бірақ күні-түні ақша жасап, оны санай алатындар төбеге қойылады, сый-атаққа кенелтіледі. Шынында, қазіргі өміршең өлшем сол – міне, мен саған, сенің төбене сені билейтін адам қойдым, соны ардақта, ол бастық, құрметті адам, лауазымы, атағы бар... Шын құрметтелуге тиіс адам елеусіз қалады, өйткені онда не лауазым, не атак жоқ... Әлгі атаған мәселелеріңіздің өмірде орын алып тұрғаны сондықтан шығар. Орнымен келген атак, сыйлық, данқ.



лауазымды құрметтеуге болады, бірақ, өмір көрсетіп отырғандай, олардың ешқайсысы да сізге өз бетімен тимейді. Біреулер жүгіреді, қиыстырып, ретін келтіреді. Енді біреулердің ондайға ебі де, құлқы да болмайды: беретін болса – өздері біліп берсін дейді. Сөйтіп үлесінен қағылып жатады. Бірақ ондай жәйтке, дегенмен, үлестірушілер жауапты. Биік лауазым да сол сияқты, егер шын мәнінде ортақ іс пайдасын ойласақ, онда лауазымға ұмтылғанды емес, лайық адамды іздеу керек. Осындай көзқарасты ұстанатын мен былай ойлаймын: егер бұлардың бірде-бірі бізге тимей жатса – лайық болмағандығымыздан шығар...

### **БІТІРГЕНІМНЕН – БІТІРГІМ КЕЛЕТІНІМ КӨП**

**– Саясаткерлер жарқын болашақты көксейді, тарихшылар өткенді өнеге тұтады, ал журналистер бүгінгі өмірге өң беру үшін күресетін көрінеді. Осы үш категория да Сіздің басыңызда бар. Осылардың қайсысына басымдықпен қарайсыз?**

– Мен өзімді жәй ғана, елге қаламмен қызмет етушілердің қатардағы бірі ғанамын ғой деп білемін. Рас, үлкен де, кіші де, хан да, қараша да, саясаткер де, саясаткер емес те өзін-өзі тарихпен тәрбиелесе деген ойдамын. Мойындайық-мойындамайық, бізді тарихтан сабақ ала білмеушілік опындыратын болады. Ал егер тарихымызды шын түйсіне оқып, қадірлер болсақ – қалың жұртты болашаққа сендіріп, сөзімізге ұйытудың шын жолына түсер едік. Қазір біз өзімізді-өзіміз жас мемлекетпіз деп, бұрын-сонды болмаған нәрсені жасаудамыз деп артықтау сөйлеп жатамыз. Бұл жартылай ғана шындық қой деген ойдамын. Одан гөрі біз – қазақтың жер-суы мен халқы бір шаңырақ, бір ту астына топтастырылған 1924 жылы еліміз неліктен одақтас республикалар қатарына қосылмады? Неліктен қазақ та өзінен жері де, саны да аз өзбекпен түркімен секілді одақ құрушы республика тәжін кимеді? Не себептен Ресейдің құрамында автономиялық республика ретінде қала бердік? Неге бізге ол құрмет бір мүшелден

кейін – халқымыздың жартысынан астамы аштан қырылып, шамасы жеткендер шет жұрттарға асып кеткенде ғана көрсетілді? – деген сауалдарға жауап іздеп, ой жүгіртсек қой. Өзіміздің ғана емес, күллі қазақстандықтың ойын жүгіртсек қой! Сонда барша халық болашаққа сенімді де адал қызмет еткен болар еді. Мен – қолдан жасалған аштық душар еткен ұлттық апат мәңгі есте тұратындай іс-шараларын жасап, жымысқы саясат опаты болған миллиондар рухына әр қазақстандық ұдайы тағзым етіп тұратын рәсім қалыптастыру жөн деп санаймын. Бұл мен бұрындары да әрәдік айтып жүрген опыну құжатын қабылдау – кеше кеңестік қуыршақ мемлекет болып күллі қайғылы бұрмалауларға жол бергеніміз үшін халқымыздан кешірім сұрай отырып, тәуелсіз ел атқармақ жаңа міндеттерді белгілеу – ауқымында атқарылатын шаралардың бірі. Мұны тек биліктегілер ғана жүзеге асыра алады. Бәлкім, жаза берсек, солардың санасына жетіп те қалар. Осы тұрғыда – өз қолымнан келер салаға, яғни қалам-қаруға басымдықпен қарайтыным түсінікті болса керек.

**– Отыз жыл бойы станок басында тек бір деталь шығарып тұрған адамды түсінбеймін депті иврит жазбасында. Неше жылдан бері осы салада ақ тер, көк тер болып жүріп не пайда, не зиян шектіңіз?**

– Бұл теңеуіңізді қалай қабылдарымды білмей тұрмын. Шамасы, «отыз жыл бойы станок басында тек бір деталь шығарып тұрған адам» одан жалығуға тиіс дегеніңіз шығар? Мен қағазды шындап шимайлауға кіріскелі қырық жылдан асып барады екен, бірақ жалықтым дей алмаймын. Бітіргенім шамалы, бітіргенімнен бітіргім келетінім көп. Көп пайда да көре қойған жоқпын (материалдық, моральдық тұрғыда), зиян шегіп жүрген болуым да ғажап емес (деннің саулығы және материалдық тұрғыда). Сонда да осы қалам майданында «ақ тер, көк тер» бола беруді доғарғым келмейді. Өйткені көріп жүрген күллі азабыңды – өзің алдына қойған моральдық (ахлаки) борышыңды орындаудан туған сол ахлақтық тұрғыдағы қанағаттанушылық сезімі жуып кетеді.

**РУХАНИ ТАЗАРУ ҚАЖЕТ**

– Біз Құдайдың құдіретімен аса қымбат үш игілікке ие болдық: сөз бостандығы, ар-ождан бостандығы және соның екеуін де кәдеге асыратын парасатқа. Қоғамның алға жылжуына сонда не кедергі?

– Дұрыс, Алланың құдіретімен, иә, ең әуелі Жаратқан Жалғыздың ондап, жебеуімен әлгі айтқан игіліктеріңізді бұйыртқан, өзге де азаматтық азаттық мәселелерін еркін жүзеге асыруға жол ашқан Тәуелсіздікке ие болдық. Бірақ ілгерілеуімізге көңіл толмайтынын айтып отырсыз, рас, солай. Себебі көп, бәрін біз біле бермесек керек. Дегенмен менің ойымша, көп кедергінің бірі, бәлкім, бірегейі – билік буындарында қызмет атқарудың өлшеміне әділдіктің, идеяға адалдықтың емес, жеке басқа берілгендіктің алынуы. Төтесінен айтқанда, бар салада кәдімгі төрешілдік-сыбайластықтың жайлағандығы қоғамның басты ауруына айналды. Бұл дерттің асқынғаны соншалық, кейде ең қарапайым деген ақиқаттың өзін дәлелдеу қиынға түседі. Қоғамның алға жылжуына кедергі – сонда, басқару басқыштарының сыбайластықпен былғанғандығында. Егер басқару пирамидасының етегінен ұшар басына дейін тек қана идеяға, ел мүддесін көздер іске адалдықты, әділеттілікті басшылыққа алар болсақ, тек қана заңға бағынсақ және оны түрлі қитұрқы тәсілмен бұрмаламауға тырыссақ, әр жолдан тайғанды бір орыннан екіншісіне ауыстырып көз алдап емес, ымырасыздықпен айыптап, билеу буындарынан біржолата, аяусыз, мүлдем қуып отыратын болсақ, – онда әлгі кедергіден еркін өтеміз. Яғни, барлық салада баршамызға рухани тазару керек, биліктегі баршамызды нашар әдеттерден тазарту керек. Сонда ғана күткен дәрежедегі алға жылжуыңыз болады.

– Ұлт атану үшін төрт негізгі шарт қажет. Ол – жері, тарихы, тілі, әдет-ғұрпы. Енді ұлтымыздың ұлылығын таныту жолында не істемек керек?

– Ұлтымыздың ұлылығын таныту үшін алдымен ұлтымызды ұлы ету ләзім. Ол өзінің мемлекетінің шын қожайыны болуға тиіс. Байтақ жерінің асты-үстіндегі байлығын дұрыс игеріп, экономикасын өзі дүрілдетіп тұрған, өсіп-

өніп, дәулетін шалқытып отырған бақытты ел иесі болуы қажет. Ғасырдан астам уақытқа созылған отарлық жағдайдан арылғанымызды, байырғы мемлекеттік тәуелсіздігімізді жаңа оркениетке сай қалпына келтіргенімізді өз тіліміз, ділімізбен ерекшеленетін мәдениетіміз арқылы күллі әлемге мойындатуымыз жөн. Істелуге тиіс жұмыстарды осы мақсат-бағдар айқындайды емес пе?

– Ұлттық идеологияның барар бағыты белгіленбеген соң, ол жолаушылап жолға шыға алмай тұр. Сіз бір сұхбатыңызда елімізде «қазақстандық ұлтты» қалыптастыруға күдікпен қарайтыныңызды білдіріңіз?

– Иә, ондай күдікті айтқаным рас. Менің ойымша, «қазақстандық ұлтты» емес, «қазақ ұлтын» қалыптастыруға ұмтылыс әлдеқайда абыройлы және ол бүкіл дүниежүзі қолдайтын шаруа. Ертеде менің кеңес заманындағы бір кейіпкерім «әр тағамды бөлек-бөлек, нәрін, дәмін түйсініп жеген дұрыс па, әлде бәрін араластырып, қойыртпақтап қарын тойдырған дұрыс па» деп ыза болатын. Әлемдік палитрада түсі беймәлім қоймалжың бояу емес – кеңес тұсындағы тәуелділікте «интернационализацияланғанымыздың», демократия дәуіріндегі тәуелсіздікте «жаһанданғанымыздың» сұрқай қойыртпағы емес – шынайы тәуелсіздіктің ашық бояуы жарқырап тұруға керек.

– Сіз соңғы кездері жастарды тарихпен тәрбиелеу жөнінде үлкен бір жобаны қолға алған көрінесіз. Өте құптарлық шара екен. Жалпы, парсы жұртында жақсы бір дәстүр бар екен. Жоғары оқу орындарының бәрінде физика, математика, химия факультеттерінде де «Парсы әдебиетінің тарихы» оқытылатын көрінеді. Иран зиялыларының арасында «Егер парсы халқының әдебиетін, тарихын білмесең, онда сенің физикан, химиян кімге қызмет етеді?!» дейтін қанатты сөз бар екен. Осыны белгілі бір жүйеге түсіруге не кедергі?

– Гажап дәстүр. Міндетті түрде қабыл алып, бізде де шапшаң орнықтыруға болатын дәстүр. Ал оны белгілі бір жүйеге түсіруге не кедергі?.. Дегенмен бұл жерде, елдің өткен жолын оқу орындарында оқытатынын мойындай тұра.

өзіңіз айтқандай, отаншыл қазақстандық маман тәрбиелеу мәселесі жүйелі жолға қойылмай отырғанын айту керек. Тарихты, әдебиет тарихын, мәдениет тарихын, қазіргі жаңа ахуалды білу баршаға міндетті болса, әрбір мәдениеттімін дейтін адам оған қарсы болмайды ғой. Бұл өзі, әрі, жоғарыда айтқан қазақ ұлтын нығайту, оны құрметтеуге тұғыр орнату ісімен де орайласып шыға келер еді. Бірақ бізде қайраткер-саясаткерлеріміз өз ұлтын өздері тамырынан қиып жатыр: мемлекеттік тіл жұмыс істемейді, олар орыс тілін іс жүзіндегі мемлекеттік тіл етіп алған. Балалардың көпшілігі қаршадайынан тек орыс тілінде тәрбиеленуде. Әр үйдегі теледидар қазақтың ұлттық мүддесіне, балаларының тіл ашуына, ой-өрісін кеңейтуіне, талғамын, ділін тәрбиелеуге қызмет көрсетпейді. Оны ойлап басын ауыртып жатқан көсемдерің шамалы. Заңды айтады, құдды оны бөтен біреу жасап беріп жүргендей. Қаржының жоқтығын көлденең тартады, құдды құнсыз бірдеңелерге көл-көсір ақшаны төгіп жатпағандай. Ұсақ-түйек клерк біткен қазақ болса да қазақша сауатсыз, мемлекеттік тілдің мемлекеттік мәртебесін тұқыртып жүргендер – солар. Егер Конституциялық талапты күн тәртібіне шығарса, құдды өте азшылық болып табылатын солардың құқы шектеліп қалатындай. Ал іс жүзінде тілдік құқы шектеулі сан-мың қазақты елемеуге болады. Егер олар дауыс көтерсе, олардың әрекеті құдды ұлтшылдық ұран жетегінде кетіп жатқандай бағаланады. Осындай келеңсіздіктерден болашақ басқарушылар ада болса деген ниеттен мен, әлгінде өзіңіз ауызға алған жобамен жұмыс істеп, өзімнің «Рух-Сарай» деп аталатын бірнеше сериялы топтамамды әзірлеп жүрген жайым бар. «Жібек жолы» баспасы оның алғашқы кітабын былтыр шығарды, Алла қаласа, биыл екіншісін шығарар, жалпы, жобаны толығымен жүзеге асыру ісін аяқсыз қалдырмас деген үмітім бар.

**– Әңгіменізге рақмет!**

Сұхбаттасқан **Ермек ЗӘНГІРОВ.**

*26 тамыз 2005 ж.*

## СОЛНЦЕ С ЗАПАХОМ ПОЛЫНИ

В небесной книге судеб каждому начертана своя строка. Хотя бытует мнение, что человек сам кузнец своего счастья, творец жизни.

Однако именно судьба, мудрая, невидимая, загадочная, определяет нам земной путь. Одному он выпадает гладкий, ровный, благополучный. Второму – с ухабами, коварными поворотами. А жизнь третьего – это тернистое поле.

Но судьба, посылая человеку испытания, закаляет его характер, подвигает к большим, грандиозным делам. И тогда вырастают на земле величественные пирамиды, звучит в веках божественная музыка, создаются книги. И космические корабли уходят в звездный полет.

Писателя, публициста, ученого историка Бейбута Койшибаева, которому осенью исполняется шестьдесят лет, судьба не однажды подвергала испытаниям, но он стойко выдерживал ее удары, сохранил гордость и достоинство. Ныне он – автор около двадцати документальных и художественных книг. Недавно в свет вышел сборник публицистической хроники на казахском и русском языках «Талтүске дейін», в котором собраны эссе, статьи, интервью, начиная с семидесятых годов прошлого века. Произведения отличаются смелостью взглядов, независимостью суждений.

Особое место занимают публикации, посвященные декабрьским событиям 1986 года.

Новая книга – хороший повод для беседы с литератором, сегодня он – гость нашей редакции. Но прежде чем задать первый вопрос, небольшое мысленное путешествие в прошлое.

### ПУЧОК ЖУСАНА

Магическую силу таит в себе скромная полынь, она по-казахски зовется жусан. Цепкая, растущая в безводных степях,

далеко распространяет терпкие запахи. Однажды, как гласит легенда, пучок этой горькой травы вернул в родные края молодого кипчакского хана. Он в одном из походов, зачарованный красотой зеленой долины в кавказских горах, разбил там свой лагерь, основал аул. Годы веселой, беззаботной жизни пролетели, как стая белых лебедей в синем небе. И не тянуло в жаркую степь. Но однажды одинокий путник появился возле белой юрты. Принес пучок жусана молодому хану. И тот, вдохнув горько-терпкий запах, велел седлать коней, разбирать юрты. Молодой хан вернулся в степь, его позвал запах жусана.

Скромная трава – героиня многих народных сказов, легенд, песен. Она занимает видное место в произведениях известных поэтов и писателей. И в творчестве Бейбута Койшибаева ощутим привкус полыни. Более двадцати лет назад на страницах московского альманаха «Истоки», выпущенного издательством «Молодая гвардия», был опубликован рассказ молодого казахстанского писателя «Солнце с запахом полыни». Этот лирический рассказ, хоть и написан о жизни юношества прошлого века, вполне понятен и нынешнему читателю, ибо раскрывает вечную и всегда притягательную проблему по имени Любовь.

В 1984 году издательство «Жалын» выпустило на русском языке его сборник повестей и рассказов. Можно сказать, что рука судьбы указала, открыла человеку дорогу творчества, ибо поначалу он хотел идти по жизни другим путем, даже получил диплом инженера.

**– Бейбут Орынбекович, как известно, тропу детства пылью не заносит, она остается чистой в нашем сознании до последнего удара сердца. Если оглянуться, что вы увидите на своей тропе детства?**

– Да, картины детства не стираются из памяти. Что заложено в ту пору, дает потом всходы. Родом я из села Байкадам, что в Жамбылской области. Наш род туда перебрался во время страшного голода, в тридцать втором году прошлого века из Центрального Казахстана. Наши предки были кочевники.

После конфискации большевиками скота остались ни с чем, поэтому и голод случился. Дедушка умер во время перекочевки в Чуйской долине. Бабушка осталась жива, она рассказывала, что тогда в пути погибали целыми семьями. Мы, аульские ребятишки, часто находили на пашне, пастбищах человеческие кости. А в степи виднелись кругом небольшие бугорки – безымянные могилы.

Отец работал в районной газете, писал стихи. Дома была большая библиотека, я читал их жадно, можно сказать, проглатывал книги. От корки до корки читал журналы. Мы верили всему, чему нас учили. Охотно участвовали во всех пионерских акциях, тимуровском движении. Помню, с друзьями втихаря ходили к одиноким старушкам, сгребали с крыш снег, чистили дворы, вскапывали огороды. Помогали, не выпячивая себя, скромность тогда была в цене.

После школы поступил в сельхозинститут, окончил факультет механизации. Но, наверно, судьба сказала свое слово: почувствовал потребность писать. Написал первый рассказ, отправил в редакцию, стал ждать. Не дождался. Затем отправил второй рассказ, меня пригласили в редакцию, выслушали, дали совет, ободрили. Мой первый рассказ появился в печати тридцать пять лет назад, где-то ближе к осени. А первая книга вышла в свет через семь лет, в 1977 году.

– А теперь перейдем с тропы детства на площадь рынка. Многие сегодняшние политики, менеджеры, бизнесмены считают, что рынок все расставит по своим местам. Возможно. Это отчасти относится к экономике, но не к духовной сфере. Сейчас духовное богатство, увы, на последнем месте. Само слово «писатель» вызывает у чиновников, бизнесменов, разбогатевших людей лишь проницательную усмешку. Автор, конечно, может с великим трудом издать книгу, но за свой труд получит символический гонорар. Литература угасает, потеряв роль глашатая, поводыря народа. Ваш взгляд на эту проблему?

– Да, ситуация очень тревожная, если не принять решительных мер, то литература может и не выжить. Мне кажется,



ся, что наше правительство совершило большую ошибку, сведя на ноль, ликвидировав книготоргующие организации. Книга, даже самая замечательная, часто не доходит до читателя. Советское время мы справедливо критикуем, но книги тогда выпускались, как минимум, в десять-двадцать тысяч экземпляров, а бывало, доходило и до ста тысяч. А сейчас, как правило, максимальный тираж – тысяча экземпляров, а обычно пятьсот или даже меньше. Притом, и этот мизер не всегда реализуется, ведь не налажена четкая книжная торговля. В то же время наши магазины буквально завалены книгами российских писателей. Россияне почему-то сумели организовать торговлю даже за рубежом, а нам у себя дома это не под силу. Конечно, и российские издания нужны, но книги казахстанских писателей необходимы, как воздух. Но где произведения наших литераторов? Как говорится, их днем с огнем не отыскать. Конечно, за все это вина лежит на правительстве, оно, на мой взгляд, походит на трутня, только налоги сосет.

Сейчас положение, вроде, улучшается, действует система госзаказа в ряде издательств. Однако тиражи небольшие, одна-две тысячи экземпляров. Говорят, что книги расходятся по библиотекам. Но у меня нет твердой уверенности, что это происходит в действительности. Что касается гонораров, то они просто смехотворны, на них писателю прожить невозможно, нельзя свести концы с концами.

**– Прямо парадоксы литературной нивы: в стране более семисот писателей, а книг не видно. Наверное, и Союз писателей несет за это большую долю вины?**

– Наш Союз писателей прошел семидесятилетний путь, тесно связан с историческими этапами развития страны, ее успехами и неудачами. Сразу скажу, что сейчас эта организация отстала от времени, живет вчерашним днем. Я несколько лет (1991–1996 годы) работал в должности секретаря правления Союза писателей, старался решать проблемы в соответствии с законом. Но столкновение с реалиями жизни показало, что актуально звучит народная мудрость: прав тот, у

кого больше прав. Нынешняя элита откровенно вытеснила писательские организации на задворки. Некоторые писатели еще не выдавили из себя рабскую покорность перед богатыми и всеильными. Наш Союз писателей, можно утверждать, как ладья на бурной реке с поднятыми веслами, плывет по воле волн.

Литература – дело святое. Писатели в любых обстоятельствах должны оставаться нравственным камертоном общества, сохранять в чистоте свои имена и мысли. Без национальной литературы нельзя формировать у людей высокие моральные качества, воспитывать патриотов. А бездуховность уже в обозримом будущем грозит большими неприятностями, может привести к катастрофе. Нам надо осознать, что без книги мы теряем себя в потоке времени. Меня чрезвычайно огорчал девиз, громко звучавший в начале девяностых годов и слышный еще и сейчас: обогащайтесь любыми путями. А ведь погоня за деньгами приводит в конечном итоге человека в тупик.

Не зря же издревле говорится, что погоня за золотым тельцом – это бег за призраком.

– Да, в точку, сильно сказано. Притом это часто смертельный бег. Где быстрые деньги, там и преступления.

### БЕЗ ВИНЫ ВИНОВАТЫЙ

– Вы, как известно, несколько лет возглавляли журнал «Білім және еңбек», который, по отзывам экспертов, в этот период работал смело, поднимал острые проблемы, в том числе нравственные, способствовал широкому привлечению молодежи к научному и техническому творчеству, вооружал ее новыми знаниями. Почему же вы так внезапно ушли с редакторского поста?

– Во-первых, я сам не ушел, а меня, как говорится, ушли, лишили работы. На бюро ЦК комсомола, а это было в феврале 1983 года, обсудив работу журнала, объявили мне за мифические ошибки выговор и освободили от должности.

Стал я без вины виноватым, ибо никаких ошибок я не сделал. Просто, на мой взгляд, кому-то тогда понадобилось мое

кресло редактора. Вот и нашли повод. Члены бюро, к примеру, в вину мне поставили публикации о выдающихся ханах и знаменитых батырах, которые многое сделали для народа, храбро сражались против захватчиков, колонизаторов. Как научно-популярное издание в 1981–1982 годах мы опубликовали несколько статей, исследующих истоки искусства шаманизма. Такое явление имелось и есть в жизни казахов, его нельзя не замечать. В одной из этих статей приводился отрывок стихотворения, посвященный знаменитому баксы Койлыбаю. И тут же «бдительные читатели», а это были, видимо, завистники из числа партийных функционеров, стали писать доносы в вышестоящие органы, что стихотворение написано врагом народа Магжаном Жумабаевым. Мы доказали, что опальный поэт вовсе не автор, а стихотворение – интерпретация народного стиха – жыра. Потом нашли документ о реабилитации выдающегося поэта Магжана Жумабаева еще в 1960 году. Но на бюро первый секретарь ЦК комсомола прямо сказал, что алашордынец Жумабаев никогда не будет реабилитирован. Если же авторство Жумабаева после проверки подтвердится, то редактору придется отвечать партбилетом.

**– Значит, на бюро специально очерняли замечательного поэта, павшего жертвой сталинских репрессий, перечеркивали его заслуги перед народом?**

– Да, для них он оставался идейным врагом, даже упоминание его имени в связи с опубликованием на страницах журнала стихотворения привело в ярость членов бюро. Кстати, на бюро очень активно выступали те, кто вовсе не мог читать журнал из-за элементарного незнания казахского языка. Комсомол – это яркое порождение тоталитаризма, той эпохи, когда царило лицемерие. В итоге я с шумом вылетел с работы.

**– И не было попыток искать справедливости?**

– Пробовал стучаться в двери партийных руководителей. Написал письмо тогдашнему генеральному секретарю ЦК КПСС Юрию Андропову. Приезжал даже проверяющий из Москвы. Походил несколько дней, что-то записывал, улетел.

И после ни слуху, ни духу. Результат нулевой. Пытался попасть на прием к первому секретарю ЦК Компартии Казахстана Динмухамеду Кунаеву. Не пустили на беседу. Но его помощник все же передал ему мое письмо. Первый секретарь ознакомился, начертал резолюцию: «считаю возможным вернуть на прежнюю работу».

Мои преследователи, видимо, не ожидали от меня сильного сопротивления, стали вставлять палки в колеса, приклеивать всевозможные ярлыки. Один даже интересовался у соседей, как я отношусь к спиртному. Короче, искали компромат, но не нашли. Закончился этот злой спектакль, иначе не могу назвать то бюро, тем, что меня направили работать заведующим отделом газеты «Социалистик Казахстан». И никто не подумал извиниться. Кстати, все комсомольские активисты сделали потом карьеру, как говорится, вывернули шинели и нашли теплые места.

### ПРОТИВ ТЕЧЕНИЯ

Города имеют свою судьбу. Алма-Ате было суждено, образно говоря, стать городом-буревестником, всколыхнуть весь огромный Советский Союз. Семнадцатого декабря 1986 года. Город в тревоге. На главной площади ряды демонстрантов, в основном студентов. Они выступили за лучшую жизнь, за свободу. Против парней и девушек брошены солдаты, выставлены водометы. По команде началось избиение демонстрантов. Топот. Крики. Кровь на асфальте. Допросы. Суды. Жестокие приговоры.

Эхо декабрьских событий разнеслось по всей огромной советской державе. Она зашаталась, пошла трещинами. И вскоре рухнула, исчезла в пучине времени.

После трагедии в душах людей поселились страх, безнадежность. В вузах, организациях проходили собрания, на которых клеймили позором участников событий. И редко кто высказывал иное мнение, вставал на защиту пострадавших. Бейбіт Қойшыбаев, ответственный работник Верховного Совета Казахской ССР, пошел против течения. Он осудил атмосферу формализма, вседозволенности, призвал не рубить

с плеча, а разобраться. Одним словом, выступил в защиту «декабристов». Его выступление на партийном собрании аппарата произвело эффект разорвавшейся бомбы.

– Бейбут Орынбекович, Верховный Совет – это же в то время оплот власти, даже сама высшая власть. Ваш поступок можно сравнить, как мне думается, с рывком на амбразуру пулемета. Наверное, выступление вызвало очень негативную реакцию участников собрания и вам не простили инакомыслия?

– Сразу скажу, что, на мой взгляд, в декабрьских событиях есть немало «белых пятен», которые предстоит еще стереть. Вокруг этих событий много лжи, обмана, секретов. Давайте вспомним, разберемся. В те дни активно распространялись слухи о «зачинщиках массовых беспорядков», которые ходили по городским улицам с националистическими лозунгами. Но ведь содержание лозунгов, с которыми молодежь пришла на главную площадь, вовсе не были пронизаны духом национализма, не звали к беспорядкам. Вот эти лозунги: «Каждому народу – своего вождя», «Никаких преимуществ ни одному народу, ни одному языку», «Мы за не насильственное, а свободное сближение народов».

Но заржавевшая пропагандистская машина не сделала даже одного шага навстречу демонстрантам. Вместо того, чтобы поднять лучших агитаторов, лекторов, разъяснить молодежи суть национального вопроса, на площадь стягивались милиция, военные. И тем самым органы власти спровоцировали трагические события. Разум гуманиста не может оправдать действия тех служаков, которые пустили в ход саперные лопатки, обливали людей в мороз из водометов. Многие блюстители порядка оказались в роли палачей.

В те черные дни все коммунисты, комсомольцы, попавшие в руки органов во время облав, сразу исключались из рядов партии, комсомола. Велись массовые допросы, устраивались товарищеские суды. Творился произвол, грубо попирались права человека. Выступая на партийном собрании аппарата Верховного Совета, я обратил на это внимание, внес предложения не наказывать, а просвещать, воспитывать участников

демонстрации. И строго спросить с тех, кто нарушал закон, особо усердствовал, находясь в рядах блюстителей порядка. Конечно, собрание было шокировано, сначала в зале установилась мертвая тишина.

– Неужели вас не осадил сразу, не лишили слова?

– Попытки были, но я все же договорил. И тут настоящая буря началась. Активисты-выскочки, чтобы попасть на глаза начальству, резко осудили выступление. Заведующий отделом Д. призвал с политических позиций дать оценку моим сомнительным словам, сохранять бдительность. Сотрудник небольшого ранга Ш. громко заявил, что теперь он не сможет находиться и работать рядом со мной. Инспектор З. сказал, что надо решительно отмежеваться от моего выступления. И другие коллеги, образно говоря, стали забрасывать меня камнями. После собрания организаторы изъяли текст моего выступления и направили в соответствующие органы.

– Значит, над вашей головой сгустились грозные тучи?

– Можно сказать, и гром захлопотал. Через десять дней опять собрание. На меня наложили суровое взыскание – строгий выговор с занесением в учетную карточку. Последовало увольнение с работы, притом с «волчьим билетом». И я стал чужаком среди своих. Все двери захлопнулись передо мной. Попробовал искать правды в ЦК Компартии Казахстана. Побывал на приеме у заведующего сектором, «знатока» межнациональных проблем В. Аумана, он, вроде, проникся сочувствием, но посоветовал повиниться, признать ошибку. Я виниться не стал, ибо не чувствовал за собой вины. И тогда я окончательно понял, что партийная власть правду не жалуется, более того, больно сечет.

Стал безработным. Вскоре повезло: устроился в редакцию журнала «Жалын». Но там «зоркие» охранники власти дали проработать всего три дня. Прозвучал редактору резкий звонок сверху, пришлось уходить. И полтора года был вынужден сидеть без работы, перебиваться, как говорится, с хлеба на воду. Утешало, прибавляло сил одно – я был чист перед своей совестью.

Потом постепенно все наладилось, пригласили в республиканскую газету. Сейчас ответственный редактор журнала «Заңгер».

Естественно, никто из моих преследователей не привлекался к ответственности. Некоторые стали политиками, крупными чиновниками. Огорчает, что, к сожалению, жизнь не всегда расставляет все по своим местам. Поборники справедливости частенько шишки и синяки набивают, а лицемеры и проходимцы живут припеваючи, ходят в почете, мелькают на этажах власти.

Однако нет худа без добра. В период вынужденной безработицы вплотную занялся творчеством, собственно, оно и выручило. Когда погружаешься в мир героев рассказов, повестей, романов, собственные заботы и невзгоды как-то забываются. А когда появляется книга, то это самая желанная награда за терпение, бессонные ночи.

**– Известно, сталь закаляется в огне, а человек крепнет в житейских бурях. Какие у вас творческие планы, что задумано на перспективу?**

– Меня сильно волнует проблема формирования человека завтрашнего дня. Патриота и созидателя. Всегда считал и считаю, что воспитывать молодое поколение и всех граждан страны следует, в первую очередь, историей. Если Аллах позволит, задумал выпустить для молодежи цикл историко-познавательных произведений «Рух-Сарай». Первая книга цикла вышла в свет, она посвящена видным национальным деятелям начала XX века, знаменитой Каркаралинской петиции, которую подписали более четырнадцать тысяч человек, среди них Байтурсынов, Букейханов, другие выдающиеся личности того времени. Готовится и вторая книга, в ней рассказывается о первом мусульманском съезде, зарождении в степи Союза русских и казахских рабочих, первой национальной политической партии.

**– Работа большая, важная. Творческих вам успехов, свершения всех желаний.**

– Спасибо.

Интервью провел **Николай ГОРА.**

*Сентябрь 2005 г.*

## АМАНАТ

«Ұлт тағдыры» біріккен ұлт патриоттары қозғалысы Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидат ретінде сайлауға түсетін азаматтарға үн қатып, мемлекеттұйыстырушы ұлт болып табылатын қазақ халқының шешілуін тосып тұрған мәселелерін орындауды барша қазақстандықтың аманаты әрі талабы деп түсінуді және өздерінің сайлауалды тұғырнамалары мен бағдарламаларына енгізуді ұсынады.

Қазақстан Республикасының болашақ Президенті қазақ жеріндегі қазақ халқына байланысты тарихи әділеттілікті қалпына келтіруді, сөйтіп, ұлттық республика құруды алдына ұлы мақсат етіп қоюға тиіс. Сайланған жағдайда ол өзіне ұлттық қозғалыс атынан аманат етіліп отырған мынандай шараларды жүзеге асыруға міндетті:

1. Терең ойластырылған отарсыздандыру бағдарламасын жасап, оны парламенттік деңгейде қарастырып-қабылдауға бастамашылдық көрсету.

2. Елдің тұтастығын сақтаудың, келешекте тәуелсіз дамып, әлемдік қауымдастықтағы орнын бекем ұстаудың алтын дінгегі ретінде мемлекеттік ұлттық идеяны қабылдау, экономикалық тәуелсіздікке кепіл болатын ұлттық идеологияны жасау. Экономикаға ғылым мен жаңа технология жетістіктерін тереңдете енгізуге ұлттық инвесторларды жұмылдыру.

3. Қазақ жерінің байлығын табиғатқа зиян келтірмей пайдалану. Атом станциясын салуға жол бермеу. Электр қуатын өндіруде әлемдегі тәжірибеге сүйеніп, басқа баламалы табиғи қуат көздерін пайдалануды жүзеге асыру. Шетелдерге шикізат сатуға шек қою.

4. Ұлт экономикасының негізі ретінде тарихи дәстүрлі мал шаруашылығын жандандырып, дамыту. Оның өнімдерін өңдеуге жаңа технологияны батыл тарту. Мұнай мен тау-кен өнімдерінен түсетін қаржы есебінен ауыл экономикасына мемлекеттік қолдау көрсету.

5. Қазақ халқы тарих сахнасына өз атымен, өз ерекшелігімен дербес мемлекет болып шыққан 1456 жылды мемлекеттік мерейлі дата ретінде қалыптастыру. Келесі 2006



жылы қазақ мемлекеттілігінің 550 жылдығын халықаралық деңгейде кең атап өтуді, сол орайда оны қазақтың көне мемлекеттігімен тығыз байланыста қарастырып, әлемдік қауымдастыққа таныстыруды іске асыру.

6. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы жүргізген Отан соғысына шешуші дем берген Ордабасы құрылтайының (1726) 280 жылдығын мемлекеттік деңгейде атап өтуді жүзеге асыру.

7. Империялық отарлаулар тұсында қазақтардың ата қоныстарынан ығыстырылғанын есте ұстау. Қазіргі демократиялық өкімет кезінде де оларға өздерінің шұрайлы жер-суы қайтарылмағанын ұмытпау. Тарихи әділетсіздіктің жалғастырылуын тоқтату үшін, былтыр қабылданған жер туралы заңға бірінші кезекте шұғыл мораторий жариялап, ұлттық экономиканың ерекшелігі мен ұлт менталитетіне сай, жердің сауда нысанына айналуын тоқтатуды шешу.

8. Республикалық дәрежедегі екі қаладағы, барлық облыс, аудан орталықтарындағы өлкетану мұражайларында, арнайы салынған мемориалдарда большевизмнің «аштық саясаты» салдары – ұлттық апатты мәңгі еске салып тұратын рәсімді мемлекеттік деңгейде қалыптастыруды шешу. Онда, қазақ қасіретін еврейлердің «Яд ва шем» («Жад пен есім») мұражайындағыдай мәңгі есте тұратын етіп, 1917–1918, 1921–1923, 1931–1933 жылдарғы алапат ашаршылықтарда опат болғандардың тізімін жасау акциясын жүргізуді ұйымдастыру. Бүкіл қазақстандық үшін қаралы бір күн – саяси репрессиялар құрбандарын еске алуға арналған 31 мамыр алдындағы жұмада мешіттер мен шіркеулерде большевизмнің «аштық саясаты» құрбандарына арнап дұғалар оқу рәсім-салтын қалыптастыру.

9. Қылмысты саяси репрессиялар жасау арқылы отандастарды ел шекарасынан асып, шетелге кетуге мәжбүр еткен отарлық билік үшін опыну. Түрлі саяси желеумен Қазақстанға келіп, тұрақтап қалған өзге ұлт өкілдерінің өз еріктерінен тыс, жанама түрде болса да қазақтың ұлттық мүддесін шектеу құралына айналғанын түсіндіру. Қазақтың тарихи құқтарын қалпына келтіруге күллі қазақстандық болып атсалысудың тарихи әділеттілік болмағына назар аудару.

10. Шетелдердегі қазақтардың тарихи отанына оралып, қоныстануы үшін жағдай жасау шарттарын қайта қарау. Оларға кешеуілдетпей азаматтық құжат тапсыруды, үй-жаймен қамтамасыз етуді қолма-қол шешу. Олардың ел тыныс-тіршілігіне бейімделуіне, дәстүрлі кәсібімен шұғылданыуына, жұмыс істеуіне жағдай жасауды мемлекеттің маңызды міндетіне айналдыру. «Көші-қон туралы заң» орнына «Қазақтардың тарихи отанына оралуына жағдай жасау» жайында мүлдем жаңа заң қабылдауды шешу.

11. Шетелдерде тұратын қазақтардың ұлттық болмысын сақтауға жәрдемдесерлік мемлекеттік іс-шаралар жүйесін қабылдап, оның ішінде Ресей, Өзбекстан, Қытай, Моңғолия өкіметтерімен мемлекетаралық келісімшарттар жасауды жүзеге асыру.

12. Қазақ ұлтының сақталуының басты шарты тіл екенін ескере отырып, мемлекеттік қызметке тек қазақ тілін меңгергендерді қабылдауды жүзеге асыру. Мемлекеттік аппараттан барлық құжаттардың (қаулы, нұсқаулар, тт.) мемлекеттік тілде шығуын үйлестіру. Жиналыс өтетін орындарды түгелдей ілеспе тәржіме жасау қондырғыларымен жабдықтауды шешу. Халықаралық дәрежеде және билік тарапынан өткізілетін жиындардың мемлекеттік тілде жүргізілуін және ілеспе аудармамен қамтамасыз етілуін ұйымдастыру. Дипломатияны міндетті түрде мемлекеттік тілде жүргізілу заңдастырылуы шарт.

13. Қоғамдық телевизия ашу. Ұлттың болашағы балалар тәрбиесіне айрықша көңіл бөлу, сәбилердің, жеткіншектердің, жасөспірімдердің жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың дүниетанымын жан-жақты жетілдіруге ықпал ететін қилы тақырыптағы тартымды да танымды хабарларды қазақ тілінде дайындау және оларды күндізгі уақытта тұрақты түрде таратып отыруға мемлекеттік қамқорлық көрсету. Балалар мен жасөспірімдерге арнайы мемлекеттік тілде жұмыс істейтін телеарна ашуды шешу.

«Ұлт тағдыры» біріккен ұлт патриоттары қозғалысы» қоғамдық бірлестігі атынан ҚР Президенттігіне кандидаттарға аманат ретінде жазылды.

*19 қыркүйек 2005 ж.*

## ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУДЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ ЖАСАЛУЫ ҚАЖЕТ

– Тәуелсіздік алғанымызға 14 жылдан асса да, қазақтың ұлттық мәселелері әлі шешілген жоқ. Оны шешуді Үкіметтің ойлайтын түрі де көрінбейді. Ал ұлттық мәселелерді жекелеген азаматтар ара-тұра айтқанымен, оның атқарушы билікке әсері болмай тұр. Осындай жағдайда сіздер құрған «Ұлт тағдыры» қозғалысы өмірге кештеу келді ме, деген де ой туады. Жалпы осындай қажет қозғалысты құру идеясы қайдан келді, ұйысуға қанша уақыт кетті?

– Бұл идея аяқ астынан келген жоқ. Әрі-беріден соң мұндай қоғамдық қозғалыс Кеңес дәуірінде туып, Мәскеуде «Мемориал» деген атпен құрылған болатын. Мұның артынша осы «Мемориалдың» үлгісінде Алматыда ұйымдық жұмыс жүріп, 1989 жылы «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы құрылғанды. Міне, ұлттық мүддені көтерген алғашқы қарлығаш осы «Әділет» қоғамы болатын. Әрине, олар сол кездегі қоғамдық формацияға сәйкес, репрессия жылдарындағы құрбан болған қазақ коммунистері, яғни біздің ұлттың арыс-тары туралы, соларды ақтау жөніндегі мәселелерді көтерді. Одан кейін өмірге «Невада-Семей» қозғалысы келді. Бұлар, әрине, таза ұлттық мүддені көтере алған жоқ. Қазақтың шетін қалған мәселелерін ішінара ғана айтты. Осы алғашқы демократиялық қозғалыстардан соң құрылған «Азат» қозғалысын көпшілік қауым қолдады. Ол тәуелсіздіктің қарсаңында құрылған ұйым болғандықтан да, оны қолдаушылар көп болды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жемісті жұмыс істеді. Тіпті, егемендігіміздің бастапқы кезеңдеріндегі кейбір кертартпа реакциялық күштерге батыл тойтарыс бере білді. Атап айтқанда, Оралдағы «казачество» тойына тосқа-

уыл қоюға «Азат» қозғалысы үлкен күш шығарды. Оның жемісін үкімет көріп отыр. Өкінішке қарай, содан бергі кезеңдерде ұлттық қозғалыстардың белсенділігі кеми берді. Біздің қоғам олардың біртіндеп тоқырауына ықпал етті десек те болады. Есесіне олардың орнына өзге демократиялық күштер көтеріле бастады.

Мен кезінде журналистік қызметіме байланысты, сол демократиялық партиялардың бас қосуларына да қатысып жүрдім. Қоғамдағы болып жатқан құбылыстарды зерттеп отыру үшін де сол ұйымдардың жиындарына баратынмын. Сондағы бір байқағаным, демократиялық күштер ұйымдастырған форумдарға ұлттық қозғалыстар өкілдері қатыстырылмайтын да.

Рас, бұл кезде ұлттық ұйымдардың тоқсаныншы жылдардағыдай күші де, беделі де жоқ еді. Оларды көпшіліктің қолдауы да төмен болатын. Оған көптеген мәселелер себеп болған. Соның бір себебі, ұлттық ұйымдардың қаржылық қолдауы жоқтың қасы, төмен еді. Жұмыстың жүруі үшін алдымен қаржының жеткілікті болуы керек қой.

Содан кейінгі бір себебі, мүмкін басты мәселе де осы болған шығар, тілдік ортаның аясы тар болды. Қазақ тілінің қоғамдық-саяси функциясының қолданылу шеңбері Кеңес дәуірінде қалай тарылғаны белгілі болса, сол шектеу бүгінгі күнге дейін бар. Міне, осы тілдік ортаның әлсірегені ұлттық ұйымдардың кең көлемде жұмыс жүргізуіне кедергі болды.

Мәселен, ұлт мүддесін көтерген басқосуларға орыс тілді қазақ азаматтары қатыса алмады. Өйткені олар ондай жерде, біріншіден, көтеріліп отырған мәселелерді түсінбеді. Екіншіден, өз ойларын айтып, жеткізе алмады. Ең өкініштісі, ана тілін білмейтін бауырларымыздың көпшілігі мемлекеттік тілді үйренуге құлқы да бола қойған жоқ.

Олардың кежегесі осылай кейін кетіп тұрғанда, өзге ұлттың өкілдері қайдан ұйыса қойсын. Әйтпесе ұлттық ұйымдар ешуақытта өзгелерді сыртқа тебетіндей, асқан шетін ұлтшылдық әрекеттерге барған емес. Қазақтың

ұлттық мүддесін қорғаймын деген адамға барлық ұлттық ұйымдардың есігі әрқашан да ашық.

– Алайда, ұлттық ұйымдар ақ көңілмен есігін ашқанымен, оған адал ниетпен енетіндер көрінбейді. Осының себебі неде? Мұндай жағдайда не істеу қажет?

– Мұның басты себебі, ұзақ жылдарғы отаршылдық саясат қалыптастырған астамшылық пиғылдан. Бұл астамшылық пиғыл өкінішке қарай, бірқатар славян халықтарының санасына сіңіп кетті. Сонан соң өзіміздің мәңгүрттердің миына да орыстану саясаты әлі әсер етіп келеді.

Кезінде патша қазақты басқару үшін қазақтың белгілі басқарушы топтарына орыстың тілін үйретті. Үйреткенде де оны терең философиялық деңгейге жеткізген жоқ. Әйтеуір, тілін сындырып, атүсті атқарушылық міндетті орындауды ғана сіңірді. Атқарушы болғанда да, патшаның саясатынан асырып жібергендері де бар. Әрине, орыстың білімін алып, қазақтың ұлттық мүддесі үшін патша жандармдарына қарсы шыққан оғлан ұлдарымыз да жеткілікті.

Негізінен, Екатерина заманынан басталған орыстандыру саясаты бізде ғана емес, олардың өз бауырларындай болып кеткен украин халқына да жүргізілген. Украин ұлтының элиталарын орыс тілін үйренуге мәжбүрлеп, өздерінің нәсілдік туыстарына осындай астамшылық саясатын жасаған.

Ал бұратана есептелген біздерге тілін де, дінін де аянбай сіңіруге кіріскен. Сол саясаттарын жүргізу үшін орыстың мұжықтарын қазақтың шұрайлы жерлеріне алып келіп, қоныстандырды ғой.

Әрине, оған олардың ата-бабалары кінәлі емес. Бірақ, орыстандыру саясатының құралы болғандықтан да, белгілі бір дәрежеде жауапты екені анық. Міне, біз осыны олардың бүгінгі ұрпақтарына айтып, түсіндіруіміз қажет. Қазақтың бұрын шектелген тарихи құқығын қалпына келтіруге атсалысулары тиіс екендіктерін ашық айтқан жөн. Жауырды жаба тоқығанша, осылай шындықты айтсақ, олар да түсінеді.

Сонда ешқандай қақтығыстар да болмайды. Ұлттық мемлекетті ұйыстырушы қазақ ұлтының тарихи құндылықтарын қалпына келтіру – бәрінің ортақ ісі екендігін дұрыстап жеткізсек, ешқандай диаспоралар қарсы болмайтыны анық. Сондықтан да, бірқатар ұлтжанды азаматтар бірігіп, осы «Ұлт тағдыры» қозғалысын құрып отырмыз. Алдағы уақытта бізді қолдаушылар көбейе түсетініне сенім мол.

**– Сіз қолдаушылар көбейетініне сенім мол дейсіз. Алайда өзгелердің сенімін нығайту үшін ұлтымыздың басынан өткен, қолдан жасалған апаттарға кінәлілер айыбын мойындауы тиіс емес пе? Сол кездегі қырғындарды жасаған атқарушы биліктің бүгінгі мұрагері халықтан кешірім сұрауы керек қой...**

– Оныңыз рас, бүгінде өткен ғасырдағы ашаршылық болсын, қуғын-сүргін репрессиясы болсын, соның бәріне кінәлі Мәскеу болып шығады. Бүгінгі билік сол орталыққа сілтей салуға әуес. Ал, шын мәнінде, орталықтың бұйрығын орындаған жергілікті билік қой. Солақай саясатты қолдап, өз қазағын шетел асырып жіберуге атсалысқан – өзіміздің белсенділер. Ұлт қаймақтарын көзге шұқып, ұстап берген де арамыздағы атқамінерлер.

Ендеше, өз халқын озбырлықтан қорғай алмаған сол биліктің бүгінгі жалғасы – қазіргі үкімет – халықтан ресми түрде кешірім сұрауы тиіс. Шетелдерден келіп жатқан оралмандарымыздың алдынан шығып, оларды құшақ жая қарсы алуы қажет. Кешегі қуғын көріп кеткен ата-бабалары үшін кешірім сұралып, тарихи құқықтары қалпына келтірілгені жөн. Егер, қазіргі атқарушы билік осылай істесе, оған ешқандай өзге диаспоралар қарсы келмейді. Мұны енді биліктің үш тармағы – Президент, Парламент және Үкімет ақылдасып, шешуі тиіс. Бұл бағытта бағдарлама қабылдай ма, қаулы шығара ма, осындай бір құжаттың негізінде жүзеге асыруға болады.

Қазіргі биліктің сынайтын жағы көп қой өзі. Алайда осы билігіміз үшін ұлттық мүддені жүзеге асыруға бүгінде нағыз

колайлы жағдай туып тұр. Қазір жоғарыдан айтылғанды биліктің барлық тармақтары мүлтіксіз орындайды, бұған бірнеше саяси шара өткізу тәжірибесін көрген бәріміз куә болдық... Осы тамаша мүмкіндік пайдаланылмай келеді, шамасы, Президенттің айналасындағылар ол кісіге ұлт мәселесін дұрыс жеткізбей, айтпай отыр.

– Қазіргі қоғамдағы қалыптасып отырған саяси ахуалға бақылап қарасақ, біздегі билік те, оппозиция да ұлттық мүддені айтуға, көтеруге жүрексінетін секілді. Сондағылары – ұлтаралық араздық туып кете ме, электораттың қолдауынан айрылып қаламыз ба, дегендей күдіктер. Осындай тұста және президент сайлауы қарсаңында сіздердің «Ұлт тағдыры» қозғалысын құруларыңызға билік тарапынан, басқа да қоғамдық ұйымдардан қарсылықтар, кедергілер болған жоқ па?

– Өздеріңіз де білесіздер, біз осы қозғалысты құрар кезде аз дау-дамай болған жоқ. Басында бірге жұмыс істейік деген кейбір жігіттер жеме-жемге келгенде «Әділетті Қазақстан үшін» блогының оң қанаты болайық дегендей пікірлер тудырып, қайшылықтар жасады. Алғашқы құрылтайда залға белгісіз бір адамдар кіріп кетіп, айғай-шу шығарды.

Мұны, енді, билік ұйымдастырды ма, оппозицияның әрекеті ме, білмейміз. Кім ұйымдастырса да, бұл саяси мәдениеттің төмендігін көрсетеді.

Қарап отырсаңыз, сол кезде ұлттық мүддені бәрі де көтергісі келіп отыр. Бірақ сол ұлы мұратқа әрқайсысы әртүрлі жолмен жеткісі келеді.

Бір-біріміздің көзқарасымызға түсінушілікпен қарап, жұмыс істесек – ортақ мақсатқа қиналмай жететініміз анық. Сол себепті, кедергіні кімдердің ұйымдастырғанына назар аударған да жоқпыз. Ұстанымы берік азаматтар бірлестік те, негізгі ұлы ісімізді – ұлттық мүддені жаңғырту бағытындағы ағартушылық шараларымызды бастап кеттік.

Тегінде, мұндай ұлы істерге лас әрекеттерді араластыруға болмайды. Саясаттың өзін, кезінде Аристотель айтқандай,

өнер дәрежесіне көтеруіміз керек. Біз осы ұстанымды ұстаймыз. Айғайламай-ақ, даурықпай-ақ, қазақтың ұлттық мүдделерін қоғамдық талқылауға шығара береміз. Үкімет соны игере білсе болды.

**– Қазіргі оппозициялық «Әділетті Қазақстан үшін» блогы қоғамдағы кез келген мәселені айтсаңыз, саяси жүйені өзгертуге әкеліп тірейді. Экономикалық мәселені де, ұлттық мүддені де тек қазіргі билікті өзгерту арқылы жақсартуға болады дегенді алға тартады. Осыған сіздің көзқарасыңыз қандай?**

– Бұл сұраққа өмірден нақты мысал келтіріп жауап беретін болсам, жақында біздің қозғалыстың белсенді мүшесі Мақсұт Оразай коммерциялық арналарды сотқа берді. Сол кезде аудандық, қалалық соттардағы процестерге қатысып көрдім. Сонда әлгі судьялар заңның бұзылмағанын дәлелдеу үшін «Тіл туралы», «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңдардың белгілі бір тармақтарын ғана алып қарайды. Ал осы заңдарды толығымен қолданатын болса, коммерциялық арналар әрекеті заңсыз екені даусыз.

Әрі-беріден соң, бұл істі сотқа жеткізбей-ақ прокуратура органдары телеарналардың заңсыз әрекет жасап отырғанын дәлелдеп, прокурорлық пәрмен жасауына болады емес пе? Мұндай жауапсыздық биліктің өзге де тармақтарынан байқалып отыр.

Неліктен бұлай? Себебі жұмыстарын тәуелсіз ел талаптарына сай құрмаған, ескіше істейді, ал олар кешегі кеңес заманында халыққа аямай қысастық жасаған-ды. Алысқа бармай-ақ қояйық, Желтоқсан көтерілісі кезінде де өз халқын аямай жазалап еді ғой. Сонысы үшін әлі күнге дейін бірде-бір құқық қорғау органы, немесе Үкімет халықтан кешірім сұраған жоқ. Жіберген қателіктеріне ешқандай жаза тартпағандықтан да, олардың құрылымдарында осындай жауапсыздық қалыптасқан. Биліктің негізгі тармақтары осылай бұрмалаушылық, жауапсыздық жасап отырғанда, өзгерлерінен не күтуге болады?



Осындай-осындай заңсыздықтарды көргенде, қазіргі жүйені түбірімен өзгерту керек-ау деген ой туатыны даусыз. Қазіргі биліктің құрылымдарында имандылық болмай тұрғандықтан, үлкен бір саяси реформа керек екені күмәнсіз. Осы тұрғыдан келгенде, «Әділетті Қазақстан үшін» блогының ұсыныстарының жаны бар. Тек оны жүзеге асыру жолы қандай болады, ол ойланатын мәселе...

– Жоғарыда ұлттық мүддені жаңғырту бағытындағы ағартушылық істерді бастадық деп отырсыз. Бұл іс бүгінгі жас ұрпақ арасында да, орта, аға буын халықтың ортасында да жүргізілуі қажет қой деп ойлаймын. Себебі, мұндай тәрбие жастарға жеткілікті дәрежеде жүргізілмей отырса, алдыңғы буын кеңестік идеологияның «буынан» әлі арыла алмай жүргендей. Олар қазіргі атқарушы билік тармақтарында қызмет етіп отырғандықтан да, сіздердің істеріңізге кедергі келуі мүмкін ғой. Сондықтан ұлттық мүддені жалпы қоғамға насихаттау бағытындағы іс-шаралар қай деңгейде болмақ керек?

– Әлгінде айттым ғой, егер де биліктің үш тармағы кеңесе отырып, қазақ ұлтының тарихи мүддесін қалпына келтіру бағытында арнайы құжат қабылдаса, оны төменгі жергілікті жерлерде сөзсіз орындайды. Біздің мақсат – қазақтың ұлттық мүдделерін әр салада түгендеп, айту, қоғамдық пікір қалыптастыру. Алайда оны айту бар да, жүзеге асыру бар ғой.

Ал жүзеге асыратын – билік. Билік бұл іске құлшынбаса, оның жүзеге асуы қиын... Әрине, ұлттық сананы алдымен бүгінгі жас ұрпақ санасында қалыптастыруымыз қажет. Ол анау балабақшадан, мектептен басталып, жоғары білім ордаларында жалғасын табуы тиіс. Бұған БАҚ та атсалысуы керек. Телерналарда, радиоларда балаларға, жасөспірімдерге арналған ұлттық мүддеге негізделген патриоттық бағыттағы бағдарламалар болғаны жөн. Ал қазір мұндай бағдарламалар бірен-саран арнада ғана бар. Және олардың өзі Ресей арналарынан көшірілген қойыртпақ хабарлар. Балалар басылымдарының жағдайы да мээ емес.

Мәселен, «Ұлан» газетінің қазіргі таралымы жиырма мыңның айналасында ғана. Кезінде мен редактор болып тұрған кезде, осы басылымның таралымы 250 мың дана болатын. Мұның өзін аз деп есептейтінбіз. Өйткені іргеміздегі Өзбекстанда «Ленин ұшқыны» деген балалар газеті сол уақытта 1 миллион таралыммен шығып тұрды. Мектептерімізде 3 миллион қазақтың баласы оқитын. База бар, сондықтан, біз де «Қазақстан пионері» газетінің тиражын көтерейік дегенде, қағаз жоқ деп алдады. Оның өтірік екені белгілі-тін, өйткені Мәскеуден шығатын балаларға арналған басылымдар таралымы шектелмейтін, мәселен, «Веселые картинки» деген журналдың таралымы сол кезде 15 миллионның үстінде еді. Сонда оған табылған қағаз қазақ балаларының басылымына неге жоқ болып қалады? Әрине, мұның астарында үлкен саясат жатқан болатын. Міне, біздің бүгінгі Үкіметтің басты кемшілігі осында жатыр. Болашақты ойламайды. Бүгінгі жас ұрпақ мемлекетіміздің ертеңгі тұтқалары емес пе?

Ендеше, оларды ұлтжанды, мемлекеттік мұраттарға берік етіп, тәрбиелеу үшін қаржыны аямау қажет қой. Балаларға арналған электронды ақпарат құралдарындағы бағдарламалар ұлттық рухта болуы қажет. Ондай хабарлар жүрген кезде жас ұрпақ телеарнаның алдынан шықпай қалатындай, тартымды, биік деңгейде жасалуы шарт.

Газет-журналдар арзан, әр отбасының баласына жететіндей болуы тиіс. Ол басылымдар да патриоттыққа тәрбиелейтін мәнді, мазмұнды болуы қажет. Мұның бәрін жеке меншіктің қолына бермей, Үкімет өз бақылауында ұстауы керек еді. Өкінішке қарай, мұның бәрі керісінше жасалып жатыр.

– Бүгінгі биліктің керісінше жасаған ісінің бірі ауылдарға байланысты болды ғой. Кеңес дәуірінде әлеуметтік жағдайы да, мәдениеті де бүгінгі таңдағыдан жоғары деңгейде қалыптасқан ауылдарға жүйесіз жекешелендіруді енгізді де, ауылдың тоз-тозын шығарды. Әлеуметтік жағдайы қалпына келіп қалғанымен, ауыл қазіргі таңда рухани ашаршылықта отыр. «Ауылды қолдау»

**атанған үш жыл қазақтың қайнар бұлағының көзін қаншалықты аша алды?**

– Елімізде ертедегі дәстүрлі қазақ ауылдары болмаса да, Кеңес дәуірінде әлеуметтік те, рухани да жағдайы кәп-кәдімгідей қалыптасқан қазақ ауылдары бар еді. Сол ауылдардың өзі қазақтың ұлттық тілі, ділі, дінінің қайнар бұлағы болатын. Қазақтың жастары сол ауылда ұлттық рухта тәрбиеленіп, жаңа заман жетістіктерімен қаруланып, өсіп келіп, сол байлықтарын қала қазағына, қоғамына әкеліп қосып отырған. Ал біздің Үкімет не істеді? Осы ұйысып тұрған ауылға қаржы жоқ деген желеумен жекешелендіруді енгізді де, әлеуметтік жағдайының да, рухани әлемінің де тас-талқанын шығарды. Енді үш жылды ауылды қолдау жылы атағанымен, сол кезіндегі бар деңгейіне әлі жеткізе алған жоқ. Рас, жекелеген аудан орталықтарында аурухана салған шығар. Кейбір ауылдардың мектебін күрделі жөндеуден өткізген болар. Бірақ ауылдардағы баяғы мәдениет үйлері сол қираған бойы қалды. Кітапханалары түп орнымен жоқ. Үкіметтегі шенеуніктер ауылды қолдауға миллиардтап қаржы бөлінді дегенімен, ауыл халқы оны көргеніміз жоқ деп отыр. Ендеше, сол ауылдағы елдің өзінен артық не айтуға болады?..

– Бүгінгі билік еліміздің қазіргі таңда жеткен жетістігін ұлтаралық татулықпен байланыстырып, әр кезде соны қоғам алдына басты көзін етіп тартып келеді. Әрине, бұл дұрыс та шығар. Алайда, сол ұлтаралық татулыққа негіз болған қазақ халқының сабырлылығы, төзімділігі екенін айтпайды. Ендігі жерде қазақтың ұлттық мүдделерін алдыңғы кезекке шығарғанда ұлтаралық татулықты қалай сақтауға болады?

– Бұл өте орынды сауал. Өзің айтып отырғандай, ұлтаралық татулықты осы уақытқа дейін қазақтың кеңпейілділігі, сабырлығы сақтап келді. Кешегі өтпелі кезең атты қиын уақыттарда ең көп ауыртпашылық тартқан – қазақ ауылдары. Егер сол кезде басқа ұлттың өкілдері сондай қиындық

көргенде, не болар еді, білмеймін... Ал қазақ төзімділігімен сол киыншылықтардың бәрін жеңе білді. Сол арқылы өзге ұлттарға да үлгі болды. Мұны диаспоралардың Асылы Осман, Герольд Бельгер сияқты көзі ашық өкілдері де айтып жүр. Енді, қазақтың ұлттық мүддесіне басым бағыт берген кезде ұлтаралық татулықты қалай сақтаймыз дегенге келсек, ең дұрысы – ұлттық мүддені бәріне бірдей түсіндірген жөн.

Қазақтың өз жерінде тарихи құқығы қалай шектелді, азшылыққа қалай ұрынды, оны билік қалай пайдаланды, осының бәрін өзге ұлттарға айту қажет. Алдағы уақытта істелетін істер қазақтың тарихи мүддесін қайтып қалпына келтіру үшін жасалатын шаралар екенін оларға түсіндірсе, ұлтаралық татулық сонда ғана осы беріктігін сақтап қалады.

Бәрін ашық жүргізуіміз керек. Халқымыздың ұлттық апатқа ұшыраған кезеңдерін аза тұтып, соны өзгелер де мойындайтындай ықпал жасағанымыз жөн. Мәселен, еврейлер соғыс кезінде фашизм ұшыратқан қырғынды ұлттық апат деп есептеп, аза тұту деңгейінде жыл сайын атап өтеді. Армяндар мен түріктер арасындағы дауда 1 миллиондай армян қырылып кеткен екен, оны да олар ұлттық апат деп есептейді. Сол арқылы өз халықтарын ұлттық патриоттыққа тәрбиелейді. Және өзгелердің де түсіністікпен қарауына ықпал жасайды. Біз де еңсе көтеруіміз керек.

– Еліміздің қазақ мемлекеті екенін сырттан келген кез келген адам бірден сезінуі үшін, Үкімет қандай батыл шараларға баруы қажет? Себебі, қоғамдық ұйымдар бұл мәселені қаншалықты көтергенімен, тек қоғамдық пікір ғана қалыптастыра алады ғой. Ал оның жүзеге асуы, атқарушы билікке сын емес пе?

– Дұрыс айтасыз, біздің ұлттық ұйымдардың атқаратыны – ағартушылық іс. Мәселені көтеру арқылы қоғамдық қозғау ғана сала аламыз. «Ханның айтқанын қара да айтады, қараның аузынын дуасы жоқ» демекші, істің шешілуі, бәрібір, билікке байланысты. Сондықтан билік ең алдымен мына мемлекеттік тілдің деңгейін заңдағы дәрежесіне сай көтеруі

керек. Мемлекеттің тілдің бүгінгідей қолдану аясының тар болып отыруы – алдыменен осы биліктің кемшілігі. Олардың айтатын сылтауы ұлтаралық араздық туып кетеді дегенге саяды. Бұл бекер, шындығында биліктің өзінің құлқы жоқ. Қазақтың мемлекеті болған соң, онда қазақ тілі басымдық алып тұрса, ұлттық рух сезілетін болса, оған сол мемлекетте тұратын өзге халықтар неге ренжуі тиіс. Ал сырттан келгендер қайта соған қарап, сыйламайды ма? Егер осы бойы көшеміз орысша, ағылшынша аталса, тыңдағанымыз батыстың музыкасы болса, сырттан келгендер «сонда мыналар тәуелсіздікті не үшін алған» деп кетпей ме?

Сондықтан, өзгеге өзімізді мойындату үшін ұлттық сипатымыз болу қажет. Анау айтып жүрген жаһандануға да ұлттық сипатымызбен барсақ, болмысымызды сақтап қаламыз. Ендеше, қазіргі президенттік биліктің енді шегінетін жері жоқ. Ұлттық мүддені жаңғырту тұрғысындағы батыл-батыл қадамдарға баруы тиіс. Төменде жүргізілуі қажет шараларды біздер, қоғамдық ұйымдар-ақ, жасай береміз.

Мәселен, «Ұлт тағдыры» қозғалысында біз арнайы баспасөз мәслихатын өткізіп, онда қоғамдық көліктер жүргізушілеріне үндеу жарияладық. Үндеуде жүргізушілердің көшелер мен аядамалар аттарын міндетті түрде қазіргі кездегі атауларымен және қазақ тілінде хабарлауын, көлік ішінде қойылатын музыкалардың ұлттық сипатта болуын, жарнамалардың мемлекеттік тілде жазылуын, қоғамдық көлікте жүру билеті мәтінінің қазақша басылуын айттық.

Осы үндеуді біздің қозғалыстың белсенді жастары қоғамдық көліктің жүргізушілеріне, жолаушыларға таратты. Бұл біздің билікке жасап жатқан көмегіміз. Міне, осындай төменде халықтың арасында жасалатын істерді біздер – қоғамдық ұйымдар-ақ істейміз. Ал, билік те, өз кезегінде, жоғарыдан атқаратын нақты шараларды кешеуілдетпей қолға алғаны жөн.

– Кезінде Солженицин, Жириновскийлер қазақтың ұлттық мүддесіне қайшы келетін мәлімдемелер жасап

жүрді. Оған уақтысында ұлтжанды азаматтар қарсы мақала жазып, өздерінің пікірлерін білдіргенімен, билік дер кезінде ешқандай әрекеттерге барған жоқ. Егер ендігі жерде сырттан немесе іштен ұлт мүддесіне қайшы келетін осындай әрекеттер жасалып жатса, сіздердің та- раптан қарсылық шаралары жасала ма?

– Әрине, ұлттық мүддені қорғап жүрген қозғалыс болғандықтан да, біз ондай шовинистік пікірлерге өз қарсылығымызды бірден білдіретін боламыз. Мәселенің шындығын ашып көрсетіп, қоғамды әділеттілікке, имандылыққа келуге шақырамыз. Және ондай әрекеттерге терезесі тең ел ретінде Үкіметтің ресми пікір білдіруін де талап етеміз. Біз қоғамдық ұйым болғандықтан, осындай шараларды жасай аламыз. Мұның өзі сыртымыздан тас атушыларды ойландыруы тиіс.

– Осы айтылған әңгімемізді қорытындылай келе, ұлттық мемлекет құруға не кедергі, Қазақ мемлекетін қалыптастыру үшін қандай батыл шараларға баруымыз қажет дегенге тоқталсаңыз?...

– Ең бастысы, мемлекеттік тілді өзінің заңдық дәрежесіне жеткізуіміз керек. Одан соң шетелдердегі бауырларымызды тарихи отанына оралуын жеделдеткеніміз жөн. Оларды анау «квота» дегенге байлап қойған дұрыс емес. Қазіргі таңда «Көші-қон туралы» заң оралмандарымыз үшін дұрыс жұмыс істеп отырған жоқ. Сондықтан сырттан келетін бауырларымызға арнап, қазақты тарихи отанына орналастыру заңы деген сияқты құжат қабылдануы қажет. Сөйтіп, қандастарымыздың елге оралуын жеделдету керек. Осындай басты мәселелер шешілген соң ұлттық мемлекет құруға әбден болады. Осыған билік бастап, халық қолдап, мақсатты жұмыс жүргізілгенде үлкен нәтижеге қол жеткіземіз.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен Нұрболат СҰЛТАНҒАЗИЕВ.

23 желтоқсан 2005 ж.

## «ШЫННЫҢ ЖҮЗІ» БАҒДАРЛАМАСЫНДА

*Телеарнада Қасым АМАНЖОЛ 7.02.2006 ж. жүргізген сұхбат*

Бейбіт ҚОЙШЫБАЙ

1945 жылы Жамбыл облысы, Сарысу ауданында туған.

1968 жылы Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтын инженер-механик мамандығы бойынша бітірген. Әр жылдары комсомол, кеңес органдарында, журналистика саласында түрлі қызметтер атқарған. Бірнеше роман, хикаяттардың, деректі прозалық шығармалардың авторы.

Қазір «Ұлт тағдыры» қозғалысы төрағасының орынбасары.

Отбасылы. Бір ұлы, бір қызы, немерелері бар.

**– Сіз тәуелсіздік алған алғашқы жылдары немесе совет қоғамының кезінде-ақ қаламыңыз мұқалмай, жазған дүниеніз жұрттың алдына ұсынылып, пікіріңізді белсене білдіріп жүруші едіңіз. Кейіннен көп көрінбей кеттіңіз. Жақында сізді «Ұлт тағдыры» қозғалысының маңынан көрдік. Жалпы, осы ұлттық мәселенің тәуелсіздік алған кездегідей болмай, бәсеңдеп қалуының себебі не деп ойлайсыз?**

– Ұлттық мәселе қазір бәсеңдеп қалды деу қиын. Қазір, керісінше, қайта оянды. Ұлт мәселесі кеңестің кезінде де өткір проблемалардың бірі болатын. Бірақ ол тек кеңестік тұрғыда шешілді десек болады. Тәуелсіздіктің алдында біраз қозғалыстар құрылды. Оның бірі – «Азат». Бұл қозғалыс тәуелсіздікке үлкен үлес қосты деп айтуға болады. Осылай қозғалыстар ірі-ірі болып басталып, кейін бәсеңдеп кетті. Оның себептері де көп. Соның бір себебі – қаржы мәселесі. Содан ұсақ-ұсақ ұйымдар пайда болды. Бірақ ел елең ететіндей, ел мойындайтындай ұлттық қозғалыс болмай қалды. Одан кейін демократиялық қозғалыстар пайда болды. «Біз – демократпыз» деген жігіттер іс жүзінде ұлттық мүддені

ойлаған жоқ. Олар ана «Азаттың» жетекшілерін жиындарына қатыстырмайтын. Мен қаламгер ретінде жиындарына барып жүрдім. Онда сындарлы баяндамалар жасалады, бірақ ұлттық мәселелерді айтпайды. Содан барып, ұлт мәселесін ешкімнің ойламайтынына көзім жетті.

– Ал қазіргі ситуацияға қандай баға бересіз?

– Менің ойымша, тілдік кедергі әсер ететін болуы керек. Естеріңізде болса, жариялылықтың алғашқы жылдары қазақтардың 40 пайызы ана тілін білмейді деп айтатын. Сол рас. Одан да көп болуы ғажап емес. Қолда тұрған оңай нәрсені істемей, қалай ұлттық мүддені қорғауға болады?!

– Егер ұлттық мүддені не билік, не оппозиция өзі көтеріп, соның сойылын соғып жатса, ұлттық күштер өздері бөлініп, ұлттық идеяларды айтуында ешқандай мағына да қалмайды ғой. «Біреу сөзінді сөйлесе, аузың қышып несі бар» дегендей.

– Өте орынды. Ештеңе істелмеді демейміз, бірақ жеткілікті дәрежеде істеліп жатқан жоқ. Қай саланы алып қарасаңыз да, ұлттық мүдде шегеріліп жатыр. Ұлттық қозғалыстың мақсаты – биліктің назарын аударту, қоғамдық пікір туғызу. Кейін бірігулері қиын болып, әйтеуір толқып-толқып бірнеше ұйым құрылды ғой.

Мысалы, «Ұлт тағдыры», «Халық дабылы». Бұлар біріге алмады. Бірнеше жиылыс болды, у-шу болып біріге алмады. Біріге алмаудың себебі алға қойған мақсаттарының әртүрлі болғандығынан емес, мақсаттары – біреу. Бірақ сол мақсатқа жетудің жолдары әр түрлі, көзқарастары әртүрлі.

– Бұл бір принциптік келіспеушілік пе, әлде оның артындағы әртүрлі кландық күштердің келіспеушіліктерінен болып тұр ма?

– Мен кландық күштерді білмеймін.

– Әлде көсемдердің жеке амбициясынан туып тұрған жоқ па?

– Бәрі сыйлайтын, бәрі елең ететін көсемнің жоқтығынан ба деп ойлаймын. Бірін-бірі мойындамайды. Бәлкім, оны мойындату үшін уақыт керек шығар.



– Бәлкім, ол жігіттер өздерін мойындата алмай жүрген шығар.

– Енді бір ұйым бола алмады. Қазір жеке-жеке жұмыс істеп жатыр. Халыққа қайсысы танылады, соны мойындайды ғой. Қайсысы мойындата алса, сол шамасы үлкен күштің басында тұрады деп ойлаймын.

– Сіз комсомолда істедіңіз, партияның орталық комитетінде қызмет еттіңіз. Ол кезде ұлттық мәселе іске аспайтын, тек жазбаша күйінде қалатын дегенді айттыңыз. Сол кездері ұлттық мұраттарды ойлап, сезінген жағдайлар болды ма? Бұрынғы мақалаларыңызды кітап қылып шығарған екенсіз. Сонда ұлттың ассимиляцияға ұшырауы деген мәселені көтерген екенсіз. Сіз сол кезде кімнің үлгісін ұстандыңыз. Мысалы, Алаш қайраткерлерінің...

– Ол кезде біз Алаш қайраткерлерін білмейміз ғой. Біз партияны қанша жамандасақ та бізге оқуға мүмкіндік берді. Жас болған соң ізденесің. Әр нәрсеге жауап алғың келеді. Сонда ұлттық мүдденің шектеліп тұрғанын байқайсың. Сол кезде тарихи шығармалар болды. Солар жастарға күшті әсер етті. Ізденуге түрткі болды. Біз публицистика, шығарма жазуға тырыстық. Бірақ оның бәрі жариялана бермейтін.

– Бейбіт аға, кейбір ақсақалдар біз совет қоғамында жүріп, оның әділетсіз қылықтарын көрдік, ұлттық мүдденің тапталып жатқанын көрдік, бірақ айта алмадық дейді. Сіз осыған сенесіз бе?

– Солай түйсініп айта алмау дегенге өз басым сенбеймін. Қазір жазушылардың арасында мен Ленин, Сталин туралы жырлаған жоқпын деп айтатындар бар. Меніңше, ол аса білгірлік емес.

– 1986 жылға дейінгі аралық ұзақ кезең. Сол кездегі адамдар не сезінді, қандай ұрпақ тәрбиеленді? Сол кездегі жіберіп алған дүниелердің салдарын, зияндарын бүгін тартып жатқан жоқпыз ба?

– Солай. Аға ұрпақ сол қоғамды мойындаған, соның жақсылығын көрген аға ұрпақ болатын. Адам жас кезінде опти-

мист болады ғой. Біз аға ұрпақтың кейбір жеріне қарнымыз ашып қарайтынбыз.

– Көңбіс адамдарды тәрбиелеп берген жоқ па?

– Дұрыс айтасыз.

– Біз бүгін ұрпақты қалай тәрбиелеп жатырмыз?

– Кешегі советтік ұрпақты тәрбиелеуде жүйе болатын.

Қазіргі ұрпақты тәрбиелеуде жүйе де жоқ-ау.

– Сіз кеше сол совет заманының әжептәуір игіліктерін көрген, басшылық қызметтер атқарған адамсыз. Сіздің сол кездегі арман-мақсаттарыңыз не болды?

– Мен кеңес заманының үлкен жақсылығын көрдім деп айта алмаймын. Бірнеше басылым басқардым. Қаламгерлікпен айналыстым. Мен әлі де арманыма жеткен жоқпын. Ұрпақ тәрбиесіне атсалыссам деген арман бұрын да болды, қазір де бар.

– Бейбіт аға, сіздің басыңыздан Желтоқсан оқиғасы кезінде бір жағдай өтіпті дейді. Сіз Орталық Комитетте сөз сөйлегенсіз бе?

– Жоғарғы Кеңестің Төралқасы аппаратында істейтінмін. Кешкісін алаңға барғанда, әскери адамдарды да, ұрандаған жастарды да көрдім. Менің алдымда ғана жойқын соққы болған екен.

Сонда бір қыздан сұрағанымда, «адамдарды қырып жіберді, жедел жәрдеммен алып кетті» деді. Содан бір апта өткеннен кейін партия ұйымының жиналысы болды. Сонда «осы оқиға туралы ойларыңызды айтыңыздар» деді. Мен сөйледім. Менікі басқаша болды. Жастарды кінәлай бермейік, бәріне өзіміз кінәліміз дедім. Біз дұрыс тәрбие бере алмадық, оларды ұрып жыққанша, дұрыстап түсіндіру керек дегенді айттым.

– Сол пікірді айтқаннан кейін тағдырыңыз қалай болды?

– Біразы қарсы шықты. Ұлтшыл дегенді айтты. «Мұндай адаммен қалай жұмыс істейміз» дегендер болды. Маған айтатындары «сен алаңда не болғанын көрген жоқсың, неге сынайсың» дейді. Мен алаңда жойқын соққы болғанын

көрмегенімді мойындадым. Ал басқа пікірлерімнің дұрыс екенін дәлелдеуге тырыстым.

**– Осындай дүниелер адамды шындай ма, әлде жүдетіп жібере ме?**

– Бұл адамның ішкі иланымындағы дүние ғой. Мен оны айтпай тұра алмадым. Бірақ одан пайда тапқан жоқпын. Жұмыстан қуылдым.

**– Сіз құрбандыққа бардыңыз?**

– Солай болып шығады. Мен сол жерде айтпасам, өзімді-өзім кешпес едім деп ойлаймын.

**– Сіз жазушылыққа кірістіңіз, әдебиетпен айналыстыңыз. Үміт күттіретін жазушылардың бірі болдыңыз. Бірақ осы жазушылыққа адал болдым деп ойлайсыз ба?**

– Мен шын жүрегімнен айтқым келгенді жаздым.

**– Жұмыспен көп уақытыңызды алдырған жоқсыз ба?**

– Әрине. Бірақ жұмыссыз тағы болмайды. Әдебиетке демалыс, түнгі уақыттарымды арнадым.

**– Сіз жас күніңізде армандаған мақсат-мұраттарыңызды орындай алдыңыз ба?**

– Көп нәрсе істегім келді. Бірақ істей алмадық.

**– Не кедергі болды?**

– Шығармаларыммен үнемі шұғылдануға жағдай болған жоқ. Кезінде кітапты шығара алмадық.

**– Өзіңізді бір кездері қоғамнан, қу пысықтардан жапа шеккен адам ретінде сезінесіз бе?**

– Тура менің аяғымнан ешкім шалған жоқ. Бірақ қысастық болғаны рас. Мен жастар журналының редакторы болдым. Соны алу үшін қысастықтар жасады.

**– Өз бойыңыздағы бір жақсы мінез бен жаман мінезді айта аласыз ба?**

– Айта алмаймын. Оны сырт көз айтар. Бірақ өзімнің кемшіліктерімді білемін. Мен алдыма қойған мақсаттарыма жету үшін өзімді қамшылап жүре аламын.

**– Рақмет, аға!**

Баспасөзде ықшамдалып басылған мәтін.

*9 ақпан 2006 ж.*

## ТЕРНИСТАЯ ДОРОГА БЕЙБУТ-АГА

Бейбута КОЙШЫБАЕВА казахстанские читатели знают как известного писателя, публициста, журналиста. Он пришел в журналистику из комсомола. Работал ответственным секретарем, главным редактором газеты «Казахстан пионери», главным редактором научно-популярного журнала «Билім және еңбек» («Знание и труд»), заведомо республиканской газеты «Социалистик Казакстан», заведомо литературной газеты «Казах әдебиети», главным редактором журнала «Денсаулық» («Здоровье»), секретарем правления Союза писателей, председателем правления Литературного фонда Казахстана, заместителем главного редактора газет «Баман-Казахстан», «История и политика», ответственным редактором журнала Союза судей РК «Зангер» («Юрист»). Трудился в аппарате Президиума Верховного Совета Казахской ССР, Комитете по защите авторских прав Минэкономики, управлении по миграции и демографии Алматинской области, в редакции Казахской энциклопедии.

Сейчас Бейбут Орынбекович – заместитель главного редактора общественно-политического, литературно-художественного журнала «Жаңа ғасыр» («Новый век»). Кандидат исторических наук. Его творческая деятельность в основном связана с историей Казахстана и казахского народа. Автор сборников повестей и рассказов, документальных произведений, публицистических книг и ряда книг для детей. Сейчас работает над циклом произведений под общим названием «Дула-Сарай» («Дворец Духа»), который, по мнению писателя, будет способствовать воспитанию подрастающего поколения из исторических ценностей. Мне посчастливилось познакомиться с таким удивительным человеком в журнале «Зан-

гер». Он всегда восхищал меня своей интеллигентностью, доброжелательностью, чрезвычайной скромностью, патриотизмом, сопереживанием, умением слушать, смотреть далеко, глубоко, тонко разбираться в жизни. С Бейбут-ага очень приятно общаться, ему можно верить и доверять.

### **«С ДРУГИМИ НЕТ ПРОБЛЕМ, С КОЙШИБАЕВЫМ СЛОЖНО...»**

**– Бейбут Орынбекович, как получилось, что, окончив на отлично сельскохозяйственный институт, вы пошли совершенно по другому пути и стали известным журналистом, писателем? Вам удалось поработать по специальности?**

– По специальности я поработал в системе профтехобразования, в Республиканском объединении «Казсельхозтехника» инженером по изобретению и рационализаторству, затем – по внедрению в производство новой техники. Так пролетели три года. Потом меня пригласили на комсомольскую работу, и я попал в Алматинский областной комитет комсомола заведующим сектором профтехобразования. Оттуда – в ЦК ЛКСМ Казахстана лектором. Но я должен тебе сказать, что у меня была склонность писать еще в детстве. Писал в школе и институте, поэтому, думаю, ничего удивительного не было в том, что меня направили в республиканскую газету «Казахстан пионеры» заместителем главного редактора. Мне очень повезло, я попал под начало известной поэтессы Фаризы Унгарсыновой. Она была сильным редактором. Я многому хорошему научился у нее. В редакции нашей газеты сложились добрые традиции в работе с юными авторами. Своеобразным и интересным был организованный здесь пресс-центр «Балауса», где школьники встречались с видными писателями и журналистами, учились работать со словом, обсуждали свои первые пробы пера. Вообще в тот период почти все широко известные, любимые юными чита-

телями художественные произведения писателей Казахстана впервые увидели свет именно на страницах детской периодики. Это «Серый лютый» Мухтара Ауэзова «Меня зовут Кожа» Бердибека Сокпакбаева, произведения Сапаргали Бегалина, Утебая Турманжанова, Сейтжана Омарова, Саурбека Бакбергенова, роман «Зарево» Танаша Дауренбекова, научно-фантастические повести и рассказы Шокана Алимбаева, Тулеша Сулейменова, Талапа Султанбекова и многие другие. Газета публиковала и произведения юных дарований, которые сегодня стали известными поэтами и писателями.

**– Так вы постепенно приобщились к журналистике, прикипели к ней душой?**

– Мне всегда интересно было изучать историю молодежного движения и печати. Поскольку по образованию я был инженером, меня, видимо, по этой причине направили в молодежный научно-популярный журнал «Билим жане енбек», нынешний «Зерде», главным редактором. На страницах этого издания мы много писали об истории Казахстана, о его «белых пятнах», поднимали запретные тогда темы.

В 1981 году было 250-летие присоединения Казахстана к России. К этой дате мы приурочили и ввели специальную рубрику, в которой рассказывалось о взаимоотношении России и Казахстана с древних времен.

У нас было свое видение некоторых переломных исторических моментов, мы по-своему стали смотреть на казахских героев – ханов, батыров, которые в то время также были закрытой темой, ханов считали классовыми врагами. Мы достаточно смело писали о проблемах народонаселения, массовом голоде, роли шаманства в жизни казахов. Об этих вещах тогда тоже не было принято говорить вслух. Кроме того, мы по-новому стали смотреть на так называемую хозяйственную тему. На дворе только-только появлялись зачатки, признаки свободного рынка, а у нас была совершенно другая, коммунистическая мораль и психология, совершенно другой менталитет. В своих публикациях мы ратовали за

изменение сложившихся годами стереотипных отношений, взглядов на улучшение условий труда, жизни людей, воспитание молодых, всесторонне развитых личностей, интеллектуалов, которые бы смотрели в будущее и думали о судьбе страны, в общем, время было насыщенным, интересным.

**– Но у вас на почве бескорыстных, патриотических рвений были и неприятности. Расскажите об этом более подробно.**

– Ты, наверное, имеешь в виду историю с журналом «Билим жане енбек». В начале восьмидесятых годов в нем по рекомендации нашего уважаемого академика Алькея Маргулана была опубликована статья, где приводилось народное стихотворение о мистической мощи Койлыбая-баксы. Оно кое-кем приписывалось Магжану Жумабаеву.

В ЦК комсомола Казахстана нас обвинили в том, что мы допустили пропаганду сочинения репрессированного поэта-алашордынца. Встревоженные, мы стали изучать архивные материалы и выяснили, что эти стихи действительно принадлежат народу. А Жумабаев, как мы знаем, был посмертно реабилитирован еще в 1960 году, и он, кстати, немало сделал для просвещения казахов. Несмотря на это, заинтересованные недоброжелатели необоснованно обвинили журнал в публикации материалов о казахских ханах, что мы объявили их прогрессивными деятелями, что поручики и полковники, есаулы и сотники царской армии превратились у нас в национальных героев, что восхваляются шаманы, даются произведения Магжана Жумабаева. Нас стали упрекать даже в том, что мы названия месяцев в журнале пишем на казахском языке. Словом, пошли нападки по всем позициям, наше издание проверяли от и до.

Мне, как главному редактору, пришлось отчитываться на бюро ЦК комсомола Казахстана, где я подробнейшим образом проанализировал направления деятельности руководимого мною журнала и дал свою оценку необъективным, явно предвзятым нападкам сверху. Но власть есть власть, мне

## ТЕРНИСТАЯ ДОРОГА БЕЙБУТ-АГА

Бейбута КОЙШИБАЕВА казахстанские читатели знают как известного писателя, публициста, журналиста. Он пришел в журналистику из комсомола. Работал ответственным секретарем, главным редактором газеты «Казахстан пионери», главным редактором научно-популярного журнала «Билим жане енбек» («Знание и труд»), заведомо республиканской газеты «Социалистик Казакстан», заведомо литературной газеты «Казах адебиети», главным редактором журнала «Денсаулық» («Здоровье»), секретарем правления Союза писателей, председателем правления Литературного фонда Казахстана, заместителем главного редактора газет «Заман-Казакстан», «История и политика», ответственным редактором журнала Союза судей РК «Зангер» («Юрист»). Трудился в аппарате Президиума Верховного Совета Казахской ССР, Комитете по защите авторских прав Минэкономики, управлении по миграции и демографии Алматинской области, в редакции Казахской энциклопедии.

Сейчас Бейбут Орынбекович – заместитель главного редактора общественно-политического, литературно-художественного журнала «Жана гасыр» («Новый век»). Кандидат исторических наук. Его творческая деятельность в основном связана с историей Казахстана и казахского народа. Автор сборников повестей и рассказов, документальных произведений, публицистических книг и ряда книг для детей. Сейчас работает над циклом произведений под общим названием «Рух-Сарай» («Дворец Духа»), который, по мнению писателя, будет способствовать воспитанию подрастающего поколения на исторических ценностях. Мне посчастливилось работать с этим удивительным человеком в журнале «Зан-



гер». Он всегда восхищал меня своей интеллигентностью, доброжелательностью, чрезвычайной скромностью, патриотизмом, сопереживанием, умением слушать, смотреть далеко, глубоко, тонко разбираться в жизни. С Бейбут-ага очень приятно общаться, ему можно верить и доверять.

### **«С ДРУГИМИ НЕТ ПРОБЛЕМ, С КОЙШИБАЕВЫМ СЛОЖНО...»**

**– Бейбут Орынбекович, как получилось, что, окончив на отлично сельскохозяйственный институт, вы пошли совершенно по другому пути и стали известным журналистом, писателем? Вам удалось поработать по специальности?**

– По специальности я поработал в системе профтехобразования, в Республиканском объединении «Казсельхозтехника» инженером по изобретению и рационализаторству, затем – по внедрению в производство новой техники. Так пролетели три года. Потом меня пригласили на комсомольскую работу, и я попал в Алматинский областной комитет комсомола заведующим сектором профтехобразования. Оттуда – в ЦК ЛКСМ Казахстана лектором. Но я должен тебе сказать, что у меня была склонность писать еще в детстве. Писал в школе и институте, поэтому, думаю, ничего удивительного не было в том, что меня направили в республиканскую газету «Казахстан пионеры» заместителем главного редактора. Мне очень повезло, я попал под начало известной поэтессы Фаризы Унгарсыновой. Она была сильным редактором. Я многому хорошему научился у нее. В редакции нашей газеты сложились добрые традиции в работе с юными авторами. Своеобразным и интересным был организованный здесь пресс-центр «Балауса», где школьники встречались с видными писателями и журналистами, учились работать со словом, обсуждали свои первые пробы пера. Вообще в тот период почти все широко известные, любимые юными чита-

объявили строгий выговор с занесением в учетную карточку за якобы допущенные недостатки и освободили от должности. Помнится, при обсуждении этого вопроса секретарь ЦК ЛКСМК Даненов сказал, что редактор из критики не делает должных выводов, и далее он заключил: «С другими нет проблем, с Койшыбаевым сложно, больше оспаривает». Даже невооруженным взглядом было видно, что недоброжелатели выискивали различные подоплеки в тех публикациях журнала, которые сами же не раз награждали дипломами и грамотами. А один из функционеров справлялся у моих соседей, как я отношусь к спиртному.

Я искал истину, написал Динмухамеду Кунаеву, потом был у него на приеме. В этом мне очень помог его помощник Владислав Владимиров. Нас опять стали проверять, но ничего крамольного не нашли и аксакал наложил резолюцию, что считает возможным вернуть меня на прежнее место работы.

Но тогдашняя коррупция в верхах была ничуть не слаба чем нынешняя, и в конце концов Динмухамед Ахметович направил меня работать завотделом в газету «Социалистик Казахстан», затем я попал в аппарат Верховного Совета Казахской ССР.

Если тебе рассказывать обо всех жизненных и общественно-профессиональных перипетиях, тебе никакой пленки не хватит. Скажу лишь, что через призму декабрьских событий я высказал свое мнение о воспитании молодежи, за что мне опять сильно попало.

### **НЕЛЬЗЯ ЗАИГРЫВАТЬ С ЧУВСТВАМИ**

– Мягко сказано. Ваша позиция в отношении декабрьских событий стоила вам не только вашего кресла, но и партийного билета. В то время это было равнозначно ЧП. Вы пытались разъяснить молодежи суть национального вопроса. Почему именно вы?

– Заржавевшая советская пропагандистская машина не догадалась конструктивно объяснить скандирующей, обма-

нудой молодежи смысл так называемого национального вопроса на том этапе. Вместо этого была применена военная сила, что и привело к народной трагедии.

Не с лучшей стороны показали себя отдельные идеологи. Чем, к примеру, можно измерить тот вред, который наносит секретарь райкома партии, обращаясь к публике со словами: «Что важно для вас: чтобы первый секретарь ЦК был казахом или в магазинах был хлеб?»

Думаю, столь примитивно-вульгарное разъяснение партийного босса опасней и коварней даже самых жестоких расправ.

Я твердо убежден, что никто и никогда не сможет разрушить дружбу казахского и русского народов. Те далекие события показали, что не все рядовые граждане различают такие, казалось бы, диаметрально противоположные понятия, как интернационализм и шовинизм, патриотизм и космополитизм, не отличают национальное от национализма. Об этих и других тонких вещах я говорил на собрании коммунистов аппарата Президиума Верховного Совета, прошедшего по горячим декабрьским следам. Думаю, сейчас нет необходимости вдаваться в подробности дней минувших, но все же приведу такой факт для размышления. Ни для кого не секрет, что в то время в русских школах казахский язык преподавался в основном формально, и тем самым мы не воспитывали уважение к языку, культуре коренного населения, то есть противоречили интернационалистским положениям политики партии и государства. А впрочем, и ныне особо не блещем в этом вопросе. Борьба с проявлениями национализма не будет полезной, эффективной, если задеваются легкоранимые национальные чувства народа. Тем более сейчас, когда уже 15 лет живем в условиях суверенной независимости. Нам надо помнить, что учет национальных чувств и заигрывание с ним – разные вещи. В этом аспекте будущее прогрессивное поколение казахстанцев необходимо воспитывать с детского возраста.

– Вы и раньше акцентировали внимание общественности на необходимости детской литературы.

– Этот большой вопрос так и остался актуальным. Считаю, детская литература обязательно должна быть окружена государственной заботой.

У нас не было, и нет национальной познавательной, просветительской литературы для детей, отвечающей требованиям дня, написанной образным, доступным детскому воображению языком.

Заброшена работа с детскими писателями, что породило убогие переводные книги и учебники. Есть реальная опасность, что с такой скудной духовной пищей подрастающее поколение окажется на задворках века.

– А Союз писателей куда смотрит?

– Во-первых, без предметной государственной поддержки Союз писателей вряд ли что сможет сделать.

Во-вторых, у нас, как ни прискорбно, Союз писателей сам по себе, вузы, научные институты, министерства – сами по себе, телевидение – само по себе, нет между ними никакого сотрудничества.

Десять лет назад необдуманно ликвидирован Литературный фонд Казахстана, хотя я до последнего бился за него. Сами наши писатели уж очень инертны. Хотя некоторые и высказываются в прессе по глобальным вопросам современности, многие мои коллеги все же равнодушны к делам в своем писательском доме.

Жаль, конечно, что даем вести себя за нос кучке активистов, бравирующих связями с властью имущими. Кто знает печальную судьбу того же Литературного фонда, поймет, о чем речь...

Беседовала Торгын НУРСЕИТОВА.

13 июля 2006 г.

## ТӘУЕЛСІЗДІК МҮДДЕСІ МІНДЕТТЕЙДІ

Мақтан тұтатын, айрықша қуанатын мерейтой келіп қалды: Қазақ Елінің мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланғанына 15 жыл толып отыр. Сонымен бірге ұлықталатын тағы бір мерейлі дата – осы ұлы оқиғаға Сексен алтының Желтоқсанында бұрқ етіп жол салып берген әйгілі жастар көтерілісінің 20 жылдығы. Ол да орны ерекше салтанат, қаралы да мақтанышты салтанат. Өйткені ол тек өз еліміздің бостандыққа жетуінің алғышартын жасап қана қойған жоқ, ол әлемнің елеулі бөлігін темір құрсауына алған коммунистік империяның көбесін сөкті. «Тәуелсіз республикалар одағы» сынды алдамшы маңдайша артына жасырынған жымысқы империялық қанау мен озбырлықтан құтылуды аңсаған елдердің азаттыққа, еркіндікке жету жолындағы күрестеріне соны серпін берді.

Тәуелсіздік мерекесі тұсында екпін қоя еске ала кету жөн: Сексен алтының желтоқсанындағы қазақ жастарының көтерілісі кеңес билігі тұсында бейресми және ресми түрде тұншыға дамыған, бірақ мүлдем тұншығып қалмай, елді оята беруге қызмет етіп тұрған ұлт-азаттық қозғалыстың дүниені дүр сілкіндірген жарқылы еді, ұлттық намыс ширыққан сәтте лап ете түскен ерекше от-жалыны болатын.

Тарихқа тым тереңдемей, қоғамымыздың соғыстан бергі даму кезеңіндегі мамыражай шағын қарасақ, кеңестік дәуірде жаңа сипат алған ұлт-азаттық қозғалыстың бұл кездегі тамызығын өшірмеген – «Елін сүйген ерлер партиясы» (ЕСЕП), «Жас тұлпар», «Жас ұлан» секілді ашық және астыртын ұйымдардың, Махмет Құлмағамбетов, Хасен Қожа-Ахмет, Қалшабеков, т.б. жекелеген өзгеше ойлаушы дисиденттердің пайда болуы, коммунизм ұрандарымен көмкерілгеніне қарамастан тарих шындығын көрсететін әдебиет пен өнер туындыларының шығуы, құрдымға тасталған тіл

мәселесін әрәдік баспасөзде қозғау, бүгін 3000-ыншы нөмірі жарық көріп отырған «Қазақ әдебиеті» газетінің ұлттық санын көтерудегі айрықша орны, «халықтар достығы» жасалып жатқан «лабораториялық» ахуалға көндігулі көпшілікке елеусіздеу, бірақ азшылық елеңдеулі шарқ ұрған мазасыз ізденіс, ұлттық мүддені күйттеушілік-ті. Осындай да жолдармен қатар, жаппай сауаттанып білім алу нәтижесінде, әркімнің өзін өзі ұлттық тұрғыда тану сезімінің оянуы арқылы дайындалған, отаршылдар өктемдігі шектен шыққанда ереуілдеп, намыс ұшқынын алаулатқан Желтоқсан көтерілісі шын мәнінде мемлекеттік тәуелсіздігіміздің арайлап атқан таңы болды.

Еліміз он бес жылдық тәуелсіз даму барысында елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Әлемдік қауымдастыққа жатырмамай ендік. Мемлекетіміздің Басшысы тәуелсіздігіміздің символы ретінде танылды. Дегенмен мереке үстінде осы орайдағы жетістіктерді қазбалап тізбелегеннен гөрі, әлі де асар асуымызды назарлаған дұрыс секілді. Өйткені экономикалық, әлеуметтік ілгерілеулер, рухани жаңғырулар қарқыны қанша қарышты болғанмен, көңілдегідей емес тәрізденеді. Алған биіктерімізге қарамастан, ұлттық мүдделеріміз төрт құбыласы түгел дәрежеде қорғалып келе жатқан жоқ. Мұны осы уақытқа дейін тек ұлттық ұйымдар ғана айтып жүрген болса, бүгінде оған үкіметтік бағыттағы да, оппозициялық бағыттағы да партиялар назар аудара бастады. Демек, қазақ ұлтын жаңғыртудың өзекті мәселелері хақындағы ойларды бүгінгі таңдағыдай мерейлі белес үстінде ортаға салуда еш әбестік болмаса керек.

Ең алдымен мынаған шамалы ой жүгіртейік: бұл мәселе неліктен бүгінде ұлттық қозғалыстардан асып, осы уақытқа дейін ұлт мәселесіне тым бейтараптау қарап келе жатқан ұйымдардың қызметінің күн тәртібіне шыққан? Ыңғайы, қазақтың ұлттық мүддесін бұдан әрі де елеусіз қалдыра берудің мүмкін болмайтынын, алға қойып отырған асқаралы мақсат-міндеттердің баршасы, қоғамды демократияландыра түсу де, төрт құбыласы тең елу ел қатарына жету де – ұлы да

кішік халқымыздың белсенді түрде қатысуынсыз орындалмайтынын ұққандықтарынан болар...

Осы орайда, ұлтты жаңғырту мәселелерін шын көздейтіндерге – қазақтың ұлттық мүддесі тұқыртылған кезеңдерді әрдайым есте ұстау жөн болмағын айта кетелік. Әуелде Ресей патшалығының елімізді әскери-феодалдық күшпен отарлауы қазақты шұрайлы жер-суынан айырып, экономикалық және рухани жұтаңдануға душар етті. Сосын монархия құлатылды. Большевизм революция атынан қазақтың кемсітілген құқтарын қалпына келтіруге уәде берді, бірақ онысын толық мәнінде орындамады. Атап айтқанда, орыс колонистері үшін тартып алынған қазақтың жер-суын ең алдымен қазақтың өзіне қайтарамын деп, жеме-жемге келгенде, алдады. Білікке келісімен «аштық саясатын» қолданып, көшпелі қазақты перманентті ашаршылыққа ұшыратты, айтып жеткізгісіз қызыл қырғынға түсіріп, ұлттық апатқа ұрындырды.

Көшпенділер марксизм тұрғысынан жойылып бітуге тиіс деген көзқарасты ашық та, жасырын да ұстанған жаңа билеушілер 1917–18 жылдарғы аштықта 1 миллионнан астам, 20–22 жылдары – тағы 1 миллионнан астам, ал көл-көсір қайғысымен ерекше атағы шыққан 32-жылы (1931–33 жж.) – 2 миллионнан астам адамды ажал тырнағына берді. Революция қарсаңында алты миллиондай болған қазақ соғыс қарсаңында екі миллион шамасындағы ғана мөлшерге түсіп қалды. Оның төрттен бірі Екінші дүниежүзілік соғыс майдандарына аттандырылды, содан, фашизмге қарсы шайқасқан қазақтардың төрттен үші – төрт жыл ішінде ұрыс далаларында қаза тапты.

Соғыстан кейінгі жылдарда қазақ жерін жаңаша ұранмен отарлау үдей жүргізілді. «Патшаның ғасырлар бойы істей алмағанын біз кеңестік тәсілмен аз ғана жылда жүзеге асырдық», – деп мақтанған неоимператордың сөзі жержаһанға жайылды. Күні кеше большевизм аштан қатыру тәсілімен қырып жіберген номадтардың жайлаған өлкесін – «тың жерлерді» кең көлемде «кеңестік тәсілмен» игеру салдарынан қазақ өз жерінде 29 пайыз ғана үлеспен, респу-

бликаны мекендейтін халықтың үштен біріне де жетпейтін ұлттық азшылық болып қалды. Мектептері жаппай жабылды. Орыстандыру саясаты тек оқу-ағартуды орысша ету және орыс колонистерінің санын арттыру арқылы ғана емес, орыс-танған қазақтарды империя қолшоқпары ету жолымен де жүргізілді. Ұлттық сананың үн-түнсіз қыстыға бермейтінін танытқан 1986 жылғы қазақтың ұлт-азаттық көтерілісін жаппай гайбаттаудың, күні бүгінге дейін ащы шындықты ашып айтуға мүмкіндік берілмеудің бір сыры соның салқынында жатыр.

Кенес өкіметінің соңғы жылдарында ғана билік тарапынан артта қалған қазақ аудандары жайында сөз бола бастады, алайда резервация сынды аймақтарды тізімге алғаннан басқа нақты көмек көрсетілген жоқ. Жергілікті халықты шұрайлы жер-суына қайта қоныстандыруды тәуелсіз еліміздің демократиялық өкіметі де істей алмады, өйткені мемлекеттік тәуелсіздік алғаннан кейін орындалуға тиіс бірінші қадам – отарсыздандыру шаралары жасалмады.

Билік қазақтың ұлттық мүддесі мәселелерінің қордаланып қалған түйіндерін шешуге бағытталған батыл қадамдар жасамады, бұл мәселені қарауда ол кеңестік ұғымдардан қол үзе қоймады. Шынтуайтқа келгенде, жаңа өкімет он бес жыл бойы жан-жаққа, еліміздің ішіндегі «бесінші колоннаға» алаңдап, қазақ мүддесін жартыкеш түрде ғана қолдап келеді. Халқымыздың шөлейт және жартылай шөлейт аймақтарды мекендеген бөлігі мемлекеттік қамқорлықтан қағыс қалпы қалды. Жоспарлы тыныс-тіршілікті базар экономикасы жолына асығыс түсірген реформа, кеңестік, ұжымдық шаруашылықтарды күштеп тарқату, жалпыхалықтық сипаттағы, баршаға ортақ саналатын мемлекеттік меншіктерді жекешелендіру шаралары қазақтың психикалық бітімін, өмір салтын күрт бұзуға апарған ретпен жүрді.

Тіл шын мәніндегі мемлекеттік мәртебесіне, жолына жасанды кедергілер қойылуы салдарынан, әлі күнге дейін көтерілмей келеді. Күні кеше, еліміздегі диаспоралар өкілдері бас қосқан ассамблеяда Елбасы мемлекеттік тілді өз орнына



коюды көздейтін өте маңызды сөз айтты, алайда билік буындары тарапынан аппаратты мемлекеттік тілде сөйлетуге бағытталған күрт бетбұрыс әзірге байқалмайды.

Ауызды ку шөппен сүрте беруден құдай сақтасын, жетістік баршылық. Бірақ бүгінгі мерейлі таңда кемшілікті көбірек айтуымыз – болған үстіне бола түссек деген ниеттен туып отыр. Сонымен, тәуелсіз өркендеген он бес жылды енді аз күнде артқа тастағаннан кейін қалай жүрген абзал, не істеу керек?

Біздіңше, ұлттық идеяны бұлталақтатпай, түрлі тамсандырар ұранға тұтқындатпай, тым ақылды пайымға салып күрделілендірмей, дәл тұжырымдау жөн.

Ол, біздің ойымызша, отарлық қамыттан босанған кез келген ел армандайтын мақсат – ұлттық мемлекет орнату болса керек. Ондай мақсат-мұратты біздің ағаларымыз самодержавиелік әміршіл жүйе күйреген, монархия құлаған сәттен бастап көтеріп, жалаулатумен болған.

Бұл арманның жүзеге асуы 1924–25 жылдары қазақ жерсуы мен халқының бір шаңырақ астына біріккенімен байланыстырылды. Қазақ автономиясында халықтың азшылығы болып тұрған жергілікті жұрт Түркістан автономиясынан бөлініп қосылған облыстардағы қандастары есебінен көпшілікке айналғанда, өлкелік партия комитетінің жауапты хатшысы Сұлтанбек Қожанов: «Біз көптен аңсаған Ұлттық Республиканы жасадық, – деп жария етті. – Алдағы міндет – осы Ұлттық Республиканы құрып шығу». Алайда одан кейінгі оқиғалар бұл идеяның империя ауқымында ешқашан жүзеге асырылмайтынын дәлелдеп берді.

Ондай мүмкіндік тек 1991 жылы мемлекеттік тәуелсіздігіміз жарияланғанда ғана туды. Бірақ сол мүмкіндікті күні бүгінге дейін пайдалана алмай отырмыз. Оған ұлттық идеяны халықтың өз ұлттық мемлекетін құру арманымен сабақтастыра алмау, ұлттық мемлекет деген атау мемлекетімізде өмір сүретін басқа этностық топтарды – тарихи отандары шекарамыздан тысқары жатқан өзге ұлттар өкілдерін кеудеден итереді деген жаңсақ пікір кедергі келтірсе керек.

Қазақ ұлтын шын мәнінде жаңғыртуға оның ұлттық мемлекеті ғана кепіл бола алатынын түйсінер мезгіл жетті. Ұлттық мемлекет көптен айтылып жүрген азаматтық қоғамның ел тәуелсіздігін ірітпейтіндей дәрежеде, қапысыз, бекем орнауына да кепілдік ете алады. Сондықтан да ел көкейіндегі ұлттық идеяны ашық жария етіп, оған қол жеткізуді қамтамасыз ететін ұлттық идеология жасалуға тиіс. Ештен кеш жақсы.

Ал оның мазмұнының елеулі бөлігі отарсыздандыру іс-шараларын ойластыру негізінде қалыптастырылуға тиіс. Экономиканың, күллі тыныс-тіршіліктің бар саласында қазақтың ұлттық мүддесінің шектелуіне кезінде түрлі желеумен сырттан әкелініп, осында тұрып қалған ұлт шашырандыларының – диаспоралардың ықпал еткенін ашып айту ләзім. Олар қазақтың қоғамдық өміріне кірігуді мойындайтындай, қазақтың шектелген құқтарын қалпына келтіру ісіне мейлінше септесуге бейіл болатындай жағдайға қол жеткізу жөн. Инвестициялар тарту тек шикізат көздерін игеруді ғана емес, жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуды, әл-ауқатын көтере түсуді көздеуге тиіс. Қазақты өз отанында шетелдік қожайындардың жалдамалы жұмысшысы деңгейінде ұстаған және оның табысы күнкөріске жетер-жетпес азын-аулақ пұл ғана болып отырған масқарапаздықты шұғыл жою қажет.

Сосын, әрине, ұлттық тәрбиені жолға қоятындай кең шаралар ойластыру орынды болмақ. Ең бастысы, еліміздің ақпарат кеңістігін шетелдік БАҚ-тар экспанциясынан қорғау шараларын ойластыру ләзім. Бұл ретте барлық өнер түрлері мен бұқаралық ақпарат құралдары арасында теледидардың идеологиялық қару ретінде аса пәрменді орыны барын бірінші кезекте ескеру керек.

Аса маңызды міндет – ең алдымен біздің құқық қорғау органдарымыз заңнаманы бұрмаламауға жол бермегені жөн: біріншіден, оның сақталуын қадағаласын, екіншіден, өзі қадағаламайтын әрі орындалуын талап етпейтін болса, тым болмаса, азаматтардың сол орайдағы талап-арыздарына

сергек қарап, олардың заңды мүддесін аяққа таптай бермей, шын мәнінде қорғауға бет бұрсын.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл екені Конституцияда жазылған, алайда бір мүшелден астам уақыт бойы мемлекеттік аппаратты мемлекеттік тілде сөйлетуге жол бермей келе жатқан чиновниктер «орыс тілі – конституция бойынша ресми тіл» деген желеу айтады. Бұл – өтірік, жалған. Конституцияны бұрмалау және қылмысқа парапар дәрежеде шындыққа қиянат жасау. Әркім Ата заңға қайта бір үніліп көз жеткізе алады: онда «орыс тілі – ресми тіл» деген сөз жоқ! Онда орыс тілінің қажеттілік туған жағдайда ғана мемлекеттік тілмен қатар ресми қолданыла алатыны айтылған.

Тілдер және БАҚ-тар туралы заңдар бойынша телехабарлардың кемінде жартысы, немесе одан да көбірегі қазақ тілінде болуы керектігі, ондай талаптың мемлекеттік тілдің аясын кеңейту, тілдік ортаны қалыптастыру үшін қойылып отырғаны айқын-ақ жазылғанмен, кейбір арналар аталған заңдарды мазақ дәрежесінде ғана «орындап» жүр. Өкінішке қарай, біздің кейбір отаншылдық сезімі жоқтың қасы чиновниктер мен қасаң құқық қорғаушыларды бұл жәйт қанағаттандырып келеді.

Кей арналардың түн ортасынан ауа қазақша концерттік бағдарламалар таратқанын «қазақ тіліндегі хабарларды бағдарламаның заң талап ететін 50 пайызына толтырды» деп, заңдардың қандай мақсатпен қабылданып отырғанын не ұқпайтын, не мәтінін қасақана бұрмалайтын біздің билеушілеріміз күні бүгінге дейін ұлттық мүддені тұқыртумен келеді. Сөйтіп, мемлекеттік тілдің кең қолданысқа енуіне септесетін, іс жүзінде тілдік ортаның қалыптастырылуы көзделетін әлгі прайм-тайм деп айдарланатын қолайлы уақытта өзге тілде хабар-ошарлары мен танымдық бағдарламаларын сайратып жатқан арналарға – ұлттық сананы тұмандатушы жаңа тұрпатты отарлаушылардың арамза желеуіне разылық және қолдаушылық танытуда. Заңгерлер мен мемлекеттік қызметшілерге мемлекет абыройын, халық мүддесін ойлайтын уақыт жетті. Он бес жыл тәуелсіз даму, Елбасымыз

ескерткендей, аюға да тіл үйретуге болатын уақыт. Демек, заңды бұрмалап, біржақты қолдануды доғару қажет.

Бір телеарнаны балаларға арнауды ұлттық мұқтаждық ретінде қарастырмай болмайды, арнайы арнамен танымдық тартымды хабарлардың үзбей қазақ тілінде, өскелең ұрпақтың жас ерекшеліктерін мұқият ескере отырып, жүйелі түрде таратылуын қамтамасыз ету ләзім. Ұлттық мерзімді басылымдардың, кітаптардың таралу жүйесін жасау, таралымын арттыру күн тәртібіне шығарылып, оған мемлекет тарапынан жанашырлықпен қарау орынды болмақ.

Айтулы мереке қарсаңында тарихтағы қасіретті де тағылымды кезеңдерді ел санасынан өшіруге, ұмыттыруға бет алғанбыз ба деген қорқыныш туа бастады. Себебі Алматыда осыдан бір-екі-ақ жыл ілгеріде ашылған саяси репрессиялар мұражайы кезінде елге қасірет әкелген ғимарат ішінен шығарылды, сөйтіп, іс жүзінде жабылды деуге болады. Астанадағы саяси репрессиялар құрбандарына арналған жап-жаңа ескерткіш басқа жаққа көшіріліп, орнына басқа құрылыс салынбақ. Еске түсірейік: репрессия – «үлкен террор» – миллиондар бастан кешкен тамұқ, ол тек біздің республикамызда ғана сан-мың адамның тағдырын ойыншық етті, әлденеше мыңдаған адам атылды. Бұған жүрдім-бардым қарауға болмаса керек.

Ал жиырмасыншы ғасырда бірнеше рет большевизм душар еткен ашаршылық халықтың жартысынан көбін жұтты, сондықтан да сонау ұлттық апатқа ескерткіш жер-жерде орнауға тиіс. Себеп-салдарын біз әлі танып болмаған осы ұлттық апат еврейлердің Холокостынан кем қасірет емес, оны ұдайы есте ұстайтындай жағдай жасау қажет. Ашаршылық құрбандарына тағзым етіп тұрудың елімізді мекен ететін барша халықты бірлікке тәрбиелеудегі маңызы зор.

Мерейлі мереке тұсында тілге оралған ойлардың бір парасы осындай. Тәуелсіздік мүддесі бізді әрдайым сергек болуға міндеттейді. Мемлекеттік тәуелсіздігіміздің 15 жылдығы құтты болсын, отандастар!

*26 қараша 2006 ж.*

## **ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІНІҢ МАҢЫЗЫ**

*2006 жылғы 4 желтоқсанда Шымкентте өткен «Саяси қуғын-сүргін құрбандарына Тағзым!» атты республикалық ғылыми конференцияда жасалған баяндама*

Кеңестік билік өткен ғасырдың 20–30-шы жылдары жүргізген саяси репрессиялар ұшыратқан қасірет ешқашан ұмытылмайды. Тоталитаризм оны ашық еске алуға, аз уақытқа созылған «жылымықтан» кейін, ешбір мүмкіндік берген емес. Өкінішке қарай, жазықсыз қуғын-сүргіндер сыры ашылмай, шын айыптылар аталмай жүргендіктен, жиырма-сыншы жүзжылдықтың алғашқы жартысында болған жаппай жазалаулар бертінде де жаңаша үстемеленіп жатты. Қаншама сылап-сипасақ та, олар ұмыт болмайды. Әсіресе естен шықпайтыны – бұдан 20 жыл ғана ілгеріде орын алған, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне байланысты жасалған саяси қуғын-сүргін әрекеттері. Дүркін-дүркін жазалау шараларын қолданып қою арқылы ел санасын үреймен шеңгелдеп отыру империяның үйреншіктісі дағдысы болса керек. Сондай репрессиялық амалдар тізбегі қазақ елінде 86-ның желтоқсан айында жаңғырды. Осы айдың 16-сы күні өткен Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Пленумы шешіміне наразылық білдіріп, алаңға шыққан жастарды билеуші партияның жазалаушы жасақтары қатыгездікпен қанға бөктірді, аяусыз басып-жаншыды. Оның артынша ел ішінде бірнеше ай бойы жаңа саяси қуғын-сүргін, турасын айтқанда, құдды 37-ші жылғыдай ахуал қалыптасты.

Бүгінде көпшілікке мәлім, жастар ереуілі алғашқыда бейбіт сипатта болған. Олар Алматыдағы орталық алаңға шығу арқылы, өздерінің конституциялық құқтарын пайдаланып, республиканы басқару үшін сырттан эмиссар жіберілуіне келіспеушіліктерін көрсеткен. Алайда Мәскеудегі

орталық пен оның Қазақстандағы сенімді жандайшаптары «отар бұратаналарының» мұндай қарсылығына қатты шамданды. Орталық биліктің ұғымына сыймайтын «тәртіп бұзушылықпен» күресу, «бүлік» біткенді басу үшін алдын ала дайындалған арнайы операция жоспарына сәйкес, Алматы алаңына жиналған халықты тарқатуды Мәскеудің қатаң қадағалауымен республиканың жоғарғы өкіметі өз қолға алды. Түрлі штабтарын іске қосып, арандатушылыққа тұнған әсіре насихат жұмыстарын жүргізді. Қаладағы ішкі мүмкіндіктерді жұмылдырып, жастарға қарсы әскери күш жұмсады. Тез арада совет одағының түрлі қалаларынан арнайы жасақтар алдырды. Шұғыл түрде қазақ еместерден халық жасақшыларын ұйымдастырып, қолдарына темір таяқ, кабель кесінділерін ұстатты. Осылай олар содыр да жеркенішті жазалаушы және жуасытушы деңгейіне дейін құлдырады. Отардағы билеуші, бірден-бір әмірші бейнесіне енген жасақшылар бірнеше күн бойы алаңдар мен көше-көшелерде жауынгерлік билік құрды.

Әуелде бейбіт демонстрацияда сап құрып, өкіметтің күш қолдануы салдарынан іс жүзінде көтеріліске шыққан, намысқа оранып, өршелене ереуілдеген жастарды өкіметтің әскерилері резеңке шокпармен, сапер күрекшесімен, жасақшылары жасанды келтектермен ұрып-соқты. Құдды бір отар құлдарынша, мұзды алаңға етпеттетіп жатқызып қойды. Жоғары билік, осылай, көтеріліске қатысқан қарусыз жастарды, ар-ұят пен адамгершілікті жиып қойып, жаппай қырып-жоюға, әй-шәй жоқ өлтіріп тастауға іс жүзінде рұқсат берді, сөйтіп, 1986 жылғы 17–18 желтоқсанда қазақ астанасы Алматы қаласында іс жүзінде совет өкіметі атынан халыққа қарсы қылмыс жасалды. Алаңда жусап қалған қыз-жігіттерді жүк машиналарына құдды бір қоқыс салғандай тиеп алып, қала сыртына тасымалдады да, айдалаға апарып қораптарын төңкере төкті. Милиция бөлімшелеріне қамағандарын әдейі, қасақана жәдігөйлікпен, қолдан нашақор, маскүнем етіп көрсету әрекеттерін жасап жатты. Қыздарды шашынан

ұстап сүйрелеп, тепкілеп, қорлады, зорлады. Айуандықтың неше түрін жасады және ондай деректер жайында ешкім де жұмған ауызын ашпайтын үрейлі ахуал қалыптастырды. (Шетелдік басшылардың бірі тарапынан «зұлымдық империясы» деп таңбаланған совет өкіметі осы күндері, шынтуайтында, өзіне өзі үкім шығарған болатын.) Сондай ахуалда репрессиялық шаралар жүзеге асырылды: жүз шақты жас сотталды, мыңдаған қыз-жігіт партиялық, комсомолдық жазалар алды, оқудан, жұмыстан шығарылды, қаланы тіркеуде жоқ «босқындардан» тазарту қолға алынды.

Құпия органның баяғы НКВД тәсілінен де асқан құпия әрекеттерін қолдануы арқылы жұртты астыртын қорқытып қойғаны сондай, ата-аналар жазалаушылардың соққысынан қаза тапқан балаларын іздеуге де бата алмады. Ату жазасына кесілгендерге шетелдік қайраткерлер ара түсіп жатты, ал өз елімізде бұл тарапта әңгіме қозғауға қатаң тыйым салынған еді. Қырағы көздердің Желтоқсан көтерілісі ақиқатын жабық ұстауға мұқият қарағаны соншалық, жариялылық, қайта құру саясаты өмірге әкелген Мәскеудегі КСРО халық депутаттары І-ші съезінің мінберіне ақын, депутат Мұхтар Шаханов Арал жөнінде мәлімдеме жасаймын деген желеумен ғана әрең дегенде шығып, мәселені көтере алды. Сондағы сөзінің арқасында қазақ жастарының ереуілі мен оларды фашистік тәсілмен жазалап, жуасытудың маскара деректері күллі әлемге мәлім болды. Әділетсіздікті әшкерелеген, шындықты ашуға талпынған алғашқы ірі де ержүрек қадам жасалған соң, біртіндеп сең қозғалды.

Бірақ, көтеріліске биыл 20 жыл толып отырса да, әлі күнгі беймәлім жәйттер баршылық, халық күні бүгінге дейін 86-ның Желтоқсанына саяси баға берілуін, оның маңызынын дәл тұжырымдалуын талап етуде. Осы төңіректе бірер пікір білдірер алдында қазақ жастары көтерілісінің алғышарттарына көз жүгіртелік.

18–19-шы ғасырларда отарлаушыларға қарсы қазақ халқының 300-ден астам ұлт-азаттық көтерілісі орын алғаны. олар-

дың бәрінің қанға боялып тұншықтырылғаны мәлім. 19-шы ғасырдың соңына қарай патша әкімшілігі бодандарының тек жер-суын емес, санасын отарлауға айрықша мән берді. Қазақ арасында істейтін әкімдері мен ағартушыларына бұратаналарды бет әлпеті бөлек, діні мұсылман болғанымен, жан дүниесі, рухы жөнінен кәдімгі орыс мұжығына айналдыру қажеттігін биік міндет етіп қойды. Алайда орысша оқығандардың бәрі орыстанып кеткен жоқ, араларынан азаттық ойды өркениетке сай қуатындар, халықтың көзін ашуға, заманаға сай зайырлы білім беріп, ағартуға айрықша мән беретіндер шықты. Осы жәйт отар әкімшілігін де «сергітті»: патша үкіметі қилы жансыздар жүйесін құру арқылы жандармериясын күшейтіп, оған бұзық ойлы бодандарды жедел анықтауды және оларды ізінше «залалсыздандырып», қатаң жазалап отыруды міндеттеді.

«Бөтен ой» айтушыларды бақылауға алу кеңес өкіметі тұсында да елеусіз қалдырылған жоқ, керісінше, ерекше кең жолға қойылды. Ұлт қамын жеу қалай шектелетінін большевиктер партиясы көрнекі мысалмен әуелі 1923 жылы түсіндірді. Тарихта 4-ші Кеңес деген атпен қалған ұлт коммунистерімен өткен мәжілісте Орталық Комитет басшылары ұлттық революциялық қозғалыстағы көрнекті тұлға Мирсаид Сұлтанғалиевті неліктен абақтыға жапқандарын айтып, онысын бәріне мақұлдатты. Біздің республикада әуелі Алаш қозғалысына қатысы болғандарды, одан ұлт мүддесін күйттейтін коммунистерді қудалады. Не керек, соларды 20–30-шы жылдары саяси репрессия толқындарына жалмату большевизм күткен нәтижені берді: аса қатыгездікпен жүргізілген қуғын-сүргіндер салдарынан елдің дамуына қатысты өзгеше ой түйіп, ойлы пікір білдірушілер мүлдем жойылған болатын.

Дегенмен азаттық үшін күресу идеясын эмиграциядағы Мұстафа Шоқай өрбітіп, дамытып жатты. Ал еркін ой отын соғыстан кейін, 50-ші жылдары ашылған «Азаттық» радиосы Батыстан тұтатып, маздата жағуға кірісті. Соғыстан кейінгі



жылдары өз елімізде де қазақ азаматтарының біртіндеп өзін өзі тану үдерісі жүре бастады. Бұған түрлі тәтті ұрандар астарында жасала бастаған орыстандыру саясаты итермеледі. Жаппай білім алу, әдебиеттің, өнердің, мәдениеттің өркендеуі оқыған азаматтардың талайының санасын оятты. Олар үлкен ұрандар аясында атқарылып жатқан жақсы істермен қабаттаса, ұлттың ассимиляцияға ұшырап жатқанын көре білді. Үдере орыстандыру саясатын іштей қаламаушылар көбейді. Қазақ диссиденттері пайда болды. Әртүрлі жастар ұйымдары құрыла бастады. Танымдық мәтіндер, әдебиет пен өнердің көркемдікпен көмкерілген танытқыш шығармалары да шықты. Баспасөз эрегідік ана тілінің тағдырын қозғап жүрді. Ал қазақтардың ұлттық мүддесін елемеу, дамудың ұлт мүддесін күйттейтін жақтарын шектеу сол арада көзге анық түсе бастады.

Баршаға мәлім, алапат ашаршылықтан соң босап қалған «жаңа жерді» игеруге тиіс қоныстанушыларды Орталық билік сырттан топырлатып көшіріп әкелді. Елімізді жаңаша отарлау тың игеру сынды патриоттық ұранмен жүзеге асырылды. Сол ұран аясында жүздеген қазақ мектептері жабылды да, балаларды орыс мектептеріне беру арқылы, «екінші ана тілін» игеруге жаппай ұмтылу үдерісін өрістетті. Тоталитарлық кезең әбден күшіне кірген шақта қалаларда орыс тілінсіз күн көру қиын болды, республиканың астанасы режимді қалаға айналдырылды, оған келіп тұру, тіркелу, үй алу кезегіне тұру мүмкін емес-тін. Тек ірі өнеркәсіп орындарында жұмыс істейтіндердің ғана жатақханаға орналасуы ықтимал еді. Жұмысшылар көбіне пәтер жалдап тұратын. Қазақ жігіттерінің өз елінің астанасындағы жағдайы осындай ауыр болатын. Бұл – республиканы қазақ азаматы басқарып тұрғандағы ахуал болса, енді, басшылыққа қазақ тұрмыс-тіршілігін білмейтін «көлденең көк атты» келгенде не болмақ деген үмітсіздік өз-өзінен туған.

Алайда өзін «заманымыздың ақыл-ойы мен ар-ождан» деп бағалаған компартияның көсемдері большевиктік

шешімге күдік келтірушілерге аяушылық көрсетуді ойына да алмайтын. Әсіресе мұндай қылық кешегі бұратана тарапынан шыққанға олар қалай төзсін. Одақ әнұранында жазылған сөздермен айтқанда, «халықтарды біріктірген ұлы Русьтің», яғни «асқан өркениетті» және «аса жоғары мәдениетті» елдің биліктегі өкілдері жоғарыдан төмен, артықшылықтарын және сол тұрғыда төмендегілерге деген жеркеништерін де аса жасырмай қарап, Алматы «тәртіпсіздігін» тудырушыларды өзгелерге сабақ болатындай дәрежеде жазалап жіберуді жөн көрді. Сондықтан да сол күндері «жылымық» жылдар артта қалғалы бүркемеленіп тұрған сталинизмнің жыртқыштық ұсқыны айналаға қаһар шаша жалаңаштанды.

Содан бері 20 жыл өтті. Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі тең республикалардың ерікті одағы деп дәріптелетін советтік империяның қобесін сөуге, сөйтіп, әр республиканың дербес ел болуға деген ерік-жігерін көрсетуіне іс жүзінде жол ашты. Осылайша, араға бес жыл салып қол жеткізетін азаттығымыздың ағарып атқан таңына айналды. Ендеше, біз оны қазір қалай бағалап жүрміз? Әрине, ойдағыдай емес. Рас, Алматыда ескерткіш ашылды, желтоқсаншылар өздерінің қоғамдық ұйымдары құрған жоспарларына сәйкес түрлі жиындар, кездесулер өткізіп тұрады, олардың жазықсыз саяси қуғын-сүргінге ұшыратылғаны ескеріліп, бірқатарына тұрмыстық мәселелерін шешуде билік тарапынан түрлі көмек көрсетіліп жүр. Бірақ бұл жұмыстардың бәрі де жетімсіз болып тұр.

Желтоқсан көтерілісінің себеп-салдарын, оның шын мәніндегі демократиялық өзгерістердің бастауы болған маңызын өзге түгіл, өзіміздің қазақстандықтарымыз тиісті деңгейде білмейді, өз дәрежесінде бағалай алмайды, тіпті сол ұлы оқиғаның мәнін түсінбейді. Олардың көпшілігі сонау «зұлымдық империясының» насихат құралдары «нашақорлар мен маскүнемдер бүлігі» жайында таратқан жалған ақпаратпен уланған қалпы қалған. Өкінішке қарай, мұндай

жәйт басқарушы элита арасында да бар. Жақында профессор Мәмбет Қойгелдиев пен заңгер Сабыр Қасымовтың өте ұлағатты, танымды, баршаға пайдалы сұхбатын көрдік, онда сыйлы деген кісілердің қазақ қамын емес, өз қарақан басын ойлайтыны, сол орайда жалған саясатшылдыққа баратыны нақты мысалдармен дәлелденген. Бізге бұдан қорытынды шығара білу ләзім.

Күллі саяси жүйенің ауысуына, әр елдің большевизм құрсауынан босанып, мемлекеттік тәуелсіздігіне қол жеткізуіне, өткен жолдағы бұрмалауларды әшкерелеп, тарихи әділеттілікті орнатуына Сексен алтыншы Желтоқсанда қазақ жастары қанды құрбандықтарымен тоталитаризмнің тас қамалын бұзып салған даңғыл қалай қызмет еткенін ел-жұртқа ұғындыру жөн. Желтоқсаншыларды тәуелсіздік күрескерлері ретінде мойындап, олардың жаңа мемлекеттік құрылыс шептерінде өздерін көрсетуіне мүмкіндік жасап, түрлі басқару буындарында қызмет атқаруға тарту орынды болмақ.

Бостандық туы көтерілгенде, күні кеше қасаң да стандартты дәуірді нығайтысып, жемісін жеп жүргендердің бүгін де тұғырдан таймай, билік буындарын ұстап отырғаны ешкімге құпия емес. Мүмкін олар басқару тәжірибесі молдығынан солай боп, ескі режимге қалай жан-тәнімен қызмет етсе, жаңа режимге де сондай іскерлігімен жағып жүрген шығар, әйтсе де солардың қай-қайсысы да азаматтық позицияларының өлшемі Желтоқсанға көзқарасымен бағаланатынын түсінуге тиіс.

Желтоқсан көтерілісіне қатысушыларға қолданылған жазалау шаралары содан жарты ғасырдай ілгеріде Алаш қозғалысына қатысушыларды қуғын-сүргінге түсірген өкіметтің қолымен жасалды. Екі жағдайда да өкімет ұлттық мүддені қорғаушыларға жау екенін көрсетті. Бүгінгі тәуелсіздік тұтқаларын ұстап отырған қызметкерлер осыған терең ой жіберуге тиіс.

Егер олар қазақтың ұлттық мемлекетін нығайтуға атсалысып жүрмін деп есептесе, онда ұлттық қозғалыспен мүдде-

лес болғаны. Ал егер олар тек өздерінің жағдайын ойлаумен шектелетін болса, онда олардың, кезінде алаштықтар атап көрсеткендей, жәй ғана мансап жолындағы чиновник болғаны. Мемлекетіміздің болашағын шын мәніндегі ұлт кадрлары қолына тапсыру қажет.

Бұл үшін жастардың тарихпен, тарих арқылы тәрбиеленуіне ерекше мән беру ләзім. Яғни тарихи-ағартушылық жұмыстарды кең көлемде, жан-жақты жүргізу орынды болмақ. Жер-жерде Желтоқсан көтерілісінің мән-мағынасын жете түсіндіретін кешенді шаралар жүзеге асырылсын. Оқу құралдары мен оқулықтар жазып, мектептердің, арнаулы орта және жоғары оқу орындарының бағдарламаларына енгізу, барлық мұражайлардан арнайы бөлімдер ашып, әсерлі экспозициялар түзу, түрлі танымдық әдебиет, кинофильмдер шығару керек.

Жұртшылық санасына Армиял Тасымбеков пен Аяған Шәжімбаевтың «Алжир» деректі фильмі, Қалдыбай Әбеновтің «Аллажар» көркем фильмі терең әсер етті, осындай отаншылдық сезімді ұштайтын, күрескерлікке құрмет тудыратын, Алаш пен Желтоқсан үшін мақтаныш сезімін оятауын фильмдер қатарының көбейе түсуіне қамқор болу қажет.

Әрдайым жадымыздан шығармайық, Желтоқсан көтерілісінің маңызын терең түсіну еліміздің тәуелсіз дамуына риясыз үлес қоса алатын жаңа тұрпатты күрескерлер қатарын сөзсіз молайтады.

*2 желтоқсан 2006 ж.*

## **ҚАСІРЕТТІ ДЕ САЛТАНАТТЫ ҒАСЫР, КИЕЛІ АЙ ЖӘНЕ ҚАСИЕТТІ-ҚАСТЕРЛІ ТӘУЕЛСІЗДІК**

Тәуелсіздік сынды ұлы мереке кім-кімді де толғантпай қоймайды. Әсіресе оның 15 жасқа толуы секілді мерейлі күнде қай-қайсымыздың да өткен белестерімізді өзімізше шолып, өз биігімізден бір парықтарымыз хақ.

Еліміздің егемендігіне біз өткен ғасырдың соңғы онжылдығында ие болдық. Содан бері тәуелсіз мемлекетіміздің құрылысын кірпішке кірпішті біртіндеп қиюластыра қалап, бекемдей тұрғызып келе жатқан бетімізбен жаңа мыңжылдыққа өттік, енді, міне, жаңа мыңжылдықтағы көп үміт күттіретін алғашқы жаңа ғасырымыздың көрігін қыздырып келеміз.

Байқап қарасақ, адамзат кітабының жиырмамыншы жүзжылдық деп аталатын бетін аударғанымызға да алты жылға тақап қалыпты. Үлкен оқиғаларға толы жүзжылдықты артқа тастадық. Қазақтың қилы-қилы тағдырына куә жүзжылдықты. Қазақтың әлдебір өлшемге салынуы қиын шексіз қайғы-қасіреті мен мұңлы қуаныштарын бойына сыйдырған жүзжылдықты. Бұл мерзім, ғаламдық ұғымға салсаңыз, – адамзат шежіресі бетінің бір ғана жолы. Қаралы кезеңдер мен бақытты шақтарды бедерлейтін жалғыз ғана жол. Алайда сол жолдың бізге де, келер ұрпаққа да берер тағылымы зор екені анық. Сондықтан да бүгінгі мерейтой үстінде оған тағы бір байыптап қарау ләзім.

Жаулап алулар мен жоспарлы отарлаулар салдарынан қазақ даласының еркіндік сүйгіш байырғы халқы жиырмамыншы ғасырдың басында Ресей империясының қараңғы да мешеу түкпіріне айналып болған-ды. Ал ғасыр соңына қарай

ол отарлық қамытын сыпырып тастады да, тәуелсіздік байрағын желбіретті.

Сол екі аралықта қазақ әуелі отаршыл метрополияның аранына жұтылып, жер бетінен жойылып кетуден қорғануға тырысты. Империя шеңберінде автономия алуды көкседі. Одан қызыл төңкерісшілдерді қолдап, большевизмнің «аштық саясаты» салдарынан ұлттық апат қасіретін бастан кешті. Қызыл империя құзырында одан да басқа толып жатқан қилы қиындықтармен бетпе-бет келіп жеңе білді. Кеңестік тартымды ұрандар аясында қайта түлеп, өркениет биіктеріне қол созды. Ақыры, өзін езіп-жаншыған отарлаушы мемлекетпен терезесін теңестірді.

Жиырмамыншы жүзжылдықтың кіреберісіндегі елдікті сақтап қалу арманы жүзжылдық шығаберісінде мақтан мен мадаққа лайық шындыққа айналды. Яғни осынау бір ғасырлық сапар нәтижесіз болған жоқ. Әлемнің өзін өзі билейтін елдері бір ниет, бір тілекпен көтерген жалпыадамзаттық шаңыраққа Қазақ мемлекеті бір уық болып кірікті. Халқымыздың қияметі мол тайғақ кешулер мен шуақты белестер арқылы шеккен ұзақ та ауыр сапары оңғарылды. Қазақ үшін түнек боп басталып, алдынан жарық дүние қақпасын айқара аша аяқталған жиырмамыншы ғасыр сонысымен де мәңгі ұмытылмайды.

Қоштасқанымызға алты-ақ жыл болған осынау жүзжылдықта жаратушы еркімен киелі сипат алған бір ай бар. Ол – желтоқсан айы. Қайран қалдыратын жәйт – ғасырдың ұзына бойында шашыраған түйінді сәттер осы айдың үлесіне деп келіп отырыпты. Қазақы ғұмырға бетбұрысты өзгерістер теліген мән-мағынасы жоғары оқиғалар ылғи, ұдайы желтоқсанға бұйырған! Қалай таңырқамассың, қалай ғана таң қалмассың?!

Солардың біріншісінің орын алуына себеп болған оқиғалар мынадай. Халық дүмпуі тағын шайқалтып бара жатқандықтан, бұқараның ашу-ызасын басу мақсатында, император 1905 жылғы 17 қазандағы пәрменімен халыққа конституция

«сыйлады». Ел-жұрттың өзін еркін сезінуіне «кеңшілік» жасады: 17 қазандағы манифест әрбір жеке тұлғаның ешкім қол суғуға болмайтын құқы қамтамасыз етілетініне кепілдік етті, ар-ождан бостандығын, сөз бостандығын сыйлады, жина-лыстар өткізуге, түрлі одақтар мен ұйымдарға бірігуге еріктілікті жария етті.

Ақ патшаның халыққа тартқан аса жоғары мәртебелі бұл сыйы қазақ зиялыларын да қуанышқа бөлеп, дүр сілкіндірді. Құжат тез тәржімеленді. Биліктің рұқсатымен баспаханада бастырылып, көбейтілді. Сосын қырға, көшпелі халық арасына жөнелтілді.

«Бостандық күндері» деп аталған сол кез туралы Әлихан Бөкейханов: «Қазақтардың шапшаң қозғалып-жүріп-тұратынының арқасында манифест жып-жылдам дала игілігіне айналды, – деп жазған еді. – Қазақтар жер-жерде үлкенді-кішілі съездерге жиылды, ағыл-тегіл қонақасынан дәм тата отырып, манифестің қазақша мәтінін тыңдады, оған түсініктер беріп, болашақтағы Мемлекеттік Думаның сайлауы мәселелерін талқыласты. Ең алыс болыстардағы қазақтар топ-тобымен үдере көшіп дала қалаларына жетті, ондағы азаматтардың қалалық митингілеріне қатысты. Орыстар, татарлар, өзбектер мен қазақтар бір бауырлас отбасына бірігіп кетті. Ол бір тамаша заман, ешқашан көз көрмеген ғажайып заман болатын!».

Сонау бостандық күндері орыс қауымында алуан партия түзілген-ді. Зиялыларымыздың назары сонда ауды. Өйткені олар ұлт мүддесін пәрмендірек қорғау үшін саяси ұйымға бірігу қажеттігін ұқты. Ұғыныстың нәтижесі сол, қазақ жеріндегі бес облыстан өкілдік еткен бір топ зиялы 1905 жылғы желтоқсанда Орал қаласына жиылып, пікірлесті.

Ұзамай Бақытжан Қаратаев Қазақ конституциялық-демократиялық партиясын құрды. Қазақ партиясы өз құрылтайында сол тұстағы ең солшыл бағыт ұстанған орыс конституцияшыл демократтар партиясының бағдарламасын негізге алып, өз жөн-жобасын қабылдады. Оны қазақ тыныс-тір-

шілігіне икемдеді. Әсіресе оның жер-су жайындағы тарауын қазақ халқының мүддесіне орай, мүлдем жаңаша тұжырымдады. Бұл үлкен саясатты бетке ұстаған тұңғыш қадам болатын. Ұзақ жылдарға созылған қиын өткелектің алғашқы баспалдағы ретінде ұмытылмауға тиіс оқиға еді. Ол 1905 жылдың желтоқсанында орын алды.

Желтоқсан үлесіне тиген келесі ұлы оқиға мынау. Түркістан өлкесінің мұсылман халықтарының (ол тұста мұсылман атауы діни ұғымнан кең ауқымда – жергілікті ұлттарды кірме европалықтардан ажыратып қарайтын мағынада қолданылған) Қоқан қаласында өткен Төтенше Төртінші құрылтайы 1917 жылғы желтоқсанның 10-ында Түркістан автономиясын жариялады. (Ескі стиль бойынша 27 қарашада). Кеңес тарихында ол Қоқан автономиясы деп таңбаланған. Түркістан (Қоқан) автономиясы – түбі бір түркі халықтары мен Түркістан өлкесін мекендеген тілегі бір басқа халықтардың ортақ мемлекеті ретінде шаңырақ көтерді.

Бүгінгі Орта Азия мемлекеттері мен әлемдегі өзге де түркі елдерінің тарихи тамырластықты ойлап, ынтымактасуды, қызметтес болуды көздеген ұмтылысына осы белес тарих тереңінен тілектестік білдіріп тұрады. Алайда бұл құрылым түркістандық ел-жұрттың заңды мемлекеттілігі ретінде мойындалмады. Алпыс төрт күн ғана өмір сүргеннен соң, қанға бөктіріліп таратылған автономияның қысқа ғұмырында екі үкімет басшысы қызмет атқарды, екеуі де қазақ: алғашқысы Мұхамеджан Тынышбаев, екіншісі Мұстафа Шоқаев.

Тағы бір ғаламат оқиға. Екінші жалпықазақ құрылтайы 1917 жылғы 12 желтоқсанда (жаңа стильмен 25 желтоқсанда) Қазақ (Алаш) автономиясын құрды.

Осы құрылтайда Қоканнан Орынборға Түркістан автономиясы туралы ресми хабар әкелген Түркістан Сыртқы істер министрі Мұстафа Шоқай «Алашорда» Халық кеңесінің құрамына сайланды. Алашорда бастығы Әлихан Бөкейханмен бірлесіп, екі автономияның қазақтарын жер-суымен бір шаңыраққа қосуды көздейтін мәлімдеме жасады.



Түркістан, Қазақ автономиялары күштінің еркімен таратылып, таптық негізде құрылған кеңес автономияларымен алмастырылды. Алайда олардың ұлттық тұтастықты мұрат еткен жолдарының дұрыстығын өмірдің өзі дәлелдеп берді. Қазақ жер-суы Орта Азиядағы 1924 жылы жүргізілген ұлттық-мемлекеттік межелеуден кейін біріктірілді де, бүгінгі тәуелсіз еліміздің негізгі тарихи аумағын құрады.

Орынборда Алаштың Ордасы (үкіметі) сайланған күннің ертеңіне – 1917 жылғы 13 желтоқсанда (жаңа стильмен 26 желтоқсанда) Ташкент қаласында жалпыхалықтық мереке болды. Ташкент маңынан қалаға он мыңнан аса жігіт атпен кірді. Қала көшелері мен алаңдары «Түркістан автономиясы жасасын!», «Түркістан құрылтай мәжілісі жасасын!», «Автономия өкіметі жасасын!» секілді ұрандармен безендіріліп, мінбелер орнатылған-ды.

«Сөздер көп сөйленді, – деп жазды Мұстафа Шоқай сол күн жайында. – Ұлтты құтқару жолындағы күресіміздің алғашқы сатысы ретінде дүниеге келген автономияның мән-мағынасы түсіндірілді. Сөз сөйлеуден большевиктер де қалысқан жоқ. Олардың өкілдері де Түркістан құрылтайшы мәжілісін тануға әзір екендіктерін білдірді.

...Кешке жақын митинг аяқталып, жұрт үйлеріне қайта бастаған.

...Митингішілер «Ордадағы» тар көпірдің үстінен енді өте бергендерінде оқ атылып, пулеметтер сақылдап қоя берді. Оқ атушылар осы маңға күні бұрын жасырын орналастырып қойылған Кеңес күштері екені күмәнсіз болатын. Қарусыз құр қол халық басы ауған жаққа қашты. Жаралылардың ыңырысқан үні, тарс та тұрс атылып жатқан мылтық үні үдей түсті. Тар көпір үстінде сығылысқан қарусыз адамдар бірін-бірі басып-жаншып, біразы суға секіріп тұншығып өліп жатты...

Орыс большевиктері Түркістан автономиясын бізбен бірге, міне, осылай мерекелеген еді.

...1917 жылдың 13 (26) желтоқсаны – орыс большевиктері біздің халқымыздың қанын судай ағызған қаралы күн.

...Большевик опасыздары тарапынан құрбан болған түркістандықтардың қаны текке кетпейді. Құрбан болған бауырларымыздың бодауы тек Түркістан тәуелсіздігімен ғана өтелетін болады».

Кеңестік дәуірде де тынши алмай, дүркін-дүркін толқып соғып тұрған ұлт-азаттық қозғалыстардың ең соңғы шыңы, ең ақырғы, қайғылы да жеңісті көрінісі 1986 жылғы желтоқсанға дөп келді. Ереуілдеген жастардың көтерілісін басу кезінде, желтоқсанның 17-сінен бастап бірнеше күн бойы, қызыл империя өзінің басыбайлы отарлық құлы деп білген қазаққа бұрын алдамшы ұранмен көлегейленіп келген жыртқыштық-айуандық ұсқынын ашық ашып көрсетті. Мұстафа Шоқайдың 1917 жылдың желтоқсанында төгілген қанға байланысты айтқанындай, 1986 жылдың желтоқсанындағы көтерілісте қаза тапқан, жазалаушылар озбырлығынан азап шеккен қыз-жігіттеріміздің құрбандығы тек қана империяны қаусатып, тәуелсіздік алуымызбен өтелетіні анық болды.

Бес жылдан соң, 1991 жылғы 16 желтоқсанда, ғасыр бойы аңсаған мемлекеттік тәуелсіздігіміз жария етілді. Егемен елімізді сол желтоқсанда әлем тани бастады. Жоғарғы Кеңестің тарихи шешімінен жарты сағат өткенде, егемендігімізді өз парламентінде Түркия қарады да, бірінші болып мойындады. Әзірет Сұлтан – бабасы, Түркістанды – атамекені деп білетін, бізден пәлен мың шақырым қашықта жатқан қандастарымыздың мемлекеті.

Желтоқсан айы осындай мақтанышпен ұлықтарлық сәттерімен киелі. Осы киелі ай бізге қасиетті де қастерлі Тәуелсіздікті сыйлады. Бүгін он бесінші жасын атап өтіп отырған мемлекеттік ұлы мейрамымызды сыйлады. Осы ғажайып мереке баршамызға құтты болсын! Тәуелсіздігіміз баянды болғай! Алға қойылған мақсаттар – бәсекеге қабілетті елдер қатарынан табылу, кедейшілікті, жұмыссыздықты жою, еліміздің, халқымыздың дәулетін еселей түсу сынды биік межелер үдесінен шығуға жазғай!

*10 желтоқсан 2006 ж.*

## «ЖЕЛТОҚСАН ЭПОПЕЯСЫ» ТУРАЛЫ

*Мұхтар Шахановтың «Желтоқсан эпопеясы» кітабын таныстыруға арналған жиналыста сөйленген сөз*

Қадірлі қауым, көркем шығармашылығында жалпы адамзаттық мәселелерді сәтті де пәрменді, уытты, бейнелі де әсерлі қозғауымен баршаны тәнті еткен, азаматтық үні жаһанға жайылған заманымыздың заңғар ақыны Мұхтар Шаханов халыққа жаңа тарихымыздың тағдырлы кезеңінен сыр шертегін танымды, ағартқыш, маңызды толғамдар мен қорытындыларға тұнған сүбелі еңбек ұсынып отыр. Ол – «Желтоқсан эпопеясы» атты деректі роман.

Осы туындыны жұртшылыққа таныстыруға арналған бүгінгі жиында баяндама жасау автордың өтініші бойынша маған тапсырылатыны өткен жұмада хабарланған еді. Сонда, мойындауым керек, бұл жәйт мені едәуір абдыратып, қобалжытты. Қымбатты достар, менің бастартуыма мұрша бермей, Мұханның бұл шешімін қабыл етуімді табанды түрде сұраған ұйымдастырушының тілегі мені әуелі таңырқатты, одан қысылтты, сосын жауапкершілікпен астасқан асқақ сезімге, көтеріңкі көңіл-күйге бөледі.

Таңданғаным – осынау күрделі белесті арнайы қарастырып ғылыми жұмыс жазып жүрген оқымыстылар қатары қалада мол орта бола тұра, таңдаудың бұл орайда ауыз толтырып айтарлықтай ғылыми әлде әдеби жетістігімен ерекшелене қоймаған маған түсуі.

Осы таңданысым мені белгілі бір дәрежеде ыңғайсызданушылыққа душар етті. Себебі осынау түпнұскалық, деректік құндылығы аса зор, шын мәніндегі ұлы кітап хақында өз деңгейінде сөйлеу, оның қозғаған тақырыбының ауқымдылығы мен тереңдігіне сай әңгіме қозғау, туындының ішкі

куатын өзіне бөлінген аз уақыт ішінде еш әлсіретпей аша білу – қиынның қиыны, тіпті мүмкін емес шаруа.

Әйтсе де желтоқсантану саласында алар орны ерекше болмақ «Желтоқсан эпопеясы» жайында ой қозғау құрметіне ие болуың ойлантпай қоймайды.

Өйткені бұл жәй кітап емес. Мұнда Желтоқсан ұлт-азаттық көтерілісі тақырыбын зерттеушілер үшін таптырмас материал жинақталған. Бұл кітаптың қайталанбас, баға жетпес құндылығы – онда сол кез шындығын ашу үшін күрескен қаһарманның, әрі қатардағы емес, ұлттық намысы лаулаған азаматтардың көшбасы, оларды жанкешті күреске жұмылдырған қоғамдық белсенділік локомотиві болған жанның жүрекжарды сыры, ол жинақтаған құжаттар мен естеліктердің түзілімі, ақын жүрегімен әсерлі қорытылған тұжырымдар, философиялық толғаныстар тұнып тұрғанында.

Қысқасы, «Желтоқсан эпопеясы» еліміздің жаңа тарихын жазумен шұғылданып жүргендерге өлшеусіз зор жәрдем беретін аса ірі еңбек. Ендеше, осынша маңызы зор деректі романды тануға атсалысу, оның азаматтарды отаншылдық тұрғыда тәрбиелеу ісіне берері молдығын бар дауыспен жария ету – мақтан тұта орындалуға тиіс парыз.

Осы орайда, мойнына артылған міндетті әрі жеңілдетіп, әрі ауырлата түсетін бір жәйт бар. Ол мынау. Кітаптың жекелеген тараулары өткен күзден бері еліміздің жұрт қадағалап оқитын мерзімді басылымдарында – бірнеше газет-журнал беттерінде жария болды. Яғни деректі романның жалпы мазмұнымен көпшілік негізінен таныс. Демек, біз қазір оны егжей-тегжейлі талдап түсіндіруге тырыспаймыз.

Біз кітаптың болашақ оқырманының назарын мынаған аударған жөн деп білеміз: «Желтоқсан эпопеясы» еліміздің тәуелсіздік таңына баланған шағынан бағалы мағлұмат беретін, 1986 жылғы желтоқсан айының 17–18-дерінде кеуделерін ұлттық намыс кернеп ереуілдеген жастардың бастан кешкендері, көтерілістен кейінгі қиын тағдырлары, дүмпуі күллі республикаға, одан Кеңестер Одағының бар түкпіріне

жайылған, тоталитарлық мемлекеттің ыдырауына жол салған азаттық көтерілісінің маңызы жайында, соны билеуші топтарға мойындату жолындағы табанды күрес шындығынан сыр шертетін шығарма. Онда естеліктер мол, бұлтартпас деректер мен құжаттар әсерлі де ұтымды толғамдармен өрілген.

«Желтоқсан эпопеясының» ерекше құнды болатын бір себебі – оның авторының тағдырдың қалауымен ұдайы шешуші оқиғалар ортасында жүруінде. Қатерге қасқая қарсы қарап, ұлт мүддесін қорғау үшін неше мәрте жанкештілік әрекеттерге барғанында. Бізге алыстан ғана таныс Михаил Горбачев, Борис Ельцин сынды саяси ұстанымдары қарама-қарсы екі тұрпаттағы мемлекет қайраткерлерін, жаңа тарихты жасаушы демократтардың әйгілі ғалым Андрей Дмитриевич Сахаров, атақты ақын Евгений Евтушенко тәрізді көрнекті өкілдерін, орталықтағы, ұлт республикаларындағы, және, әрине, өзіміздің еліміздегі ұлт мәселесіне байланысты қилы көзқарас танытқан толып жатқан қызметкерлерді орталық эмиссары Геннадий Колбиннен бастап көз алдымызға әкеліп, адалдығымен, арамдығымен, пайдалы, зиянды әрекеттерімен, жалпы барша пендешілігімен жанды адам бейнесінде көрсетуінде.

Патша өкіметі тұсында отаршылдар бұратаналарды түсі басқа болса да, тілі, әдеті жөнінен кәдімгі орыс мұжығына айналдыру мақсатын ашық ұстанғаны белгілі. Кеңестік дәуірде жаңаша отарлау, кеңестік «бұратаналарды» санадан, тілден айыру әрекеттері жымысқы да «тәтті» ұран аясында жүргізілді. Кеңес билігі көшпенділерді қолдан жасалған перманентті аштық саясатымен қырып салып, ұлттық апатқа ұрындырды. Коммунистер қазақ жерін отарлауды идеологиялық тұрғыда әбден қамтамасыз етіп алып, босап қалған кеңестікке келімсек тобырларды әкеп төкті. Сөйтіп, бас коммунист Никита Хрущев мақтан етіп әлемге жар салғандай, патша ғасырлар бойы жасай алмағанды аз жыл ішінде жүзеге асырды.

Хрущевтің коммунизмге бір тілмен жету ұранын құштарлана қостаған орыстанғандардың көмегімен біздің қуыршақ үкімет халықты одан сайын үдете орыстандыру шараларын жүргізді. Іс жүзінде ұлтсызданған қазақтардың арасында, өздерін орыстандыру саясатының құрбандары болғандығын мойындаудың орнына, керісінше, «әлем азаматы» деңгейіне іліккендіктеріне разылар көп-тін. Солардың ішінде тексіз космополиттер қатарын толықтырып, қазақ мүддесіне орыс шовинистерінен өткен озбырлық жасайтындар жетіп-артылатын. Өздерін алдыңғы қатарлы топқа балайтын сондайлар Алматыда Желтоқсан қырғыны орын алуына септесті және оның шындығын ашуға көп кедергі келтірді. Кітапта бұл құбылыс өте өткір де ұтымды ашылған.

Империя қожайындары мен олардың отар елдегі тоталитарлық ахуалды нығайтысқан жандайшап қолшоқпарлары Желтоқсан көтерілісі жайында ауыз ашқызбауға күш салды.

Сонда нәзік те сезімтал жүректі асқақ ақын, ұлттық намыс туын жоғары көтеріп, қилы қатерге мойымай, батыл күресе білген қайраткер сол жан-жақтан тұмшалаған қара күшке қарсы тұрып, ақиқатты, әділдікті іздеді. Ал бұл КСРО халық депутаты лауазымындағы күрескердің өзі үшін де басын бәске тігуді тілейтін-ді, орындалуы оңай шаруа емес еді.

Мемлекеттік дәрежеде рұқсат етілген, сөйтіп Алматыдағы Брежнев алаңында ашықтан ашық жүзеге асырылған ауыр қылмысты, Мұхаңша айтқанда, ғасыр қылмысын әшкерелеу, оны Кеңес Одағы халық депутаттарының I съезі мінберінен күллі әлемге әйгілеуге мүмкіндік алудың өзі оңайға түспеді. Бұл жайында кітаптан мүлдем тың және қызық мағлұматтарға қанығуға болады.

Мәселе жария болып, сірескен сең бұзылғаннан кейін де, шындықты айтудың, әділетке жетудің шырғалаңы көп болды. Өйткені, өзі бейнелі түрде айтқандай, билік буындарында отырған рух егемендігінен ада, тек қарын егемендігін көксеушілер күрескер-ақынға реті келген жерден кедергі келтіре беретін.

Жастардың бейбіт шеруін күшпен басу кезінде қолданылған қатыгез шаралар, парламенттік комиссия басшысының үлкен күш-жігер жұмсап дәлелдегеніндей, алдын ала ойластырылған болып шықты. «Бұрқасын» атты арнайы операция жоспарын империялық орталықтың тиісті қызметі ұлт республикаларында бас көтеруі ықтимал «отар құлдарын» жазалап жуасыту үшін әдейілеп жасаған екен. Және оны қайта құру саясатын жариялаудың артынша жасапты, ал операцияны тұңғыш рет Алматыда қанды сынақтан өткізген болып шықты.

Онда «бесінші колоннаға» едәуір жүк артылғаны және оның отаршылдар үмітін толығымен ақтағаны биліктің «халық жасақшыларын» жарақтандырып, «занды» қылмыс жасауға пайдалану әрекеттерінен анық көрінді.

Қанды қырғын соңынан жаңа Отыз жетінші жыл ахуалы орнатылды, елді үрей басты. Репрессия шаралары құпия полиция жәдігөйлікпен дайындаған істер бойынша қарқындап жүргізілді. Империя ішіндегі империя болып табылатын мемлекеттік қауіпсіздік комитеті агенттері алаңдағы қызыл қырғынды мұқият жасырып, ел ішінде ата-аналары із-түзсіз жоғалған ұл-қыздарын іздеуге батылы бармайтын «кіші 37» жағдайын туғызды. Ереуіл күндері алаңға келгендерінде суретке түсіріп алған жастарды оқу орындарынан іздеп тауып, солардың үстерінен қолдан жасалған қылмыстық іс қозғады, жасанды соттарға тартты. Партиялық, комсомолдық жазалар бергізіп, жұмыстан, оқудан шығартты. Қаланы үй-күйі жоқ «сенімсіз элементтерден» – ауыл балаларынан тазалады.

Жазалаушылардың жас қазақ қыз-жігіттеріне жасаған садистік жауыздығын, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің алаяқтықтарын әшкерелей отырып, автор ақындық сезімталдығымен адамгершілік иірімдері хақында ой толғайды. Тіл мәселесі жөніндегі ойлары, сол орайда кезінде ел абыройына баланған азаматтардың жан-дүниесін, нақты іс-әрекетін аяусыз, бүкпесіз талдауы оқырманды бей-жай қалдырмайды.

XX ғасырдың алғашқы ширегінде түркі халықтары азаттық күресінің туын эмиграцияда асқақтата көтерген біртуар азамат, ұлылардың ұлысы Мұстафа Шоқай зиялылық формуласын қорытып шығарғаны көпшілікке мәлім. Сол формуланы XX жүзжылдықтың соңғы ширегінен күні бүгінге дейін ұлт мүддесі үшін күрес жолынан таймай келе жатқан әлем таныған ақын, парламент депутаты Мұхтар Шаханов өз тәжірибесімен дамытып, байытты.

Бір сөзбен айтқанда, тілге тиек болып отырған туындыдан біз ақын-философ Мұханның азаматтық, күрескерлік бет-бейнесін анық көреміз, көреміз де, оның кезінде ұлы күрескер Мұстафа Шоқай айшықтап белгілеген шартқа – үлкен әріппен жазылатын Зиялы өлшемдеріне толығымен жауап беретініне көзіміз жете түседі.

Бүгінгі әңгіме «Желтоқсан эпопеясы» атты деректі романның бірінші кітабы жайында ғана. Көп ұзатпай, оның жалғасымен де табысармыз деп ойлаймыз. Депутат Шахановтың бүгінгі таңда жүргізіп жүрген күресі оқырманын қуанта беретін танымды да мазмұнды туындылар тізбегі үзілмесіне кепіл екені анық. Мұхаңа күрескерлік қызметте ұдайы жеңіс тұғырынан көрініп, жаңа шығармашылық табыстарға жете беруін тілейміз.

*28 қаңтар 2007 ж.*



## ХАЛЫҚТЫ АЩЫ ДА ҚАСІРЕТТІ ТАРИХ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУ КЕРЕК

*Желтоқсан оқиғасы кезінде қорықпай, тайсалмай, сол кездегі билікке шындықты тура айтқан жандар санаулы ғана. Сол санаулылардың қатарында белгілі жазушы Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВТЫҢ да өзіндік орны бар. Тәуелсіздік мейрамының қарсаңында қаламгермен Желтоқсан, ұлттық мүдде, әдебиет жайында сұхбаттасқан едік.*

– Бейбіт аға, өткенге тағы бір көз жүгіртіп көрейікші. Мәселен, әңгімені өзіңіздің әдебиет ауылына қалай келгеніңізді еске алудан бастасак?

– Бала кезде бірдеңені шимақтауға, өлең жазуға құмарлық дегендеріңіз біздің де басымыздан өтті ғой. Қалам тербеудегі алғашқы балаң туыным елу жетінші жылы «Қазақстан пионері» газетінде жарық көрді. Ауылдық жерде өстік. Мектептің өндірістік бригадасы құрамында кеңшардың түрлі жұмыстарын істейтінбіз. Кәсіптік бағдарға сол әсер еткен болар, мектеп бітірген соң, ауыл шаруашылығы институтының шаруашылықты механикаландыру факультетіне оқуға түстім. Бірақ әдебиетке, жазуға деген құмарлық сананы билей берді. Көбіне парк түбіндегі кітапхананың оқу залында отыратынмын. Одан, ауыл шаруашылығы институтының кітапханасы өте бай екенін көрдім де, қажет кітабымды жатақханаға әкетіп оқитын болдым. Классикалық шетел әдебиетін студент кезімде судай сімірдім, ұлы шеберлерден өзімше бірдеңе үйренуге тырыстым. Аңқаулықты қойсаңызшы, алғашқы әңгімелерімнің бірін «Қазақ әдебиеті» газетіне салып жіберіп, артынша газет бетінен іздеп жүрген жайым да болды. Бір ай өткенде жатақхана кіреберісіндегі стол үстін-

де «Қазақ әдебиеті» деген ірі қызыл жазуы жарқырап, маған жолданған хат жатты. Хатты жазған газет қызметкері – ақын Ізтай Мәмбетов ағамыз екен, әңгімем жайында жылы сөз айтып, редакцияға келуімді сұрапты. Бардым. Ақыл-кеңестерін беріп, шығарып салды. Бірақ әңгімем со беті жарияланған жоқ. Содан алты-жеті жыл бойы газет-журнал дегеніңіз маған тек кері қағуды ғана білетін жансыз автомат секілді, алынбас қамал іспетті болды.

**– Студент кезде жазылған әңгімелеріңіз не жайында еді? Алғаш рет қашан және қалай жарияландыңыз?**

– Негізінен жастық шақ көріністері тілге тиек болатын-ды. Бірақ соңғы курстарда бір заманалық құбылысқа өзімше көркемдік зерттеу жүргізуге тырысатынды шығардым. Жастардың қоғамдық белсенділігін әдейілеп, мақсатты түрде қарастырушы едім. Бұл тақырыпқа айрықша назар аударуыма алпыс алты-алпыс жетінші жылдарғы өзім куә болған бір әңгіме-дүкен әсер етті. Сол кезгі белгілі делінетін жас қаламгерлердің Асқар Сүлейменовтың дастарқаны басында пікір таластырып айтысқанына етекте отырып үнсіз құлақ түрген едім. Олар ұлттардың араласуы, бірігіп-сіңісуі туралы түрлі мысал келтіріп дауласатын, әрәдік бәрі қосылып «Елім-ай» әнін күңірене шырқайтын. Әлі бір әңгімем шықпаған, әрі жасым бәрінен кіші менің сұхбатқа сөз қыстыруым мүлдем орынсыз еді, соны ұмытып, маркстік-лениндік философияның ұлттардың құйылысып-сіңісуін мүлдем заңды құбылысқа жатқызатынын айтып қалдым. Жұрт бір сәт тыншыды, ал Асекең маған бұрылып қарады да, өте байсалды кескінмен, әр сөзін салмақтап шығарып: «Ол бір іріп-шіріген ілім болуға керек», – деді. Мен үндемедім, оның маркстік-лениндік философияға берген бағасымен іштей келіспедім. Бірақ содан бастап саяси-философиялық еңбектерге басқаша көзқараспен ден қойып, ілік іздеп шұқшия бастадым. Бұл жәйт менің қаламгерлік жұмысшы философиямды қалыптастыруыма септесті ғой деп ойлаймын.

Алпыс тоғызыншы жылы жас әдебиетшілер үшін «Жалын» деген альманах ашылды. Екі әңгіме, бір шағын повесімді апарып бердім. Бір-екі мәрте соғып, оқуға қолдары тимей жатқанын естіп қайтып жүрдім. Жарты жылдан кейін барсам, журнал редакциясында басқа адамдар отыр. Менің әңгімелерімді ешкім білмейді, жарамайтындықтан жабылып кеткен шығар дейді. Мен қолжазбамды қайтарып алғым келетінін табанды түрде мәлімдедім. Төрде отырған ақсары жігіт шкаф ішіндегі көп қағаз арасынан іздеп, эзер дегенде тауып берді. Мен алып кете қоймадым, оқып шығуын өтіндім. Ол қолжазбаларды алып қалды. Белгілеген уақытында барсам, маңғазданып, қолжазбамды тартпасынан шығарды да: «Ең мықтың мынау болса, – деді повесімді көрсетіп, – жарамайды, алып кете бер». Мен алып кете бермедім. Әңгімелерді де оқып көруін сұрадым. Анау маған таңырқай қарады да, әңгімемнің бірін оқи бастады. Оқып шықты, қайта аударыстырды. Сосын қалдырып кет деді. Ол кезде танымаймын, кейін білдім – альманахтың бөлім меңгерушісі Төлен Әбдіков екен. Келесі келгенімде бір әңгімемнің жарияланатынын айтты. Бас редактордың орынбасары Мұхтар Мағауин екеуі маған соншалықты бауырмалдық танытып, жанашырлық және тілектестік көрсетті. Әңгіме «Жалында» жетпісінші жылы шықты. Айта кету керек, баспасөзге жазылу науқанына орай, жаңа альманахты насихаттау ретімен, әуелі «Лениншіл жас» газетінде жарияланды. Сөйтіп, Төлен мен Мұхтардың қамқорлығының арқасында әдебиет есігінен сонау жастар басылымдары арқылы 1970 жылы сығалағандай болғанбыз.

**– Содан бергі шығармашылық жолыңыз жайында айта кетсеңіз?**

– Әлгінде айтқанымдай, жастардың қоғамдық-саяси белсенділігі көркем шығармашылығымның басты өзегіне айналды. «Ай нұры», «Алтын дiңгек», «Бiз табысар қиырлар», «Дүние-кiлт», «Киелi мұра» секiлдi бiрнеше әңгіме, повесть жинақтарым мен романдарым негізінен осы тақырыпты

қарастырады. Комсомол қызметінде жүргенімде жастар қозғалысы тарихымен әуестеніп, зерттеушілікке бет бұра бастаған едім. Қайта құру жылдары тарихтағы «актандақтармен» көп шұғылдандым. Жұмыстан бос уақытымның көбін кітапханалар мен мұрағаттарда өткіздім. Жаналық ашайын деп емес, шығармашылығымға қажет материал табу үшін солай еттім. Әрі азаматтарды шыншыл тарихпен тәрбиелеуге үлес қосуды мұрат тұттым. Маған Әлихан Бөкейханов, Бақытжан Қаратаев, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқиев, Смағұл Сәдуақасов, Сұлтанбек Қожанов, Санжар Аспандияров, Жаһаншаһ Досмұхамедов, Темірбек Жүргенов, Нәзір Төреқұлов, Дінмұхамед Әділов сияқты ондаған аяулы халық ұлдары жайында жаңа саяси ахуалда бірінші болып жазуға тура келді. «1905 жыл», «Жазықсыз жапа шеккендер», «Рух», «Әлихан Бөкейханов», «Бақытжан Қаратаев», «Ұлт театры шаңырағын көтеруші» деген кітаптар шығардым. Орта Азиядағы ұлттық жіктеу мен біртұтас Қазақстанның құрылуы кезеңінен ғылыми диссертация жазып, қорғадым. Осы күндері жұртшылық мәңгілік сапарға шығарып салған үлкен тарихшы, академик Кеңес Нұрпейіс ағамыз сонда менің ресми оппонентім болған, зерттеуіме «пионерлік-іза-шарлық» мәні бар деген сөздерді аямай-ақ қиып, ақ жүрегімен ірі баға берген еді.

Кейінгі жылдары «Сен ғана» деген романым, «Жақсы көрем» деген әңгімелер мен повестерім жарық көрді. «Ар-Қуат», «Талтүске дейін» атты публицистикалық хроника кітаптарын шығардым. Таяу уақытта «Сұлтанбек Қожанов» атты ғұмырнамалық хикаятым оқырмандарға жол тартып қалуы ықтимал.

2004 жылы «Рух-Сарай» дейтін ортақ тақырыппен, таңымды туындылар топтамасының алғашқы кітабын шығардым. Биыл екінші кітабы шығып қалар деген үмітім бар. Жалпы, топтама жас оқырман жан азығын алатын өзіндік бір рухани ғимарат болуды көздейді. Осынау рухани ғимараттың іргетасы іспеттенетін «Топырақ» сериясымен берілетін

үш кітап алғашқы орыс революциясы жылдарындағы қазақ қоғамдық-саяси өміріне арналады. Іргетас үстінен бой түзейтін құрылыстың қабырғасы сынды «Кереге» сериясының шығармалары, жазықсыз жазаланған айтулы азаматтардың бірқатарының өмірі мен қызметін жаңғырту арқылы, қоғамымызда 20–30-жылдары орын алған түйінді кезеңдерді көрсетеді. Қабырғаны шегендеп, үйдің төбесін жабуға қызмет ететін «Уық» сериясы кеңестік-партиялық стандартты кезеңнен сыр шертеді. Ал осынау танымды шығармалар циклының «Тәж» сериясымен берілетін қорытынды бөлігі соғып жатқан рухани ғимаратымның құрылысын тәуелсіздік жырымен күмбездеп аяқтайтын болады.

**– Танымдық дүниелер арқылы жастарды патриоттыққа тәрбиелеу дегенді айтқыңыз келіп отыр ғой.**

– Жастарды отансүйгіштікке, отаншылдыққа баулу – басты мақсат. Тарихты білу ләзім. Әркім өзін-өзі тарихпен тәрбиелеу керек. Тарихта кімдердің өткендігін жастар білсе деймін. Аға ұрпақтың бастан кешкендерін, олардың не үшін жан қиғандарын білгізсек, еліміздің болашағы деп үміт артатын балаларымызды ұлтты сүюге тәрбиелей аламыз.

Бұл іске таза ғылыми еңбек емес, ғылыми деректерді тартымды әңгімелеп беретін көркем-танымды шығармалар ұтымды жәрдемдеседі.

Қазіргі жастардың көбі, іштерінде билікте жүргендері де бар, бұқаралық мәдениет жетегінде кетіп барады. Ұлттық мүдде үшін күресуге жоқ, ондайды ойлаудан мүлдем мақұрым қалған десе де болады. Олар әлем азаматы болуға оң иықтарын беріп тұр, бірақ қазақылықтан ада. Жаһандануда жадағайлана жалпыланып кететіндер – солар. Бүкіл әлем палитрасында өзіндік ұлттық реңкімен жарқырап тұру ғана жабайы жұтылудан қорғай алады. Жаһандану үдерісін құшақ жайып күтіп жүргендер осыған ой жүгіртіп қойса ғой. Қазақтығымызды сақтамасақ, түкке тұрмаймыз. Ұлт ретінде жойылып кетеміз. Не үшін мемлекет құрғандығымызды білмесек, онда біздің кім болғанымыз?

– Қазақты ұлт ретінде мойындағысы келмей жүрген жастарды қалай түсінеміз?

– Біріншіден, ондай жастардың патшалық, кеңестік кезеңдерде үздіксіз, әлденеше ондаған жылдар бойы жымысқы әдіспен жүргізілген орыстандыру саясатының өнімі екенін есте ұстайық. Екіншіден, халқымызды біртұтастандыру үшін, олардың ұлттық тамырдан ажырамауына септесу қажеттігін ұмытпайық. Осы орайда, ойланған кісіге халықты тарихпен тәрбиелеудің маңызы алғы шепке атойлап шығады.

Патша үкіметінің кезінде қазақ шұрайлы жерінен айрылды, революциялық Кеңес үкіметі кезінде көз көріп, құлақ естімеген қырғынға ұшырады, аман қалғандары «резервацияларды» игеріп, «Ильич шамы» нұрымен ұжымшар, кеңшарлар құрды. Ел «халықтар достығының зертханасына» айналды, қазақтың өз жеріндегі сандық үлесі республика тұрғындарының үштен біріне де жетпей қалған, астанасында он жеті-ақ пайыз болған шақ бастан кешілді. Әлденеше жүздеген мектептері жабылған қазақ «коммунизмге орыс тілімен бару» ұранын ту етті. Орыс тілінсіз күн көру мүмкін болмай қалды.

Осы қиғаштықтарды Тәуелсіздік алысымен түзеу мәселесін байыппен қолға алуымыз керек еді, істемедік. Отарлық қамытынан босанғаннан кейінгі басты ұлттық идея – ұлттық мемлекет орнату болуға керек еді, оны жүзеге асыру идеологиясын – сананы, қоғамды, экономиканы отарлық, құлдық қалыптан азат ету жолдарын ойластыру қажет еді, мұның бәрі нағыз мәнінде тұжырымдалмады. Ұлттық деген ұғым орыстанған саяси элитамыздың бойында үрей туғызды. Бұл корқыныш әлі де бар, оны жоюдың әдісі, күллі халықты қазақ мүддесі төңірегінде топтастырудың бірден-бір сенімді жолы – барша қиғаштықтардың пайда болу себептерін бүкпесіз түсіндіру, қысқасы, халықты ащы да қасіретті тарихпен тәрбиелеу. Сондай насихатты кең жолға қойғанда ғана қазақты ұлт ретінде мойындағысы келмей жүрген жастарды да, жасамыстарды да тәубәсіне келтіреміз.

## **БІЗДЕ СЫНДАРЛЫ ҰЛТ САЯСАТЫ ЖОҚ**

– Жуырда ақын Ақұштап Бақтыгерееваның «Ақ шағала» атты кітабынан оқығаным бар еді. Онда: «1921 немесе 31-жылдары аштық болған. Сол төмпешіктердің астында бір шаңырақ, бір әулет түгел жатыр. Аштан өлген отбасын көмуге ешкімнің халі көтермепті. Сасыған өліктердің үстіне өз үйлерін құлата салған» деп жазады. Біз сондай қаншама белгісіз жертөлени аяғымызбен таптап жүргенімізді білмейміз? Бұл да сол тарихпен тәрбиеленбегеніміздің салдарынан шығар. Қалай ойлайсыз?

– Ол рас. Мұндай белгісіз бейіттер әр жерде көп болатын. Бала кезімізде көзіміз көрді – ауылдағы интернат жанынан арық қазған кезде адам сүйектері шығып жатты. Сондай белгісіз қорымдарды айқындап, басына белгі қойып жатса, тәрбиелік мәні әлдеқайда зор имандылық шарасы болып табылар еді. Ана жылы Алматы облысында бір кәсіпкер ашаршылықта өлгендерді топтап көмген орынды тауып, ескерткіш қойды. Игілікті іс. Бүгінгі жастарды осындай иманды шаруаға тартып, қаралы тарихпен тәрбиелеу ләзім.

Тәуелсіздік алған жылы Жоғары кеңес 32-жылғы ашаршылық туралы жақсы әңгіме қозғаған-ды. 31 мамырды ашаршылық күні деп жариялады. Бірақ, сол күн құр жарияланғаны болмаса, бірде-бір рет ресми аталған жоқ. Ашаршылық туралы айта бастасақ, орысқа қарсы шыға бастаған сияқты көреді. Халық емес, кінәлі – һарам билеушілер ғой. Осыны ажырата білуіміз керек. Ашаршылық қазақтың тарихында тек 32-жылы ғана емес, 20–22, 17–18-жылдары да орын алды. Ашаршылықты тек жұт, қуаңшылық салдары ретінде қарауға болмайды, оны, Мұстафа Шоқайдың анықтамасымен айтқанда, «большевиктердің аштық саясаты» туғызды. Сол аштық саясатының тарихы мен астарын ашып, халыққа жеткізу керек. Күллі жұрт жылына бір аза тұтатын жағдай жасау ләзім, айталық, 31 мамыр алдындағы

жұмада мешіттер мен шіркеулерде арнайы дұға оқылса, оқу, қызмет, жұмыс орындарында бір минут үнсіздік жарияланып, еске алу сағаттары өткізілсе – бұдан біраз уақыт бұрын академик Кеңес Нұрпейіс аға екеуміз «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы атынан осындай ұсыныстар жасаған едік, сол әлі өзектің күйі қалып отыр. Өлкетану мұражайларында арнайы бұрыштар ашылса, аштан қырылғандардың аты-жөндерін, жойылып кеткен ауылдардың қарасын анықтауға тырыссақ – оның халықты тұтастырудағы, ортақ отанымызға құрметпен қарау сезімін тәрбиелеудегі рөлі ересен болар еді. Холлост алты миллион еврейді құрбан етті, соның екі миллионының аты-жөні мен суреті анықталған. Еліндегі «Жад және Есім» музейінде олар келушілердің төбе құйқасын шымырлата жаңғыртылып, жұртты ересен зор әсерге бөлейді. Перманентті ашаршылық жұтқан төрт миллионнан астам құрбандықтың бірқатарын біздің шежірешілеріміз тайпа, ру, аталарды түгендеу арқылы анықтай алады, ол сөзсіз. Қазақтың сонау айтып-жеткізгісіз қасіретіне – большевизм ұрындырған ұлттық апатқа мемлекеттік дәрежеде ұдайы назар аударып тұру дұрыс болар еді. Сол арқылы біз өзімізді өзіміз сыйлауға және өзгелерге өзімізді сыйлатуға қол жеткізер едік.

**– Өзімізді өзіміз сыйлау дегеннен шығады, бізде неге қазақтың мәселесі екінші кезекте қалып қояды? Бұл да өзімізді өзіміз сыйламайтындықтан ба?**

– Кеңес үкіметінің тұсында, көп жағдайда ұлттық мүддесі шектелгенмен, қазақ жаман өмір сүрген жоқ. Айдаладағы жалғыз қойшының үйінде электр шамы жанып тұрды. Ал қазіргі қазақтың едәуір бөлігінің күйі мазасыз. Қазақ мәселесі, шынында, көбіне ығыстырылып, екінші кезекте қалып қояды. Мұның бәрі бізде ұлт саясатының дұрыс жүрмегендігінің белгісі. Бізде сындарлы ұлт саясаты жоқ. Ұлтаралық тыныштық сақталуда дегенді бірінші орынға қоямыз, оның, шынтуайтқа келгенде, қазақтың көнбістігі есебінен сақталып тұрғанына ой жүгірте бермейміз. Кейбір келеңсіздіктердің



көрініс беріп қалуы содан. Қазақстан унитарлық мемлекет, сондықтан онда тұратындар түгел қазақ деп саналуға тиіс. Айталық, шыққан тегі орыс, украин, неміс, ұйғыр, түрік, т.б. болуы мүмкін, бірақ ұлты қазақ. Сонда біз мызғымас тәуелсіз ел боламыз. Әркім өз тілін пән ретінде оқи берсін, бірақ негізгі білімді мемлекеттік тілде алсын. Утопия ма? Рас, бірақ түбі солай болуға тиіс. Ұлттық-мемлекеттік идеология соны көздеуге тиіс. Адамдарды идея біріктіру керек. Барша жұрт қазақ халқына байланысты тарихи әділеттіліктің қалпына келтірілуіне мүдделі болса, өзге ұлт шашырандыларына да қолайлы жағдай туады. Мұны әзірге ойлай қоймауы – биліктің үлкен бір кемшілігі ме деймін.

### **«ЖЕЛТОҚСАНДА ҚАЗАҚТЫ ҚАТТЫ АРАНДАТТЫ»**

**– Бейбіт аға, желтоқсанда сіз алаңда болдыңыз ба?**

– Алаңға 17-күні кешкі қараңғылық түскенде бардым. Құдды кинодан көретін революциялық ахуал орнаған. Алаңның төрт жағында лаулаған өрт. Ортада екі жерде жастар ұйлығып тұр. Әлсін-әлсін «Жаса, қазақ!», «Долой, Колбин!» деп, хормен айқайға басып қояды. «Менің Қазақстанымды» шырқайды. Мінбенің қос қанаты тізілген шоқпарлы, қалқанды әскерилер. Олар менің алдымда ғана шабуылдап, қарусыз жастарды жайпап салыпты. Жетпіс-сексен адамды «Жедел жәрдем» әкетті дегенді маған сонда жүрген бір кішкене қыз ашулы үнмен айтып берді.

**– Сауыт киген адамдардың сырттан әкелінгені рас па?**

– Рас. Арнайы жасақтарды Совет Одағының бірнеше қаласынан шұғыл Алматыға тасымалдағаны дәлелденген дерек.

**– Бір күннің ішінде ме?**

– Иә. Қайта құру саясаты серпінімен кез келген ұлттық аймақта бұрқ ете түсуі ықтимал «жаппай тәртіпсіздікті» жедел басуды көздейтін «Метель» деген операцияны КГБ ертеректе-ақ жасап тастаған көрінеді. Соны сынақтан өткізуге Алматының жағдайы дөп келген ғой. Шындығын айтқан-

да, қазақты қатты арандатты. Бізді 18-күні таң ата Жоғарғы Кеңес Төралқасы партия ұйымының хатшысы жан-жаққа жұмсады. Мен Октябрь ауданына бардым. Аупарткомның бірінші хатшысы мұндай наразылықтың тап Қазақстанда болуы мүмкін-ау дегенді еш ойламағандарын әңгімеледі. Оған Айнабұлақтан алдында қолын сермелеп сөйлеген бір жетекшісі бар топ шыққаны рациямен хабарланды. Сонда оның милиция бастығына «топқа тиіспей, қамалай отырып, сол күйінде алаңға дейін апарыңдар» деп тапсырғанын өз құлағыммен естідім.

– **«Қайтарыңдар» деген жоқ қой.**

– Жоқ. Аудандық атқару комитетінің төрағасы жасақшыларды бастап кеткен еді, түс ауа оралғанында, маған: «Құрып қалды ғой қазақ жігіттері, – деп, күйіне сыбырлады. – Өтіп бара жатқандарында сойылмен бір соғып қиралаң еткізіп сұлатып салады да, көше жиегіне сүйретіп әкете береді». Өздеріне деген мұндай қарым-қатынас жастарды қалай ашындырмасын...

– **Сіз өзіңіз қалай айыпты боп қалдыңыз?**

– 25 желтоқсанда Төралқа аппараты коммунистерінің жалпы жиналысы 17–18-күнгі оқиғаны қарады. Мен сөз алып, жастар демонстрациясының себеп-салдары жайындағы өз пікірімді айттым, ұсыныстар жасадым. Соным ұнамады.

Әкімшілік, партиялық биліктің түрлі буындарында маған тура 37-нің стилімен шүйіліп, бірнеше ай сансыратты. Ақыры есеп карточкама жазылатын қатаң сөгіс жариялап, жұмыстан босатқызды.

Жазушылар одағына келіп партиялық есепке тұрдым. Одақ өз аппаратына қызметке алмады, «сен әуелі ақталып ал» деген мардамсуды естідім. «Жалын» қабылдап еді, жоғарғы жақтан қысым болды білем, үш күннен кейін қайта босатты.

Сөйтіп, бір жарым жыл жұмыссыз жүрдім. Архивте отырдым. «ақтаңдақтармен» нысаналы түрде шұғылданғаным да содан.

– **Қалай ақталдыңыз? Өзіңізді өзіңіз ақтадыңыз ба?**

– Бір жылдан кейін мәселем жазушылардың партия жиналысында қайта қаралды. Мені партбюрода да, жиналыста да қатты қорғаған – Фафу Қайырбеков ағамыз болды. Қалмұқан Исабаев ағамыз, тіпті, солақай шешім жасаушыларға кінә артып сөйледі. Бексұлтан Нұржекеев бастаған орта буын қаламгерлер де орынды жақтасты. Сөйтіп ақталдық қой.

**– Жеңіліс тапқан сәттеріңізде өзіңізді қалай сезіндіңіз?**

– Жазықсыз жеңіліс тапқан адам өзін қайбір оңды сезінуші еді? «Білім және еңбек» журналында жүргенімде саяси кәте жібердің деген желеумен орнымнан алды, жалған айыптау, әділетсіз жаза екеніне сенімді едім, бірақ дәлелдеу оңай болмады, моральдық жапа шектім. Димекеңнің араласуымен ақталғандай болдым, бірақ бергі жағындағылар талай сандалтты ғой.

Одақта жүргенімде, жазушылардың коммерсанттар қолына өтіп кеткен мүлкін Әдеби қор арқылы қайтарам деп қанша соттың табалдырығын тоздырдым. Бәрібір қайтардым, қаламгерлер ұйымдарын заман талабына сай реформалау жолын ұсындым. Алайда, фальсификаторлар оны да өз пайдасына бұрып, еңбегімді еш қып қойды. Одақтың заңдылық ауқымында жұмыс істемеуін сынап, оның жұмысын жандандыруға бағытталған жұмыстарға араластым.

Мәніне барып жатқан, сынды түсініп қабылдайтын, пікір салғастырып көрген жан жоқ, өйтіп «төменшіктегеннен», мені одақтың кара тізіміне нөмірі бірінші жау етіп жазып қою қолайлы боп шықты тізгін ұстағандарға.

Ал маған ақлақи зардап шегу ғана жазылған тәрізді...

**– Қарап отырсам, басыңыздың дау-дамайға ілікпеген сәттері аз сияқты. Қазір де, өзіңіздің адалдығыңызды арашалап жүрген сияқтысыз?**

– Шынында сондай жағдайдамын. Бір орыс тілді газетте әлдебір орыс журналисінің жала жабу жолымен мені масқаралап, кемсіткен, қорлаған пасквилі жарияланды. Онда мен жайында «бола алмаған жазушы орталық әдеби газет – «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы болу үшін арамдық

тор құрып жүр» деп сәуегейленген. Мен онысын терістейтін мақала беріп, соны жариялауды әрі менен кешірім сұрауды ұсындым. Алайда әлгі газет менің ол хатымды баспай, «Б. Қойшыбай өзінің талантты жазушы екенін сотта дәлелдесін» деген мазақ тақырыппен, газеттің қос етегіне жаңа мақала берумен және алғашқысын, ал қайтесің дегендей, екінші қайтара көшіріп жариялауымен жауап берді. Содан, жаладан тазармаққа және ар-намысымды қорғауым үшін, сот төрелігіне жүгінуіме тура келді.

...Кейде осындайда «Ит үреді, керуен көшеді» деп қоя салайын десең, иттер бір ғана үріп қоймайды, белден бел асыра қуып жүріп үреді. Көр де тұрыңыз, осы мақала шыққаннан кейін де бір жерде балағымнан бір тістеп қалуға ұмтылатындар табылады. Не істейсің, иттер иттігін істейді де. Мен бұны өзімнің қарсыластарым үшін емес, жалпы жағдайларға байланысты айтып отырмын.

– Мұндай дауға түсуіңіздің себебі «туралықты айтам деп, туғанына жақпайтынның» кері емес пе?

– Ғажап емес, дегенмен, дәлірек айтқанда, мәселе демократияны, сөз бостандығын «арқа тұтып», кейбір сыбайлас топтардың шектен шығуында, баспасөзді орынсыз кектену, өш алу құралына айналдырып алғанында жатыр ма деймін. Әлдекімнің әлдебір дәулетті көкесі бір БАҚ-ты сатып алады да, кеудесіне орынсыз нан піскен сенімді бір баласын төбесіне қонжытып қояды, ал ол өзі сияқты кеудемсоқтармен жалғасып, әр нәрседе өз қалауынша қоғамдық пікір туғызуға тырысады.

– Байқаймын, бұл кеңірек қарастыруды қажет ететін тақырып екен, бүгін оны тереңдетпей-ақ қояйық. Әңгімеңізге рақмет.

Әңгімелескен Гүлзина БЕКТАСОВА.

*13 желтоқсан 2007 ж.*

## МЕРИЛО ИНТЕЛЛИГЕНТНОСТИ – ТВОЙ ПОСТУПОК

*Вышли в свет первые четыре тома цикла документальных произведений «Рух-Сарай», повествующих об этапах эволюции общественно-политической мысли Казахстана в начале прошлого века. В них главным героем выступает интеллигент, уже тогда стремившийся к национальной самоидентификации в контексте всего передового в мире. Автор этих книг – писатель Бейбут Койшибаев, кандидат исторических наук, президент историко-просветительского общества «Адилет», – первой в нашей стране неправительственной организации, которая отметила в этом году свое двадцатилетие.*

**– В каких отношениях с властью состоял казахский интеллигент сто лет назад? Был ли независимым или подпевалой?**

– Главная черта этого интеллигента – невозможность идти на компромисс с совестью. Хотя в царское время казахский интеллигент не мог не считаться с властью – он не призывал к восстанию и заботился о народе в рамках дозволенного метрополией. Но – сколько личного мужества и реальных шагов! Ибрай Алтынсарин, например, сумел стать просветителем своего народа, приспособив кириллицу к казахскому языку. Русско-туземные школы, призванные быть орудием русификаторской политики, он превратил в национально-образовательные очаги. Он не провел ни одного акта крещения детей – после его смерти у него дома был обнаружен целый сундук крестов, не использованных по назначению.

Великий Абай призывал казахов учить русский язык не только для знания лучших образцов культуры могучего со-

седа и выхода через него – на европейские языки. Русский язык позволял знать законы империи и противостоять противоправным действиям, незаконным поборам и произволу колониальной бюрократии.

Чокан Валиханов открыто объявлял свою формулу патриотизма: он писал, что заступится за своих сородичей, если их обижают русский, заступится за русского, если его обижают иностранец... Он искренне хотел приблизить казахский народ к русской культуре, западному просвещению, потому принял участие в экспедиции по Средней Азии. Но когда убедился, что цель этой экспедиции – коварный шпионаж, преследующий целью экспансию среднеазиатских городов, не пошел на компромисс с совестью и покинул отряд.

С трибуны Второй Государственной Думы казахский депутат Бахитжан Каратаев яростно критиковал царское правительство за произвол, переселенческую политику, превращенную в откровенный грабеж казахских земель, вытеснение коренного населения в неплодородные пустыни. Тогда же он заявил, что в таком положении казахи уповают на левые партии: «...пусть помнит Государственная Дума, что киргиз-кайсаки, которых обижают путем переселения на их земли крестьян ради защиты помещичьих интересов внутри России. интересов этих ста тридцати тысяч помещиков, пусть она имеет в виду, что киргиз-кайсаки всегда сочувствуют всем оппозиционным фракциям, которые желают принудительного отчуждения частновладельческих земель для удовлетворения крестьянского земельного голода».

Впоследствии он стал большевиком, но поняв, что большевики устроили искусственный тотальный голод, прилюдно высказал это в лицо диктатору Филиппу Голощекину.

Первый секретарь Казахского краевого комитета Компартии Голощекин, как водится, объяснял голод «происками классовых врагов», якобы умышленно организовавших массовый убой скота. Надо полагать, это он и собирался сказать в то катастрофическое по мору лето 32-го года на станции

Актюбинска по пути в Москву. Выйдя из правительственного вагона, он уже сделал «державное» обличительное лицо, как тут внимание всех привлек кативший по привокзальной площади тарантас с сухоньким, исхудавшим стариком. Толпа расступилась, ибо это была очень известная личность – бывший Член Второй Госдумы, Комиссар юстиции Уральской области, узник белогвардейских застенков, красный партизан, организатор Каратаевской кавалерийской бригады, заведующий политотделом Киргизской бригады 4-Армии Восточного фронта, член Военно-революционного комитета по управлению Киргизским Краем, делегат первых съездов Советов Казахстана, и, наконец, пенсионер, семидесятидвухлетний Бахитжан Каратаев.

Тогда он громко, при всех, обвинил вождя казахских коммунистов в том, что «священные цели революции осквернены массовой гибелью кочевников»: «За что мы боролись с царизмом и их приспешниками? Разве за такую жизнь и мученическую смерть мы проливали кровь? Вы в ответе за все эти гнусные преступления!» Голощекин, пробормотав: «Старик устал...», был вынужден оставить народ без державной речи и поспешно нырнул в свой советско-царский вагон. Об этом я впервые услышал в теперь уже далекие 80-е годы от замечательного ученого, юриста Салыка Зимановича Зиманова.

Надо быть точным: Каратаев обвинял в массовом голоде не только Голощекина, но и его окружение из казахских коммунистов, «плеяду кирработников, не чурающихся очковтирательства, и те из них, которые сгруппировались вокруг Голощекина, на деле довели народ до голодной катастрофы». Я изучал материалы личного фонда Каратаева в Центральном госархиве, и, пораженный, читал его очерк об этапах разращения психики казахов: он сделал вывод о том, что «угнетенное положение киргизов при царизме выработало в них психику хитрых рабов». Каратаев писал, что большевики у республиканской власти оказались «карьеристами, аферис-

тами и портфельистами», что они допустили «жюльнический подход к казахским делам» и гибель, «словно мух, а по сути, вымирание обездоленных степняков».

В августе 1932 года предсовнаркома республики Ораз Исаев нашел в себе мужество обратиться письменно к Сталину, где честно признался в том, что не снимает с себя вины за произошедшее, но, учитывая «общеизвестную особую роль первого секретаря», считает «невозможным исправить положение, пока у руля находится неспособный к самокритике Голощекин». Исаев открыто просил генсека отозвать того с должности. Это говорит о том, что интеллигент-руководитель, не идущий на компромиссы с совестью, имелся и в те годы – а ведь тогда он рисковал куда круче нынешнего.

В середине тоталитарных 50-х первый секретарь ЦК Компартии республики Жумабай Шаяхметов выразил принципиальное несогласие с планом освоения целины в предполагаемом Москвой объеме. А в 60-е – об этом почему-то предпочитают молчать до сих пор – предсовмина Жумабек Ташенов имел мужество, по московски «дерзость», противостоять кремлевскому плану передачи России целинных областей Казахстана. И практически в одиночку отстоял такие исторические земли казахов.

В конце 80-х поэт Мухтар Шаханов смог пробиться сквозь стену косной коммунистической бюрократии и заставил звучать демократическую колокольную Съезда народных депутатов СССР, возвестив миру об уничтожении и избиении казахской молодежи в декабре 1986 года сатрапами Центра и местными подхалимами, тщательно подтиравшими следы за «хозяевами» и затушевывавшими горькую правду.

И сегодня есть личности, способные на смелые, независимые суждения, невзирающие на лица. Они обосновали, например, недопустимость продажи земли, особенно это писатель-публицист Сапабек Асипов. Он досконально изучил историю казахского землепользования и дошел до парламента, где призвал депутатов не принимать законопроект



к рассмотрению. А когда все-таки продажа земли было узаконена, он отказался получить правительственную награду, приуроченную к какому-то государственному празднику. Интеллигенция наша не раз выступала против действий власть имущих, идущих вразрез с интересами казахстанцев и по другим поводам. Другое дело, власти часто игнорируют глас интеллигентов.

**– Потому что они зависимы. Чем грозит эта зависимость интеллигенции – каковы в этом плане уроки истории?**

– К сожалению, это так, на многих безошибочно действует метод «кнута и пряника». Ведь наша интеллигенция никогда не имела своего «сменовеховства», а голос Мустафы Шокая из-за рубежа доходил до них лишь в интерпретации большевиков. Как следствие, она безусловно поддерживала ущербные реформы 30-х и 50-х годов.

В 50-е она «проглотила» хвастовство Никиты Хрущева: мол, что того, чего не смогла царская администрация в течение веков, коммунисты сделали за год-другой, заполонив степь «новоселами» и подняв целину. Тогда число казахов в республике стало меньше одной трети, в целинных областях позакрывалось более семисот казахских школ.

Хрущев «строил коммунизм» и призывал дойти до него общим и единым для всех народов русским языком, а интеллигенция ему поддакивала.

Если при царе чиновники руководствовались тайным циркуляром, предписывающим «из инородцев лепить мужика», пусть и «магометанского вероисповедания», то при безбожных советах атеистическая интеллигенция обрамляла эту же программу помпезными лозунгами. Эти методы были усвоены столь прочно, что не изжиты по сей день – например, почти два десятилетия независимости у нас буксует государственный язык. А формально он вроде бы провозглашен.

**– Как участвовали интеллигенты в спасении общества от гибели и разрушения?**

– История страны полна драматических эпизодов, когда наше общество буквально было обречено на выживание. «Ақтабан шубырынды», например, восходит к войнам с джунгарскими захватчиками. Они шли, как известно, с небольшими перерывами, с 1635 по 1758 год – огромный период существования этого сильного кочевого государства. Особенно в 1723 году джунгары повергли казахский народ в величайшую катастрофу, поставив на грань уничтожения. Это была по сути для казахов великая Отечественная война, длившаяся вплоть до победного 1730 года. Победа была бы невозможна без вклада интеллигенции – ханы, бии, мудрые жырау-сказители, акыны и шешены-ораторы смогли поднять дух народа и мобилизовать его на освободительную борьбу.

Та эпоха противостояния нашествиям джунгар и защиты родины породила шедевры героических эпосов, которые художественно иллюстрировали спасение общества от гибели и разрушения. Три знаменитых бия – Толе, Казыбек и Айтеке – в 1726 году в Ордабасы сумели вдохновить и объединить народ против агрессора. С тех пор это символ патриота-государственника, а также правосудия: их скульптурный ансамбль украшает ныне Астану.

Критическими были, конечно, итоги диктатуры пролетариата. В 1917–18 годы с лица земли исчезло более 1 миллиона кочевников Туркестанского края – четвертая часть тогдашней численности казахов. В 1921–23 годы – столько же кочевников Казахского края, минус еще одна четверть народа. В 1931–33, от «голодной политики большевиков» (выражение Мустафы Шокая) – более 2 миллионов. Вымерло уже около половины всей численности казахского народа, это была национальная катастрофа.

В первой фазе катастрофы помощь голодающим организовывали национал-кадры Туркестанского края. Обществен-

ную столовую для голодающих открывала редакция газеты «Бірлік туы» («Знамя единства») во главе с главным редактором Султанбеком Ходжановым. Вскоре после разгрома Кокандской автономии он уехал из Ташкента в Туркестанский уезд, где проработал в низовых советских органах до глубокой осени 1918 года организатором продовольственной помощи голодающим. Он возглавлял работу по созданию сети пунктов питания, сбору среди имущих продовольствия, юрт, кибиток для содержания бродячих голодающих. Старожилы Южного Казахстана в советское время с оглядкой перешептывались, что их «в год змеи от голодной смерти спасло шулен-коже Султанбека» – «врага народа».

Осенью 1918 года наркомом здравоохранения Туркестанской республики был назначен Турар Рыскулов, он и повел работу по борьбе с голодом. Но вскоре убедился в том, что полномочия наркомата для успешной работы явно недостаточны, поэтому ставил перед ТуркЦИКом вопрос о создании особой центральной комиссии. На него было возложено руководство этой комиссией.

Это было время, когда пока еще не было изжито настроение, выраженное первым председателем крайкома партии Иваном Тоболиным (о нем говорили: «Тоболин – это Ленин в Туркестане»), что «кочевники экономически слабы, с точки зрения марсизма они должны вымереть», потому и следует поддержать продовольствием не их, а «красную армию, призванную совершать мировую революцию». Ему по-своему вторил его соратник по фамилии Ярошевский, отмечавший, что «в массовом порядке погибая от голода, мусульмане участвуют в революции так же, как и русский пролетариат, погибающий с оружием в руках».

Рыскулов с горечью отмечал в начале 1919 года в печати, что местные исполкомы не оказывают никакой помощи мероприятиям центральной комиссии помгола, поскольку руководящие там коммунисты повержены шовинистической болезнью.

Летом 1919 года полномочный представитель ТуркЦИКа в Российской Федерации Шакиров сообщал в Наркомнац о том, что в результате своей «преступной деятельности», власть Туркестана «поверг степные народы в полную нищету и неслыханную 60-процентную погибель».

Во второй фазе катастрофы интеллигенция проявила себя более активно. В 1921 году Халел Досмухамедов, Мухамеджан Тынышпаев, Жанша Досмухамедов, Иса Кашкынбаев, Конырходжа Ходжиков, Султанбек Ходжанов, Санжар Асфендиаров, Мырзагазы Есполов, Карим Жаленов, Сакен Сейфуллин, Ашим Омаров, Уалихан Омаров и другие выступили в печати – в газете «Ак жол», органе ЦК Компартии Туркестана и ЦИК Туркеспублики, (кстати, несколько лет спустя раскритикованной Сталиным и окончательно ликвидированной в 1926-м как националистическая) с обращением к гражданам, где говорилось: «...В районах, охваченных голодом, братья ваши пустились вовсю, умирают как мухи... надеемся, что проживающие в сытых местах братья протянут руку помощи... Начиная с 15-го мая непрерывно в течение двух недель будут проводиться дни помощи голодающим в Арке братьям – казахам и башкирам...» Они создали Туркестанский продовольственный комитет, выезжали на места для организации конкретной работы по сбору хлеба, скота и отправки их в голодающие районы. К примеру, Жанша Досмухамедов в 1921–22 годы по поручению Комитета бывал в Пржевальске, организовывал сбор продуктов питания и отправку их в северные и западные области Казахстана.

Но такие инициативы не всегда поощрялись советской властью. В 1921 году на страницах Семипалатинской газеты «Қазақ тілі» поэт и писатель Миржакип Дулатов выступил со статьей, где предлагал «мобилизовать всех казахских работников губернии для сбора скота в виде добровольного пожертвования, и собранный скот доставить степью в голодающие районы». Он сам за лето объездил «в качестве одно-

го из руководителей и агитаторов» несколько уездов, за короткое время было собрано около 15 тысяч голов крупного скота. А по возвращении из степи в Семипалатинск Дулатов был арестован, выслан в Оренбург в распоряжение ГПУ, и выпущен лишь после разбирательства этого спецоргана.

В том же году дамоклов меч завис над группой интеллигентов во главе с писателем Жусупбеком Аймаутовым, организовавшим сбор, переброску и раздачу скота для помощи голодающим Тургая, превратившийся через четыре года в уголовное «Тургайское дело», по которому были «привлечены ряд видных деятелей Алаш-Орды», обвиненные «за растрату и присвоение помголовского скота, пожертвованного населением Семипалатинской губернии». Последовало долгое судебное разбирательство и в 1926 году все обвиненные, в том числе Аймаутов, были «в порядке применения частной амнистии помилованы».

В третьей, самой страшной фазе катастрофы, несмотря на первую волну репрессий против алашордынцев, группа интеллигенции во главе с писателем Габитом Мурсеповым 4 июля 1932 года подала письмо в Казкрайком ВКП(б) на имя Голощекина. В этом «письме пяти», подписанном кроме Мурсепова заведующим Казгосиздательством Мансуром Гатаулиным, заместителем проректора Комвуза Муташом Давлетгалиевым, проректором по учебной части Комвуза Ембергенем Алтынбековым, заведующим энергетическим сектором Госплана Кадыром Куанышевым, приводились факты об ужасающем состоянии сельского хозяйства – «катастрофическое сокращение поголовья скота»: от 40 миллионов голов скота в 1930 году, через два года – в 1932-м – осталось только малая часть, лишь 5 миллионов голов. Говорилось о высокой смертности среди казахов из-за голода и о «левацких» перегибах, неправильной политике Казкрайкома, вызвавших такие плачевные последствия.

Но их письмо было оценено как проявление национализма, авторам оказано соответствующее психологическое

давление, и через неделю они подавали в Казкрайком теперь уже покаянное заявление с самобичеванием. 15 июля объединенное заседание Бюро Казкрайкома и Краевой контрольной комиссии расценило «письмо пяти» как «полное затушевывание всех достижений социалистической перестройки Казахстана и достижений национальной политики, выпячивание только отрицательных моментов, критика всей проводимой линии Крайкома» и вlepило подписантам по строгому выговору.

Тем не менее, в августе было упомянутое обращение к Сталину предсовнаркома республики Исаева и письмо зампредсовнаркома Российской Федерации Тураара Рыскулова. И Сталин 17 сентября 1932 года подписал постановление ЦК о развитии животноводства Казахстана.

Но работа по ее реализации велась крайне неудовлетворительно. Как сказано в «письме шести», адресованном в ЦК Сталину и Казкрайком Мирзояну (копия), которого подписали 24 февраля 1933 года четыре слушателя института красной профессуры Гатаулла Искаков, Ильяс Кабулов, Жусипбек Арыстанов, Бирмухамед Айбасов, также член Казкрайкома Габбас Тогжанов и член ВКП(б) Уразали Джандосов, – первый секретарь крайкома Голощекин и его приближенные «всячески старались это решение ЦК ВКП(б) использовать в целях оправдывания допущенных ошибок», на собраниях партактивов разъясняли, что «вопреки утверждениям казахских уклонистов, нытиков, группировщиков... ЦК признал всю линию Крайкома правильной», ибо, мол, «имеем грандиозные достижения во всех отраслях социалистического строительства Казахстана». Тем не менее, как писали авторы письма шести, «во многих казахских районах речь идет на сегодня о спасении жизни казахских трудящихся от голодной смерти и об одновременном принятии ряда радикальных, срочных мер по устройству их в хозяйственном отношении. Более 300 тысяч казахских хозяйств разбредлись по ж.д. станциям Сибири и Средней Азии, центральным горо-

дам, соседним (Казахстану) областям, многие из них влачат самые жалкие существования. ...правительственная помощь казахским трудящимся должна быть оказана именно теперь же, в самом срочном порядке, иначе к весне среди них смертность еще более усилится».

У кочевников Сарыусуского района, организованном в 1928 году в Карагандинской области, было около 1 миллиона голов овец и более 20-ти тысяч верблюда и лошадей. В результате конфискации, непомерных налогов, непродуманных, не подкрепленных материально мер по оседанию и коллективизации, в 1932 году их постигла страшная катастрофа. Лишенные всего, они устремились в свои привычные зимовки – пойма реки Чу. Большинство обескровленных кочевников погибло от голода и холода в просторах Бетпақдалы. Из 36 тысяч населения района выжила лишь одна треть. В январе 1933 года в помощь откочевщикам прибыли первые караваны с пшеницей. Их организовывал Уполномоченный Казкрайкома ВКП(б) и Совнаркома Казахской республики Ураз Жандосов. Он собирал откочевавший, обессиленный люд по степи, объединял их в оседлые хозяйства на территории Южно-Казахстанской области, сохранил за районом прежнее наименование и добился соответствующего административного переподчинения. Он возвестил о начале новой, теперь уже оседлой жизни спасенных кочевников и весной того же года провел в районном центре Байкадам первый слет колхозников-ударников. В прошлом году, в связи с 80-летним юбилеем района, благодарные потомки спасенных кочевников поставили ему памятник в селе Сауда-кент – тогдашнем Байкадаме...

**– А как выбираться нам из кризиса нынешнего?**

– Экономическому кризису закономерно предшествовал кризис духовный, когда главным мерилom достоинства стала подверженная разрушению материя. Духовный кризис вошел в нашу жизнь вместе с рыночной экономикой и тор-

жеством благ материальных. Но девиз «Делать деньги!», к сожалению, не для казахского народа, две трети которого занималось сельским хозяйством. Реформаторы-рыночники на пороге независимости заявляли, что иметь тридцатимиллионное поголовье в республике ни к чему, можно привезти мясо из Австралии. Так потомственные овцеводы остались без работы и мигрировали в города, где их ожидал нерадушный прием.

Поразительно: даже в колониальные годы, при царизме из степи ежегодно отправляли сотни тысяч голов скота на фронт первой мировой войны. При советской власти мы обеспечивали мясом крупные индустриальные города, Москву и Ленинград, работали над выполнением пожеланий Кремля иметь в республике 50 миллионов голов овец... А перед настоящим кризисом мы стали ввозить мясо из-за рубежа.

Как мы выжили после сельскохозяйственной реформы 30-х годов прошлого века? Тогда разгромили крепкие частные животноводческие хозяйства, восставших репрессировали, кочевников принуждали к оседлости, поборами в виде невыносимых налогов организовали искусственный голод, толкали народ к побегам за кордон, а выживших объединили в колхозы. Думаю, тогда созидательная воля народа одолела трагедию, и за последующие полвека создала серьезный аграрный сектор.

Как мыслят избежать нынешний кризис иные чиновники? Недавно появилась информация о том, что Казахстан готов предоставить земли сельхозназначения иностранным инвесторам. Будто бы Минсельхоз обнаружил более 3,5 млн гектаров опустевших и не задействованных в обороте земель. На них, говорят, можно возделывать основные сельхозкультуры, заниматься созданием кормовой базы и, наверное, развивать животноводство.

И этот потенциал наши чиновники готовы сегодня предложить иностранцам – они де создадут на этих землях собственные либо совместные предприятия, либо инвестируют



действующие. А чем гордиться-то – тем, что наши законы позволяют иностранным компаниям владеть нашей землей на праве частной собственности?

По-моему, тысячи наших соотечественников охотно могут вернуться на брошенную землю – ведь горек оказался кусок хлеба, добытый в неприветливых мегаполисах. Думаю, не все забыли дело отцов. Я не говорю уже о миллионах оралманов, желающих вернуться на историческую родину. Вот и стимулируйте развитие исконной экономики, создавайте условия деградирующим без настоящей работы соотечественникам, а не богатым иностранцам. Ведь в этом и частичное решение проблем безработицы, бедности и даже нравственного возрождения – ясно, что традиционные занятия и соответствующий образ жизни, к которому вернутся сотни тысяч казахов, не станет поощрять популярный ныне разврат.

**– Но ведь жить по рецептам невозможно. Взять те же 30-е годы: сегодня мы не так строго судим недостойное поведение той интеллигенции, и даже учимся на их ошибках ...**

– История показала, что слишком дорога цена этих ошибок. В 1920 году, благодаря советской власти, северные казахи получили автономию в составе Российской Федерации, южане жили в Советской Автономии Туркестана еще с 1918 года. А в 1924 году, в результате национально-территориального размежевания Средней Азии, произошло воссоединение казахских земель. Объединение народа под единый шанырақ и восстановление упраздненной империей национальной государственности – это ведь была вековая мечта наших предков.

Но коммунисты-интеллигенты по рабской привычке жаловались метрополии на «алашордынцев», хотя Алаш-Орда перестала существовать в 1919–1920-гг., и даже ее деятели после амнистии привлекались в советские органы. Однако интеллигенты продолжали вдохновенно разоблачать врагов, «двурушников», сладострастно мстили друг другу и, думаю,

с тех пор не только исказили образ нашего интеллигента, но и наносили тяжелый урон стране.

Так мы потеряли в 1924 году исторический центр притяжения казахов, окруженный казахскими аулами Ташкент. Из-за дрязг и подковерной борьбы было потеряно право самим руководить республикой. Как известно, в 1925 году в Казахстан прислали Голощекина, центру было на руку «разделять и властвовать». Филипп Исаевич охотно культивировал недоверие местным кадрам, сгруппировал возле себя послушных коммунистов-подпевал и довел народ до катастрофы. В его активе было много методов.

Например, пользуясь размолвкой между вторым секретарем крайкома Султанбеком Ходжановым и членом бюро, наркомпросом Смагулом Садвокасовым, он добился упразднения поста Ходжанова, его отзыва в Центр. А ведь это был крупнейший деятель Средней Азии и Казахстана. Так, Филипп Исаевич игнорировал его позицию о переселении сибирияков в республику, грозящем критической пропорцией коренного населения и его ассимиляцией. Та же участь постигла его концепцию о статусе национальной республики.

В целом он успешно свел на нет все усилия Ходжанова как идейного руководителя 5-съезда Советов Казахстана, проведенного в апреле 1925 года после присоединения Сырдарьинской, Семиреченской и Каракалпакской областей, по выполнению его резолюций о построении национальной государственности.

Ходжанов, активный участник кампании по национально-территориальному размежеванию в Средней Азии, еще в 1924 году, при расформировании Турккеспублики говорил о том, что теперь, по воссоединении казахских земель, появляется возможность для создания национальной республики. А на пленуме Казахкого обкома ВКП(б), предшествовавшем 5-съезду Советов Казахстана, он объявил, что после присоединения южных областей, удельный вес казахского народа по отношению ко всему населению республики под-

нялся до 68 процентов, и говорил: «Мы все время боролись за национальную республику, хотя она у нас объявлена давно. Конец борьбы за национальную республику – это конец борьбы и начало работы за создание этой республики».

Это он добивался и добился перенесения столицы Казахстана ближе к гуще казахской массы, это по его предложению делегаты 5-съезда переименовали новую столицу Акмечеть в Кызыл-Орду, казахи официально получили свое историческое самоназвание и Киргизская Республика стала впредь называться Казахской...

Затем Голощекин взялся за Садвокасова – своего сторонника по выживанию Ходжанова из Казахстана. Садвокасов критиковал его за формальное ведение политики коренизации – приближении аппарата к массе путем выдвижения в партийно-советские органы национальных кадров и внедрения делопроизводства на казахском языке. Он был, также, противником «Малого Октября» Голощекина. А Голощекин считал, что «Октябрьская революция прошла мимо казахского аула» и требовал «пройти по аулу малым Октябрем»: вбить клин между баем и бедняком, добиваться расслоения населения по классовому принципу. Садвокасов сначала был отправлен в Ташкент ректором Казахского педуниверситета, затем на учебу в Москву...

Не всегда соглашался с Голощекиным и председатель КазЦИК Жалау Мынбаев. Он говорил на бюро, что республиканские кадры «не хотели бы быть только подписантами готовых решений», часто не отвечающих интересам коренной национальности. Голощекин обвинил их в подпольной связи «с недобитыми алашордынцами», и в 1926–1927 годах организовал против Садвокасова и Мынбаева пропагандистскую шумиху, записав их вместе с выжитым из республики Ходжановым в некий антипартийный блок. Вскоре и Мынбаев был снят с должности. Так Филипп Исаевич, по его выражению, «нивелировал» соратников и заодно укреплял свою власть.

Готовясь к 90-летию движения Алаш, мы выявили документы, проливающие свет на закоулки идеологической борьбы среди казахов. Бесспорно, все деятели 20–30-х искренно служили обществу, хотели добра и процветания народу. Но если бы все споры и разногласия между собой они выясняли бы прежде дома, а не апеллировали к московскому арбитражу и так не топили бы друг друга.

Например, неизбранный в состав ЦИК Туркеспублики Турар Рыскулов весной 1924 года написал письмо Сталину «о происках алашордынцев и перекарасившихся коммунистов» и просил поручить ГПУ сделать обыск, в частности, у Султанбека Ходжанова.

Ходжанов в свою очередь той же осенью написал вождю, что «казахские коммунисты проявляют чудеса героизма в борьбе с мертвым врагом, каким является давно упраздненная Алаш-Орда».

Сакен Сейфуллин весной 1925 года сообщал Кремлю, что пятый съезд Советов Казахстана прошел под руководством националистов-алашордынцев...

Это примеры ошибочного, недостойного поведения казахской интеллигенции, выросшей в условиях колонии...

**– Как вы относитесь к определениям «белая кость», интеллигентности по крови?**

– Мне по душе определение Мустафы Шокая, который считал, что интеллигент – это, прежде всего, четкая гражданская позиция и общественная активность. А простолюдин ты или белая кость, достиг каких-то высот умозрительно, этакий всезнайка, стал аристократом по духу, но если ты не сделал ничего для своего народа, ты не интеллигент. Важное мерило твоей интеллигентности – твой поступок. И мне, честно сказать, не нравится, как носятся с генами и «кровью» – кровь у нас одна, и предок, Адам, один на всех.

**– Чем отличался тип казахского интеллигента от других? Например, традиционный образ интеллигента из русской литературы – хилый очкарик. А наш?**

– Поскольку в советское время все молодое поколение воспитывалось на примерах русской литературы, приведенный вами образ и казахам был не чужд. Очки явились неким атрибутом учености и в казахской литературе. Помню, ухоженного очкарика несколько иронично называли «Алаш азаматы» – «азамат Алаша», то было время негативного восприятия алашордынцев – в основном образованного слоя общества того времени. Когда я работал в редакции детской газеты, мы для своих юных читателей создавали образ их друга – любознательного мальчика по имени Мыңсұрақ-Тысяча вопросов, непременно в больших очках и с взъерошенными волосами. Он был некий прототип будущего интеллигента.

– **Можно ли назвать сегодняшнего интеллигента носителем совести общества?**

– Есть такие, но их на пальцах можно сосчитать.

Обычное дело переступить через кредо «Платон мне друг, но истина дороже». Признаки сегодняшнего интеллигента – трусость и дефицит совести.

Я знаю претендентов на роль чуть ли не мессии – но их «безразмерная» совесть позволяет им поддерживать ложь своих собратьев по клану и племени. Нынче это завуалируется словом-названием «команда», вот они и состязаются друг с другом, объединенные каким-то спортивным духом.

Не случайно в ходу сегодня выражения вроде «Извини, ты выпал из игры!». А интересы народа, перспективные идеи по его спасению?!

Ведь статистика угрожающая: огромный процент анемичных женщин детородного возраста, призывники через одного хроника, средняя продолжительность жизни не достигает пенсионного возраста...

Только и слышно о квадратных метрах нового жилья – в основном, это апартаменты для имущих, а где же цифры о квартирах для миллионной бедноты? Видимо, демография не особо волнует чиновников.

Высокие, чистые помыслы! К сожалению, это ныне предмет иронии. Самое горькое, что победителей в этих играх нет – ведь как бы благополучны ни были отдельные из нас, жить и умирать, дышать одним воздухом, есть генетически модифицированные и отравленные продукты нам все-равно придется вместе с народом.

– Почему бы в среде интеллигентов не активизировать, скажем, перспективную стратегию «Программу устойчивого развития...»? Ведь там по сути есть все: только проецируй в общество и сослужишь процветанию народа.

– Боюсь, для этого нужно недеформированное общественное сознание. Террор, репрессии и организованный голод на многие годы вперед выбили из интеллигента активную совесть и сделали его ручным, послушным. А из подпевалы какой борец? Либо он артистически гневно обрушивается на несогласных, либо вовсе в стороне от «взрывоопасных» тем.

– Как в таком случае «Адилет» помогает воспитанию настоящего интеллигента?

– Критическим осмыслением прошлого, воспитанием историей, примерами таких как Алихан Букейханов, Бахитжан Каратаев, Мустафа Шокай, Ахмет Байтурсынов, Миржакип Дулатов, Турар Рыскулов, Султанбек Ходжанов и других.

Мы надеемся создать почву для недеklarативной гражданской позиции интеллигента. «Адилет» и дальше будет развенчивать преступления тоталитаризма, тем самым способствуя демократии. Мы мечтаем с помощью властей и общественности освоить территорию вокруг мемориального памятника в Жаналыке: на этих пятнадцати гектарах, закрепленных за «Адилетом», можно развернуть парк памяти безвинно расстрелянных, памятных стелл с их именами.

Молодые люди должны помнить, что в 1932–33 годы там сотнями закапывали умерших от голода, а через несколько лет – репрессированных. Посещая эти места, каждый дол-

жен прочувствовать свою сопричастность к истории нашей многострадальной земли.

– **Как началось правозащитное движение «Адилет»?**

– Во-первых, перестройка 88-го года, а раньше декабрь 86-го. Писать о нем пока не разрешали, но в то же время особо не препятствовали публикациям о «белых пятнах» истории, воскрешению имен репрессированных деятелей. Тогда общественность потянулась к запретной теме. В это же время в Москве возникло движение «Мемориал», и скоро инициативная группа из журналистов, писателей, ученых и творческих людей развернулось в такое же движение в Алматы.

В ноябре 1988 года Верховный Суд Казахской ССР реабилитировал алашординцев, расстрелянных в 30-е годы. В движение вовлеклись и их потомки. Активисты нашего движения в январе 1989 года участвовали в учредительной конференции Всесоюзного историко-просветительского, правозащитного, благотворительного, позже Международного общества «Мемориал», а через три месяца прошла такая же конференция у нас.

– **Что удалось сделать за эти годы?**

– Трудно перечислить все, что сделано за 20 лет. «Адилет» разрабатывал проект закона о реабилитации жертв репрессий, принятый в 1993 году. С тех пор реабилитировано более 340 тысяч человек, в том числе 118 тысяч репрессированных и 25 тысяч расстрелянных в 1937–38 годы.

В 1996–2004 годах выпущены восемь сборников «Азалы кітап. Книга скорби», охвативших расстрелянных по 11 областям страны. Еще пять книг изданы остальными областями, естественно, мы им помогали материалами.

Самое большое захоронение жертв репрессий было обнаружено весной 1990 года под Алматы в местности Жаналык: здесь закопали более 3,5 тысяч расстрелянных в подвалах НКВД и тайно вывезенных людей. После судебно-медицинской экспертизы останки были перезахоронены. В 2000

году активистов «Адилета» во главе с академиком Манашем Козыбаевым принял Президент, а через два года Нурсултан Абишевич сам разрезал ленту монумента в Жаналыке. Президент также распорядился выделить бывшее здание НКВД под музей истории политических репрессий и издать сборник воспоминаний потомков жертв сталинизма. Книга издана, и музей был открыт, но просуществовал он лишь полтора года.

– Почему?

– Как нам объяснили городские власти, это здание НКВД состояло на балансе одного из силовых ведомств, и оно продало его в частные руки. Но уголок этого здания, который занимал музей, все еще пустует, и мы надеемся, что собственник созреет и вернет обществу его память.

– Какие планы у «Адилет» на будущее?

– Мы продолжаем работу по выявлению мест захоронения жертв репрессий и голода, призываем ставить там памятные знаки, в местных краеведческих музеях создавать экспозиции, а в организациях, учебных заведениях проводить мероприятия, посвященные этой теме.

Особенно нужно думать об увековечении памяти жертв перманентного трагического голода. Изучая в регионах, на местах летопись семей, краеведы, исследователи, волонтеры могли бы восстанавливать имена всех жертв голода. 31 мая, в День памяти жертв политических репрессий, и в предшествующую этому дню пятницу необходимо во всех организациях, вузах, мечетях, церквях, молельнях проводить акты памяти и превратить это в традицию. Этим можно привнести вклад в воспитание молодых – будущих интеллигентов, аристократов духа.

Беседовала Алипа УТЕШЕВА.

17 июня 2009 г.



## РУХ ҚҰТҚАРАДЫ

*Қазақ ұлт патриоттары құрылтайында жасалған  
«Тәуелсіздікті ұлттық биік рух баянды етеді» атты  
баяндама*

Қазіргі таңда Тәуелсіздікке қатер төніп келеді. Біз мұны қауіп еткеннен айтамыз. Үлкен оның беті аулақ. Дегенмен ондай зұлматтың алдын алу жөн. Ондай зұлматқа қарсы тұратын күш, тәуелсіздіктің қалқаны, қорғаны болуға қабілетті күш – ұлттық биік рух.

Рухтың бекем тұғыры, сөз жоқ, білім. Алайда білімі зор және ақша тапқыш, бірақ рухы кемшін адам тәуелсіздігімізге қорғаныш бола алмайды.

Мына парадоксқа қараңыз. Тоталитаризм құрсауынан құтыла қоймаған тәуелділік замандағы кеңестік парламент замана лебін – орнына келтірілуге тиіс тарихи әділеттілік талабын дәл түйсінген еді. Сондықтан да Тәуелсіздік Декларациясына алдағы кезеңде қазақтың ұлттық мемлекетін орнату керек деген мақсатты шегелеп қойған болатын. Алайда, тәуелсіз ел болғалы, қазақтың ұлттық мемлекеті орнамақ түгіл, көп саладағы ұлттық мүддесі соншалықты қорғала қойған жоқ.

Керек десеңіз, әлдебір жоғары дәрежелі ақылманның айтуынша ХХІ ғасырда ұлттық мемлекет құрамыз деу кері кеткендік, барып тұрған анахронизм көрінеді. Сөйтсек, ел серкесі өзінің сөздерінің бірінде атап айтқандай, біз о бастан «этностық емес, азаматтық қауымдастықты» көздейтін мемлекет құру бағытын ұстанған екенбіз.

Бұл тұжырымды күзде ел бірлігі доктринасы жобасынан көргенімізде, баршамыз біраз дүрліктік. Сонда, үлкенді-кішілі функционерлердің «доктрина ішінде қазақстандық

ұлт туралы бір сөз жоқ кой» деп көлгірсуіне халық ашық қарсылық көрсетті.

Сонымен, Тәуелсіздік Декларациясында тұжырымдалған мақсатты бұрмалау себептерін түсіндіріп кешірім сұраудың орнына, Халық ассамблеясы және оны қимылға келтіруші ірілі-ұсақты данышпандар мен бұранда-клерктер «қазақтың емес, жалпы халықтың азаматтық мемлекетін» құрамыз деп шулады. Бұл, шындап келгенде, қазақ халқын ақымақ және тобыр көрушілік, турасын айтқанда, қазақты жек көрушілік, оның ұлттық мүддесін аяқасты етушілік әрекеттің нақты көрінісі еді.

Көзіміз жетті, ұзақ жылдарғы отарлық ахуалда көкірекке байланған ұлттық идеяға – ұлттық мемлекет құру идеясына берілгендік, ұлт мұратына адалдық сезімі біздің билік тізгіндерін ұстаған көсемдеріміздің санасына ұяламапты. Ал мұның себебі олардың рухы пәстігінде, ұлттық рухани тәрбиесінің кемшін жатқанында екені қай-қайсымызға да аян.

Революция қантөгіссіз, жоғарғы жақтан жасалды, бірақ, жоғарыда, қазақ мүддесін түбегейлі шешуге мүдделілер шамалы боп шықты. Себебі ұлтқа қызмет етуге құлшыныс, ұлттық рух, рухани ұстаным біздің қазақ қайраткерлерінде әсіре сақтықпен, жалған интернационалистік сезіммен алмастырылған еді.

Билік неліктен қазақ мүддесін терең және жан-жақты қарастырмайды? Өйткені өткенгі деформациялар мен бұрмалаулардың бәрін заңдылық деп есептейді. Сондықтан да: «Тарих солай шешті, біз көпұлтты мемлекетпіз, басқалармен есептеспей болмайды» деген теріс те әділетсіз пікірді қайталаудан жалықпайды. Ондай көзқарастың мемлекетқұрушы ұлтты кемсітіп, төменшіктететініне мән бермейді.

Еліміздің әрбір азаматы өзін ұлттық белгісіне карамай, қазақ саяси бірлестігінің бір мүшесі екенін мойындауға тиіс. Бұл – ел мен жер иесі қазақ халқын құрметтегендік болар еді. Ал олай айтуға арланып, «Біз – Қазақстан деп аталатын географиялық аумақтың тұрғынымыз, біз де мемлекет

кұрушымыз» деу, айналып келгенде, қазақты құрметтемек түгіл, менсінбеу, қорлау болып табылады.

Мұның астарында бізбен бірге тұрып жатқан отандастарымыздың шын тарихты, ащы, қайғылы қазақ тарихын білмейтіндігі, білсе, оны қасақана елемейтіндігі, әділет, тарихи шындық, әділдік, иман деген ұғымдарға көңілі босай қоймайтындығы жатыр.

Қазақ мүддесі азаматтардың ұлттық рухы жоғары болғанда шешіледі.

Ұлттық рухты ұштаудың қарапайым жолы – мемлекеттілігімізді қалпына келтіру барысындағы күрестер мен орын алған қиғаштықтарды, большевизмнің саяси репрессиялары мен «аштық саясаты» практикасын, солардың астарын жұртқа ашып көрсету. Баршаны қайғылы қазақ тарихымен тәрбиелеу. Тарихи әділеттілік орнату ісіне күллі жұрттың септесуі қажеттігіне бәрінің көздерін осылай жеткізуге болады.

Бүгінгі таңда біздің көңіліміз толмай тұрған рухани-мәдени ахуал, әрине, бір қарағанда, қоғамдағы демократиялық өзгерістер өнімі. Себебі құндылық өзгерді, әлеуметтік даму үлгісі өзгерді. Бірақ сол өзгерістерді жетелеу, бағыттау жұмыстары ойдағыдай болмады.

Ал оның себебі – идеялық тұғыры боркемік, ұлттық рухы төмен, солқылдақ, тәуелсіздікті баянды ету сынды биік идеяға емес, жеке адамға, құлқынға қызмет етушілер тобының сыбайластықпен шырмалып, қара құрымдай қаптап жүргенінде және солардың қараны ақ, ақты қара деп ұғындыруда алдарына жан салмай әрекет етуінде жатыр.

Әдебиет пен өнердің 28 қайраткерінің 2008 жылдың басындағы «Саралайтын кезең келді!..» деген ашық хатты соның нақты дәлелі болды.

Бұл хатты бірнеше күн бойы «Таным» клубында талқылаған жұрт оны ешкімге әбүйір әпермейтін жеке басқа табынушылықтың салдары, нақ сол культке құлдық ұратын залалды жағымпаздықтың көрнекті көрінісі деп тапты. Осы

бір дерт біздің рухани болмысымыздың деформацияға ұшырағанын әйгіледі.

Тәуелсіздікті баянды етуге тиіс саяси-әлеуметтік, экономикалық және мәдени даму мәселелерін тек рухы биіктер ғана ойдағыдай шеше алады. Біздің азаматтарға парызын қазақтың ұлттық мүддесі тұрғысынан айқындап алу үшін жаппай рухани-адами-имани-ахлақи тұрғыда жаңару қажет. Ұлттық биік рухты күллі халқымыз, жастарымыз бойға сіңіріп, өткір түйсінетін дәрежеге қол жеткізуіміз керек.

Тәуелділік дәуіріндегі советтік патриотизмді күйттеген тәрбие жүйесі жойылды, бірақ тәуелсіз еліміз өзінің құрмақ ұлттық мемлекетінің мақсат-мүддесіне сай келетін, тәуелсіздік күрескерін қалыптастыратын тәрбие жүйесін жасай қойған жоқ.

Бірінші орынға ақша шыққан заманда рухани-мәдени тіршіліктің мән-мағынасы елеулі түрде өзгерді. Бүгінгі іс адамдары арасында рухани ақау қатты сезіледі. Шынайы қазақы, ұлттық мүдде әлі күнге дейін жалпы ұрандар тасасында қалдырылуда. Мемлекеттің ұлттық мүддемен суарылып-шындалған патриоттарын – рухы биік отаншыл азаматтарды тәрбиелеп өсіруге мән берілмеуде.

Құқықтық мемлекет орнату, базар қатынастары, әлеуметтік құрылымдағы, өмір салтындағы өзгерістер, қоғамдық-саяси бағдардың әртүрлілігі рухани-мәдени болмыстың бетімен жіберілуімен астасып жатты.

Шындап келгенде, бұдан жиырма жыл бұрын жария етілген ұлттық мемлекет құру бағдарын жоғалтпай, ұлттық рух тізгінін қолда ұстағанда, алға ең жоғарғы мінбеден азаматтық мемлекет орнатамыз деген, ұлттылықты тәркі ететін жалған ұран тартылмас еді, біз бүгінгі аландаушылыққа ұрынбаған болар едік.

Оқу жүйесі, әлгінде айтқанымыздай, рухани-мәдени мәселелердің өте пәрменді құрамдас бөлігі, ол отансүйгіштіктің, ел бірлігін сезінудің, жеке тұлғаның рухани-имандылық тұғыры бекем отаншыл ретінде қалыптасуының алғышарт-

тарын жасайды. Қоғамның рухани саулығының дәрежесін анықтайтын да білім. Білім рухқа нәр береді. Рух – биік мақсатқа қол жеткізу үдерісі кезінде адамдарды жоғары идеялар айналасына тығыз топтастырып, біріктіруге қабілетті.

Сол себепті де рухы мықты, адами-имани ұстанымы берік азаматтар қатарын тұтастыра қалыптастыру қажет.

Алайда сабақ өткізу тілдері әртүрлі жалпы білім беру мектептері күні бүгінге дейін мемлекеттік тілді өз дәрежесінде оқытып-үйретуді – ел бірлігін қамтамасыз етудің осынау базалық шартын – сақтап жатқан жоқ.

Орыс тілді сыныпқа тіл туралы заң қабылданған жылы барған балалар мектеп бітіргелі бір мүшел уақыт өтті. Олар қазір орда бұзар отызға келді. Осы уақытқа дейін тәуелсіз еліміздегі орыс орта мектептерін бітірушілердің саны бірнеше миллионға жетті. Егер олар мемлекеттік тілді шынымен мектепте біліп шыққан болса, бүгінгі таңда тіл проблемасы күн тәртібіне шығарылмас еді.

Өкініштісі, оқу органдары өз міндеттерін атқара алмай келеді. Олар орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту орайында орын алған көзбояушылыққа көз жұмып қарайды. Шындап келгенде, тәуелсіз еліміздің оқу жүйесі барлық мектепті мемлекеттік тілге көшіруді жүзеге асыруы керек, өзге тілдер қажеттігіне қарай, негізінен, пән ретінде оқытылуға тиіс.

Жасалған мәдени мұра ескерткіштерін қалың жұртқа оңер тілімен насихаттауды ынталандырып, ұйымдастыру жөн. Ал біз оның орнына, имандық тұғыры күдікті, тәрбиелік тұрғыда залалды, азаматтарымыздың ұлттық рухын төменшіктететін, қазақтың ұлттық мүддесіне, қазақ елі азаматының отаншылдық сезімін ұштауға қызмет етпейтін, керісінше, қорлану сезімін туғызатын фильмдерді мемлекеттік қаржыға түсіреміз. Және оларды мәдениет жетістіктері деп дабырайтамыз.

Бұл біздің билік буындарындағы азаматтарымыздың біліктілігіне көлеңке түсіреді. Талантты адам жалпы әлемге арналған абстрактілі озық шығарма емес, өз еліңе, халқыңа

қызмет ететін туынды жасау керек. Егер шын мәнінде ұлт еңсесін көтеретін шығарма сомдай алсаң, ол міндетті түрде әлемдік жауһарлар қатарына қосылады. Өзіңнің де, өнеріңе тиек еткен халқыңның да жақсы аты шығады.

Ал ұлтыңның абыройына нұқсан келтіретін туынды арқылы өзіңнің талант ретіндегі атыңды шығаруың мүмкін, есесіне, әлем көзінде халқыңды бейшара күйге түсіресің, қорлайсың.

Бұл жайында жай сөзбен шектелмеген жөн, өйткені, олай етсек, болашақта ондай әрекеттер жалпыазамзаттық деген жалау жамылып қайталана береді. Ұйымдық шара жасап, өнердегі бағыт-бағдарды, отаншылдық ұстанымды нақты тұжырымдау керек.

Елдің тарихын, мәдениетін білмейтін, оны мақтан ете алмайтын, дарынын соны үстемелеу жолына жұмсай алмайтын адамға мемлекеттік тапсырыс берілмесін. Тәуелсіздікті отаншылдық сезіммен байытатын өнер ісін ұйымдастыра алмағандар мәдениеттің тиісті саласын басқару тұтқасында тұрмауға тиіс.

Ұлт мүддесін ойлаудан гөрі қайткенде әлемге танылуды мақсат еткен осындай дерттен батыл арылу жөн. Өнер, әсіресе кино мен теледидар өнері – биік рухты тәрбиелеуге, ұлттық мемлекетің, тарихың үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеуге пәрменді әсері бар құрал, сол ұмытылмауға тиіс.

Тәуелсіз елдің алғашқы заңдарының бірі дін бостандығы жайында қабылданды да, елге миссионерлерді қапттатты.

Дамыған ел дінбасыларының құшағына құлаған әйгілі Бораттың «жабайы» елін «озық» дінге тарту үшін қаржы беретін байлар қатары көбейіп жатса керек, солардың ықпалы болуы да ғажап емес – есін жиған қазақ елі парламентінің дін хақындағы залалды заңға оң өзгеріс енгізуге де қауқары жетпеді.

Тыныс-тіршіліктің бар саласында ұлттық рух сезілуге тиіс, қай мәселеде болмасын, ұлт мүддесін әрдайым жоғары ұстау абзал. Жегжатшылдық, рушылдық аурулардан сау

болуға ұмтылу ләзім. Ондай қасиеттерге рухы биік адамдардың қолы сөзсіз жетеді.

Ал биік рухты тәрбиелеу үшін, «Мәдени мұра» бағдарламасымен жасалған жұмыстарды ел игілігіне пайдалануды жолға қою, оқып, білім көтеру өз алдына, жер-жерде тарихтың ащы, қасіретті беттерін жаңғыртатын іс-шараларын жүзеге асыру қажет. Өйткені оның ел тұтастығын сезіну, елдің бірлігін арттыру орайында атқарар қызметі ересен.

Сондықтан да қазақ жерінің залыми саясат салдарынан қалай босатылғанын, аштан қырылған көшпенділер сүйегі үстіне келімсек жұрттың қандай тәтті ұранмен топырлатылғанын, олардан қазақтың қасіретті тарихы жасырылғанын көрсету керек. Сырттан келген арамыздағы жұртты кінәламаймыз, бірақ олар орталықтың орыстандыру, елдікті жою саясатының жанама қолшоқпары болғанын ұғынуға тиіс, сөйтіп, қазақтың ұлттық мүддесінің қорғалуына септесуге міндетті.

Өзге текті жұрттың баршасына қайткенде тіл үйретеміз, қазақша сөйлеуді талап етеміз дегенді тоқтату ләзім. Әр ұлт өкілі өз тілінде сөйлей берсін, қазақ тілін олар соны білуге мұқтаж болғандықтан, ешкімнің зорлауынсыз, ерікті түрде оқу керек.

Бұл үшін мемлекет өз ісін дұрыс жүргізсін, мемлекеттік аппарат, барлық бюджеттік мекеме, қаржы-қаражат саласы бірінші кезекте мемлекеттік тілде жұмыс істесін. Мемлекеттік тілден кез келген қажеттігі туған тілге ілеспе тәржіме жасаушылар, аудармашылар сол мақсатта көптеп дайындалатын болсын. Ресми жиындар ілеспе аударма аппаратурасымен жабдықталған залдарда, міндетті түрде мемлекеттік тілде жүргізілсін.

Тәуелсіздікке төніп тұрған қатерге тек рух ұлылығымен, ұлттық мемлекет сипаттарын нығайтумен ғана қарсы тұруға болады. Сол жолда бәріңізге жемісті еңбек етуді тілеймін.

*25 сәуір 2010 ж.*

## ЖЕЛТОҚСАНҒА САЯСИ БАҒА БЕРІЛЕР МЕ ЕКЕН...

Міне, мемлекеттік тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы, кеңестік империяның көбесін сөккен қасіретті де қастерлі Желтоқсан көтерілісінің 25 жылдығы аталар жыл да табалдырықтан аттады.

Коммунистік біртұтас мемлекеттің ыдырауына, тиісінше, одақтас республика тәжін кигенмен, іс жүзінде унитарлық елдің саяси құрсауымен шырмалған отар аймақтар боп тұрған тәуелді республикаларды дербестенуге бастаған қазақ жастарының тарихи қозғалысына биыл ширек ғасыр.

«Жаңа 37-жыл» көріністері басылғалы бері жұртшылық сонау дүбірлі күндердің себеп-салдары жайында жылма-жыл сөз етіп келеді.

Желтоқсанға жиырма жыл толар қарсаңда Алматыдағы Республика алаңына – Көтеріліс алаңына! – кіреберісте еңселі ескерткіш бой түзеді.

Тәуелсіздіктің биылғы мерейлі 20 жылдығымен бірге, Желтоқсан көтерілісінің 25 жылдығы да аталып өтетініне шүбә келтіруге болмайды. Әйтсе де...

Таяуда Алматы қалалық әкімдігі 17 желтоқсанға орай дәстүрлі «дөңгелек стол» өткізген-ді. Негізгі баяндаманы Тарих институтының директоры жасады. Ол институт әзірлеген «Қазақстан тарихының» 5-ші томы жақында ғана жарыққа шыққанын, томның 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасын арқау еткен жұмыстарды сараптаумен басталғанын аян етті. Оқиғаға баға берудің қиын екенін, сол күндері өзінің жақындарының да жапа шеккенін әңгімеледі. Одан кейін сөйлеушілер, негізінен желтоқсаншылар, көтерілістің әр қырына тоқталды. Желтоқсаншылардың құқықтық жағдайын нақты-



лауға қызмет ететін жаңа заң жобасын жасау мәселесі нақты қолға алынғаны айтылды. Алдағы ширек ғасырлық датаға дейін Желтоқсанға саяси баға беріледі деп үміттенетіндерін жария етті.

Дегенмен баяндамаға байланысты менің көңіліме оралған күдік сейілмеді. Сондықтан да сөз алып, желтоқсаншылар күткен саяси бағаның осы жиырма бес жылдық кезінде де беріле қоюы неғайбыл екенін айтып, күмән келтірдім.

Өйткені еліміздегі тарихи зерттеулермен бірден-бір түбегейлі шұғылданатын, тәуелсіз Қазақстан тарихын ширек ғасырдан бері жазып келе жатқан ғылыми мекеме, баяндамашының айтуына қарағанда, Желтоқсанды әлі оқиға деп санайды, оған әлі ғылым тілімен тиянақты баға бермеген.

Ал осы уақытқа дейін қалыптасқан қоғамдық пікір бойынша, Желтоқсан көтерілісі отарлық дәуірдегі ұлт-азаттық қозғалыстың соңғы, шешуші серпілісі іспетті бағаланатыны белгілі. Бірақ ұжымдық «Қазақстан тарихы» күні кеше шыққан арнаулы томында сол кезеңді арнайы қарастырғанмен, оны өз атауымен атамаған.

Ендеше, бұл, кезінде билеушілер бұзақылық деп, келенсіз оқиға ретінде бетке басқан сонау ереуілден бері 24 жыл өтсе де, оған саяси баға беруге негіз болатын ғылыми тұғырнама жасалмағанын көрсетеді емес пе?

Демек, 2010 жылғы іргелі ресми ғылыми еңбекте дәл анықтама берілмеген, мән-мағынасы айқын тұжырымдалмаған Желтоқсан көтерілісі саяси бағасын 2011 жылы ала қоюы екіталай-ау деген күдік өз-өзінен туындайды...

Кезінде тарихшы Бекмаханов бір өзі-ақ Кенесарының ұлт-азаттық қозғалыс көсемі екенін дәлелдейтін іргелі монография жазған, рас, оны метрополия кері бағалады, себебі біз отар ел ахуалында едік.

Енді ше?

Қазір біз тәуелсіз мемлекетпіз. Алайда жекелеген зерттеушілер әлдеқашан дәлелдеген шындықты еліміздің ресми ұжымдық ғылыми-тарихи мекемесінің растай алмай отырға-

ны қалай? Ғасырларға созылған ұлт-азаттық қозғалыстың жеңісті шыңы болып табылатын Желтоқсан туралы әділ де дұрыс тұжырымдама жасауда неліктен дәрменсіздік танытуда?

Меніңше, ширек ғасырлық қаралы-салтанатты күнге дейін бұл мәселені қалай дұрыстауға болатынын осынау ғылыми мекеменің шұғыл ойланғаны жөн...

Менің осы пікірлерімнен кейін баяндамашы қайта сөз алды, оқиғаны кітапта тап солай – ұлт-азаттық көтеріліс деп бағалағандарын, оны баяндамасында көрсеткенін (мен аңдамасам керек), 5-ші томға тап солай жазғандарын айтты.

Бұл хабарға отырғандар түгел риза болды. Желтоқсаншылар қатарында біз де қол соқтық...

\*\*\*

Әрине, мұндай мәлімдемеден кейін ҚР Білім және ғылым министрлігі, Ғылым комитеті, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты атынан 2010 жылы жарыққа шыққан іргелі «Қазақстан тарихының» 5-ші томындағы Желтоқсанға қатысты ғылыми тұжырымдармен тікелей танысып байқауға асыққанымыз түсінікті болса керек.

Тек, өкініштісі, кітапты оқи келе, лапылдаған көңіліміз су сепкендей басылды. Жасыратын несі бар, оны құдды маркстік-лениндік әдістемемен қаруланған кеңес тарихшылары жазғандай әсер қалдырды...

«Қазіргі Қазақстан» деп аталған 5-ші томда Желтоқсан жайы екі жерде сөз болыпты. Атап айтқанда, «Қазақстанның қазіргі заман тарихының тарихнамасы мен деректері» бөлімінің «Тарихнама» атты 1-тарауында Желтоқсанды зерттеген еңбектерді шолған үш бет (19–21-бб.), «Қазақстан тәуелсіздік алу қарсаңында» деген 1-бөлімнің «Кеңестік қоғам дағдарысының тереңдей түсуі» атты 2-тарауында болған оқиғаларды хронологиялық ретпен баяндаған бес бет (90–95-бб.) бар.

19-бетте: «Қазақстанның қазіргі заман тарихында 1986 жылғы Желтоқсан оқиғалары ерекше орын алады, бұл оқиғаларға мұрағат деректері бойынша 60 мыңнан астам адам қатысты, 8 мыңнан астам адам қамауға алынды, 200 қатысушы сотталды, бір жарым мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшырап, әкімшілік жазалауға тартылды. Қаншама жас қыршын қаза тапты», – деген хабарлама келтірілген. Одан әрі: «Кезінде Парламенттің арнаулы комиссиясы 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларының себебін зерттеп, зардаптарына талдау жасады. Алайда бұл оқиғалар отандық ғылымда әлі лайықты көрінісін тапқан жоқ», – деп бір түйінделеді. Назар аударыңыз: «бұл оқиғалар» содан бері 24 жыл өтсе де, «отандық ғылымда әлі лайықты көрінісін тапқан жоқ»!

20-бетте: «Алматының алаңында болған оқиғаларға» «сол кездегі партия басшылығы» берген «бастапқы бағаны теріске шығаруға мүмкіндік» туғанда, 1997 жылы шыққан «1986 жылдың желтоқсаны: дақпырт пен шындық» деген «көлемі шағын, алайда маңызды» еңбегінде академик М.Қ. Қозыбаев «осынау тарихи оқиғаға жаңаша қарап. ...болған оқиғаны тұңғыш рет «Желтоқсан көтерілісі» деп атап, оған шынайы талдау жасай білді», – делінген.

Бірақ осыдан он үш жыл бұрын: «1986 жылдың желтоқсанында ұлт-азаттық қозғалысы өз дамуының жаңа кезеңіне аяқ басты. Ол Одақтың ыдырауымен және республикалардың егемендік жариялауымен аяқталған тұтас бір тарихи белестің бастауы болды», – деп қорытқан М.Қ. Қозыбаевтың тұжырымын бүгінгі ұжымдық авторлардың тәуелсіз ел ғалымдарына лайықты деңгейде тиісінше дамыта да, тиянақтай да алмағаны байқалады. Олар жастар қозғалысының жер-жерде өрістеп, жаппай сипат алғанын ескермей, тек Алматыда болған ахуалды ғана қарастырады, әрі оны көбіне «желтоқсан оқиғалары» деп бағалауға бейім тұрады.

Ұжымдық авторлар: «Қазақ жастары 1986 жылдың желтоқсаны күндері ондаған жылдар бойы үстемдік құрып келген тоталитарлық режимге батыл қарсы тұрды. сөйтіп

бұрынғы КСРО кеңістігінде ұлттық-демократиялық қозғалысты дамытуға өлшеусіз үлес қосты. Оқиға басқа халықтарға қарсы бағытталмаған-ды, бұл елдегі екі күштің: буыны қатпаған демократия мен ол кезде қылышынан қан тамып тұрған әкімшіл-әміршіл жүйенің тұңғыш қақтығысуы болатын» (93-б.), – деп тұжырымдайды.

Тек бұл, шындап келгенде, осыдан жиырма шақты жыл бұрын Шаханов комиссиясы берген баға...

Сондай-ақ, 654-беттегі «Хронологиялық көрсеткіште» Желтоқсан көтерілісіне бар болғаны: «1986 ж., 17–18 желтоқсан – Алматыдағы жастар мен студенттердің КОКП мен Кеңес үкіметінің ұлттық саясатына қарсы жаппай толқулары» деген анықтама берілген...

\*\*\*

Біздің күткеніміз не еді? Әрине, Желтоқсанның нақтылы саяси сипатын ашатын әділ ғылыми баға. Отандық ғылым, тәуелсіз елдің тарих ғылымы жан-жақты дәлелдеп, қорытқан ғылыми дәйек.

Осы ретте өткен тарихымызға бір сәт көз жүгіртейікші...

КСРО деген ортақ шаңырағымыздың Тәуелсіз Республикалар Одағы болуға тиіс әуелгі мәртебесі сақталмады: қатаң бір партиялық орталыққа бағындыру арқылы ол жаңа империяға айналдырылды. Республикалар алдамшы да астарлы идеология арқылы жаңа отар деңгейіне түсірілді.

Тиісінше, елімізде ұлт-азаттық қозғалыс іс жүзінде толастаған жоқ: ұлт мүддесін көздейтін ойлар астыртын да, рұқсат етілген ауқымда да түрлі қарқынмен дамып жатты. Соның нәтижесінде халықтың ұлттық санасы өсті, ақыры, жағдай ушыққанда, бұрқ етіп, ұлт-азаттық көтеріліс тұтанды.

Міне, осы жәйттер «Қазақстан тарихында» ғылыми түрде тиянақталып көрсетілсе деп едік.

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы деген әдемі атауы бар Империяны тұтастандырған коммунистік режим-

нің қазақтарды отар құлдары деңгейіне түсіріп, басып-жаншуы – бүгінде тарих сахнасынан кеткен өкіметтің мемлекеттік қылмысы ғой. Осы жағдайды ғалымдарымыз аталған іргелі тарих кітабында сиырқұйымшақтатпай, ғылыми жолмен қарастырса, сөйтіп тиісінше әшкерелесе деп тілеп едік. Алайда бұл үміт ақталмады.

Осыдан барып мынандай сауал еріксіз ойға оралады: ғылыми дәйегі жасалмаса – біздің өкіметіміз саяси баға бере қояр ма екен?

Не істеу керек?

Шұғыл арнайы комиссия құруды сұрау керек шығар?

Әлде, Желтоқсан жайы екі мүшел уақыт бойы жан-жақты айтылып келе жатқандықтан, тиісті саяси бағаны Жоғарғы Биліктің, айталық, Парламенттің өзі-ақ берер ме екен?

Ал нұсқау күтіп отырған ғылым, бәлкім, билік тарапынан берілген бағаны дәйектейтін қомақты ғылыми еңбегін содан кейін жаза жатар... Ескі заманғы әдетінше... Өкінішті-ақ, әрине...

Әлде отандық ғылым тұтқасын ұстағандар осы өзекті мәселеге қатысты кемшіліктерін мойындап, шұғыл да бағыл әрекет жасар ма екен?

Қалай болғанда да, желтоқсаншылар үміті, халық үміті алданбауға тиіс. Өйткені бұл тәуелсіздігімізді нығайтып, баянды ете түсу үшін керек.

*5 қаңтар 2011 ж.*

## АЛАШ ИДЕЯСЫ ӨЛМЕС МҰРАТТАР САНАТЫНДА

Алаш идеясы, Алаш фәлсафасы патша заманындағы жаңа тұрпатты күрес белесінде туды. Қазақ елі Ресей империясының отары болып тұрған кездегі азаттық қозғалыспен бірге ұшқындай келе, біртіндеп іргелі тұжырымдамаға айналды.

Тарихтан белгілі, қазақтар отаршылдар озбырлығына қарсы XIX ғасырда 300-ден астам ұлт-азаттық көтерілісіне шыққан. Ал XX ғасырдың басынан бастап сол ұлттық қозғалыс дамудың жаңа кезеңіне көтерілген еді. Әртүрлі қоғамдық-саяси ойлар ықпалымен, халықтың бостандығы, азаттығы, бақыты жолындағы өркениетті саяси күрес жолына түскен.

Алғашқы кезде қилы салада қыспақ көрген халықтың көкірегі ояу азаматтары, негізінен діни қайраткерлер, медресе мұғалімдері «не істеу керек? ел мүддесін қалай ортаға салып талқыласақ екен?» деген мәселені көтере бастады.

Бірақ патша үкіметі бұл кезде қазақ халқын, қазақ жерін қатты назарға алған болатын. Ұлттық интеллигенцияның рухани іс мүддесін көздеген әрекеттерін әкімшілік құпия қызметтері арқылы тез аңғарып, тауып алды да, бастамашыларды істі қылып, соттап, жер аударып жіберді. Бұл 1902–1903 жылдар еді.

Ал алғашқы орыс революциясынан кейін, бұл ұшқын іспетті әрекет ерекше үлкен дүмпу алды. Патшаның белгілі рескриптінен кейін қазақ арасында да петициялық науқан өрістеп, ел оянды. Петроградқа Қазақ және Түркістан өлкелерінен көптеген талап-тілектер ағылды. Солардың ішіндегі ең ірісі, ең белгілісі – Қарқаралыда. Қоянды жәрменкесінде қабылданған құжат. Оған 14,5 мың адам қол қойған.

Сол сияқты петициялар астанаға қазақ аймақтарының барлығынан жолданып жатты. Батыс өңірдегі бір топ рухани сала адамдары – діни қызметшілер, сондай петиция жасау өз алдына, патшаға арнайы барып жолықты. Мұң-мұқтаждарын тікелей айтты. Бұл депутацияны демократ, ағартушы, кейін Екінші Мемлекеттік думаның мүшесі болған Бакытжан Қаратаев бастап барған болатын.

Бұның бәрі өркениетті күрес жолына түскендіктің белгісі еді. Өйткені қолға қару алып ештеңе бітіре алмайтындарын сол кездегі оқыған азаматтар түсіне бастаған.

Бірінші революцияның жемісі ретінде пайда болған Мемлекеттік думаның алғашқы екі шақырылымына қазақтар да өз өкілдерін сайлады. Олар Дума мінберін ұлт мүддесіне пайдалануға тырысты. Қолдарынан келгенше қазақ мәселесін көтерді. Әсіресе Бакытжан Қаратаев 1907 жылы сөйлеген жер-су мәселесі жөніндегі атақты сөзінде отаршылдық саясатты әшкерелеген болатын. Екінші Дума мүшесі ретінде үкіметте, салалық билікте, қазіргі тілмен айтқанда, жер-су министрлігінде көптеген жұмыстар жүргізген еді.

Бірақ оның бәрінен де патшалық билік оң нәтиже шығартпады. Ақыры, әйгілі «3 маусым заңымен», қазақтарды Мемлекеттік думаға депутат сайлау құқынан айырды.

Мұндай жағдайда қазақ күрескерлеріне басқаша күресу жолына түсу керек болды. Күресті жалғастырудың сол шақтағы ықтимал түрі тек қана ағарту істерімен шұғылдану еді. Халықтың көзін ашу қажет-тін.

Ұлттық мектеп жүйелерін кеңейту көзделді. Алғашқы революция кезінен жалпы мұсылман қозғалысына қатысқан қазақтар Қырымдағы Исмайыл Гаспралының Бақшасарайдан шығарған «Тәржіман» газеті арқылы ХІХ ғасырдың аяғында қазақ арасына да тарай бастаған идеясын – жәдидшілдікті қолдап, төте оқу, жаңаша оқу, жаңа әдіспен оқыту мектептерін ашуға атсалысты.

Мақсат – қазақтың көзін ашу, ояту болғандықтан, мерзімдік басылымдар ашуға ұмтылып, ақыры, «Қазақстан», «Қазақ» газеттерін, «Айқап» журналын шығарды.

Осындай жағдайда 16-шы жылға келдік.

16-шы жылы қазақтың белгілі үлкен көтерілісі, империядағы Ақпан революциясына ұласқан ұлт-азаттық көтерілісі басталды.

Көтерілістің тұтануына патшаның 1916 жылғы 25 маусымда империядағы «тегі бөтен бұратаналарды» Бірінші дүниежүзілік соғыстың кара жұмысына шақыртқаны себеп болды. Сол уақытқа дейін қазақ әскерге алынған емес-тін. Енді ешқандай алдын ала түсіндіру жұмысы жүргізілместен, бірден ел ішінен жаппай 19 бен 43 жастың арасындағы азаматтарды қорғаныс құрылыстарына салмақшы болған үкімет озбырлығына Қазақ және Түркістан өлкесі бірдей наразылық көрсетті. Жиырма бес жас айырмашылығы бар адамдарды бір мезгілде шақыру – бір отбасындағы әкесі мен баласын қоса әкету, түтін біткенді ересек ер адамсыз қалдыру деген сөз ғой. Міне, осыған күллі халық қарсы тұрды. Оның аяғы үлкен ұлт-азаттық күреске ұласты. Көтеріліс оты барлық жерді шарпыды. Бүкіл Түркістан өлкесін, қазақтың даласын, барша тараптарын түгел қамтыды.

Бірақ, әрине, патшаның қолында қарулы күш бар, әскер бар. Жер-жерге жазалаушы жасақтар аттандырып, көтерілісті тез басты. Негізінен басты. Басты-дағы, көтеріліс жалыны сөндірілген аймақтардан жұртты, дегенмен, әскерге ала бастады, әскерге болғанда – кара жұмысқа, соғыстың әскери құрылыстар салатын кара жұмысына.

Батысқа орысша білмейтін бұратана жұмысшыларды тиеген эшелондар ағылды, содан, ол жақта мүлдем бейтаныс ортаға түскен жалпы қараңғы халықпен жұмыс істеу қажеттігі пайда болды. Әлихан Бөкейханов бастаған біздің интеллигенттер әскери құрылыс нысандарына жұмылдырылған кара жұмысшылар арасына тілмаштық, дәрігерлік, т.б. жұмыс жүргізетін ұлт мамандарын апарды.

Ал кейбір ошақтарда, мәселен, Торғай сияқты жерлерде ұлт-азаттық көтеріліс қимылдары тоқтаған жоқ.

Біздің көзі ашық азаматтарымыз елге Мемлекеттік думаның арнайы комиссиясы шығуына түрткі болған-ды. Мұсыл-



ман фракциясының жанындағы бюрода Әлихан Бөкейханов пен Мұстафа Шоқаев жұмыс істеп жүрген. Солардың әрекеті нәтижесінде дүрлігулі өлкелерге депутаттық сұрау салулар жолданды. Ақыры, халық көтерілісін күшпен басқанда орын алған сорақылықтарды арқау еткен мәселе Думаның қарауына шығарылды. Бұл 16-шы жылдың аяғында, желтоқсанда болған оқиға еді.

Шет аймақтағы көтеріліс мәселесін карағаннан кейін Дума тағы тарады, уақытша тарады. Ал депутаттық сұрау салулар бойынша көтеріліс аумақтарындағы әкімшіліктерден жауаптар, анықтамалар алу, дегенмен, ұйымдастырылып жатты. Бірақ оларды Дума түгел алдырып та, қарап та үлгерген жоқ. Өйткені ол кезде жоғарғы биліктің өзі іріп-шіріп бара жатқан болатын. Біздің 16-шы жылғы көтеріліс соғанда серпін бергендей еді. Сөйтіп, ақыры, Ақпан революциясы жеңіске жетті. Патша тақтан кетті, монархия құлады.

Ал самодержавиелік құрылыстың қаусап, биліктен таюы күллі империядағыдай, біздің қазақтардың да ішінде бір ерекше серпіліс туғызды. Қазақ қайраткерлерінің алдынан ғаламат жаңа саяси мүмкіндіктер ашылды. Бұл елдікті қалпына келтіруді көздейтін, халыққа қызмет етудің жаңа жолдары еді.

Отарланып, мемлекеттілігі жойылған, жер-суынан айрылған халықты қалай жаңа дәрежеге көтеруге болады, жалпы, қазақтың мемлекеттілігін қайтіп қалпына келтіруге болады деген мәселені ашық күн тәртібіне қоюға мүмкіндік туды. Жалғыз қазақ емес, езілген елдердің барлығы, империядағы жалпы мұсылман қауымы, түркі қауымы түгел осы мәселемен шұғылданды. Сол жанданған серпіліс кезінде барлық облыстарда қазақ съездері өткізіліп, қазақ комитеттері құрылды. Жазда алғашқы жалпықазақ съезі болды.

Бірінші съезде қазақтың мүддесін қорғайтын саяси партия ашу керектігі айтылып, халық мүддесін көздейтін шешімдер қабылданды. Желтоқсан айында екінші жалпықазақ съезі өтіп, сонда Алаш автономиясы құрылды, Алаштың Ордасы, яғни үкіметі сайланды. Оның алдында Қокан қаласында

Түркістан мұхтариаты деп аталған сондай автономия жарияланған еді. Қазақтардың тең жартысы тұратын еліміздің оңтүстік бөлігіндегі облыстардың бәрі сол Түркістан өлкесіне қарайтын. Ташкентте большевиктердің жұмысшы және солдат депутаттары кеңесі осы өлкені билейтін үкімет сайлап, оған Түркістанды мекендейтін жұрттың 95 пайызын құрайтын жергілікті халықты – қазақ, өзбек, тәжік, түрікмен, қырғыз, тағы басқаларды қатыстырмағаннан кейін, бұлар еріксіз өз құрылтайын өткізген. Сөйтіп, төтенше 4-ші мұсылман съезі, өлкедегі билікті большевиктердің озбырлықпен басып алғандығы салдарынан, мәжбүрлік жағдайда Қоқанда шақырылған-тын. Төтенше мұсылман съезі сонда Түркістан автономиясын өмірге әкелді. Алаш-Орда да дүниеге солай келген-ді. Өйткені орталықта билікті большевиктер басып алған. Питерден бермен лықсыған большевиктік анархиядан қорғану керек деген оймен, біздің қайраткерлеріміз Орынборда екінші жалпықазақ съезін өткізді. Осындай жағдайда ұлттық мемлекеттік құрылымдар пайда болған еді.

Қазақ тағдырына тікелей қатысы бар осы екі мемлекеттілік те ел болсақ деген арман-мақсаттың нәтижесінде туған болатын. Осындай реттермен ұлттық идея нобайланғандай болды, оны өміршең тұғырға қондыратын идеология жобаланды. Халықтың санасынан ұзақ уақыт бойы кетпеген, әлі де кетпейтін ұлттық концепциялар, тұжырымдамалар сонда қалыптасты.

Осынау біздің Алаш, Алашорда делінетін дәуірімізде дүниеге келген елдік жайындағы ұғымдар көкейімізге бекем ұялаған болатын. Алашорда, шынында, алғашқы ұлттық өкіметіміз еді. Рас, оның ғұмыры ұзақ болған жоқ. Григорий күнтізбегі бойынша 1917 жылғы 25 желтоқсанда жарияланды да, артынша, Орынбордан құрылтай белгілеген астанасына – Семеймен іргелес Алаш қаласына кетуге мәжбүр болды. Бірақ онда да жазға дейін жұмысына кірісе алған жоқ. 1918 жылғы күзде, сол кезгі ахуалды ескере отырып, басқаруды оңтайландыру мақсатымен, екіге бөлінді. Батыс Алаш-Орда екі жыл бойы автономиялық режимде, рес-

публикалық режимде біршама тәуір жұмыс істеді. Ақыры Алаш-Орданың Батыс бөлімшесі де, Шығыс бөлімшесі де совет өкіметін мойындауға мәжбүр болды.

Содан кейінгі күрес кеңестік платформада жалғасты. Халықты мемлекеттілікке апаратын жаңа жолға бастау, жаңаша, кеңестік тұрпаттағы автономия құру, қайткенде ел болу мәселесі ұлт қайраткерлерін үнемі толғандырумен болды.

Алаштың идеясы, міне, осылай сабастаса алға басты. Құрылымы жойылғанмен, ұлттық идеясы бәрібір өлген жоқ. Бірақ жаңа жағдайға ауысты. Өйткені Ленин бастаған кеңес өкіметі алашордалықтарға кешірім жасады, оларды кеңес қызметіне тартты. Сондықтан алаш қайраткерлерінің бірқатары кеңес өкіметін мойындап, кеңес аппараттарында қызмет атқарды. Алайда сол кездегі солақай большевиктер оларға жұмыс істеткен жоқ. Ол басқа мәселе.

Алашшылдар тарапынан кезінде ел мүддесі үшін кеңес кеңселерінде, оқу-ағарту саласында беріле қызмет ету үлгілері көрсетілді. Бірақ совет өкіметінің негізгі ұстанымы таптық көзқарас, яғни бай мен кедейді жіктеп қарау еді. Ал біздің алашордашылдардың ұстанымы – ұлттық бірлік. Бір елді – қазақ елін – бай, кедей деп бөлмей, баршаға ортақ ұлттық теңдікке қол жеткізу. Бұлардың көзқарастарындағы айырмашылықтары сонда болатын.

Самодержавие тұсында езілген халықты – Қазан төңкерісі арқылы азаттыққа қолы жеткендей болған халықты елдік мәселеге жұмылдыру, көзін ашып, ояту, қоғамдық-саяси өмірге тарту, түптің түбінде озық өркениетке сай мықты ұлттық мемлекет орнату сияқты мәселелер саналы ұлт қайраткерлерінің әрдайым ойында тұрды. Міне, Алаштың осы идеясы күні бүгінге дейін ел-жұрттың есінде, ол біздің ұлттық қозғалыстарымыздың қозғаушы күші болып келеді.

Кеңес өкіметінің тұсында Алаш идеясы көзделген мәнінде жүзеге асқан жоқ. Әрі қазақ, шынын айтқанда, көп зардап та шекті. Әрине, ел өмірінде үлкен экономикалық, әлеуметтік, мәдени жетістіктер болғанына дау жоқ. Кеңес өкіметінің арқасында біз өзіміздің мемлекеттігімізді жаңғырттық. Өйт-

кені дербес қазақ хандығы, яғни қазақтың мемлекеттілігі жойылғалы ол кезде біраз уақыт болған. Соны кеңестік тұрпатта – әуелі 1918-ші жылы Түркістан кеңес автономиясы түрінде, одан 1920-шы жылы Қазақ кеңестік автономиясы түрінде жаңғырттық. Ал 1924-ші жылы Орта Азиядағы ұлттық-аумақтық жіктеу, межелеңдіру науқанынан кейін екі өлке – оңтүстік, солтүстік өңірлер бірігіп, бір шаңырақ астындағы бүгінгі Қазақстан елдік ту көтерді. Сөйтіп, шындап келгенде, қазіргі тәуелсіз еліміздің аумағы кеңес өкіметінің тұсында қалыптасты. Қарапайым халық «біз жеке ел болдық» деп ұқты.

Бірақ дербес ел ретінде түгін түтетуге большевизм жібермейтін. Олар қазақ елін бұрынғы сипатта, тек жаңаша, кеңестік империя түрінде отарлап ұстады. Бір карағанға аты жап-жақсы – Советтік Социалистік Республикалардың Одағы деп аталды. Біздің Қазақстан сол одақты құратын республикалардың қатарына 1936-шы жылы сталиндік конституция бойынша кірді. Шындап келгенде, ол кезде біз Ресей Федерациясы құрамындағы автономиялық республика ғанамыз, тап сол ұлы Ресеймен теңесіп, одаққұрушы республика мәртебесін иеленетіндей құрметке лайық емес едік. Неге дейсіз ғой? Себебі кеңестің тұсында қазақ 1917–18–19-шы жылдары, 1921–21–22-ші жылдары, 1930–33-ші жылдары қатты ашаршылыққа ұшырады. Аштық апаттың Түркістан өлкесінде орын алған алғашқы кезеңінде 1 миллиондай, Қазақ өлкесіндегі екінші кезеңінде тағы 1 миллиондай, ал жерсуы мен халқы біріккеннен кейін болған үшінші кезеңінде 2 миллионнан астамы көшпенді жан өлім құшты. Және ол ашаршылық кездейсоқ емес, қолдан ұйымдастырылған-тын. Өкінішке қарай, большевизмнің үлкен де терең астыртын саясаттарының бірі сол – аштық саясаты еді. Оны кезінде Мұстафа Шоқай «большевиктердің аштық саясаты» деп атап айтқан болатын.

Шынында да сондай саясат жүргізілді. Большевиктерге иен даланы тиімді пайдалану керек болды. Көшпенді халықты отырықшыландыру арқылы олар жайлаған

ұлан-ғайыр кеңістікті босатамыз да, сол жерде индустрия ошақтарын көтереміз деп дәмеленді. Шұрайлы пұшпақтарды босатуды көздегенмен, халықты қырып жібереміз деп жобаламаса керек. Бірақ іс жүзінде құдайы бере кетті: мал соңында көшіп-қонып жүрген жұрттың төрт түлігін сыпырып алып еді, тоз-тозы шықты, жейтін тамағы болмай, аштан өлді. Себебі көшпенді қазақ табан астында басқаша тірлік етуге бейім емес еді. Өкімет оның жағдайын жасаған жоқ, алдындағы малын тартып алып, отырықшы бол деді. Бірақ сол отырықшылық салтты материалдық тұрғыдан қамтамасыз етпеді. Жейтін тамағынан, ата кәсібінен айырғаннан кейін, бұрын мал бағу жағдайымен ұдайы көшіп-қонып жүрген халықтың әдеттегідей үйреншікті жеріне қоныс аударуына күші жетпей қалды. Осының салдарынан көбі ашықты, қырылды. Талайы көрші елдерге босты, бірлі-жарым шамасы жеткендер қолдарында қалған азын-аулақ малымен шетелге ығысып кетті. Сөйтіп қазақ халқы айтып жеткізгісіз ұлттық апатқа ұшырады.

Міне, осындай жағдайларда – большевизмнің қазақ халқын ұлттық апатқа душар еткен мемлекеттік қылмысы салдарынан – Қазақ елі халқының тең жартысынан артығырақ мөлшерін, экономикасының өзегін құрап отырған төрт түлік малының 88 пайыздайын жоғалтқан еді. Осынша құлдыраудың шын себебін жасырудың әдісін «халықтар әкесі» тапты: дәстүрлі экономикасы тұралаған, төл халқы өз елінде азшылыққа айналған Қазақстан – Ресей Федерациясы құрамындағы Автономиялық Республика – 1936 жылғы конституция бойынша КСРО-ны құрушы республикалар қатарына бір-ақ көтерілді. Сөйтіп, миллиондардың қанының өтеуіне берілген сол мәртебенің арқасында – 1991 жылы мемлекеттік тәуелсіздікке жеттік.

Кеңес өкіметінің 70 жылдық билігі дәуірінде белгілі бір кезең бойы қилы ауыртпалықты бірге көтеріп, жақсы өмір сүрдік. Қазақтар майданға соғыс алдындағы санының бір ширегін аттандырып, ортақ Отанды фашизмнен қорғады. Республика шегіне алыстан көшіріп әкелінген халықтарды

құшақ жая қарсы алды. Тың көтеру, басқа да қай науқаны болмасын, бәріне белсенді атсалысты. Білімін, мәдениетін ұштады, тиісінше ұлттық мүддесін ұмытқан жоқ. Алаштың негізгі идеясы, ел болу мәселесі саналы интеллигенцияның ұдайы зердесінде тұрды.

Өйткені отар заманда өзекті болған жер-су мәселесі ұлттық қозғалыс отын тұтатқан еді. Сол мәселені, «царизм тартып алған 45 миллион десятина жерді өздеріңе қайтарамыз» деп құрғақ уәделер берген революциялық риторикасына қарамастан, большевиктер билігі шешпеді, қайта күрделі күйге түсірді. Қазақ жеріне сырттан лек-легімен адамдарды тоғыту арқылы, жанама түрде болса да, халықты, жерді жаңаша отарлады. Қазақтың тіліне, мәдениетіне нұқсан келтірді. Мәселен, тың жер, тынайған жер игереміз деген ұранмен қоныстанған миллиондаған жұрт қазақтың қайғылы тарихынан хабарсыз еді. Өкімет оны білдіртпеу жағында болды. Сондықтан біз келген халықты кінәлай алмаймыз. Олар әдемі ұранға сеніп, елдің экономикасын көтереміз, жақсы өмір сүреміз деп дәмеленді. Солай істеді де. Орталық үшін, өздері үшін екпінді жұмыс істеді. Астық өсірді, қала салды, индустрияны көтерді. Өздері де байыды.

Бірақ қазақ халқының ұлттық дамуына соншалықты жаны ашыған жоқ. Өйткені қазақ ауылдары мұхит іспетті тың шаруашылығының ішінде жыпырлаған, болашақсыз ұсақ аралдар тәрізденіп қалды. Содан 700-дей қазақ мектебі жабылды. Балаларын қазақтар еріксіз жаппай орысша оқытуға мәжбүр болды. Сөйтіп тілін жоғалта бастады. Бұл жерде мына мәселені ажыратып алу керек – бәрі орысша білуге мәжбүр болды дегенде, біз орыс тіліне қарсы болып отырған жоқпыз. Өйткені орыс тілі арқылы, орыс мәдениеті арқылы көп жетістікке жеттік. Мәселе – орысша оқу салдарынан балалардың ұлттық тамырынан айырылғандығында. Көптеген балаларымыз қазақтың тілін, мәдениетін, дәстүрін білмей өсті. Өкініш сонда. Егер Алаштың идеясымен, Алаш құрған жоспармен өмір сүрген болсақ, ондай күйге ұшырамас едік. Өйткені Алаш өз еліндегі бөтен халықтарды ешка-

шан шеттеткен емес, қазақ орыстармен және басқалармен бірге тұрады деп есептеді. Бірақ өзінің тілін сақтаймын, мәдениетін сақтаймын әрі дамытамын, экономикасын көтеремін деді. Кеңес тұсында сол мәселе – толыққанды ұлттық даму шешімін таппады. Сондықтан да алаштық идея жүрек түкпірінде мен-мұндалап тұратын. Бұл жәйт кеңестік кезеңде ашық айтылған жоқ, әрине. Бірақ халықтың жаппай сауаттануы, мәдениеттің өркендеуі, көркем әдебиеттің, өнердің дамуы сананы оятты, сөйтіп, ұлттық мүдденің орындалмай тұрған олқы тұстарын да үздіксіз айқындай берді.

Өзін-өзі танудың, сананың өскендігінің нәтижесінде 1986-шы жылғы 17–18 желтоқсанда жастар алаңға шығып, қазақтың ұлттық мүддесі тұрғысынан талаптар қойды, алғашында бейбіт шеру түрінде басталған қозғалысты шын мәніндегі ұлт-азаттық көтеріліске ұластырды. Сондағы күллі республикаға жайылған қозғалысты кейбіреулер осы күнге дейін түрліше түсіндірмек болады. Тасадағы біреулер әдейі ұйымдастырды, бұзақыларға, наркомандарға жел берді дейді. Оның бәрі бос сөз. Мәселе ұлттық намыста болатын. Ұлттық сананың оянуында болатын. Ал оны мәскеулік орталық бұрынғысынша жапырып, кәдімгідей басып-жаншып, таптап өте беремін деп ойлады, солай етті де, сөйтіп, КСРО дегеніміздің іс жүзінде қанқұйлы империя екендігін дәлелдеді. Кеңестік империяның қожайыны Мәскеу, ал мына одаққұрушы республика деп аталатын Қазақстан – баяғы отар аймақ. Отар аймақта метрополияға қарсылық білдіріп бас көтеруге батылы барған жастар – метрополияға бағынышты болуға тиіс кәдімгі отарлық құлдар. Ал отар құлдарына қандай қарым-қатынас жасалмақ? Тек қана ұрып-соғып, күшпен жуасытып алу керек... Өкінішке қарай, солай болды. Осындай жағдайда Алаштың идеясы мен идеологиясы, Алаштың жалпы ұстанымы өмірге оралуы қажет екені сезілді. Мұны халықтың өзі сезді. Соны қайта құру жылдары біздің зиялы қауым ашық көтере бастады.

Міне, тәуелсіздікке де 20 жыл болды. Бәрібір Алаштың идеясын әлі айтып жүрміз. Бірақ жеріне жеткізе насихаттаған

жокпыз. Оны күні бүгінге дейін билік те, халық та тиісті деңгейде бойына сіңірген жоқ. Алашорданың 90 жылдығы елеусіз өте шықты. Жалпы, Алашқа қатысты өткізілуі тиіс үлкен шаруалар соншалықты биік деңгейде көрініс таппады. Дегенмен, соған карамастан, Алашты зерттеп оқу керек екенін түсінеміз. Еліміздің жарқын болашағы үшін, ұлттық идеямызды, басты бағдарымызды айқындап алу үшін солай ету керек. Әдетте отар ел нені арман етеді? Отарлық камыттан, империяның қамытынан құтылған уақытта нені армандайды? Әрине, дербес, егемен, тәуелсіз ел болуды армандайды! Ендеше, сондағы ұлттық идея, ұлттық мақсат-мұрат не? Әрине, ұлттық мемлекет орнату! Пәлен ғасыр дербес өмір сүріп, отаршылдар қолына түсіп жабылып қалған мемлекеттігінді озық өркениетке сай етіп қайтадан жаңғырту. Алға жетелейтін негізгі идея, міне, осы болуға тиіс. Осы күндері айтылып жүрген әлемдегі экономикасы сапалы елдер шоғырына кіру, ең озық елдер қатарына қосылу сынды биік мақсаттарға ұлттық негіздегі мемлекет құру арқылы жылдамдық жете алсақ керек... Өзіңнің ұлттық мемлекетінде, өз елінде өзге жұрттың бәрімен бірге, ешкімді бөліп-жармай, алаламай, жақсы өмір сүруге қол жеткізу және кедейшілікті жою жолында пәрменді жұмыс жүргізуге болады...

Халықаралық құжаттарда біздің елді ұлттық мемлекет деп есептейді. Ұлттық мемлекет құру, яғни қазақтың ұлттық мемлекетін жаңғырту мәселесі біздің 1990 жылғы тәуелсіздікке жету жайындағы декларацияда жазылған болатын. Бірақ 1991 жылы мемлекеттік тәуелсіздікті жария еткен құжатта ұлттық мемлекет туралы сөз болмай қалды. Ондай сөз осы күнде де жоқ. Бұрнағы жылғы әйгілі «Ел бірлігі доктринасы» жобасын еске түсірейік. Соның шу туғызған нұсқасын жасаған жігіттер «бізге ұлттық мемлекет қажет емес, бізге азаматтық мемлекет керек» деген ұстанымды ту етті. Оның астарында ұлттық мемлекет құруды армандамау жөн деген пиғыл, біздің елде ұлттық мемлекеттің шаңырақ түтетуін ұмыттырамыз деген әрекет жатқан болатын. Сол доктринаның алғашқы жобасына дем берушілердің бірі осы



күнге дейін «қазіргі заманда ұлттық мемлекет құру деген – анахронизм» деп нығарлайды. Бұл ол азаматтың соншалықты ақылы асып кеткендігі ме, жоқ, әлде, оған тым оқу өтіп кеткендіктің көрінісі ме, құдай білсін. Қайткенде де дұрыс емес. Себебі тек қана ұлттық мемлекет халқымызды алыс болашаққа аман-есен апара алады. Топан судай үрейді ала анталаған глобализациядан аман қалудың, жаһандануға жұтылмаудың жалғыз әдісі – тек қана еліміздің ұлттық сипатын сақтау әрі дамыту.

Ал Қазақ Елі ішінде ұлттық сипатты сақтау, ұлттық мемлекеттің өзіндік сипатын сақтау – бүкіл елге, өзіміздің ішімізде тұратын өзге ұлттар өкілдерінің бәріне де қолайлы, жайлы. әдемі мемлекет құру деген сөз. Осында тұратын барша жұрт қазақтың ұлттық мемлекетін мойындаса, сол ұлттық мемлекеттің мүддесі үшін жұмыс істесе – сонда өздері де жақсы өмір сүреді.

Өкінішке қарай, бізде тап сондай ниетпен жүргендер жоқтың қасы. Неге? Себебі біздің қазақтың қайғылы тарихын өз арамызда тұратын адамдар білмейді. Қазақтың өзі де көп біле бермейді. Өйткені насихаты жоқ.

Жоғарыда айтылғандай, біздің елімізге кеше тың көтерем. индустрияны дамытам деп келгендер жанама түрде болса да қазақтың ұлттық мүддесін шектеуге себепкер болды. Олардың бүгінгі ұрпақтары сондай науқандар салдарынан бір кездері қазақтың өз елінде жалпы халықтың үштен біріне де жетпей қалғанын білгені жөн болар еді. Еліміздегі күллі диаспора өкілдері жергілікті халыққа түрлі зиянын тигізген жәйттерді саралап үйренсе, қазақ басынан кешкен қиғаштықтарға ата-бабаларының өз еріктерінен тыс «үлес қосқанын» кішкене ойланса дұрыс.

Егер түрлі түсіндіру, насихат жұмыстары арқылы сондай жағдайға қол жеткізсек, онда біздің ұлттық ұйымдар қойып жүрген мәселелерге өзге ұлт өкілдері ешқандай да қарсылық білдірмейді. Қазақтың ұлттық мүддесін бірінші кезекке қою, ұлттық тілді дегенмен шынайы мемлекеттік деңгейге көтеру мәселесіне кедергі болмайды. Осы күндері әлдекім: «Біз

де осы жерде көптен тұрып жатырмыз, біз де салық төлеушіміз, біздің де құқымыз бірдей, бізбен санасу керек» деп еске салып қойып жүрген орынсыз өркөкіректікті айтпайды. Елімізді мекендейтін диаспоралармен ешкім санаспай жатқан жоқ. Санасады, санаспауы мүмкін де емес. Мәселе приоритет, басымдылық неде болу керек екенін айқындап, соны барша қазақстандықтың мойындауында.

Егер де осы бір кілтпанға жаппай мойынсұнатындай жағдайға қол жеткізсек, ал оған жетуге әбден болады, онда шын мәніндегі тұтастық, елдің мың жылдық бірлігі қамтамасыз етілері күмәнсіз. Ал мұның әдісі сол – әділ, дұрыс насихатты, тарихпен тәрбиелеуді кең жолға қою. Қазақтың кәдімгі қасіреті мол бай тарихын баршаға, күллі тұрғындарға білгізу жолымен ел азаматын тәрбиелеуді мақсат ету ләзім. Сонда барша диаспора өз орнын түсінетін болады. Қай жерде нені қолдау керек екенін ажырата алатын болады. Әр жаққа бөлініп шашырамайды.

Мәселен, тіл мәселесін алайық. Алаштың көсемдері: «Егер тілі жойылса – ұлттың да жойылғаны» деп айтып кеткен. Ұлттылықтың белгілерінің ішінде бірінші кезекте тіл тұратыны баршаға мәлім. Тілдің, экономиканың, географиялық аумақтың, ділдің, мәдениеттің, психикалық бітімнің ортақтығынан ұлт пайда болады деген ежелгі қағиданы мойындар болсақ, айтылғандардың ішінде тіл тағдыры айрықша ойлантары күмәнсіз. Ұлтты ұлт ететін – тіл. Ендеше, мемлекеттік тіл деген биік ресми мәртебесі бар қазақ тілін сақтауға тырысу қажет.

Жалпы, мемлекеттік қазақ тілі жоғалады дей алмаймыз. Өйткені, біріншіден, 8-9 млн халық қазақ тілін ана тілі деп біледі, екіншіден, арамыздағы тегі өзге бауырларымыз да қазақша сөйлеп келеді. Қазақ тілі жойылмайды. Мәселе басқада. Мәселе – қазақ тілін өз орнына қою, мемлекеттік тіл мәртебесіне лайық деңгейге көтеру. Осы шаруада бізге арамыздағы диаспоралар мүшелері көмектессе абзал болар еді. Біздің ішіміздегі орыс ағайындар бар, орыс тілді басқа туыстар бар, бәрі мәселені тарихи әділеттілік тұрғысынан

түсініп, қазақтың ұлттық мемлекеті мүддесінің жүзеге асуына жәрдемдесу керек деп ойлаймын.

Ал ортақ істің мән-маңызы мен жөн-жобасын олардың түсініп жәрдемге келуіне біздің орыс тілді қазақ азаматтары, жалпы біздің мемлекеттік саясатымыз жабыла ықпал етуге тиіс. Жағдайды елге түсіндіру ләзім. Біздің орыс бауырларымызға ештеңеден шошынуға болмайды. Керісінше, қазақ мемлекетінің жоғын түгендеуге қатысу арқылы олар өз болашағын қамтамасыз етеді, соны ұғынғандары абзал.

Бізде, өкінішке қарай, теріс көзқарас бар: билік мемлекеттік тілді біл деп міндеттейтін болса, онда, құдды, қазақ еместер елден кетіп қалатындай, дүниені қараң қалдыра бай-балам салады.

Бұл жерде шектен шықпау маңызды. Мысалы, орыс досыңа міндетті түрде қазақ тілін біл деп талап қоймайсың. Мәселе – сол досыңның қазақ тілін мемлекеттік тіл екендігін мойындауында. Мемлекеттік тіл ретінде құрметтей білуінде. Ең бастысы – сенің тіліңе құрметпен қарауы. Егер мемлекеттік тілді мойындап, құрмет тұтар болса, онда, ешқандай талап қойылмаса да, өзіне қажет деңгейде үйреніп алады. Қажеттілікті сезінсе – жылдамырақ игеруге тырысады.

Ал мемлекеттік тілді білуге қажеттілікті жұрт қандай жағдайда сезінер еді? Әрине, ол тек қана іс жүзіндегі мемлекеттік тілге айналғанда. Мемлекеттік аппарат, биліктің барлық салалары, мемлекеттің бюджетінен қаржыландырылатын мекемелер мемлекеттік тілде жұмыс істесе, онда сол жерде әлдеқандай мәселесін шешкісі келетін орыс және орыс тілді ағайындар өзінің тіршілігіне керек тілді қажет мөлшерде тез-ақ біліп алатын болады.

Ал былайғы қарым-қатынаста орыс тілін қолданба деп ешкімге де тыйым сала алмайсың, ондай әрекетке мұқтаж-дық та жоқ. Бүкіл ғылымның, әлемдік мәдениеттің, тағы көп нәрсенің жетістіктерін орыс тілі арқылы танып-біліп жүргенімізді ешкім жоққа шығармайды. Сондықтан тек қана мәселеге түсіністікпен қарау керек. Ал түсіністікпен қараудың әдісі, тағы да қайталап айтамын, халықты тарихпен

тәрбиелеу. Оған біздің теледидар, біздің баспасөз, бұқараға жететін барлық БАҚ әсер етуі керек. Егер нысаналы түрде жаппай жақсы жұмыс істеліп жатса, меніңше, ел-жұрт дұрыс түсінетін болады. Ешкім қарсы шықпайды.

Рас, бізде жекелеген шетін ойлы радикал ұйымдар бар. Дұрыс жұмыс жүргізсек – олардың да көзін ашуға болады. Осы орайда өзімнің ылғи айтып жүретін бір қисынымды қайталағым келеді. Мүмкін қателесермін, қателеспеуім де мүмкін, қалай болғанда да, менің ойымша, біздің билік, үкімет, анығында парламент бір опыну құжатын қабылдау керек секілді. Әлқиссасында жағдайды түсіндіру ләзім: елді отарлау қалай жүрді, енді одан біз қалай шығып келеміз, тт. Әрине, шындап келгенде, тәуелсіздік табалдырығында отарсыздандыру бағдарламасын жасау керек еді. Ол істелген жоқ. Бірақ, дегенмен, отарсыздандыруды қамтамасыз ететін біршама жұмыс жүзеге асырылды. Енді соларды қалың халыққа арнайы түсіндіретін байыпты құжатты өмірге әкелген дұрыс.

Алда тұрған өзекті де зәру мәселені көпшіліктің санасына жеткізу үшін, кім-кім де оны терең әрі жете түсіну үшін – соның бәрін салиқалы түрде баян ету абзал. Сосын алдағы міндетті тұжырымдаған жөн. Қысқасы, қазақтың қайғылы тарихынан туындатып, жоғалтқандарымыздың орнын толтыруға тырысудың тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге аппаратынын, олай ету бүгінгі ұрпақтың қасиетті борышы, арманда кеткен аға ұрпақ рухы алдындағы парызы екенін биік мекеме тиісті тарихи құжат түрімен айтса, көп нәрсенің шешімі идеологиялық тұрғыдан қамсыздандырылар еді деп ойлаймын.

Мәселен, біздің оралмандар деп аталып жүрген қандастарымызды алайық. Оралмандар тәуелсіздік жылдары миллиондап келді, олар біздің халықтың құрамдас бөлігі. Бірақ біздің арамызда мынандай бір жағымсыз қылық бар. Қытайдан келген қазақты – қытай, Өзбекстаннан келсе – өзбек, Моңғолиядан келгенді – моңғол дейді. Жалпы, ішке кіргізбей, кеудесінен кері итеруге тырысады. Біздің кейбір іс ба-

сындағы азаматтар да оларды «біздің менталитетке сәйкес келмейді», бізден гөрі бөлектеу ойлайды деп, оларға аса қырын қарайтын да ыңғай танытады. Ал енді тағы бір өрескел жәйтті айтсақ, кейбіреулер: «Бұлар қиын жылдары отанын тастап қашып кетіп қалған, енді неге біз олармен бөлісуіміз керек? Өзімізге жетпей жатқанда, қалайша олар да ортақтасып ұмтылады?» дегендей жаңсақ пікірде. Бұл көзқарас түбірімен қате, ондай ой ешкімде болмауға тиіс.

Неге? Себебі шетке жұрт қилы катаклизм кездерінде босты. Айталық, 16-жылғы көтеріліс тұсында, одан 20–30-шы жылдарғы байларды тәркілеу, кедейлерді ұжымдастыру, отырықшыландыру секілді озбырлықпен ұсынылған реформаларға көрсетілген қарсылықтарды жазалаушылар күшімен басу, ақыры халықты жаппай ашаршылыққа ұшырату науқандары салдарынан, өлместің күнімен, адамдар басы ауған жаққа безді. Қысқасы, аталған кеңестік солақай реформа салдарынан туған қызыл қырғын кезінде қазақтардың амалдап аман қалуға шамасы жеткені туған топырағынан көтеріле көшті. Ал оған, қайталап айтамын, биліктің – біздің қуыршақ үкіметіміздің тарапынан жасалған озбырлықтар, қуғындаулар себеп болды.

Демек, мен айтып отырған опыну құжатында солардың көшіп кетуіне біздің сол кездегі қуыршақ «республикамыз» себеп болғанын ашып айту керек. Өйткені ұлттық апат себептерін біз қаншама большевизмге, Мәскеуге жапсақ та, шынтуайтына келгенде, соның бәрін мәскеулік орталық біздің қолымызбен істеді. Тәркілеуді де, ұжымдастыруға, күштеп отырықшыға айналдыруға қарсы шыққан халықты «банда» деп, жазалаушы әскермен жуасытуды да, алапат ашаршылықты да Қазақтың Автономиялық Советтік Социалистік Республикасы деп аталатын еліміздің қуыршақ «үкіметінің» қолымен жасады.

Сол қуыршақ биліктің бүгінгі мұрагері – тәуелсіз Қазақстан. Ендеше, егемен еліміздің өкіметі мұрагер ретінде өткен қателікті мойындауы керек. «Біздің 20-шы жылдарғы өз қолында еркі жоқ үкіметіміз дұрыс саясат жүргізбегендік-

тен, немесе орталықтан түсірілген қаулыны өте әсіре белсенділікпен орындаймын деп халықты аштыққа, қырғынға ұшыратқаны үшін, халықтың бір бөлігін шетелге кетіп қалуға мәжбүр еткені үшін біз опынамыз. Өмірін шетелде өткізуге мәжбүр болған босқындардан, өз елімізде жазықсыз опат болған миллиондаған боздақтың рухынан кешірім сұраймыз. Енді біздің тарихи міндетіміз – сонау қасіретті жылдары жол берілген кемшіліктерді түзету, орнына келтіру» деген жөн. Бұл мемлекеттік үлкен бағдарлама жасауды дәйектейтін тарихи экскурс, өте қажетті шегініс және үлкен азаматтық, моральдық тұғыр іспетті соғылған іргетас болар еді. Сондай тиянақтаудан соң: «Тарихи отанына оралғысы келген азаматтарға жағдай туғызуға міндеттіміз» десе, ешкім қарсы болмайды.

Ондай бағдарлама мүлдем жоқ деп айта алмайсың – талай жұмыс істеліп жатқаны белгілі. Бірақ соның мән-жайын барлық халыққа ашып айту, түсіндіріп беру жағы көзге түспейді. Дұрыс насихаты болмағандықтан, адамдар арасында «өзімізде жұмыс жоқта оларға неге жағдай жасауға тиіспіз» дегендей орынсыз төрешілдік пиғыл орын алып отыр. Оны әлгіндей мемлекеттік мойындау-опыну құжатымен біржолата жойған жөн.

Оралмандардың елге келгеніне жұмыс тауып беруге тырыс, оларды бір жерге шоғырландырып орналастыр, басқа да жағдайларын жаса – билік соған міндетті болуға тиіс. Біз бүгін қайта зерттеп жүрген Алаш мұраттары осыған саяды. Алаш халықты тоздыруға жол бермеген болар еді. Өйткені ол халықты бақытты ету жолдарын, халықтың болашағын жаркын да айқын қылу мәселесін ұлттық негізде ойластырды. Оған, өкінішке қарай, большевизм мүмкіндік берген жоқ.

Алаштың, Алаш қайраткерлерінің осынау жойылмайтын, өзгермейтін арман-мүддесін, идеяларын зерттеп, оқып-үйрене беру абзал. Жақында Астанада Смағұл Садуақасовтың өмірі мен қызметін, одан алатын сабақтарды қарастырған республикалық ғылыми-практикалық конференция болды. Ондағы түйілген басты ойлардың бірі –Алаштың мұрасын,

Алашқа қызмет еткен азаматтардың мұрасын насихаттау, оқу орындарында оқыту, солардың көзқарастарынан барша ұрпақтың үлгі алып, үйренуі.

Смағұл Садуақасовтың Қазақстандағы белсенді қызметі 27 жасар жап-жас жігіт шағында аяқталды. 33 жасында Мәскеуде опат болды. Оның кремацияланып, 1933 жылдан бері Мәскеу зиратында тұрған мәйіт-күлін қаралы салтанатпен елге әкелер алдында өткен арнайы конференция оның мұрасына тағы бір назар аудартқан белес еді. Смағұл мұрасы қайта құру саясаты басталғалы бері зерттеліп келеді. Бірақ оны зерттеу бар да, халыққа жеткізу бар. Смағұл мұрасын халыққа жеткізу жағынан ақсап жатырмыз.

Смағұл Садуақасұлын Алаш қозғалысының белсенді қайраткері еді деп айту қиын, бірақ ол кезінде алаштық жастар ұйымында істеді. Алаштың идеясын қолдаған жігіт. Коммунист болды. Өлкелік партия комитетінің бюро мүшесі, ағарту комиссары, өзге де жауапты қызметтер атқара жүріп, ұлттық мүддені көздеді. Ұлттық бірлікті ойлады. Қазаққа таптық күрестен гөрі, ұлттық бірлік жағынан қарау керек деген мәселені, яғни коммунистік практикада Алаш идеясының жүзеге асуын іс жүзінде қолдаған адам.

Мәселен, ол Қазақстанның экономикасын шикізат көзі деңгейінде ғана дамытқысы келетін пиғылға қарсы тұрды. Қарапайым сөзбен түсіндіріп көрейік.

Қазақстанда мал көп, одан қырқылған жүнді пойызбен Мәскеуге әкетеді, сонда иіреді, мата етіп тоқиды, костюм тігеді, сосын пойыз дайын тауарды қайтадан Қазақстанға тасиды. Неге бізге өзіміздің шикізаттан мата тоқып, костюм тікпеске? Неге бізге сол мақсатта экономиканың барлық желілерін жасамасқа? Кәдімгі өңдеуші экономиканы өрістетпеске?

Смағұл ел дәулетін осындай жолмен арттыруды көздеді. Алайда біздің сол кездегі идеологтар оны республикада тұйық экономика жасауды қолдаушы деп білді. Садуақасов Қазақстанда өзін-өзі қамтамасыз етіп отыратын тұйық экономика жасамақшы, ал бізге қайткенде орталықтың – Мәс-

кеудің ұлғайғаны және нығайғаны керек. Демек, мынау – ұлтшыл, буржуазиялық демократияның ізін салушы. Бұлай болмайды...

Мәскеулік саясаткерлердің осындай пікірін біздің әсіре белсенділер қызу қолдайды. Сөйтіп, Ташкенттегі Қазақ педагогика университетінің партия жиналысы Смағұлдың сілікпесін шығарып, ректорлықтан түсіруге қаулы етеді. Ол Мәскеуге оқуға кетеді. Оқуын бітіріп, Донбаста инженерлік қызмет істеп жүргенінде, өндірістік улануға ұшырайды. Соның салдарынан Кремль емханасына түседі де, ұзамай көз жұмады...

Алаштың идеясына адал қайраткердің ұлт мүддесі тұрғысынан айтқандарына елімізді жаңаша отарлаған большевизм жол берген жоқ. Ол кезде біз автономиялық республика деп аталғанымызбен, шынтуайтында, коммунистік идеяның, коммунистік орталықтың отары болдық.

Ал қазір біз тәуелсіз елміз. Біздің тәуелсіз мемлекетіміздің 20-шы жылдарғы Смағұлмен жасты, бәлкім, одан сәл ересегірек жас интеллигенттері – Мәскеуден, шетелден оқып келген жігіттер – 90-шы жылдары үлкен реформалар жасады. Көрнекті істерінің бірі – ауылды малдан айырды. Әлдебіреуінің биік жиналыста «Қазақстанға отыз миллион бас малдың керегі жоқ, ет қажет болса, Австралиядан сатып аламыз» дегенін ешкім ұмыта қоймаған шығар. Тәуелсіздіктің сондай ұстанымдағы жас реформаторлары ауылды тағы бір жоңғар шапқыншылығына ұшырағандай ахуалға түсірді.

Неге олай болды? Себеп мынада. Автономияның қолында билігі болмаған жас реформаторы Смағұл Садуақасовта ұлттық тамыр мықты еді, ол халыққа не керек екенін білетін. Ал тәуелсіздіктің қолдарына бар билік шоғырландырылған жас реформаторларында ұлттық тамыр болмады, олар не Мәскеуше, немесе шетелше ойлайтын. Бүгінгі тілмен айтқанда, оларды әлем азаматы деуге болатын-ды. Тек қазақтың емес. Сол кезде 70 пайызы ауылда тұратын қазақ немен күн көріп жүр еді? Білмейді. Рынок жағдайында ауыл немен күн көрмек? Білмейді. Білмегендіктен де, кеңес өкіметі тұсында бір



бұзылып, қайта қалыптасқан қазақтың ділін, өмір сүру салтын олар тағы да бұзды. Бұл – Смағұл сияқты азаматтар дамытқан Алаш идеясын, Алаш азаматтарының мұрасын білмегендіктің салдары. Тарихты білмегендіктің салдары. Тарихты оқу керек, тарихпен әркім өзін өзі тәрбиелеу керек. мұндай әдет тек жасқа емес, бүкіл билік басындағыларға жұғысты болуға тиіс.

Біздің түрлі жауапты қызметкерлерімізге, басқару тұтқаларын иеленіп ел билегісі келген азаматтарға осы айтылғандарды бірінші кезекте ойлау ләзім. Өзіне өзі: «Менің ел тағдырына әсері тиетін осынау жұмысты атқаруға моральдық құқығым бар ма?» деген сауал қоя білуі абзал. Егер де бар дейтін болса, онда сол жолға қалай қызмет етемін, халыққа қандай пайданды тигіземін деген тұрғыда ойлануы керек.

Шынымен ұлт пайдасы жолында еңбек етпек болса, онда көкейіндегі көздегенін Алаштың мақсат-мұратымен шендестіріп байқасын, алаш қайраткерлерінің мұрасын зерделеп, сол арқылы өзінің ойын ұштасын. Егер мұндай азамат алдына ұлт мүддесі хақында айқын бағдар шығара алса, онда басқарсын, істесін. Ал егер тек жеке бас қамын көздейтін болса, онда ол – ұлт үшін өлген, керексіз адам. Жәй ғана шенеунік. Қарын қамын ойлаған көп шенқұмардың бірі.

Бүгінгі өркениет тұрғысынан қарағанда, Алаш идеясы дегеніміз – халқымызды жаһандандудың топансуынан аман алып өте алатын, мың жылдық мемлекет құруға қабілетті рухи күш. Сондықтан да ол өлмес мұраттар санатында.

*16 наурыз 2011 ж.*

## АРЫ ТАЗА АЗАМАТ

Желтоқсан көтерілісінен бері ширек ғасыр өткенмен, ойлап қарасақ, оны басып-жаншуға қатысқан, сондағы белсенді әрекеттері үшін өкімет марапатына ие болған жазалаушылар ішінен тек бір ғана адамның опынуға батылы барған екен. Оның өзі демократиялық реформалар толқынымен құрылған 1989 жылғы алғашқы комиссияның жұмысы тұсында болған оқиға көрінеді...

Баршаға белгілі, депутаттық сұрау салулар мен сайлаушылардың талап-тілектеріне орай, 1989 жылғы 6 маусымда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасы 1986 жылғы 17–18 желтоқсан оқиғасына байланысты мәселелерді қарастыру үшін арнайы комиссия құрған болатын. Жылдың соңғы ширегіне қарай құрамы кеңейтілді, мәселені жан-жақты зерттеуді көздейтін бағдарлама жасалды, сарапшы топтар құрылды да, Комиссия жұмысқа қызу кірісті. (Алайда, жұмысын аяқтамағанына қарамастан, республика билігінің жоғарғы эшелонындағы ықпалды топтың астыртын әрекеті салдарынан, Жоғарғы Кеңес Төралқасы оны бес айдан кейін, 1989 жылғы 14 қарашада тарқатып жіберді). Комиссияның атқарып жатқан жұмысының барысы жайында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасына ұсынған хабарламасында КСРО халық депутаты, КСРО Жоғарғы Кеңесінің мүшесі Мұхтар Шаханов сол шаққа дейін анықталған мынандай деректер келтірді: 17 желтоқсанда бейбіт манифестация түрінде басталған наразылық бес мыңдай студент және жұмысшы жастар қатысқан жаппай тәртіпсіздікке ұласты, жағдайды тұрақтандыру үшін ішкі әскердің қызметкерлері, әскери оқу орындарының курсанттары (7618 адам) жұмылдырылған. Фрунзе (Бішкек), Ташкент, Челябинск, Новосибирск, Тбилиси, Уфа, Свердловск қалаларынан әскери бөлімдер алдырылған, халық жасақшылары ретінде көшелерге темір кеспелтек, арматура, кабель, т.с.с. қарулармен жаракталған 10 мыңдай адам шығарылған.

Ұзын саны 18 мыңдай осынау «тәртіп сақшылары» іс жүзінде жазалаушылар мен жуасытушылар болды да шықты. Олардың демонстрацияға қатысушыларды ұрып-соғу әрекеттері салдарынан 1233 адам (бұл тек емдеу мекемелерінде тіркелгендердің саны) түрлі дәрежеде жарақат алды. Қанша жанның қаза тапқаны күні бүгінге дейін жасырылуда.

Бұл – кеңес өкіметі кезіндегі биліктің өз халқына қарсы жасаған қылмысы болатын. Оны ашуды мақсат еткен комиссия да кеңес өкіметінікі еді. Сондықтан, өз қылмысын ашқызуға мүдделі болмағандықтан, билік комиссияны таратып жіберген-ді.

Қылмысты өкімет бүгінде келмеске кетті, әскери бөлімдері алаңға шыққандарды жазалаумен әм жуасытумен шұғылданған айбынды Совет Армиясы да ғайып болды. Қазір кеңестік қуыршақ Қазақ Республикасының орнына тәуелсіз Қазақстан Республикасы ту көтерген. Бірақ тарих сахнасынан ығыстырылған сондағы советтік биліктің мемлекеттік қылмысы әлі жеріне жете ашылған жоқ.

Осыны ойлағанда, Совет Армиясы солдаттарының қазақ өкіметі берген марапаттау қағазын қайтарып жіберуі және оның күні бүгінге дейін мұндай қадамға барған жалғыз адам екені қайран қалдырады...

Бұл жігіт – Қырғыз Республикасының азаматы Ылайтегин Таалайбек Молдобекуулу (Ылаев Талайбек Молдобекұлы). 1985–1987 жылдары 5449-шы әскери бөлімде қызмет еткен. 1986 жылғы 17 желтоқсанда оларды дабылмен тұрғызып, Алматыдағы Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің ғимаратына алып келді. Бәрі де каска киіп, қалқан, противогаз және сойылмен жарақтанған болатын. Жарақтарын автомобильдерге қалдырып, мінбе алдына тізілді. Алаңда демонстранттар (шамамен 500-600 адам) тобы тұрған. Сол кезде Бейбітшілік даңғылынан екінші топ көрінді.

«Біз әуелі оларды алғашқы топпен қосылдырмауға тырыстық, бірақ кедергі жасай алмай, қайтадан орнымызға келіп тұрдық, – деді Талайбек Комиссияға Қырғызстандағы Ыстықкөл облысы Жетіөгіз ауданынан жазған хатында. – Шамамен сағат 15-16-лардан бастап алаңға халық көптеп

келіп жатты да, митингілеушілер қатары тез өсті. Олардың тарапынан біз жаққа әлдеқандай агрессиялық немесе сондай бір қастық пиғыл көрсетілген жоқ. Бірақ, бала көтерген әйел сөйлеп болғаннан кейін, басқа да сөйлегісі келгендерді мінбеге жібермей жатты, бұл Қазақстан әкімшілігінің бейдемократтығын куәландырады.

Алаңдағы жұрт наразылық білдіріп, мінбедегі басшыларды айыптай бастады, сосын бізге шептен мінбеге өткізіп жіберіңдер деп өтініш айтты. Одан кейін бізді жазғыруға кірісті. Кей тұстан «фашистер» деген айқайлар шығып жатты. Біреулері басымыздан құлақшынымызды жұлып алып, әр жаққа лақтыра бастады.

Милиционерлер белсенділер мен үгітшілерді ұстап, топ ішінен сүйреп алып шығуға кіріскенде, адамдар қатты ашу шақырды. Иін тіресіп, ілгері толқыды. Біз топтың тегеуірінді қыспағын бірер мезгіл ғана ұстап тұра алдық. Сосын адамдар нөпірі бізді трибуна сыртына ығыстырды. Мінбе сыртындағы бордюр бойымен тізіліп сапқа тұрдық.

Осыдан кейін бойын ашу кернеп елірген тобыр бізге қарай қолдарына іліккенді (қар, жұлынған өкше, тт.) лақтыра бастады. Сонда біз бұйрыққа сәйкес оларды алаңға қуып шықтық та, қайтадан мінбе сыртында оралдық.

Бірер митингішілер құтыртушылардың азғыруына түсіп қалмауға шақырып жатты, бірақ оларды ешкім тыңдамады. Арандатылған адамдардың кейбірі бізге тас лақтырды. Сонда біз Қазақстан ішкі істер министрінің бұйрығы бойынша қалқан мен сойыл алып, демонстрацияны қуып таратуға кірістік.

Біз қаруланғаннан кейін және топты қууды жүзеге асыруға кіріскенімізде, күшті тәртіпсіздіктер басталды. Жауап ретінде бізге тас, сындырылған гранит, мәрмәр кесектері жаудырылды. Шамамен сағат 23-те мен соққыдан есімнен танып қалдым да, госпитальға түстім.

Менің батальондас жолдастарымның айтқандарына қарағанда, сағат 23-тен кейін күрек (МСЛ – малые саперные лопаты – саперлік шағын күректер) ұстаған шекара училищесінің курсанттарын іске қосқан. Курсанттар «бүлікшіл-

дерді» сөздің тура мағынасында, іс жүзінде турап-шапқылады... Менің жолдастарым бұл айтқандарымды растайды!»

Сойыл мен сапер күрекшесін қолданудың салдары сол, демонстранттар қырғынға ұшыратылды: «мен және менімен бірге әскери қызметте болған менің жолдастарымның бәрі құрбандықтар саны бұқаралық ақпаратта хабарланғандай 2 адам емес, одан әлдеқайда көп екенін өте жақсы білдік». – деп жазды Талайбек Ылаев. Ол әскерге шақырылғанын мақтаныш етіп, әрдайым «барлық жарғылық талаптарды орындауға тырыстым», – дейді, – «бірақ желтоқсан оқиғалары мені армияға деген антипатияға алып келді». Оның иланымынша, Алматы алаңына әскер апару – бұқаны шайқасуға шақырған матодордың қолындағы қызыл шүберектей рол атқарған. «Мен тағы да қайталаймын – халық агрессияшыл пиғылда емес болатын»...

Талайбек 1987 жылы әскерден босап еліне келгенінде, өзіне күдікті көзбен қарағандарды көрудің және ту сыртынан айтылған «фашист» деген сөзді естудің ауыр болғанын жазыпты. «Менің атам фашистермен соғыста қаза тапты, – дейді ол. – ...фашистер туралы кітап оқып, фильм көргенімде, адамдардың қалай хайуанға айналатынын түсінбеуші едім, бірақ өзімнің куә болған жәйттерімнен кейін, мұны қайтіп оп-оңай жасауға болатынын – адамдарды тек басқа халықтарға ғана емес, өз халқына да жауыққан аңға айналдыруға болатынын ұқтым».

Ол Алматы алаңына әскер кіргізгендерді, әсіресе сапер күрекшесімен қаруланған курсанттарды әкелгендерді қатаң жазалау керек дейді, сонымен бірге, қантөгіске ұласқан осы санкциясыз митингті ұйымдастырғандар мен алаңға спиртті ішімдіктер, арматуралар және т.б. суық қару тасып әкелгендерді де жауапқа тарту керектігін айтады.

Талайбек қырғыз елінен жолдаған хатында өзінің «ержүректігі мен жанқиярлық іс-қимылы үшін» Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Грамотасымен марапатталғанын хабарлай отырып: «Жазықсыз жандардың қаны жағылған бұл лас затты мен кері қайтарамын», – деп жазыпты. Ал Грамотаның шекесіне: «Мен бұл дүниені қайта-

рамын, себептері менің хатымда көрсетілген. Бұл зат менде сақталуға лайық емес. Мен фашист емеспін, оның үстіне – МӘҢГҮРТ емеспін», – деп қолын қойған.

Көтеріліс басып-жаншылғаннан кейін, «ерліктері үшін» республиканың ең биік наградалары – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен және Жоғарғы Кеңес Төралқасының Грамотасымен жазалаушылар мен жуасытушылар қатарында тұрған жүздеген солдат (сырттан әкелінген әскери күштер қатарында болғандар да), милиционер, халық жасақшысы марапатталды. Ондаған адам Мәскеуден орден-медальдер алды. Солардың ішінен тек Совет Армиясында қызмет еткен қырғыз жігіті Талайбек Ылайтегин ғана (бәлкім, маған мәлім емес өзгелер де бар шығар) аталған қадамға барған. Сонысымен де ол баршамыздың құрмет көрсетуімізге әбден лайық азамат.

Ал өз ішіміздегі «ерлер» неге екі онжылдықтан астам уақыт бойы үнсіз жүр? Бұл олардың қазақ мүддесіне жаны ашымайтындықтарының, Желтоқсан көтерілісіне мән бермейтіндіктерінің белгісі емес пе? Біз тек Талайбектің батыл шешімі жайын ғана әңгімелеп отырмыз. Іс жүзінде, сол кезеңде халыққа қарсы жүргізген репрессиялық шаралары үшін – жүзден астам қыз-жігітке жаза кескен соттар да, мыңдаған адамды жұмыстан, оқудан шығарған, партиялық, комсомолдық жазамен қудалаған әкімші-функционерлер де өз әрекеттеріне сыни көзбен қарай қойған жоқ. Олардың тарапынан моральдық тұрғыда тазаруға құлшыныс болмауы қалай?

Жә, бұлар тым жалпылама сұрақтар болар, одан да, нағыз азамат Талайбек Молдобекұлы Ылаевтың өз қолтаңбасымен айшықталған тарихи құжатына назар аударайық. Өйткені бұл – тазарудың жарқын мысалы...

Суреттерге қарасақ, Талайбек Ылаевтың қолтаңбасы бар Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Грамотасының сыртқы бетін және оның мемлекеттік наградамен марапатталғаны жайындағы қазақша, орысша мәтіндер басылған ішкі беттерін көреміз...

## ЖЕЛТОҚСАН ЖӘНЕ АР-ОЖДАН

Күнәні мойынға алу – қиын да ауыр шаруа, ол тек ақжүректер мен ержүректердің ғана қолынан келеді. Ондаған жылдар бойы адалдықтың символындай көрінген большевиктік ұйымның бойынан ондай ерлік табылмады. Ол 30-шы жылдарғы жаппай жазықсыз жазалаулары үшін халықтан кешірім сұрауға да жарамады. Есесіне, большевизмнің жәдігейлік қасиетінің өміршеңдігі сондай, біздегі ірілі-ұсақты көсемдер қайта құру жылдары беттері бұлк етпей: «Бүгінгі партия кешегі бұрмалауларға жауап бермейді» деп мәлімдеді. Жазаланған халықтарға өтем төлеу мәселесі көтерілгенде, ел аузына караған билеуші оларды жазалаған өзі емес екенін айтты.

Тап осындай жолмен, «1986 жылғы желтоқсан сойқанын жасаған тоталитаризм» үшін жауап бермейтінін біздің басшылар да сездірген, мұны Сексен алтыдағы тоталитарлық ахуал атқамінерлерінің мұртынан күліп, демократиялық режим атына ауысып мінгенінен-ақ аңғарғанбыз. Олар өлермендікпен коммунизмге қызмет еткен-ді, енді оны жеті атасына шейін сыбап, бар ынты-шынтымен капитализм құруда. Қай идеяға қызметші болса да бәрібір – делбе ұстап жүрсе болды, есебі түгел...

Серкелікке дағдыланғандар ғой, ел игілігін күйтесе мейлі дейсің, бірақ жаңа жолға тазарып барып түсу жөн емес пе? Иманы бар жан сөйтсе керек еді... Әлде олар ірі деңгейдегі екіжүзділікті құдай кешіре салады деп ойлай ма екен?

Мемлекеттік машина тетіктерін қозғаушылар имандылық талаптарына керенау сияқты. Амал не.

Желтоқсан шындығын ашуды Конституциялық Сот қолға алғанда, тиісті адамдардың, тұтас топтардың, әртүрлі ұлт өкілдерінің ар-ұятын оятуға енді заң жәрдемдесер деп үміттендік. Конституциялық Сотта бұл мәселені жан-жақты қарап, әділ шешім шығарудың тарихи маңызы зор болмағын

күдіктенбедік. Себебі ол бірлікке, түсіністікке, татулыққа қызмет етеді деп ұқтық. Қазақстанды мекендеушілердің ождан көзін ашуға, елдегі ұлтаралық қатынастар тамырын дөп басуға септеседі деп білдік. Сөйтіп, ортақ мүдде жолында адал көңілмен қазақ туы аясына топтасу қажеттігіне иландырады деген ойда болдық. Сол оймен, сұралған көрсетінді-түсінігімізді бердік. Бірақ онымыз Конституциялық Сотта жинақталған, бүгінде ұмытылған том-том құжаттың біріне айналды.

Ой қазанына салып қорытып көрмек үшін, солардың бірін қайта оқыық: «В Конституционный суд Республики Казахстан от секретаря Правления Союза писателей Казахстана Койшибаева Бейбута Орынбековича. Мне разъяснены мои процессуальные права и обязанности. Я предупрежден об ответственности за правдивость своих пояснений.

На заданные мне вопросы судьи Конституционного Суда Республики Казахстан поясню:

Все, что думал о событиях, сказал по горячим следам в своем выступлении на партсобрании аппарата Верховного Совета КазССР 25 декабря 1986 года. Свое понимание проблемы вложил в содержание беседы, которую я вел с М. Шахановым и подготовил для газеты «Социалистік Қазақстан» в 1989 году, также в интервью, данного мною корреспонденту газеты «Ақиқат» в 1990 году. Все они опубликованы в сборнике «Алма-Ата. Декабрь, 1986. Книга-хроника (вторая), выпущенном в 1992 году («Интервью с главным редактором журнала «Денсаулық» Бейбутом Койшибаевым», стр. 30–38. «Выступление...», стр. 38–43. «Гарантия мира и единства», стр. 45–53.) Книга прилагается. Мои взгляды к событиям и вокруг него, отраженные в тех материалах, не изменились, в них содержатся мои ответы вопросам судьи.

С правой точки зрения – молодежь имела конституционное право выйти на улицы (ст.48 Конституции КазССР). Однако рабская психология, насажденная в сознание граждан годами, десятилетиями, не давала функционерам возможности понять это. «Какая это демонстрация? Мы понимаем, если



первомайское шествие или на празднике 9 мая, 7 ноября». – сетовала, беседа со мной, член парткомиссии Советского района г. Алматы, старая коммунистка. Так думали многие.

Нарушены ст.ст. 52, 55. Конституция гарантировала неприкосновенность личности, предписывала в обязанность всех государственных органов, общественных организаций и должностных лиц уважение к личности – на деле в те дни они не церемонились с демонстрантами. Факты общеизвестны. Практически не соблюдалась долгие годы ст. 34. Закрывая казахские школы, сведя почти к нулю общественно-политическую функцию казахского языка – было совершено ограничение прав казахоязычного населения, установлено преимущество русскоязычных граждан. А в дни событий открыто преследовались люди по национальным признакам.

Формальной оказалась ст. 4. Государственные и общественные организации, должностные лица не соблюдали Конституцию. Естественно – ст. 6. Партийные организации, обязанные действовать в рамках Конституции, встали над ней.

Пустым словом была ст. 68, подчеркивающая суверенность Казахской республики. Внутренние дела «суверенного государства» в дни событий решали военные чины и партийный эмиссар из Москвы. Вследствие чего марионеточные Верховный Совет, Совет Министров и правосудие не соблюдали свои конституционные обязанности, нарушены ст.ст. 97, 118, п.4, 115 Основного Закона суверенного государства – Казахской ССР.

Мое выступление 25 декабря 1986 соответствовало ст. 47, однако я был подвергнут преследованию, (трижды обсужден на партсобрании, обсуждался на партбюро аппарата Верховного Совета, парткомиссии и бюро Советского районного комитета партии, на меня было наложено партвызыскание – строгий выговор с занесением в учетную карточку, я был уволен с работы, лишь 3 дня дали проработать на новом месте, 1,5 года был вынужден сидеть без работы), что запрещалось данной статьей Конституции. Естественно, никто из преследователей не привлекался к ответственности.

Главная вина за все беды, в том числе за декабрьские события, лежит в партийной структуре, узурпировавшей всю мыслимую и немислимую власть в стране. Множество фактов говорят о преступности Коммунистической партии в Казахстане. Преступно основное кредо партии – классовая идеология, сделавшая врагами соседей, сослуживцев, сограждан, даже членов одной семьи, внесшая умышленный раскол, расслоение, раздробление общества, народов, нации на враждебные лагеря.

Декабрьские события 1986 года в г. Алматы, спровоцированное противостояния, жестокая расправа с мирными людьми – одно из многих преступлений этой политической организации.

17 марта 1993 года».

(«Қазақстан Республикасының Конституциялық сотына Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының хатшысы Қойшыбаев Бейбіт Орынбекұлынан. Өзімнің түсіндірмелерімнің шынайылығы үшін жауап беретінім жөнінде маған ескертілді.

Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының судьясы маған қойған сұрақтарға мынандай түсінік беремін:

Оқиғалар туралы ойлағанымның бәрін ізін суытпай, 1986 жылғы 25 желтоқсанда, ҚазССР Жоғарғы Советі аппаратының партия жиналысында сөйлеген сөзімде айтқанмын. Мәселе хақындағы өз ұғымымды 1989 жылы М. Шахановпен жүргізіп, «Социалистік Қазақстан» газетіне әзірлеген сұхбатымның мазмұнына тоқығанмын, сондай-ақ «Ақиқат» газетінің тілшісіне 1990 жылы берген интервьюімде көрсеткенмін. Бұлардың баршасы «Алматы. Желтоқсан, 1986. Кітап-хроника (екінші), 1992 жылы шыққан («Денсаулық» журналының бас редакторы Бейбіт Қойшыбаевпен интервью, 30–38-бб. «...сөйленген сөз», 38–43-бб. «Бейбітшілік пен бірліктің кепілі», 45–53-бб.) Кітап қоса тіркеліп отыр. Сол материалдарда көрініс тапқан менің оқиғаларға және соның айналасына деген көзқарасым өзгерген жоқ, соларда менің судья сұрақтарына берер жауаптарым да тұр.

Құқықтық тұрғыдан қарағанда – жастардың көшеге шығуға конституциялық хақы бар болатын (ҚазССР Конституциясының 48-бабы). Алайда азаматтардың санасына ондаған жылдар бойы тықпалап қалыптастырылған құлдық психология функционерлердің мұны түсінуіне мүмкіндік бермеді. Алматы қаласының Совет ауданындағы парткомиссия мүшесі, қарт коммунист әйел менімен әңгімелескенінде: «Бұл қайдағы демонстрация? Егер Бірінші май немесе 9 май, 7 ноябрь мейрамындағы шеру болса, оны біз түсінеміз», – деп қынжылды. Талайлар солай ойлады.

52-ші, 55-ші бабтар бұзылды. Конституция жеке адамның қол сұғуға болмайтын дербес құқықтылығына кепілдік ететін, барлық мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың және лауазымды тұлғалардың жеке адамға құрметпен қарауға міндеттілігін жазып қойған-тын, іс жүзінде олар сол күндері демонстранттармен еш санасқан жоқ. Фактілер баршаға мәлім.

34-баб ұзақ жылдар бойы іс жүзінде сақталмады. Қазақ мектептерін жаба отырып, қазақ тілінің қоғамдық-саяси функциясын нөлдің о жақ, бұ жағына түсіре келе, қазақ тілді халықтың құқтарын шектеу, орыс тілді азаматтардың артықшылықтарын орнықтыру жүзеге асырылды. Ал оқиға күндері адамдар ұлттық белгілері бойында ашықтан ашық кудаланды.

4-баб формальді болып шықты. Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар, лауазымды тұлғалар Конституцияны сақтамады. Тиісінше – 6-баб та. Конституция ауқымында әрекет етуге міндетті партия ұйымдары өздерін одан жоғары қойды.

Қазақ республикасының егемендігін атап айтатын 68-баб құр бос сөз боп шықты. «Егемен мемлекеттің» ішкі істерін оқиға күндері Мәскеуден келген әскери шенділер мен партия эмиссары шешіп жатты. Соның салдарынан қуыршақ Жоғарғы Совет, Министрлер Советі және құқықтық сот өздерінің конституциялық міндеттерін сақтамады. Қазақ ССР-нің – егемен мемлекеттің Негізгі Заңының 97-ші, 118-ші, 4-тармағы, 115-ші бабтары бұзылды.

Менің 1986 жылғы 25 желтоқсанда сөйлеген сөзім 47-бабқа сәйкес келетін, алайда мені қуғынға ұшыратты (партия

жиналысында үш мәрте талқыға түстім, Жоғарғы Совет аппаратының партбюросында, Совет аудандық партия комитетінің парткомиссиясы мен бюросында талқыландым, маған партиялық жаза – есеп карточкасына жазылатын қатаң сөгіс берілді, мен жұмыстан шығарылдым, жаңадан орналасқан жұмысымда үш күн ғана істетті, 1,5 жыл жұмыссыз отыруға мәжбүр болдым), мұндай жәйтке Конституцияның аталған бабы тыйым салатын.

Барлық кемшіліктер үшін, соның ішінде желтоқсан оқиғалары үшін де негізі кінә елдегі күллі ақылға сыятын және ақылға сыймайтын да билікті басып алған партиялық құрылымда жатыр. Қазақстандағы Коммунистік партияның қылмыстылығы жөнінде көптеген фактілер айтады. Партияның басты кредосының өзі – көршілерді, қызметтестерді, қатар азаматтарды, тіпті бір ошақ мүшелерін бір-біріне дұшпан еткен, қоғамды, халықтарды, ұлттарды өзара жау лагерьлерге саналы түрде айырған, жіктеген, бөлшектеген таптық идеология – қылмысты.

Алматы қаласындағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы, қарсы тұрушылыққа арандату, бейбіт адамдарды қатыгездікпен соққыға жығу – осы саяси ұйымның көптеген қылмыстарының бірі ғана.

17 наурыз 1993 жыл»).

Бұдан, әрине, компартияны жауапқа тартса мәселе шешіле қалады деген ұғым тумаса керек. Партияның атымен адамдар әрекет етті. Партияның әдемі ұрандарын алдамшы еткен де, сөз бен істің арасын жер мен көктей алшақтатып жіберген де адамдар. Нақты адамдар. Қолдарында партияның бар билігі болған, өздері соның күллі игілігін көрген, жеме жемге келгенде ұлт мүддесін сатып жіберген адамдар. Өздері айыбын ашық мойындамаса, тым болмаса осылай тәубесіне келтіруге болар?!

Сол шақта мен осындай аңғал ойда болдым. Сондай аңғалдықтан Желтоқсан көтерілісінің 25 жылдығы қарсаңында да арыла алар емеспін. Өйткені, опына білудің ел бірлігін арттыра түсудегі орны ерекше ғой деп ойлаймын.

*15 қаңтар 1995 ж., 18 қазан 2011 ж.*

## ЖАҢАӨЗЕН ОҚИҒАСЫ ЖАЙЫНДА

*Тәуелсіздік мерекесі күні Жаңаөзен қаласында орын алған қанды оқиға жайында «Азаттық» радиосы интеллигенция өкілдерінен сұхбаттар алып, таратып жатты. Және олардың негізгі түйіндерін жазбаша түрде сайтында да жариялады...*

### «Өз азаматтарына оқ ату – асқан қатігездік»

– Менің ойымша, бұл алдын алуға болатын-ақ шара еді. Тереңдетіп іздесек, әрине, қателік биліктен кеткен, бүлдіріп алған – өздері. Ғимарат өртенсін, бәлен машина өртенсін, бүлінсін – оның барлығы бір адамның өміріне тұра ма? Өзінің азаматтарына оқ ату деген – асқан қатыгездік. Жаңылыспасам, «оқ атуға кім бұйрық берді?» деп әркім сұрап жатты. Олар «ешкім бұйрық берген жоқ, полиция ереже бойынша, тәртіп бойынша солай етуге мәжбүр болды, солай етуі керек еді» дейді. Ол қандай заң? Ондай заңды міндетті түрде өзгерту керек. Әрі-беріден кейін сол заңды қабылдаған адамнан қатаң сұрау қажет. Егер шынымен де «адамға оқ атуға болады» деген заң болса, ол заңмен ақталуға мүлдем болмайды, ол заң үшін парламент жауап берсін, – дейді тарихшы Бейбіт Қойшыбай. «Мұның барлығы кедейлікпен күресудің орнына, белгілі бір топты байытумен шұғылданған биліктің әрекетінің салдары» дейді Бейбіт Қойшыбай.

*«Азаттық», Мәншүк Асаутай. 21 желтоқсан 2011 ж.*

### «Ақылға сыймас іс»

Тарихшы Бейбіт Қойшыбай да Жаңаөзен оқиғасына орай айтылып жатқан сөздер 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына бастапқыда берілген бағамен ұқсас болып шықты деді.

– Алайда 1986 жылы жастарға суық су шашты деп билікті кінәлағанбыз. Ал мына жолы суық су шашпақ түгілі бірден атып тастауы ақылға сыймас іс болды, – дейді Бейбіт Қойшыбай. «Зиялы қауым Жаңаөзен мәселесіне бұрын араласқан жоқ. Сондықтан біржақты кінәлау дұрыс емес. Халықты тыныштыққа шақырған дұрыс болар, бірақ шындықты айтып шақыру керек қой» дейді Бейбіт Қойшыбаев. Ол «ресми бұқаралық ақпарат құралдары биліктің сөзін сөйлеп, әділ ақпарат таратпай отырғанын» да айта кетті.

*«Азаттық», Асылхан Мамашұлы. 21 желтоқсан 2011 ж.*

## АЛАШ ИДЕЯСЫ – БІРЛІК ИДЕЯСЫ

*Алаш-Орданың 95 жылдығына арналған «Алаш туы астында: Алашорда. Желтоқсан. Тәуелсіздік» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияда (Шымкент, 13.12.2012) жасалған баяндама*

Біз Алаш идеясының жасампаздығы мен өміршеңдігін айтқанда, оны міндетті түрде алашордашылармен байланыстырамыз. Бірақ, шындап келгенде, Алаш идеясын Алашордамен ұйымдық байланысы болмаған, тіпті, оған кереғар түрлі социал-демократиялық партиялардағы, большевиктер қатарындағы талай азамат өмірге енгізуге тырысты. Ұлттық мүддені кеңес платформасында ту етіп, батыл күрес жүргізді. Сондықтан да біз, қай саяси ағымды ұстанса да, ұлт үшін адал қызмет еткен азаматтарды түгел Алаш туын көтерушілер деп санаймыз. Біз олардың өмірі мен қызметін, ұлт ісіне сіңірген еңбегін кейінгі ұрпаққа үлгі етіп тарту жағындамыз. Бұл, әрине, олардың бәрінің істері мен көзқарастарын түгелдей қолдап, дәріптеу деген ұғымды білдірмейді. Керісінше, Алаш идеясына қызмет еткен әрбір қайраткердің оң-теріс істерін әділ таразылап, талдауды қалаймыз. Солай ету арқылы өткен кезеңдер мен қайраткерлер жайында дұрыс пікір қалыптастырып, тарихи тағылым, сабақ алуға болады.

Баршаға мәлім, Ресей империясы тарапынан XVIII–XIX ғасырларда мақсатты түрде жүргізілген отарлау саясаты салдарынан қазақтың мемлекеттігі жойылды. Жері мен халқы патшалық құрамына енгізіліп, түрлі ресейлік әкімшілік бірліктерге бөлшектенді. Қазақ өлкесін орыс жеріне айналдырудың, халқын, этностық түрі бөлекше болса да, тіршілігі мен жан-дүниесі жағынан кәдімгі орыс мұжығы етіп қалыптастырудың кең көлемді шаралары жүзеге асырыла бастады. Халқымыз тұтастығын жоғалтты. Осындай ахуалда, импе-

риядағы орыс революциялық қозғалысының, сондай-ақ түркі-мұсылман қозғалысының әсерімен, ұлт азаттығын көксеген Алаш қозғалысы пайда болды.

XX ғасырдың басында қазақ зиялылары патша үкіметінің отарлық жүйесі төндірген қауіпті терең сезініп, одан қорғану жолдарын ойластырған болатын. Бірақ олардың іс-әрекеттерін құпия полиция тез әшкерелеп, жазалау шараларын қолданды. Алғашқы орыс революциясы дүмпуімен жер-жердегі көзі ашық азаматтар әуелі 1905 жылы 18 ақпан рескриптімен рұқсат етілген петиция науқанына көктем бойы қатысты. Жазда Бақытжан Қаратаев бастаған депутация патшаның қабылдауында болды. Күзде Әлихан Бөкейханов Мәскеуде өткен земство және қала қайраткерлері съезінде қазақ мүддесін көтерген сөз сөйледі. Сол кезде бес облыстың қазақ өкілдері Оралда алдағы саяси күрестің жөн-жобасын ақылдасты. Жыл соңына қарай Қаратаев қазақ конституцияшыл-демократтар партиясын құрды. Партия бағдарламасына орталық кадет партиясының жолы үлгі етілгенмен, оның жер-су хақындағы тұжырымдамасын қазақ мүддесіне сәйкестендіріп, «партия қазақ жерін халықтың өз меншігі ету үшін күреседі» деп жазды. Сонысы үшін питерлік кадеттер тарапынан қатты сынға ұшырады.

Одан кейін, Бірінші орыс революциясы нәтижесінде өмірге келген жоғарғы заң шығарушы органға үміт арттылды. Жерінен айрылып жатқан қазақтың кедейшілікке ұрынғанын 1906 жылы 1-ші Мемлекеттік дума мінбесінен орынборлық Тимофей Седельников жария етті. Торғайлық Ахмет Бірімжанов Думаға әлі жетіп үлгермеген қазақ депутаттары үшін аграрлық комиссиядан қосымша орын көзделуі қажеттігін көтерді. 1907 жылы 2-ші Мемдумада семейлік Темірғали Нұрекенов Ертіс бойында жұтқа ұшырап, қайыр сұрап кеткен босқын қазақтарға үкімет тарапынан жәрдем беру керек деген мәселе қойды. Ал оралдық Бақытжан Қаратаев үкіметтің переселендік саясатын сынаған атақты сөзін сөйледі. Өйткені үкімет ішкіресейлік шаруаларды «жаңа жерлерге» қоныстандыру үшін қазақтың ата-бабасынан мұра

етіп пайдаланып келе жатқан шұрайлы жер-суын тартып алып, өздерін тіршілікке қолайсыз қуаң далаға ығыстыруға кіріскен еді. Бірақ мұндай наразылықтардың бірде-бірі билікке ұнаған жоқ. Император бұған жауап ретінде, екі Думаны да тарқатып жіберді, әрі бұратаналарды бұдан былай сайлау құқығынан айыратын 1907 жылғы әйгілі «3 маусым» заңын шығарды.

Патша үкіметінің аграрлық саясатынан туындаған мұндай қитұрқы іс-әрекетін Б. Қаратаев терең түсінді. Ол қазақ үшін бұдан былай көшпенділік тұрмыс салтын қайта құру ғана өміршең болмағын парықтай білді. Әр қожалыққа заң бойынша тиесілі жер үлесін алу, сөйтіп отырықшылыққа көшу қажеттігін уағыздады. Бір қауым жұртпен бірге жер кескізіп алып, отырықшы болудың үлгісін өзі көрсетті. Алайда бұл бастаманың ғұмыры ұзақ болмады. Оны қазақ зиялыларының Ә. Бөкейханов бастаған екінші белді тобы қабыл алмады. Аграрлық мәселелердің ірі білімпазы Әлекең патша үкіметі ұсынған жер үлесі мөлшеріне мүлдем қарсы болатын. Ол қазақтың көшпелі өмір салты мен мал шаруашылығын сақтау жағында еді. Мұның терең себептері бар-тын. Көшпенділерді отырықшылыққа көшуге мәжбүр ету арқылы патшалық билік екінші жымысқы әрекетін – орыстандыру мен шоқындыру шараларын да жүзеге асырмақшы болған. Сол мақсатпен қазақтарды шіркеуі бар, басым көпшілігі орыстар тұратын елді мекендерге аралас қоныстандыру жайында нұсқау берген. Мұндай іс-әрекеттер қазақтың болашағы үшін аса қауіпті еді.

Қазақ ұлттық қозғалысының қос ірі серкесі көзқарастарындағы келіспеушілік осылай, халықты жер-суға орнықтырудан басталды да, ақыры, бірін бірі біржола мойындамауға әкеп тіреді. Соның салдарынан Қаратаев большевиктер партиясына кірді, Бөкейханов Алаш партиясын құруға кірісті.

Ал отырықшылыққа сол жылдары эволюциялық жолмен бейімделмеген қазақ тіршілігі большевиктік күрт бетбұрыс науқандарында қандай қайғылы күйге душар болғаны баршаға белгілі...



Сол шақтағы өркениет талабына сай дамып, азаттық идеяларын ту еткен Алаш қозғалысының қол жеткізген шыңы – 1917 жылғы желтоқсанда Орынборда қазақ мемлекеттігін жаңғыртуы еді. Алаш Ордасын Ә. Бөкейханов басқарды. Соның алдында Қоқанда оңтүстік қазақтарын қамтыған Түркістан автономиясы жария етілген. Оның үкіметін әуелі Мұхамеджан Тынышбаев, одан соң Мұстафа Шоқаев басқарды. Алайда бұл ұлттық автономиялардың ғұмыры қысқа болды. Олардың орнына 1918 және 1920 жылдары Түркістан мен Қазақ Кеңестік автономиялары өмірге келді. Енді Алаштың ұлттық мемлекеттілік құру идеясын қазақ коммунистері жүзеге асыруға кірісті.

Алашорданы тәрк еткен, бірақ Алаш идеяларын іштей қабыл алған қазақ коммунистерінің белсенді әрекеттері арқасында ХХ ғасырдың алғашқы ширегінің соңында Қазақстанның жер-суы мен халқының негізгі құрамы бір шаңырақ астына біріктірілді.

Үлкен Қазақстанның шаңырақ көтеруіне орай, Қазақтың Ұлттық Республикасы іс жүзінде енді құрылды деп жария етілді. Оны нығайту шаралары қарастырылды. Бұл үшін алдымен «бұрын қалай болды?», «қазіргі жағдай қандай?», «енді не істеу керек?» деген сауалдарға ұлттық мүдде тұрғысынан жауап іздестірілді. Осыған сәйкес қазақтың ұлттық мемлекетін құруды көздеген Алаш идеясы ауқымындағы тарихи іс-шаралар қолға алынды.

Автономияның іргесі кеңейтілгеннен кейін өткен Қазақстан Кеңестерінің 1925 жылғы сәуір съезінде Қазақ өлкесін отарлаудың қалай жүзеге асырылғаны талданды.

Әсіресе Ресейдің ішкі губернияларынан шаруаларды жаппай қоныс аударту жолымен отарлаудың қазақтарға өте ауыр тигені атап айтылды. Оларды үкімет үйреншікті ата қоныстарынан қуды, мал шаруашылығының қалыпты жағдайын зорлықпен өзгертті. Осы орыс көші мүддесі үшін қазақтан 1916 жылға дейін көлемі 40 млн 647765 десятина жер тартып алынған (1 десятина 1,09 гектарға тең). Бұл мөлшер барлық шұрайлы, өмір сүруге қолайлы жер-су аумағынан асып кетті.

Ал шұрайлы жер-су мөлшері күллі қазақ территориясының бестен біріне де жетпейтін. Жер комиссариатының 1925 жылғы мәліметі бойынша барлық жер аумағы 202 млн 962345 десятина, оның ішінде жарамды жер көлемі 38 млн 170000 десятина еді. Қазақ коммунистері өткізген 1925 жылғы құрылтайда: «Переселен толқынының қысымымен қазақ бұқарасы... шөбі жұтан, суы аз, құмдауыт жерлерге ығысуға мәжбүр болды. Осы апатты саясат Өлке экономикасын тез құлдыратты», – деп атап көрсетіліп, нақты цифрлар келтірілді. Егер XIX ғасырдың соңғы ширегінде бір қазақ шаруашылығына 59 бас малдан келсе, переселен қозғалысының артуымен, 1916 жылғы көтеріліс қарсаңында бұл цифр 25-26 басқа дейін төмендеген еді.

Большевиктік тұғырнаманы қабыл алған, тиісінше, тарих сахнасынан ығыстырылған Алашорданы сынайтын қазақ коммунистерінің бәрі бірдей оның идеяларын жат көрмейтін. Бұлар Кеңес өкіметінің жариялы ұрандарымен ұлттық мүддеге сай әрекет етуге тырысты. Мәселен, 1922 жылы Жетісуда жер-су реформасын жүргізу кезінде, Түркеспублика басшыларының бірі болған Сұлтанбек Қожановтың комиссиясы қазақтарға отарлаушылар тартып алған ата қоныстарын қайтарып беру арқылы тарихи әділеттіліктің салтанат құруын қамтамасыз етпек болды. Алайда комиссияға «ұлтшылдық» айдар тағылып, кері шақырып алынды. Большевиктердің ауылдарда таптық жікті айыра түсу, байлардың дүние-мүлкін тартып алып, кедейлерге үлестіріп беру жолымен ел экономикасын «жандандыруға» тырысқан катерлі бағытына 1923 жылы Қазақ облыстық 3-ші партконференцияда Смағұл Садуақасов сын айтты. Ол халықты жаңа сілкіністер емес, ғылым мен білімге сүйенген бейбіт еңбек құтқарады деген өжет пікір білдіріп, сонысы үшін саяси сенімсіздікке ұшырады.

Жер-суы мен халқы біріккен Үлкен Қазақстан Кеңестерінің 1925 жылғы тарихи құрылтайында жер-суды ұтымды игеру мәселесіне айрықша мән берілді. Съезде Қазатком төрағасы Сейтқали Меңдешев пен Жер халық комиссары

Әлиасқар Әлібековтың баяндамаларында атап өтілгендей, жерді қоғам мүлкіне айналдыру жөніндегі алғашқы советтік заң мен тұрғындарды жерге орналастыру жайындағы ереже «азамат соғысы, ашаршылық, ҚКСР-де ешқандай қаржының болмауы жағдайында болымсыз ғана нәтиже берді». Ал оның себептері ретінде: «1) қазақ жерін сырттан көшіп келгендердің отарлауы жалғасып жатқаны; 2) отаршылдық саясаттың қалдықтары әлі жойылмағаны; 3) ең жақсы жерлерді орталықтан қоныс аударған мұжықтардың басып алғаны, кең алқап казак-орыс тұрғындарының пайдалануында екендігі; 4) көбіне орталықтың жерді іс жүзінде пайдаланып отырғандарға бекітіп, ең тәуір жерлерді орталықтан көшіп келгендерге кесіп беру жағында» екендігі атап айтылды.

Қазақстанның дәстүрлі мал шаруашылығын қатал табиғатқа шыдас беріп, пайда түсіретіндей етіп дамыту үшін жер қатынастарын дұрыс реттеудің маңызы зор еді. Сол себепті съезде республиканың күллі аумағын жаратылысы мен экономикалық нышандарына қарай: «егіншілік-малшылық» және тек «малшылық», сондай-ақ тек «көшпенді малшылық» аудандарға бөлу тәртіптері баяндалды. Жермен қамтамасыз ету нормасы қалай жасалатыны түсіндірілді. Сосын: «...мал бағу және мал бағу-егін егу шаруашылықтарымен шұғылданатын қазіргі жұмыс істеп тұрған қожалықтарға өркендеуіне әрі экономикалық тұрғыда нығаюына қажет жағдайлар жасау» – халықты жерге орналастырудың негізгі міндеті болып табылады деп түйінделді.

Осы орайдағы орындалуы қажет шаралар ретінде съезд қарарымен: орталық губерниялардан қоныс аударған тұрғындарды өз учаскелерінің 1917 жылға дейін белгіленген шегінде, қосымша жер кесіп бермей орналастыру, сырттан көшіп келушілердің және республикадағы ішкі қоныс аударушылардың жақсы жерлерді басып алуына жол бермеу үшін – өз беттерінше қоныстануларын доғарту, 1922 жылғы 31 тамыздан кейін өз бетімен келгендерге жер қожалығын бермеу; республиканың барлық аудандарындағы қолда бар, сондай-ақ анықталған бос және артық жерлердің бәрін –

жерге орналастырудың 1924 жылғы 17 сәуір Ережесімен басқарылатын біртұтас жер қоры деп есептеу мәселелері заңдастырылды.

Алайда ұлттық идеяларға адал қазақ коммунистері тұжырымдаған Қазақстан Кеңестері съезінің қарарларын өмірге енгізуге Мәскеудегі орталық өкімет кедергі жасай берді. Соған орай, аталмыш құрылтайдан төрт айдай өткенде, 1925 жылғы 12 тамызда, БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті Бюросында жерге орналастыру мәселесі талқыланды. Екінші хатшы С. Қожанов «Жерге орналастыру туралы» арнайы баяндама жасап, Бүкілқазақ съезі қарарларының жерге орналастыру жұмыстарына қатысты бөлігі орындалмай жатқанына алаңдаушылық білдірді. Баяндама бойынша қабылданған қаулыда: «1) Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінде (ВЦИК-ге) ... 5-ші Күлліқазақтық Кеңестер съезі мен ҚазЦИК (ОАК) қабылдаған жер мәселесі бойынша шешімдерге ешқандай алып тастау, түзету және толықтырулар енгізілмесін; 2) ...өз бетінше көшіп келген қоныс аударушыларға байланысты 5-ші Күлліқазақтық Кеңестер съезі белгілеген мерзім – 1922 жылғы 31 тамыз сақталсын. 1922 жылғы 31 тамыздан кейін келген барлық өз беттерімен қоныс аударушылар ҚКСР-дің барша аумағында жерге орналастырылмайтын болсын; 3) ҚКСР-дегі жерге орналастырумен шұғылданатын мекемелердің бәрін бір органға – Қазақ жер халкоматының (Казнаркомзем) Жерге орналастыру басқармасына мейлінше шапшаң бағындыру туралы мәселені ВЦИК алдына үзілді-кесілді қою ҚазЦИК-ке тапсырылсын», – деп көрсетілді.

Жаңа тұрпатты отарлаушылықты қолға алған Орталық қазақ мүддесін көздейтін бұл шешімді де жақтырмады. Тиісінше, қаулы орындалған жоқ.

Ұлт коммунистерінің табандылығы нәтижесінде 1925 жылғы желтоқсанда Қазақ өлкелік 5-ші партконференция есеп берілген мерзімді «тарихқа қазақ жерін жинау кезеңі және қазақ мемлекеттігін ұйымдастыру саласындағы алғашқы қадамдар ретінде кіреді» деп атады. «Тұрғылықты халық, әсіресе отырықшылыққа ауыса бастаған көшпен-

ділер жерге бірінші кезекте орналастырылсын, сонымен бір мезгілде ұлттық азшылықтың отырықшы еңбекшіл шаруа тұрғындарының, әсіресе оның кедей және орташа бөлігінің тілектері назарда болсын» деген қаулы алды.

Алашорда ұстанымына сәйкес, яғни басқа халықтардың да мүддесін кемсітпейтін, жеткілікті дәрежеде әділ тұжырымдалған осы қаулы да орындаусыз қалды. Ал 1927 жылғы өлкелік 6-шы партконференцияда ол мүлдем теріс бағаланып, күші жойылды...

Баршамыз білетіндей, белгілі саяси қуғын-сүргін кезеңдерінде алаштықтар да, ұлт мүддесіне адал коммунистер де құрбандыққа шалынды.

Жазалау науқандарының кейін, сырт қарағанға, Алаш идеялары ұтылғандай көрінгені де шындық. Бірақ жасампаз мұрат өлген жоқ. Тоталитаризм бекем орныққан жылдары ол шығармашылық күштерге рух берді. Ал олар жасаған өнер туындылары тарихи ұлттық мүддені көксейтін отаншыл ұрпақты тәрбиеледі. Сол ұрпақ 1986 жылғы желтоқсанда қасаң кеңестік идеологияның тонын бұзып, бүгінгі мемлекеттік тәуелсіздікке жол ашты.

Бүгіндері ел бірлігін, жер тұтастығын, ұлт мүддесін көздейтін Алаш идеялары тәуелсіздігіміздің де тұғырын нығайта түсетін мызғымас күшке айналып отыр. Өйткені ол – бірлік идеясы. Қазақтың ұлттық мемлекетін құру, нығайту, болашағын баянды етуге атсалысу – елімізде қоян-қолтық өмір сүріп отырған барша ұлт өкілдерінің қасиетті борышы. Қазақ мемлекетін күшейту арқылы олардың қай-қайсысы да өз ұрпағының сенімді келешегін қамтамасыз етеді. Осыны сезіну халқымыздың бірлігін арттыра түсері хақ.

Сондықтан да біз Алаш туы тұңғыш көтерілген 1917 жылғы 12-ші, қазіргі күнтізбемен 25-ші желтоқсанды – бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің бастауы деп білеміз. Соған дейінгі және содан бергі кезеңдерде қазақ мүддесін қорғаған күрескерлердің бәрін тәуелсіз мемлекетіміздің ортақ мақтанышы деп сеніммен айта аламыз.

## «ЖЕЛТОҚСАН: БАРРИКАДАНЫҢ ЕКІ ЖАҒЫ

«Жас қазақ» газетінің конференциясы

*Биыл Желтоқсан оқиғасына 26 жыл толады. Аз уақыт емес. Десе де, оған қатысты тарихшылар арасындағы пікірлер әлі де қарама-қайшы. Бірі «оқиға» деп, бірі «көтеріліс» деп атайды. Қалай десек те, Желтоқсан – еліміз үшін қоғамдық мәні зор құбылыс, зор сілкініс. Сананың сілкінісі. Мұны ешкім жоққа шығармас. Желтоқсан оқиғасының куәгерлері әлі арамызда жүр. Қос тараптың өкілдері де ешқайда кеткен жоқ. Бәрі өз азаматтарымыз. Осы уақытқа дейін қалыптасқан «саяси ізеттілік» қағидасын бұзып, баррикаданың екі жағында болған азаматтарды бір үстелдің басына әкеп қосуды ұйғардық. Сондықтан да бұл жолы газетіміздің қонақтары жазушы, тарихшы Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ пен қарт коммунист Александр ЯКОВЛЕВ болды.*

**Жас қазақ:** Ең алдымен Желтоқсан оқиғасының куәгері әрі қатысушысы ретінде көзіңізбен көрген, бастарыңыздан өткен сәттерді айтып беріңіздерші...

*Бейбіт Қойшыбаев:* Мен ол кезде Жоғарғы Кеңестің аппаратында қызмет ететінмін. 17 желтоқсанда кешке жұмыстан кейін алаңға бардым. Жағдай тым ушығып тұр екен. Бұл сағат 7-лер шамасы еді. Алаңның әр бұрышында 4-5 машина өртеніп жатты. Жастардың екі тобын көрдім. Бірі «Колбин кетсін!» деп айқайлап жатса, екінші топ «Жаса, қазақ!» – деп ұрандатып жатты. Аударылған бір машинаның жанында тұрған өрімдей жас қыздан не болғанын сұрадым. Ол ызаланып, мұнда жастарды ұрып-соғып жатқанын. 70-80-дей адамды жедел жәрдем әкеткенін айтты. Бұл оқиға сағат 6 мен 7-нің арасында болған...

*Александр Яковлев:* Бір анекдот айтып берейін. Сақалды қария келіп: «Иә, мен азамат соғысына қатысқанмын. Ча-

паевты соңғы рет көрген адам да менмін», – дейді. Пионерлер мәз болып, егжей-тегжейін сұрай бастайды. «Қарасам, біздің жағалауға қарай Чапаев жүзіп келе жатыр екен. Пулеметті оған қарай кезеніп, та-та-та деп ата бастадым. Бір кезде Чапаев жоқ болып кетті», – деп жауап беріпті.

*Бейбіт Қойшыбаев:* Чапаевты атып өлтірген жаңағы адамның өзі болған ба, сонда?

*Александр Яковлев:* Иә, «Чапаевты соңғы рет көрген және азамат соғысына қатысқан» адам. Осы секілді мен де Желтоқсан оқиғасына «қатысқанмын». Бұл іске араластым. Бірақ қазір бұл оқиғаға мүлде басқа саяси баға беріліп жатыр. 15 желтоқсанда Қонаевтың орнынан түскенін, Колбиннің келе жатқанын білдік. Ертеңіне «Жастар бүлік шығарып жатыр, төбелес басталды», – деген ескертуге қарамастан, алаңға барып, бәрін өз көзімізбен көруді ұйғардық.

**Жас қазақ: Қызықтау үшін ғана бардыңыз ба?**

*Александр Яковлев:* Әрине, қызықтау үшін. Алаңға жақындағанымызда, мұрнымызға ащы күйіктің ісі келді. Дүңк-дүңк еткен соққының дыбысы жаңғырып естіледі. Ол кезде сіз алаңда болып па едіңіз?

*Бейбіт Қойшыбаев:* Мен алаңға 17-сі күні бардым.

*Александр Яковлев:* Бұл 16-нан 17-сіне қараған түн еді. Алаңның бір шетінде кілең қыздар, бір шетінде өңшең жігіттер тұрды. Мінбер қалқандармен қорғалыпты. Одан әрмен қарай милиция қызметкерлерінің қатарлары сирек. Әр жерде біреу. Сағат онға дейін бастығым екеуміз алаңда ары-бері жүріп, тамашаладық. Жиналғандардың көбі жастар. Арасында орыстар да жүр. Балалар да бар. Шапан жамылған қариялар да көрінеді. Қыздар ән салып жатыр.

**Жас қазақ: Ол кезде шеру бейбіт түрде өтіп жатқан ба еді?**

*Александр Яковлев:* Жоқ, бейбіт емес еді. Алаңның бір шетінде бір мәшине өртеніп жатты. Жанып жатқан ППМ еді. Шыршалар сынған, мұзда жәшіктер, тағы да басқа от жанып тұрды. Мінбер жанында бір генерал дауыс зорайтқыш арқылы: «Азаматтар, сіздер қоғамдық тәртіпті бұзып жатыр-

сыздар! Сіздерге қарсы шара қолданылады. Тарқаңыздар!» – деп бір сарынмен қайта-қайта айқайлап тұрды. «Қазір сіздермен Қалалық комитет комсомолының мүшесі сөйлеседі» – деп, оның аты-жөнін де атады. Мінберге шығып, аузын ашқаны сол еді, оған қарай жапырлап тас жауып кетті. Ол дереу көзден ғайып болды. Жарақат алған милиционерлерді бір-екі жедел жәрдемнің әкеткенін көрдім. Әскери мәшинеге қарай да тас жауып кетті...

Ертеңіне жұмысқа емес, ЦУМ жақтағы орталық кеңсеге келдік. Бәрімізге телефон шалып, сонда шақырды. Жиында парторг сөз алып: «Студенттер бүлік шығарды. Бұл – ұлт-шылдық! Қазірдің өзінде 29 адам өлді. Қазір олар бүкіл мекемелерді тас-талқан етуге бел буып отыр. Ұйымдасып, өз мекемелерімізді қорғауға тиіспіз», – деді.

**Жас қазақ: Мұнысы, 29 адам өлді дегені өтірік болып шықты емес пе?**

*Александр Яковлев:* Әрине, өтірік болып шықты. Кейін екі адамның ғана қаза болғаны ресми түрде жарияланды.

Содан екі-үш топ құрылды. Мен төрт сағат кезекшілік атқардым. Үш жүздей адам болдық. Бір кезде бәріміздің қолымызға таяқ ұстатты. Жас күнімде бокспен шұғылданғанмын. «Жұдырығым да жетеді» – деп, таяғымды тастай салдым.

**Жас қазақ: Сіздерге таяқ әкеп берген кімдер еді?**

*Александр Яковлев:* Мәшиинемен әкелді. Бәріне таратты. Таяқ әкелгендердің арасында аудандық комитеттегілер болды.

*Бейбіт Қойшыбаев:* Рас, қаруландырған аудандық комитеттер еді.

**Жас қазақ: Ол кезде сіздің жасыңыз қаншада еді?**

*Александр Яковлев:* 51-де едім. Қазір 75-ке келдім. Бір кезде нөпір адамның қарасы көрінді. Өте көп. Екі шетінде қолдарында таяқтары бар жігіттер жүр. Ортасында қыз-қырқын. Бәрі кілең өрімдей жас жеткіншектер. Балалар дерсің. Қолдарында – плакат. Онда бір әйелді босатуды талап етілген жазу бар. «Қазақтарды – Орталық Комитетке!» – деген



ұранды қайта естідім. «Орталық Комитетте кімнің отыратынында сендердің шаруаларың қанша?» – деп күлдім. Олардың жүріп бара жатқан бағытын автобустармен бекітіп тастады. Бірнеше автобустың терезесі шағылды. Сосын олар бізге қарай бұрылды. Бір тас менің қолыма келіп тиді. Біз де қарап қалмадық, тұра ұмтылдық. Қатарымызда кілең алып денелі мұжықтар...

Институт қызметкерлерінің үштен бірі қазақтар еді. Бізді жинап алған кезде: «Қазақтар жұмыста қалсын немесе үйлеріне қайтсын. Бұл – олардың шаруасы емес!» – деп бірден айтты... Осылайша, орыс тілділерді орға жықты.

*Бейбіт Қойшыбаев:* Қазақтарды қайтарып жіберіп, сіздердің қолдарыңызға таяқ беріп, қаланы «қорғауға» шығарды ма, сонда?

*Александр Яковлев:* Иә, сөйтті. Бірақ арамызда екі казак болды. Сонымен, еңгезердей мұжықтар қолындағы таяқтарымен жасөспірімдерге дүрсе қойып тап берді. Аудандық комитет өкілдері: «Қойыңдар, төбелесті доғарыңдар! Үрмаңдар!» – деп араша түсті. Онысын тындаған ешкім жоқ. Қолдарындағы таяқтарымен студенттерді соққыға жығып жатты.

Мен біреуін ұстап алдым. Ол кезде салмағым 80 келіден асатын. Әлгі бала салмағы жоқ, жеп-жеңіл екен. Өріде тұрған автобустарға қарай сүйрей жөнелдім. «Бізге ұстап алып, автобусқа кіргізіндер», – деп бұйрық берілген еді. Оны автобусқа кіргізіп, қайта келгенімде ешкім қалмапты.

Бір кезде бізге милиция қызметкерлері келді. Полковник пе, майор ма, ол жағы есімде жоқ, әйтеуір шендісі: «Ана жақта бір топ жастар жүр. Өткен-кеткенге тиісіп жатыр. Барып, сазайын беріндер!» – деп бұйырды. Сонда мен: «Біздің төбелесуіміз керек екен, ал сендер не бітіріп жүрсіндер, сонда?» – деп реніш білдірдім. Сол кезде әлгі шенді милиционер: «Бізге тимеңдер деді. Сендер кірісіңдер!» – деп жауап берді.

**Жас қазақ: Сіздерді орға жықты деп ойламайсыз ба?**

*Александр Яковлев:* Бұл – сараптау. Ол басқа нәрсе. Саяси сараптамамды соңында айта жатайын. Жолда кір жуғыш мә-

шине жасайтын зауыттың қасынан өтіп бара жатқанымызда, оның жұмысшылары: «Мынаны алыңдар!», – деп шақырды. Арматураны келтек-келтек етіп кесіп дайындап қойған екен. Мен біреуін алып, қолымды былғамас үшін газетке орап алдым.

Сосын біз он шақты адам болып сол жаққа қарай жүрдік. Алдымыздан бізден екі есе көп нөпір көрінді. Олар бізге қарай жүгірді. Сасып қалдық. Дәл осы кезде қасымызға бір автобус келіп тоқтай қалды. Ішінен бронды жейде киген бір топ түсті. Олар Киров зауытынан екен. Ол – әскери зауыт. Жұмысшылар ма, зауыт күзеті ме, ол жағын білмеймін. Құрыш жейдесі, темір дулыға киген, қолдарында жоғары қысымды шланга. Өздері көп емес. Біз солардың артынан жүгірдік. Олар ешкімді аяған жоқ. Қолына түскендерін аямай ұрды. Бір студентті арыққа жығып алып, сокқанда, айнала түгелдей қанға боялды.

Бұл оқиға Мир (қазіргі Желтоқсан көшесі – *ред.*) және Горький (қазіргі Жібек жолы – *ред.*) көшелерінің қиылысында болған еді...

Менің қазақ достарым көп. Бірі – академик. Бірі – институт директоры. Желтоқсан оқиғасында бізді арсыздықпен орға итермелепті. Оны біз кейін түсіндік.

**Жас қазақ: Бұл оқиғаға сол кезде қандай баға бердіңіз? Қазір қандай баға бересіз?**

*Александр Яковлев:* Мен бұған өзімнің саяси бағамды берейін. Қазір Желтоқсанда кеңес өкіметіне қарсы шықты деп жүр. Мүлде олай емес. Кеңес өкіметіне ешкім қарсы шыққан жоқ. Мұның бәрі Горбачевтан басталды. Ол – АҚШ-тың Орталық барлау басқармасының немесе ағылшын барлау қызметінің агенті. Билікке келгенде елді ыдырату мақсатын көздеді. Ескі кадрларды ығыстыра бастады. Соның бірі – біздің Қонаев. Ол тек Қонаевты емес, әр жердегі Орталық комитетте отырған коммунистердің бәрін қуып, ойындағысын іске асыру үшін өз адамдарын қоймақ болды. Қонаевты Мәскеуде емес, осы жердегі Орталық Комитет жұмыстан шығарды. Бір ғана қарсы дауыс берілді. Ең күлкілісі, мұндағы комитет-

те отырғандардың басым көпшілігі қазақтар еді. Колбинді мұнда уақытша қойған еді.

Қазақстандағы қазақтардың өз ішінде жүзге, руға бөлінетіні бар емес пе? Жоғарыдағы мәселе көтерілгенде ұлттық, тіпті рушылдық сипат алып кетті. Сөз сөйлегендердің дені – оңтүстік тұрғындары еді. Орталық комитеттегілер білмегендей сынай танытып, бармаған. Ал 16-нан 17-не қараған түні сағат 2-де шекарашыларды, курсанттарды жұмылдырып, су шашатын шлангпен бәрін қуыпты. Тек 18 желтоқсан күні ғана көрші Өзбекстаннан әскерді, басқа өңірлерден омондарды, патрульдерді алдырып, кезекшілікке қойды. Оған дейінгі оқиғалардың қасында болғандар – аудандық комитеттегілер, қалалық мекемеде қызмет ететіндер еді. Ол кезде Алматыда қазақтар аз болатын. 1968 жылы мұндағы қазақтардың саны 16 % -ды ғана құрайтын. Оның көбі студенттер еді. Бұл жердегі басты қателік – үгіт-насихат жүргізу арқылы наразыларды басу керек еді. Екіншісі, орыс тілді халықты қазақтарға қарсы қойды. Ең сорақысы да – осы. Оқиға студенттерді қудалаумен, институт мұғалімдерін, ректорларын жұмыстан шығарумен аяқталды. Кейін мұндай жағдайлар көрші мемлекеттерде де жалғаса бастады. Мұның бәрін Горбачев қасқана ұйымдастырған еді. Жағдайды ушықтырып, халықты жаңсақ әрекетке итермеледі. Бұл – менің осы оқиғаға қатысты берген саяси бағам. Өткенге салауат.

*Бейбіт Қойшыбаев:* Менің білгім келіп отырғаны, сіздер өздеріңізге қарсы еш әрекетке бармаған адамдарды да ұрып-соға бердіңіздер ме?

*Александр Яковлев:* Жоқ, олай емес. Басында ешқандай әрекет жасамадық. Олар әуелде тыңдамай, бөгеттен өтіп кетпек болды. Бізді таспен, әйнек сынықтарымен ұра бастағанда ғана тап бердік.

*Бейбіт Қойшыбаев:* Сол кезде қандай сезімде болдыңыз?

*Александр Яковлев:* Қайдағы сезім? Ұру керек пе, ұрдық. Біреудің басынан, біреудің арқасынан. Қашып үлгергені үлгерді, қолға түскені автобуска тоғытылды, таяқ жеді.

*Бейбіт Қойшыбаев:* Соның бәрі не үшін керек еді?

*Александр Яковлев:* Бізге солай тапсырма берілді.

*Бейбіт Қойшыбаев:* Бұл ЦУМ-ның жанында болып па еді? Олардың мақсаты алаңға өту ме еді?

*Александр Яковлев:* Жоқ, бұл оқиға Мир (Желтоқсан – ред.) және Дзержинский (Наурызбай батыр – ред.) көшелерінің қиылысында болды.

*Бейбіт Қойшыбаев:* Қонаевқа қағысты айтатын болсам, ол жастарға басу айтқысы келген. Бірақ оған рұқсат етпеді. Қонаев Колбиннің кабинетінде отырды.

*Александр Яковлев:* Мен оны білмеген екенмін.

*Бейбіт Қойшыбаев:* Жарайды, оның енді маңызы жоқ. Айтыңызшы, Алматыда бұрыннан тұрасыз ба?

*Александр Яковлев:* 1949 жылдан бері.

*Бейбіт Қойшыбаев:* Сіз «ол кезде Алматыда қазақтар аз еді» деп дұрыс айттыңыз. Бірақ қазақтарды Алматыға кіргізбегені туралы да білетін боларсыз. Соломенцев Алматыға келгенде былай деп ұрысқан болатын: «Мен мұнда жұмыс істегенде, қазақтар, 17 % ғана болатын, қазір неге 25%-ға дейін артып кеткен. Оларды неге кіргіздіңдер?» Наразылар мұнда әрең табан тірегендер еді. Ол кезде қазақтарға үй де, жұмыс та бермейтін. Тұрғылықты тұру жөнінде құжат та ала алмайтын. Ал орыстар Алматыда түгел бір тұрғын үйді де оңай иемдене алатын.

*Александр Яковлев:* Мұнда орыс тілділерді қызмет бабымен шақырды.

*Бейбіт Қойшыбаев:* Біз әлі де Алматыда қазақ жастары неліктен мұндай әрекетке барды дегенге жауап берген жоқпыз. Сіз жастардың әрекетін бассыздық деп санайсыз ба? Олар жайдан-жай мұндай қадамға барған жоқ.

*Александр Яковлев:* Бассыздық емес, әрине. Мұның бәрі жоғарыдағылардың ұйымдастыруымен болды. Әрине, студенттердің бұл жағдайға көңілі толған жоқ. Осы көңіл толмаушылық жастарды осындай әрекетке итермеледі деп ойлаймын.

*Бейбіт Қойшыбаев:* Желтоқсанның 25-і күні осы оқиғаға қатысты жиналыс болды. Мен сол кезде «Бұл тек Горбачев-

тың кінәсі емес, бұл ұлттық ерекшелікті ескермеген партиялық бюрократияның да әсерінен болып отыр» деп өз ойымды білдірдім. Қазір де солай ойлаймын. Ал партия коммунистерге «ұлттар жақындасып келеді, соған байланысты жұмыстар жасалып, дайындалып жатыр» деп оқытты. Ал нәтижесінде не болды? Алматыда тек студенттер емес, қазақ жұмысшылар да көп болды. Олардың жатақханадан басқа ешнәрсеге қол жеткізуге мүмкіндіктері болмады. Қазақтардың өз тілін еркін қолданатын жері де жоқ болатын. Орысша білмесе, нан да сұрай алмайтын. Сол үшін бәрі орыс тілін жаппай меңгеруге мүдделі болды.

*Александр Яковлев:* Меніңше, мұнда 100 пайыз орысша сөйлейтін.

*Бейбіт Қойшыбаев:* Әрине, сөйледі. Олар соған мәжбүр болды емес пе? Орыс тілінсіз еш жерге жұмысқа да орналаса алмас еді. Сондықтан үйренді.

*Александр Яковлев:* Қазір де солай.

*Бейбіт Қойшыбаев:* Әрине, дұрыс айтасыз. Бұл – Мәскеу ұйымдастырған орыстандыру саясатының салдары. Сол әлі күнге дейін бізде қалып қойды. «Барлық істер орыс тілінде жүргізілетіндіктен, қазақ тілінің не қажеті бар?» – деп есептейді. Қазақ жастарын ашындырған мәселенің бірі осы еді.

*Александр Яковлев:* Әркім қалаған тілінде сөйлеуге құқығы бар. Мәселен, Қазақстанда жүзден аса ұлт бар. Мен солардың барлығының да тілін білуім керек пе? Ол тілдерді білмесем, ол ұлт өкілдерін сыйламаған болып саналамын ба, сонда? Осы жерде екі чукча ұшырасып қалса, олардың өз тілінде сөйлеуге құқы бар. Ал біздің мемлекет халқының жартысынан көбі орыс тілділер. Басқаша болса, олар жұмыссыз қалады.

*Бейбіт Қойшыбаев:* Неге жұмыссыз қалады?

*Александр Яковлев:* Себебі тіл білмейді.

*Бейбіт Қойшыбаев:* Неге үйренбейді, онда?

*Александр Яковлев:* Оның не қажеті бар?

*Бейбіт Қойшыбаев:* Міне, көрдіңіз бе, Қазақ тіліне, қазақтарға деген осындай көзқарас жастардың сол толқуына апарып соқтырды.

*Александр Яковлев:* Расында да, маған тілді меңгерудің еш қажеттілігі болған жоқ. Оны қай жерде қолданар едім?

*Бейбіт Қойшыбаев:* Әрине, қолданатын орын болған жоқ. Өйткені барлығы орыс тілінде еді.

*Александр Яковлев:* Қазақ тілінде оқу орындары болды.

*Бейбіт Қойшыбаев:* Қазақ бөлімдері ғана. Ал оны тәмамдаған студенттер орысша білмесе, бәрібір жұмысқа тұра алмайтын.

*Александр Яковлев:* Себебі, әдеби, ауызекі сөйлеу болмаса, кәсіби тұрғыдан қазақ тілі дамымаған тіл болып саналады.

*Бейбіт Қойшыбаев:* Дамымаған? Сіз неге бұлай дейсіз? Сіз қазақ тілін білмейсіз де. Бұлай деуіңізге не себеп? Мәселен, түрік тілін алыңыз. Оның қазақ тілінен артықшылығы бар деп ойлайсыз ба? Мүлде олай емес. Себебі ол қолданыста көп пайдаланылады. Ал қазақ тілінің қолдану аясы тар. Мұның бәрі дұрыс жүргізілмеген саясаттың нәтижесі. Сіздер әлі де Қазақстанды мойындамайсыздар. Оны Кенес одағының бөлігі көріп, Ресейде отырғандай әсердесіздер. Өздеріңізді Ресейдің мұндағы «бесінші колоннасындай» сезінесіздер. Және негізгі ұлттың ешқандай өзіндік ерекшелігін, болмысын қабылдағыларыңыз келмейді.

*Александр Яковлев:* Одан басқа бір-бірімізбен сөйлесетін тіл жоқ.

*Бейбіт Қойшыбаев:* Міне, көрдіңіз бе, бізді жеткілікті түрде орыстандырып тастаған. Осы дұрыс па? Тарихи ақиқат тұрғысынан, бұл – барып тұрған әділетсіздік.

*Александр Яковлев:* Мұның бәрін құртып кеткен Горбачев емес пе? Ол ұлттық саясатты ыдырату үшін пайдаланды.

*Бейбіт Қойшыбаев:* «Пайдаланған» жоқ, білместіктен жасады.

*Александр Яковлев:* Мүлде олай емес. Ол Орталық барлау басқармасының (АҚШ-тың – *ред.*) агенті.

*Бейбіт Қойшыбаев:* Жоқ, ол өзінің ұлтынан басқаны көргісі келмеді. Сіздерді мұндағы «бесінші колонна» ретінде пайдаланды. Сондықтан да Желтоқсан оқиғасында тек қана сіздер қазақ жастарының шашынан сүйреп, ұрып-соқты-

ңыздар. Ал қазіргі таңда, жүргізіліп жатқан интеграция мәселесін алып қарайық. Кедендік одағы туралы «бұл – Кеңес Одағының басқаша құрылып, қайта қалыптасқан түрі» деп есептейтіндер бар. Бұл пікірін белгілі орыс тілді саяси тұлғалар жасырмай ашық айтып та жүр. Ал біз одақ құруға қарсы емеспіз, егер унитарлы емес, нағыз ұлттар одағы құрылса. Мәселенің бәрі қазақты, оның тілі мен ділін құрметтемеуде болып тұр. Егер «ертеңнен бастап бәрі қазақ тілінде сөйлейді, сол тілде жұмыс жасайды» десе, сіз бүгін-ақ менгеруге тырысасыз.

*Александр Яковлев:* Мен бұл жерден кетіп қалар едім. Онсыз да елден қаншама адамдар кетті.

*Бейбіт Қойшыбаев:* Иә, не кетер едіңіз, не тіл үйренер едіңіз. Тәуелсіздік алған жиырма жылда сіз қазақша екі сөз үйрендіңіз бе? Білмейсіз. Себебі қажеті жоқ.

*Александр Яковлев:* Біраз сөз білемін.

*Бейбіт Қойшыбаев:* Оны қолданбайсыз да... Расында да, сол кезде орыстар мен қазақтарды бір-біріне айдап салды.

*Александр Яковлев:* Орыстарды емес, орыс тілділерді. Олардың ішінде түрлі ұлттар да болды.

*Бейбіт Қойшыбаев:* Иә, солай деуге де болады. Бірақ бұл мүлде теріс әрекет еді. Осы әрекет өз наразылықтарын білдірген жастарды шамдандырып, ашық түрде қарсылық білдіруге дейін барғызды. Олар түсіндіру жұмыстарын жүргізбеді.

*Александр Яковлев:* Мәселенің бәрі жастарды еркіне жіберіп, қалағанын жасауға мүмкіндік бере салғаннан болып отыр. Олар мұны әдейі ұйымдастырды десек те, болады.

*Бейбіт Қойшыбаев:* Ол кезде алаңға арақты да әдейілеп әкеліпті. Өзі онсыз да ызалы топқа мұндай ішімдік әкелу кімнің ойына келеді? Әрине, бұл да қолдан ұйымдастырылған.

**Жүргізген Шадияр ӨСТЕМІРҰЛЫ.**

*14 желтоқсан 2012 ж.*

## ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ ТУРАСЫНДА

Интеллигенцияның қоғамымызда ерекше орын алатыны анық. Оған жұрт айрықша үміт арта қарайды. Оның жастар тәрбиесінде де зор рөл атқаратыны белгілі. Ал жас буын – еліміздің келешегі, ендеше, интеллигенцияның өскелең ұрпаққа қандай тәлім-тәрбие беріп, үлгі көрсетіп жүргеніне бейтарап қарамау ләзім.

Дәлірек айтқанда, осы бір интеллигенция деп аталатын қауымды айқынырақ тануға тырысқан дұрыс. Табиғатына көз жүгіртіп, интеллигенция дегеніміз қандай топ, интеллигент деп кімді айтамыз, ол қандай болу керек деген сауалдарға жауап іздеп байқау абзал.

Жалпы, бүгінгі интеллигенттің сыр-сипаты қандай, яки қандай болуға тиіс?

### 1.

Осы орайдағы әңгімемізді тарихқа қысқаша шолу жасай отырып тарқатайық.

Қызметтің интеллектуалдық түрімен кәсіби түрде шұғылданатындар ежелгі замандарда да болған. Ертеде олардың қатарын мұғалімдер, дәрігерлер, өнерпаздар және тағы сол сияқты ой еңбегі адамдары құрады.

Жаңа заман дәуірінде ғылым, әдебиет, өнер салаларының ерекше дамуы, тиісінше ой еңбегімен айналысатын адамдар санының күрт өсуі нәтижесінде, интеллигенция ірі әлеуметтік топқа айналды. Сол уақыттан бастап олардың әлеуметтік-мәдени қауымы пайда болды. Ғылым, білім, өнер, құқық салаларында еңбек ететін осынау қауым өкілдері мәдени құндылықтарды жаңғыртты, өсірді әрі дамытты, сөйтіп оқу-ағартуға, прогреске септесті.



Біздің еліміз ұзақ жылдар құрамында болған Ресей империясында да осындай үдеріс жүрді. Мұнда интеллигенция сөзі ХІХ ғасырдан қолданыла бастаған. Дальдің әйгілі сөздігінде оған «тұрғындардың парасатты, ақыл-ойы дамыған бөлігі» деген анықтама берілген екен. Сол шақта Петр Боборыкин деген жазушы бұл сөздің неміс мәдениетінде қоғамның интеллектуалдық қызметпен шұғылданатын өкілдерінен тұратын қабатын белгілеуге қолданылғанын, ал орыс тіршілігінде оған жаңа және ерекше мән берілетінін айтыпты. Ол интеллигенцияны «ой еңбегімен шұғылданатын қызметкерлер» деп емес, «биік ой және этикалық мәдениеттің» адамдары деп тұжырымдаған. Түсіндіруінше, интеллигенция – әртүрлі саяси қозғалыстарға жататын, бірақ рухани-имандық негізі ортақ, алуандаған кәсіби топтарға кіретін кісілер.

Интеллигенцияның негізінен «ой еңбегімен шұғылданушы» ретінде белгіленген өлшемі ХХ ғасырда қатты өзгеріске ұшырады.

Дұрысында, оның орнына басқа анықтама келді. Ресей интеллигентінің басты белгісі ретінде азаматтық жауапкершілік, қоғамдық ар-ождан, иеленушілік, айналадағы құбылыстарға ахлақи қатыстылықты сезіну қасиеттері атала бастады. Сөйтіп, өз отанының тағдырына алаңдаушылық, әлеуметтік тұрғыда сын айтушылық, ұлттық дамуға келергі келтіретіндермен күресуге ұмтылушылық, кемсітілгендер мен қорланғандар үшін адамгершілік уайымға беріле алушылық ресейлік интеллигентке тән қадір-қасиеттерге айналды.

ХХ ғасырдың алғашқы онжылдығының екінші жартысында «Орыс қоғамдық ойының тарихы» кітабы және «Вехи» («Кезеңдер») деген атпен бір топ философтың орыс интеллигенциясы туралы жазған мақалалар жинағы шықты. Солардан кейін жаңа анықтама пайда болды. Соған сәйкес, білімділер ішіндегі патша үкіметіне сыншыл көзқарастағылар, «мешеу» билікті сынға алғандар ғана интеллигенцияға

бірінші кезекте жатқызылды. Олардың бүйрегі либералдық және социалистік идеяларға бұрылып тұрды.

Қоғамның әлеуметтік құрылымындағы интеллигенцияның орны революцияға дейінгі пікірталастарда айрықша талқыға түсті. Бұл мәселеге біреулер таптан тыс көзқараспен келіп, интеллигенция ешқандай да әлеуметтік топқа жатпайды, ол – қоғамның элитасы, сондықтан таптық мүдделерден жоғары тұрады, өйткені жалпыадамзаттық мұраттарды көксейді деп санады. Екіншілері оны таптық көзқарас ауқымында қарастырды. Мұндайлардың бірқатары «интеллигенция әлеуметтік топ емес, бірақ оған әр тап өкілдері кіреді» десті. Келесі біреулері оны белгілі бір тапқа – буржуазия табының немесе пролетариат табының бір бөлігіне жатқызды. Енді бір көзқарас бойынша, интеллигенция ерекше тап ретінде бөлек қарастырылды.

Революцияның алғашқы жылдарында большевиктер көсемі Лениннің интеллигенцияға: «...өздерін ұлттың миымыз деп ойлайтын капитал итаршылары», – деген анықтама беріп, «...іс жүзінде бұлар ми емес, нәжіс», – деп (Максим Горькийге жазған хатында) бағалағаны баршаға мәлім.

## 2.

Аталған кезеңдерде қазақтың орыс оқу-білімімен тағаланған, орыс интеллигенциясының ықпалын сезінген жаңа сипатты зиялы қауымы пайда болып, қалыптаса бастады. Ұлттық тәрбиені шығыс білімімен ұштастырған интеллигенция да едәуір еді, бірақ империяның оқу жүйесінде тәрбиеленгендер орыс революциялық қозғалысына бұлардан гөрі тақаулау тұрды. Солар ұлттық қозғалысты өрістетіп, монархия құлағаннан кейінгі тұңғыш автономиялық өкімет органы болып табылатын Алаш-Орданы тарих сахнасына әкелді.

Ұлт қайраткерлері автономия үкіметін Петроградтағы большевиктер төңкерісі «әкеле жатқан анархияға» қарсы тұру мақсатымен, Орынборда құрғаны белгілі. Бірақ «анархияға» төтеп бере алмады – большевизм бұрынғы империя-

ның барлық түкпірінде жеңіске жетті, сонда Алаш қайраткерлері совет өкіметін мойындап, өзіндік «сменовеховство» ағымын – бағдар ауыстырушылықты бастан кешкен болатын. Революция тұсындағы қазақтың ескі интеллигенциясы ел болашағына осылай, кеңес платформасында қызмет етуге ұйғарған еді.

Алайда Қазақстанды басқаруға 1925 жылы жіберілген орталық эмиссары алашордашылар деп аталатын ескі интеллигенцияны оқу-ағарту, мәдениет салаларынан аластау бағытын ұстанды. Бұрынғы оқығандарға тек шаруашылық салаларында ғана еңбек етуге кеңшілік етті. Ұзамай одан да куды. Және ұлттық бағыттағы ұлт коммунистерін қоса қудалады.

Ақыры, большевизмнің толықтай жеңуімен, халықтың үш дүркін соққан ашаршылықтан жаппай қырылуымен аяқталған солақай реформалардан кейін, жаңа тұрпаттағы кеңестік интеллигенция қалыптаса бастады.

Советтік дәуірде социалистік құрылысқа белсене қатысатын жаңа интеллигенция қалыптасты деп есептелетінін бәріміз білеміз. Оған коммунистік партия мен жұмысшы табы басшылық жасады делінеді. Бұған ешкім күмән келтірген емес. Қала интеллигенциясы, ауыл интеллигенциясы деген ұғымдар орнықты. Стандартқа құрылған заман орын алды. Сол тоталитарлық дәуір анықтама бойынша, интеллигенция дегеніміз – кәсіби түрде ой, көбіне күрделі ақыл-ой еңбегімен, шығармашылықпен және мәдениетті таратумен шұғылданатын адамдардың қоғамдық тобы.

Шындап келгенде, бүгін де осы анықтамадан көп ұзай қойған жоқпыз. Интеллигенция дегеніміздің «ойлайтын, түсінетін, ақыл-есті» деген мағына беретін латын сөзінен шыққанына қанағаттанатындар әлі де баршылық. Солардың ішіндегі өзіне өзі сенімді зиялылар қауымдастығы бастықтардың бірінің: «Біз саясатпен айналыспаймыз, біз әдебиет жасаймыз» деп мәлімдегені бір кездері жұртшылықты аң-таң қалдырғаны бар. Өкініштісі, қоғамдық өмірде осын-

дай көзқарастағылар көп кездесетіндіктен, баспасөзде: «Біз-де зиялылар қауымы бар ма?» және «Зиялы қауым ба, әлде зиянды қауым ба?» деген сауалдар елеулі түрде әлсін-әлсін көтеріліп қалып жүр.

### 3.

Осы орайда біз әуелі интеллигенцияның қазіргі заманғы анықтамасын түзуге тырысып көрейік.

Тәуелсіздікпен бірге рухани ортамызға интеллигенцияның зиялылар деген қазақы балама атауы және сол қазақы атауға арнайы тоқталып, сындарлы анықтама берген Мұстафа Шоқай да оралғаны мәлім. Ол 1931 жылы «Жас Түркістан» журналы бетінде «Ұлттық зиялы деп кімдерді айтамыз?» – деген сұрақ қойған еді. Сосын бұл сұрауға дұрыс жауап қайырудың оңай еместігін ескерткен. Өйткені, Мұстафаның ойынша, «оқыған, тәрбие көрген адамның бәрін зиялы» деп, оларды «ұлт зиялысы қатарына қоса беруге» болмайтын.

Ойшыл күрескер: «...ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады», – деп түсіндірді. Зиялылардың міндетін ұлы да қасиетті, сол себепті өте ауыр деп білді. Себебі интеллигенцияға «жері, суы, қазынасы, тілі мен діні бар» халықты «ұлт деңгейіне көтеру» сынды ұлы тарихи міндеттің маңызды бір бөлігі жүктелген. Сондықтан ол бұқараны тұтастырып, адамдардың санасын біртұтас саяси, әлеуметтік, ұлттық санаға жеткізу жолында еңбек етуге тиіс. – Мұстафа осылай пайымдаған. Мойындайық, бұл сөздер біздің бүгінгі тәуелсіздікке қол жеткізген заманымызда да өзекті естіледі.

Ол өз дәуіріндегі ұлттық интеллигенцияның кей топтарының қасіретті тағдырына алаңдаушылық білдірді. Қайтіп дейсіздер ғой? Назар аударыңыздар: Мұстафа орыс (батыс) мектептерінде тәрбиеленген «зиялыларымыздың аянышты жері – рухани жақтан өз халқына өгей болып қалуы» деп көрсеткен болатын. Мұндай зиялылардың халыққа пәлендей

бір рухани тәрбие беріп жарытпайтынын және халықтың да олардан пәлендей бір ұлттық тәрбие алып жарымайтынын төтесінен айтқан. Бұл да қазіргі даму сатымызда өзектілігін жоғалтпаған жәйт. Тіпті, өзектілігі арта түскен мәселе деуге болады. Бізге ұлтымыздың біртұтастығына қол жеткізу керек. Бұл үшін қазіргі орыс тілді деп аталатындар неше жерден білімді болғанымен, өздерінің ұзақ жылдарғы орыстандыру саясатының құрбаны екендіктерін мойындап, шынайы қазақ мүддесіне қызмет етуге бейілдіктерін көрсетулері жөн. Қиын мәселе, бірақ елімізде нағыз интеллигенция қалыптасар болса, шешілуі әбден ықтимал мәселе.

Эмиграциядағы Мұстафа Шоқай кеңес өкіметі түркі жұрттарына жаңаша қиянат жасап жатқан кезеңнің өзінде ұлттық зиялылар қатарының өсу үстінде екенін атап айтты. Бұл үдеріс үш ортада жүріп жатыр деді. Сондағы атап айтқан бірінші ортасы – туған ел. Бірақ атамекендегі болашақ ел иесіне айналуға тиіс «жас күштер ұлттық бағыттың бастауында бола алмай», «ұлттық тәрбиеге қас жау болып табылатын «таптық тәрбиемен» қоректенуде» деп қынжылды. Әйтсе де, солардың көпшілігінің ұлттық рухы шығыс рухында тәрбие көрген көне зиялыларымызбен тоғысып жатыр деп тәубә етті. Екінші орта – Түркия. «Батыс білімін» «шығыс рухымен» ұштастыру үстіндегі Түркия тәжірибесі біз үшін аса құнды деді. Түркия ұлттық күштерінің қуаты – түріктің европалық тәрбие алған зиялылары мен шығыс зерделі зиялылары қосылып, түркі менталитетін сәтімен үйлестіре алғанында, сол себепті Түркияда дайындалып жатқан зиялыларымыздан көп нәрсе күтуге хақылымыз деп түйді. Үшінші орта ретінде Германияны атады. Онда оқып жатқан жастар да ұлттық рухын кеміткен емес, ұлттық мұратқа апарар жолды адаспай тауып, сол рухты халқымыздың игілігіне жарату жолдарын үйренуде деп көрсетті.

Осы үш ортада білім алып жүрген біздің жастарымыздың бәрі де «ұлттық зиялы» санатына әбден лайық деп, алыс шетелдегі Мұстафа Шоқай ерекше серпілген болатын. «Ей,

менің намысты жерлестерім, сендерге өмір бойы қызмет етуден басқа біздің ешқандай да бір ойымыз жоқ екенін білгейсіздер!» – деген сөздермен жүрекжарды сырын ашқан. Сөйтіп, қандай да бір қиындықтарды, «чекистердің қилы қаруларын» елеместен, «ұлттық рухты өшіріп алмай, жас ұрпақтарымызды сол рухта тәрбиелей білгін, ей, менің қаһарман отандастарым!» – деп жар салған еді.

Мұстафа Шоқай ұлт зиялысы хақындағы осынау анықтамасы мен аманатын тұжырымдағалы бері 82 жыл болды. Ойлап қарасақ, арада кемі үш ұрпақ ауысатын жеті мүшелдей уақыт өтіпті. Соған қарамастан әлі күнгі ескірмегені анық. Бірақ, әрине, зиялылық белгілерін қазіргі заманымызға, мемлекеттік тәуелсіздігімізге орай нақтылап алу жөн.

#### 4.

Иә, біз бүгінде тәуелсіз елміз. Тиісінше, интеллигенциямыз Кеңес Одағы кезіндегі шарттылықтардан азат, еркін дамуға қол жеткізген. Еліміздің экономикасының, мәдениетінің, әлеуметтік және қоғамдық-саяси тыныс-тіршілігінің өсіп-өркендеуі осы азат интеллигенцияның, егемен мемлекет зиялыларының көз алдында және солардың көбінің белсене атсалысуымен өтіп жатыр.

Алайда, несіне жасырамыз, қазіргі таңдағы даму беле-сімізде бастан кешіп отырған жәйттердің бірқатарының жұртшылық көңілінен шықпай жүргені рас.

Жұртшылық зиялыларды ел мен билік арасындағы дәнекер, ел намысын жыртушы, халық мұңын билік құлағына салушы деп біледі. Бірақ зиялыларымыздың ұлт мүддесі тұрғысынан нендей ой пішіп, жоғарыға қалай жеткізіп жүргені беймәлім.

Айталық, басқасын былай қойғанда, бүгіндері бастан кешулі кедендік одақтың біздің елімізге тек ұтылыс әкеліп тұрғаны мәлім болып келеді. Оның одан әрі дамуы және экономикалық одаққа ұласуы аңсап жеткен тәуелсіздігімізге қауіп төндіретіні де аныққа шыққандай.

Ал жұрт үміт арта қарайтын дәстүрлі интеллигенция үнсіз. Шынтуайтында, жекелеген интеллигенттер әрбір күдік туғызған құбылысқа байланысты сыни ой-пікірлерін уақытында-ақ жария етіп келеді. Өкініштісі, қауым болып үн қата алмауда. Ал билік жалғыз-жарымға құлақ аса қоймайды. Соған орай бұл қалай деген сауал туады. Зиялылар бірлестіктерінің кеңестік дәуірдегі жалтақтығынан азаттық тұсында да арылмағаны ма? Совет заманында ұлт қамын ойлатпайтын мәскеулік құрсау тұрды. Енді ше? Енді неге зиялылар қауымы елдің сөзін сөйлемейді? Халық мұңын жырта алмайтын мұндай интеллигенция жас ұрпаққа қандай тәрбие беріп қарық қылмақ?

Еліміздің дамуына байланысты тағдырлы шешімдерді Президенттің өзі қабылдайды, мұны бәріміз білеміз. Бірақ, шамалауымызша, шешімін көптеген кеңестерді тыңдап барып жасайды. Ендеше, оның қасында жүрген немесе қабылдауына емін-еркін кіріп-шыға алатын зиялылардың дұрыс кеңес бере алмайтын болғаны ма? Халық тілегін жеткізе алмағаны ма? Мұны қалай түсінеміз? Бұл олардың интеллигентке тән болуға тиіс ел қамын ойлаушылық қасиеттен жұрдайлығын көрсетпей ме? Бәлкім, зиялыларымыз бен олардың қилы қауымдары сол қасиеттің кемшіндігінен, әлде мүлдем жоқтығынан тек мадақ сөздер, одалар құрастырумен шұғылданып жүрген шығар? Жеке басқа табынушылық дертін қоздырып, тиісінше мемлекет басшысына да, туған халқына да зиянын тигізіп жүрген болар?

Егер біз өзімізге интеллигенцияның жоғарыда айтылған сыр-сипаты, әсіресе Мұстафа Шоқай тұжырымдаған белгілері қазіргі зиялыларымызға тән бе, жоқ па деген сауал қойып байқасақ, оған негізінен теріс жауап аларымыз хақ. Әрине, аталған талапқа лайық жекелеген интеллигенттер жоқ емес. Мәселе – интеллигенттер тобының, интеллигенцияның, олардың қауымдастықтарының шын мәніндегі ұжымдық Бұхар жырау бола алмай отырғанында. Ал Мұстафаның тұсындағы еңсені басып тұрған отарлық ахуал мен қазіргі

тәуелсіз заманның жер мен көктей өзгешелігі бар емес пе? Демек, бүгінгі зиялыларға қойылатын талап, олардың бойынан табылуға тиіс қасиеттер отарлық дәуірдегіден гөрі күрделірек, салмақтырақ болса керек.

Осыдан келіп қазіргі зиялы қандай болуға тиіс деген табиғи сұрақ туады. Біздіңше, Мұстафа атап көрсеткен ұлттық рух бүгінгі интеллигенттің қадір-қасиетінің басты белгісіне айналуы қажет. Ұлттық рухы күшті зиялылар ғана шын мәніндегі қазақ мемлекетінің мың жылдық тәуелсіздігін ойлайды. Ұлт мүддесіне кереғар іс-әрекеттерге міндетті түрде қарсы шығады. Сонымен бірге, тәуелсіздігімізді баянды етуге және тәуелсіздік туын болашақта алып жүруге лайықты жастарды тәрбиелеуге атсалысады.

Демек, қазіргі таңдағы интеллигенция өкіліне ұлттық рухқа суарылған отаншылдық қасиет тән болуға керек.

Елін, жерін, ұлтын сүймейтін адам шын зиялы бола алмайды. Отансүйгіштік сезімі кемшін зиялыдан жас ұрпақ тәрбиесіне тек залал келеді.

Жастарға ұлттық тәрбие беру ісіне шығармашыл интеллигенция өнімдерінің өте зор үлес қосатыны белгілі. Өкінішке қарай, бұл салада да сүйсінеріміз аз. Олай дейтініміз, тәуелсіздік азаматтарын тәрбиелеуге қызмет ететін өнер туындылары жоқтың қасы. Біздің зиялыларымыз, айталық, өнердің кино сынды ең пәрменді де маңызды түрі бойынша елге қажет шығарма жасауды мақсат етпейді. Олар фильмдерін халқымыздың жоғын түгендеу үшін, рухани мұқтаждығын өтеу үшін емес, шетелдердегі фестивальдерге арнап, әлдебір халықаралық жүлделерден дәмеленіп жасайды.

Ал қазіргі таңда бізге жалпыадамзаттық бұлдырлау құндылықтарды көксейтін, «өнер үшін» жасалған «өнер» керексіз. Ұлттық мүдде тұрғысынан маңызы шамалы, жасанды, аспани «өнер» қажет емес. Бізге қазіргі таңда бүгінгі жасты тәуелсіздік туын қолда бекем ұстауға жігерлендіретін, отаншылдық рух беретін көркем фильмдер керек. Бұл тарапта бірден-бір қанды қыздырып, отансүйгіштік сезім дарыта



тын кинолар қатарына, көптеген кемшіліктеріне қарамастан, жалғыз ғана «Жаужүрек Мың баланы» шығаруға болады. Бұлай болу себебі – аса талантты деген кино түсіруші шығармашыл зиялыларымыздың ұлттық рухы, өкінішке қарай, талантына сай емес, тіпті, мүлдем төмен. Ұлттық рух, отаншылдық сезім жетекші орында болмағандықтан да, қаншама дарынды болғанмен, олар ел тәуелсіздігіне қызмет ететін қандай туынды беру керектігін ойлап бас қатырмайды. Оларды тек «үлкен өнер» жасап, әлемдік деңгейде танылу ғана қызықтырады.

Шығармашыл патриот бірінші кезекте ұлтымыз бастан кешкен түрлі кезенді бейнелейтін, сонысымен еліміз үшін мақтаныш сезімін тудырып, жүректі тулататын, отанымыздың абыройын асқақтата түсуге жігерлендіретін отансүйгіштік фильмдер легін жасауды басты парызы ретінде ұғынуы керек. Егер тап сондай кино түсіре алса, ондай шығармашыл тұлға, сөз жоқ, халықаралық дәрежеде де мойындалады.

## 5.

Байқалып тұрғандай, біз бүгінгі интеллигенцияға қойылатын талапты тәуелсіздігіміздің мүддесімен байланыстырып отырмыз. Осы орайда 1990 жылғы 25 қазанда қабылданып, тәуелсіздікке жол салған Декларация ойға оралады. Араға жылдан сәл астам уақыт салып, мемлекетіміз тәуелсіздігін жария етті, әйтсе де сондағы «ұлттық мемлекет құрамыз» деп алға қойылған мақсат тәуелсіздік туралы заңда көрініс таппады. Соған қарамастан біздің елді басшылығымыз да, шет жұрттар да қазақтың ұлттық мемлекеті деп есептейді. Алдағы мақсат – соны нақты мазмұнға толтыру. Бұл үшін зиялылар қауымы билікпен бірге жастарға ұлттық тәрбие берудің жөн-жобасын жасап, жүзеге асыруы тиіс. Осы ретте ел бірлігін нығайта түсудің маңызы арта беретіні аян. Өйткені ол – тәуелсіздігімізді баянды етуге қажет шарттардың бастыларының бірі.

Ал мұндай істе орнын ештеңе алмастыра алмас көмекші – ұлттық тарих болып табылады. Халқымыздың тұтастығын, бірлігін қамтамасыз етуде тарих арқылы тәрбиелеудің ықпалдылығы ересен зор болары хақ.

Мәселен, өткен ғасырдың ортасында, түрлі қасіретті саяси науқандар салдарынан, қазақ халқы өз жерінде ұлттық азшылыққа айналған шақ орын алды. Солай болуын ашаршылықта құрбан болғандардың мекеніне әр жақтан күшпен көшіріліп әкелінген, әсіресе, алдамшы ұрандар жетегімен өздері келіп қоныстанған миллиондаған сырт жұрт мүмкін етті. Тиісінше, жер иесінің тарихи құқтары шектелді.

Осы қасіретке жанама түрде болса да қатыстылықтарын еліміздегі әрбір кірме ұлт шашырандыларының – диаспоралардың бүгінгі интеллигенциясы бірінші кезекте түйсінсе дейсің. Солардың көмегімен шынайы ұлттық тарихты баршаға білгізу арқылы ұлтаралық қатынасты жасампаз арнаға түсіруге болары хақ. Диаспора зиялылары осы істі қолға алса, сөйтіп, қазақ халқына байланысты тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге атсалысу қажеттігін жас ұрпақ санасына құйып отырса дұрыс болар еді.

Еліміздегі күллі өзге ұлт өкілдерінің қазақ халқы төңірегінде топтасуы ел бірлігін нығайтудың, сөйтіп, алға ұлы мақсат етіп қойылған ұлттық мемлекетке қол жеткізудің шын мәніндегі кепілі болып табылады. Мұны нақты шындық, тарихи қажеттілік ретінде еліміздегі барша зиялы қауым қабыл алса, нұр үстіне нұр.

Осы орайда бір маңызды мәселені айтпауға болмайды. Ұлттық мемлекеттің өз-өзінен түсінікті белгілерінің бірі – мемлекеттік тіл екеніне ешкім дауласпаса керек. Біздің Қазақ елінің де негізгі заңымызбен – Конституциямен бекітілген мемлекеттік тілі бар. Бірақ соны тиісті мәртебесіне сай қолдану мәселесіне келгенде, түрлі ақылгөйлердің ширек ғасырдай уақыт бойы сан алуан саясатшылдық тәсілдер қолданып, орынды-орынсыз кедергілер жасаумен келе жатқанын көріп жүрміз.

Озық ойлы, шын зиялы қауым үшін мемлекеттік тіл өрісін тарылтушылардың өтірікті-шынды дәйектеріне жүгіне бермей, тарихи ақиқатты бұлталақсыз мойындайтын уақыт әлдеқашан жетті. Диаспора зиялылары осыны ұғынып, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге атсалысса дейміз.

Ал мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтудің оңтайлы да пәрменді және мүлдем қарапайым әдісі – барлық іс-шараларда мемлекеттік тілден ілеспе аударма жасап тұру. Мұны қажетті техникалық жабдықтармен қамтамасыз ете отырып, бар салаға енгізуді интеллигенция мен билік опонай жүзеге асыра алар еді. Осыған ынталы болып, тиісінше атсалысу абзал.

Меніңше, интеллигенцияның бірауызды болуы қазіргі таңдағы маңызы зор мәселелердің бірін – еліміздің басты мерекесін тойлайтын күнді қайта белгілеуді мүмкін етер еді. Нысанамызды нақтылайық. Тәуелсіздігіміздің бастауы болған тарихи құжат қабылданған күнді – кезінде Республика күні ретінде белгіленгенмен, кейінгі уақыттарда ұмыт қалдырылып келе жатқан 25 қазанды – Тәуелсіздік күні ретінде атап өтіп отырудың өте орынды боларын мойындасақ, әрі мұны бірінші кезекте интеллигенция түсінсе деген ұсыныс айтқымыз келеді.

Біздің ойымызша, Тәуелсіздік күнін мерекелеуді Тәуелсіздік туралы Заң қабылданған 16 желтоқсаннан Тәуелсіздік туралы Декларация қабылданған 25 қазанға ауыстырудың сөкеттігі де, қателігі де жоқ.

Кезінде біз Советтік Қазақ Республикасының туған күнін 26 тамыз деп білгенбіз. Ол қазақтың автономиялық республикасын құру жайында тиісті Декретке қол қойылған күн болатын.

Ал қазақ елі іс жүзінде республика болып 1920 жылдың қазан айында өткен ұйысу құрылтайында жарияланған еді. Сол сияқты, бүгіндері Астана қаласының туған күнін ел орталығын Ақмолаға көшіру жайында парламент шешім шығарған 6 шілдеде тойлап келеміз. Іс жүзінде өкімет орган-

дарының Алматыдан көшіп барып, сол шаһарды еліміздің бас қаласына айналдырған датасы басқа болатын.

Ендеше, мемлекеттік тәуелсіздігімізді мерекелеу күнін басқа да тарихи оқиғалармен астасып жатқан 16 желтоқсаннан тәуелсіздікке қол жеткізуді көздеген тарихи Декларация қабылданған 25 қазанға ауыстыру қай жағынан қарағанда да орынды болар еді. Егер бұл мәселеде зиялы қауым бірауыздылық көрсетсе, халқымыздың жаппай қолдарына күмән жоқ.

Демек, билігіміз де тиісті шешім шығаруды созбас еді де, сонда, тарихи мән-маңызы ұмытылықыраған 25 қазанды жаңғыртып, еліміздің тәуелсіздігін жаңаша мейрамдар едік деген ой келеді.

\*\*\*

Жалпы, интеллигенцияға көп жүк артылатыны белгілі. Ендеше, интеллигенция да өзінің парызы мен қарызын дәл діттеп алуға міндетті. Классиктер айтқандай, өзі тәрбиелі жан ғана басқаға дұрыс тәрбие бере алады. Демек, шын мәніндегі зиялылар қауымы ғана қазақтың ұлттық мүддесін қорғап, ел бірлігін бекіте түсуге, жастарды тәуелсіз еліміздің болашағын сеніп тапсыруға лайық жан-жақты білімді, отаншыл азамат етіп тәрбиелеуге жанкиярлықпен атсалыса алады.

Әсіресе шығармашыл зиялылардың бұл тараптағы үлесі өлшеусіз зор болуға тиіс. Тек солардың дұрыс бағытта еңбек етуі мемлекеттік билік тарапынан жүйелі, мақсатты жоспармен элеуметтік тапсырыс беріліп тұруына да байланысты болатынын ұмытпайық. Интеллигенция заман талабына сай еңбек етуге тырысар, оған өкіметіміз де барынша жағдай жасар деп сенеміз.

*30 маусым 2013 ж.*

## ПАРЛАМЕНТ ҚАЗАҚҚА ҚЫЗМЕТ ҚЫЛУҒА ПӘРМЕНСІЗ

*Сұхбатты «Общественная позиция» газетінің тілшісі  
Бақытгүл МӘКІМБАЙ жүргізді*

*Қуғын-сүргінге ұшыраған қазақтың тарихын зерделуге үлес қосып келе жатқан «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы – Қазақстандағы ең алғашқы мемлекеттік емес ұйым. Сырт көзге атқарып жатқан істері жасанды жарнамамен безендіріліп тұрмаса да, тарихтағы ақтаңдақтар ақиқатын ашу жолындағы ізденістері ерен. Қуғын-сүргінге ұшыраған арда азаматтардың тар жол, тайғақ кешу кезеңін зерттеп, шындықтың бетін ашып, елге жеткізуге үлесін қосып жатқан қоғамның төраға орынбасары, тарих ғылымдарының кандидаты, белгілі жазушы Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ мырзаның «Дат»-ын оқырман қауымға ұсынып отырмыз.*

– Бейбіт мырза, тағы да жыл айналып, ақиқаты мен кәсіреті ресми мойындалмаған саяси қуғын-сүргіннің даталы күні келіп қалды. Соңғы бірер жылда бұрынғы КСРО елдерінің бірқатары кеңестік режим қолдан жасаған бұл қанды қырғынға баға беріп, өз халқының санасы мен зердесін коммунистік зардаптан жуып-шаю науканын жүргізіп жатыр. Ал бізде жекелеген қоғамдық ұйымдар өз шама-шарқымен өткізіп жатқан ұсақ-түйек шаралардан басқа мемлекеттік тұрғыда әрекет жоқ. Осының себебін сіз қалай түсіндірер едіңіз?

– Бәрі бірдей жоққа шығара беру дұрыс болмас. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні – 31 мамырда – және оның қарсаңында жер-жерде түрлі шаралар өткізіліп жатады ғой. Мәселен, Алматы түбіндегі «Жаңалық» қорымына 2002 жылы тұрғызылған мемориалды ескерткіш жанына жыл сайын облыс пен қала жұртшылығы өкілдері келіп,

митинг өткізіп тұрады. Онда саяси репрессиялар мен алапат ашаршылық қасіреттері еске алынып, зұлматқа лағнет айтылады, ескерткішке гүл шоқтары қойылады, жазықсыз құрбан болғандар аруағына арнап ас беріледі. Мұның бәрі Алматы облысы мен қала әкімдіктерінің ұйымдастыруымен атқарылып жүр. Бұл дәстүрге айналған. Ал баға беру мәселесіне келсек, мұнда, әрине, нақтылық жетпейді. Тоталитаризмге, сталинизмге жалпылама айып тағумен шектеліп жатамыз. Әрине, мемлекеттік қылмысты Совет өкіметі жасағандықтан, оның тарих сахнасынан әлдеқашан жойылғанын ескере отырып, кеңестік режим қолдан істеген қанды қырғынның жасалу механизмін айқара ашуға, сол шақтағы билік буындарының жұмысына, солардың құлдық әрекеттері салдарынан орын алған апатқа тиісті бағасын беріп, халықтың зердесін жаңғыртуға, санасын оятуға әбден болар еді. Солай ету керек екені көптен айтылып келеді ғой. Халықты тәуелсіздікке дейін жабық боп келген ащы тарихпен тәрбиелеудің ұтымды жағы мол. Ол ел бірлігін арттырады. Мәселен, үш дүркін соққан ашаршылық қазақты іс жүзінде ұлттық апатқа ұрындырды. 1917–1933 жылдары қазақ халқының 4,5 миллиондайын «большевиктердің аштық саясаты» (Мұстафа Шоқайдың анықтамасы) тікелей опат етті, ал ықтимал табиғи өсімді есепке алғанда, осы кезеңде қазақ 10 млн жанын жоғалтты. Дәстүрлі мал шаруашылығы да қатты ойсырады. Патша өкіметі орталықтағы шаруаларды қазақ жеріне қоныс аудартуды мемлекеттік саясат деңгейіне көтеріп жүзеге асыра бастаған шақта әр қазақ отбасына 59 бастан келетін мал болатын. Шұрайлы жер-суынан айрылған қазақ шаруашылығындағы бұл көрсеткіш монархия құлаған тұста 25-26 басқа дейін төмендеді.

– Ал жеке меншікті жою бағытын ұстанған кеңес өкіметінің саяси шараларынан кейін қазақтың қолында ол да қалған жоқ дейсіз ғой...

– Иә, кеңестік солақай реформадан кейін жеке қолда ештеңе қалмады деуге болады. Қоғамдық меншікке алынып,

ұжымдастырылған мал саны тәркілеудің алдындағы мөлшерінің сегізден біріндей ғана еді. Мал-жаннан босап қалған қазақ даласына шартараптан бақ қуғандар ағылып келді де, қырылып кеткен көшпенді жұрт сүйегі үстінде жаңа өмір отын лаулатты – индустрия ошақтарын ашты, қалалар салды, тың көтерді, тт. Қазақтың өз еліндегі үлестік салмағын жалпы халықтың үштен біріне де жетпейтін деңгейге дейін (29 %) төмендетіп, ұлттық мүддесін жан-жақты шектеді. Олар қазақтың қаралы тарихын білген жоқ, соған саясаттың өзі мүдделі болды. Оны бүгінгі отандастарымыз да біле бермейді. Іс жүзінде барып тұрған мемлекеттік қылмыс жасалған еді. Оны жасыру үшін, сәтімен жүргізілген мәдени революция жетістіктерімен бүркемелеп, қаншама адамынан айрылған, дәстүрлі экономикасы тұралаған автономияны 1936 жылы одақтық республика дәрежесіне көтерді. Сөйтіп, одақ тәжін кию арқылы, бүгін, міне, тәуелсіздігімізге қол жеткіздік. Сондықтан ашаршылықтың, большевиктік саясат душар еткен ұлттық апаттың құрбандарына мәңгі қарыздар екенімізді біз әрқашан есте ұстауға тиіспіз. Қуғын-сүргін жылдарын ешқашан ұмытуға болмайды. Бұл біз үшін – үлкен тарихи сабақ. Олардың мәнін халыққа түсіндіру, жеткізу қажет. Егер арамыздағы өзге ұлттардың өкілдері бұларды білсе, онда қазақ халқының трагедиясына жанама түрде болса да қатыстылықтарын сезініп, маңына саналы түрде топтасар еді. Тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге шын туысқаншылықпен атсалысар еді. Тарихпен тәрбиелеудің қажеттігі осында. Бұл жұмысты жүйелі негізге қою үшін, ұлттық ұйымдар тарапынан айтылып жүргендей, парламент тиісті құжат қабылдауға тиіс болатын, алайда, өкінішке қарай, ол бұл тарапта осы уақытқа дейін бастамашылдық көрсеткен емес. Бәлкім, заң шығарушыларға Президенттің соңғы кездері «қазақ еліне бес-алты миллион адам сырттан келіп қоныстанды», «Қазақстан ежелден осылай көпұлтты болды деп санайтындар тарихты білмейтіндер» дегені тым болмаса енді ой салар. Шындап келгенде, өз беттерінше бастама кө-

теруге жасқаншақтық танытып келген парламентшілер енді, Президенттің өзі қимыл бағытын нұсқап отырғанда, ойла-нып қана қоймай, шұғыл әрекет етуге де міндетті. Өйткені Президент елімізді мекен ететін барлық этнос өкілдері үшін «Қазақтарға рақмет айту күні» деп аталатын жаңа мереке белгілеуді ұсынды емес пе. Алайда бұл ұсыныс айтылғалы айдан асты, парламент әлі тым-тырыс. Оның тарапынан «Қазақтарға рақмет айту күнін» рәсімдеу шарасы жасалған-жасалмағаны, әлде сондай ниеттің бар-жоғы әлі белгісіз. Егер бұл шара жүзеге асырылса, өзіңіз айтқандай, халықтың санасы мен зердесін баяғы саяси қуғын-сүргін жылдарынан бері қанға әбден сіңіп қалған коммунистік зардаптан тазартып, жуып-шаю науқанын биліктің өзі жүйелі түрде жүргізуіне жол ашылар еді.

– Қазақстандық биліктің ымдап жасаған ишарасына қарағанда, саяси қуғын-сүргін тарихына мемлекеттік мән-маңыз берілмеуінің себебі – КСРО-ның мұрагері саналатын Ресейді ашуландырып алмау керек сияқты. Тәуелсіз мемлекет тұрғысынан бағамдар болсақ, мұндай «сауысқаннан сақ» саясат елдің отарлық, құлдық психологиядан құлан-таза арылуына залалды жағдай екенін айта аламыз ба?

– Сұрағыңыздың негіздемесі жаны бар пайымды аңғартады, солай болуы әбден ықтимал. Ал қойып отырған сауалыңыздағы «отарлық, құлдық психологиядан құлан-таза арылу» ісіне «сауысқаннан сақ» саясат пайда бермейді, ондай саясат залалды дегенді айта алу-алмау мәселесіне келсек... Меніңше, саяси басшылық қызметте еместерге мұны айту – оңайдың оңайы. Ал нақты істегілердің бірқатары оны айтпақ түгілі, сол отарлық, құлдық сана олардың мансап жолындағы басты қорғанышы болғандықтан, іштей мойындауға да бара бермейді. Енді бірқатары мұны түсінгенмен, шамасы, жеке басына саяси айып жамап алуы ықтималдығын ойлап, сақтықпен, кездесуі мүмкін қиындықтардан қашқақтап жүретін шығар. Бірақ шын отаншыл қайраткер



кей реттерде «сауысканнан сақ» саясат жүргізе отырып та, қазақтың ұлттық мүддесіне қызмет ететін шараларды, айталық, алғашқы сұрағыңызға орай еске алынған «Қазақтарға рақмет айту күнін» дәстүрге айналатын мереке ретінде дайындап, өткізуді батыл жүзеге асыра алады.

**– Сіз саяси қуғын-сүргін жылдарының тарихын көп зерттеген жазушы-ғалым ретінде кеңесқұл, орысшыл сана-сезімнен арылу үшін біздің елге қандай әрекеттер жасау керек деп ойлайсыз?**

– Бірінші кезекте мемлекеттік тілдің конституциялық мәртебесін сыйлау, сақтау, қоғамдық-саяси функциясын батыл кеңейту керек. Өзге тілде сөйлейтіндерді ешбір кемітпей, кемсітпей, мемлекеттік тілді еркін меңгеруін талап етпей-ақ, қай салада болмасын емін-еркін аударма қызметін пайдалана алатындай жағдай туғызу қажет.

**– Репрессия жылдарының зұлматын анықтайтын жанаша айғақтар мен бұрын-соңды жарияланбаған құжаттар қолыңызға түспеді ме?**

– «Әділет» тарихи-ағарту қоғамының идеяларымен қаруланған ғалымдар репрессия жылдары республика партия ұйымы «халық жауларын» жазалау үшін Мәскеуге қосымша квота сұрап, өтініш түсіргенін тәуелсіздіктің басында-ақ анықтаған болатын.

Соңғы жылдары нақты дерек – 1937 жылдың соңына қарай Қазақстан большевиктер партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Л.И. Мирзоянның Сталинге жолдаған құпия жеделхаты табылды. Жазалау науқанына бастау берген НКВД-нің №00447 оперативтік бұйрығымен таныстық. Онда репрессия науқаны 1937 жылғы 5 тамызда басталып, төрт айда аяқталуға тиіс делінген. Кеңестер Одағының әр аймағында бірінші және екінші категориямен жазалауға жататындардың саны белгіленген. Сол бұйрық бойынша біздің республикамызда 1937 жылдың 5 желтоқсанына дейін 2500 адам атылып, 5000 адам ұзақ мерзімге (бұйрықта 8-10 жыл беру көзделген) сотталу керек болатын.

Бірақ іс жүзінде науқан төрт ай емес, 15-16 ай (1937 жылғы тамыз – 1938 жылғы қараша) бойы жүрді. Үкімдерді НКВД-ның республикалық, өлкелік, облыстық үштіктері шығарып тұрған. Осы кезеңде № 00447 бұйрықпен белгіленген квота бірнеше есе өсіріп орындалды. (Квотаға қарағанда, одақ бойынша 268095 адамды репрессиялап, оның ішінен 75095 адамды ату көзделген, бұл мөлшердің өзі жергілікті партия ұйымдары басшыларының ұсыныстарына сәйкес белгіленген болып шықты). Сөйтіп, іс жүзінде 1 млн 770 мыңдай адам репрессияланып, оның 390 мыңы, яғни жартысынан астамы атып тасталды. Қазақстанда бұл кезеңде 118 мың адам репрессияланып, оның 25 мыңдайы атылды деп есептеледі. Яғни, НКВД бұйрығында көзделген 7500 адамды жазалау жоспары Қазақстанда 15 еседен де асырылып, артығымен орындалған. Бұйрықта Қазақ Республикасынан 2,5 мың адамды атуға тапсырма берілсе, орындаушылар оны он есе өсіріп жүзеге асырған.

Мирзоянның жоғарыда аталған Сталинге құпия жеделхатында республика бойынша тағы да бірінші категориямен, яғни ату тәсілімен 600 адамды репрессиялауға рұқсат беруін өтінген. Республика басшылығы сондай-ақ оған қосымша тағы 1000 адамды екінші категориямен, яғни ұзақ мерзімге соттап жазалауға рұқсат сұрап құлшынды.

Ұсыныс 1937 жылғы 3 желтоқсанда БК(б)П Орталық Комитетінің Саяси Бюро мәжілісінде бекітілді. Осылай өз большевиктеріміздің де Үлкен террор көрігін өзіндік отынмен үстемелеп қыздыра түскені аныққа айналды.

Енді 447-бұйрықтағы квотаны қалыптастырған, сондай-ақ оны асыра орындау хақында жоғарыға жолданған осындай өтініштердің бәрін тауып, жарыққа шығару, сөйтіп тиісті қорытындылар жасау – алдағы уақыттарда орындалуға тиіс шаруа...

– Қазақстан Еуразиялық экономикалық одаққа кірген соң, біздің елдің билігі кеңестік мұраның кесірлі жақтарын саралау ісінде Ресейдің қас-қабағына жалтақтап, ел

**ішіндегі бастамашыл қадамдарды тұншықтырып тастауға бейімділігі арта түсті деп айтуға себептер бар ма?**

– Әрине, бар. Былтырлары үлкен көрші тарапынан ТМД елдеріне ортақ тарихи оқулық жазу бастамасы көтеріліп жатқан, бара-бара бұрынғы метрополия ескі идеологиясын еске алып, тәбеті ашыла түсері кәміл...

**– Дегенмен, ЕЭО, біздің мемлекеттік билік ойлағандай, адами ізгі бейнеде болмағанын мойындай бастаған жоқ па? Мәселен, биылғы Жеңіс күні қарсаңында Георгий лентасының орнына қазақстандық атрибут қолдану амалына қарсылық білдірмегенін қалай бағамдар едіңіз?**

– Жеңіске қазақ зор үлес қосты. Майданға аттанған ұл-қыздарының төрттен үшін құрбан етті, бұл жалпы санының жиырма пайызы еді. Яғни, халқының санына шаққандағы пайыздық үлесі бойынша белорус пен украиннан кейін ең көп шығынға ұшыраған – қазақ халқы. Жауға атылған әр он оқтың тоғызын өз елінде құйды. Іс жүзінде соғыс өнеркәсібін елінің аумағында шоғырландырып, майданның материалдық-техникалық жағының елеулі бөлігін камсыздандырды. Майдангерлердің азық-түлігін, өзге де мұқтаждықтарын қамтамасыз ету үшін, елде қалған кемпір-шал, бала-шаға тылда жанқиярлықпен күндіз-түні еңбек етті.

Қысқасы, фашизмді тізе бүктіру біздің де арқамызға мүмкін болғаны дау туғызбау керек. Сондықтан да көрші елдің басшысының соғыста орыстың өзі-ақ жеңіп шыға алар еді деп мардамсуы кім-кімнің де намысына тиген. Біздің мемлекеттік билік Ресей тарихындағы Ресей атымен жасалған жеңістердің барлығында, соның ішінде ең қанқұйлы соғыста жеңуде, Сталиннің сөзімен айтқанда, «үнсіз қара Ресейдің» де үлесі бар және зор екенін ойламады дейсіз бе?!

Демек, біздің тәуелсіз еліміздің Екінші дүниежүзілік соғыстағы рөлін, метрополия қабыл алған колорадолық қоңыз түсіндегі таспадан гөрі, ұлттық сипатымызды білдіретін оюлы көк таспа әлдеқайда айқын, әсерлі білдіріп, отаншылдық көңіл-күй серпілісіне бөлейтінін дйттегені кәміл. Тек

сондай ұлттық мәні зор таспаны баршаға жететіндей мөлшерде көп етіп дайындауды ұйымдастыруға жұмыстанбағаны өкінішті.

– Әйтсе де, Алматыдағы Наурызбай батыр мен Қарасай батыр көшелерінің қиылысындағы «Бұл жерге саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш салынады» деген жазуы бар қара тастың міз бақпай тұрғанына ширек ғасыр уақыт болды. Қазақ батырлары атындағы көшелер қиылысындағы жағдай осындай болған соң, жалпы Қазақстандағы ауру ахуал оналып кетер ме екен?

– Ширек ғасыр міз бақпай тұрған сол қара тасыңыз ендігі алынып тасталған да болар. Меніңше, қала үкіметі «шаһар азаматтарының демалып жүретін орнында көңілсіз белесті еске түсіретін ондай белгі тұрғанын» жөн көрмейді.

Кезінде президенттің тапсырмасымен бұрынғы НКВД ғимаратында ашылған саяси репрессиялар тарихы мұражайын да, сондай бір пиғылдың жетегімен болса керек, ғимаратты сатып жіберген де, сөйтіп жауып тастаған. Егер билік буындарын ұстаған азаматтардың халықты тарих арқылы тәрбиелеуде арнайы ескерткіштер мен музей сынды ғылыми-көрнекі мекеменің атқаратын рөлі жөніндегі түсінігі түзелмесе, шынында, сіз айтып тұрған ахуал оңала қоймас.

– Айтпақшы, Алматы қаласында әкім болып тұрған кезінде Иманғали Тасмағамбетов осы ескерткішті жасатып, оны осы даталы күннің құрметіне сол тастың орнына қоюға әрекет жасаған деген сөз бар. Бірақ оған Ақорда жақтан сес көрсетілген екен. Сол дайын ескерткіштің шаң басып, бір қоймада тұрғанын көрген адамдар да бар. Сіздің бұдан хабарыңыз бар ма?

– Жок, мен бұдан бейхабармын.

– Ел билігі қалай алдарқатса да, ЕЭО еркін экономикалық қарым-қатынастар құрылымы бола алмағанына ақыр соңы көз жетті: Ресей тарапы қазақстандық тауарлардың өз елінде еркін сауда-саттықта болуына түрлі

әрекеттермен кедергі келтіруде. Есесіне әсіресе шекаралас облыстарды ресейлік тауарлар жаулап алды. Мәселен, ШҚО шаруа қожалықтары Ресейден келіп жатқан арзан еттің салдарынан мал өнімдерін өткізу мүмкін болмай қалды деп, жуықта біздің газетке көлдей хат жолдапты. Мұндай жағдай Ақтөбе, Атырау, Қостанай облыстарында да орын алуда. Бұл – экономикалық тұрғыда басталған саяси экспансияның бастамасы деп, жекелеген сарапшылар мен саясаттанушылар дабыл қағуда. Осы пікірге сіз қандай ой қосар едіңіз?

– Білікті мамандар пікіріне қосыламын. Ұлттық қозғалыстар өкілдері ішкі өндірістің дамуы ойдағыдай еместігін ескере отырып, еліміздің аталмыш экономикалық одаққа кіруге қарсы екенін баяғыда-ақ мәлімдеген.

– Осындай жағдайда Ақорда билігі елдегі ұлттық-патриоттық қозғалыстың пәрменіне сүйеніп, ел ішіндегі толқулы жағдайдың сылтауымен, Ресейге өз талабын көлденең тартып, саяси мойынсұнудан сақтану саясатын жүргізсе, қалай болар еді?

– Өте дұрыс болар еді. Ұлттық-патриоттық қозғалыс ешқандай да оппозиция емес, ол әрқашан билік назарын тәуелсіздігімізді баянды ету жолдарына аударуға тырысып келеді.

– Біздің Ресеймен «достығымыздың» ертенін сіз көз алдыңызға қалай елестетер едіңіз?

– Егер біз демократиялық (ұлыдержавалық емес!) Ресеймен тең дәрежеде достық қарым-қатынас жасап тұруға қол жеткізе алсақ, ертеңіміз екі жаққа да тиімді бағытта дамиды...

*28 мамыр 2015 ж.*

## ЖЕР ИЕСІ БОЛУ – АСЫЛ МҰРАТ

### ЖЕР-СУДЫҢ ТУРА МАҒЫНАСЫНДАҒЫ ҚОЖАЙЫНЫНА АЙНАЛУ ШАРТ...

Үкіметтің саудаға салатын нақты мерзімін атап, жер сатпақ және жалға бермек ниеті аныққа шықты. Мұнысын теріс көрген жұртшылықтың наразылығына билік басындағылар өздерінше түсінік беріп әуре. Шетелдіктерге сатылмайды... Шетелдіктерге тек жалға беріледі... Қазақтың жерін ешкім ешқайда бөліп әкетпейді... тағысын тағылар...

Алайда күшінде тұрған Жер кодексінің 23-ші және 24-ші бабтарында жер телімдерінің «шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың және шетелдік заңды (мемлекеттік емес) тұлғалардың жеке меншігінде болуы мүмкін» екені айтылған және «шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар, шетелдік заңды тұлғалар, сондай-ақ жарғылық капиталындағы шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың үлесі елу пайыздан асатын заңды тұлғалар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін жиырма бес жылға дейінгі мерзімге жалдау шарттарымен уақытша жер пайдалану құқығымен ғана иелене алады» деп ашық айтылған.

Мұқият іздеген адам кодекс ішінен уақытша жалға алған жерді жеке меншікке айналдыруға болатын жықпылдарды да тауып ала алады. Оның үстіне, осы уақытқа дейін пәлен мың гектар жер шетелдіктердің жеке меншігінде деген хабар ресми түрде-ақ тарап үлгерген...

Бұдан бір мүшел ілгеріде қабылданып, содан бері он шақты заң шығару арқылы түрлі түзету мен өзгерістер енгізілген осы құжаттан қазақтың ұлттық мүддесін көздейтін

бабты шырақпен іздеп таппайсың. Кодексті жасаған үкімет те, оны қабылдаған парламент те, сондай-ақ жерді сатуға дайындап, белгіленген күнді тосып отырған бүгінгі атқарушылар да, өкінішке қарай, тарихтан сабақ алмаған екен дейсің.

Осыдан отыз жыл ілгеріде өткен Желтоқсан көтерілісінің қозғаушы күші тарихи әділет іздеушілік емес пе еді. Ал ширек ғасырдан астам, жиырма алты жыл бұрын қабылданған декларация тәуелсіздіктің тұғырын, ұстанымын ұлттық мемлекет құру деп тұжырымдаған еді ғой.

Алайда биыл 25 жылдығын атап өтпек мемлекеттік тәуелсіздігімізге сол мақсаттардың жүзеге асуы жайынан мақтанышты есеп бере алмайтынымыз шындыққа айналып тұрғандай.

Ширек ғасыр ішінде ғасырлар бойы езіліп келген қазақтың ұлттық мүддесіне жауап беретін тәуелсіз мемлекетті қалыптастыра қоймадық. Оның орнына, қайта, жоғары оқу орындарында қазақ тарихын оқытпау, бесіктен белі шықпаған балаларға сәби шағынан бастап ана тілін ұмыттыруға апаратын «үш тілділік» жаңа тәртіпті тықпалау, мектепте тек қазақ тілі мен тарихты ғана қазақша оқыту, басқа пәндерді өзге тілдерде беріп, екі-үш жылда ағылшынша сайрайтын елге айналу тәрізді бізге түсініксіздеу мақсаттарды көздейтін, біздің ойымызша тәуелсіздігімізге нұқсан келтіретін бастамаларды жалаулатуға көштік.

Енді міне, соларға қосымша, жерді сату, шетелдіктерге жалға беру сынды күмәнді реформаларды алға тарту арқылы халқымызды қатты ренжітіп отырған сынайлымыз.

Жер үшін күрес қазақ елі орыс империясының отарына айналдырылғаннан соң-ақ өзекті де өткір мәселеге айналған болатын. Өйткені патша билігінің хандығымызды протекторат дәрежесінен айралы дипломатия және қарулы жасақтар күшімен империяның шет аймағы деңгейіне түсірген еді. Қазақ жерін мемлекет меншігі деп жариялаған. Сосын, мылтық асынған солдаттының соңынан соқа сүйреткен мұжығын

жіберіп, өз жеріндей игеруге кіріскен. Қазақтардың құнарлы жер-суын тартып алып, оған орталықтағы аграрлық қайшылықтармен буырқанған шаруаларды көшіріп әкеліп қоныстандырған. Жәй ғана жер телімін бөліп беріп қоя салмай, олардың еңсе көтеріп, күшті қожалық құрып кетуіне қажет құрал-сайман, егістігіне себетін дән, басқа да қажеттіліктері үшін қаржы бөліп, тіпті наразылық көрсеткен бұратаналардан қорғанулары үшін мылтық та үлестіріп, мейлінше жәрдемдескен.

Жері тарылған, табиғи құқтары шектелген, ар-ожданы, намысы тапталған қазақтың қандай бұлқыныс, ереуіл, көтерілістері болғаны және олардың оң нәтижеге қол жеткізе алмай, басып-жаншылғаны мәлім.

Озбырлықтардан қорғану, елдік сипатты жаңғырту мақсатымен, 20-шы ғасырдың басында жаңа тұрпатты азаттық қозғалысы – Алаш қозғалысы – тарих сахнасына шықты. 1905 жылы Бақытжан Қаратаевтың жетекшілігімен құрылған Қазақ конституцияшыл-демократтар партиясы бағдарламасына империя мемлекет меншігіне жатқызған қазақ жерінің тарихи иесі қазақ халқы болғандықтан, оны қазақ меншігі етуге қол жеткізуді міндеті етіп алға қойды. Алайда патша үкіметіне оппозиция санатындағы кадеттердің орталық комитеті қазақтардың бұлай «еркінсуіне» жол бермеді.

Үкімет қазақ жерін жоспарлы түрде отарлауын жалғастыра берді. Патша өкіметінің қазақтардан тартып алған 45 млн десятина жер-суы қазақ еңбекшілеріне қайтарылады деген большевиктердің революцияшыл билігі уәдесінде тұрмады, қайта, қазақ елін осында келіп қоныстанған қызыләскерлердің, өзге де бақыт іздеп келушілердің көбеюімен жанаша отарлауға кірісті.

Советтік платформада құрылған Қазақ автономиясы үкіметінің елімізге 1922 жылдан кейін келген келімсектерге жер бермеу, жерге бірінші кезекте қазақтарды орналастыру жайындағы шешімінің күшін орталық эмиссары Филипп Голощекин оп-оңай жойып жіберді. Сөйтіп, сырттан келіп ко-



ныстанушылар легі толастамай, үдей берді. Одан, жасанды ашаршылықтан кейін босап қалған жерлер большевизмнің жаңа ұранымен, әйгілі тың игеру науқанын жүргізу жолымен отарланды.

Мұның бәрі әуелі патша, кейін кеңес өкіметі тұсында орын алған еді. Тәуелсіз еліміздің жер туралы заңдарында осы жағдайлар ескерілуге тиіс болатын.

Алайда, көріп отырғанымыздай, Қазақстан Республикасының Жер кодексі тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге қызмет етпейді. Қайта, қазіргі жағдайда, жұртшылықтың өте орынды наразылық білдіріп, атап көрсетіп отырғанындай, қазақ мемлекеттілігінің негізін шайқауға апарады.

Мен бірер ұсыныс айтқым келеді.

Біріншіден, Жер кодексінің жерді сатуға байланысты бабтары шұғыл түрде күшін жоюға тиіс.

Екіншіден, жерді шетелдіктерге сатпақ түгіл, жалға беруді көздейтін бабтар мүлдем алынып тасталуы керек.

Үшіншіден, ең алдымен және міндетті түрде қазақтарды жермен қамтамасыз ететін заң жасалғаны жөн.

Төртіншіден, жер телімі нормасын белгілеу қажет. Айталық, патшалық тұсында әр жеке қожалыққа 15 десятинадан жер кесіп беру көзделген болса, бүгін 15 гектардан бөлінгені жөн.

Бесіншіден, қазіргі таңда өз азаматтарымыздың ішінен ниет білдіргендерге, бірінші кезекте қазақтарға, соның ішінде оралмандарға өңдеп өнім алуы үшін, мал өсіруі үшін сатуға, жалға беруге жатпайтын 15 гектардан жер телімін тегін бекітіп беруді заңдастыру керек. Әрине, бұл шартты мөлшер, үлес таза егіншілік, аралас егіншілік-малшылық және бірыңғай мал бағушылық кәсіптермен айналысатын шаруашылықтар үшін жер ыңғайына қарай ойластырып кесілуге тиіс.

Алтыншыдан...

Қазір ел ішінде жұмыссыздар көп, сол мәселені ұтымды шешу үшін де кодексті отарлық қамыттан құтылғанына көп

уақыт бола қоймаған ұлтымыздың мүддесін көздейтіндей етіп түбегейлі қайта қарау керек. Жер алып, оны игеруге ниеттенгендерге үкімет жәрдем беруі тиіс. Қаржы-қаражат жағынан, техника, дәнді дақыл, тыңайтқыш, тіпті мал алуына қолдау көрсеткені абзал.

Ерекше мән бере айтқым келеді, тек жер телімін бөлу аздық етеді. Оны игеруге жағдай жасау ләзім. Кезінде патша үкіметінің қазақ жеріне қоныстанған шаруаларға көрсеткеніндей қамқорлық, материалдық көмек кешенін ойластыру қажет.

Біздің аса ақылды бай-манаптарымыз мұнай ақшасы көбейген жылдары «экономика қызып кетеді» деген желеумен қаржыны шетелге тасыды ғой. Соларын қайтарсын.

Мүмкін, мұның басқа да көзі бар шығар, инвестиция да тартылар. Есебін келтіріп қаржы-қаражат тауып, басқа да мүмкіндіктерді қарастырып, өз жер өңдеушілеріміз бен малшыларымызды өз жерімізге орналастырып, бекем орнықтырсақ, сөз жоқ, көп ұзатпай мұның қайтарымын да көреміз.

Бұл ұлтшылдық емес. Егер біз өкіметке осындай талап қойсақ, сөйтіп оны билікпен бірлесіп жүзеге асыруға кірісек, меніңше, мұндай іс-әрекетті арамыздағы өзге ұлттардың өкілдері де қолдайды. Қазақ өз жерінде жақсы өмір сүрсе, басқаларға да жаман болмайды.

Шындап келгенде, халқымыз өз жерінің игілігін арттыруға өзі кірісіп, жер-судың тура мағынасындағы қожайынына айналғанда, еліміз шын мәніндегі мәңгілікке бастар жолға түседі. Биылғы мерекелі жылы халқымызды толқытқан шешімнің жұртшылық күткендей дәрежеде қайта қаралғаны орынды болар еді.

«Жас Алаштың» жер мәселесіне байланысты 26.04.2016 ж. өткізген дөңгелек үстелінде сөйленген сөз.

*25 сәуір 2016 ж.*

## **ЖЕР КОМИССИЯСЫ АЛҒАШҚЫ ОТЫРЫСЫНЫҢ ӘСЕРІМЕН**

Жер жөніндегі комиссия бірінші отырысын өткізді. Комиссия үзіліссіз жеті сағат мәжіліс құрыпты. Көтерілген, айтылған мәселелер жөнінде электронды ақпарат құралдарынан хабардар болдық. Сонда байқағанымыз – комиссия мүшелерінің басым бөлігі халық талабын ұқпаған секілді.

Дұрысында, халықтың Жер кодексіндегі жаңа баптарға қарсы шығуын білместіктің салдары санайтын тәрізді. Жұрт қателеседі, қателікті осы комиссия түзетуге тиіс деп ойлайтындай. Яғни Жер кодексіне түзетулер мен толықтырулардың дұрыс енгізілгенін Комиссия мінберінен бар дауыспен шегелеп айтуды міндет көретіндей, бұл үшін жерді сату және жалға беру пайдалы болмағын ең алдымен біріне бірі, өздеріне өздері түсіндіру, дәлелдеу қажет деп білетіндей.

Мәселені келісімге келу жолымен емес, дауысқа салу арқылы шешуге, сөйтіп ел наразылығын туғызған баптардың өмір мұқтажынан туғанын көпшілік дауыспен бекітіп алуға білек сыбанып тұрғандарына қарағанда, бұлардың, Комиссияның агрессивті-үкіметшіл басым бөлігінің, қара жұртшылық артқан үмітті ақтамайтыны аныққа шығатын түрі бар.

Әйтсе де, Жер комиссиясы жұмысын енді ғана бастағандықтан, бәлкім, алдағы отырыстарына дейін ойланар деген үмітпен, проблеманы талқылау үдерісіне ел ішінен өз үнімізді қосуға біз де мәжбүр болып отырмыз.

Халықтың жер сатылмасын, шетелдіктерге жалға да берілмесін деген аманатын Комиссия мүшелерінің азын-аулақ бөлігі еске салып, өз жұмысымызды осы тілекті қанағаттандырудан бастайық деген ұсыныс айтты. Осыған құлақ асу жөн болар еді. Өйткені жұрт жердің жаңаша отарлану, өздерінің жаңа сипаттағы отар құлы болу ықтималдағының алдын алғысы келгендіктен алаңдарға шығып, Кодекстегі өзгерістерге наразылық танытты. Талап қойды.

Құй мойындайық, құй мойындамайық, ел көңілі күпті.

Қазіргі таңда сол ашық та түсінікті, әрі өте қарапайым талап-тілекке арнайы құрылған комиссия жете мән берсе керек еді.

Бірақ, алғашқы мәжілістен анық аңғарылатыны – олай болмай тұр. Ендеше, оның мұндай жұмысы елді аландатқан күдікті тікелей талқылап, сөйілтудің орнына, оны елемеуге тырысуы көңіл көншітпейді.

Демек, жерді сатудың, шетелдіктерге жалға беріп пайдаланудың тиімділігін, маңызын қаншама дәлелдеп, ақылгөйсiгенмен, мұндай уәждер жұртшылықты тыныштандыра алмайды. Неге? Неліктен?

Себебі, тарихқа жүгінсек, жерді тиімді пайдаланудың маңызын патша үкіметі де уағыздаған. Жерді тиімді пайдалану үшін, мол кеңістікте мал жайып, экстенсивті экономикамен күнелтіп жүрген қазақты «отырықшы болуға» шақырып, «артық жерлерін» тартып алған да, шұрайлы жер-суға ішкі губернияларындағы ереуілдеп жатқан шаруаларды топырлатып әкеліп қоныстандырған.

Сонда, жаңа жерлерді отарлаушы мұжықтарына жағдай жасай келе, империя үкіметі «дала өлкесін гүлдендіреміз» деп ұрандатқан.

Алапат ашаршылық апатынан кейін босап қалған жерлерге, «тусырап жатқан тынды игереміз» деген ұранмен, кеңестік өкімет те шартараптан мың сан қыз-жігітті – жерді жанаша отарлаушылдарды орнықтырған.

Екі қоғамдық құрылыста да билік жариялы түрде «қазақ жерін көркейтуді», «жер-суды тиімді пайдалануды, табыс көзіне айналдыруды» көздеді.

Мән беріп қараңыздар – қазақ халқының тұрмысын жақсартуды емес, қазақтың өзінсіз-ақ оның жер-суын игеруді, егін егіп, өмірді жайнатуды, заманауи экономиканы өркендетуді көкседі.

Дегенмен кеңес заманында жер-суды ұжымдасып пайдаланудың түрлі тәжірибелері жасалғаны, сөйтіп, ақыры, ел-

жұрт көндіккен және уақыт талабына сай дамытқан өмір салты қалыптасқаны мәлім. Алайда тәуелсіздік дәуірінде кеңшар, ұжымшарларды күштеп таратып, бастықтарынан қолдап бай жасадық та, ауылдардағы қалың бұқараның көпшілігін жерден айырдық. (Содан бері ұзақ мерзімге шетелдіктерге жалға берілген кейбір орындарда іс жүзінде өз халқымыздың құқтарын шектейтін басқа тәртіп орнап жатқанын бүгіндері әлеуметтік желіде жұрт күйіне айтуда.) Қазіргі таңда сол қалың бұқара үкіметімізді жер мәселесін қарайтын арнайы комиссия құруға мәжбүр етіп отыр. Егер енді осы Комиссия мүшелері мәселені сағызша созып, Кодекстің күдікті бабтарын іштеріндегі азшылыққа қайткенде мойындатуды мақсат ететін болса, халық, әрине, бұл жолы тыныш отыра алмайды. Комиссияның мұндай ықтимал қадамы мен әрекеті, шынында да, қалың қауымға «жусан революциясын» аңсататын болады. Өйткені, өкінішке қарай, біздің бүгінгі тәуелсіз еліміздің де үкіметі «қазақ халқын көркейтуді» емес, «жерді ұтымды пайдалануды» мақсат етіп, қазақтың жер-суын ішкі, сыртқы қалталыларға игерту арқылы шаш-етектен пайда табуды ғана жоспарлайтын сияқты. Олай болмауға тиіс. Өйткені олай ету біздің ұлттық мүддемізге, күллі ел болып алдымызға қойып отырған «мәңгілік ел болу» жайындағы арманымызға жауап бермейді.

Ендеше, Президент орынды атап айтқандай, халыққа жақпайтын заң, «жерді сатуға, жалға беруге» мүмкіндік жасайтын заң кері қағылуы керек. Сонымен қатар, осы кезге дейін жеке меншікке сатылған жерлер национализацияланып, мемлекет меншігіне қайтарылуға тиіс. Комиссия бірінші кезекте парламентке осындай ұсыныс енгізуді дәйектесе, сөз жоқ, мойнына алған тарихи міндетін дұрыс атқарған болар еді. Бұл – парыз, мұны алдағы уақыттарда атқарылатын барша шаруаның базалық тұғырына айналдыруға тырысу қажет.

Одан әрі Комиссияның не істегені жөн? Одан әрі патшалық дәуірде де, советтік кезеңде де орындалмаған, тіпті

біздің тәуелсіздікке қол жеткізген заманымыздың өзінде де әлі күнгі қолға алынбаған өзекті мәселені – қазақты жерге орналастыру үдерісін бастап, жүйелі түрде жүзеге асыру қажеттігін дәйектегені дұрыс болмақ. Осыны заңдастыру жөн. Қазақ жер өңдеу, мал өсіру ісіне тікелей тартылып, өз жерінің шын мәніндегі қожайыны дәрежесіне жетуі ләзім. Бұл үшін жер-судың сапасына, пайдалану мақсаттарына қарай әр қожалыққа тиесілі үлестік нормасын белгілеу керек. Үлес алған адамдардың түрлі серіктестік құрып, шаруашылықты жүргізе бастауына бастапқыда мемлекеттік жәрдем беру шаралары мұқият ойластырылуы тиіс. Аграрлық сектор мамандары, заңгерлер, қаржыгерлер өздерінің күллі ақыл-ой, күш-жігерлерін осы бағытқа жұмсаса, оңды болар еді. Сонда, қазақ өз жерін өзі түлетуге кіріскенде, еліміздегі жұмыссыздық пен кедейшілік мәселелерін сәтімен шешу бағытына түсер едік. Осылайша мемлекетіміздің әлемдік елдер палитрасынан өз бояуымен тиісті орнын алып тұруына, жаһандану аранына жұтылмай, ұлттық бітім-болмысын сақтауына, яғни, декларативтік емес, шынайы мәңгілік ел қатарына ұмтылуына мықты негіз салынары кәміл.

Қорыта айтқанда, халық талабына байланысты құрылған бұл мемлекеттік комиссия үкіметіміздің халыққа шын мәнінде қызмет етуіне септесуді аса маңызды, ең басты және ең негізгі міндеті деп санаса ғана ел алдындағы борышын адал өтейді. Отарлық қамыттан ширек ғасыр бұрын мүлдем құтылған халқымыздың ғасырлар бойғы арманы енді орындалуға тиіс. Оған, ауыл шаруашылығы өндірісін халқымыздың өз қолына алып, өз жерінің шынайы қожасы өзі болуын қамтамасыз етуге – тәуелсіз еліміздің өкіметі міндеттенуі керек. Комиссия осындай бағыт ұстанса, сөйтіп билікке сондай ұсынысты жан-жақты дәйектеп берсе ғана халық үмітін ақтайды. Осы бір азын-аулақ ойымызды биік комиссиядағы білікті азаматтардың қаперге алуын қалаймыз.

*16 мамыр 2016 ж.*

## **ЖЕР КОМИССИЯСЫНЫҢ ЕКІНШІ ОТЫРЫСЫ ЖӘНЕ АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕР ЖАЙЫНДА**

Жер реформасы жөніндегі мемлекеттік комиссиясының екінші отырысы 21 мамырда, қоғам белсенділері жұртшылық өз ойларын білдіретін республикалық митинг өтеді деп белгілеген күнде болды. Еліміздегі билік буындарының бұл митингіні «мәселе мемкомиссияда қаралып жатқандықтан, қажетсіз» деп санап, болдырмау бағытында көптеген іс-шараны жүзеге асырғаны мәлім. Басқасын былай қойғанда, электронды ақпарат көздерінің бірқатары бұғауға түсті, ашылмады. Сол себепті Комиссия мәжілісі барысынан бұдан бір апта бұрынғы алғашқы отырыс кезіндегідей жедел хабар, қажет мәлімет алу мүмкін болмады. Ал отырыстан кейін мемлекеттік комиссия төрағасы, премьер-министрдің орынбасары Бақытжан Сағынтаев баспасөз үшін айтқан хабарға қарағанда, мәжілісте жер сату мәселесі қаралыпты.

Жеркомиссия мәжілісінде «жер сатылмасын», сондай-ақ, «жоқ, сатылсын» деген ұсыныстар болған көрінеді. Шама-сы, сату жағындағылар басымдық көрсетсе керек, комиссия мүшелері жерді қалай сату керектігі жайында ойласыпты. Жерді сату үдерісін кім жүргізеді, сонау өкілет берілген қызметкер қандай жерді қанша көлемде сата алады деген мәселелер талқыланған сияқты. Комиссияны басқарып отырған үкімет басшысының орынбасары жер сату бір ғана әкімнің қолында болмауы керек деп есептейді екен. Өйткені халықты «бұл мәселе де толғандырады», сондықтан «оны қоғаммен келісу керек». Жалпы, екінші отырыста айтылған пікірлер мен ұсыныстардың барлығы сараланып, бір жүйеге келтірілмек. Сосын комиссияның осы мәжілісінде құрылып, басшылары сайланған жұмыс топтарында мұқият талқылану көзделген. Осындай мәлідемесінен соң комиссия төрағасы келесі отырыстың күн тәртібінен хабардар етті. 28 мамырда өтпек үшінші отырыста мемкомиссия жерді шетелдіктерге жалға беру-бермеу мәселесін талқылауға кіріспек

екен. «Содан кейін, осы үлкен екі тақырып айтылып, талқыланып біткеннен соң, халыққа шығатын шығармыз, – деді комиссияға басшылық жасаушы вице-премьер, – ол үшін де өзіміздің позициямыз, ұсынысымыз болу керек. Ондай ұсыныс болмаса, жай халыққа бару қисынсыз, олар да біздің ұсынысымызды күтіп отыр».

Міне осылай. Мемлекеттік комиссия төрағасының бұл мәлімдемесіне қарағанда, мәселе құқық, экономика жақтарын қарайтын және заңды түсіндіретін, орындалуын қадағалайтын төрт салалық топта пысықталып алып барып, ел-жұртқа жеткізілмек. Яғни, жер реформасын әу баста нобайланған жолмен жүргізу бағытын комиссия әзірге өзгертепеген. Жер кодексіне енгізілген күдікті баптарға халықтың сәуір айында дүркірей қарсы көтерілуінің түп себептері терең сараланбаған. Демек, жерді қазіргі таңда пайдалану тәжірибелері, жерді сату, шетелдіктерге жалға беру салдарынан болуы ықтимал өзгерістер жөнінде талдауларын, ой-пікірлерін баспасөз беттерінде жария еткен көптеген экономист және заңгер ғалымдардың, саясаткерлердің, қоғам қайраткерлерінің, ел тағдырына бейтарап қарай алмайтын өзге де жандардың айтқандары комиссияда ескерілмеген. Осы жолдар авторының да алғашқы отырыстан кейін жария еткен жазбасы елеусіз қалғаны анық. Яғни, ел тағдырына елеулі әсер ететін күрделі, мәні зор осы мәселеге ең алдымен тарихи әділеттілік тұрғысынан келу қажеттігі комиссияны бұл отырысында да толғандырмаған. Рас, күдер үзу ерте, өйткені, комиссия төрағасы атап айтқандай, белгілі бір түйін жасау алдағы отырыс еншісінде...

Осы екінші отырыс қарсаңында өткен бір маңызды жиында Президент Назарбаев Жер кодексін жетілдіруге бағытталған ұстанымды жер реформасы бойынша құрылған арнайы комиссияның жасап шығатынына сенетінін айтты. Биыл тәуелсіздіктің 25 жылдық мерейлі белесі екенін, осы кезеңде бізге сырттан көз тігіп, сынап қарап отырғандардың көптігін еске салды. «Әлем алдында ұятқа қалмай, күрделі



мәселені сындарлы сұхбатпен шеше алатынымызды паш ете білуіміз керек» деп, даулы заңнаманың халық көңілінен шығатын нұсқасы жасаларына үміт артты. Ал осы күндерге дейін тау баурайынан, су қоймалары жағаларынан, өзге де шұрайлы алқаптардан сатылған жерлердің жалпы жұрттың тыныс-тіршілігіне қандай қолайсыздық туғызғанын көрген халық алғашқы митингілерде өкімет орындарына нақты талаптар қойған. Тап сол талаптарын негіздеп, 21 мамырда да жария етуге бекінгендіктері әлемдік өрмектор желілерінде келтірген пікірлерінен анық аңғарылатын. Алайда республикалық митинг өткен жоқ. Себебі оны билік халықпен тікелей диалог ретінде көргісі келмеді. Сондықтан қалалар мен ауылдардағы тиісті өкіметтік буындар жер реформасына байланысты митинг өткізуге рұқсат етпеді. Алматыда халық жиналмақшы болған басты алаңдарды алдын ала қоршап алып, ешкімнің аяғын бастырмау өз алдына, топталып көшеде келе жатқандарды полиция қызметкерлерінің әй-шәй жоқ ұстап алып, автобустарға күштеп отырғызып әкетуіне жол берді. Осылай еліміздің негізгі де басты заңы боп табылатын Конституция әр азаматқа берген құқықты билік буындары, салалық министрлер, жергілікті өкімет өкілдері жоққа шығарды. Құдды советтік дәуірдегідей, 1986 жылғы желтоқсан айындағыдай, озбыр жазалаушы кейпінде әрекет етті. Яғни, азаматтардың конституциялық құқтарын аяққа таптау жолымен, олар, өкінішке қарай, елімізді әлем жұртшылығы алдында ұятқа қалдырды.

Рас, бүгінгі биліктің бетке ұстайтын, шерулер, митингтер өткізу тәртібі туралы заңы бар. Осы 21 мамыр қарсаңында еліміздің бас полицайы соны алға тартып, рұқсатсыз жиынға жиналғандарды қуып таратуға полицияның қақылы екенін, тәртіпсіздік көрсеткендерге күш қолданылу ықтималдығын айтып алдын ала қорқытқаны бар. Сөйтіп, Конституциядан биік боп шыққан. Шынтуайтына келгенде, заң біткен азаматтардың Конституцияда тұжырымдалған құқықтарын қамтамасыз ету үшін жасалуға тиіс екеніне ешкім шәк келтірмесе керек. Яғни, жұрт митинг өткізгісі келсе, оның алаңсыз,

дұрыс өтуіне күштік құрылымдар қоғамдық тәртіпті қадағалап тұру арқылы септесуге тиіс деген ой өз-өзінен туындайды. Сонда билік халықтың мұң-мұқтажын өз аузынан тікелей естиді. Осылай өкіметіміз өздерінің халықпен бірлігін көрсете алады. Президент Назарбаев атап айтқандай, көп мемлекет «бірлігі болмағандықтан берекесі кетіп, неше жылдық еңбегі зая болып, дамуы кері кеткен». Құдай осыдан сақтасын. Демек, өкіметтің Конституцияны шектеп, бұзуына жол беріп отырған заңның да тездетіп түзетілгені жөн.

Бұл күндері жер үшін шынымен жаны ауыратындардың бәрі өз сөзін айтып келеді, әлі де айтқысы келеді. Соларды билік тыңдаса, естісе, тиісті қорытынды шығарса дұрыс болар еді. Ал комиссия келесі мәжілісінде ұлт мүддесіне шын мәнінде жауап бере алатын қорытындыға келеді деп үміттенеміз.

*23 мамыр 2016 ж.*

### **ҮШІНШІ ОТЫРЫС ТА ӨТЕ ШЫҚТЫ**

Сонымен, Жер реформасы жөніндегі мемлекеттік комиссияның Астанада өтіп жатқан үшінші отырысы да өз жұмысын аяқтады.

Журналистерге арнап қойылған монитордан тікелей жүргізілген видеорепортаж көрсеткендей, бұл мәжілісте ең алдымен, бұған дейін құрылған жұмыс топтары жетекшілерінің атқарған істері жөніндегі алғашқы қысқаша баяндамалары тыңдалды. Сосын комиссия мүшелерінің біразы жерді шетелдіктерге жалға беру, яки бермеу жайындағы уәждерін аян етті.

Мәселен, экономика саласының белгілі ғалымы жерді сатуға да, шетелдіктерге жалға беруге де болмайтынын дәлелдеп, тиісінше кодекске қандай өзгерулер жасалу керектігін нақтылап көрсетті. Ауыл шаруашылығын жүргізудің ескерілуге тиіс түрлеріне назар аударды. Ата-бабамыз аманат еткен қазақ жер-суын келер ұрпаққа тұтастай жеткізудің парыз екенін қадап айтты. Тағы бір экономист қайраткеріміз

жерді шетелдіктерге емес, өз отандастарымыздың шаруа қожалықтарына жалға беріп, жағдай жасау қажеттігін дәйектеді. Жұмысты сөзбұйдаға салмай, бірден халық тілегін орындаудан бастауға алғашқы отырыстан шақырып жүрген қоғам қайраткері жердің тұтастығына қауіп төндіретін аралас неке жайын да еске сала кетті. Сөйлеген ірі кәсіпкердің бірі бұған дейін елімізде жердің дұрыс бөлінбегенін, қорық және аң аулау аймағы ретінде бұрынғы жайылымдарды да қосып қоршап қойған жерлердің тым көп екенін тілге тиек етті. Мұндай ахуалдың агроөнеркәсіп холдингіндегі фермерлерге, малшыларға, омарташыларға, тіпті бұрынғы қалыптасқан жолдарымен жүре алмай қалған қарапайым адамдарға да көп қиындық туғызып отырғанын әңгімеледі. Солай дей келе, өзінің жерді сату және шетелдіктерге белгілі бір шартпен жалға беру жағында екенін айтты. Бір кездері жерді сатуға болмайды деген пікірімен елді елең еткізген байырғы парламент депутаттарының бірі бүгінде қытайлықтарды жер өңдеуге жолатпау жағында және мемлекеттік қордағы жерді сатуға әбден болады деген сенімде екен. Тағы бір азамат тарапынан жерді дамыған мемлекеттерге жалға беру керек деген ой да айтылды. Жерді шетелдіктерге 25 жылға жалға берудің дұрыс екендігін Әділет министрлігі басшыларының бірі дәйектеді. Ауыл шаруашылығының кей салаларында үлкен кәсіпкерлік жасап жүргендердің біразы жерді шетелдіктерге беруді қалай жүзеге асыруға болатыны жайындағы ұсыныстарын білдірді.

Мәжіліс үстінде комиссия мүшелері жер-судың қазіргі таңдағы иелері жайында толық ақпарат алу қажеттігін де көтерді. Дұрыс пайдаланылмаған жерді қайтарып алу тетіктерін сөз етті. Бірақ дұрыс бөлінбеген жерлерді анықтау, оларды мемлекет меншігіне қайтарып алу, әсіресе сатылған жерлерді национализациялау мәселесі, әрине, қозғалмады. Қысқасы, бұған дейін-ақ белгілі болған ойлар жаңаша дәлелденіп, әрбір сөйлегендер бұрынғы мәлім позицияларды өз уәждерімен нығайтып жатты. Және ортақ мәміле жасалған жоқ. Енді, комиссия төрағасының қорытындылауына қа-

рағанда, комиссия мүшелері алдағы уақыттарда аймақтарға, жер-жерге шығуға тиіс. Олар ел ішінде туып жатқан ой-пікірлерді тыңдаумен қатар, түсіндіру жұмыстарын жүргізумен, соның ішінде қытайлықтармен қызметтестіктен сескенудің жөнсіздігін ұғындырумен шұғылданатын сияқты. Сосын барша мәлімет жинақталып, қорытылып, күзге қарай парламентке ұсынылатын шығар.

Үшінші отырыста өткен бұл талқылаулардан да көзге ұрғаны – комиссия мүшелерінің көпшілігі жерді шетелдіктерге жалға беру, сөйтіп шеттен елге инвестиция, жаңа технология әкелу, яғни жерді бос жатқызбай, ұтымды пайдаланып, пайда табу көзіне айналдыру жағында болып отыр. Кодекстегі шүбәлі өзгерістер бойынша ой толғаған мақалалар, билік орындарына бағытталған ашық хаттар, талап-тілектер әзірге ескерілмей, баспасөз беттерінде ғана қалған секілді. Бұл орайдағы күні бүгінге дейін толастамаған пікірлер тасқыны, сондай-ақ осы жолдар авторының да бұдан бұрын, алғашқы отырыстарға байланысты жазғандары құдды «жартасқа барып, күнде айқай салғанның» кері болды да шықты.

Комиссияны қазақтардың жұмыссыздығы мен кедейшілігі мәселелері осы отырысында да толғандырған жоқ. Өстіп, іштей баршамыз үміт артқан аталмыш биік ұжым, біздің байқауымызша, жер реформасының түпкі мақсатына теренірек үңілуді қажет етпеді. Қазіргі таңдағы әр азаматтың жағдайын жақсарту және келер ұрпақ мүддесін қамтамасыз ету жолдарын қарауға алаң болған жоқ. Мәселеге тарих сабағы тұрғысынан келуді, сондай көзқараспен, бірінші кезектегі шара ретінде жергілікті, мемлекетқұрушы ұлттың мұқтаж бөлігін жерге орналастыру керектігін ескермеді. Билік тізгіні отарлаушыларда болған замандарда жер-суынан айрылған жұртымыздың бүгінгі буынын атамекенін гүлдендіруге тікелей тартып, жалпақ қазақ елінің шын мәніндегі қожайынына айналдыру мақсат етілмеді. Тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жолдарын қарастыруды тілейтін осындай әрекеттер арқылы, аңсаған мәңгілік елдің бекем іргетасын қалауға боларын ойына да алмады. Сөйтіп бұлар, бар болғаны, іс

жүзінде патша және кеңес өкіметтері отар елде жүргізген жер саясатын жалғастырушылар (қазақтың өзін емес, жерін көркейтушілер) жағында ғана болып шықты.

Ұлт мүддесін жоғары қойып жүрген қоғам белсенділері өз тараптарынан жер комиссиясының үшінші отырысы барысында полицияның көшеде митингіге келе жатқан адамдарды, ең арғысы, әнұранымызды шырқаған қыздарға шейін ұстап, күшпен алып кеткен қатыгездіктері мен бас прокуратураның «митингіге билікті басып алуды көздеушілер шыққаны» жайында жасаған қаһарлы мәлімдемесіне байланысты орынды алаңдаушылықтарын ортаға салып жатты. Алайда мұндай алаң көңіл жеркомның тегеурінді-үкіметшіл үлкен бөлігіне әсер ете қоймады. Әрі, пәлендей пәрменді шешім қабылдауға қажет мәртебе комиссияда жоқ та болса керек. Сондықтан ба екен, жекелеген мүшелері көтерген өзекті мәселеге, ең арғысы, адамдарды митингіге баруға ниеттенгендері үшін-ақ қылмыскерге балап, ғайбаттаған жалғандықты жаһанға жария етуден қымсынбайтын кейбір телеарнаға қатысты да комиссия кесімді наразылық білдірмеді. Конституцияда тұжырымдалған адам құқтарының осы күндердегі бұзылу себептерін ауызға да алмады, азаматтарымыздың конституциялық құқығын қорғау, сақтау тәртібі мен әлем назарына іліккен теріс іс-дағды мысалдарын талқыға салмады.

Өкінішке қарай, бұның бәрі бізде орын алып отырған парадокстың нәтижесі демеске амал кем. Бұлар қазақтың ұлттық мүддесін қорғауды қазақ елі билігінің борышым деп білмейтіні және сол орайда шынайы демократиялық іс-әрекеттер жасауды ойлауға өкіметтегі сенген адамдарымыздың ықилассыздығы салдарынан туып тұр. Соған назар аударуға, соны түзетуге қозғау салуды тарих, қанша дегенмен, осы мемлекеттік комиссияның мойнына артқан тәрізді көрінеді бізге. Аталмыш Жер комиссиясы алдағы жұмыстарында бұл миссиясын тура түсініп, елді разы етерлік елеулі бетбұрыс жасар деген үмітімізді әлі де үзбейміз.

*29 мамыр 2016 ж.*

## ҚАЗАҚТЫҢ ТІЛІ МЕН ТАРИХЫ – ҰЛТТЫҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ

*Қоғамдық талқылау*

Алтын өзек – ана тіліміз, темірқазық – төл тарихымыз. Мұның қаншалықты маңызды екенін көзіқарақты қауым терең сезінеді. Орта білім жүйесіне күшпен таңылғалы жатқан үштілділікке жан-жүрегімен шырқырап тұрып қарсы шығып жатқан да – қарапайым халық.

Қалың елдің мақсат-мұратын, сол талап-тілегін жоғарыға жеткізу мақсатында «Жас Алаш» газеті Болатхан Тайжан атындағы қоғамдық көрмен бірлесе отырып, осы мәселе төңірегінде қоғамдық талдау ұйымдастырды. Шараға ұлтымыздың ары да, нары да іспеттес зиялыларымыз – ақын-жазушыларды, ғалымдар мен саясаттанушыларды, ұлт патриоттарын, ұстаздарды, БАҚ саласындағы әріптестерімізді, сонымен бірге Білім министрін де шақырдық. Министр келген жоқ. Бірақ өзінен кейінгі ірілі-ұсақты департамент, академия, университет басшыларын жіберудей-ақ жіберіпті. Десанттық топтың құрамында тіпті Мәжіліс депутаты мен бір ауыз қазақша білмейтін, бірақ жалпы мектеп, ұстаз атаулының үстінен сөйлеуге өзін құқылы санайтын орыс тілді мұғалімдер де болды. Алайда министрліктің бұл реформасының қаншалықты «тиімді», «өзекті» екендігін жақтап, оны қорғаштауға тырысқандардың «әләуләйін» жұрт тіпті тындағысы да келген жоқ. Сөздерін бөліп, қарсылықтарын ашық білдіріп жатты.

Бір қуанарлығы, жер мәселесіне байланысты қуғын-сүргіннен кейін меселі қайтып қалғандай болып көрінгенімен, бәрібір елдің рухы сынбапты. Ұлт ұрпағының болашағына қатысты өзекті мәселе қозғалар осынау

жиынға келген халықтың қарасының көптігі және олардың министрлік шабармандарының бұлталаққа салғанына, жалтарғанына қарамастан, сөздің турасын айтып, көзқарастарын ашық білдіргені соны дәлелдей түсті.

Қалай дегенмен де, бұл шараның хабары құлағына тиісімен биліктің оған тыңғылықты «дайындалғаны» белгілі болды. Олар тіпті бірқатар мектеп басшыларын аяғынан тік тұрғызып, үштілділіктің қандай тиімді екендігін оқушыларға айтқызуды тапсырыпты. Сондай шәкірттің бірі: «Мен одан бас тарттым. Өйткені өзім құрметтейтін ұстазым бұл реформаға қарсы», – деп редакцияға хабарласты да.

Қоғамдық талқылауға орта мектептегі үштілділік мәселесімен қатар, «Қазақстан тарихының» жоғарғы оқу орындарынан алынып тасталып, оның орнына «Қазіргі заман тарихы» пәнінің енгізіліп жатқаны да арқау болды. Тарих – ұлт санасын оятатын, ұлттық рухты қалыптастыратын бірден-бір тетік. Ал қазақтың ұйқыдан оянып дүр сілкінгені, өткені мен бүгінін салмақтап, болашағын бағдарлауға талпынғаны бүгінгі билікке тіпті де қажет емес. Сол себепті де «Қазақстан тарихы» тұншықтырылып, жаңа – онда да жалған, қойыртпақ тарих ұсынылып отыр. Рас, барлық мәселені бір адам шешкен бүгінгідей әділетсіз қоғамда ұлт патриоттары да, қарапайым халық та әзірге дәрменсіз. Бірақ, қалай болғанда да, тарих бәрін түбі орын-орнына қояды. Халықтың бір аты – құдай. Көптің алғысы да, қарғысы да Құдайға жетеді. Халықты сыйламағандар, онымен санаспағандар түбі тәубесіне келеді. Қоғамдық талқылауға жиналған жұрттың тегеуріні, айтылған ой-пікірдің тобықтай түйіні – осы.

**Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ, жазушы:**

– Маған Асқардың сөзі керемет ұнады. Негізі, үш тілде білім беру – бұрыннан бар нәрсе. Бірақ ешқашан қазіргідей сорақы түрге өрістеген емес еді.

Өкінішке қарай, біздің қазіргі билік буынында істеп жүрген азаматтар, Асқар айтқандай, далақбайшылыққа ұрынып отыр. Әрі оны қазақша білім алған азаматтар емес, көбіне жаны орыстанған азаматтар істеп отыр. Ондайлар билік буынында өте көп. Олар өздерінің орыстану саясатының құрбаны екенін түсінбейді де. Мұхаң өз сөзінде «Қазақстандық ұлтты тоқтаттық» деп айтып қалды. Шын мәнінде, ол тоқтаған жоқ. Күні кеше Ассамблеяда үлкен кісі: «Біздің арманымыз, алға қойған жоспарымыз – ұлттық емес, азаматтық қоғам құру», – деді. Саясаттың қайда бұрылып бара жатқанын осыдан-ақ аңғаруға болады. Мұны ол өзі істеп жүрген жоқ, толып жатқан кеңесшілері істеп жүр. Ал кеңесшілері – осында, ана жақта, барлық жерде жүр. Өкінішке қарай, олар – қазақтың мүддесін көздейтін адамдар емес. Әйтпесе бәрі мектепте қалыптасатынын ойлайтын еді.

Асқар әдемі айтты, егер қазақтың тілі білім негіздерін қазақша игеруге жарамаса – жай ғана, ауызекі тіл болып қалады деген сөз.

Осы орайда бізге қатты ойлану керек. Егер ұлттық мемлекет боламыз десек, онда барлық мектеп мемлекеттік тілге көшіп, әр ұлт өздерінің ұлттық тілін пән ретінде оқуы керек. Бұлай істеудің орнына, бізде керісінше, «әркім өз тілінде жалғастырады» дегендей бірдеңе айтады. Бұл айналып келгенде, мемлекетті бөлшектеу болып табылады. Мемлекеттік тіл негізгі тіл болмаса, бәрі ырың-жырың болып, бітеді. Әлемдік палитраға өзіміздің ұлттық бояуымызбен ене алмаймыз, орыс губерниясы болып қаламыз. Біздің биліктегі азаматтар бірінші кезекте ұлттық мүддені, ұлттық бейнені сақтау мәселесіне көңіл бөлуі тиіс. Қай қызметке отырса да, тапсырманы орындай бермей, «былай болғаны дұрыс» деген сөздерін айтуы тиіс. Бүгінгі талқылаудың қорытындысы ретінде үлкен бір құжат ұсынуымыз керек. Онда мектеп, жер, тарих сияқты, ұлттық мүддені көздейтін мәселенің бәрін шегелеп жазуымыз керек.

*«Жас Алаш», 1 шілде 2016 ж.*



## **АЙТУЛЫ КҮНДЕРДІ ҚАЛАЙ ҚАРСЫ АЛАР ЕКЕНБІЗ...**

Биыл жыл соңына қарай екі үлкен дата атап өтіледі. Бірінен екіншісі туындаған аса маңызды оқиғалардың алғашқысы – мызғымастай көрінген социалистік лагерь елдерінің басты ұйтқысы боп тұрған алып та қуатты кеңес империясының іргесін шайқалтқан қазақ жастарының көтерілісі. Оған алдағы желтоқсанда отыз жыл толады. Келесісі – тоталитарлық жүйенің көбесі сөгілуі нәтижесінде көгеннен босап, азаттықпен қауышқан елдер қатарында, біздің еліміздің де мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізуі. Биыл жиырма бес жылдығы тойланатын осынау тарихи оқиға қаралы да қастерлі жастар толқуы басталған күннен тура бес жыл өткенде болды. Екеуі де қазақ тарихының мән-маңызы ерекше, елеулі белестері. Қалай қарсы алар екенбіз?

### **ОТЫЗ ЖЫЛ БҰРЫНҒЫ ҚОС ЖАЗБА...**

Жалынды жастарды ұлттық намыс алаңға алып шыққан сонау қаһарлы күндергі оқиғаның бейбіт шеру түрінде қалай басталып, қалай көтеріліс сипатына енгені бүгінде баршаға белгілі. Дегенмен қағаздарымның арасында сақталып қалған екі жазба негізінде сол күндерді тағы есіме түсіріп отырмын.

Бірі – жастар демонстрациясына қатысқан Асхат Құрманбекұлы Белтаев деген азаматтың бертінде, көтерілістің жиырма жылдығы қарсаңында, «Ұлт тағдыры» қозғалысы басқармасына әкеп тапсырған хаты. Хатында ол 1986 жылғы 17 желтоқсанда түстен кейін жолдастарымен бірге Алматыдағы Жаңа (Брежнев атындағы) алаңға келгендерінде өздері куә болған оқиғаларды баян еткен. Әскерилер, милиционерлер мен халық жасақшылары жастарды «алаңға жібермей қуалап, ұрып-соғып, құлағандарды сүйреп әкетіп жатыр

екен». Солар бейбіт қыз-жігітті «тұяқ серіппейтін қойдай көріп басынып бара жатқаннан кейін» бұлар да қарсы әрекетке көшеді. Жасақшылардың «кейбіреулерінің қолындағы қаруларын тартып алып, қарсыласуға тура келді» дейді ол. Содан, өкімет сақшыларымен шайқасудың бірер үрейлі сәтін бастан өткеріп, Асхат, ақыры, қас қарайғанда қасындағы екі жолдасымен жатақханаға қайтпақ болады. «Сол кезде Сәтбаев көшесіне жарықтарын сөндіріп тастаған автобустар келіп тоқтап, ішінен шыққандар тротуарға сапқа тұрып жатты». Бұлар көшенің қарама-қарсы жағынан қарап тұрды. «Окружаем!» деген бұйрықты естіп», олардың жасақшылар екенін түсінді. Жасақшылар «Сәтбаев көшесіндегі қыз-жігіттерді арт жағынан қоршап алды. Алаң жақтан күшті прожекторлар айқастыра жарық түсіріп, жарқылдап жатты. Дауыс зорайтқыш қосылды да: «Жастар, сендерді мұнда нашақорлар мен маскүнемдер бастап келді...» деген сөздер естілді. Алаң жақ у-шу, азан-қазан дауыстарға толды. Сөйлеушінің сөзін қыздардың шыңғырған дауыстары басып кетті. ...Біз жатақханамызға қарай кеттік». Олар жолда аяғы зақымдалған құрбыларын екі жағынан сүйемелдеп әрең жүріп бара жатқан қыздарды көріп, автобуспен ауруханаға жеткізіп салады. Ал өздері қайтқаннан кейін «алаңда не болғанын ертеңіне естідік» дейді ол. Қоршаудан қашып құтылған жігіттердің айтуынша, «алаңға жастардың бәрін өткізіп жіберіп, қоршап алған соң, солдаттар оларды күрекпен, темірмен, дубинкалармен ұра бастаған. Кейбір жігіттер солдаттардың суық қаруларын тартып алып, өздеріне сілтепті. Сонда әскерилер қарсылық көрсеткендерді аяусыз ұрып-соғып, тепкілеген, машиналарға тиіп, қаланың сыртына апарып тастаған» көрінеді. Сондай қатыгездіктер салдарынан көп жас мүгедек болып қалған. Оқиға басылғаннан кейін жұмыстан, оқудан, жатақханалардан шығарып қана қоймай, «үндерінді шығармаңдар, көздерінді жоғалтыңдар, қаладан кетіңдер, өйтпесеңдер соттаймыз» деп қорқытып, астанадан кетуге мәжбүрледі емес пе. Жатақханалар қаңырап бос қалды». Осыларды айта келе, желтоқсаншы жігіт ха-

тын былай аяқтапты: «Сіздер түсініңіздер, Желтоқсан оқиғасына қатысқандардың бәріне бірдей үй, ақша емес керегі. Бізге керегі – шынайы шындық. Әлі күнге дейін өзіміздің тіліміз, өзіміздің шындығымыз, құқығымыз ұлттық сипатта емес. Мені қазір ойландыратын нәрсе – біздің істей алмағандарымыз балаларымызға салмақ болмай ма, әйтпесе, тіпті, немерелеріміз мәңгүрт болып кете ме деп қауіптенемін».

Асхатты оқиғадан жиырма жыл өткеннен кейін де толғандырған жәйтті менің қолымдағы екінші айғақ – сол дүбірлі желтоқсан күндері жоғарғы жақтарға жолданған хаттардың бірі толықтырып тұр еді. Дұрысында, хаттың түпнұсқасы емес, жолма-жол тәржімесі. Оның менің қолыма тию сыры мынадай. Оқиға кезінде Жоғарғы Кеңес Төралқасының аппаратына түскен хаттардың біреуін тез орысшалап беру маған тапсырылды. Төралқа Төрағасы тосып отыр, шұғыл жасап, тікелей өзіне апарып беруім керек делінді. Машиналаған жолма-жол тәржімемнің бірінші данасын түпнұсқамен бірге Төрағаға алып кірдім. Ол аударманы көз жүгіртіп шолып шықты. Көңілсіз үнмен «іздеп табады ғой» дей салды. Биік лауазымды кісінің, сыр бермегенмен, қобалжулы екенін аңдадым. (Тағы бірнеше күннен кейін мен оның алдына өзімнің аппарат партия жиналысында сөйлеген «бейсаяси» сөзім үшін «ұлтшыл» атанып, басыма бұлт үйірілген жағдайыма байланысты бардым, сонда ол кісі менің сөзімнің мәтінін талдай отырып, ахуалдың ауырлығын, жоғары лауазымдағы жауапты қызметкерлердің Мәскеудің бақылауында екенін айтып қалды.) Хаттың тәржімесі арнайы органға жіберілетін шығар деп іштей ойладым. Солай болды ма, жоқ па – білмеймін, бәлкім, келешекте сол хат зерттеушілерге кезігер, сәті түссе, тағдырын анықтар, хат иесіне, егер кеңестік құпия полиция оны тапқан болса, қандай шара қолданылғанын шамалар. Әлде аноним авторды іздеп тапқаннан бұрын демократиялық өзгерістер орнап үлгерді ме екен? Бәлкім, хат иесін іздестіру жұмысы аяғына жеткізілмеген де шығар...

Соңына «Сәлеммен, Сарқ...» деп жазылған, іс жүзінде авторы анық көрсетілмеген, республика парламенті бас-

шысына 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі күндері жолданған хаттың менің қолымда сақталып қалған жолма-жол тәржімесі мынау: «Уважаемый товарищ Мукашев Саламат. Я беспокою вас по нескольким причинам. Во-первых, в нашем Казахстане два города – два областных центра носят имена презренных царей. Царство не принесло ничего кроме гнета и эксплуатации. А мы увековечиваем имена этих ненавистных эксплуататоров. А разве это не означает то, что мы поддерживаем колонизаторскую политику царского правительства. Не означает ли это самоунижение. Мы на своей земле совершаем такое предательство. А ведь эти города имеют же древние казахские названия. Петропавловск – это наш Кызылжар. Павлодар – наш Кереку. Должны же носить эти названия. Или мы боимся называть так. Боимся говорить на своем языке, боимся придерживаться национальных обычаев. Поскольку произведены на свет божьи, приниженно ходим с желанием лишь бы жить. Не используем подходящие для себя положения революции и национальной политики великого Ленина. Боимся даже пользоваться статьями Конституции. Поэтому уходит в небытие само название казах. Ведь как можно назвать того, не знающего казахского языка, казахом. Это ведь не казах, а мазах, дразниловка, объект смеха. Объект обидной дразни, иронии для других национальностей. Язык – это мысль народа, самое драгоценное, самое дорогое его богатство. А наши дети стыдятся говорить по-казахски, и даже не знают. Это определило неверное правление нашего руководства. Вместе того, чтобы поднимать собственный народ, его же принижают. Теряется перед другими национальностями и само по себе оказывается под ногами. В страхе перед «великим» народом, потеряли и языка. Конечно и они знают унижать кого. Мы так и готовы упасть перед ними, и впредь будем, наверное, падать. Потому что ни в одном высшем учебном заведении не проводится учеба на казахском языке (несколько институтов в Алма-Ате не в счет – если смотреть в рамках республики), можно сказать, что отсутствуют казахские детские сады. А ведь если

не учить человека своему языку с детских лет, невозможно потом научить. Самое правильное, в каждой республике должен быть государственным языком – язык основной, коренной национальности. Все собрания, съезды, конференции надо проводить на своем языке. Государственное делопроизводство должно вестись на казахском языке. Только тогда все пятнадцать республик, составляющие Советский Союз, смогут постичь завоевания национальной политики великого Ленина. Потому что Ленин говорил так: «Мы воспитываем массы в духе отрицания государственных привилегий какой бы то ни было нации». А в нынешней обстановке по всей стране русский язык стал обязательным государственным языком (разве одно это не привилегия?). Есть равенство на словах, на деле нет никакого равенства. Наша свобода потеряна с тех пор, как присоединились к России. Наша свобода осталась под сапогами русских казаков. Потому что многие нынешние русские ведь являются потомками тех казаков. Их отцы, стоило одному казаку войти в их деревню, загоняли их собаками и убивали. Зная подобные вещи, о какой дружбе можно говорить? О какой свободе? Главной целью русского царства было уничтожение казахов как национальности. Поэтому оно открывало русские школы, хотело, чтобы казахские дети забыли своего языка и стали русскими. А мы называем это прогрессивным проявлением. Тех казахов, которые хотели сохранить своего языка, называли «невеждами». А они были настоящими патриотами. Если говорить в общем, История СССР (которая обучается в школе) разве не является полностью историей России? Это ведь история русского царства. А где история собственной нашей страны? Отчего мы обязаны знать жизнедеятельность русских царей, и не знать жизнедеятельность казахских ханов? Почему все наши крупные библиотеки названы именами русских писателей? Почему имена наших великих акынов и певцов не присвоены никуда? Когда думаешь обо всем этом, становится больно. Важной задачей нашего времени является увеличение численности казахов. Для этого необ-

ходимо создать условия для приезда казахов из-за рубежа (особенно из Китая и Монголии). Или надо позвать братьев из России, Узбекистана, Туркмении. В этом отношении много работ образцовых проводятся в Армянской ССР. Армяне, никого не страшась, способствуют приезду своих братьев из зарубежных стран. Настоящие патриотические люди. Они умеют сохранять свою национальность. Поэтому и уважают армян. Когда я пишу это письмо, слышу, постоянно в разных местах случаются стычки между русскими и казахами. Это обострение с каждым днем возрастает. В такое время, когда возросло национальное самосознание нашего народа, необходимо предпринять правильные меры. Например, если в Рудном казахов 3 процента, следовательно, 97 процентов русских. Как это можно назвать Казахстаном. Когда в республике будет 80-90 процентов казахов, это будет Казахстаном. Под лозунгом освоения целины, покорения космоса наша земля обжита столькими русскими. Как бы мы ни скрывали национального вопроса, этот вопрос ныне очень обострился, наболело. Возможно этого не знает руководство республики. Но мы – простые казахи – этого глубоко поняли. Необходимо принимать энергичные меры, не направляя это письмо туда-сюда, и в конце концов не теряя. Если даже исчезнет это письмо, не исчезнет проблема. Недовольство нарастает. Не почувствует это лишь человек слепой и глухой. Не надо ждать обострения обстановки и движения народа, надо думать о народной нужде. С приветом Сарк...»

Сексен алтыншы жылдың желтоқсанындағы қаһарлы күндер жөнінде толқи отырып жазған хатында белгісіз автор, аңғарғаныңыздай, көп көңіліндегі, бірақ соған дейін ешкім ашық айтпаған мәселелерді көтерген еді. Езгі мен қанаудан басқа, халқымызға түк те әкелмеген «қарғыс атқан патшалар» есімімен Қазақстанда екі облыс орталығының аталатынын еске салып, олардың ежелгі қазақы атауларын қайтармауымыз – патша үкіметінің отарлау саясатын қолдайтынымыздың белгісі емес пе деген сауал тастаған. Мұндай жағдайдың сақталуы өзімізді өзіміз кемсітіп, қор-

лауымыз болып табылмас па екен деп қынжыла келе, өз халқымызға біз осындай сатқындық жасап отырмыз деп түйген. Себебін іздеген. Сөйтіп ол хатында жер-суымызды қазақша атауға қорқамыз, өз тілімізде сөйлеуге қорқамыз, ұлттық әдет-ғұрыптарымызды сақтауға қорқамыз деп күйінген. Күйіне келе, «революция қағидаларының, ұлы Лениннің ұлт саясатының» ұлттық мүддемізге сәйкес келетін ережелерін пайдаланбаймыз, тіпті Конституцияның ұлт мүддесін қорғайтын баптарын қолдануға қорқамыз дейді. Сондай жасқаншақтығымыздың салдарынан қазақтың өзі де жоғалып барады деген қорытындыға келеді. Сосын ұлт тілі тағдырына тоқталады. Тілдің халықтың ақыл-ойы, ең құнды, ең қымбат байлығы екенін айта келе, қазір балаларымыз қазақша сөйлеуге ұялатынды шығарды, тіпті білмейді де, ал қазақ тілін білмейтінді қалай қазақ деуге болады деп күдер үзе сөйлейді. «Ұлы халық» алдындағы үрей салдарынан тілімізді жоғалту алдында тұрғанымызды, іс жүзінде ұлттар теңдігіне қол жеткізбегенімізді өмірдегі мысалдар арқылы талдайды. Мұндай жағдайға ұшырауымыздың себебін біздің басшылығымыздың өз халқын көтерудің орнына, төменшіктетіп, елді бұрыс басқаруында жатыр деп санайды. Сырт елдердегі ағайындарға есік ашу керек дейді, бұл орайда армяндарды үлгі етеді. Жергілікті негізгі халықтың тілі мемлекеттік мәртебе алуға тиістігін, барша жиын біткен сол мемлекеттік тілде өткізілуі керектігін, сонда ғана лениндік ұлт саясаты көздеген биікке Совет Одағын құрайтын он бес республиканың да жете алатынын айтады. Өзі арнайы жолдап отырған осы хатты онда-мұнда жіберіп әуреге түскеннен, сөйтіп ақырында жоғалтып тынғаннан гөрі, шиеленісіп бара жатқан ұлттық мәселені, халықтың мұң-мұқтаждықтарын шешу жолдарын ойластырған жөн болмағын айтады. Хат жоғалғанмен, өзекті ұлт мәселесі жоғалмайды деп қорытады...

Міне, осылай. Биліктің отаршылдық ұсқынын айқын көрсетіп, отар елде дөрекі күшпен, әскерилердің қатысуымен жүргізген жазалау, бағындыру, жуасыту шараларын еске

салған және отаршыл өкіметтің ұлт мәселесін жылы жауып қойып, республикамыздағы жағдайды шиеленіске тірегенін айтқан екі жазба. Екі жазбаны да өмірге әкелген бір сезім, баршамызға ортақ болуға тиіс қазақ ұлтының мүддесі, ортақ тілек, әр азаматтың кеудесін кернеген ұлттық намыс...

### ОТЫЗ ЖЫЛҒА ТАҚАЛҒАНДА...

Желтоқсан көтерілісінің дұрыстығы мойындалып, қайғылы іздеріне құрметпен қарай бастаған шақта Тәуелсіздік декларациясы қабылданды. Одан бір жыл өте, мемлекеттік тәуелсіздігіміз жарияланды. Егемен ел болғанымызға, міне, биыл жиырма бесінші жыл. Ширек ғасырға тақалған осынша уақыт бойы еліміз қилы оқиғаға толы даму жолынан өтті. Экономикалық реформалар жүргізілді, қоғамдық меншік атаулыны жеке меншік ығыстырды. Базар экономикасын жасау жолындағы жақсылы-жаманды өзгерістер ел өмірін күрт өзгертті, жаңартты, жақсартты. Әлемдік деңгейде танылды. Демократияның салтанат құруына өлшеусіз зор үлес қосқан желтоқсаншылардың жанкештіліктері құрметіне ескерткіш тұрғызғанбыз. Бүгінде олардың бірнеше қоғамдық бірлестігі бар, жұртшылықпен кездесулер өткізеді, түрлі мәселеге өз көзқарастарын білдіріп, үн қосып жатады. Және сол Сексен алтыдағы көтеріліске саяси баға берілуі қажеттігін де әрәдік еске салып қояды. Сондайда көкейге бұл тарихи толқу шынымен де шыққан биіктеріміздің көлеңкесінде қала берер ме екен деген ой оралады. Осы ой жоғарыдағы хаттар мазмұнына тағы бір үңілтті. Бұлардың отыз жылдан кейін де толқытуының сырын ұққым келді. Қызығы, бұлар менің өзімнің де сол шақтағы ойларыммен бір арнада тоғысып жатыр еді, шамасы, мәселе сол бір үндестікте жатқан шығар деп ұйғардым. Оқиғадан кейін араға бір апта салып өткен Жоғарғы Кеңес Төралқасы аппаратының партия жиналысында мен оқиға күндері елге қорған болуға тиіс милицияның, жан-жақтан әкелінген әскердің жазалаушылар мен жуасытушылар деңгейіндегі әрекеттерін сынға алған едім. Ал жастар қозғалысын туғызған себептердің қатарын-



да қазақ тілінің мүшкіл жағдайын ауызға алғанмын. Оның орыс тілді мектептерде тек қазақ балалары үшін ғана, оның өзінде сауат ашуға да жарамайтын деңгейде, формальді түрде өткізілетініне қынжылғанмын, жас ұрпаққа интернационалдық тәрбие берудегі маңызды шараны республика оқу органдарының осылайша бұзып, дұрыс жүргізбей отырғанын айтқанмын. Жалпы, барша қызметкерлер мен адамдар санасында бір-біріне қарама-қарсы сезімдердің – ұлттық сипатты көрсететін ұлттылық пен ұлттық шектелу белгісі тәрізді ұлтшылдықтың, отансүйгіштікті білдіретін патриотизм мен шектен шыққан ұлттық астамшылық көрінісі ретіндегі шовинизмнің, ұлттар арасындағы достық ретінде түсінілетін интернационализм мен ұлттық тамыр атаулыны мойындамайтын космополитизмнің арасына теңдік белгісі қойылып кеткеніне өкініш білдірген болатынмын. Өкіметтің ұлт мәселесін жылы жауып қойғанын жоғарыда жолма-жол тәржімесі келтірілген хат иесі де атаған. Сол кезгі ұстанымға сай ол да, мен де тал қармағандай боп, революция мен ұлы көсемге жүгінген екенбіз.

Баршамызға мәлім, 1985 жылғы көктемнен өмірімізге Жеделдету, Жариялылық, Қайта құру сынды ұрандар ене бастаған, алайда сөз бен істің алшақтығы 1986 жылы Алматыда басталып, еліміздің көп өңірін шарпыған Желтоқсан көтерілісін туғызды. Қасіретті оқиғаны «Кіші Отыз жетінші жыл» науқанына ұластырды. Науқан билеуші партия 1987 жылдың қаңтарында қайта құруды жаңа мемлекеттік идеология ретінде жариялағанда да бірден басыла қоймады. Дегенмен, біршама уақыт өткен соң, біздің республикамызда да демократия лебі есіп, жаңа саясат ашық алаңға шықты. Желтоқсан мәселесі бүкілодақтық халық депутаттары съезінде көтерілді. Сотталған желтоқсаншылардың алды орала бастады. Тіл жөнінде заң қабылданды. Көңіл жадырап, ел ішінде серпіліс туды. Қазақ мектептері желісі көбейді. Одан тәуелсіздік келді. Елдік мұраттар ашық айтылып, жабық боп келген тарих беттері зерттеуге түсті. Жазықсыз жазаланған ардақты есімдерді ақтап, ұлықтауға кірістік. Не керек, ұлт-

тық рухты асқақтатып, азаттықтың ғажайып мүмкіндіктеріне сүйсінетін тамаша кезең өріс алды.

Сосын көңіл құлазытатын бастамалар көтерілді. Бұлар қазақша сауаттары ашылмаған, тиісінше, ұлттық мүддеден мақұрым, есесіне орыстың тілі мен мәдениетін еркін меңгергендіктерін мақтан ететін, өздерін әлем азаматтары қатарында санайтын, ашығын айтқанда, патшалық және кеңестік империялар қилы амал қолданып жүргізген пәрменді орыстандыру саясатының құрбандары болып табылатын топтар тарапынан көтерілді. Олар социализм арбасынан лып етіп капитализм арғымағына ауысып мінген де, базар сұранысына сәйкес келетін, қоғамымыздың келешегі іспеттенген жаңа тұрпатты кәсіпкерлер дәрежесіне жетіп алған. Міне, солар әуелі паспорттағы ұлт туралы графаны алып тастауға шақырды. Олардың ойынша, біздің елімізде тұратын әркім үшін ұлтын мемлекет атауына сәйкестендіріп, қазақстандық деп көрсету керек көрінеді. Жұрт дүр сілкініп, мұндай шалдыр-батпаққа тосқауыл қойған. Алайда әлгі әлем азаматтарының мойымай жүргізген лоббистік әрекеттерінің әсері ме екен, Халық ассамблеясы осы «қазақстандық ұлт» аталу идеясын ел бірлігін қамтамасыз етеді деп санап, арнайы доктрина жобасын жария етті. Дәйексіз, залалды құжат ретінде, бұл да жұртшылықтың елеулі қарсылығын туғызды. Сол шақтағы жағдайға орай, көппен бірге маған да әрәдік өз пікірімді білдіруге тура келген. Өзектілігін бүгін де жоғалпаған сондағы жазбаларымның бірі мынау еді...

«ЕЛ БІРЛІГІНІҢ ШАРТТАРЫН ДӘЛ АЖЫРАТАЙЫҚ, «Қазақстанның ел бірлігі доктринасы» жобасына мындаған адам қарсылығын білдіріп, Президент Нұрсұлтан Назарбаевқа Ашық хат жолдаған еді, ал ақын және ұлт қайраткері Мұхтар Шаханов бастаған көптеген азаматтың билік пен жұртшылық назарын осынау өзекті мәселеге тағы бір мәрте аударып, бұдан бұрынғы Тіл акциясы мен Ашық хатта көтерілген мәселелерді шешу сиырқұйымшақтатылған жағдайда өздерінің атақты азаттық көтерілісі басталған 17 желтоқсан күні аштық жариялайтындарын мәлімдеді.

Мұның ешқандай да жайбарақат қарауға болмайтын ахуал екені кәміл. Бірақ оған біз білетін биліктің аса жан ауырта қоймайтыны, тіптен мүлдем жайбарақат қарайтыны анық. Оны айтасыз-ау, керек десеңіз, тіпті, «ит үреді, керуен көшедінің» керін келтіруі әбден ықтимал. Әлдекімдер аштық жариялады екен деп, алған бағытынан соған бола қайта бермейтінін билік басындағылар көптен көрсетіп келеді. «Аштықпен қорқытып, айтқанын орындатуға тырысу – біздің халқымыздың әдетінде жоқ қылық» деген желеумен, азаматтардың сондай соңғы тұяқ серпуге барып, өлімге бас тігуіне өкімет пысқырып та қарамайды. Ондай көзқарасына талай мәрте куә болғанбыз. Шетін шешімін жария етіп, арнайы мәлімдеме жасаушылардың мемлекеттік маңызы жоғары мәселені күні кеше, тіл акциясында көтергеніне де елеңдемеген. Соны еске алғанда, билік тап осы жолы да сескене қояр, ұялар, қандай да бір оң шара алар деп ойламаймын...

Мен өз басым аштық акциясының орын алмауын қалаймын. Яғни өкіметтің, дегенмен, аштық акциясының алдын алуын қалаймын.

Сондықтан да биліктің бар тармағындағы, әсіресе парламенттегі азаматтарға, көпшілік көңілінен шықпай отырған жобаны қабыл алған Ассамблея мүшелеріне, бүгінде оны қолдап, жер-жерде үгіт-насихат жұмысына білек сыбана кірісіп кеткен белсенділерге қаратып өз ойымды айтуды және мемлекеттік билікке де, барша ел тұрғындарына да тиімді ұсыныс білдіруді мақұл көріп отырмын.

Биліктегі, билік тармақтарына тақау буындардағы, ықпалды қоғамдық ұйымдардағы мырзалар мен ханымдар, егер олар шын мәнінде адал мемлекетшіл болса, тарихи әділеттілік мәселелерін парықтауға шынымен ықыласты болса, Қазақ Елі алдындағы азаматтық парызын айқындап алудан бастартпайтын болса, шынымен де туған халқы мен елінің қазіргі және болашақ тағдырына алаңдап, жаны ашитын болса, мына жәйтке тереңірек ой жүгіртуін қалар едім...

Он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысы мен жиырмамыншы ғасырдың басында қазақ жеріне жұмыс істеуге

келген империя чиновниктерінің мынандай жәйттер тұжырымдалған катехизисі болды:

1) отарлардағы чиновниктер өздерін орыс элементтері енді-енді ғана енгізіліп келе жатқан Азияда тұрамыз демей, азиялық көне ғұрыптар мен әдеп-әдеттер әлі де уақытша сақталулы орыс аймағында өмір сүріп келеміз деп санауға тиіс;

2) барлық жерде орыс аты мен орыс мүддесі жетекші орында тұруға тиіс, қазақтарды орыс атымен аталатынның бәріне құрметпен қарайтын рухта ұстау керек;

3) қазақтар оларды жақын болашақта, тіпті мұсылман дініне сенетін болып қалса да, кәдімгі орыс шаруалары жасалатын материал ретінде ғана қызықтыруға тиіс;

4) қазақтарға берілер жол біреу ғана – не жалпыимпериялық азаматтық үлгіде орыстармен сіңісіп кету, не жойылып-жоғалу;

5) егер бұған бағынбауды ойға алатындары бола қалса, олар не жер-суы жоқ қайыршы боп, өліп таусылады, не Россия олармен ат-құйрығын үзіседі;

6) мұның бәрін отар чиновнигі әрдайым миында ұстау керек, артық-ауыс әңгіме қозғамай, дабыралатпай, іштей ғана біліп, табанды түрде жүзеге асыруға тиіс.

Отарларында осындай көзқараспен әрекет еткен патшалық әкімшілігі қазақтардың белгілі бір бөлігін орыстандыра алды, бүгінде олар ұлы орыс халқының ажырамас бөлігіне айналды.

Монархия тарих сахнасынан кеткеннен кейін, кеңес өкіметі оның отаршыл саясатын әшкерелеп, ә дегенде қазақтың ұлттық құндылықтарын жаңғырту мәселелерін қолға алды. Алайда, көп ұзамай-ақ, қазақ елін жаңаша отарлау және қазақтарды жаңа тұрпатта орыстандыру мақсатын көздеді. Тәтті де алдамшы ұрандарын алға тартып, неоимпериялық сара жолға түсті. Олар көп нәтижеге қол жеткізді, нәтижелерінің бірегейі – орыстандыру саясатының құрбандарын жаңа тұрпатты, озық ойлы, интернационалист жандар ретінде дәріптеп, аса маңызды саяси элита деңгейіне көтерді, күл-

лі ел тағдыры негізінен солардың қолдарына шоғырландырылды...

Кеңес өкіметінің қозғағыш күші – революцияның алқызыл туын жамылған большевизм болатын, ол күллі кеңестік реформаны өмірге енгізуші және алға апарушы локомотив еді. Большевизм орыстандырудың «кеңес ұлты» деген тұрпатын ойлап тапты, онысы әлем қоғамдық пікірінің сынына ұшырағанда, райынан тез қайта қойып, басқаша сайрады. Бір шаңырақ астына біріктірілген халықтар қауымдастығын нобайлайтындықтан, тарихи шындыққа келіңкірейтін, сондықтан да көпшілік қарсылығын туғыза қоймайтын «кеңес халқы» деп аталатын терминді өмірге енгізді.

Хрущевтің әйгілі ұранында айтылатын «коммунизмге баршаға ортақ бір ғана орыс тілімен бару» қағидасын басшылыққа алған большевизм жалпақ елде тұратын халықтардың баршасына орыс тілін «екінші ана тілі» ретінде мойындатты. «Адам факторына» ерекше мән берді, «совет адамы» тұлғасын дәріптеді, «жаңа адам тәрбиелеу» мәселесін күллі идеологиялық жұмыстарының өзегі етті. «Түрі ұлттық, мазмұны пролетарлық (социалистік, турасын айтқанда – ұлыорыстық)» мәдениет дәріптеліп, орыс тілінде тіл ашу, оқу, жұмыс істеу, жалпы, күн көру үшін орыс тілін білу қажеттігі жүзеге асырылды.

Орысша жасалған әдебиет пен өнер, ғылым туындылары мен олардың авторлары кеңінен танылып, империялық түпкі мақсатқа қызмет етуге тиісті жемісін беріп жатты.

Кезінде туған елінен революция толқыны аластаған ақгвардияшы-эмигранттар өздері армандаған «біртұтас және бөлшектелмейтін Россияны» большевиктердің құрғанын Сталиннің көзі тірісінде-ақ мойындап, шампан ішіскен еді. Бертінгі лениншіл-большевиктер күллі халықтарды «Ұлы Русь біріктіргенін» Кеңестер Одағының гимніне шегелеп жазып, жаңа тұрпатты «біртұтас және бөлінбейтін Ресей» туын асқақтатты. Егер кезінде сондай жағдайға жету үшін күрескен ақгвардияшылардың көсемдері сол шақта тіріліп келе қалса, сөйтіп ғайыптан, Кеңестік Қазақстан аталатын,

күллі ресми өмірі орыс тіліне құрылған елді көре қалса, қуанғаннан жылап жіберер ме еді, қайтер еді...

Құдай сақтап, мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткіздік. Өкініштісі, бүгінгі тәуелсіз еліміздің билігі кешегі империялық Кеңес Одағы тәжірибесін егемен Қазақ Елі ауқымында тікелей де, боямалы алдамшы жолмен де қайталай бастады. Мұндағы саяси қулық жайында және оның антихалықтық мазмұны хақында Тіл акциясында, Елбасына жолданған Ашық хатта, аштық жариялауға бел буған азаматтардың Мәлімдемесінде жеткілікті дәрежеде түсінікті етіп айтылды. Мен өз тарапымнан бұған төмендегідей бірлі-жарым пайым қоспақпын.

Менің ойымша, әділетті және интеллектуалды Қазақстан құруға атсалысып жүрмін дейтін азамат әрдайым тарихтан сабақ алып отыруға тиіс. Ал шын тарих қазіргі Қазақстанның өз-өзінен осындай кейіпте қалыптаспағанын, оны солай етіп «лениндік ұлт саясатын» жүзеге асырушылардың қалыптастырғанын, тиісінше, тілдік проблемаларға қазақтың өзі емес, соның атымен жәдігөй саясат жүргізген аяр саясаткерлердің айыпты екенін, демек, тілдің бүгінгі тағдыры мен жасанды ұлт жасау мәселелерінің де шешімі халықтың қолында емес екенін көрсетеді. Халық арасына барып, жұртты орыс тілі негізінде ұйыспақ қазақстандық ұлт идеясын «ел бірлігі» деген әдемі сөздермен өмірге енгізуге тырысып жүрген билік қызметшілері халықтың емес, халықтың шынайы пікірімен санаса бермейтін биліктің қамын ойлап жүр. Өкінішке қарай, бұл солай. Олар өз айтқандарын халыққа қайткенде мойындатып, «женуді» мақсат етеді, өйткені жеңімпаздың ештеңеге жауап бермейтінін анық біледі. Олардың тарихтан өздерінше алған сабағы сондай және оларының, мойындау ләзім, жаны бар...

Қазақ мемлекеттілігімізді жаңғырттық деп қуанған 20-жылдары кеңес өкіметі оны жаңаша ауыздықтады: перманентті аштық саясатымен көшпенді жұртты ұлттық апатқа ұрындырды (қазақ 17–18 жж. жалпы мөлшерінің бір ширегін, 21–23 жж. тағы бір ширегін, ал 31–33 жж. аштан қы-

рылғаны бар, шетке кетуге шамасы жеткені бар, жарты санын жоғалтты), орталықтан, Сібірден қазақ жеріне көшіп келіп, қоныстанушыларға, қазақ сүйегі үстіне жаңа өмір құрушыларға есікті айқара ашып қойды, индустрияландыру, тың игеру кезеңдерінде республикаға өзге жұрт өкілдерін топырлата төкті, алып даланы концентрациялық лагерьге айналдырып, казармалық социализм көрігін қыздырды, азаматтарды жазықсыз саяси қуғын-сүргінге ұшыратты (кеңес өкіметі тұсында 340 мыңнан астам жазаланғандар, соның ішінде «үлкен террор» жылдары 120 мыңдай сотталғандар мен 25 мыңдай атылғандар тәуелсіздік жылдары ақталды), қазақтың қасіретті тарихын өзге түгіл, өзіне де білгізбеді. Солары үшін жалпы кеңестік билік те, Қазақ Республикасының қуыршақ үкіметі де ешқандай жауапқа тартылған жоқ, олардың қылмысқа парапар қызметіне тәуелсіз мемлекет тарапынан саяси баға берілмеді. Бұл жәйт біздің бүгінгі антихалықтық насихат жүргізушілеріміздің сеніміне сенім қосып, бойларына қуат беретін тәрізді...

Жер-суы мен халқы Орта Азиядағы 1924 жылғы ұлттық-аумақтық межелеуден соң бір шаңырақ астына топтастырылған уақытта республика тұрғындарының үштен екі бөлігінен астамын қазақ құрайтын. Сол кезде биліктегі қазақ азаматтары «1920 жылы жариялануын жарияланғанмен, шынайы келбетіне ие бола алмаған ұлттық республика үшін ұдайы күресумен жүргендерін, енді, екі өлке жер-суы жұртымен бірігіп, халықтың алпыс сегіз пайызы қазақ болуы бұл күрестің аяқталуын көрсетіп тұрғанын, осы сәттің оны – ұлттық республиканы – жасау жолындағы жасампаз жұмыстың басталуын білдіретінін» айтқан еді. Алайда ондайды – шын мәніндегі ұлттық республиканың орнауын қаламайтын жаңа тұрпатты отаршылдар оларды тез биліктен тайдырды...

Орыстандыру мен отарлау саясаты жеңісті шыңына шыққан елуінші жылдары қазақ республика тұрғындарының үштен біріне де жетпей қалды.

Тәубе, одан бері қазақ демографиялық дүмпу үдерісін бастан кешіп, 1924 жылғы жағдайға сексен бес жылдан ке-

йін қайта жетті – 2009 жылы қазақтың үлес салмағы барлық халықтың үштен екісінен асты. Тағы да шын мәніндегі ұлттық республика жасауға қолайлы тарихи сәт туды.

Шын мәніндегі ұлттық республика жасауға 1925 жылы мүмкіндік берілмеу себебі – шынайы билік жаңа отаршылдардың қолында тұрған. Ал енді ше? Әлем мойындаған мемлекеттік тәуелсіздігіміз қолда тұрған 2009 жылы неліктен ондай мүмкіндікті пайдалана алмай отырмыз?

Оның себебін жамап-жасқап, жасырудың енді еш қисыны қалмады – мәселе тәуелсіздік алған елдің билік тұтқаларын отаршыл Ресей іргетасын қалаған, Кеңес Одағы үстемелей жүргізген орыстандыру саясатының құрбандары ұстап отырғанында жатқан тәрізді. Олар елімізді іс жүзінде ескі отар ауқымы мен ахуалында ұстауға тырысуда. Арамыздағы орыс диаспорасын отаршыл Ресейдің бесінші колоннасындай көреді. Содан жасқанатын емеурін білдіреді, олармен санасу керек дейді. Қалай болғанда да, ұлттық мемлекет жайындағы сөзден шошынуының себебін еліміздің «көпұлттылығымен» түсіндіргісі келеді.

Шынтуайтында, талай жылғы орыстандыру саясатының құрбандары бүгінгі көршіміздің отаршыл емес, демократияшыл Ресей екенін парықтағаны ләзім. «ел бірлігін» қамтамасыз ету үшін солардың ығымен жаңа ұлт қалыптастыруға тырысудың мүлдем қате жол екенін ұққан жөн болмақ.

Билік «мемлекеттік тілді дамыту керек, оған уақыт қажет» деген тіркесті жиырма шақты жыл бойы жалаулатып, жұрттың санасын улап бітірді. Іс жүзінде мемлекеттік тіл – дамыған тіл, ол тек қолданыс аясын кеңейтуді тілейді. Мұны істегісі келмейтін орыстанған саяси элита түрлі қисынсыз желеуді алға тартып, елді түрлі сылтаумен алдаусыратуын жалғастыруда. Оның мемлекеттік тілді білуге мәжбүрлік тудыруды қаперіне де алмайтын мұндай бос әрекеті қаржыны іс жүзінде құр ысырап ете беруге апаруда, бұдан әрі де тап солай бола береріне күмән жоқ. Егер тым болмаса қаржы-қаражат саласын, салық төлеу қызметін мемлекеттік тілде жүргізсе, одан барша бюджеттен қаржыландырылатын меке-



мені, сосын халыққа қызмет көрсету салаларын мемлекеттік тілде жұмыс істетсе, мемлекеттік аппарат пен оның буында-рының конституциялық талапты бірінші болып орындауын қамтамасыз етсе – жұртшылықтың мемлекеттік тілге деген құрметі ерекше серпіліспен оянар еді. Әрі, сол мекемелермен қатынас жасауға қажет елу-алпыс сөз бен сөз тіркесін ешқандай қаржы шығындамай-ақ, лезде үйреніп алар еді. Ал қаржыны мемлекеттік тілден ресми қолданылуы ықтимал тілге тәржіме жасаушылар қатарын дайындауға жұмсаған әлдеқайда тиімді болмақ.

Ел бірлігі доктринасының жобасы бір елде өмір сүріп жатқан қилы текті жұрттың қазаққа құрмет сезімімен қарауын қамтамасыз етпейді, қайта, қазақты өз жерінде диаспора дәрежесіне түсіріп, турасын айтқанда, кемсітеді.

Егер шын мәнінде ел бірлігін қамтамасыз етуді көздейтін доктрина жасағымыз келсе, онда, бірінші кезекте, халықты қазақтың қасіретті тарихы арқылы тәрбиелеу шараларын жүйелі жүргізуді ойластыру керек. Сырттан келген жұрт, қаласын-қаламасын, іс жүзінде қазақтың тарихи құқтарының шектелуіне жанама түрде болса да қатысты болды, тарихпен тәрбиелеу оларға соны ұғынуға жәрдемдеседі. Қазақтың шыбынша қырылып, тірі қалғаны тоз-тоз болып босып кетуіне – алапат ұлттық апатқа ұрынуына – қылмысты жүйемен қатар, оның дегеніне бас шұлғи берген қуыршақ үкіметіміздің кінәлі екенін парықтап, оның құқықтық ізбасар-мұрагері болып табылатын бүгінгі билік опыну құжатын қабылдауы керек. Ол қазақтың қызыл қырғынға ұшырағаны, шетелдерге ауып кеткені үшін халықтан кешірім сұрауға тиіс, бұл бүгінгі оралман жағдайына дұрыс қарай алу үшін де, босап қалған кеңістікке орныққан келімсек жұртқа тарихи шындықты білгізу үшін де қажет.

Ащы шындық, қазақ басына түскен ауыр трагедия барша жұрттың санасына жеткен жағдайда шын бірліктің алғышарттары қамтамасыз етіледі. Қазақ жерінде өмір сүріп жатқан күллі жұрт елдің байырғы егесінің тарихи құқтары қалпына келтірілуі қажеттігін ұғынады. Мемлекет ұйысты-

рушы халыққа қатысты тарихи әділеттілікті орнықтыруға септесу арқылы өздерінің де сыйлы тұрғын боларын түйсінеді. Тек қазақ төңірегіне топтасу, сөйтіп, қазақтың ұлттық мемлекетін бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара отырып, бірлескен көңіл-күймен орнату – тыныштық пен бірліктің сенімді кепілі болмақ.

Егер ел бірлігі доктринасы міндетті түрде қабылдануы керек болса, онда ол осындай алтын өзекті арқау етуі тиіс. Қазіргі мазмұны оған мүлдем кереғар болғандықтан, жобаны кері қайтарған жөн. Сонда ұлт қайраткерлерінің аштық акциясы басталмайды. Сонда күллі елін сүйген азамат ел бірлігін нығайтудың басқа да адастырмас жолдарын табуға жабылып атсалысатын болады. 29 қараша 2009 ж.»

Халық наразылығын түсінген билік белгілі дәрежеде шегініске барды. Нәтижесінде ұлт қайраткерлері аштық акциясын жасаған жоқ. Ұсынылған құжат жобасы ел арасында талқыланды. Сөйтіп, қоғамдық ұйымдар өкілдері ел бірлігі доктринасының жаңа нұсқасын жасауға тартылды. Ақыры, 2010 жылдың көктемінде жаңа нұсқа қабылданды. Ескі мәтіндегі «қазақстандық ұлт» деген термин қоғамдық ұйымдар өкілдерінің қатысуымен жазылған құжатта алынып тасталғандықтан, жұрт тыншығандай болды.

Алайда жаңа мәтіннің мазмұны, шынтуайтында, бір қарағанға орынды көрінетін сөздермен бүркемелеп, алғашқы жобада көзделген мақсатты дәйектеп тұрған-тын. Барша ұлттар өкілдерінің мемлекет иесі қазақ айналасына топтасуы қажеттігі сөз басында бірден және айқын да ашық тұжырымдалмаған. Ал үш тарауға бөліп таратқан ел бірлігі хақындағы дұрыс және әдемі пайымдар астарында жорымалы қазақстандық ұлтты жасаудың жолдары белгіленген еді.

Бірақ оған ешкім көңіл бөлмеді. Сондықтан да басқарудың барлық буындарындағы ұлттық мүддеге кереғар шараларды екі сөзге келмей қолдайтын орыс тілді, яки жаны орыстанған немесе құлдық сана шырмауында қалған кеңесшілер мен атқарушылар іс жүзінде доктринаны бір жақты ғана басшылыққа алды.

Сөйтіп, тың бастамалар негізінде күдікті реформаларын жасауға білек сыбанып кірісе берді. Мәселен, доктринаның 3-ші тарауында мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту мәселесіне назар аударылып, «оны меңгеру әркімнің парызы мен міндеті» екені айтылған. Ол әркімнің «жеке бәсекеге қабілеттілігі мен қоғамдық өмірге атсалысудағы белсенділігін айқындайтын ұмтылысы мен ынталануына айналуы қажет. Бұл – шешуші басымдық, рухани және ұлттық бірліктің негізгі факторы» деп түйінделген. Осындай тұжырым жазылған доктринаның атқарушылар қолына тигеніне жетінші жылға аяқ басты, алайда мемлекеттік тіл әлі күнгі бірліктің негізгі факторына айналдырылған жоқ.

Соған қарамастан, доктринаның жаңа нұсқасында алып тасталған «үш тұғырлы тіл» саясаты биыл нақты жоспарымен қайтадан алға тартылды. Бұл саясат, турасын айтқанда, ұлттық бірліктің негізгі факторы екендігі доктринаның үшінші тарауында ғана сыпайылап айтылған, бірақ кең қолданыста жоққа тән тілдің халін мүшкілдендіре түседі. Біршама уақыт өткеннен кейін, билік буындарындағы көлгірсігуге бейім кейбір атқарушылардың: «қолданыс аясы тартылған мемлекеттік тілді Қазақстан халқының өзі қаламайды» деп қол жайып отыруы ғажап емес.

Сонымен, айтулы мерекелер қарсаңында, қоғамдық күштердің тегеурінімен бұдан алты-жеті жыл бұрын біржола ығыстырылғандай болған «қазақстандық ұлт» құру идеясы «үш тұғырлы тіл» ұранын бүркеніп, қайта жаңғырды. Ширек ғасыр бойы мемлекеттік тілді мектептерде нәтижелі оқытуды жүзеге асыра алмаған, әлде жүзеге асырғысы келмеген биліктің қазіргі үштілділік сынды мүлдем қатерлі жобаны өмірге енгізбек құлшынысы ерен. Балаларды үш тілде бастауыш сыныптардан бастап оқыту, әсіресе қазақ мектептерінде ғылым негіздерін беретін пәндерді ағылшынша оқыту бүгінге дейін негізгі тілге айналдырылмаған мемлекеттік тілді біржола жойылуға апаратыны (дәлірек айтқанда, ауызекі тіл деңгейіне түсіретіні) аян, алайда бұл қауіп оларды селт еткізер емес.

Жақында «Жас Алаш» газеті мен Болатхан Тайжан атындағы кордың ұйымдастыруымен өткен қоғамдық талқылауда өкімет пен оқу ісі саласының функционерлеріне мейлінше ашы сыни пікірлер айтылды. Жалғыз тіл мәселесімен шектелмей, жоғары мектептерде қазақ тарихын толық оқытпауға бекінген, сондай-ақ жерді сатуға және шетелдіктерге жалға беруге құлшынған реформашылар тарапына да дәйекті наразылықтар білдірілді.

Қазақтың тарихын білмей өсетін жастарды тәрбиелеу де, қазақты өз жерінің шынайы қожайыны болудан айыратын «экономика қамын ойлаушылық» та тексіз, тілсіз (яғни өз ұлтынан, оның тарихы мен мәдениетінен және ана тілінен хабары жоқ мәңгүрт), бірақ жер-жаһанға сыйып кете алатын әлем азаматы боп қалыптасатын «қазақстандық ұлт» өкілдерінің, кәдімгі космополиттердің қаптауына жол ашады.

Өкінішке қарай, биліктің алға қойған мақсаты ұлттық емес, азаматтық сипаттағы мемлекет құру екендігі, азаматтардың кез келген өзге мемлекеттерге барып өмір сүре алатынындай жағдайда тәрбиеленуіне әрекеттеніп жатқаны жайында Халық ассамблеясында аң-анық айтылды.

(Еске түсіре кетейік, бұл биік ұйымның мүшелері бірінші кезекте мемлекеттік тілді өздері үйреніп, өз үлгілерімен диаспораларына үйретуді, сөйтіп, мемлекет иесі қазақтың төңірегіне тығыз топтасуды алдарына мақсат етіп қойған емес).

Яғни біздің өкіметімізде және билікке аса жақын Халық ассамблеясында қазақтың ұлттық мүддесінен гөрі бүкілдамзаттық мүддені жоғары қоятын, жекелеген ұлт өкілінің емес, әлем азаматының жоғын жоқтайтын космополитизм идеологиясы қолдаушылыққа ие болып отырғаны аныққа айналды.

Бұл біз үшін аса қорқынышты ахуал. Өйткені кім-кімнің де қай ұлттан екені әркімнің өз жеке шаруасы боп қалуын қаламаймыз, біз мемлекетқұрушы ұлт мүддесін еліміздің бір Ассамблея шаңырағы астына жиылған күллі диаспоралары қорғауға тиіс деп білеміз.

Бірақ, өкінішке қарай, біздің білгеніміз ел бірлігінің өкімет ойындағы шартына сәйкес келмей жатқан сияқты. Қауіп еткеннен айтамыз да. Айналып келгенде, қазіргі таңдағы жер үшін күрес астарында да осы идеологияның үстемдік құруға тырысуы жатыр ма деп қорқамыз.

Егер жұмыс істеп жатқан мемлекеттік комиссиядағы агрессивті-үкіметшіл топ халықтың жерді сатпау және жалға бермеу жайында ашық қойған талабын қалай орындауға болады деген сауалға бас ауыртса, ондай қорқынышымызды негізсіз дер едік. Егер олар жерді жеке меншікке сату арқылы тиімді пайдалануды желеу етпей, бірінші кезекте қайткенде қазақтың шектелген құқтарын қалпына келтіріп, өз жерінің шынайы қожайыны етеміз деген тарихи әділеттілік талабы тұрғысынан әрекет етер болса, ештеңеден қорықпас едік.

Өйткені ондай жағдайда олар комиссиядағы азшылықпен – сонау сәуірде тұжырымдалған халық талаптары жағындағы ұлтшыл-мемлекетшіл топпен күш біріктірер еді.

Сонда, бәлкім, тәуелсіз елімізде құрылған бұл комиссия большевиктік дәуірде мәселені сиырқұйымшықтатып, өз күйттегендерін өткізу үшін құрылатын кеңестік комиссиялардан ерекшеленуімен баршаны ризашылыққа бөлер еді.

Яғни, осы уақытқа дейін алпауыттар қилы амалдармен иеленіп кеткен жерлерді мемлекет меншігіне қайтарып, жергілікті халықты жерге орналастыру арқылы шын қожайын мәртебесіне жеткізу әдістерін қарастырумен шұғылданар еді. Әрі ауыл шаруашылығын, дәстүрлі мал өсіру кәсібін жаңаша ұйымдастыру жолымен ауылдардағы кедейшілікпен жұмыссыздықты жоюдың ұтымды тәсіліне өкімет назарын аударар еді.

Күшіндегі Жер кодексінің арқасында шұрайлы жерлерді, тау баурайларын, су қоймалары жағалауларын сатып алған жер иеленуші алпауыттар пайда болғанына, олардың қара халықтың шағын қожалықтарындағы малдарын жаятын жайылымдық телім қалдырмағанына, жалпы тіршіліктеріне үлкен қолайсыздық туғызғанына жайбаракат қарамай, созбұйдаға салмай, сатылып кеткен жердің бәрін мемлекет

меншігіне қайтару мәселесін үкімет пен парламент алдына қояр еді.

Қазір комиссия шағын құраммен облыстарды аралап жүр, алайда кейінгі кездегі жұмысы, дұрысында жұмысын жүргізу тәсілі көңілге күдік ұялатады. Облыстарға тар көлемдегі белгілі бір күн тәртібімен барып, жұртшылық өкілдерін сол ауқымда ғана тыңдағысы келеді, комиссия ішінен құрылған төрт салалық топ басшыларының есептерін де сол сапарларында тыңдауды әдетке айналдырған. Мұндай іс-дағды, біздің ойымызша, дұрыс нәтиже бермейді. Жер-жердегі адамдардың аузын тар тақырыппен шектемей, халық талап еткен негізгі мәселелер бойынша пікір айтуларына мүмкіндік жасап, ал өз топтарының сондай кездесулерден қорытқан және зерттеулері барысында түйген ойларын комиссия мүшелері толық жиналған отырыстарда тыңдаса, бұл әлдеқайда пайдалы болар еді.

Қазіргі жұмыстарынан жерді ақшалыларға сатып, экономикалық тұрғыдан тиімді шаруашылық құруға, сөйтіп инвестиция тартуға мүмкіндік туғызу қажеттігі жайындағы пікірлерге құлап тұрғандары анық аңғарылады. Жерді ықпалас білдірген тұрғындарға тегін бөліп беріп, олардың серіктестіктерге, ұжымдық шаруашылықтарға бірігуіне жағдай туғызу қажеттігін күні бүгінге дейін ешқайсысы ауыздарына да алмайды. Кезінде орыс тілді ақылман кеңесшілердің бірі жиырма бірінші ғасырда ұлттық мемлекет құруды ойлауды анахронизмге балаған еді, сол сияқты, халықтың қамын жеуді, жұмыссыз және кедей жұртты жер қатынастарына тартып, егін егу, мал өсіру іспетті ата кәсіптеріне оралтуды көздейтін ойларды осынау комиссия анахронизм деп біле ме деп қорқамын. Егер осы қорқыныштар аныққа айналар болса, онда мұндай жағдай ширек ғасырлық белесіне шыққалы тұрған мемлекеттік тәуелсіздігімізге де, осынау егемен елімізді құруға отыз жыл ілгеріде тоталитаризм камалын бұзып, жол ашқан Желтоқсан көтерілісіне де шіркеу болуы ықтимал. Күні кеше «Желтоқсан ақиқаты» ұйымы көтерілістің алда келе жатқан 30 жылдығына орай атқармақ

міндеттерін ақылдасқан дөңгелек үстел өткізді. Отырыста желтоқсаншылар осы уақытқа дейін атқарған істері мен жол беріп алған кемшіліктерін айта келе, болашақ жоспарларын ортаға салды. Тағдырластарының өзге де ұйымдарымен ортақ қауымдастыққа бірлесіп, күш біріктірудің әзірге қол жеткізе алмаған жоспар күйі қалып тұрғанын айтты. Алайда бұл мақсат күн тәртібінен түспек емес, өйткені, барлық 86-шы жылғы көтерілісшілер күш біріктіргенде ғана бүгінгі таңдағы тіл, тарих, жер мәселелеріне өзіндік пәрменді үн қосуға болар еді. Желтоқсан көтерілісінің тарихи бағасын өз еліміз түгіл, күллі кешегі кеңестер шекпенінен шыққан мемлекеттерге, тіпті әлемдік деңгейде танытуға күш салу мәселесі жоспарларында бар.

Олардың мұндай ірі мақсатқа жетуді армандаулары бекер емес. Олар о баста алаңға бүкіл ел намысын жыртып шыққан. Әлі есімде, сонау қаһарлы күндердің алғашқы кешінде өрімдей жастар алаң ортасында шеңбер құрып тұрып, хормен: «До-лой, Кол-бин!», «Жа-са, қа-зақ!» деп, кара аспан астында қатты айқайға басып тұрған болатын. Ұрандарының алғашқы тіркесі орталық эмиссарын кетіру арқылы отаршылдар құрсауынан босану арманын білдірсе, құқтары кемсітілген ұлтының дербес ел болу арманы екінші тіркестен көрінер еді.

Дөңгелек үстелде сөйлегендер сөзінен «Желтоқсан ақиқаты» ұйымының ана тіліне берілген мемлекеттік мәртебеге залалын тигізетін реформаға қарсы болу, ұлттық тарихты жас ұрпаққа қидаламай оқыту, жерді сату мен жалға беруден бастарту жағында екені белгілі болды.

Айтулы мерекелерге санаулы ай қалды. Сонау көңіл толқытатын мерейлі күндер қарсаңында аталған реформаларға байланысты жасалар шешімдердің халық көңілінен шығуын тілейік. Егер олар елді риза етпейтін болса, Президент Нұрсұлтан Назарбаев атап айтқандай, ондай заңның керексіз болғаны. Анығын білуге аз ғана уақыт қалды...


*14 шілде 2016 ж.*

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе орнына. Оқырманға бірер сөз .....	3
Максатымыз – әділеттілікке жету.....	7
Татулық пен бірліктің кепілі.....	13
Тарихи көтеріліс хақында.....	25
Ұмытылмас белес.....	25
Көтерілісшілерге араша.....	28
Айыпты болу.....	47
Қорғану .....	49
Жазаға келіспеу.....	54
Мәжбүрлік.....	62
Ынтымақ .....	64
Әділет .....	65
Шындықтың ауылына атын қосқан.....	67
Ақ жолдан тайса, адасады.....	76
Дүниені дүрсілкіндірген желтоқсан.....	83
Тарих тәлімі.....	85
Көтерілістағылымы.....	89
Қасиетті де қасіретті.....	96
Шала да қатерлі құжат жобасына қарсылық.....	104
Бізде «казакстандық ұлт» емес, казак ұлты қалыптасуы керек...	110
Биік лауазымға ұмтылғанды емес, лайықтыны таңдау қажет.....	123
Талай мәрте ұтылдым.....	123
Бәсекеде ой шындалады, қалам ұшталады .....	125
Бітіргенімнен – бітіргім келетіні көп.....	129
Руханитазаруқажет.....	131
Солнце с запахом полыни.....	134
Пучок жусана.....	134
Без вины виноватый .....	138
Против течения .....	140
Аманат.....	144
Ұлттық мемлекет құрудың бағдарламасы жасалуы қажет.....	147
«Шынның жүзі» бағдарламасында .....	159



Тернистая дорога Бейбут-ага.....	164
«С другими нет проблем, с Койшибаевым сложно...».....	165
Нельзя заигрывать с чувствами.....	168
Тәуелсіздік мүддесі міндеттейді.....	171
Желтоқсан көтерілісінің маңызы .....	179
Қасіретті де салтанатты ғасыр, киелі ай және қасиетті-қастерлі тәуелсіздік.....	187
«Желтоқсан эпопеясы» туралы.....	193
Халықты ащы да қасіретті тарих арқылы тәрбиелеу керек.....	199
Бізде сындарлы ұлт саясаты жоқ.....	205
«Желтоқсанда қазақты қатты арандатты».....	207
Мерило интеллигентности – твой поступок.....	211
Рухқұтқарады.....	231
Желтоқсанға саяси баға берілер ме екен... ..	238
Алаш идеясы өлмес мұраттар санатында.....	244
Ары таза азамат.....	264
Желтоқсан және ар-ождан .....	269
Жаңаөзен оқиғасы жайында .....	275
Алаш идеясы – бірлік идеясы .....	276
Желтоқсан: баррикаданың екі жағы.....	284
Интеллигенция турасында .....	294
Парламент қазаққа қызмет қылуға пәрменсіз.....	307
Жер иесі болу – асыл мұрат.....	316
Жер-судың тура мағынасындағы қожайынына айналу шарт.....	316
Жер комиссиясы алғашқы отырысының әсерімен.....	321
Жер комиссиясының екінші отырысы және алдағы міндеттер жайында.....	325
Үшінші отырыс та өте шықты.....	328
Қазақтың тілі мен тарихы – ұлттың алтын қазығы.....	332
Айтулы күндерді қалай қарсы алар екенбіз... ..	335
Отыз жыл бұрынғы қос жазба... ..	335
Отыз жылға тақалғанда... ..	342



**Қойшыбаев Бейбіт Орынбекұлы**  
**Желтоқсан – Сын**  
Публицистикалық хроника  
*Қазақ және орыс тілдерінде*

Редакторы *Б. Хабдина*  
Беттеген *Б. Дүйсен*

Басуға 29.08.2016 қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16. Офсеттік қағаз.  
Қаріп түрі Times New Roman. Көлемі 22,5 б.т. Таралымы 1000 дана.

«Рух БГ» баспасы. 050031, Алматы, Ақсай-36-32-41.  
Тел.: (8727) 268 01 85, e-mail: ruh\_bg@mail.ru

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



«Тастак РА» ЖШС  
Алматы, Төле би, 266. «Тастак» СҮ, 3-қабат.  
тел./факс (8727) 374 83 42, моб. 8 701 746 33 01  
e-mail: ra\_tastak@mail.ru, www.ra-tastak.kz


ISBN 978-601-80519-9-9



9

7 8 6 0 1 8 0 5 1 9 9 9





**Жазушы, публицист, ғалым  
Бейбіт Орынбекұлы Қойшыбаев  
ондаған хикаят, әңгіме, роман, көп-  
теген деректі, тарихи-танымды,  
публицистикалық және балаларға  
арналған кітаптардың авторы.  
Қазақ Кеңестік Социалистік Респуб-  
ликасы Жоғарғы Кеңесінің Құрмет  
грамотасымен, Қазақстан Республи-  
касының «Құрмет» орденімен мара-  
патталған. Сарысу ауданының құр-  
метті азаматы**

